

Балабек САҚТАҒАНОВ

ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯ



ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯ

Б.К.САҚТАҒАНОВ

ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯ

Оқулық

АЛМАТЫ
ӘНСЕ
PACTACH
2012



УДК 159.9:355/359(075)

ББК 88.4я7

С17

Рецензенттер:

Психология ғылымдарының докторы, профессор Ерментаева А.Р.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тұрғынбаева Б.А.

С17 Сақтағанов Б.К.

Әскери психология: Оқулық. / Балабек Кеніштайұлы Сақтағанов
– Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 352 б.

ISBN 978-601-253-074-2

Оқулықта психология ғылымының және тәжірибелік іс-әрекеттің жетістіктері әскеріле отырып, психологияның жалпы негіздері, әскери қызметшілердің қызмет атқаруы барысында олардың психикалық қалпы мен офицерлердің қызметінде әскери қызметшілердің психологиясы мен психикалық құбылыстарының теориясы мен тәжірибесінің мәселелері қарастырылады.

Оқулық әскери оқу орындарының курсанттарына, тыңдаушыларына, адъютанттеріне, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылым ведомстволарының командирлеріне, басшыларына, психологтарына, тәрбиешілеріне, басқа да лауазымды тұлғаларға, әскери даярлықты өтетін және өткізетін, әскери психология мен психологиялық мәселелерге қызығушылық танытатын тұлғаларға арналады.

Оқулық әскери институтта, ЖОО-да оқытылатын әскери психологияның оқу бағдарламасына негізделіп дайындалған.

УДК 159.9:355/359(075)

ББК 88.4я7

ISBN 978-601-253-074-2

© Сақтағанов Б.К., 2012

© «Өлке» баспасы, 2012

Кіріспе

Қарулы Күштер – қазіргі қоғамның іргелі, бөлінбейтін бір бөлшегі. Олардың дамуы мен қалыптасуы әр уақытта да сол қоғамның даму деңгейімен байланысты. Бірақ, тарихи жағдайлар мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қарамастан, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ең басты міндеті Отанымыздың шекарасын қырағы қорғау болып қала береді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өуе, теңіз және жаяу әскер түрінде еліміздің тыныштығын сенімді сақтауды қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл міндетті шешу Қазақстан Республикасының азаматтары шынайы түрде әскери қызметін өтеп жүрген әскери бөлімдер мен бөлімшелерге жүктеледі. Қарулы Күштер – жансыз механизм немесе денесіз ағза емес, бұл ең алдымен ұрыс алаңында жеңіске жетуге қажетті тұлғалық қасиеттері бар, күрделі әскери техникаларды басқаруға қажетті білім, білік және дағдыны игерген адамдар. Сондықтан офицер қызметінің басты бағыты – адамдармен жұмыс жасау, өйткені ұрыс алаңында техника емес, сол техниканы басқаратын адамдар маңызды. Офицер қызметінің аталған бағыты көп жоспарлы. Атап айтқанда: бейбіт оқу және ұрыстық жағдайда әскери ұжымды басқару, жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеу, мамандарды таңдау мен орналастыру және т.б. Бірақ бұл міндеттерді шешу үшін офицер нақты психологиялық білімді игеруі керек.

Әскери қызметшілердің оқу дайындығы барысындағы алған білімі заманауи ұрыс жағдайында ұрыстық міндеттерді орындау үшін қажет. Бірақ, ұрыстық жағдай әскери қызметшінің тұлғалық сапаларына жоғары талап қояды. Заманауи ұрыстың психогендік факторлары адамның өз мінез-құлқын психикалық басқаруын бұзатын кері әсерлерді тудырады. Өз өміріне қауіп төнгенде әскери қызметші сасып қалып, өзінің ұрыстық міндеттерін атқара алмауы мүмкін. Бұндай жағдай болмауы үшін, офицер өз бағыныштыларының психологиялық ерекшеліктерін, қандай тұлғалық қасиеттер әскери қызметшіге көмектесетінін, қайсысы

ұрыста жеңіске жетуге кедергі келтіретінін білуі тиіс. Сол үшін заманауи ұрыста жеңіске жету үшін офицер адамның ұрыстағы психикалық қалпы қалай өзгеретінін, бұған қандай нәрселер әсер ететінін, бұған қарсы тұру үшін не істеу керектігін білуі міндетті. Қарулы Күштер офицері қандай лауазымда отырса да, заманауи ұрыс тәсілін біліп, әскери техникаларды жетік игеруі, кәсіби қызметті жемісті атқаруға қажетті психологиялық білім деңгейін игеруі тиіс. Бұл қазіргі уақытта Қарулы Күштерде психологиялық білімсіз қызмет атқару мүмкін еместігін көрсетеді. Қарулы Күштерді құрудың бірден-бір өзекті міндеттері – бөлімдер мен бөлімшелерді сапалы жеке құраммен қамтамасыз ету. Аталған міндетті шешу кәсіби психологиялық іріктеу арқылы жүзеге асады. Келесі өзекті мәселе ұрыстық және басқа да жағдайларда әскери қызметшілердің жемісті қызмет атқаруын жетілдіру болып табылады. Өз кезегінде бұл міндет бөлім мен бөлімшелердің жеке құрамының кәсіби қызметі психологиялық әдістер көмегімен жүзеге асырылады. Заманауи офицерге жақсы психологиялық дайындық қажет.

I БӨЛІМ

ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

1-тарау. ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

- **Психология ғылым ретінде.** Қазіргі таңдағы ғылымдар туралы жалпы түсініктер. Психология ғылым ретінде, ғылыми психологияның тіршілік психологиядан айырмашылығы.

- **Психология пәні және оның даму тарихы.** Психологияның ғылым ретінде дамуының негізгі сатылары. Ежелгі және орта ғасыр психологтарының (Гераклит, Демокрит, Аристотель, Декарт және т.б. ілімдері) көзқарастары. XX ғасырдағы психологияның дамуы. Психика жөніндегі қазіргі таңдағы түсінік.

- **Психология мен қазіргі таңдағы ғылымдардың өзара байланысы.** Психологияның философиямен, әлеуметтанумен, педагогикамен, медицинамен, техникалық ғылымдармен өзара байланысы.

Психология – ғылым ретінде

Қазіргі кезде психология ғылымы – көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми пән. Бұл салалар мен тармақтар дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірибелік іс-әрекеттерін қамтитын әрқилы сатыда тұр. Оларды топтастырып, жік-жікке ажырату жіктеу (топтастыру) деп аталады. Енді осы мәселенің сырын ашуға кірісейік. Біз психиканың дамуын жіктегенде, ең бірінші осы пәннің зерттейтін нысанын, екінші адамның іс-әрекет түрлерін негіз етіп аламыз. Үшіншіден, адамның өзін даму мен іс-әрекет иесі деп санап, оның әлеуметтік ортаға қатынасын алып қарастырамыз. Адамның нақты іс-әрекеттеріне сүйене отырып, оның психикасының дамуын төмендегіше жіктейміз.

Тәрбие (педагогикалық) психологиясы. Бұл пәннің зерттейтіні – адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Сөйтіп, оқушылар ұжымындағы өзара қатынастармен, олардың психологиялық даралық ерекшеліктерімен санасып отырудың мүмкіндіктерін іздестіреді. Оқу-тәрбие жұмыстарын және балалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастырып, бірқалыпты даму заңдылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізу әдіс-тәсілдерінің психологиясын зерттейді. Сондай-ақ, ересек адамдармен жұмыс істеудің ерекшеліктерімен және оларды қалай оқыту мәселелерімен де шұғылданады.

Тәлім-тәрбие психологиясының мынадай тармақтары бар: а) Оқыту психологиясы дидактиканың психологиялық негіздерімен, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерімен, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл-ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелермен шұғылданады. ә) Тәрбие психологиясы гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді. Бұлардан басқа мұғалімдер психологиясы мүмкіндігі шектеулі балаларды (ересектерді де) оқытып тәрбиелеу мәселелерін қамтиды.

Жас ерекшелік психологиясы – әрқилы психикалық үрдістердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, қарт адамдар психологиясы. Бұл сала оқыту мен ақыл-ойдың дамуын және олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл-ойын, сана-сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын нендей әдістер арқылы өрістетуге болатынын іздестіреді.

Арнайы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әрқилы аурулардың себептерін қарастырады.

Арнайы психологияның мына салалары, атап айтқанда: олигофренопсихология – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, сурдопсихология – саңырау не керең болып туған балалар психикасын, тифлопсихология – нашар көретіндер мен

соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді. Ал туа пайда болған ауру адамдар психологиясын зерттейтін саласы патопсихология деп аталады. Бұл сөз грек тілінде «патос» – зардап шегу, ауру деген мағынаны білдіреді. Патопсихология медицина ғылымы мен оқу-тәрбие істерін зерттейтін пән – педагогика мен жан дүниесінің сырын қарастыратын психология ғылымының түйіскен торабына жатады.

Еңбек психологиясы – адамның іс-әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Еңбек психологиясының мақсаты – әртүрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік-кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал-аспаптардың құрылысы мен орналасуын, ақпарат жүйелерінің қажетті заттарын қарастыру. Бұл салалардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен бірге бірімен-бірі байланысты болып келетін мынадай тармақтары бар: инженерлік психология. Бұл негізінен, автоматтандырылған жүйелерді басқару мен әртүрлі операторлардың жұмысын зерттейді. Инженерлік психологияда ең өзекті мәселе эргономика деп аталады. Бұл термин гректің «ергон» – жұмыс және «номос» – заң деген екі сөзінің бірігуі нәтижесінде пайда болған. Бұл орайда, өндіріс пен адам арасында қатынас орнатудың түйінді мәселелері болып саналатын еңбек әрекетіндегі адамның өнімді ісі, оның психологиялық ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қызметі мен еңбек гигиенасы, адамның өнімді өндірудегі жетекші рөлі, техникалық құрал-жабдықтар эстетикасы және автоматтанған тетіктер теориясына қатысты мәселелер қарастырылып, олардың сыр-сипаты зерттеледі. Эргономика, негізінен, «адам – машина – орта (еңбектену) жағдайын» қарастыра отырып, олардың неғұрлым өнімді болуы мен нәтижелерін жүйелі түрде үйлестіруді басты міндет етіп қояды.

Авиациялық психология ұшқыштарды оқыту мен ұшу кезінде орындалатын істердің жай-жапсарын, жалпы, адам психикасының әуе кеңістігіне бейімделудегі ерекшеліктерін зерттеп, жоғары дәрежеде ысылған мамандар мен кадрларды даярлап шығару мақсаттарын көздейді.

Ғарышкерлік психология – адамның салмақсыздық пен әлем кеңістігінің айдынында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу сәтіндегі аса қиыншылық жағдайлардағы психологиясын, оның шектен тыс әсерден кейінгі кейпін, көңіл-күйі мен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

Еңбек психологиясында арнайы зерттелуге тиісті күрделі тармақтар да бар. Олар ауыл шаруашылығына (шопандар мен малшылар, диқандар мен егіншілер т.б.) қатысты болып келеді.

Медициналық психология дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез-құлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтың адам психикасын зерттеуге қатысты мақсат-міндеттері бар. а) Нейропсихология психикалық құбылыстар мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын және олардың өзара қатынасын зерттейді; ә) Психофармакология дәрі-дәрмектердің адам психикасына әсері мен күшін қарастырады; б) Психотерапия ауру адамға психикалық әдіс-айла және емдік тәсілдер қолдану мәселелерін қарастырады; в) Психопрофилактика және гигиена адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның әдіс-тәсілдерін айқындаумен шұғылданады.

Әскери психологияның ең басты міндеті – азаматты ел-жұрты мен Отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгердің мінез-құлқы мен отаншылдық қасиетін тәрбиелеп қалыптастыру жағдайлары, бастықтар мен бағынушылар арасындағы қарым-қатынастар, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, дұшпанға деген өшпенділік сезімдері оянып, оған қарсы барлау істерін ұйымдастыру және соғыс техникасын меңгеру мен басқару әдістері зерттеледі.

Әлеуметтік психология адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым-қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді. Қазіргі кезде әлеуметтік психология шеңберінде мынадай үш түрлі мәселе қамтылады:

а) Үлкен, ірі топтардағы психологиялық-әлеуметтік жағдайлар. Бұл мәселенің құрамына жалпы бұқаралық байланыстар: радио, теледидар, баспасөз т.б. кіреді. Әртүрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы алуан түрлі ақпараттар, көпшілікке тән талғамдар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл-күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі. Бұған таптық психологияға қатысты мәселелер, этностық және ұлттық психология сипаттары, дін психологиясының өзекті мәселелерін зерттеу де жатады.

ә) Кіші (шағын) топтардағы психологиялық-әлеуметтік жағдайлар. Оңашаланып тұйықталған топтардағы адамдардың бірігуі, олардың өзара қарым-қатынастарының сыры мен хал-жағдайы, топ ішіндегі жетекшінің алатын орны, әртүрлі топтық типтер болып саналатын ассоциациялар, корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы қатынастар, сол топтардың шеңбері, олардың

бірігуінің себептері мен мақсат-мүдделері, шоғырлану деңгейі зерттеледі. Бұл мәселеге отбасындағы ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынасы, үлкендерді сыйлау сияқты мәселелер де енеді.

б) Қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік-психологиялық орны. Азамат – әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны. Осы ретте олардың жоғарыда аталған топтарда қандай рөл атқаратыны және соларға бейімделу ерекшеліктері де зерттеледі. Сондай-ақ, қоғамдағы азаматтың өзін-өзі бағалай білуін, оның ұстамдылығы мен бағыт-бағдарын, табандылығы мен көнбістігін, ұжымшылдығы мен менмендігін, тұрақтылығы мен болжампаздығын зерттеуге мән беріледі. Әрине, бұл аталған үш топқа қатысты күрделі мәселелер әлеуметтік психологияда біріне-бірі қарама-қайшы не бір қатарға қойылмайды. Азамат пен қоғамның тұтастығы тұрғысынан бұл мәселелер барлық қарым-қатынастардың жиынтығы деп қарастырылады және адамның азаматтық бейнесі мен оның ішкі мәнін ашып көрсетеді. Әлеуметтік психологияның тармақтары: этностық психология, ұлт психологиясы, таптар психологиясы және дін психологиясы әлеуметтік өмір тынысын жан-жақты қамтиды.

Спорт психологиясы спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш-қуатын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру, өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зерттейді. Әрбір ел мен халықтың спорт өнеріндегі ерекшеліктерін де ескере отырып, оларды жаттықтыру міндеттері анықталады.

Нарық психологиясы – қазіргі заманда кеңінен дамып отырған сала. Бұл сала бойынша әрбір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді. Сонымен қатар, өсіресе, жарнамалардың психологиялық ықпалы, елдегі адамдардың жас ерекшеліктері, сатып алушылардың мұқтаждығы, оларға қызмет көрсетудің факторлары қарастырылады.

Ғылыми-шығармашылық (творчество) психологиясы – соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамының жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т.б. сипаттары зерттеледі. Осы бағыттағы ерекше маңызды заңдылық – эвристика тәсілі.

Көркемөнер, әдебиет пен шығармашылыққа қатысты психология. Бұл сала бойынша қарастырылатын мәселелер – өсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары. Бұл саланың өзекті мәселелері өлі күнге дейін жүйелі түрде өз дәрежесінде зерттеле қойған жоқ.

Салыстырмалы психология психиканың филогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен жануарлар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады. Бұл саланың жануарлар психологиясын зерттейтін тармағы әрбір түр мен тектің, олардың тобындағы жан-жануар, жәндіктердің құлқын, әрқилы механизмдерін қарастырады. Мысалы, өрмекші, құмырсқа, ара, ит, құс, жылқы және маймылдың психикасы едәуір деңгейде зерттелген. Қазіргі кезде бұл тармаққа биология мен психологияның тоғысқан жерінде этология деп аталатын тармақ қосылып отыр. Бұл орайда, киттер сияқты дельфиндердің де қылықтары бақылауға алынып, хайуанаттар мінез-құлқындағы туа пайда болатын механизмдер зерттелуде.

Заң психологиясы құқыққа қатысты мәселелерді реттейді және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы (пенитенциарлы) деп аталатын тармақтардан құралады. Сот психологиясы сот, айыпталушылар, куәлар, сот тергеуін жүргізу, олардан жауап алу тәрізді т.б. жайттардың психологиялық астарларын қарастырады. Қылмыс психологиясы қылмыскердің жеке басы мен оның зиянды әрекеттерінің сырын ашады. Еңбекпен түзету психологиясы тұтқындағы адамдарды сендіру не күштеп істету арқылы қайта тәрбиелеудің жолдарын іздестіреді.

Психология пәні және оның даму тарихы

Сонау ерте замандардан бері адамдардың өлеуметтік өмірі олардың күнделікті сан алуан іс-әрекеттерінен, бір-бірімен қарым-қатынасынан, олардың жан дүниесінің сырын бейнелейтін психологиялық ерекшеліктерінен, мінез-құлық сипаттарының өзара айырмашылықтарынан тұратындығы белгілі болған. Осындай ұғым-түсініктерде адамның жаны тәнімен бірге болады деп саналған.

Өндіріс пен кәсіптің, өнер мен мәдениеттің, салт-сананың дамуымен қатар әралуан әдет-ғұрыптар да қалыптасып отырады. Адамдар өздері тіршілік ететін орта мен айналадағы әрқилы заттарда, құбылыстарда өзіндік жан болады деп ұғынған. Мұндай ұғым **анимизм** (латынша «анима» – жан деген сөзден шыққан) деп аталады.

Ежелгі грек жұртының ғұламалары – Гераклит (б.з.д. VI ғ.) пен Демокрит (б.з.д. V ғ.) жан – табиғаттың бір бөлігі, ол сол табиғат заңына бағынбайды деген пікірді қолдады. Демокрит психиканы (жанды) оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп санады. Сонымен, жан туралы алғашқы ілім психиканы адам тәнінің қызметі деген бірыңғай материалистік түсінікті тудырды. Сол заманның ғұлама ойшылы Платон (б.з.д. 427- 317 жж.) «жан – мәңгілік нәрсе, ол өлмейді, өшпейді» деген қорытынды жасады. Ол бұл пікірімен өз заманында үстемдік құрған билеуші топтың мүддесін қорғап, психиканы түсіндіруде идеалистік бағытты жақтады. Оның көзқарасы психологиядағы материалдық пен рухани дүние екеуі бірдей қатар өмір сүреді деген дуалистік көзқарастың негізін салды.

Ежелгі дүние тарихында айрықша орын алатын энциклопедист ғалым Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) психологиялық ой-пікірді табиғи негізге сүйеп, биология мен медицина саласына бағыттады. Ол психика туралы ілімді одан әрі тереңірек зерттеп, «Жан туралы» деген еңбек жазды. Аристотель бұл шығармасында жан дүниесінің (психиканың) әрекетін шындық әдіс арқылы зерттеп, оны тәжірибеге негіздеп құруды мақсат етті. Психология Аристотель заманында-ақ дербес сипаттағы ғылым саласына айналған-ды. Ол психиканың тәнмен бірге өмір сүретінін айта келіп, психикалық әрекеттердің басым көпшілігін материалистік тұрғыдан шешті, Платонның психика жайындағы дуалистік көзқарасын объективтік шындыққа, материалистік бағытқа қарай бұрды. Сонымен, Гераклит пен Демокриттің, Платон мен Аристотельдің жан жайындағы көзқарастары психологиялық ілімнің келешектегі дамуына ғылыми негіз болып қаланды.

Жан жүйесі жайындағы ертедегі ілім көптеген ойшылдар мен ғұламалардың шығармаларында өзіндік орнын тапты. Ежелгі Римнің көрнекті ойшылдары Лукреций (б.з.д. I ғ.), Гален (б.з.д. II ғ.) психологияның жан дүниесінің сырымен байланысты табиғи негіздерін іздестірді. Ал ұлы грек ойшылы Сократ (б.з.д. 470- 399 жж.) «өзіңді-өзің тани біл» деген ұлағатты пікірін адамның жан дүниесімен, сырымен ұштастырды. Сондай-ақ, адамның жанын жан, тәніне тән деп санап, ол ақыл-ой арқылы реттеліп отырады деді. Ежелгі дүние ғұламаларының жан дүниесі жайындағы ой-пікірлерінің философиялық және әлеуметтік негіздері сол заманның экономикалық-саяси құрылысына орай түрлі идеялық бағытта (материалистік не идеалистік) болуы таңданарлық жайт емес.

Ежелгі дүниенің, құл иеленушілік қоғамның іргесі қаусап, тарих сахнасынан кеткен соң оның орнына бірнеше ғасырларға созылған

феодалдық қоғам орнады. Бұл дәуірдің тарихи даму сипаты ғылыми идеялар мен жеке адамның даралық өсу қасиеттерін тоқырауға ұшыратты. Ерте дүниеден бері қалыптасқан адам психикасы жайындағы ілім мистикалық және діни көзқарастар ықпалына көшті. Жан екі түрлі сипатта өмір сүреді деп уағыздалды. Психика туралы ертеден қалыптасқан тәжірибелік зерттеулер схоластикамен алмасты. Жан жайындағы Аристотельдік ілім өмірден шеттетілді.

Алайда, VIII-XII ғасырларда араб тілді Шығыс елдерінде философиялық ой-пікірлер өркен жайып, ғылыми зерттеулер және адамның жан дүниесі жайындағы ілім жанданып, жаңа сипатқа ие болды. Араб тілді Шығыс елдеріндегі мәдениет пен ғылымның орта ғасырларда Еуропа мен басқа да елдерге тарап, кең қанат жаюы жалпы адам баласы мәдениетінің өркендеуіне өсер етті. VII ғасырда Халифат мемлекетінің құрылып, араб тілінің мемлекеттік тілге айналуы, ислам дінінің таралуы, Халифат астанасы Бағдат пен өзге шаһарлардың есуі оны дүниежүзілік мәдениеттің орталығына айналдырды. Жаратылыстану, медицина мен адамтану ғылымдары өркен жайып, ежелгі дүние ғұламалары Платон мен Аристотельдің, Гален мен Архимедтің еңбектері араб тіліне аударылды. Сөйтіп, бұл еңбектер Орта Азия елдеріне, Үндістаннан бастап сонау Пиреней түбегіне дейін таралды, сол елдерді мекендеген халықтардың төл мәдениетінің, философия мен өзге де ғылымдардың қарқынды дамуына өз сарапатын тигізді.

Аристотельдің және басқа да ғалымдардың идеялары, ашқан жаңалықтары, ой-пікірлері жаңа сипат алып, біздің аты әлемге әйгілі ғұлама бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950 жж.), Әбу Али ибн Сина (Авиценна) (980-1037 жж.), Ибн Рошд (Аверроэс) (1126- 1198 жж.) сияқты орта ғасырлық ғұламалардың зерттеулері арқылы адамның жан дүниесі жайындағы ілім өркендеді. Араб ғалымы Ибн әл-Хайсам (Әлгезен) (965- 1039 жж.), Иранның дәрігер ғалымы Закария Рази (865 - 925 жж.) өз еңбектерінде адам жан жүйесі жайлы сол замандардағы ғылым жетістіктеріне сүйеніп, әралуан зерттеулер жүргізді.

Әбу Насыр Әл-Фараби – саналуан еңбектер жазып, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған данышпан ғалым. Оның адам жан дүниесінің қыр-сырын ашып көрсететін бірнеше шығармалары бар. Солардың ішінде «Ізгі қала тұрғындары», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің өнегелі сөздері» тәрізді шығармаларында ол бүкіл философиялық жүйені метафизика мен психологиядан бастап, әдеп пен әлеуметтануға дейінгі ғылым жетістіктерін кеңінен талдайды, сонымен қатар әрбір мәселенің мән-жайына анықтама түсініктер

береді. Әл-Фараби Аристотельдің еңбектерін, әсіресе, оның «... туралы» деп аталатын шығармасын жете зерттеп, араб тіліне аударды. Жан жүйесінің сырын зерттеуде Әл-Фарабидің Аристотель ықпалында болғандығы – шындық фактор.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби психология ғылымы туралы айтқан бір пікірінде дүние материядан құралады, ол жойылып кетпейді, бір түрден екінші түрге көшіп өзгере береді, **жан тәннен бұрын өмір сүрмейді, бір денеден екінші бір денеге барып орналаса да алмайды** деген ғылыми тұжырымдама жасайды. Сондай-ақ, ол дүниеге келісімен адамның бойында түрліше күш-қуат пайда болады, сол күш-қуат қабілетінің негізгі түрлері мынадай деп көрсетті: адамды қуаттандыратын күш (арабша – «өл қуат әл-газийа»); түйсіну қуаты; қиялдау қуаты; ақыл-ой не ойлану қуаты; қозғаушы күш; белгілі іс-әрекетке ұмтылу қуаты. Адам бойындағы күш-қуаттың Әл-Фараби атаған түрлері жеке психикалық үрдістердің атауы мен мәніне дәл келеді. Ал ол өзінің «Екінші ұстаздың сөз (ақыл-ой) мағынасы туралы ой толғамдары» дейтін еңбегінде психикалық үрдістердің барлығына жуығын адамның белгілі мүшелерінің қатысуымен жасалып отыратын материалдық құбылыстар деп анықтап, әсіресе, адам жанының ақыл-ойға байланысты болатындығының ерекше маңызы бар деп көрсетеді. Адам қиялы оның түс көруіне де әсер етіп, іс-әрекетінің ерекше бір жалғасы болып саналады. Түс көруді осы заманғы психология да дәл осы мағынада қарастырады. Әл-Фарабидің психология жайындағы мұндай ой жүйесін адам жанының шынайы болмысын және табиғат негізін ғылыми тұрғыдан шешкен көзқарас деуге болады.

Орта ғасырларда жан туралы ілімді аристотельдік идеялар тұрғысынан іздестірген араб тілді елдердегі көрнекті ойшылдар шығыста – Ибн Сина, ал батыста – Ибн Рошд болды. Бұлар табиғи ғылымдарды зерттеумен шұғылданып, олардың нәтижелері еуропалық елдерде кеңінен таралды. Ибн Синаның «Медицина қағидасы» деп аталатын еңбегі бес жүз жыл бойы жұмыр дүниенің шартарабына таралып, барлық деңгейдегі медициналық мектептердегі бірден-бір құрал болды. Ал Ибн Рошдтың ақыл-ойдың дамуы жайындағы зерттеулері еуропалық схоластиканы діңкелетіп, дүние болмысы мен адам туралы жаңаша білімнің іргесін қалады. Сөйтіп, Ибн Сина мен Ибн Рошд көзқарастары табиғаттың мәңгілік өмір сүретініне айқын көз жеткізіп, жанның тіршілігі төнге байланысты, оның заңдылығын қалай болса солай өзгерту мүмкін емес, әрбір адамның жаны мен даралығын мәңгілік деп санау шындыққа сай келмейді дейтін мистикалық ұғымның жалғандығын ашып көрсетті.

Ибн Синаның көзқарастарындағы тағы бір маңызды мәселе – оның жан туралы философиялық және медициналық тұрғыдан қарастырған бір-біріне қайшы пікірі. Оның анықтауынша, жан туралы түсінік ғылым мен дін арасындағы аралық қабат сияқты. Алайда, ол бұл мәселенің психофизиологиялық мәнін ашып көрсету үшін тәжірибелік зерттеулерді барынша үдете түсу керек дейді. Медициналық психология саласында Ибн Сина пікірлерінің түйіні – өткен замандағы беделді ғалымдардың пікірлерін дәріптей бермей, шығыс медицинасының табыстарына иек артып, неғұрлым тәжірибеге, оның жетістіктеріне сүйену қажет дегенге келеді. Мұндай ой-тұжырымдарын ол өзінің «Медицина қағидаларында» кеңінен баяндайды. Адам психикасының ми қызметіне тәуелді болып отыратындығы бұл еңбекте материалистік тұрғыдан қарастырылады. Ибн Сина зерттеулерінде жанның (психиканың) адамның көңіл-күйіне қатысты сезімі мен эмоциясының және аффекттің табиғи негізінің іздестірілуі сол замандағы психология іліміндегі жаңашылдық бағыт еді. Ибн Синаның психологиялық ой-пікірлері мен зерттеулері, негізінен, тәжірибелік бақылауға жүгінді.

Орта ғасырлық араб тілді ғұламалар Закария Разидің ғылымды бақылау нәтижелері мен тәжірибеге негіздеу жайындағы ой-пікірі, Ибн әл-Хайсамның психофизиологиялық идеялары Ибн Сина зерттеулерімен ұштасып, жан жүйесі жайындағы ғылымның қанат жаюына елеулі үлес қосты.

Орта ғасырлардағы еуропалық жанның мәңгі өлмейтіні, оның денеден бөлек өмір сүретіндігі жайлы психологиялық ой-пікірлер одан әрі қарай өрістеп, идеалистік көзқарастың дами түсуіне жол ашты. Осы бағытта Фома Аквинский (1225-1274 жж.) мен басқа да философтардың схоластикалық жүйедегі көзқарастары үдей түсті. Алайда, мұндай схоластикалық түсініктердің шындыққа сай еместігіне көз жеткізген ағылшын оқымыстылары Гроссетест (1175-1263 жж.), оның шәкірті Роджер Бэкон (1214-1292 жж.) барлық ғылымдар тәжірибеге сүйенуі керек деген тұжырым жасап, жан туралы және оны материямен бірлікте өмір сүреді дейтін аристотельдік қағиданы жаңғыртты. Психологияның даму тарихында орта ғасырлық дәуір талас-тартысты оқиғаларға толы болды.

Психология ғылымының тарихында XVII ғасырдың алатын орны ерекше. Бұл кезеңде Еуропа халықтары дамуында елеулі өзгерістер болып, психология ілімі жайында жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Әйгілі ағылшын ғалымы Френсис Бэкон (1561-1626 жж.) ғылымды тәжірибелік зерттеулерге негіздеп, оның нәтижелерін адамның құралына айналдыру қажет деп санады. Оның пікірінше,

адамның ақыл-ойын жетілдіру үшін оның табиғат жайындағы білімін өсіріп, күш-қуатын арттыру керек. Бұл орайда, дүниенің сырын тәжірибелік зерттеу арқылы ашқан тиімді деп тапты. XVII ғасырдағы психологиялық ой-пікірді дамытуда: а) жанды дененің, соның ішінде адамның да жан дүниесін зерттеп, олардың құпия сырларын ашу; ә) әрбір индивидке (жеке адамға) тән сананы, оның ішкі дүниесін бақылау арқылы өзіндік психикалық күй-жайын; б) адамның құмарлығы мен аффектті күйлерін, оның өз мінез-құлқын меңгеруін, жақсы, жаман істерге бой ұруын; в) денесінің күш-қуатын, жүйке жүйесінің қызметі мен психикалық жағдайлары ара-қатынасының қандай күйде екендігін анықтауға ерекше мән берілді. Психологиялық ілімді өрістету жолындағы мұндай көзқарастарды қолдап, өздерінің еңбектерін жазған ойшылдар – Р.Декарт (1596-1650 жж.), Т.Гоббс (1588-1679 жж.), Б.Спиноза (1632-1677 жж.), Г.Лейбниц (1646-1716 жж.), Дж. Локк (1632-1704 жж.) сияқты аттары әлемге әйгілі адамдар болды.

Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлерді жинақтап топтастыратын болсақ, бұл пәннің дамып өрістеуінің Батыс елдерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктерден адамгершілік, тәлім-тәрбиелік, діни көзқарастар мен құқықтық жағдайлардың шиеленісті болғандығын айқын аңғарамыз. Ресейде психологиялық ой-пікір, негізінен, екі түрлі бағытта өрістеді. Оның бірі – бостандық жолындағы жалпы халықтық қозғалыстағы сана-сезімнің дамуы, екіншісі – ресми идеология.

И.М.Сеченовтың «Бас миының рефлексі» деген еңбегі Ресейдегі психология ғылымының дамуы үшін жаратылыстық-ғылыми негіз болды, сөйтіп, материалистік психологиялық ой-пікірдің дамуына күшті ықпал етті. Сонымен қатар, Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде Г.И.Челпановтың (1862-1936), кеңестік кезеңде В.М.Бехтеревтің (1857-1927), И.П.Павловтың зерттеулері, Н.Е.Введенский мен А.А.Ухтомскийдің рефлекске байланысты ашқан жаңалықтары психологияның табиғи-ғылыми негізін одан әрі өрістетуге жол ашты.

1930 жылдары әлеуметтік өмір мен тәлім-тәрбие істерін жандандыруда педологиялық бағыттың адам ақыл-ойын зерттеу негізінде жүргізген тәжірибелік істері елеулі нәтижелер берді. Алайда, 1936 жылғы БК(б)П мен Кеңес Үкіметінің өктемдік саясатына орай, бұл бағыт Наркомпрос жүйесіндегі педологиялық бұрмалау және идеалистік ілім деген атпен айыпталып, ғылыми тәжірибеден аластатылады. Дегенмен, өмір тәжірибесі көрсеткендей, кезінде идеологияның объективті тұстары болды.

Кеңестік дәуірде психология ғылымының іргесін қалауға П.П.Блонский, В.Я.Струминский, Қ.Н.Корнилов, Б.М.Теплов т.б.

айтарлықтай үлес қосты. Психика дамуын әлеуметтік тарихи-мәдени теория тұрғысынан зерттеп, көптеген еңбек жазған Л.С.Выготский (1896-1934), іс-әрекет психологиясының мәселелерін зерттеген С.Л.Рубинштейн (1887-1960), А.Н.Леонтьев т.б. еңбектері бұл ғылымның әдіснамасы мен қағидаларын жаңа сипатта дамуға бағдарлады. Қоғамның тарихи даму мұқтаждығының, экономика мен идеологияның, мәдениеттің өрістеуіне сәйкес кеңестік дәуірде психологияның түрлі салалары мен тармақтары дамып, жетіліп, жеке-жеке ғылыми пәнге айналды. Соның нәтижесінде тәлім-тәрбие психологиясының даму қарқыны мен оның қамтыған мәселелері әралуан және сан қырлы болғанын ерекше атап көрсеткен жөн.

Психология ғылымына тікелей қатысты болмағанымен, адамның жан дүниесі жөніндегі пайымдаулар мен ой-пікірлер Қазақстанда өте ерте кездерден бастау алып, XV-XIX ғасырлардағы қазақ халқы ғұламаларының, ағартушы-демократтарының туындыларында айтарлықтай көрініс берді. Ал одан бұрынғы дәуірлерде ақын-жыраулардың өлең-толғауларында, билердің шешендік сөздері мен халықтық нақылдарда, ел намысын найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батырлардың отаншылдық істерінде адам жан дүниесінің жұмбақтарына терең бойлап, болашақ ұрпаққа тағылым берерлік мол рухани қазына жатқандығы қазіргі кезде әр тарапта зерттеліп, белгілі жүйеге келтірілуде.

Аса көрнекті ғалым Ш.Уәлиханов шығармаларында халықтың рухы оның таным-наным түсініктерімен тығыз ұштастырылады. Ы.Алтынсарин еңбектері этникалық және балалар психологиясының қыр-сырына толы деуге болады. Сондай-ақ, Абай туындылары да туған халқының жан дүниесіне тән қарапайым сезімнен бастап кемеңгерлік ақыл-ой шыңына дейінгі мәселелерді егжей-тегжейлі қамтиды. Ал Сұлтанмахмұт Торайғыров жан мен тән ылғи да бірлікте, байланысты болады деген орынды сөз қалдырып: «Дене азыққа тоюдан жан ержетер, жан ержетіп, дүниенің сырын табар», – дейді. Ол адамның тәнімен бірге оның жаны да, ақыл-ойы мен сана-сезімі де өсіп, жетіліп отырады, олардың негізі тәнде, адам өлгеннен кейін онда қимыл да, сезім де, жек көру де, махаббат та, өмір де жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда, тәннен бөлінген жанда еш уақытта өмір болмайды деген реалистік қорытынды жасады. Осы бағыттағы психологиялық ой-толғаулар мен пайымдау-түсініктер Шәкәрім Құдайбердіұлы мен өзге де ағартушы-демократтарда, ақын-жырауларда көп кездеседі.

Кеңестік кезеңде де Қазақстандағы психология ғылымының өрісі кеңейіп, оның аясы халыққа білім беру, тәлім-тәрбие істерінің мақсат-

міндеттерімен сабақтасты. Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» оқулығы мен «Жан жүйесі және өнер таңдау» деген туындысы – психология пәні бойынша таза ана тілімізде жазылған бірден-бір алғашқы еңбек. 1920-1930 жылдары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтардың оқу-ағарту, тәлім-тәрбие істерімен өзара ұштастырылған ұлттық сипаттағы психологиялық ой-пікірге толы терең мәнді еңбектер жазғаны белгілі. Сонымен қатар, С.Балаубаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, А.Темірбеков, Ә.Ситдықов, Е.Суфиев тәрізді психолог мамандардың ғылыми зерттеулер жүргізген мәселелері, тақырыптары саналуан. Қорыта айтқанда, Қазақстандағы психология ғылымы сан-салаға тарамдалып, қанатын кеңінен жайып өркендеп келе жатқан ғылыми пәндер қатарына жатады.

Ағза бейнелеуінің дәлдігі мен теңдігі сезім мүшелерінің және жүйке жүйесінің құрылысына, сондай-ақ, тітіркендіргіштің түрлерін сезіну мен оған әсерлену рецепторларының жетілу деңгейіне байланысты. Мысалы, көру рецепторы күн жарығының шапағын бейнелеу арқылы қалыптасады. Қарапайым және көп клеткалы жәндіктер мен ішек қуыстылардың жарыққа реакциялануы фототропизм сипатында болатыны байқалады. Жауын құртының эпидермасында жарықты сезінетін жасушалар бар. Бұл жасушалар жарықтың бар-жоғын анықтауға ғана қабілетті. Былқылдақ денелілердің жарықты сезінетін жасушалар тобы болады. Олар бүкіл денеге тараған. Көру органының бұл түрі жарықтың дененің қай жағынан түсіп тұрғанын да ажырата алады. Омыртқалы жануарларда жарықты сындыратын қасиеттер бар. Ондай қасиет зат кескінін анық көрсетеді. Рецепторлардың жетілуі белгілі мөлшерде жүйке жүйесінің бір типінің дамуына сәйкес келеді. Сезім органдары мен жүйке жүйесінің дамуы психикалық бейнелеу деңгейін қалтқысыз анықтайды. Ішек қуыстылардың жүйке жүйесі бірімен-бірі өскін арқылы торкөз тәрізді байланысып, олардың өне бойына таралады. Мұндай жәндіктердің әсерлерге тітіркенуі тропизм деңгейінде деуге болады. Оларда уақытша байланыстар күштеп жасалғанымен, тез жойылады.

Дамудың келесі сатысында жүйке жүйесі сапалық өзгерістерге түсіп, тор және түйін түрінде болады. Түйіндік жүйке жүйесі бар жәндіктер тітіркендіргіштерге едәуір әсерленіп, оларды қайта өңдей алады. Себебі, сезімтал жасушалар тітіркендіргіштерге тікелей әсерленіп, оның сапасын арттырады. Мұндай жәндіктердің негізгі бөлігі – бас түйінінде және оның құрылысы басқа түйіндерге қарағанда күрделірек. Ең қарапайым ганглийлік жүйке жүйесіне ие жәндік – жауын құрты.

Жүйке жүйесінің жоғары типі – түтік тәрізді болып келетін хордалылар. Олардың эволюциясында біртіндеп омыртқасы қатайып, бас сүйегінде орналасқан орталық жүйке жүйесі жұлынмен ұштасады. Ондай жануарлардың рецепторлары дамып, психикалық бейнелеу түрлері күрделене түскен. Омыртқалылардың эволюциялық дамуында бас миының атқаратын қызметі артып, түрлі функцияларды басқаратын орталықтары жетілген. Жануарлардың әрекеті неғұрлым күрделенген сайын орталық жүйке жүйесінің де қызметі жетіле бермек. Ондай жануарлар сыртқы орта әсерін нәзік әрі дәл етіп бейнелей алады. Жоғары сатыға көтерілген сайын жануарлардың жүйке жүйесі жетіліп, даралық шартты рефлексстердің жиынтығын құрайды. Сонымен, психика дамуында рецептордың қызметі де күрделеніп, әралуан әрекеттер жасай алады. Жануарлардың сезім мүшелерінің, дене құрылысы мен жүйке жүйесінің сандық әрі сапалық өзгеруі олардың тіршілік ортасымен байланысты түрде дамиды.

Көру рецепторының құрылысы жәндіктердің тіршілік ортасына сәйкестенген. Мысалы, терең суда тіршілік ететін балықтар сәл-пәл түске тітіркенеді. Себебі, олардың көзінің тор қабығында арнайы сезімтал аппарат – таяқшалар бар, көзінің қарашығы мен жанары әлдеқайда жетілген. Жер бетінде тіршілік ететін жоғары сатыдағы жануарлар көзінің құрылысы ерекше. Ультра күлгін түсті көз жанары мен қасаң қабық тор өткізбейді. Күндіз және түнде тіршілік ететін жануарлардың өмір сүру сипатына қарай көзінің құрылысы да ерекше келеді. Ол тіршілік ортасының жағдайына қарай түрлі тітіркендіргіштерді ажыратады. Жалпы дамып жетілуінде жануарлардың сезімталдығы тітіркендіргіштердің биологиялық мәнділігіне байланысты. Өрмекші қозғалған қимылға, басқа адамға естілер-естілмес дыбысқа, жарқанат ультракүлгін түске, ит ең әуелі иіске мән береді.

Психиканың эволюциялық дамуы сан қилы. Бейнелеу деңгейі әртүрлі жан-жануарларда белгілі ортада тіршілік етеді. Тіршілік жағдайлары түрліше болғанымен, жануарлардың бейнелеу қасиеттерінен ұқсастық табуға болады. Мысалы, суда тіршілік ететін дельфин мен құрлықта тіршілік ететін түйе және орманды жердегі аю бұл жағынан бірдей жоғары сатыда тұр. Материяның жалпы даму заңдылығына сәйкес, олардың өмір сүру ортасы да эволюциялық өзгерістерге ұшырайды, жан-жануарлар сондай өзгерістерге бейімделеді. Ортаның өзгеруі жәндіктердің психикасына әсер етіп, олардың функциясының дамуына ықпал жасайды. Өмір сүру ортасындағы түбегейлі өзгерістер адамзаттың арғы тегінің жануарлар дүниесінен ерекшеленіп, жер бетінде ақыл иесі – адамның, пайда болуына қолайлы жағдай туғызды.

Сана – адамның материя дамуының белгілі бір сатысында пайда болған қасиеті. Ол – ең көлемді қалыпқа келген және жоғары деңгейде кемелденіп жетілген мидың қызметі, материялық дүниенің жетілген бейнесі. Ф.Энгельстің анықтауынша, адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығуына әсер еткен шешуші факторлар – дыбысты тіл мен еңбек.

Дүниетану теориясының даму жолдарын В.И.Ленин «Философиялық дәптерлерінде» баланың есеюі, жануарлардың жетілуі, тілдің даму тарихы («мұны айрықша ескеру керек» дейді де), бұл салалар бойынша психология мен сезім мүшелерінің физиологиясын қоса зерттеу қажет деген міндеттерді қосу белгісімен арнайы атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол еңбегінде бұл сапалардың бүкіл білім саласын қамтып, оның таным теориясы мен диалектикалық қалыптасуына негіз болатындығын да жазған.

Жоғарыда айтылған мазмұндар мен келтірілген дәйектер психиканың дамуы мен адам санасының қоғамдық-тарихи сипатта болатынын түсініп, оның мәнін жете игеруді қажет етеді. Бейнелеу теориясы негізінде адам дүниетанымының, пайымдау мен сезіп білуден абстрактылы ойлауға, одан тәжірибеге көшіп отыруы – ақиқатты, объективтік шындықты танып білудің үнемі дамып, күрделеніп отыратын диалектикалық жолы. Бір сөзбен қорыта айтқанда, бейнелеу теориясы ғылыми психологияның гносеологиялық негізі болып саналады.

Психология және қазіргі таңдағы ғылымдардың өзара байланысы

Психологияның басқа ғылымдар жүйесіндегі орнын тануға орай психологиялық деректердің басқа ғылымдарда пайдалану мүмкіндіктерін және керісінше, психология олардың нәтижелерін өзіне қалай қолданатынын жете түсінуге болады. Әртүрлі тарихи дәуірлердегі ғылымдар арасындағы психологияның орны жантану білімдерінің даму деңгейі мен сараптау схемасынан келіп шығады. Атап айту керек, қоғамның рухани даму тарихында бірде-бір білім саласы ғылымдар жүйесіндегі өз орнын психология сияқты жиі өзгертіп тұрған емес. Қазіргі күнде академик Б.М.Кедров ұсынған сараптама әдісі қабылданған. Бұл әдіс ғылымдар арасындағы мазмұндық жақындыққа орай көп тарапты байланыстарға негізделген. Ұсынылған схема ұшар басына жаратылыстану, әлеуметтік және философиялық ғылымдар қонақтаған – үш бұрыш формасында. Ғылымдардың негізгі тобының мұндай орналасуы олардың пәні мен әдістерінің

психология пәні мен әдістеріне нақты жақындығынан болады. Зерттеу барысында қойылған міндеттерге орай психология өз бағытын бұрыш шыңдарының біріне бұрып отырады.

Психологияның жалпы ғылыми білімдер жүйесіндегі қызмет – зерттеу нысаны адам болған барша ғылым салаларының жетістіктерін біріктіріп байланыстыру.

Психологияның аталған ғылымдық үш бұрышпен байланысының мазмұндық сипаты қандай?

Психологияның негізгі міндеті психикалық іс-әрекет заңдарын даму барысында зерттеп, тану. Осы заңдар арқылы шынайы дүниенің адам миында қалай бейнеленетіні, осыған орай оның әрекеттері қалай реттелетіні, психикалық қызметтің дамуы мен жеке адамның психикалық қасиеттері қалай қалыптасқаны айқындалады. Психиканың объективті шындық бейнесі екені белгілі, сондықтан психологиялық зерттеулер ең алдымен психикалық құбылыстардың адамның шынайылық өмір шарттары мен қызметіне тәуелділігін тануға бағытталуы тиіс. Сонымен бірге, адамдардың әрқандай іс-әрекеті барлық уақытта адам өмірінің шынайы жағдайларымен байланысып қалмастан, оның субъективті сәттерімен де қатынаста болады. Ғылыми психология барша психикалық құбылыстардың (қанша күрделі болса да) материалдық негізі бас миы қыртысындағы уақытша байланыстар жүйесі болатындығына арқа сүйей отырып, субъективті және объективті жағдайлардың өзара ықпалды болатынын шынайы заңдылықты дәлелдеуді негіздеп бере алады. Осы байланыстардың түзілуі және олардың қызметтес болуынан психикалық құбылыстар адам іс-әрекетіне ықпал жасап, оны реттел, бағыттайды, шындықты санада бейнелеуде адамға өз әсерін тигізеді.

Сонымен, психикалық құбылыстардың адам өмірі мен әрекетінің шынайылық жағдайларына тәуелді заңдылықтарын аша отырып, психология осы әсерлердің мидағы бейнелену механизмдерін де айқындайды. Осыған орай, психология физиологиямен, дәлірек айтсақ, жоғары жүйке қызметі физиологиясымен өте жақын байланыста болуы сөзсіз.

Психологияның дербес ғылымға айналуында оның XIX ғ. басталған жаратылыстану ғылымдарымен бірлікте зерттелуі үлкен маңызға ие болды. Осы байланыстың нәтижесінде психологияға экспериментальдық әдіс енді (Г.Фехнер), рефлекторлық теория ашылды (И.М.Сеченов, И.П.Павлов). Қазіргі заман психология мәселелерінің зерттелуіне Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы да үлкен ықпалын тигізіп, тіршілік иелерінің құбылмалы орта жағдайларына

икемделудегі психиканың рөлін анықтауға, жоғары психикалық әрекет формаларының қарапайым түрлерден туындайтынын түсінуге мүмкіндік берді.

Психолог жеткілікті дәрежеде өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіндегі ерекшеліктерді айыра білуі қажет. Әсіресе, біртекті сулы ортада жасаған бір жасушалылардың клеткалы өмір тұрпатынан қоршаған ортада белсенді бағдар-бағыттылықты талап ететін құрлықтағы тіршілік иесі – көп жасушалылардың күрделі өмір формасына өтудегі өзгерістерін анықтап білген жөн. Жәндіктер дүниесі мен жоғары омыртқалылардың тіршілік қағидалары арасындағы айырмашылықтарды да білгеннің маңызы үлкен. Икемделудің жалпы биологиялық қағидаларын білмей, жануарлар қылық-әрекеттерінің ерекше сипаттарын дәл түсіну мүмкін емес, ал онсыз адамның күрделі формадағы психикалық әрекеттерін ұғу биологиялық тұғырынан айырылады. Сонымен бірге естен шығармайтын жәйт, психология ғылымының пәндік негізін құрайтын деректерді ешуақытта биологиялық деректермен алмастыруға болмайды.

Психология үшін оның қоғамдық ғылымдармен байланысы үлкен маңызға ие. Тарих, экономика, этнография, әлеуметтану, өнертану, заң және т.б. зерттеулеріндегі мәселелер әрдайым психологиямен тікелей байланысты. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әдет, әлеуметтік бағыт, тәртіп-талап стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, рахаттық сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адамаралық қатынастарын зерттемей әлеуметтік үрдістер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды, яғни ықшамдап айтсақ, әлеуметтік үрдістерді зерттеуде психологиялық факторды ескеру заңды қажеттілік. Психологиялық факторлар өздігінен әлеуметтік үрдістерді бағыттап алмайды, керісінше, олардың өзін осы қоғамдық үрдістерді талдау арқылы түсіну мүмкін. Адамның психикалық іс-әрекеттерінің негізгі формалары қоғамдық тарих шарттарына орай туындап, дәстүрлі шынайылық іс-әрекет жағдайында өрісін тауып, еңбекке, еңбек құралдары мен тілді қолдануға байланысты қалыптасады. Келтірілген пікірлер психологияның қоғамдық ғылымдармен болған байланысының маңыздылығын дәлелдеп тұр. Егер жануар қылық-әрекетінің қалыптасуы тіршіліктің биологиялық жағдайларына түбегейлі тәуелді болса, адам қылығының қалыптасуы қоғамдық тарих шарттарымен ажырамас байланыста. Ең алдымен психикалық әрекет-қылықтық

адамға тән ерекшеліктерін зерттейтін психология ғылымы қоғамның негізгі заңдарын қорытушы әлеуметтік ғылымдар деректерінсіз бір қадам да ілгерілей алмайды. Адамның психикалық әрекетіне арқау болатын қоғамдық шарттарды зейінділікпен кере білу психологияның берік ғылыми тұғырға орнығуына мүмкіндік береді.

Психологияның педагогикамен байланысына аса назар аударған жөн. Әлбетте, бұл сабақтастық бұрыннан да белгілі, кезінде К.Д.Ушинский: «Адамды жан-жақты тәрбиелеу үшін оны жан-жақты зерттеу қажет», – деген еді. Бұл арада психологияның практикалық маңызы нақты көрініп тұр. Егер педагогика психологиялық құбылыстардың табиғаты жөніндегі білімге сүйенбесе, онда ол қарадүрсін педагогикалық кеңестер мен көрсетпелер жиынтығына айналып, шын мәнінде ғылым болудан қалып, мұғалімге ешқандай жәрдем бере алмайды. Педагогиканың барша салаларының (жалпы теория, дидактика, пән әдістемесі, тәрбие теориясы) даму барысында психологиялық зерттеулерді қажет ететін мәселелер туындап отырады. Психикалық үрдіс жүру заңдылықтарын; білім, ептілік және дағдылардың қалыптасуын; адам қабілеттері мен түрткілерін, оның психикалық дамуын тұтастай білу оқудың әр сатысындағы білім мазмұнын анықтау, оқу мен тәрбиенің ең тиімді әдістерін нақтылау және т.б. сияқты өзекті педагогикалық мәселелерді шешуде келелі мағына-маңызға ие.

Қазіргі кезеңде нарықтық қоғам оқушысын неге үйрету керек? Ғылым топтаған асқар таудай ақпарат қорынан мектеп үшін нендей білімді және оны қалай алу керек? Қазір осындай мың-сан мәселе қордаланып тұр. Бұлардың бәріне шешім табу, адамның әр жас деңгейіндегі психикалық даму мүмкіндіктерін және олардың жедел шешімдерін белгілеу педагогикалық психологияның міндеті.

Психологияның аса қажеттілігі педагогиканың тәрбие мәселелеріне орай байқалады. Тәрбиенің мақсаты – даму жолындағы қоғам талаптарына сай жеке адамды қалыптастыру. Ал бұл мақсатқа жету жеке адамның қалыптасу заңдылықтарын; бағыт-бағдар, қабілет, қажеттілік, дүниетаным және т.б. зерттеуді қажет етеді. Айтылғандар қазіргі заман психологиясының ғылымдар тоғысында тұрғанының дәлелі, яғни психология бір жағында философия ғылымдары, екінші тарапында жаратылыстану ғылымдары, үшінші жағында әлеуметтік ғылымдар болған аралықта орналасқан.

Солай болса да, барша ғылымдармен байланысы, психология өз пәніне, өзінің теориялық қағидаларына және өзінің зерттеу әдістеріне иелігімен дербестенетінін ұмытпау керек. Дербес ғылым

ретінде психология аймағында өзара байланысы сырт көзге байқала бермейтін біршама ерекше білім салалары ұштасып жатады, мысалы, психофизиология мен әлеуметтік психология. Бұлар сырттай қарағанға «сыйыспайтындай» болғанымен, бір ғылым саласына, себебі олардың түпкі де түбегейлі міндеті бір – психикалық құбылыстың мәнін зерттеу. Психология қай ғылым саласымен байланысса да, оның зерттеу нысаны жалғыз-ақ: ол – адам, оның психикалық үрдістері, қалыптары және қасиеттері.

Психологиялық білімдердің даму ерекшеліктері психологияның басқа ғылымдарға тәуелді байланысынан ғана емес. Көп жағдайда олар қоғамдық практиканың өрістеп жатқан қажеттерімен белгіленеді. Егер психология алғашқы уақытта теориялық тарабы басымдау, дүниетанымдық пән болса, ол қазіргі кезде өзінің танымдық қызметін сақтай отырып, өндірісті, мемлекетті басқарудағы, білім беру жүйесіндегі, денсаулық, заң мекемелеріндегі, мәдениеттегі, спорттағы және т.б. кәсіби практикалық іс-әрекеттің бір саласына айналуға.

Сонымен, осы заман психологиясы көп тармақты білімдер жүйесі ретінде танылып, әртүрлі еңбек тәжірибесімен байланысуда. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі қағидасы – психиканың іс-әрекетте даму қағидасы. Сондықтан, көбінесе психология салаларын топтастыру негізіне адамдардың әртүрлі еңбектік әрекеттері алынады. Осыған орай психология келесі салаларға бөлінеді.

Еңбек психологиясы адамның қоғамдық өнімге бағытталған әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың психологиялық тараптарын зерттеумен бірге психология ғылымының дербес салаларына айналған білімдерге жіктеледі. Олардың ішінде: инженерлік психология, авиация психологиясы, ғарыштық психология, т.б. бар.

Педагогикалық психологияның қызметі – адамды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын ашу. Оның бөлімдері: оқу психологиясы, тәрбие психологиясы, сондай-ақ мұғалім психологиясы, дамуы шектеулі балаларды оқыту-тәрбиелеу психологиясы.

Медициналық психология дәрігер қызметі мен сырқат адам мінез-құлығының психологиялық мәнін зерттейді. Ол психикалық құбылыстардың ми физиологиялық құрылымдарымен байланысын айқындаушы нейропсихология; емдік дәрілердің адамның психикалық жағдайына ықпалын белгілеуші фармакопсихология; науқасты емдеуде қолданылатын психикалық әсерлерді зерттейтін психотерапия; психикалық алдын алу профилактика және психогигиена тарауларына бөлінеді.

Заң психологиясы құқық жүйесін іске асыруға байланысты психикалық мәселелерді қарастырады. Онда бірнеше салаларға жіктеледі: қылмыскер психологиясы, үкім шығарушы мен орындаушы психологиясы және т.б.

Әскери психология адамның соғыс жағдайындағы қылық-әрекетін, қолбасшы мен оның билігіндегі сарбаз арасындағы қарым-қатынастың психологиялық тараптары, әскерді рухтандырушы үгіт-насихат психологиясының әдістерін және т.б. зерттейді.

Аталған топ қатарына спорт, сауда, ғылым және өнер шығармашылық психологиясы да кіреді.

Психология тармақтарын топтастыру негізіне дамудың психологиялық қырлары да алынуы мүмкін. Бұл жағдайда психологияның даму қағидасы іске асады. Осыған байланысты психология келесі салаларға бөлінеді:

Жас сатыларының психологиясы жеке адамның әртүрлі психикалық үрдістері мен психикалық қасиеттерінің онтогенезін зерттейді де, келесі салаларды қамтиды: балалар психологиясы, жасөспірімдер психологиясы, ересек адамдар психологиясы мен көрілік психологиясы (геронтология).

Дамуы қалыптан шыққандар психологиясы немесе арнайы психология: олигофренопсихология (ақыл-ойы кемдер), сурдопсихология (саңыраулар), тифлопсихология (зағиптар).

Салыстырмалы психология – психикалық өмірдің филогенетикалық (біртұтас даму) формаларын зерттейді.

Психология салаларын топтастырудың және бір жолы – қоғам мен жеке адам арасында болған қатынастарды ескеру. Бұл әдіске орай «Әлеуметтік психология» атымен психологияның көптеген салалары бірігеді. Әлеуметтік психология адамдардың әртүрлі ұйымдасқан ресми немесе ұйымдаспаған, бейресми топтарда көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен шұғылданады.

Жоғарыда келтірілген деректер психологияның қолдану аймағының кең екенінен ақпарат береді. Мұнда орындалатын міндеттердің де сипаты саналуан: адамның қарапайым қабылдауын зерттеуден бастап, жалпы өріс алған күрделі психикалық құбылыстарды тануға дейін. Психологиялық сипаттарды қазіргі заманның дүниежүзілік мәселелеріне байланысты да (бейбітшілік үшін күрес, қоршаған ортаны қорғау, ғарышты игеру және т.б.), адамдардың күнделікті тұрмысына орай да (эмоционалдық күйзелісті басу, адамаралық қақтығыстарды үйлестіру және т.б.) зерттеп, олар бойынша қажетті шешімдерге қол жеткізуге болады. Бұлай болуы орынды да, себебі аталған

мәселелердің бәрі қалайда адамға байланысты болғандықтан, бізді ең алдымен оның психикалық жан дүниесі қызықтыратыны сөзсіз.

Барша психология салаларының ішінде айрықша орынды жалпы психология иеленетінін атап өткен жөн. Бұл тараудың негізгі міндеті – психологияның әдіснамалық мәселелері мен тарихын, психикалық құбылыстар пайда болуының, дамуының және болмысының жалпыланған заңдылықтарын ғылыми нақтылау. Сонымен бірге жалпы психология танымдық және практикалық іс-әрекетті де зерттейді. Жалпы психология зерттеулерінің нәтижесі психология ғылымының барша салалары мен бөлімдерінің іргетасы қызметін атқарады.

Психологияның негізгі салалары

Заманға сай психология – көп салалы сабақтас ғылым. Психологияның салалары психологиялық зерттеулердің салыстырмалы түрде өз алдына жеке-дара бағыттары болып табылады. Сонымен қатар, психология ғылымының қарқынды дамуының арқасында әрбір 4-5 жылда жаңа бағыттары пайда болып отырды. Психология салаларының пайда болуы, біріншіден психологияның кең көлемде ғылымға және тәжірибеге енгізілуі, екіншіден жаңа психологиялық танымдардың пайда болуына негізделген. Психологияның салалары бір-бірінен ең алдымен әлдебір ғылыми бағыт шеше алатын мәселелер мен мақсаттар кешенімен ғана ерекшеленеді. Сонымен бірге, психологияның барлық салаларын шартты түрде негізгі (жалпы) және қолданбалы (арнайы) етіп бөлуге болады.


Психология ғылымының негізгі салаларының (оларды басқаша базалық деп атайды) әртүрлі психикалық құбылыстарды, соның ішінде адамдардың қандай қызметпен айналысатынына қарамастан, олардың мінез-құлқын түсініп және түсіндіруге қажетті жалпы мағынасы болады. Негізгі (фундаментальды) білім психологияның мәселелері мен адамдар мінез-құлқын зерттеушілерге ең қажеттісі. Фундаментальды білім – барлық психологиялық ғылым салаларын біріктіріп қана қоймай, олардың дамуының негізі болып табылатын базис. Сондықтан, негізгі білімді бірыңғай терминмен «жалпы психология» деп атайды.

Қолданбалы деп жетістіктері тәжірибеге қолданылатын ғылым салаларын айтамыз. Көп жағдайда психология ғылымының қолданбалы салалары өз бағыттарының шегінде нақты мәселелерді шешумен айналысады. Алайда кейбір жағдайларда қолданбалы

салалардың жетістіктері немесе ғылыми жаңалықтары қайтадан алынған білімдердің барлық салалар мен бағыттарда қолданылуын қажет ететінін анықтайтын фундаментальды сипатта болуы мүмкін. Айта кететін тағы бір жайт, ол көпшілік жағдайда психологияның қолданбалы салалары бір-бірінен шектелмеген болып табылады. Көбінесе нақты салада басқа саланың білімдері мен әдістемелері қолданылады. Мысалы, ғарыштық психология – адамның ғарыштағы іс-әрекетінің психикалық қамту мәселелерімен айналысатын, оған инженерлік психология, медициналық психология, педагогикалық психология және т.б. кіретін психологиялық ғылым саласы. Демек, психологияның қолданбалы облыстары жалпылану дәрежесі бойынша шартты түрде синтетикалық (басқа облыстарының білімдерін өзіне біріктіретін) және алғашқы (қолданбалы саланың жіңішке де нақты бағыты болып табылатын) болып бөлінеді. Мысалы, медициналық психологияға жалпы медициналық психология, клиникалық психология, патопсихология, психогигиена және психопрофилактика, психотерапия және психокоррекция және т.б. жатады. Осыған сәйкес инженерлік психологияда келесі бөлімдерді атап өтсек болады: эргономика, еңбек психологиясы, менеджмент және т.б.

Психология ғылымының кейбір салаларын тереңірек қарастырайық.

Жалпы психология – фундаментальды психологиялық білімдерді өзіне біріктірген және индивид – нақты *Homo sapiens* өкілін зерттеудегі мәселелерін шешетін психология ғылымының бір саласы. Ол өзіне көбіне жалпыланған психологиялық заңдылықтарды, теориялық қағидалары мен психологияның әдістерін, оның негізгі түсініктері мен категориялық қатарын анықтайтын теориялық және экспериментальды зерттеулерін біріктірген. Жалпы психологияның негізгі түсініктері болып психикалық үрдістер (танымдық, еріктік, эмоционалды), психикалық қасиеттер (темперамент, мінез, қабілет, бағытталғандық және психикалық қалып) табылады. (1.1.-сур.)



1.1 сурет

Жалпы психологияның топтастырылуы шартты десек болады. «Психикалық үрдіс» ұғымы зерттеліп отырған психикалық құбылыстың үрдістік сипатын көрсетеді. «Психикалық қалып» ұғымы психикалық құбылыстың тұрақтылығын, салыстырмалы статистикалық сәттерін сипаттайды. «Психикалық қасиет» ұғымы зерттеліп отырған құбылыстың тұрақтылығын, оның қайталануын және тұлғаның құрылымында бекітілуін айқындайды.

Жалпы психологияның психология ғылымының негізгі және нық тұрған саласы ретінде қалыптасуы психологиялық білімдерді жүйелеп, психологиялық құбылыстарды зерттеудің әдістемесін ұсынған С.Л.Рубинштейннің атымен байланысты.

Жалпы психологияның негізгі түсініктерінің базасынан басқа да психологиялық ғылым салаларының түсініктері қалыптасады.

Педагогикалық психология білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық мәселелерін қарастырады. Педагогикалық психология танымдық қасиеттерін зерттейді, сондай-ақ, білім берудің ықтимал

эффектісін зерттейді. Педагогикалық психология оқу үрдісінің құрылу кезіндегі оқушының жеке-дара ерекшеліктері және оқытушы мен оқушының ара-қатынасын зерттейді. Оқу ұжымы ара-қатынасы мәселелері психология ғылымының жеке-дара саласы ретінде XIX ғ. екінші жартысында пайда болды. Ол психологияның даму идеясының енгізілуімен шартталған еді. Сонымен XIX ғ. аяғында педагогикалық психологияның дамуында интроспективтік психологияның рөлі маңызды болды. Оның одан кейінгі дамуы тәрбиелеудің қатаң «мінез-құлық модификациясына» сүйенетін бихевиористік бағытпен анықталады. Қазіргі отандық педагогикалық психология негізінде адамның жеке-дара психикалық дамуы оның материалды және рухани мәдениет заттарынан табылған тарихи-қоғамдық тәжірибені игерудегі іргелі жағдайлар жатады, сонымен қатар, осы игеру тәсілдері және құралдары басқа адамдармен қатынаста өзектенетін адамның белсенді іс-әрекеті арқасында жүзеге асырылады. Педагогикалық психология қолданылу орталарына байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу психологиясы, бастауыш, орта, жоғарғы сыныптарға бөлінген білім беру мен тәрбиелеу психологиясы, кәсіби білім беру мен жоғары оқу орны психологиясы деп бөлінеді.

Педагогикалық психология **жас ерекшелік психологиясына өте жақын**, ол психикалық дамудың кезеңдерінің заңдылықтарын және онтогенез (жеке-дара ағзасының қалыптасу үрдісі, соның ішінде психикалық функциялар) кезінде адамның туғаннан қартайғанға дейінгі уақытта тұлғаның қалыптасуын қарастырады. Педагогикалық психология сияқты жас ерекшелік психологиясы психология ғылымының жеке-дара саласы болып XIX ғ. соңында бекітілді. Балалар психологиясы ретінде пайда болған жас ерекшелік психологиясы өзінің даму үрдісі кезінде онтогенетикалық үрдістердің тұтас талдауын жасай бастады. Қазіргі кезде жас ерекшелік психологиясының негізгі бөлімдері: балалық шақ психологиясы, жастық шақ психологиясы, кемелденген шақ психологиясы, геронтопсихология. Жас ерекшелік психологиясы мәдени-тарихи, этникалық және әлеуметтік-экономикалық шарттардың жеке-дараның дамуына әсерін ескеруіңіз болмайтын психикалық үрдістің жас ерекшелік динамикасын да зерттейді. Бұдан басқа жас ерекшелік психологиясына үлкен маңызы бар, ол – жыныстық-жастық және типологиялық қасиеттерді жатқызуға болатын дифференциалды-психологиялық айырмашылықтар, сондықтан да жас ерекшелік психологиясында зерттеулерде дифференциалды психологияның әдіс-тәсілдері қолданылады.

Дифференциалды психология – психология ғылымының индивидтер арасындағы айырмашылықтарды, топтар арасындағы айырмашылық пен осы айырмашылықтардың себептерін және салаларын зерттейтін саласы. Дифференциалды психологияның алғышарты – психологияға тәжірибенің, сондай-ақ генетикалық тәсілдердің енгізілуі. Бұл саланың бастауың жеке-дара ерекшеліктерді зерттеу құрылғылары мен тәсілдерің, олардың статистикалық талдауын жасауды Ф.Гальтон бастаған еді. «Дифференциалды психология» терминін 1900 жылы В.Штерн ұсынған еді. Бастапқы кезде бұлар тек индивидуалды тесттер ғана болатын, содан кейін топтық, ал одан кейін барып проективті тесттер пайда болды.

Педагогикалық, жас ерекшелік, дифференциалды психология да «топ» түсінігімен зерттейтіндіктен, олармен тығыз байланыста әлеуметтік, адамның қызметі мен мінез-құлқының, олардың топтарға топтастырылуы дәлеліне шартталған заңдылықтарын, сондай-ақ осы топтардың психологиялық сипаттамаларын зерттейтін психологиясымен қатар жүреді. Ұзақ уақыт бойында әлеуметтік-психологиялық көзқарастар философия шегінде ғана жасалған болатын, тек ХІХ ғ. аяғына қарай «халықтар психологиясы» (М.Лазарус, Х.Штейнгал, В.Вундт); «көпшілік психологиясы» (С.Сигле, Г.Лебон); «әлеуметтік мінез-құлық түйсігі теориясы» (У.Мак-Дугалл) сияқты алғашқы тұжырымдамалары пайда болды.

Әлеуметтік психологияның жеке пән ретінде пайда болуы 1908 жылға сай келеді, ол кезде бір уақытта ағылшын психологы У.Мак-Дугалл мен американдық Э.Росстың «әлеуметтік психология» термині бар жұмыстары пайда болған. Қазіргі әлеуметтік психологияға жеке-дара ғылым ретінде мыналар жатады: тіл табысу заңдылықтары мен адамдар ара-қатынасы (дәлірек, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың жүйедегі рөлі); әлеуметтік топтардың үлкен (кластар, ұлттар) және кіші (ұйымшылдық, көшбасшылық және т.б) топтары.

Өз кезегінде әлеуметтік психологиямен тығыз байланыста **саяси психология мен өнер психологиясы** болады, себебі олар қандай да болсын шамада тек жеке-дара құбылыстарды ғана емес, әлеуметтік құбылыстарды да қарастырады. Саяси психология – психология ғылымының саяси өмірдің компоненттері және адамдардың қызметтерін, олардың көңіл-күйін, көзқарастарын, сезімдерін, құндылықтарын және т.с.с. зерттейтін саласы. Бұл психологиялық феномендер ұлттардың, кластардың, әлеуметтік топтардың, биліктің, индивидтердің саяси саналарының дәрежесінде қалыптасып көрінеді және олардың нақты саяси әрекеттері арқылы іске асырылады.

Өнер психологиясы – психология ғылымының көркем құндылықтардың құрылуы мен қабылдануын қамтитын тұлғаның немесе топтың жағдайы мен қасиеттері зерттеу пәні болып табылатын, сондай-ақ осы құндылықтардың жеке тұлғаның немесе тұтас қоғамның тіршілік әрекетіне әсерін зерттейтін саласы.

Психология ғылымының барлық қарастырылған қолданбалы салалары қандай да бір дәрежеде болмасын білім беру, тәрбиелеу және толықтай адам дамуымен, қозғалысымен байланысты болады. Алайда басқа да мәселелермен айналысатын психологияның салалары бар. Ондай салалардың бірі – гигиенаның психикалық аспектілері, профилактиканың, диагностика, емдеу, экспертиза мен науқастардың реабилитациясымен айналысатын **медициналық психология**. Медициналық психологияның зерттеу саласына әлдебір аурудың адам психикасына әсер етуі немесе керісінше, адам психикасының ауруға әсеріне, аурудың пайда болуы, дамуы және жалғасуына байланысты мәселелердің кең спектріне жатады. Сондықтан медициналық психологияның маңызды мәселелері – психикалық және соматикалық үрдістердің әсерлесуі, науқастың өз ауруы жайындағы ойының қалыптасу заңдылықтары, науқас өз ауруын сезіну динамикасын зерттеуі, терапевтикалық мақсаттарда тұлғаның компенсаторлы және қорғаныштық механизмдерін зерттеуі, емдік әдістер мен құралдардың психологиялық әсерін зерттеу болып табылады.

Қоғамның экономикалық дамуының, техникалық дамуының тәжірибелік тапсырмаларын шешуде адам мен машина арасындағы әрекеттесу үрдістері мен құралдарын зерттеумен айналысатын психология ғылымының бір саласы – **инженерлік психологияның** маңызы зор. Инженерлік психология жеке-дара ғылым ретінде ендірістік үрдістердің психологиялық құрылымын қалыптастырған ғылыми-техникалық революцияның арқасында қалыптасты. XIX ғ. екінші жартысында XX ғ. бірінші жартысындағы техникалық дамудың жеделдетілуі адамның өндірістік үрдістегі психикалық мүмкіндіктері мен оның техникамен ара-қатынасының әдістері мен құралдарын анықтау мәселесін алға қойды. Инженерлік психологияның айналысатын негізгі мәселелері: басқару жүйелеріндегі адам әрекетін талдау, адам мен автоматтық құрылғылар арасындағы қызметтердің бөлінісі; операторлардың, ақпарат алмасу үрдістері және олардың арасындағы ақпараттық әрекеттесуінің бірлескен іс-әрекетін зерттеу; операторлар іс-әрекетінің психологиялық құрылымына талдау жасау; операторлар қызметінің тиімділігі, сенімділігі және сапасына әсер ететін факторларды зерттеу; адамның ақпарат қабылдау үрдістерін

зерттеу, адамның ақпаратты өңдеу үрдістерін, оның сақталуы және шешім қабылдауын талдау; кәсіби психологиялық таңдау жасау мәселелерін шешу мақсатында адам қабілеттерінің психодиагностика әдісін жасау; операторлардың оқуын оңтайландыру үрдістерінің талдануы және т.б.

Психологияның жеке-дара тағы бір саласы – **әскери психология**.

Бақылау сұрақтары:

1. Психологияның ғылым ретіндегі маңызы.
2. Психологияның салаларын атаңыз.
3. Психология салаларының қоғамдағы алатын орны қандай?
4. Психология пәні дегеніміз не?
5. Психологияның даму тарихы туралы не білесіз?
6. Ежелгі грек ойшылдарының ой-пікірлері туралы не айтасыз?
7. Араб ойшылдарының ой-пікірлері туралы не айтасыз?
8. Орта ғасырдағы шетел психологтарының тұжырымдамалары.
9. Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейінгі психологияның даму бағыты.
10. Қазақ ағартушыларының ой-пікірлері туралы не айтасыз?
11. Психологияның басқа ғылымдармен байланысын сипаттаңыз.
12. Психологияның негізгі міндеті туралы не білесіз?
13. Психологияның дамуындағы негізгі теориялар.
14. Психологияның негізгі салалары.
15. Психологияның негізгі салалары туралы не айтасыз?
16. Жалпы психологияның атқаратын қызметі.
17. Педагогикалық психологияның атқаратын қызметі.
18. Дифференциалды психологияның атқаратын қызметі.
19. Инженерлік психологияның атқаратын қызметі.

2-тарау. ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯ – ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ САЛАСЫ

- **Әскери психологияның пайда болуы мен дамуы.** Әскери қызметшілер іс-әрекетінің психологиялық қамтамасыз етілу мәселесіне Ұлы орыс қолбасшыларының көзқарастары. XX ғ. әскери психологиялық ойдың дамуы. Отандық әскери психологияның қалыптасуы.

- **Заманға сай ғылым саласы ретіндегі әскери психология, оның құрылымы мен функциялары.** Әскери психологияның нысаны, пәні және мақсаттары. Әскери психологтардың зерттеулерінің негізгі бағыттары.

- **Әскери психологияның зерттеу әдістері.** Әскери психологияның зерттеу әдістері туралы жалпы түсінік. Бақылау әдісі, сұрау әдісі, құжаттарды зерттеу әдісі, психологиялық тесттер.

Әскери психологияның қалыптасуы мен дамуы

Заманға сай психология ғылымы көптеген түрлі психология ғылымының дамуы барысында қалыптасқан салалардан, белімдер мен бағыттардан тұрады. Психология ғылымы дамуының барлық сатыларында, әсіресе адам іс-әрекетінің ерекше немесе өте күрделі жағдайлардағы қамтылуы мәселелерін шешудегі кезеңдерде қарқынды дамыған. Мұндай іс-әрекеттердің қатарына әскери іс те жатады. Оған толық негіз бар.

«Сарбаз рухына» қызығушылықты сонау антикалық дәуірден бастап көптеген қолбасшылар танытқан. Жауынгердің рухын көтеру керектігін, о баста, Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) айтқан болатын. Сарбаздың ұрысқа психологиялық дайындығына орыс қолбасшылары да қатты көңіл бөлген.

Ресейдегі әскери психологиялық ойдың дамуында А.В.Суворовтың (1730-1800) прогрессивті көзқарастары ерекше маңызды мағынаға ие болды. Негізінен Суворов іс жүзінде жасақтардың психологиялық дайындығының жүйесін жасап, негіздеген. Жауынгерлердің санасының дамуын түсіне отырып, ол: «Санасыз сарбазбен ешбір ұрыста жеңіске жету мүмкін емес», – деген. Сондықтан Суворов әрдайым сарбаздардың түрлі жағдайларды ойланып әрекет етуіне ықпал етіп, оларды қызықтыратын, олардың сергек, батыл, қайратты, берік болуына септігін тигізетін оқу үшін жан-жақты жағдай жасады. Суворовтың өз басында өз уақытындағы ең жарық және осы күнге

дейін ескірмеген, жауынгерге қажетті қасиеттер болды: Отанға деген махаббат, жауынгерлік борыш сезімі, жеңіске сенімділік, белсенділік, өзара көмек және т.б.

Суворовтың шәкірті М.И.Кутузов (1745-1813) әр ұрыстағы адамның шешуші рөлі туралы Суворовтық идеяларды іске асырып жүрген. Матростардың моральдық-психологиялық дайындығының қажеттігі туралы алдыңғы қатарлы идеяларды Ф.Ф.Ушаков (1745-1817), Д.Н.Сенявин (1763-1831), М.П.Лазарев (1788-1851), П.С.Нахимов (1802-1855), т.б. әрқашан дамытып, іс жүзінде іске асыруға тырысты.

Осылайша, адмирал Нахимов: «Әскери кемеде басты қозғаушы күш – матрос, ал біз – тек оларға әрекет ететін пружиналармыз. Матрос желкендерді басқарады, сол зеңбіректі жауға қарсы көздейді; қажет болса, матрос ұрысқа да түседі; барлығын істейтін матрос... Міне, бізге кімді оқыту керек, көтеру керек. Оларда ерлік пен қайсарлықты ояту керек...» деген

XIX ғ. аяғы – XXғ. басында әскери психологияны дамуына елеулі үлес қосқан адмирал Макаров (1848-1904) болды. Ол әрбір жорықты толығымен жаңа білім мен тәжірибе алуға батылдық, тапқырлық, салқынқандылық, көзөлшемділік, шыдамдылық, т.б. қасиеттерді қалыптастыруға пайдалану қажет екені туралы айтты. Тек қана осындай жоғары моральдық жауынгерлік қасиеттер ғана матросқа теңіздегі ұрыстағы барлық кездейсоқтықтарға дайын болуына кемектеседі.

Макаров бірінші болып матростар мен офицерлердің кемелердің өміршеңдігіне күреске психологиялық дайындығы үшін арнайы кеме жасауды ұсынды. Ол өз ойын былай айтқан: «Адам жаратылысы сондай, қауіп оған таныс бола тұра, бірақ оны су түгіл судың шуылы да үрейлендіретін болса да, ол өлімге қарсы жүре алады. Адамдарды осы шуылға үйретіндер, сонда олар ақыр соңына дейін соғысатын болады». Осы арнайы үйретуші кемеде Макаровтың талабы бойынша барлық кемелердің топтық ұйымдары даярлануы керек.

Әскери психологияның дамуына XIX ғ. екінші жартысында генерал М.И.Драгомиров (1830-1905) үлкен үлес қосқан. Оның сарбаздары әскери тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық жолдары туралы жұмыстары аз емес.

Драгомиров әрқашан оқу мен маневр жағдайлары соғыстық жағдайларға жақындатылуын талап еткен. Оның оқып-үйрететін жерлері тек ұрыстың сырт келбетіндей ғана емес, шынайы шиеленіскен, яғни сарбаздарға және офицерлерге қажетті жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді қалыптастыратын жағдай жасау туралы

тұжырымы әлі күнге дейін қолданыс табуда. Соғысқа психологиялық дайындық мақсатында ол сарбаздардың нысанаға ату, снарядтардың траекториясын игеру, екі жақтан артиллериялардың жауынгерлік атыстарын жөн көрген.

Бірақ, психологияның әскери істе нақты қолданылу мүмкіндіктері тек XX ғ. басталды. Қалай болғанда да, Бірінші Дүниежүзілік соғыс әскерде қолданбалы жарамдылығының алғышарты болды және тәжірибелік психологияның ары қарайғы дамуына ықпал етті. Егер осы уақытқа дейін сарбаз психикасы алдыңғы қатарлы әскербасшылар мен әскери психиатр-дәрігерлерді ғана қызықтырса, дүниежүзілік соғыстың әсерінен психологияға қызығушылық өсті. Осылайша, АҚШ Бірінші Дүниежүзілік соғысқа ерекше белсенді дайындалған, себебі ол кезде оларда басқа соғысушы жақтардікіндей әскери потенциал болмаған еді. 1917 жылы соғысқа түспес бұрын үкімет елдің ірі психологтары Э.Торндайкке, Р.Йеркске, Г.Уипплге әскери істері психологияның қолданылуына байланысты тұтас ғылыми бағытты басқаруды ұсынды. Психологтардың американдық ассоциациясы және ірі университеттер қатары осы бағыттағы жұмысты тез-ақ атқарды. Арнайы бірқатар секциялардан тұратын психологиялық комиссия құрылды, ол төмендегідей мәселелерді шешумен айналысты: әскери психологияны зерттеу, авиация қызметіне жарамдылығының психологиялық сынақтары, рекруттардың интеллектті зерттеуге жалпы сынақтары, арнайы тағайындалуларға адамдар таңдау және т.б. Комиссияны Р.Йеркс басқарды, оның жетекшілігімен алғашқы топтық тесттар құрылды, олар әскерге шақырылғандардың жарамдылығын тексеруге арналған сауаттыларға «альфа» әскери тесті және сауатсыздарға «бета» әскери тесті қолданылды.

Бірінші Дүниежүзілік соғыстың алдында американдық психологтар әскери бөлімшелерді жинақтау жүйесін құру кезінде 1700-ден астам сарбаз, 40 мыңнан астам офицерді қарап шықты. Нәтижесінде тек бұқаралық зерттеу ұйымдарының алғашқы ұстанымдары ғана емес, кәсіби психологиялық іріктеудің қолданбалы тапсырмаларын шешуге арналған психологиялық ғылымның қолдану ұстанымдарын да жасалған, ал кәсіби психологиялық іріктеу ұйымының соғыс кезіндегі жиған тәжірибесі күнделікті өмірде кең ауқымды қолданыс тапты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресейде де әскери психологияның дамуына ықпалын тигізді. Осылайша, 1897 жылы оқу ұшағы саябағында әскери-хирургиялық академияның әскери «дәрігері С.П.Мунт Ресейдегі алғашқы ахуалы шарда ұшудың адамға әсері туралы арнайы физиологиялық және психологиялық зерттеулер

жүргізді. 1911 жылы ол ұшақтар мен ұшқыштарды бақылау нәтижелері жайында Бүкілресейлік империясы аэроклубы кеңестің отырысында сөз сөйледі. Бұл туралы әскер министріне жеткізіліп, 1913 жылы оның бұйрығымен Гатчиндік авиация мектебінде Ресейдегі бірінші арнайы физиологиялық лаборатория ұйымдастырылды.

1920 және 1930 жылдың басында Ресейде әртүрлі жағдайдағы кәсіби қызметтің психологиялық білімдерді қолдану мен тапсырмаларды шешудің қызығушылығы өсімі белгіленіп отырды. РКФСР-дің Еңбек Халық Комитеті жүйесінде кәсіби кеңес бюросы ұйымдастырылды, кәсіби іріктеу мен кәсіби кеңес бойынша ведомстволаралық координациялық кеңес, арнайы лабораториялар мен кабинеттер құрылды. Олардың міндетіне кәсіби-бағыт шараларының дайындалуы мен іске асырылуы, еңбек қызметінің әртүрлі түрлерінің психологиялық талдауы, адамдардың жеке-дара ерекшеліктері мен кәсіби жарамдылығын бағалау, мамандық таңдау бойынша нақты ұсыныстар қабылдау кірді.

Осы кезеңдегі психологияның қарқынды дамуына едәуір дәрежеде әскери-саяси және экономикалық факторлар әсер етті. Жас Кеңес Республикасына соғысқа жарамды әскер қажет еді. Сол кездегі психологтардың алдында тұрған маңызды мәселелер қатарында әскери білім, шеберлік, дағдыны қалыптастыру спецификасын айқындау, іріктеу әдістемесін жасау және оқуға талапкерлердің кәсіби жарамдылығын бағалау, әскери мамандардың дайындық үрдісін оңтайландыру тұрды. Аумақтар мен ұшақтардың әскери мектептерінде және кейбір басқа да оқу орындарында психофизиологиялық лабораториялар құрылады, олар өз зерттеулерін алдымен кіші Ревәскери республика кеңестің жанындағы психофизиологтар секциясының жетекшілігімен, кейін қызыл әскердегі психофизиологиялық ұйымдастыру бойынша Орталық комиссиямен іске асырды.

Ресейдегі әскери психофизиологиялық ойлардың дамуына 1920 ж.ж. М.В.Фрунзе үлкен үлес қосты. Фрунзе Қарулы күштердегі әскери психологтардың маңызды мәселелерінің бірі – жеке құрамды іріктеу мен үлестіру мақсатындағы психологиялық зерттеулерінің ұйымы деп ойлаған. КСРО-ның Бірінші Бүкіл кеңестік әскери-ғылыми қоғамы жиналысында 1925 жылдың 22 мамырында баяндама қорғады.

1924-1925 ж.ж. Қарулы күштерге басшылық ете отырып М.В.Фрунзе нұсқау беріп, әскери қызметтің шынайы зерттеулерінің басталуына алып келген орталық, аймақтық және мектептік психофизиологиялық лабораториялардың кең ауқымды желісін құруға көмектесті. Әскери психологтар әртүрлі мамандықтағы

жауынгерлердің (авиаторлар, жүргізушілер, жаяу әскер, танкистер) жұмыстарының психофизиологиялық сипаттамаларын зерттеумен айналысатын. Олар кәсіби іріктеудің әдістерін жасап, дамытты, кейбір әскери мамандықтардың артиллерист, зеңбірекші, және т.б. профессиограммаларын жасады, яғни нақты әскери мамандықтар үшін қажетті психологиялық қасиеттер тізімін жасады. Олардың көмегімен жұмысқа жарамдылықты көтеру мен әртүрлі әскери қызметтегі шаршап-шалдығуды азайту үшін психологиялық және физиологиялық әдістері жасалды.

Әскери қызметшілер мен әскери әріптестердің қызметтерінің психологиялық мәселелерін зерттеуге елдің ең алдыңғы қатарлы мамандары тартылды. Осылай, кейіннен көрнекті кеңестік психолог болған Б.М.Теплов он жылдан астам уақыт әскери мәселелерді психологиялық зерттеумен айналысты. Оның зерттеулерінің нәтижелері Ұлы Отан соғысы кезінде іс жүзінде қолданыс тапты. Сол кездегі көптеген психологиялық ізденістер оларға қандай да бір теориялық және практикалық құндылықтармен толықтыратын тікелей далалық алаңдарда жүргізілген. Ғылыми-зерттеу лабораториялары қызметінің тәжірибелері көптеген кітаптар топтамасына топтастырылды, және де әскери-медициналық академияның 10 шығарылымында «РККА-дағы еңбек психофизиологиясы бойынша материалдар» (1933) деген ортақ атқа ие болды.

Бірақ, 1937 жылы педологияның, яғни ОК БКП(б)-ның арнайы «Халық Комитеті жүйесінің қалыптан тыс педологиялық әрекеттері жайындағы қаулысына сәйкес, балаларды өсіру мен тәрбиелеу туралы ғылымның күйреуі арқасында психофизиологиялық және психологиялық лабораторияларды жою кезінде әскери психологияның белсенді зерттеу және практикалық жұмыстары тоқтатылды. Бұл, әрине, Ресейдегі әскери психологияның дамуы тоқтатылғандығына дәлел емес, алайда оның дамуы ерекше тежелді.

Ұлы Отан Соғысы кезінде әскери-психологиялық білімдердің таралуы мен іс жүзінде қолданылуына жеткілікті түрде көптеген шаралар жасалды. Әсіресе майдан қажеттіліктеріне әскери психология мәселелерін жасауға үлкен үлесті азамат психологтар қосты. Олар белсенді түрде әскери әріптестердің әскери-психологиялық зерттеулеріне қатысты, қызметтің ерекшеліктері мен топтық құрамның қасиеттеріне, ұрыс психологиясы, соғыс қызметінің арнайы дайындықтары және т.с.с. мән берді. Психологтар қызметінің ерекше бағыты: медициналық-психологиялық ақталу және соғысқа қабілеттілік пен жаралы әскери қызметшілердің еңбекке жарамдылығы

мәселелері. Осы мәселелердің шешілуіне кеңестік психологтар Б.Г.Ананьев, С.Г.Геллерштейн, А.В.Запорожец, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, Д.Н.Узнадзе және т.б. септігін тигізді.

Соғыс жылдары әскери істе кең ауқымды тәжірибелік қолданыс тапқан кейбір жекелеген мәселелер бойынша психологиялық зерттеулер жүргізілді. Осылайша, К.Х.Кекчев көру және есту сезімталдығын жоғарылату жолдарын, көздің жылдамдығын жоғарылату әдістерін, барлау мен бүркенудің психофизиологиялық негіздерін жасады. Ал Б.М.Теплов болса «Қолбасшы құлығы» атты әскери-психологиялық зерттеуді жарыққа басып шығарды. С.Л.Рубинштейн жауынгерлердің мінез-құлықтарының себептерін түсіндірумен айналысты.

Соғыстан кейінгі жылдардағы әскердегі психологияның маңызы арта түсті. Бұған әскери тәжірибені қайта қарау және соның негізінде бейбітшілік уақытында бөлімдер мен бөлімшелердің жүйесін өзгерту себепті болды. Осыған байланысты әскери-оқу орындарында 1946-1947 ж.ж. әскери-психологиялық зерттеулерді бірден іске қосқан әскери психология мен педагогика курсы енгізілді.

Әскери-педагогикалық институттарда әскери-психология және педагогика кафедрасының оқытушылары мен адыюктары оқытумен қатар, ірі азаматтық психологтар Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және олардың әріптестерінің белсенді қатысуымен үлкен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Олар әскери психологтарға дәріс оқуда, курстар жасауда, ғылыми кадрлар мен оқу-материалдық база құруға көмектесті. М.И.Калинин атындағы жоғарғы әскери-педагогикалық институттың педагогика және психология кафедрасында және Кеңес әскерінің әскери-педагогикалық институтының жалпы және әскери психологиясы кафедрасында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атысуды оқытудағы дайындық жаттығулары психологиясы, оқу тапсырмаларын шешудегі ойлау үрдістері, топографиялық картаны оқудағы психологиялық талдау үрдісі, ерікті әрекет етудің қалыптасу психологиясы, суворовтықтардың әскери идеалдары, кеңестік жауынгерлердің ерлігінің психологиялық талдауы және т.б. тақырыптардағы жұмыстар жасалды.

1948 жылдан бастап медицина ғылымдарының докторы, профессор К.К.Плотоновтың жетекшілігімен нәтижелері «Жаздық еңбек психологиясы» монографиясында келтірілген экспериментальды зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер тек қана жаздық құрамның оқуына көмек көрсетіп қана қоймай, әскери қызметшілердің кәсіби қызметінің психологиялық қамтылуының жаңа мәселелерін тез әрі жемісті шешуге көмектесті.

1960 ж.ж. әскери психология аумағында жоғары ғылыми білікті кадрларды дайындау кеңейтіліп, оқу құралдары, монографиялар және т.б. жұмыстар басып шығарылды. Егер 1960 ж.ж. бірінші жартысында әскери психологияның тапсырыс берушісі негізінен әскери педагогика болса, ал екінші жартысында әскери-психологиялық білімдердің, соның ішінде әскери-инженерлік психологияның да жаңа бөлімдері пайда болды. 1930 ж.ж. жетілдірілуі тоқтап қалған әскери-әлеуметтік психологиядағы және жауынгер-мамандарды психологиялық іріктеудегі сала және бағыттардағы зерттеулер қайта жаңартыла бастады.

Әскери қызметшілердің кәсіби қызметін психологиялық қамту мәселелеріне XX ғасырдың 80-90 ж.ж. үлкен көңіл бөлінді. Бұл әскери қызметшілердің кәсіби психологиялық іріктеу шаралары бөлімшелер мен бөлімдерін жинақтауды іс жүзінде кеңінен қолданумен байланысты болды. Жоғарғы әскери-оқу орындарында және оқу орталықтарының штатына кәсіби психологиялық іріктеудің штаттық бөлімдері енгізілді.

Өте қысқа уақытта кәсіби психологиялық іріктеудің іс-шаралары өте кең таралды. Бұл жағдай ең алдымен олардың экономикалық орындылығымен түсіндіріледі. Бір маман дайындау – өте қымбат процедура және жеткілікті көлемде қаражат жұмсауды талап ететіні белгілі. Бірақ, егер дайындау кезінде өзінің жеке басының және даралық психологиялық сипаттамаларына байланысты әскери қызметші өзінің болашақ мамандығына жарамаса, онда оның дайындығына кеткен шығынның барлығы бекер. Сонымен, көптеген зерттеулер үрдісінде әскери қызметшінің жеке-дара психологиялық және жеке басының сипаттамалары оның болашақ мамандығына сәйкес келуі оқу ісіне үлкен ықпалын тигізетіні анықталды. Осы сәйкестіктің дәрежесі жоғарылаған сайын оқу тиімділігі артады. Сол уақытта болашақ мамандығына өзінің жеке-дара психологиялық ерекшеліктеріне байланысты сәйкес келмесе, оқу үрдісі кезінде қиындықтарға тап болып қана қоймай, көп жағдайларда оқу бағдарламасын игеріп кете алмайды. Сондықтан әскери қызметшінің мамандық талаптарына сәйкес келмеуіне бағытталған кәсіби іріктеу шаралары экономикалық тұрғыдан тиімді болып табылады.

XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында Ресей Солтүстік Кавказ аумағында жергілікті әскери қақтығысқа жолығып қалды. Соғыс жағдайындағы іс-әрекеттің жоғарылауы бойынша практикалық мәселелер қажеттігі мен жарақаттан кейінгі бұзылулар профилактикасы әскери психологияның әскери қызметшілердің кәсіби қызметінің медициналық-психологиялық қамтылуы сияқты бағытының белсенді дамуына жағдай жасады. Өте қысқа уақытта, небәрі 2-3 жылда әскери жергілікті қақтығыс шектерінде соғыс әрекеттерін жүргізген әскери қызметшілерге медициналық-

психологиялық көмек көрсетудің тиімді жүйесі құрылып, іс жүзінде сыналды.

Бұл жүйенің құрылуына әскери-медициналық академияның қызметшілері үлкен үлес қосты. Бұл №178 Ғылыми практикалық орталықтың генералдық штабының қызметшілерімен бір реттік қарулы күштердегі кәсіби психологиялық іріктеу бойынша іс шаралар жүргізу ұйымдық негіздердің жасалуы аяқталған еді.

Қазіргі уақытта отандық әскери психология қарулы күштердің соғысқа қабілеттілігін жоғарылатуға едәуір үлес қоса отырып, жауынгерлік практиканың әсерінен болатын мәселелерді шешіп келуде. Әскери психологтардың және әскер дәрігер-психофизиологтарының мақсатты зерттеулері үрдісінде тек әскери психология мен әскери медицинаға ғана емес, қазіргі ғылым мен тәжірибенің басқа да салаларына қатысты маңызды деректер анықталды.

Осы заманға сай ғылым саласы ретіндегі әскери психология. Оның құрылымы мен атқаратын қызметтері

Әскери психология – қазіргі психология ғылымының жеке-дара қолданбалы саласы. Оның басқа да психология ғылымының саласы ретінде өзіндік зерттеу пәні мен нысаны, өз мақсаты мен құрылымы бар.

Психология ғылымының осы саласының осынша ұзақ уақыт өмір сүруіне қарамастан, әскери психологияның жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Сондықтан әскери психология жайында әңгімелей келе, біз мына анықтамаға арқа сүйейміз: **Әскери психология – адам психикасын анықтайтын заңдылықтары мен әскери қызмет спецификасына байланысты кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды орындау кезіндегі әскери қызметшілердің психологиясын зерттейтін психология саласы.**

Сонымен, әскери психологияның нысаны шақырылу немесе келісім-шарт бойынша әскери борышын өтеп жүрген адамдар, сондай-ақ, соғыс кезінде әскери борышын өтеуге тартылуы мүмкін азаматтар болып табылады. Одан басқа, әскери психологияның нысанына әскери әріптестер жатады.

Осыған сәйкес, әскери психологияның пәні ретінде әскери-кәсіптік қызметтің әртүрлі жағдайларындағы әскери қызметшінің психикасының анықталу ерекшеліктері және психологиялық үрдістер, яғни әскери әдістерге тән қалыптар мен қасиеттер қолданған.

Қазіргі Қарулы Күштер – өте күрделі және жоспарлы құрылым. Бұл құрылымның қалыпты жұмыс істеуі бөлімшелер мен бөлімдердің соғысқа жоғары дайындығына бағытталған оның барлық құрылымдық элементтерінің тек үйлесімді әрекеттерінің арқасында ғана мүмкін. Мемлекеттік билік өкілдерінің және елдің әскери жетекшілігі қызметтерінің негізгі бағыттарының ішіндегі қарулы күштердің жоғары соғысқа дайындығын ұстап тұруға маңыздылары ретінде екі бағытты атап өтуге болады. Олар: техникалық жабдықтардың шыңдала түсуі және соғыстық жағдайдағы жеке құрам бөлімшелер мен бөлімдердің функционалды міндеттерін орындаудағы кәсіби және психологиялық дайындығы.

Әскери психология тікелей екінші бағытпен байланысты. Оның негізгі зерттеу бағыттары мен мақсаттары мыналар:

- Әскери қызметшілердің жеке бас ерекшеліктерін және жеке-дара психологиялық ерекшеліктері негізінде қарулы күштердің бөлімдері мен бөлімшелерін жинақтау әдістерін жасау.

- Әскери қызметшілердің әскери-кәсіптік дайындықты іске асыру мен ұйымдастыру кезінде жеке басының және жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып кәсіби дайындық үрдісі тиімділігін арттыру жолдарын анықтау.

- Ұрыстық жағдайдағы әскери қызметшілердің кәсіби қызметінің психологиялық қамту әдіснамасын жасау.

- Жауынгерлік ұжымның топтастырылуының психологиялық әдістерін жасау және бөлімдер мен бөлімшелер қызметінің тиімділігін жоғарылату мақсатымен әскери тәртіпті нығайту.

- Әскери кезекшілік, қарауылдық және гарнизондық қызмет және т.б. психологиялық дамыту әдістерін жасау.

Аталған мәселелер маңызына қарай интегралды болып табылады, яғни оған басқа да тәжірибелік мәселелердің жалпыланған қатары жатады. Осылайша, мысалы, қарулы күштердің бөлімдері мен бөлімшелерін жинақтау сапасын және тиімділігін жоғарылату әдістерін әскери қызметшілердің жеке-дара психологиялық және жеке бас ерекшеліктерін ескеріп іс жүзінде жасау төмендегідей мақсаттарда қолданылады:

- Әскери мамандардың психограмма және профессиограммаларын жасау.

- Әскери қызметшілердің кәсіби маңызды қасиеттерінің психодиагностикалық әдістерін жасау.

- Әскери қызметшілердің әскери мамандық талаптарына қажетті кәсіби маңызды қасиеттерінің сәйкестік критерийлерін жасау.

- Әскери қызметшілердің кәсіби психологиялық іріктеуі бойынша іс-шаралардың ұйымдастыру негіздерін жасау.

- Кәсіби бағытты жұмыстың іс-шараларын психологиялық қамту.

Әскери психологияның әскери қызметшілердің жеке басының және жеке-дара психикалық ерекшеліктерін ескеру негізінде кәсіби дайындықтың тиімділігін жоғарылатып, зерттеудің мұндай бағыты төмендегідей міндеттерді шешуді мүмкін етеді:

- Оқу-тәрбиелеу ісінің психологиялық жетілуінің ұйымдастырушылық және әдіснамалық негіздерін жасау.

- Әскери қызметшілердің жағдайының психодиагностикасын әскери кәсіпке бейімделудің қиындықтарына төзе алмайтын тұлғаларды анықтау мақсатымен жүргізу әдісін жасау.

- Әскери қызметшіге жеке басының және жеке-дара психикалық ерекшеліктерін ескеріп, оқу үрдісінің және әдістерінің педагогикалық психологиялық негіздерін жасау.

Әскери қызметшілердің кәсіби қызметінің психологиялық қамтылу әдіснамасын майдандық жағдайда жасау – әскери психологияның тағы бір күрделі және көлемді зерттеу бағыттарының бірі. Ол төмендегідей мәселелердің шешімін болжайды:

- ұрыстық жағдайдың, соның ішінде шынайы қауіп-қатердің әскери қызметшілердің психикалық жағдайына әсерін зерттеу.

- әскери қызметшілердің осындай қызметке психологиялық дайындығының дәрежесін бағалау негізінде бөлімшелердің ұрыстық жағдайдағы жинақталуының ғылыми-әдістемелік негіздерін жасау.

- ұрыстық жағдайдағы әскери қызметшілердің функционалды жағдайын түзету тиімділігінің әдістерін жасау.

- әскери қызметшілердің стрестік жарақаттан кейінгі синдромының профилактикасы және кәсіби еңбекке жарамдылығын қалыпқа келтіру мақсатында олардың кәсіби міндетінің экстрималды жағдайларында орындалғаннан кейінгі психологиялық реабилитациясы мен тиімді жолдарын іздестіру.

- әскери қызметшілердің ұрыстық жағдайдағы қызметке психикалық дайындықты қалыптастыруға бағытталған психологиялық әдістемелердің, соның ішінде олардың ерікті-эмоционалды және стресстік табандылығының дамытуының негізделуі, сондай-ақ, психикалық қалыптың өзіндік реттелу әдістерін жасау мен сынау.

Әскери психологияның тағы бір зерттеу бағыты әскери жасақтардың нығайтылуының психологиялық әдістерін жасау және бөлімдер мен бөлімшелердің қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында әскери

тәртіпті нығайтумен байланысты. Бұл бағыт төмендегідей тәжірибелік мәселелердің шешілуін болжайды:

- Әскери жасақтардың дамуы, құрылу заңдылықтары мен психологиялық механизмдерін зерттеу, сондай-ақ, әскери өріптестер арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру;

- Әскери тәртіпті нығайтудың және құқық бұзушылықтың профилактикасының психологиялық әдістерін жасау және жолдарын іздеу;

- Әскери жасақты оның психологиялық ерекшеліктері мен даму заңдылықтары негізінде басқару әдістерін жасау.

Жоғарыда аталған мәселелер мен бағыттар ішінде тек негізгілері ғана аталған. Жеке әскери қызметші қызметіне, сондай-ақ, бау жауынгерлік жасақтың қызметіне айналаның өзгеруі, жаңадан түрлі әсер етуші факторлардың пайда болуы әскери психологияның шешуге міндетті болатын алдына қойылған жаңа мәселерінің пайда болуын анықтайды.

Сонымен қазіргі әскери психология – алдында тұрған мәселелерді шешуге әскери психологтар психологияның басқа да салаларының ілімдерін, соның ішінде әлеуметтік психология, еңбек психологиясын және инженерлік психологияны, медициналық психологияны, педагогикалық психологияны және т.б. қолданып шешетін психология ғылымының жеке-дара ғана емес, сондай-ақ синтетикалық саласы. Сондықтан әскери психологияны жеке-дара пән ретінде оның құрылымын көзімізге елестету өте қиын. Ең дұрысы – оның құрылымы барлық психология ғылымының дамуымен деп болжау.

Әскери психологияның зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеулер әдістері – ғылыми теориялар мен тәжірибелік кепілдемелерді шығаруға қажетті мәліметтерді алуға көмектесетін құралдар мен тәсілдер. Кез келген ғылымның дамуы оның қолданатын әдістерінің сенімділігіне және жетілдірілгендігіне байланысты. Бұның барлығы әскери психологияға да тән.

Психологияның зерттейтін құбылыстары қаншалықты күрделі және көп түрлі болса, соншалықты ғылыми танымға да қиын болғандықтан, психология ғылымының даму барысында тікелей қолданылатын әдістерінің жетілдірілгендігінің дәрежесіне байланысты болады. Алайда, психология – салыстырмалы түрде жас ғылым, оның жеке-дара пән ретінде ерекшеленуі тек XIX ғ. ортасында ғана пайда болды. Сондықтан да психология көбінесе басқа өзінен көп

«көрі» ғылымдардың (философия, физика, физиология, медицина, биология, тарих) әдістеріне арқа сүйейді. Және де, психологияда қазіргі заманғы информатика, кибернетика және т.б. ғылымдардың әдістері қолданылады.

Сондай-ақ, әрбір жеке-дара ғылым тек өзіне ғана тән әдістеріне ие екенін айта кеткен жөн. Ондай әдістер психологияда да бар. Олар екі топқа бөлінеді: объективті және субъективті әдістер (2.1.-сур).

Субъективті әдістер өз-өзіне баға мен сынақтық баға беруге негізделеді, сондай-ақ, қандай да бір бақыланатын құбылыстың немесе табылған ақпаратқа берген зерттеушілердің ойларына негізделген.

Бақылау әдісі психологияда ең ескілердің бірі және қарапайымы. Ол бақылаушы жағынан ешқандай әдейілеп араласуынсыз қарапайым күнделікті өмір жағдайларында жүргізілетін адамдардың қызметіне жоспарлы бақылауына негізделеді. Психологияда бақылау бақыланып отырған құбылыстардағы толық және нақты сипаттаманы береді, сондай-ақ, бақылау тек адамның қызметінің сырттай ғана емес, олардың сыртқы факторларын былай қойып, ашуға қажетті психологиялық мазмұнының психологиялық талдауын жасайды.


Бәріміз басқа адамдардың іс-әрекетін бақылаймыз. Бірақ ғылыми бақылау мен күнделікті өмірде қолданылатын бақылауда едәуір айырмашылықтар бар. Ғылыми бақылау жүйелілігімен сипатталады және объективті бейнені алу мақсатымен белгілі бір жоспар негізінде жүргізіледі. Сондықтан психологиялық интерпретацияның объективтілігіне ықпал ететін қасиеттер арнайы дайындық нәтижесінде ғана алынуына ғылыми бақылау арнайы дайындық пен білімді қажет етеді.

Бақылау – әрбір офицер игеруі тиіс әдіс. Бұл әдісті игеріп кету үшін, ең алдымен, адам психикасы жайлы жалпы көрініс болуы және оның әскери кәсіптік тапсырмаларды орындау үрдісінде білінуінің заңдылықтарын білу керек. Екіншіден, қоластындағыларды ұдайы бақылауда ұстау қажет және олардың іс-әрекеттерін дұрыс интерпретациялау керек. Үшіншіден, әскери қызметшілерді бақылау негізінде тұрғызылған өзіндік нақыл түйіндерінің объективтілігін тексеруден, оларды әріптестер немесе басқа да қызметшілердің талқысына салудан қорықпау керек.

Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері

Бақылау әдісі әртүрлі қолданыс нұсқаларына ие бола алатынын ұмытпаған жөн. Мысалы, жеткілікті кең көлемде **қосылған бақылау** әдісі қолданылады. Бұл әдіс бақылаушы (офицер немесе психолог)

оқиғаларға өзі қатысушы болған жағдайларда қолданылады. Бірақ, болып жатқан оқиғаларда оның болып жатқандарды қабылдауы мен түсінуі, соның ішінде басқа адамдардың әрекетін сезінуі, бүлінуі мүмкіндігін ескерген жөн. Сондықтан қандай да бір оқиғаларды бағалауда сырттан бақылағандардың ойын ескерген орнықты болмақ. Қосылған бақылау өз мазмұны бойынша басқа бір әдіс – өзіндік бақылауға өте жақын.



2.1.-сурет

Өзіндік бақылау, яғни өзінің бастан кешкенін ғана бақылау психологияда ғана қолданылатын спецификалық әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдістің артықшылықтары болғанмен, оның бірқатар кемшіліктері де бар. Біріншіден, өз өміріңді бақылау бақылау әсерінен олар тоқтап қалуы немесе өзгеруі мүмкін болғандықтан өте қиын. Екіншіден, өзіндік бақылауда болып жатқан іс субъективті бейнеде болатындықтан, субъективизмнен құтылу қиынға түседі. Үшіншіден, өміріміздің кейбір бейнелерін білдіру қиынға түседі.

Әйтсе де, өзіндік бақылау, әсіресе өзіндік талдау жағдайында, яғни өз жағдайында немесе бейтаныс құбылыстармен, басқа адамдардың әрекеттерімен бетпе-бет келгенде, ол болып жатқан істің психологиялық мазмұнын түсінуге тырысады. Оған қарамастан көпшілік жағдайда ол өз тәжірибесіне, сонымен қоса өз басынан өткергендеріне сүйенеді. Сондықтан жеке әскери қызметшілермен қалай болса, дәл солай жауынгерлік жасақтармен де жұмыс істеуде өзіндік талдау сияқты өз жағдайын және өмірін орынды бағалауды үйрену сияқты әдісті офицердің үйренуі міндетті.

Әскери психологияда қолданылатын тағы бір әдіс – сұрау. **Сұрау** керекті ақпаратты қаралушылардың өзінен алуға негізделген әдіс болып табылады. Сұрау жүргізудің бірнеше нұсқасы бар. Олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сұраудың негізгі үш түрі бар: ауызша, жазбаша және еркін.

Ауызша сұрау ережеге сай бақыланушының әрекеттері мен реакциясына бақылау жүргізу қажет болғанда қолданылады. Сұраудың бұл түрі зерттеушінің қоятын сұрақтары зерттеу үрдісінде бақыланушының мінез-құлық және қабылдау ерекшеліктерінен түзетіліп отыруы мүмкін болғандықтан, жазбашаға қарағанда тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Жазбаша сұрау аз уақытта көптеген адамдардан жауап алуға мүмкіндік береді. Бұл сұраудың кең тараған түрі – анкета.

Ерікті сұрау – жазбаша немесе ауызша сұраудың қоятын сұрақтары алдын ала анықталмайтын түрі. Осындай типті сұрау бақылану жайында әртүрлі ақпарат алуға септігін тигізетін зерттеудің мазмұны мен әдісін өзгертуге оңтайлы.

Жоғарыда айтылған әдістерден басқа да психикалық құбылыстарды зерттеу әдістері бар. Мысалы, әңгімелесу, ол сұраудың нұсқаларының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бөлімше командирі әскери қызметшілердің мінездеме құжаттарымен таныса отырып, орынды ақпараттың үлкен көлемін алады. Алайда, психикалық құбылыстарды ең тиімді зерттеу әртүрлі әдістердің кешендік қолданылуы арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі әскери психологияда кеңінен танылған және таралған әдіс – **тестілеу**. Бұл әдістің танымалдылығы психологиялық құбылыстың жеткілікті нақты және салалы сипаттамасына қол жетімділігіне, сондай-ақ, ол практикалық мәселелерді шешуге қажетті зерттеу нәтижелерін салыстыру мүмкіндігіне негізделген. Тест басқа әдістерге қарағанда оған жинақтаудың айқын процедурасы және берілгендерді өңдеу мен алынған нәтижелердің интерпретациясының айқын процедурасы тән.

Тесттердің бірнеше нұсқасын атап өтсек, тест-сұрақ, тест-тапсырма, жобалық тест деп келеді.

Сұрақ-тест белгілі бір психологиялық дұрыс өрі сенімді ақпарат сипаттамасының дамуы жайында ақпарат алуға көмектесетін сынақтық сұрақтардың жауаптарының талдануына негізделген. Бұл сипаттаманың дамуы жайындағы пікір мағынасы бойынша соған байланысты ойларға сәйкес келетін жауаптар санына негізделеді.

Тапсырма-тест белгілі бір тапсырмалардың адамның жақсы орындауының нәтижесін талдау негізінде адамның психологиялық сипаттамалары жайында ақпаратты алуды көздейді. Осы типті тесттерде сыналушыға белгілі бір тапсырмалар саны жеке-дараның қандайда бір қасиетінің бар екенін және оның қаншалықты дамытылғандығын анықтауға негіз болады. Көптеген саналық дамудың дәрежесін анықтауға арналған тесттер дәл осы категорияға жатады.

Әскери іс шеңберінде жоғарыда айтылғандай психологиялық тесттер бұқаралық үлестірілуге I Дүниежүзілік соғысқа дайындық кезінде ие болды. Әскери қызметке оларды белсенді түрде американдық психологтар енгізіп отырды. Осы кезеңдегі тесттердің психологиялық әдіс ретіндегі іске асырылуы белсенді түрде Ресейде де жүргізіліп жатты. Бұл бағыттың ресейлік психологиядағы дамуы сол кездегі А.Ф.Лазурский (1874-1917), Г.И.Россолимо (1860-1928), В.М.Бехтеров (1857-1927), П.Ф.Лесгафет (1837-1909) және т.б. есімдерімен байланысты.

Ресейдегі тесттік әдістердің жасалуына үлкен үлесті дәрігер-невролог, психолог Георгий Иванович Россолимо қосқан. Ол жеке-даралардың психикалық қасиеттерінің диагностикасына олардың жеке басы жайында көріністі беретін сандық баға әдістемесін жасады. Одан басқа Г.И.Россолимо графикалық берілгендерді арифметикалыққа аудару формуласын ұсынды.

Бүгінде тестілеу – психологиялық зерттеудің кең тараған әдісі. Сыналушылардың өзіне-өзі есеп беруіне негізделген тесттер де бар, мысалы, тест-сұрақ. Сыналушы тесттің берілгендерін орындауы барысында тест нәтижесін, әсіресе егер ол оның жауаптарын қалай интерпретациялайтынын білсе, біліп немесе білмей өзгертуі мүмкін. Алайда өте орнықты тесттер де бар. Тесттердің бұл категориясы сыналушылардың өз-өзіне есеп беруін қолданбайды, ол олардың орындайтын тапсырмаларының ерікті интерпретациясына негізделеді.

Сонымен, осы тарауда келтірілген дерекке сүйене отырып, психология жеке-дара ғылым деуімізге толық негіз бар. Оның зерттеу пәні психика мен психикалық құбылыстар болып табылады.

Бүгінде әскери психологияның ғылыми зерттеулеріне әскери қызметшілердің жеке басының және жеке-дара психологиялық ерекшеліктері жайлы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік беретін өртүрлі әдістер қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әскери психологияның қалыптасуы мен даму тарихы.
2. Ресейдегі әскери психологиялық ойдың дамуы туралы не айтасыз?
3. Бірінші Дүниежүзілік соғыстағы психологияның қолданылу бағыттары.
4. Ұлы Отан соғысы кезінде әскери-психологиялық білімдердің таралуы.
5. Соғыстан кейінгі психологияның даму бағыттары.
6. Әскери психология дегеніміз не?
7. Әскери психология нысаны дегеніміз не?
8. Әскери психологияның атқаратын қызметтері қандай?
9. Әскери психологияның зерттеу әдістері туралы жалпы түсінік.
10. Бақылау немесе сұрау әдістері туралы не білесіз?
11. Тестілеу әдісі туралы не білесіз?

3-тарау. АДАМНЫҢ ПСИХИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

- **Әскери қызметші – ғылыми психологиялық танымның нысаны ретінде.** Адамды зерттеуге негізгі ұсынысты Б.Г.Ананьев жасады: индивид жеке адам, қызмет субъекті, жеке тұлға, даралық.

- **Психика және оның эволюциясы туралы түсінік.** Психиканың анықтамасы және оның негізгі қасиеті. Тірі ағзаның сезімталдығы және тітіркенушілігі. Мінез туралы «Мен» - тұжырымдама және сананың анықтамасы. Адамның психикасының негізгі функциясы (қызметі).

- **Адам психикасының физиологиялық негізі.** Орталық жүйке жүйесінің, нейронның және бас миының қыртыстарының құрылымдық элементтері жөніндегі жалпы түсінік. Бас миының қыртыстарының функционалдық асимметриясы.

- **Психикалық құбылыстардың құрылымы туралы жалпы түсінік.** Психикалық құбылыстардың құрылымы мен олардың мінездемелері. Психикалық үрдістер (ағымдар), психикалық жағдайлар (қалып, күй), психикалық қасиет. Ұжымдарда байқалған психикалық құбылыстар туралы жалпы түсінік.

Әскери қызметші – ғылыми психологиялық танымның нысаны

Кез келген заманауи ғылымның өзінің нысаны және зерттеу пәні болады. Психология үшін адам – нысан, ал оның пәні – психика. Бір қарағанда, адам біздің бала кезден білетінімізге ұқсап тұрады. Онда ешқандай құпия жоқ сияқтанады, өйткені біз өзіміз адамдармыз. Бірақ ойланып көріңіз. Басқа адамның мінезін әрқашан түсіндіріп бере аласыз ба? Әрқашан өзіңіздің немесе басқа адамның көңіл-күйін түсіндіре аласыз ба? Біреудің ерекше немесе айрықша қабілеті бар, ал басқа біреудің мектеп бағдарламасын қамти алмайтынын қалай түсіндіруге болады? Неге біреулер орта өлеуметтік жағдайымен жоғары өлеуметтік жағдайға жете алады да, неге басқа біреулер талантты, дарынды бола тұра, өз мүмкіндігін іске асыра алмайды?

Осы және басқа да сұрақтар адамдарды ежелден қызықтырған. Адамгершіліктің дамуынан адамға деген пәндік таным ретінде өшпей, керісінше, арта түсті.


Әлем танымының әдістері көп. Негізінен **теософтық, тиімді, тиімділік** бағыттағысы танымал. Әлемдік тиімді таным – әлемдік танымның парадигмасына негізделген, ол бізді қоршаған шындық реалды, бар және оны зерттеу мүмкін, ал байқаған көріністер ғылыми позициядан түсіндірілуі мүмкін. Түрлі уақытта, ғылымның түрлі бағытында ғылымдар бірнеше рет адамның біртұтас біркелкілігі туралы деріптегісі келді, қарастырып та көрді.

Әрине, мұндай елес психологияда да бар. Осы елестің ішінен адамды әдіснамалық білуіне және оны реалды шындықтың феномены ретінде қарау қалыптасуда.

Көбірек танымалы адам психологиясын зерттеуде атақты ленинградтық оқымысты Борис Герасимұлы Ананьевтің көзқарасы. Өз еңбегінде Ананьев: «Адам қандай да бір байланыс жүйесінде ғылымда бейне бір биологиялық эволюцияның өнімі ретінде зерттелуде – Homo sapiens түрі, яғни тарихи ағымның субъекті және нысаны ретінде, яғни өзіне тиесілі генетикалық даму бағдарламасы бар табиғи жеке тұлға, әрі арнайы белгілі бір өзгергіштік диапазоны бар», – деп жазды. Осылайша адамтану жүйесінде Ананьев үш негізгі түсінікті: **даралық, қызметтің субъекті, тұлға** деп бөлді. Сонымен қатар арнайы адамдық білімі әлеуметтік даму ағымында пайда болады. Бұл түсініктер нені білдіреді? **Жеке адам** деген ұғым бірнеше түсінік береді. Алдымен, жеке адам – адам, бірден-бір табиғи нәрсе, Homo sapiens түрінің өкілі, онтогенетикалық және филогенетикалық дамудың өнімі. Аталмыш жағдайда бұл анықтама адамның биологиялық асылы, мәні екенін атап айтады. Адам биологиялық нысан ретінде, табиғи құбылыс ретінде қаралады. Бірақ кейде бұл түсінік бөлек бұл қауымның өкілі ретінде, еңбек құралын қолданатын әлеуметтік асылы, мәні ретінде түсіндіріледі. Бірақ бұл кезде де адамның биологиялық асылы мәні терістелмейді. Сонымен «индивид» түсінігі адамды биологиялық (табиғи) нысан ретінде Homo sapiens түрінің жеке бөлек өкілі ретінде сипаттайды.

Жеке адам ретінде адамның қандай да бір қасиеті болады. Б.Г.Ананьев жеке адамның бірінші және екінші қасиетін бөлді. Бірінші қасиетіне ол барлық адамдарға тән ерекшелікті жатқызды: жас қасиеті (арнайы бір жасқа сәйкес) және жыныстық диморфизм (арнайы бір жынысқа жататындығы), сонымен қатар жеке типтік сипаттамалар. мінездемелер әрі конституционалдық ерекшеліктер (дене бітімінің ерекшелігі), мидың нейродинамикалық қасиеті. үлкен жарты шардың геометриялық, функционалдық ерекшелігі. Бірінші қасиеттердің бірігуі психофизиологиялық динамиканың қызметін анықтайды әрі

оның құрылымын, органикалық қажеттілігін де анықтайды, басқаша айтқанда, жеке адамның екінші қасиеті болып табылатындарды анықтайды. Барлық осы қасиеттердің интеграциясы бір жағынан адамның темпераменті ретінде көрініп, екінші жағынан оның белгілерінен білінеді.



3.1-сурет

Адамды шынайы әлемнің нысаны ретінде көрсететін түсінік – **жеке тұлға**. Бұл түсінік «жеке адам» сияқты түрде айтылады. Дәлірек айтқанда, тұлға деп әлеуметтік қатынастардың субъектісі мен сана сезімнің қызметі ретінде түсінеді. Кейбір авторлар тұлға деп индивидтің жүйелі қасиетін айтады, ол біріккен қызмет пен қарым-қатынастардан құралады. Қалай болғанда да, адам әлеуметтің асылы, мәні; адамдық қоғамның мүшесі. Демек, «жеке тұлға» түсінігі адамды қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтің асылы, мәні ретінде сипаттайды.


Алдымен адамды жеке тұлға ретінде сипаттамас бұрын, «жеке адам» мен «жеке тұлғаның» айырмашылығының неде екенін

анықтау қажет. Бұл адамның жануарлар әлемінің өкілі бола тұра, олардың заңымен емес, адами қоғамның заңымен өмір сүретіне байланысты болып тұр. Жануардан адамның айырмасы, адам ойлауға және еңбек етуге қабілетті, ол оның қоғамдағы қарым-қатынасы биологиялық тиімді мүдделікте емес, адамгершілікте, моральда болып тұр. Сондықтан «жеке тұлға» түсінігі ешқашан да жануарларға қатысты айтылмайды, ол тек қана адамдықты білдіретін белгі. Сонымен қатар, адам әлеуметтің асылы, мәні ретінде тек қана адам қоғамында қалыптасады. 3-4 жасқа дейінгі балалар әлдебір жағдайларға байланысты ата-анасыз қалып, оларды жануарлар, мысалы, қасқыр не маймыл асыраған жайттар белгілі. Оларды кейінірек адамдар тауып алғанда, олардың мінез-құлықтары мен интеллектуалдық дамуы адамға ұқсамай, Homo sapiens түрінің биологиялық өкілі болып қалып қойды. Сондықтан біз адамның нысан емес, сонымен қатар әлеуметтің асылы, мәні екенін толық сеніммен айта аламыз. Сол арқылы адамның негізгі жануардан айырмасын табамыз. «Жеке тұлға» түсінігінде әлеуметтік мән ретінде адамның бірқатар мінездемесі бейнеленеді. Бұл түсініктің көлемінде темперамент, берілгендері мен қабілеттілігі, мотивация (бағыты), мінезі, қоғамдағы статусы сияқты психологиялық сипаттамалар қарастырылады.

Бұған еркіндік пен сезім түсінігін қосады. Осы қасиеттер мен мінездемелердің барлығы психологиямен ғылым ретінде танысқанда, бұдан гөрі кең көлемде қарастырылады.

Ананьевтің үшінші түсінігі бойынша, ол – қызметтің субъектісі. Бұл түсінік мазмұны бойынша «жеке адам» мен «жеке тұлғаның» ара-жігін ашады. Егер «субъекті» барлық биологиялық бастамалар мен адамның әлеуметтік мәнін біріктіреді десек, қателеспейміз. Егер адам қызметінің субъектілік қабілетін икемдемеген болса, онда әлеуметтік артықшылық ретінде қаралуы екіталай еді, неге десеңіз, оның эволюциясы мен әлеуметтік дамуы, қызметсіз дамуы мүмкін емес. Қызметтің субъектісі позициясынан адамды сипаттамас бұрын, «субъект» категориясының мағынасын философиялық түсінік ретінде анықтап алу қажет. Көбінесе аталмыш категория «нысан» түсінігімен бірге қолданылады.


Нысан және субъект әрдайым арнайы бір белгілі өзара байланыста болады.



3.2-сурет

Адам әрқашан белгілі, нақты заттардың құрсауында болады немесе әлемнің шынайы құбылысымен кездеседі. Оның белсенділігі күнде бағытталып отырады, соған байланысты қайсыбір зат нысан ретінде көрініс табады. Нысан адамның өзінің қызметі болуы мүмкін.

Субъект ретіндегі адамның басты сипаты – оның санасы мен қызметі, бұл оны басқа тірі табиғаттан ерекшелейді. Сана – қоршаған әлемді қайта жаңғыртуға бағытталған, белсенділік танытатын, адамға ғана тән, объективті танып білуіне мүмкіндік туғызатын психикалық дамудың жоғары формасы.



3.3-сурет

Ал саналы қызметтің қабілеттілігі, бізді қоршаған әлемнің қайта құрылымы бойынша тағы да бір адамның субъект ретіндегі сипаты болып табылады. Осылайша субъект ол қызметке қабілеттілікті қамтитын, жеке адамның белсенділікпен сананы алып жүрушісі ретінде болады.

Жоғарыда келтірілген толықтырулардан мынадай шешім шығаруға болады: барлық адамдарды, соның ішінде әскери қызметшілерді бірнеше тұрғыда қарастыруға болады:

- біріншіден, тірі табиғаттың өкілі ретінде, биологиялық нысан ретінде;
- екіншіден, адам саналы қызметінде субъект ретінде сөйлей алады;
- үшіншіден, адам қоғамнан тыс қарала алмайды, қанша дегенмен ол әлеуметтік асылы. мәні.

Демек, адам биоәлеуметтік жан, оның санасы бар, белсенділік пен қызметке деген қабілеті де бар. Осы үш деңгейдің бір бүтінге бірігуі төртінші түсінікті құрайды, ол – адамның жоғары деңгейде толықтырылған мінезі, оны даралық деп атаймыз. *Даралық* – психикалық, физиологиялық және өте сирек кездесетін өзгешеліктер мен нақты адамның қайталанбас өзіндік ерекшеліктердің бірігуі.

Адамның құрылымдық ұйымдасуының көп деңгейлі мінезі бар және оның табиғи әрі әлеуметтік мәнін бейнелейді. Заманауи офицер өзіне бағынатындардың дайындығын ұйымдастыра отырып немесе

өзінің бөлімшесінің алдына қойылған тапсырманы орындау туралы шешімді қабылдар алдында өзінің қарамағындағылардың, өзіне бағынатындардың ерекшеліктерін ескеруге міндетті. Бұл кезде офицер кез келген әскери қызметші бірден биологиялық нысан болмайтынын, оның өзінің қайталанбас даралығымен қамтамасыз етілген әлеуметтің өкілі екенін естен шығармауы тиіс. Сондықтан мұндай оқыту мен тәрбиелеу қағидасы ұжымдағы тәрбиелеу ретінде, үйретуде әрқашан болған және негізгі жеке құраммен жұмыс істеудің қағидасының бірі болып қала береді.



3.4-сурет

Психика туралы түсінік және оның даму эволюциясы

Ежелгі грек тілінен аударғанда «психология» дегеніміз – жан туралы ғылым, демек, оның зерттеу, оқып білу, үйренуге жататыны «психика» немесе «жаң, ықылас, ниет» болып табылады. Бірақ психикалық құбылыстар және психика дегеніміз не? Біз бұның алдында «психика» немесе «жан», оның сан қырлы феномені мен күрделілігіне қатысты түрлі көзқарастардың бар екендігін айтып кеттік. Бұл көзқарастардың көпшілігі не идеалистікке немесе материалистік тұрғыдан түсінік беруге жатады.

Материалистік көзқарасқа сәйкес, психика – жоғары ұйымдастырылған тірі материяның қасиеті, объективті әлемнің белсенді бейнесінің субъектілік ұйғарымын қорытады, субъекті құруда оның осы әлемдегі шындықтан ажырамайтын бөлігі және осы негізде өзінің мінезі мен қызметі өз-өзін реттейді. Аталмыш анықтамадан психикалық құбылыстардың механизмдері мен табиғаты туралы негіз болатын бірқатар пайымдау атауға болады. Біріншіден, психика тек

қана тірі материаның қасиеті, соның ішінде жоғары ұйымдастырылған тірі материяның қасиеті. Демек, кез келген тірі материя бұл қасиетке ие емес; оған тек қана бұл қасиетке арнайы ағзасы, мүшесі бар, яғни психиканың тіршілігінен ақпарат алатын мүмкіндігі барлары ғана ие.

Екіншіден, психиканың басты ерекшелігі оның объективті әлемді бейнелей алу қабілетімен қорытындыланады. Бұл нені білдіреді? Бұл жоғары ұйымдасқан психикасы бар тірі материя, қоршаған әлем туралы ақпарат алуға қабілетті деген сөз.

Сонымен қатар, ақпарат алу осы жоғары ұйымдасқан психика анықталған материяны құрумен байланысқан, басқаша айтқанда, өз табиғаты бойынша субъективті және мағынасы бойынша идеалистік (материалдық емес) бейне, ол анықталған дәлдікпен шынайы әлемнің материалдық нысанының көшірмесі болып табылады.

Үшіншіден, тірі жаннан алынған осы қоршаған орта туралы ақпарат, жалпы тірі ағзаның ішкі ортасының реттелуі (регуляциясы) үшін негізі болып қызмет етеді және оның мінезін қалыптастыруға, ал өзінің тіршілік ететін ортасының ұдайы өзгеріп отыратын жағдайында осы ағзаның мүмкінділікті ұзақ өмір сүруіне қатысты жалпы мүмкіншілікті анықтайды.

Демек, психикасы бар тірі материя сыртқы ортаның нысанына әсер етуіне бағытталуға қабілетті.

Айта кететін қажетті жайт, ол аса маңызды тірі материяның формаларының саны бар, олардың анықталған белгілі психикалық қабілеттері де бар. Осы тірі материялар бір-бірінен психикалық қасиетінің даму дәрежесімен ерекшеленеді, ажыратылады. Бұл өзгешелік неден қорытындыланады?

Сыртқы ортаның әсеріне таңдаулы бағытталуға элементарлы қабілеттілік қарапайым тірі органикалық материяның формасында әлдеқашан бақыланған. Осылайша, амёбаның бір тірі тордан, протоплазмаға толып тұратын белгілі бір тітіркендіргіштен, өз қозғалысымен екіншісіне жақындайтыны белгілі. Амёбаның жылжып қозғалуының мәні қарапайым ағзалардың сыртқы ортаға үйрену қабілеттілігінің бейімділігінің бастапқы формасы болып табылады. Осыған ұқсас бейімделу анықталған қасиеттердің бар болғандығынан, өлі материядан тірі материяны ажырататын немесе органикалық емес материядан ажырататын бейімделу болуы мүмкін. Бұл қасиет – **тітіркену**. Сыртқы берілген қасиет тірі ағзаны мәжбүр қылған белсенділік танытады. Ағзаның дамуы жоғары болған сайын, сыртқы тіршілік ортасының жағдайы өзгергенде оның белсенділігінің көрінуі күрделене түседі. Алғашқы тітіркену элементтері. «Тропизм» деп аталатын мәжбүрлі қозғалыс тіпті өсімдіктерде де байқалады.

Тәртіп бойынша аталмыш деңгейдегі тірі ағза тікелей әсерге ғана жауап береді, яғни бағытталады, ол мынадай ағзаның жайылуына жалпы қауіп төнумен салыстырғанда механикалық жанасу немесе биотикалық тітіркенуге жауап береді. Мысалы, есімдік формаларының өмірі жарыққа, микроэлементтердің құрамы жерге бағытталады. Осылайша, егер тірі ағзаларда аталмыш деңгей өзінің биологиялық мәні бар факторға ғана бағытталады десек, әрі олардың бағытталуы өз мінезіне сай реактивті, басқаша айтқанда жануарлар тек қана тікелей сыртқы ортаның факторы мен әсер еткенде ғана белсенділік танытады десек, қателеспейміз.

Тірі жанның бұдан арғы тітіркенуінің дамуы өзінен көбірек дамыған ағзалардың өмірінің жағдайының күрделене түсуіне байланысты, әлбетте олардың анатомиялық құрылыстары да әлдеқайда күрделі. Аталмыш тірі ағзаның дамуы одан да күрделірек сыртқы ортаның кешенді факторларына жауап беріп, бағытталуына мәжбүр. Сондықтан, осы сыртқы және ішкі жағдайлардың үйлесімділігі тірі ағзаларда және одан да күрделі бағытталу формасының пайда болуы сезімталдық деп аталады. Сезімталдық түйсінуге жалпы қабілетті сипаттайды. А.Н.Леонтьевтің пікірі бойынша, жануарларда сезімталдықтың пайда болуы психиканың пайда болуының объективті биологиялық белгісі ретінде қызмет етуі мүмкін.

Тітіркенумен салыстырғанда, сезімталдықтың ерекшелігі тірі ағзалар сезім пайда бола бастағаннан бастап, биологиялық маңыздылығы ғана емес, әрі ортаны биологиялық нейтралды факторына да жауап беруге, яғни бағытталуына мүмкіндік алады. Аталмыш деңгейдегі дамушылардың қарапайым өкілдері үшін тым құрығанда алғашқы құрттар, моллюскалар және т.б. сол сияқтыларға олардың таратушылары бұрынғыдай ортаның биологиялық маңызды факторы болып табылады.

Бірақ бұл жағдайда да сезімталдығы бар жануарлардың мінезі сыртқы ортаның факторына жауабы, яғни бағытталуы төменірек деңгейдегі тірі ағзаларда қағидасымен өзгешеленеді, айырмасы бар. Сонымен сезімталдығы бар екендігі жануарға нысанға бағытталуына мүмкіндік береді, оның өзі үшін контактке дейін мәні бар.

Мысалы, аталмыш деңгейдегі жануардың психикасының дамуы нысанының иісіне, түсіне не формасына, тағы басқа сол сияқты ерекшелікке бағытталады. Тірі жанның органикалық материясының даму ағымында бұдан ары біртіндеп психиканың ең бастысы, шынайы әлемнің біртұтас бейнесі қалыптасады. Жоғарырақ дамыған психикасы бұл жануарлар эволюция ағымында қоршаған әлем

туралы ақпарат алуға, оны сараптауға және қоршаған кез келген нысанға сырттан келу әсерінің мүмкіндігіне, биологиялық маңызы қалай болса, биологиялық нейтралдығы да солай бағытталып, жалдап беретіні білдіреді. Өздігінен белгілі бір жануарлар класында сезімталдықтың немесе сезімге қабілеттілігінің пайда болуы тек қана психиканың тууы ретінде ғана қарастырылып қоймай, сыртқы ортаға жаңа типті қағиданың пайда болуы ретінде қаралуы мүмкін. Аталмыш типтің бейімделуінің негізгі айырмасы жануарды ортамен байланыстыратын мінез ағымының, яғни ерекше ағымның пайда болуымен қорытындыланады.

Мінез – сыртқы ортаның әсеріне тірі ағзаның күрделі кешенді реакциясы. Тірі жанның психикалық даму деңгейіне байланысты мінезі түрліше және күрделі болып келетінін айта кету қажет.

Ең қарапайым мінездің реакциясын құрттан, оның қозғалысын өзгертуінен бақылау арқылы білуге болады, оның кедергіге тап болғанда бағытын өзгертуінен байқауға болады. Сонда неғұрлым тірі жанның даму деңгейі жоғары болған сайын, соғырлым оның мінезі де күрделірек. Мысалы, иттердің мінезінен басып озушылықты байқаймыз. Өзіне қарсы келе жатқан нысан қатер төнетіндей болса, қашады. Бірақ адамда мінездің ете күрделірегі байқалады, жануардан айырмасы, оның қабілеті тек қана сыртқы ортаның жағдайының кенет өзгеруіне ғана бағытталып қоймайды, сонымен қатар саналы және мүдделі мінез танытады. Соншалықты күрделі мінез танытуы адамда **сананың** бар болуымен байланысты.

Сана дегеніміз – қоғамдық-тарихи жан ретінде тек қана адамға тән психикалық деңгейдің жоғары бейнеленуі және өзін-өзі басқаруы, яғни реттеуі.

Практикалық, яғни іс-тәжірибелік көзқарастан сана деп сезімталдық және ақылдық бейненің бірлесуін, өзінің ішкі әлемінде тікелей субъект ретінде қаралатын және оның іс-тәжірибелік қызметін алдын ала болжап, біліп қоюын айтады. Осыған ұқсас психологиялық қызметтің, психикалық бейненің құрылуына бағытталғандар көбірек дамыған жануарларда да, ат, ит, дельфинде де кездеседі. Сондықтан адамды жануардан ажырататын нәрсе психикалық бейнелеудің құрылу ағымы емес, алдымен әлеуметтік даму ағымында туған, оның жүру механизмі болып табылады. Бұл психикалық бейнелеуді құру механизмдері және олардың ерекшеліктері оның санасының қандай болғанына, сондай феноменнің адамда бар болуына себепші.

Осы механизмдердің нәтижесінде адам өзін қоршаған ортадан бөледі де, өзінің даралығын сезеді, өзінің «Менін» құрады, ол өзінің

қоғамдағы орнын және қоршаған шындық туралы, адамның өзі туралы қиялының бірлескен қиялымен қорытындыланады. Адам санасының арқасында өз бетінше өмір сүру қабілетіне, басқаша айтқанда, ортаның тітіркену әрекетінсіз өз мінезін реттей алады. Өз кезегінде «Мен» тұжырымдамасы оның өзін-өзі реттеу жүйесінің ядросы қызметін атқарады. Адам өзін қоршаған әлем туралы қабылдаған ақпаратты өзінің елестеткен өзі туралы жүйесіне сіңдіріп өткізеді де, өзінің мотивациялық қондырғысына және идеалына, өзінің құндылық жүйесіне қарай өз мінезін құрайды. Әрине, адамның мінезі әр кезде ортаның шартына сай келе бермейді. Адамның жағымды мінезі белгілі бір дәрежеде оның сыншылдығымен анықталады.

Сыншылдық арқасында адамда идеал және құндылық жүйесі туралы елес қалыптасады, сонымен қатар мораль, өнеге туралы қиял да қалыптасады.

Дәлірек айтқанда, сыншылдық қабілет болып жатқан және алынған ақпаратты бағалап, өзінің орнатқандарымен және идеалымен салыстырып, осы салыстырудан өзінің мінезін қалыптастырып, адамның жануардан айырмасын табады. Осылайша сын өз мінезінің механизмінің бақылаушысы ретінде көрінеді. Басқа жағынан соншалықты күрделі қалыптасу және психикалық бейнелеумен негіздеу адамдағы саналы қызметке деген қабілеттілігінің бар екенін анықтайды да, ол еңбек етуінен көрінеді, оны жануардың ешбірінен байқай алмайсың.

Осы ақылды қорытындының маңыздылығын сезіну үшін, оны теріске шығарып көрейік, мәселен, кейбір жануарлар да пайдалы әрекет жасайды делік. Мысалы, ит – күзетеді, ат ағаш тасиды, ал кейбір жануар циркте бір қарағанда ақылға қонарлықтай әрекеттерді көрсетеді. Бірақ мұның бәрі бір қарағанда солай, ал соншалықты күрделі әрекет істеуге жануарға адам керек. Адамның қатысынсыз, оның бастамасынсыз жануар саналыға ұқсас мінез таныта алмас еді.

Демек, адамның қызметі мен жануардың бір нәрсені орындаудағы мінезі өзіндік дәрежесінен ажыратылады. Ақылының арқасында адам қызметі саналы және өз бетімен орындайды.

Сонымен, біз төрт негізгі тірі ағзаның психикасының даму деңгейін бөле аламыз:

- Тітіркенушілік
- Сезімталдық (сезу)
- Жоғарғы жануарлардың мінезі (сырт қарағандағы мінезі)
- Адамның санасы

Айта кететін жай, берілгендердің әрбір деңгейінің өзінің даму сатысы бар. Психиканың ең жоғарғы деңгейімен дамуды тек қана адам біледі. Бірақ адам дамыған санамен тумайды. Сананың эволюциясы мен қалыптасуы физиологиялық және әлеуметтік даму ағымында, нақты бейнеде (онтогенезде) жүреді. Сондықтан сананың қалыптасуы ағымы қатаң дара және әлеуметтік дамудың ерекшеленуіне қалай себепші болса, генетикалық бейімділігі де солай.


Психикалық құбылыстарды зерттеуде бөлек қарастыруды талап ететін тағы бір сұрақ бар. «Психиканың функциясы неден тұрады?». Бұл сұраққа жауап беру оңай сияқты. Бірақ бірде-бір психология кітабынан оған тікелей жауап таба алмайсыз, өйткені, бұл заманауи психологияның зерттелуінің ішіндегі ең күрделі сұрақтардың бірі. Психиканың көрінуінің алуан қырлылығы сонша, оған біржақты жауап беру қиын. Мысалы, психика сыртқы ортаның жағдайына бейімдеуді қамтамасыз етеді дегенмен шектелсек, онда шығармашылық құбылысын қалай түсіндіруге болады?

Шығармашылықты әлеуметтік жағдайда бейімделу формасы ретінде қарауға бола ма? Қанша дегенмен шығармашылық адаммен өте тығыз байланыста ғой. Мысалы, атақты өнер туындысымен танысқанда, адам неге ерекше сезімде болады?

Мұның бәрін бейімдеушілік реакциясымен ғана түсіндіруге болады және мынадай мысалдар көп: психикалық форманың алуан түрлілігі көрініс тапқанда оны мақсатқа сай позициядан түсіндіруге болмайды. Психиканың барлық функциясын анықтау үшін барлық формалар мен мінезінің көрсетілімдерін санау керек шығар. Дәл қазіргі уақытта оны істеу мүмкін емес. Бір ғана салада психиканың функциясын біз дәл анықтай аламыз. Бұл – тірі ағзалардың және қоршаған ортаның өзара әсерлесу саласы. Осы көзқарастан үш негізгі психиканың функциясын бөлуге болады:

- Қоршаған шындықтың бейнесі
- Ағзаның біртұтастығын сақтау
- Мінезді реттеу.

Аталған функциялар өзара байланысқан және психиканың интегративті функциясының элементі болып табылады, ол тірі ағзаның қоршаған ортаның шартына бейімделуін қамтамасыз етуінен тұрады. Осыған қарап психика туралы төртінші қорытынды шығару қажет.



3.5-сурет

Психика сыртқы ортаның шартына тірі ағзаның бейімделуін қамтамасыз етеді. Сондықтан психиканың интегралды функциясының бірі болып нақты тірі ағзаның бейімделу үрдісі мен адамның сыртқы ортаның жағдайына қамтамасыз етілуі болып табылады. Неғұрлым тірі ағза көп дамыған болса, соғұрлым оның бейімделушілік механизмі қиын әрі күрделірек. Ең қиын бейімделу механизмін адамдардан байқаймыз.

Адамның бейімделу ағымы белгілі дәрежеде жануарлардың бейімделу ағымына ұқсас. Жануарлардың бейімделуі сияқты адамның бейімделуінің де ішкі және сыртқы бағыты бар. Бейімделудің ішкі бағыты: бейімделу ағымының арқасында ағзаның ішкі ортасы тұрақтылықпен қамтамасыз етіледі де, сонымен оның біртұтастығының сақталуына жетеді. Бейімделудің сыртқы көрінісі тірі жанның сыртқы ортамен адекватты байланысынан тұрады. Демек, ішкі де, сыртқы да бейімделудің қырлары алдымен тірі жанның биологиялық тіршілігінің мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бірақ адамдардың сыртқы ортамен қатынасуы жануармен салыстырғанда ұйымдасуы мен құрылымы күрделірек боп келеді, қанша дегенмен адам тек қана табиғатпен емес, сонымен қатар әлеуметтік ортамен байланысқа түседі, оның табиғат заңынан айырмасы бар заңмен қызмет етеді. Сондықтан адамның бейімделуі тек қана оның биологиялық тіршілік етуіне ғана бағытталып қоймай, сонымен қатар оның қоғамда тіршілік етуіне де бағытталған. Демек, әскери қызметшілердің қызметіндей түрлі аспектілерді қарай отырып, қызмет мерзіміне қарамастан, көз келген нақты сәтте біз бейімделу процесіне қатысатынымызды есте сақтаған жөн. Бұл кезде әртүрлі адамның үрдісі әртүрлі өтеді. Бұл адамның психикасының оның бейімделуінің ұдайы өзгермелі ортаның жағдайымен қамтамасыз

етілуімен, даралық ерекшелігімен түсіндіріледі. Демек, психиканың ерекшеліктері маңызды дәрежеде адамның бейімделуінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескертеді. Осыдан келіп маңызды тәжірибелік қорытынды шығады: әскери бөлімше өзінің алдына қойған тапсырманы табысты орындауы үшін, командир барлық жерде және әрдайым, мейлі ол оқу үрдісі немесе әскери жағдайдағы қызмет болсын, өзінің қарамағындағылардың психикалық даму ерекшеліктерін ескеруге міндетті. Психикалық нанымның тағы бір ғылыми мәселесі бар. Бұл – психиканың шығу тегінің пайда болу мәселесі. Мұндай феноменнің бар болуына не себеп, психика қандай болады? Қазіргі кезде психиканың пайда болуына қатысты сұрақтарға алуан түрлі көзқарастар бар.

Психиканың пайда болуы туралы талас-тартыс бүгінге дейін тоқтаған емес. Бұған себепші, психиканың пайда болу мәселесі тек бір ғана күрделі ғылыми нанымнан тұрмайды. Көптеген ғалымдар психиканың пайда болуын түсіндіруге тырысуда, оны психологиялық ғылым шеңберінде ғана емес, сондай-ақ философия, дінтану, физиология және т.б. тұрғысынан түсіндіруге тырысуда. Бұл күнде біржақты жалпы қауым мойындаған жауап жоқ.

Адам психикасының физиологиялық негіздері

Қазіргі кезде адамның психикасының физиологиялық негізі жүйке жүйесі болып табылады. Бұл тарауда біз жүйке жүйесінің морфологиялық функциялардың бөлімі адамның психикасын қалыптастыруда көбірек рөл атқаратынын қарастырамыз.

Атап айту керек, адамның жүйке жүйесі екі бөлімнен тұрады: орталық және **перифериялық**. Орталық жүйке жүйесі (ОЖЖ) бас және арқа миынан тұрады. Бас миы алдыңғы, ортаңғы және артқы мидан тұрады. Бұл негізгі бөлімдерде ОЖЖ маңызды құрылымымен ерекшеленеді, олардың адам психикасының қызметіне тікелей қатысы бар: таламус, гипоталамус, көпір, мишық, ұзынша ми.

Орталық және перифериялық жүйке жүйесінің барлық бөліктері мен құрылымдары іс-тәжірибеде ақпаратты алуда және өңдеуде толық қосылған. Бірақ адамның психикасы үшін ерекше рөлді бас миының қыртысы атқарады, ол қыртыс астындағы құрылыммен бірге отырып, алдыңғы миға кіруші, адамның ойлануы мен санасының қалыптасып құрылымдану ерекшеліктерін анықтайды.



3.6.-сурет

Шынайы түрде орталық және перифериялық жүйке жүйесінің барлық бөлімдері мен құрылымдары ақпарат алу мен оны өңдеуге қатысады. Бірақ адам психикасы үшін алдыңғы миға қосымша құрылымдары бірігіп кеткен **бас миының бөлігі** ерекше мәнге ие болады, адамның ойлауы мен қызметтік сана ерекшеліктерін анықтайды.

ОЖЖ адамның ағзасындағы барлық мүшелермен және тіндермен байланысты. Бұл байланысты арқа миынан және бас миынан шығатын **жүйкелер** қамтамасыз етеді. Адамның барлық жүйкесі екі функционалдық топқа бөлінеді.

Бірінші топқа ОЖЖ-нің сыртқы әлемнен және ағза құрылымынан ақпарат алуын қамтамасыз ететін жүйкені жатқызады. Бұл топқа жататын жүйкелер **афферентті** деп аталады. ОЖЖ-ден периферияға (ағзаға, бұлшықет тіндеріне және т.б.) сигнал өткізетін жүйкелер басқа топқа жатады және ол **эфферентті** деп аталады.

ОЖЖ-нің өзі жүйке торларының жиналуы болып табылады да, нейрондар деп аталады.




3.7-сурет

Осы жүйке торлар жеке **нейрондар** мен ағаш тәрізді өсіндіден **дендриттерден** тұрады. Осындай өсіндінің бірі ұзартылған және нейронды денемен немесе басқа нейронның өсіндісімен жалғайды. Мұндай өсінді аксон деп аталады. Аксонның бөлігі арнайы **миелінді қабықпен** жабылған, ол жүйке бойынша импульстің тез жүруін қамтамасыз етеді. Бір нейронның басқасы мен қосылған жері **синапс** деп аталады.

Көптеген нейрондар спецификалы болып табылады, яғни белгілі бір қызметті атқарады. Мысалы, импульстарды перифериядан ОЖЖ-ге өткізуді қамтамасыз етуші нейрондар «сенсорлы нейрондар» деп

аталады. Импульстарды ОЖЖ-ден бұлшық еттерге беруге жауап беретін нейрондар *жылжитқыш нейрондар* деп аталады. ОЖЖ-нің бір бөлігін басқасы мен байланысының қамтамасыз етілуіне жауап беретін нейрондар «локальды тораптың нейрондары» деп аталады.

өткірлікті сезу нүктесі



3.8-сурет

Периферияда аксондар шағын органикалық құрылыспен қосылады. Олар әртүрлі энергияның түрін қабылдауға алдын ала тағайындалған (механикалық, электромагниттік, химиялық т.б.) және оны жүйкенің импульсі айналдыруға тағайындалған. Бұл органикалық құрылыстар **рецепторлар** деп аталады. Адамның барлық ағзасында рецепторлар орналасқан. Әсіресе көп рецепторлар сезім ағзасында бар, олар қоршаған әлем туралы ақпаратты қабылдауға алдын ала арнайы тағайындалған.

Қабылдау мәселесін зерттей келе П.Павлов **талдағыш** түсінігін енгізді. Бұл түсінік ОЖЖ қоса отырып, барлық деңгейде арнайы сенсорлық ақпараттың өтуін және өнделуін қамтамасыз ететін, автономды органикалық структураға қатысатының білдіреді. Демек, әрбір талдағыш үш құрылымдық элементтен тұрады: рецепторлық, жүйке талшығы және ОЖЖ-ге сәйкес бөлімдер.

Біз бұрын айтқандай, рецепторлардың бірнеше тобы бар. Бұл бөліктердің топталуы рецепторлық әсердің бір ғана түрін қабылдап өңдейтінінде. Сондықтан рецепторлар көру, есіту, дәмдік, иістік, тері және т.б. болып бөлінеді. Рецепторлардың көмегімен алынған ақпарат одан ары ОЖЖ-ге сәйкес бөлімдерге бастағы мидың қабатына қоса беріледі. Бұл кезде ақпарат бірдей рецепторлардан тек қана анықталған қыртыстық бөлігіне келіп түседі: көру талдағышы қыртыстың біріне естуге, басқасына өзге де міндетті атқаруға керек. Бастағы мидың қыртыстарының барлығы бөлек функционалдық аймаққа бөлінуі мүмкін. Бұл кезде тек талдағыштар аймағы болып қоймай, сонымен қатар жылжытқыш, сөздік т.б. бөлуге болады. К.Бродманның топтастыруына сәйкес, ми қыртысын 11 бөлікке және 52 жазыққа бөлуге болады.



3.9-сурет

Ми қартысының құрылысын тереңірек қарастырайық. Онда алдыңғы мидың үстінгі қабаты негізінен вертикальды бағытталған нейрондардан, олардың өсінділерінен, дендриттерден, аксон үйіндісінен тұрады да, олар мидың төменгі жағында орналасқан бөлектеріне

және аксондарға барады, төменгі жатқан ми құрылымынан ақпарат береді. Нейрондардың формасы мен бөлу ерекшеліктері бойынша ми қыртысын түрлі бөлікке бөледі: самай, маңдай, төменді, шүйде, ал бұлардың өздері одан да ұқсас бөліктерге – жазыққа бөлінеді. Қанша дегенмен бастағы миды оң және сол жақ жарты шарға бөледі, демек бастағы ми қыртыстары да оң және сол жақ деп бөлінеді.

Мысалы: оң жақ маңдай бөлігі, сол жақ маңдай бөлігі.



3.10-сурет



3.11-сурет

Бас миы қыртысының бөлігі уақыт бойынша бөлігі адам ағзасының дара қалыптасу үрдісінде (филогенез) бастың миындағы қыртыстарды: ежелгі, ескі және жаңа деп бөлінеді. Ежелгі қыртыста тек бір ғана тордың қабаты бар, олар қабықтың астындағы құрылымнан түгел бөлініп шықпаған. Ежелгі қыртыстың ауданы мидағы барлық қыртыстың ауданының 0,6%-ақ құрайды. Ескі қыртыс бір тордың қабатынан тұрса да, олар қабықтың астындағы құрылымнан түгел бөлініп шыққан. Әрі ауданы да барлық қыртыстың ауданының 2,6% -ын құрайды. Жаңа қыртыстың екіншісіне максималды аудан келеді, өлі ол күрделірек, көпқабатты және дамыған құрылымды.

Рецептормен алынған ақпарат жүйке талшықтарымен арнайы жиналатын спецификалық таламус ядросына беріледі де, солар арқылы афферентті импульс бастағы мидың қырларына, яғни **бірінші проекциялық аймаққа** келіп түседі. Бұл аймақтар талдағыштың ұшының қабықтарының құрылымдық бөлігі болып табылады. Мысалы: құру талдағышының жобаланатын аймақтағы ірі шарты шардың шүйде бөлігінде, ал есіту талдағышының жобаланатын аймағы самай бөлігінің жоғары жағында орналасқан.

Талдағыштардың бірінші проекциялық аймақтары кейде сенсорлы аймақтар деп аталады, өйткені олар белгілі бір сезімнің типінің құралымен байланысқан. Егер қандай да бір аймақты бұзатын болсақ, онда адам белгілі бір ақпараттың түрін қабылдау қабілетінен айырылуы мүмкін. Мысалы: көру сезімнің аймағын бұзсақ, онда адам көрмей қалады. Осылайша, адамның сезімі тек қана ағзалардың бүтіндігі мен даму деңгейіне ғана байланысты емес, осы жағдайда өткізетін жолдардың бүтін, толықтығына жүйке талшықтарына және бастағы мидың бірінші проекциялық аймағының бүтін, толықтығына да байланысты.

Талдағыштың 1-жазығынан басқа да 1-жазықтар бар екенің айта кету керек, мысалы, бірінші жылжыту жазығы, ол денедегі бұлшық еттерімен байланысқан және белгілі бір қозғалысқа жауап береді. Сонымен қатар, 1-жазықтың бас миының қыртысына қарағанда үштен бір бөлігін ғана алатынына назар аудару қажет. Көп ауданды екінші жазықтық алады, оларды көбінесе ассоциативті немесе интегративті деп атайды.

Қыртыстың екінші жазықтығы бірінші жазыққа орналастырғыш ретінде көрінеді. Олардың қызметі синтезде немесе бөлек ақпараттың элементтерін бүтін картинаға айналдыратын интегративті түсінде. Осылай, сенсорлық интегративті жазықтағы элементарлы сезім (немесе перцептивті жазық) бүтін топ қабылдануға жиналады, ал

бөлек қозғалыс жылжығыш интегративті жазықтың арқасында толық қозғалғыш актіні құрап қалыптасады.

Екінші жазық адам психикасында аса маңызды рөл атқарады. Егер осы жазыққа, мысалы, екінші көру талдағышына толығымен әсер етсе, онда адамның көруі толық қабылдайды, ал оның бұзылуы кейбір сезім сақталса да көрудің қабылдауын бұзып, ыдыратуы мүмкін.

Бас миы қыртысының интегративті жазығы тек қана адамда бар. Сөйлеу орталығы сөзді қабылдап естуші орталық (Верника орталығы деп аталады) және сөйлеуді жылжыту орталығы (Брок деп аталады) боп бөлінеді.

Адам мінезінде және психикасын реттеу үшін сөйлеу рөлінің ерекшелігі жөнінде өз бетінше дифференциялаушы орталықтың бар болуы куәландырады. Адамда басқа да дифференциялаушы орталықтар бар. Сана, ойлау, мінезді қалыптастыру, еркіндікті бақылау маңдай бөлігінің қызметімен байланысты, олар профронтальды және премоторлы аймақтар, яғни фронталь алдындағы және мотор алдындағылар. Адамның сөйлеу функциясының өкілдігі ассиметриялы екеніне назар аудару керек. Ол сол жақ жарты шарда орналасқан. Мұндай құбылыстар функционалдық ассиметрия деп аталады. Ассиметрия сөзге ғана тән емес, басқа да психикалық функцияларға тән. Қазіргі кезде сол жарты шардың функциясы сөйлеуді іске асыру сияқты жүргізуші ретінде қатысады: Оқу, жазу, хат, есеп-қисап, логикалық есте сақтау. Сөздік логикалық немесе абстрактілі ойлау, басқа психикалық ағымдар мен қалыптағы сөздерді реттеу. Оң жақ жарты шар көбіне сөйлеу функциясын іске қосуға қатыспайды.

Сол және оң жарты шар түрлі функцияларды орындайды. Және бейнеленген нәрсенің бейнесін қалыптастырып қабылдайды.

Бірінші жарты шарға оның тану, дәлдік пен нақтылығы жөніндегі жұмыс жылдамдығының жоғарылығы тән. Мұндай нәрсені тану қабілетін интегралды синтетикалық деп атауға болады. Басқаша айтқанда, құрылымдық-мағыналы тұтастығымен ерекшеленеді, ал оң жақ жарты шар нысананы тұтастығымен қабылдауға жауап береді немесе бейненің ғаламдық интеграциясының функциясын атқарады.


Сол жақ жарты шар психикалық бейненің бөлектерін қалыптастыра отырып, заттың бейнелеуін іске асырады. Сыртқы әлемді қабылдауға екі жарты шар да қатысатынын айта кету керек. Кез келген жарты шардың бірінің зақымдалуы қоршаған ортамен байланыс мүмкіншілігінен айыруы мүмкін.

Жарты шарлардың «арнайы мамандануы» адамның жеке дамуындағы үрдісте жүреді. Барынша мамандану адам орта жасқа келгенде байқалады. Ол қартайғанда бұл мамандану жоғалады.

ОЖЖ-нің құрылысымен танысқанда біз міндетті түрде тағы бір мидың құрылымына тоқталамыз, редикулярлық формация көптеген психикалық үрдістер мен қасиеттерде маңызды рөл атқарады. Ол толық жатқан жіңішке тораптардың бірігуінен тұрады, нейрондық құрылымдар арқа миында, ұзынша мида және шүйдеде орналасқан. Редикулярлық формация бастың миының электрлік белсенділігіне сындарлы әсер етеді, бас миының қыртысының функционалдық қалпына, қыртыс астындағы қабықтардың орталықтарына, мишыққа және жұлынға әсерін тигізеді. Соның езінің негізгі өмір ағыстарын реттеуге тікелей қатысы бар: қан айналымына және тыныс алуға әсер етеді. Редикуляциялық формацияны ағзаның белсенділік көзі деп атайды, қанша дегенмен аталмыш құрылыммен қалыптасатын жүйке импульсі ағзаның жұмысқа қабілеттілігін, түс пен көңіл-күйдің көтеріңкілігін анықтайды.

Шығыс жақтағы ретикуляр формацияның тыс тітіркенуі электрлік сигналдың өзгерісінің реакциясын шақырады, ол көңіл-күйдің көтеріңкілігіне тән. Шығыс жақтағы ретикулярлық формацияның ұдайы тітіркенуі, адамның ұйқысының бұзылуына әкеледі. Ол ұйықтай алмай ағза жоғары белсенділігін танытады. Бұған ұқсас құбылыс десонхронизация деп аталады да, баяу, мидың белсенділігінің электрлік толқынының жойылуы сияқты болады.

Ретикулярлы формацияның қызметі сыртқы әлемнің құбылыстары мен нысанға әсері бағытталудың мінезін анықтайды. Ағза реакциясын спецификалық және спецификалық емес деп қабылдайды. Жай түрі спецификалық реакция – әдеттегі ағзаның үйреншікті реакциясы, басқаша айтқанда стандартты тітіркендіргіш. Спецификалық реакцияның мәні таныс сыртқы тітіркенгішке стандартты бейім форманың бағытталуының қалыптасуында. Спецификалық емес реакция – ағзаның ерекше сыртқы тітіркену реакциясы. Ерекшелік әдеттегі тітіркенудің күшінің артуы, солай жаңа таныс емес тітіргендіргіштің мінездегі әсері. Бұл кезде ағзаның жауап беру реакциясы төмендегідей сипатта болады. Осындай типті реакцияның арқасында ағза жаңа тітіркендіргішке бейімделген адекватты реакцияны қалыптастыруға мүмкіндігі бар, ол ағзаның бүтіндігін сақтайды және оның одан әрі қалыпты құрылымдануын қамтамасыз етеді.




3.12.-сурет

Осылайша, адамның жүйке жүйесі адамның барлық қызметін реттеуші жүйкенің функциясын атқарады деп тұжырымдауға болады. Адам жүйке жүйесінің арқасында сыртқы орта туралы ақпарат алады, мінезді қалыпты жағдайда құрылымдап, оны сараптай алады, яғни өзгергіш сыртқы жағдайға табысты бейімделеді.

Психикалық құбылыстар құрылымы туралы жалпы түсінік

Қазіргі уақытта психикалық құбылыстың құрылымын қарастыра келе психикалық үрдістер, психикалық қалып және психикалық қасиет деп бөлу қабылданған.



Осындай психикалық үрдістің көмегімен: түйсіну, қабылдау, назар, қиял, ес, ақыл-ой, және сөйлеу арқылы адам әлемді таниды. Басқа психикалық құбылыстар: тұтынушылық, түрткілер, мақсаттар, қызығушылық, еркіндік сезім, ілігушілік бейімділік адам мінез-құлқын қалыптастырады. Аталмыш психикалық құбылыстар қалып пен қасиеттер категориясына, санатына жатады. Бұдан басқа психология адамдық қатынас пен мінезін, олардың даму мен психикалық үрдістің қалыптасуына тәуелділігін зерттейді. Сондықтан психологияда басқа адамды алғанда және адамдардың тобын зерттеуге негізгі екі зерттеудің бағытын бірге қарауға болады. Адамдардың тобы немесе бөлек адам қаралып жатыр ма, соған байланысты, психикалық үрдістер жеке және топтық болуы мүмкін. Сонымен қатар, барлық психикалық құбылыстар ішкі немесе сыртқы болуы мүмкін. Ерекше назарда бар психикалық құбылысты кластарға бөлу салыстырмалы, қанша дегенмен психика – күрделі білім, психиканың бөлек элементтерде

көрінуін бөліп ажырату аз емес, күрделі. Психикалық құбылыстарды класқа не топқа бөлу ең алдымен адамның ішкі әлемнің адекватты өрі тереңірек зерттеу үшін қажет. Заманауи психикалық құбылыстардың топтастырылуын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Психикалық үрдістер адам мінезінің бірінші реттеушісі ретінде қаралады. Психологиялық үрдістердің белгілі бір бастамасы, ағымы, соңы бар, яғни анықталған динамикалық мінезі бар. Оларға бірінші кезекте психикалық үрдістің тұрғылықтығын және ұзақтан анықтайтын параметрлерді жатқызады. Психикалық үрдістер негізінде белгілі бір күй қалыптасады. Психикалық үрдістер үш топқа бөлінуі мүмкін: *танымдық, эмоционалдық және еріктік.*

Танымдық психикалық үрдіске ақпаратты қабылдау және өңдеуге байланысты психикалық үрдістерді жатқызады. Оның қатарына түйсіну, қабылдау, қиял, ойлау, қиялдау кіреді. Аталған үрдістің арқасында адам өзі және өзін қоршаған әлем туралы мәліметтер алады. Дегенмен ақпарат адамға мәнсіз болса, өздігінен өлдебір мәлімет немесе білім ретінде белгілі рөл атқармайды. Сіз өзіңіз назар аударған шығарсыз, кейбір оқиғалар есіңізде ұзақ сақталады да, ал кейбірі туралы сіз ертесіне ұмытып кетесіз. Үшінші жағдайда ақпарат сіз үшін тіпті еленбей қалуы мүмкін. Бұл кез келген ақпараттың эмоциялық мүмкіндігіне байланысты. Сондықтан психикалық нанымдық үрдістермен қатар өз бетінше психикалық үрдістер ретінде және психикалық эмоционалдық үрдістерді қарайды. Психикалық эмоционалдық үрдістер болып жатқан оқиғаның эмоционалдық бояуын немесе эмоционалдық фонын анықтайды. Олар көбінесе адамдардың позитивті, негативті бағыттылығының қалып-күйіндегі психологиясын белгілейді. Олардың қатарына қозу, қуану, ашу, ызылану, т.б. жатады.

Психологиялық үрдістерге психологиялық құбылыстар, шешім қабылдау, қиындықты жеңу, өзін-өзі басқарудағы күш жұмсау және т.б. жатады

Психикалық үрдістің тағы бір аса үлкен тобы бар – санасыз үрдістер. Бұл психологиялық құбылыстың тобына кіретіндер сол, олар саналы жақтан қарағанда бақылаусыз іске асады немесе өтеді. Бұл психологиялық құбылыстың тобын оның құрылымы мен адамның өмірі үшін маңызын егжей-тегжейлі қарастыратын боламыз.

Жоғарыда айтылғандай, психикалық үрдістер тығыз өзара байланысқан және адамның психикалық қалыптасуында алғашқы факторлардың бірі болып шығады. Психикалық қалып психикалық жалпы жағдайды сипаттайды. Олардың үрдістер сияқты өзінің динамикасы бар, ұзақтығымен, бағыттылығымен, шынайылығымен, төзімділігімен және интенсивтілігімен сипатталады.

Өз кезегінде психикалық қалып психикалық үрдістердің нәтижесі мен ағымына әсер етеді де, олардың белсенді қызметіне ықпалын тигізеді немесе тежейді.

Психикалық қалыпқа көтерілу, ыза, қорқыныш, серіктік, қайғыру т.б. жатады. Айта кету керек, психикалық қалып төтенше күрделі құбылыс болуы мүмкін. Субъективті және объективті белгісі бар, бірақ олардың жалпы ерекшеліктері динамикалығында болып табылады.

Патосипаттық сипаттамасымен және басымдық сипатымен қамтамасыз етілген тұлға психикалық қалыптың есепке алынбауын құрайды.

Осыған ұқсас жағдай әлдеқайда психикалық жалпы адам тұлғасына сипаттайтын тұрақты құбылыс болуы мүмкін.

Психикалық құбылыстың келесі тобы тұлғаның психикалық қасиеті езіне тұрақтырақ психикалық білімді қосады.

Тұлғаның психикалық қасиеті деп адамның мінезі мен қызметінің белгілі бір сандық-сапалық деңгейімен қамтамасыз етілген ерекшелу тұлғаны айтады. Психикалық қасиетке жататындар: бағыттылық, темперамент, қабілеттілік, мінез, шеберлік. Әртүрлі адамда осы даму деңгейі алуан түрлі болады.

Бұрын көрсетілгендей, психологиямен зерттелетін құбылыстар нақты бір индивидмен ғана байланысып қойған жоқ, сонымен қатар топтармен де байланысты.

Ұжымдар мен топтардың психикалық құбылыстары әлеуметтік психология көлемінде егжей-тегжейлі зерттеледі. Біз тек қана ұжымдар мен топтарда байқауға болатын психикалық құбылыстардың қысқаша сипатын қарастырамыз.

Барлық топтық психикалық құбылыстар және психикалық үрдістерге психологиялық қалып-күй құбылыстары болып бөліне алады.

Психикалық құбылыстардың деңгейінен айырмасы осы психологиялық жағдай-күйге құбылыстар топтары мен ұжымдары дәлірек келеді, ішкі және сыртқыға бөлінеді.

Топ немесе ұжымның бірінші факторын реттеуші ретінде шығатын ұжымдық психикалық үрдістерге құбылыс, қарым-қатынас, өзара жеке қабылдау, өзара жеке қарым-қатынас, топтық нормалар, топтардың өзара қарым-қатынастары жатады.

Топтардың психикалық қалпына жанжал, біріктіру, психологиялық климат, топтың ашық не жабықтығы, дүрбелең (паника т.б.) жатады. Психикалық топтың маңыздырақ қатарына ұйымшылдық, жетекшіліктің стилі, қызметтің тиімділігі, қосарлау жатады. Сонымен

қатар атап өтетін нәрсе, мұнымен психикалық құбылыстардың тізімі бітпейді. Мысалы, психикалық құбылыстың толық сыныбы бар, оларды санасыз психикалық үрдістер деп атау қабылданған. Бұл сыныпқа біздің санамыздан тыс сферада өтетін психикалық феномендер жатады және де өзіндік дербес адам психикасының құбылысы ретінде құралуы мүмкін. Осының бәрі біздің психикалық әлеміміздің алуан түрлілігі мен күрделілігін көрсетеді.

Сондықтан әскери бөлімшелерде табысты жетекшілік ету үшін командир өзінің қарамағындағы бағыныштылардың психикасының ерекшеліктерін әрқашан ескеруі тиіс, ал бұл үшін оның адам психикасының әлемінің қандай болатынын білуі керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Әскери қызметші – ғылыми психологиялық танымның нысаны ретінде.
2. Индивид дегеніміз кім?
3. Жеке адам дегеніміз кім?
4. Тұлға дегеніміз кім?
5. «Тұлға» түсінігінің мазмұнын ашыңыз.
6. «Қызмет субъектісі» түсінігінің мазмұнын ашыңыз.
7. «Даралық» түсінігінің мазмұнын ашыңыз.
8. «Психика» түсінігінің мән-мағынасын баяндаңыз.
9. «Тітіргеніштік», «сезімталдық», «түйсіну» дегеніміз не?
10. Сыртқы ортаның жағдайына бейімделу формасы ретінде мінез туралы айтыңыз.
11. «Сана» түсінігінің мазмұнын ашыңыз.
12. «Мен» тұжырымдамасы деген не және оның адам мінезін реттеудегі рөлі қандай?
13. Психиканың қандай негізгі функцияларын (қызметтерін) білесіз?

4-тарау. ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

- **Түйсіну.** Түйсіну туралы жалпы түсінік. Түйсінулер туралы жалпы түсінік. Түйсінулердің физиологиялық механизмдері. Түйсінулерді жіктеу. Абсолютті және салыстырмалы сезімталдық. Түйсінулердің бейімделуі. Әскери-кәсіптік қызметтегі түйсінулердің психикалық және физиологиялық механизмдерінің заңдылықтарын ескерудің ерекшеліктері.

- **Қабылдау.** Қабылдау туралы жалпы түсінік. Қабылдаудың негізгі қасиеттері: тұтастық, таңдамалылық, түсінушілік, константтылық, апперцепция. Қабылдау түрлерін жіктеу. Қабылдау иллюзиясы және олардың пайда болу себептері.

- **Зейін.** Зейін туралы жалпы түсінік. Зейіннің негізгі сипаттамалары: таңдамалылық, бағытталғандық, шоғырланғандық, тереңделгендік. Зейіннің табысты әскери-кәсіптік қызмет үшін маңызы. Зейіннің негізгі түрлерін жіктеу: еріксіз, ерікті, еріктіден кейінгі. Зейіннің негізгі сипаттамалары: көлем, тұрақтылық, бөлінгіштік, шоғырлануы.

- **Түсінік.** Түсінік туралы жалпы ұғым. Түсініктердің табысты әскери-кәсіптік қызмет үшін маңызы. Түсініктерді жіктеу. Түсініктердің дербес ерекшеліктері. Әскери қызметшілерде түсініктердің қалыптасу ерекшеліктері.

- **Ес.** Ес туралы жалпы түсінік. Естің негізгі үрдістерінің сипаттамасы: есте сақтау, ұмытып қалу, сақтау, жаңғырту. Ес түрлерін жіктеу. Естің дербес айырмашылықтары. Ес және әскери-кәсіптік қызметтің табыстылығы.

- **Қиял.** Қиял туралы жалпы түсінік. Қиялдың негізгі түрлері. Қиялдың дамуы және оның табысты әскери-кәсіптік қызмет үшін маңызы.

- **Ойлау.** Ойлау туралы жалпы түсінік. Ойлаудың негізгі сипаттамалары мен қасиеттері. Ойлау операцияларының негізгі түрлері: салыстыру, талдау және синтездеу, абстракциялану және нақтылау, индукция және дедукция. Ойлаудың негізгі түрлері: түсініктер, ой жүгірту, ой қорытындылау. Ойлаудағы дербес айырмашылықтар. Шығармашылықты ойлау.

- **Сөйлеу.** Сөйлеу туралы жалпы түсінік. Сөйлеу мен тілдің арақатынасы. Сөйлеудің негізгі функциялары: хабарлау, белгілеу, білдіру, әсер ету. Сөйлеу түрлері: ауызша, жазбаша, диалогтық, монологтық. Офицердің табысты әскери-кәсіптік қызметі үшін сөйлеудің маңызы.

Психикалық үрдістерді адамның психикалық күйлерін және жүріс-тұрысын реттегіштер ретінде қызмет атқаратын бастапқы психикалық

құбылыстарға жатқызу қабылданған. Психикалық үрдістердің ішінде құбылыстардың үш тобын бөледі: танымдық психикалық үрдістер, эмоциялық психикалық үрдістер, ерік-жігер үрдістері.

Танымдық психикалық үрдістерге түйсіну, қабылдау, түсініктер, ес, қиял, ойлау, сөйлеу және зейін жатады. Психикалық үрдістердің ішінде танымдық психикалық үрдістер ерекше орын алып жатады. Олардың арқасында адам қоршаған әлем туралы ақпарат алады, оны өңдейді және өзінің жүріс-тұрысын қалыптастырады.

Түйсік туралы жалпы түсінік

Материялық дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке сипаттарының біздің сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейнелеуін түйсік деп атайды. Түйсік – біздің айналамызда, ішкі жан дүниемізде не болып жатқанын хабарлап отыратын қарапайым психикалық үрдіс, осы үрдістің арқасында біз ортаны бағдарлап, соның жағдайына қарай қимыл жасауға тырысамыз. Түйсік себепсіз тумайды. Оның себепшісі – адам айналасындағы реалдық шындық. Сол шындықтың адам сезімдеріне әсер етуіне байланысты ғана ми бейнелеуінен барып түйсік туады. Былайша айтсақ, түйсік – сыртқы әсердің сана фактісіне айналуы. Біздің қоршап тұрған дүниеде заттар мен құбылыстар шексіз көп кездеседі. Ал олардың өзіне тән қасиеттері мен сипаттары болады. Белгілі зат не құбылыс адамға бетпе-бет кездесіп әсер етсе ғана түйсік туғыза алады. Кездеспеген зат пен құбылыс адамға әсер ете де алмайды, түйсік туғызуы да мүмкін емес. Жалпы, дүниетанудың алғашқы табалдырығы – осы түйсік.

Түйсіктің физиологиялық негіздері. Түйсіктің физиологиялық негіздері ағзаның арнаулы жүйкелік механизмі анализаторларда іске асып отырады. Кибернетика тілімен айтқанда, адам – өзін-өзі басқаратын жүйе. Анализаторлар – сол жүйенің негізгі информациялау мүшесі. Ағза барлық анализаторлардан келіп жатқан сигналдардың ыңғайына қарай орталық жүйке жүйесіндегі функцияларын реттеп отырады: бірде жаңа реакция тудырып, бірде бұрын өтіп жатқан әрекеттің барысында өзгеріс кіргізіп, оны түзетіп, бағыттап береді. Ми қабығында ылғи үздіксіз өтіп жатқан күрделі қызмет анализатор арқылы іске асып отыратын кері байланысқа сүйенеді.

Анализаторлар үш бөлшектен құралады:

1. **перифериялық орган** – сезім мүшелері (рецепторлар);
2. **өткізгіш бөлім** – рецепторларды тиісті орталықтармен байланыстырып отыратын афференттік және эфференттік жолдар;

3. мидағы орталықтар.

Бірінші компоненті – сезім мүшелері (рецепторлар) әртүрлі құрылған жүйкелік аппараттар. Олардың міндеті – сырттан келген физикалық, химиялық тітіркендіргіштердің күшін жүйкелік қозуға айналдыру. Анализаторлардың бұл сатысында әсерді тек қарапайым дәрежеде ғана талдау іске асып отырады.

Екінші компоненті – өткізгіш бөлім. Ол сыртқы энергияның сезімтал жүйке талшықтарының ұшында қозуды екі жолмен екі бағытқа (жоғары төмен) жайып отырады. Бұл жолмен орталыққа тебетін талшықтар арқылы қозуды жұлын мен ми бағанасына және ми қабығындағы алқаптарға жеткізіп отырады; екінші жолмен орталықтан тебетін талшықтар арқылы мидан қозу толқынын әртүрлі органдарға өткізеді. Жүйке талшықтарының бойымен қозу бір секундтың ішінде 120 метрдей тездікпен өтіп жатады.

Үшінші компоненті – мидағы орталықтар (анализатордың шешуші бөлімі).

Жүйке жүйесіндегі басқа бөлімдердің клеткаларының құрылысымен салыстырғанда, бұл орталықтың клеткаларының құрылысы ерекше әрі күрделірек болып келеді.

Түйсіктердің түрлері. Түйсіктер біздің сезім мүшелерімізге байланысты көру түйсігі, есту түйсігі, дәм түйсігі, иіскеу түйсігі, тері түйсігі, кинестетикалық, вибрациялық және органикалық түйсіктер болып бірнешеге бөлінеді. Қай жерде орналасуына, тітіркендіргішті қайдан алуына қарай рецепторларды үш топқа бөлуге болады:

1. экстерорецептор;
2. проприорецептор;
3. интерорецептор.

Ағзаның сыртында орналасқан көз, құлақ, мұрын, тіл, тері мүшелері экстерорецептор деп аталады. Бұл рецепторлар арқылы адам өз денесінің сыртында тұрған заттар мен құбылыстардың сипаттарын бейнелейді.

Бұлшық еттерде, тарамыс пен сіңірлерде орналасқан сезім мүшелерін проприорецептор деп атайды. Бұл рецепторлар арқылы қимылдау (кинестетикалық) түйсіктері мен тепе-теңдік (статикалық) түйсіктері сезіледі.

Адам денесінің ішінде (қарында, ішекте, өкпеде) орналасқан сезім мүшелері интерорецептор деп аталады. Бұл рецепторлар арқылы ас қорыту, қан айналым, тыныс алу, басқа да ішкі мүшелерімізде нендей үрдістер болып жатқаны туралы хабар алып отырамыз. Адамның ішкі мүшелерінде туатын осындай түйсіктерді органикалық түйсіктер деп те атайды.

Көру түйсігі. Дүниетануда көру түйсігі үлкен орын алады. Зерттеулерге қарағанда, адам 180 түрлі-түсті және олардың арасындағы 10 000-нан астам реңін айыра алады. Бұдан көру түйсігінің диапазонының орасан кеңдігін байқаймыз және көру түйсігі түйсініп отырған заттың сипаттарын бұлжытпастан дәлме-дәл бейнелеуге мүмкіншілік туғызады. «Мың рет естігеннен бір рет көрген артық» деген пікір тәжірибеден алынған. Көз арқылы заттың жарықтылығын, оның түсін, түрін, үлкендігін, алыс-жақын тұрғандығын, оның қозғалысын білеміз. Зат пен құбылыстардың жеке сипаттарын толық, дұрыс айнытпай бейнелеу ең алдымен көру түйсігі арқылы орындалады. Міне, сондықтан таным үрдісі үшін, оның өмірлік тәжірибесі үшін көру мүшесінің рөлі ерекше күшті.

Есту түйсігі. Көз секілді, есту түйсігі де адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Есту рецепторына тітіркендіргіш болатын – ауаның толқындары. Ауа толқыны деп оның белгілі ритммен бірде ауаның тығыздалып, бірде селдіреп ыдырауын айтады. Бұл толқындар дыбыс шығаратын заттан әр тарапқа жайылып, тарай береді. Ауа толқындарының физикалық құрылысы өте күрделі болады.

Есту түйсігі дыбыс шығаратын заттың мерзімді тербелуінен де, мерзімсіз тербелуінен де тууы мүмкін. Тұрақты жиілікпен мерзімді шайқалудан туатын дыбыстарды **музыкалық** дыбыстар дейді. Бұған, мысалы, ән айту, музыкалық аспаптардың, камертонның дыбыстары жатады. Тұрақсыз жиілікпен, мерзімсіз шайқалудан туған дыбыстарды **шулы** дыбыстар деп атайды, дыбыстың мұндай түріне түрлі сықырлар, сыбдырлар, тарсыл-гүрсілдерді жатқызуға болады.

Есту түйсігінің адам әрекетінде атқаратын жұмысы жан-жақты. Бұл рецептор арқылы адам кеңістікте дыбысты белгілі затпен байланыстырады, дыбыстың бағытын анықтайды. Есту рецепторы арқылы сөздердің мазмұнынан дәл, дұрыс түсіну, оны біреуге айтып беру мүмкіншілігіне қолымыз жетті. Тіл – есту анализатордың дамуына күшті әсер етті, ана тілінің дыбыс құрамындағы нәзік айырмашылығын ажырату адамның жеке басының қажетіне айналды. Есту түйсігін тәрбиелеуді баланың жас кезінен бастаған жөн. Ол үшін баланың құлағын дәрігерге қаратып тұру орынды. Балаларды өзіне жақынырақ отырғызу, мектепте алдыңғы парталардан орын беру, олармен сөйлескенде сөздерді нақышына келтіріп айтуға, зейін қойып тыңдауға әдеттендіру керек. Құлағы нашар еститін балалардың ақыл-ойының дұрыс дамуына, көңілінің көтеріңкі болмауы, сабақты үлгермеуі мүмкін. Оларға ерекше жағдай туғызу орынды.

Тері түйсіктері. Тері түйсіктері заттардың механикалық және термикалық сипаттарының теріге әсер етуінен туады. Теріде тию мен

басу түйсігі (тактильдік түйсіктер); суықтық түйсігі; жылылық түйсігі; ауру түйсігі болады. Терідегі афференттік жүйке талшықтарының ұшында түйсіктердің рецепторлық функциясын атқаратын әртүрлі арнайы аппараттар бар. Тию мен басу түйсігін теріде тудыратын рецепторларды паччини денешігі және мейснер денешігі деп атайды. Адамның тұла бойында, шамамен айтқанда, тию мен басуды түйсінетін 500000 рецепторлар бар. Терінің 1 см 2-іне 25 рецепторға жуық орналасатыны анықталды.

Тактильдік анализатордың бірінші нейроны омыртқа арасындағы ганглийлерде, екінші нейроны жұлында, үшінші нейроны көру дөңесінде, төртінші нейроны артқы ми орталық қатпарларында орналасқан. Адам заттың қатты-жұмсақтығы, кедір-бұдырлығы сияқты сипаттарын сипап біледі. Сипау арқылы затты түйсіну терінің ғана қызметі емес, бұл – күрделі үрдіс. Оның қызметіне қимыл рецепторлары да (кинестетикалық сезімдер) қатынасып отырады. Сипап сезу түйсігі қолдың қатынасы арқылы іске асады. Қол еңбек ету мүшесі ғана болып қоймай, дүние тану үшін де күшті рөл атқарады. Көзбен көрмей-ақ, қолмен сипау арқылы заттардың формасын, үлкендігін, майдалығын, бұжырлығын ажырата аламыз.

Психологияда циркульдік эстезиометрдің екі өткір ұшымен теріге тигенде, адам оның екі жерге тиюін жеке-жеке түйсінген кездегі екі арасындағы қашықтықтың тактильдік түйсіктерінің кеңістік табалдырығы деп атайды. Кеңістік табалдырығы адам денесінде әртүрлі болады. Мәселен, циркуль сирақтарының екі жерге тигенін жауырын терісі сезу үшін 67 мм-ге дейін бір-бірінен айыру керек, қол терісінің үстіңгі жағы үшін кеңістік табалдырығы 33 мм, алақан терісі үшін 9 мм, ал саусақ ұшының табалдырығы үшін 2,2-ақ мм болады. Ең төменгі кеңістік табалдырығы тілдің ұшында болады (1,1 мм).

Адамның терісінде температуралық нүктелер сан жағынан бірдей орналаспайды. Орта есеппен алғанда, терінің 1см² кеңістігінде 6-23 суықтық рецепторлары, 3 жылылық рецепторлары болады. Адам денесінің температуралық өзгеруінің ең сезгіш жері-қарын терісі, сезгіштігі ең нашар жері-аяқ терісі. Бет терісінен аяқ терісінің суықты сезгіштігі екі есе нашар, жылылықты сезгіштігі төрт есе кем боп шыққан. Температуралық анализатордың ми жарты шарларының қабығында тұрақталған жері – артқы қатпардың бойы.

Иіскеу түйсігі. Иіс түйсігі иіс рецепторлары арқылы іске асады. Ол рецепторлар – мұрын кеңірігіндегі кілегей қабықтың ішінде болатын иіскеу клеткалары. Мұрынның кілегей қабығында иіскеу клеткаларының орналасқан аймағы 5 см 2-ден аспайды. Сыртқы

ортадағы тітіркендіргіштердің әсерінен туған қозуды иіскеу рецепторы өзінің бойымен ми жарты шарларының астыңғы жағында орналасқан иіскеу орталығына жеткізеді. Сол кезде анализдеу басталады да, адам иістің түрлерін айырып байқайды.

Ғылымда иісті түр-түрге бөлу аяқталған жоқ. Сондықтан иіс аттары иіс тұрған заттың атымен (жусан иісі, сасыр иісі, лимон иісі, алмұрт иісі, бензин иісі т.б.) аталады. Иіскеу клеткаларына тітіркендіргіш ретінде әсер ететін – ауада газ немесе бу түрінде ұшып жүрген химиялық заттар. Адам ауаны ішіне тартып тыныс алған кезде, ауамен бірге кеңсірікке кірген химиялық элементтер иіскеу клеткаларына қонып ери бастайды. Иіскеу жүйкелік клеткаларында қозу үрдісін тудыратын – ауадағы иісті элементтер. Жануарлар өмірінде иіскеу түйсігінің биологиялық рөлі өте күшті. Көп жануарлар жейтін тамағын иісі арқылы тауып алады. Олар өздерінің жауын да иісі арқылы алыстан біле қояды. Адамның өмірінде иіскеу рецепторының рөлі ондай күшті болмағанмен, адам өзінің иіскеу рецепторларын, айналадағы ортаның қойған талабына сай, өмірлік тәжірибесіне байланысты күшейте, жетілдіре алады. Соқыр, саңырау адамдар өзін қоршаған заттармен танысқанда иіскеу анализаторына сүйенеді. Ольга Скороходова өзінің кітабында: «Жақын жолдасым бірнеше күнге жолаушы жүріп кетті. Мен оның дәл қай күні келетінін білмеуші едім. Оның қайтып келгенін, ол менен екі бөлме алыс тұрса да, иісінен білдім», – дейді.

Иіскеу анализаторының жетілуіне өзінің айналысқан кәсібі де әсер етеді. Мысалы, дегустаторлар (тамақтың дәмін анықтаушы адамдар) шараптардың дәмін татып қана емес, иісіне қарап та маркасын, қандай жүзімнен жасалғанын айтып береді. Химиктер бензиннің қандай әдіспен алынғанын иіскеу рецепторы арқылы оп-оңай айыра қояды. Адамның жеке басының даму саласында иіскеу рецепторы өте ерте іске қосылады. Адамның жейтін тамағының ағзаға пайдалы, зиянды екенін айыру үшін де иіскеу анализаторының үлкен маңызы бар.

Дәм түйсіктері. Сілекейде еріген заттардың дәм бұршіктерін тітіркендіруден дәм түйсінуі туады. Дәм бұршіктері деп ауыздың кілегей қабығында көп қабатты эпителиймен қапталған сопақ денелерді айтады.

Дәм бұршіктері тілдің бетінде, жақтың ішінде, таңдайда, жұтқыншақтың арт жағында орналасқан. Олардың ең көп орналасқан жері – тіл аймағы. Тілдің әсіресе ұшында, жиегінде, түбінде көп кездеседі, ал тілдің дәл ортасында бұршіктер жоқ. Егерде дәм бар затты тілдің ортасына салып қойса, адам ол заттың дәмін бірден сезе алмайды. Тілдің әр жері дәмді әртүрлі түйсінетіндігі байқалады. Тілдің

ұшы тәтті дәмді, түпкі жағы ащы дәмді. жиіектері қышқыл және тұзды дәмді түйсінуге бейім екені тәжірібеден белгілі.

Тамақтың дәмін қозу үрдісі дәм клеткаларында туа салысымен емес, сопақша мидан өтіп, ми жарты шарының қабығындағы алапқа қозу жеткенде ғана адам дәмді түйсіне бастайды. Адамға еткен сапалық әсеріне қарай дәм түйсіктерін бірнеше топқа бөлуге болады: қышқыл тәтті, тұзды ащы. Ал күрделі дәмдер негізгі осы төрт дәмнің өртүрлі мөлшерінде араласуынан барып туады. Желінетін тағамның дөмі тек дәм түйсігінің әрекеті емес, иіскеу түйсігімен де байланысты болады.

Адамның онтогенез дамуында дәм түйсігі ерте оянады. Бала туғаннан соң бірнеше уақыттан кейін оның аузына хинин я қант салса, ол кәдімгідей реакция жасайды. Сол бала бірнеше күннен кейін сүтті судан, тәтті суды қант салмағын судан айыра алатын болады.

Кинестетикалық түйсіктер. Кинестетикалық түйсіктер қимыл мүшелерінің кеңістікте өз қалпын өзгерткенде туып жататын үрдістеріне байланысты. Бұл түйсіктердің рецепторлары бұлшық еттерде, сүйектерді бір-бірімен байланыстырып тұратын сіңірлер мен тарамыста, екі сүйектің бір-бірімен түйіскен буын аралығында болады. Олардың ұштары мидың орталық қатпарына жетіп орналасқан.

Кинестетикалық түйсіктің табиғаты күрделі келеді, өйткені ол сапалық жағынан айырмасы бар бірнеше рецептордың бір мезгілде тітіркенуінен пайда болады.

Кинестетикалық анализатордың периферияда не болып жатқанын туралы миға тез хабар жеткізіп отыруын кері **афферентация** деп атайды. Мұның да мәні өте зор. Денесінде өтіп жатқан өртүрлі кері афферентацияға байланысты үрдістер адамның көздеген мақсатына сай келмесе, бұл үрдістерді бөгеп, тежеп, мүлдем жойып немесе күшейтіп отыруға мидың шамасы келеді. Айнала қоршаған ортаның ылғи өзгеріп отыратын жағдайына байланысты ағзаның бейімделіп отыруын реттейтін кері афферентация – өте керекті шарт. Егерде кинестетикалық анализатордың кері афферентация жасау қызметі нашарлай бастаса, адамның күрделі қозғалыс әрекеті де күйрей бастайды. Оны көру рецепторы арқылы бақылап отырмаса, езінің жасаған қимылдарын белгілі арнаға түсіріп отыруға адамның шамасы келмей қалады. Егер адам көз жұмғанда, оң қолын сол қолының қалпына келтіре алмаса, мұндай ауруды **атаксия** деп атайды. Оны эксперимент арқылы да байқауға болады.

Кинестетикалық түйсіктер адамның сөйлеу әрекетінде де үлкен орын алады, өйткені ерін, тіл, дауыс шымылдығы қатыналатын қимылдардың дәлдігінсіз сөйлеу мүмкін емес.

И.П.Павловтың айтуынша, сөйлеу мүшелерінің кинестетикалық тітіркенуі екінші сигналдық жүйенің негізгі компоненті болып есептеледі. Жазудың да негізі – кинестетикалық түйсіктер. Проприорецепторлары ауруға шалдыққан адам өзі сөйлеп отырмаса (ішінен болса да), жатқа жаза алмайды.

Тек қана сөйлеу, жазу үрдісінде емес, адамның өмірінде кездесетін толып жатқан басқа дағдыларды да кинестетикалық анализаторсыз меңгеру мүмкін емес. Қимыл дағдыларының барлығы алдымен кинестетикалық түйсікке сүйене отырып жасалынады.

Органикалық түйсіктер. Органикалық түйсіктер адамның органикалық қажеттерімен тығыз байланысты. Органикалық түйсіктерге қарын ашу, тою, сусау, шаршау, жүрек айну, тұншығу, дененің қызуы, жүрек және тыныс алу мүшелерінің қызметіне байланысты туатын сезімдер мен осы секілді ішкі органдарда туатын түйсіктер жатады. Микроскоптық зерттеулерге қарағанда, интерорецепторлар ас қорыту органдарында, өкпеде, бауырда, қуықта ғана емес, вегетативтік жүйке жүйесінің түйнектерінен де табылған. Ми бағанасындағы гипоталамус бөлімі және органикалық сезімдерді өз ықпалында ұстайтын ми қабығындағы тиісті орталықтар органикалық түйсіктерді басқарып отырады.

И.М.Сеченов органикалық түйсіктерді **қараңғы түйсіктер** деп атаған болатын. Олардың жұмысы қалыптан бұзыла бастаса ғана адам оны түйсінеді. Бұл арада біз адамға сезілетін түйсінуді айтып отырмыз. Органикалық түйсіктердің күші белгілі сатыға жетсе ғана, адамның зейінін өзіне аударып, санамызда белсенді күшке айналады. Өзінің ішінде болып жатқан үрдістерді түйсінгенін сөзбен айтып жеткізу адамның қолынан келеді. Сыртқы дүниенің де, ағзадағы ішкі өмірдің де тоқтаусыз анализаторы ми сыңарлары деп болжаған болатын И.П.Павлов. Оның осы пікірінің дұрыс екендігін қазіргі ғылыми зерттеулер дәлелдеп отыр. Бұл идея И.П.Павловтың талантты шәкірті К.М.Быковтың еңбектерінде кеңінен зерттелді.

Органикалық рецепторларға тітіркендіргіш болатындар: қанның химиялық құрылысы, оның қысымы, тамақ құрылысы, оның физикалық құрылымы, еттің коллоидтық қалпы, атмосфералық қысымның өзгеруіне байланысты жалпы ағзаның физикалық қалпы, т.б.

Органикалық анализатор адамның көңіл-күйіне ылғи әсер етіп отырады, онымен тығыз байланысты болады, басқаша айтқанда, бұл түйсіктердің әртүрлі дәрежеде байқалатын эмоциялық тоны болады. «Тойған жылтырайды, тоңған қалтырайды» деген мәтел ағзада органикалық түйсіктің пайда болатындығын аңғартады.

Вибрациялық түйсіктер. Вибрациялық түйсіктер деп қозғалған заттардың ауаны толқытуын денеміздің барлық жерлерімен түйсіну сезімдерін айтады. Сау адамдарда бұл түйсік жоқтың қасы. Ауаның толқын тербелуін ол әлдеқайда нәзік түрде құлақ арқылы түйсіне алады. Ал адам құлағынан айырылса, вибрациялық түйсіктер адам өмірінен үлкен орын ала бастайды. Кейбір саңырау адамдар музыканы, әнді күшті ынтамен «тыңдап» отырады, өйткені олар дыбысты вибрациялық сезімі арқылы түйсінеді. Олар рояльда тартқан күйлерді оның үстіне қолын қойып «тыңдайды». Мұндай адамдар оркестрді тыңдағанда, концертке барғанда, сахнаға теріс қарап отыруды ұнатады, себебі нәзік дыбыстар толқынын олар арқасымен түйсінетін көрінеді. Музыканы түйсініп дағдыланған саңыраулар оны жақсы ұғынып, аңғаруға әдеттенеді, бұрын «тыңдаған» музыкалық шығармаларды үнінен таниды.

Вибрациялық түйсінулер барлық адамдарда болады, бірақ оларда бұл түйсіктер пайдаланылмайды, сондықтан дамымай қалады. Біз одан гөрі жетілген анализаторларымызды пайдаланамыз да, вибрациялық түйсінуді керек етпейміз.

Түйсіктердің жалпы заңдылықтары. Түйсіктердің жалпы заңдылықтары туралы әңгіме еткенде оларды екі түрде айырып қарау керек. Біріншісі – түйсіктер мен тітіркендіргіштердің арасындағы сандық қатынасқа байланысты психофизикалық заңдылықтар; екіншісі – түйсіктердің сезім мүшелерінің қалпына тәуелді психофизиологиялық заңдылықтары.

Түйсіну – біздің санамыздан тәуелсіз өмір сүретін объективті болмыстың сезімдік көрінісі. Түйсіну үрдісі заттардың және әртүрлі материалдық үрдістердің сезім мүшелеріне әсер етуінің салдарынан туындайды. Біздің сезім мүшелерімізге әсер ететін заттар тітіркендіргіштер деп, ал осы әсер ету үрдісінің өзі – тітіркену деп аталады. Тітіркену жүйке ұлпаларында тағы бір үрдісті – ортадан тепкіш немесе афферентті жүйкелер бойынша бас миының қыртысына өтіп, түйсінулер пайда болатын қозу үрдісін тудырады. Осылайша, тітіркену – физикалық үрдіс, қозу – физиологиялық, ал түйсіну – психикалық үрдіс.

Түйсінудің мәнісі тітіркендіргіштің (сезім мүшелеріне әсер ететін заттың) жекелеген қасиеттерін көрсетуден тұрады. «Жекелеген қасиеттері» деген нені білдіреді? Сезім мүшелеріне әсер ететін әрбір зат өзінің түйсінушілік қасиеттеріне ие болады. Осы қасиеттердің тізіміне байланысты қандай да болсын бір нысанды сезімнің белгілі бір мүшелері қабылдауы мүмкін. Мысалы, біз масаның ұшқан дыбысын


ести аламыз немесе оның шағуын сезіне аламыз. Аталған мысалда дыбыс пен шағу біздің сезім мүшелерімізге әсер ететін тітіркендіргіштің қасиеттері болып табылады. Бұл ретте түйсіну үрдісінің, осы түйсінулерді өзара, демек масамен ешқандай байланыстырмай, санада тек қана дыбыс пен тек қана шағуды көрсететіндігіне назар аудару керек. Дәл осы тітіркендіргіштің жекелеген қасиеттерінің көрініс табу үрдісі болып табылады.

Түйсінулердің физиологиялық механизмі И.П. Павлов талдағыштар деп атаған арнайы жүйке аппараттарының қызметі болып табылады. Әрбір талдағыш үш бөліктен тұрады: 1) рецептор деп аталатын (рецептор – талдағыштың қабылдаушы бөлігі, оның негізгі міндеті – сыртқы энергияны жүйке үрдісіне трансформациялау) перифериялық бөлім; 2) афферентті немесе сезімтал жүйкелер, олар тітіркенуді жүйке орталықтарына өткізеді; 3) талдағыштың қыртыстық бөлімдері (бұларды тағы талдағыштардың орталық бөлімдері деп атайды), бұларда перифериялық бөлімдерден келетін жүйке импульстарын қайта өңдеу жүреді. Периферияның белгілі бір клеткаларына (рецепторларға) қыртыс клеткаларының белгілі бір учаскелері сәйкес келетіндіктен, әр талдағыштың қыртыстық бөлігі өзіне периферияның проекциясы (яғни, сезім мүшелерінің проекциясы) болып табылатын бөлікті қосады. Түйсінудің пайда болуы үшін талдағыштың барлық құрамдас бөліктерін іске жұмылдыру қажет болады. Егер талдағыштың кез келген бөлігін жойсақ, тиісті түйсінулердің пайда болуы мүмкін емес болып шығады. Мысалы, көзбен көру сезімдері көз зақымдалғанда да, көзбен көру жүйкелерінің бұзылуы кезінде де, екі жарты шардың желке үлестері бұзылғанда да тоқтатылады.

Түйсінулерді жіктеуге әртүрлі амал-тәсілдер бар. Ерте замандардан бері түйсінулердің бес (сезім мүшелерінің саны бойынша) негізгі түрін ажырату қабылданған: иіс түйсіну, дәм түйсіну, түйсік, көзбен көру және есту. Түйсінулердің сезім мүшелерінің сипаттамалары бойынша осылайша жіктелуі тәмамдаушы болмағанымен, дұрыс болып есептеледі. Б.Г.Ананьев түйсінулердің он бір түрі туралы айтқан. А.Р.Лурия түйсінулерді жіктеу тым болмағанда екі негізгі қағида – жүйелік және генетикалық (басқаша айтар болсақ, бір жағынан модальдылық қағидасы бойынша және екінші жағынан – оларды құрудың күрделілігі немесе деңгейі қағидасы бойынша) қағида бойынша жүргізіле алады деп есептеді. Көбінесе ағылшын физиологы Ч.Шеррингтон ұсынған, түйсінулердің жүйелі жіктемесі пайдаланылады (4.1-сурет).

Адам үшін түйсінулерден қоршаған әлемнің жалпы суреті қалыптасады. Түйсінулер кәсіптік қызметтің барлық түрлері үшін маңызды. Олар әскери қызметшілер үшін де маңызды. Егер адамда

сезімдердің қандай да бір мүшелері дұрыс жұмыс істемесе, мысалы, түсті дәл қабылдау қабілеті бұзылса немесе есту қабілеті жеткілікті жоғары болмаса, оның белгілі бір мамандықты меңгеруге қабілетті емес екендігі айдан анық.



4.1.-сурет.

Әскери қызметті жүзеге асыру барысында, әдетте, барлық талдағыштар қатысады, алайда негізгі болып көбіне-көп көзбен көру арқылы түйсінуі саналады. Бұған көзбен көру талдағышы арқылы қандай да болсын өзге талдағышқа қарағанда анағұрлым көбірек ақпарат келіп түсетіні себепші болады. Мысалы, есту талдағышымен салыстырғанда, көзбен көру талдағышы алынатын ақпараттың көлемі бойынша 100 еселік басымдыққа ие болады.

Түйсінулердің негізгі сипаттамаларының бірі – сезім мүшелерінің сезімталдығы. Жалпы алғанда, «сезімталдық» түсінігі түйсінуге қабілеттілікті білдіреді, мұның өзі объективті түрде бар заттың немесе құбылыстың психикалық, өз жаратылысы бойынша субъективті бейнесінің қалыптасу мүмкіндігін қарастырады. Аталған қабілетке адамдардың барлығы ие, бірақ сонымен бірге олар түйсінулердің даму дәрежесі бойынша ерекшеленетін болады. Бұған сыртқы тітіркендіргіштерді көрсетудегі сезім мүшелері шекараларының дербес айырмашылықтарына ие болатындығы әсер етеді, яғни әртүрлі адамдарда сезім мүшелерінің сезімталдық деңгейі әртүрлі болады.

Жалпы сезім мүшелерінің сезімталдығы аталған сәтте түйсінуді тудыруға қабілетті минималды тітіркендіргішпен анықтала алады. Түйсінуді тудыратын тітіркендіргіштің қарқындылығы неғұрлым аз болса, сезім мүшелерінің сезімталдығы соғұрлым жоғары. Тәжірибеде сезімталдықтың екі түрін: абсолютті және салыстырмалы сезімталдықты бөліп көрсету қабылданған.

Абсолютті сезімталдық сезімдердің төменгі және жоғарғы шектерімен шектеледі. **Сезімталдықтың төменгі абсолюттік шегі** деп ең әлсіз түйсінуді тудыратын, тітіркендіргіштің минималды күшін атайды. Естудің төменгі абсолютті шегі, мысалы, минашының мина іздегішпен жұмысында үлкен рөл ойнайды. **Сезімталдықтың жоғарғы абсолюттік шегі** тітіркендіргіштің осының кезінде тітіркендіргішке сәйкес келетін түйсінуді пайда болатын әсер ету күшімен анықталады.

Сезімталдықтың келесі бір түрі – бірнеше біртекті тітіркендіргіштің бір мезгілде әсер етуге қабілеттіліктен тұратын **салыстырмалы сезімталдық**. Сонымен қатар **сезімталдықтың айырма шегі** немесе айыру шегі де болады, бұл – адам түйсінуге қабілетті болатын, екі біртекті тітіркендіргіштердің күшіндегі айырмашылықтың минималды шамасы.

Сезімталдықтың даму деңгейімен шектердің сипаттамалары әскери мамандықтар бойынша кәсіптік психологиялық іріктеп алуды жүргізген кезде зерттеледі. Белгілі бір сезім мүшелерінің **сезімталдығының** дамуының тиісті деңгейі бар адам ғана **орындай алатын** қызмет түрлері бар. Сондықтан әскери қызметті атқаруға шақырылған немесе әскери қызметті атқаруға келісім-шарт жасаған жастар үшін әскери мамандықты таңдаған кезде нақтылы сезім мүшелерінің сезімталдық деңгейін бағалау қажет болады. Бұл кезде сезімталдық көрсеткішінің тұрақты және өзгеріссіз шама болып табылмайтындығын есте ұстаған жөн. Абсолютті шекаралар шеңберінде ол кейде айтарлықтай биіктіктерге қол жеткізе отырып өзгере, ұлғая, кемуі алады. Аталған жағдайды әскери мамандарды даярлаған кезде ескеріп отыру керек.

Әскери-кәсіптік даярлық барысында сезімталдық екі бағытта жетілдірілуі мүмкін біріншіден, сезімталдық шекараларын кеңейтуге болады, бұл түйсінудің дәлдігінің артуына алып келеді, және екіншіден, сезімталдықты алуан түрлі кедергілер жағдайында, оның ішінде ұрыс жағдайында сақтап қалу, бұл түйсінудің кедергілерге тұрақтылығының дамуымен ілесе жүреді.

Сезімталдықты басқару бірнеше топқа бөлінеді, белгілі бір тәсілдердің көмегімен жүзеге асырыла алады. Бірінші топқа қоршаған ортаның жағдайлары және әрекет, қызмет жағдайлары жатады. Бұл субъективті себептермен де, объективті себептермен де

түсіндіріледі. Мәселен, ұзақ уақыт әрекет жасау барысында сезім мүшелерінің жаттығуы жүреді және кәсіптік ақпаратты қабылдау үшін қажетті практикалық дағдылар қалыптасады. Мысалы, матаны бояумен айналысатын кәсіби мамандар қара түстің 60-қа жуық реңін ажырата біледі. Тәжірибесі мол әскери суда сүңгуірдің тактильді талдағыштарының, саусақтарының сезімталдығы абсолютті су астындағы қараңғылықта, қолғап маталары арқылы жарылуға қауіпті заттарды қалған металл заттардан қатесіз ажыратуға мүмкіндік береді.

Сезімталдықтың дамуына әсер ететін өзге фактор – қызмет жүзеге асырылатын физикалық ортаның сипаттамалары. Мысалы, қараңғылықта көзбен көру өткірлігі арта түседі, ал қатты жарық түсіп тұрған кезде, керісінше, төмендейді. Бұл кезде қараңғылықта шамалы болса да жарық түсірілген заттар жақсырақ қабылданады.

Сезімталдықты арттыратын тәсілдердің келесі бір тобына өлеуметтік-психологиялық тәсілдер жатады. Тәсілдердің аталған категориясына жауапкершілік сезімін, қырағылықты арттыру, кәсіптік қызметке деген қызығушылықты арттыру, психикалық күйді реттеп отыру, қызмет тақырыбы бойынша білімдерді кеңейту және т.с. жатады. Осындай тәсілдердің көпшілігі әскери даярлық барысында қолданылуға тиіс. Мысалы, әскери қызметшілерді психикалық өзін өзі реттеу әдістеріне үйрету әскери қызметшінің ұрыс жағдайында өзінің эмоциялық күйіне саналы түрде әсер етуіне, демек, әскери тапсырманы табысты орындап шығу үшін қажетті сезімталдық деңгейін қамтамасыз етуіне ықпалын тигізеді.

Сезімталдықтың артуына ықпал ететін тәсілдердің келесі тобы – физиологиялық тәсілдер. Олардың қатарына: гимнастикалық жаттығулар, өкпені гипер желдету, суық сумен сүртіну және т.б. жатады. Тәсілдердің тағы бір тобы – фармакологиялық, мысалы, шай, кофе және т.б. Фармакологиялық тәсілдердің қатарына тек ерекше жағдайларда қолданылатындар да жатады. Мысалы, сезімталдықты алкоголь де арттыра алады, алайда оның әсері өте қысқа мерзімді – бар-жоғы 12 минут қана, одан кейін сезімталдықтың күрт құлдырауы (бастапқы деңгейден 40%-ға дейін) болады.

Түйсінулердің өзге ерекшелігі – **бейімделу**. Бейімделу деген – түйсіну мүшелерінің сезімталдығының тітіркендіргіштің әсер етуімен өзгеруі. Ол сезімталдықтың артуына да, кемуіне де бағытталуы мүмкін. Сезім мүшелерінің бейімделу мүмкіндіктері айтарлықтай. Адам көзінің сезімталдығы, мысалы, қараңғылықта 200 мың есе арта түседі. Танкисттер белгілі бір уақыт өте келе қозғалтқыштардың шуын, шынжыр табандардың сылдырын, селкілдеуді сезеді. Қараңғылыққа

бейімделу үшін орташа алғанда 30 минут қажет, алайда бір адамдар жылдамырақ, басқалары баяу бейімделеді.

Бейімделу барлық сезім мүшелеріне тән. Мұны әскери қызметті ұйымдастырған кезде, оның ішінде қарауыл қызметін жүргізгенде, түнгі ұшуларды ұйымдастырғанда және т.б. ескеру қажет.

Бұл талдағыштардың сезімталдығының өзгеруін тудыратындықтан, әскери қызметті ұйымдастыру үшін түйсінулердің өзара әрекеттесуі секілді құбылыс маңызды болып келеді. Бұл тітіркендіргіштің басқа тітіркендіргіштердің әсер етуімен өзгеше сезіне бастауынан көрініс табуы мүмкін. Мысалы, шудың аясында жарықпен тітіркендіргіш басқаша қабылдануы мүмкін және керісінше. Мысалы, әлсіз дыбыстар көзбен көру сезімталдығын арттырады. Бояудың қабылдауды өзгертуі, контраст құбылысының зейінді бұзуы немесе қандай да бір рецепторды сенсублизациялауы, яғни оның сезімталдығын арттыруы мүмкін. Оптималды жұмыс жағдайын, әсіресе адамға ұзақ уақыт бойы тұйық кеңістікте әрекет жасауға тура келетін әскери бекеттерде оптималды жұмыс жағдайын құру үшін, осыны әскери қызметті ұйымдастырған кезде ескерген жөн.

Мұны әскери қызметшілердің кәсіптік әрекеттерін ұйымдастырғанда да ескеру жөн болатын, түйсінулермен байланысты болып келетін тағы бір құбылыс бар. Бұл құбылыс дәйекті бейнелер деп аталады. Аталған құбылыстың мәнісі тітіркендіргіш сезім мүшелеріне ұзақ уақыт бойы әсер еткен кезде осы әсер ету тоқтағанмен бір мезгілде заттың бейнесінің ғайып болып кетпей, біршама уақыт санада сақталып қалатындығынан тұрады. Осы заңдылықты білу қызметтері үлкен жылдамдықтармен байланысты болып келетін адамдарға (ұшқыштар, жүргізушілер) аса қажет болады.

Осылайша, сезімдер әскери қызметшілердің кәсіптік қызметінде өте маңызды рөл ойнайды. Түйсінулердің заңдылықтарын және ерекшеліктерін білу жүргізіліп отырған қызметтің тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Табысты әскери-кәсіптік қызмет үшін одан да көбірек маңызға қабылдаудың даму ерекшеліктері ие.

Қабылдау туралы жалпы түсінік

Қабылдау – физикалық тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің рецепторлық беткейлеріне тікелей әсер еткен кезде туындайтын, заттардың, оқиғалардың, құбылыстардың тұтастай көрініс табуы.

Қабылдау кезінде заттай әлемнің көрініс табуы оқшауланған сезінулердің шеңберінен шығып кетеді. Сезім мүшелерінің бірлескен жұмысына тірек арта отырып, жекелеген сезінулердің күрделі кешенді жүйелерге синтезделуі жүріп отырады. Осы синтездеу бір модальдылық шегінде де (мысалы, бір кинокартинаны қарап отырғанда, жекелеген көзбен көру әсерлерінің тұтас бейнелерге бірігуі жүреді), бірнеше модальдылық шегінде де (апельсинді қабылдай отырып, біз іс жүзінде көзбен көру, түйсік, дәм сезімдерін біріктіріп, оларға апельсин туралы білімімізді де қосамыз) ербуі мүмкін. Тек осындай біріктірудің нәтижесінде оқшауланған түйсінулер тұтас қабылдауға көшеді, жекелеген белгілерді көрсетуден тұтас заттар немесе құбылыстарды көрсетуге көшеді. Сондықтан қабылдаудың түйсінуден негізгі айырмашылығы өзімізге әсер ететіннің барлығын түсінудің заттылығы, яғни нақтылы әлем нысанын оның барлық қасиеттерінің жиынтығында көрсету, басқаша айтатын болсақ, заттың тұтастай көрініс табуы болып табылады.

Қабылдау түйсінулерге негізделеді. Кез келген зат немесе құбылыс осылардың әрқайсысы басқа қасиеттерге тәуелсіз өзінің ерекше түйсінуін тудыруға қабілетті болып келетін бірқатар әртүрлі қасиеттердің қатарына ие болатындықтан, бұл ретте әрбір қабылдау түйсінулердің тұтастай қатарын қамтиды. Алайда, осындай үрдіс (салыстырмалы қарапайым түйсінулерден – күрделі қабылдауға) жекелеген түйсінулердің қарапайым қосындысы болып табылады деп есептеу қателік болады. Іс жүзінде тұтастай заттарды немесе оқиғаларды қабылдау (немесе көрініс табу) анағұрлым күрделірек келеді. Түйсінулерден өзге қабылдау үрдісіне алдыңғы тәжірибе, сонымен қатар көрген нәрселерді ой елегінен өткізу үрдістері қосылған, яғни қабылдау үрдісіне ес пен ойлау секілді, одан да жоғары деңгейдегі психикалық үрдістер енгізіледі. Сондықтан қабылдауды көбінесе адамның перцептивтік жүйесі деп атайды.

Психикалық танымдық үрдіс бола отырып, қабылдау белгілі бір қасиеттерге ие. Осылардың бірқатарын қарастырып шығайық.

Қабылдау үрдісінің тұтастығы. Қабылдаудың аталмыш қасиеті біздің нақтылы шындықтың кез келген затын бір-бірімен байланыссыз сезінулердің жинағы ретінде емес, бірыңғай тұтас бейне ретінде қабылдауымыздан тұрады. Заттың тұтастай бейнесі сезім мүшелеріне оның жекелеген жақтары ғана әсер еткенде де пайда болады. Мысалы, қараңғылықта танк тек шынжыр табандардың сылдыры және мотордың шуы бойынша ғана қабылданады. Әрине, бұл бейне заттың жекелеген қасиеттері және сапалары туралы білімдерді жалпылау негізінде, тәжірибенің негізінде жинақталады.


Заттарды, киімдерді, құбылыстарды қабылдай отырып, адам оларды белгілі бір терминдермен белгілейді, олардың өмірлік мәні мен маңыздылығын түсінеді, оларға деген қандай да бір көзқарасты бастан кешіреді. Қабылдаудың тағы бір қасиеті – ұғынушылық осыдан тұрады, бұл қабылдау үрдісіне түсіну элементінің қосылуын қарастырады.

Қабылдаудың келесі бір қасиеті – **таңдамалылығы**. Қабылдаудың аталған қасиеті қоршаған болмысты белсенді көрсету мүмкіндігін анықтайды. Әр сәтте адам оны қоршаған заттардың ішінен өзі үшін нақтылы жағдайда ең маңызды болып отырғандарын бөліп көрсетеді. Бұл қасиет қабылдауға мақсатты бағыттап отырып өсер етуге, әскери-кәсіптік даярлық барысында оны дамыту жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді.

Қабылдаудың тағы бір қасиеті – **апперцепция**. Апперцепция қазақ тіліне аударғанда өткен тәжірибеге тәуелділікті білдіреді. Аталған қасиет қоршаған жағдайды немесе жекелеген заттарды қабылдау дәлдігінің көбіне-көп индивидтің осы заттарды немесе құбылыстарды бұрынырақта қабылдаған-қабылдамағанына, егер қабылдаған болса, қандай жағдайларда қабылдағанына байланысты болып келетіндігінен көрініс табады. Зерттеушілердің көпшілігі апперцепцияны екі түрге: **уақытша** және **тұрақты** деп бөледі. Уақытша апперцепция көптеген дәрежеде сезімдерге, қиялға, тәжірибе мен білімдерге байланысты болып келетін өткендегі қысқаша уақыттағы қабылдаулардың өсерімен туындайды. Мысалы, ұрысқа қатысып көрмеген солдат ұрыстың екінші деңгейлік факторларына көңіл аударады, көп жағдайда не істерін білмей қалады, мақсатқа лайықсыз әрекет жасайды, барлық жерден қауіп-қатерді көреді.

Өзінің естеліктерінде әскери ұшқыш, Кеңестер Одағының Батыры И.Н.Кожедуб бірінші ұрыстан кейін мойнының ауырғандығын және әлі де ұзақ уақыт бойы, тіптен жерде жүргенде де үнемі жау ұшақтарының шабуылын күте отырып, артқа қарай бұрылып қарап отырғандығын жазады. Сондықтан әскери қызметшілерді ұрыс жағдайында әрекет жасауға психологиялық даярлау міндеттерінің бірі – оларда тұрақты апперцепцияны қалыптастыру. Ол зейіннің басты нәрсеге шоғырлануын қамтамасыз етеді, мақсатқа ұмтылғыштыққа, өзін-өзі ұстауға ықпал етеді. Қабылдаудың аталған қасиетінің қалыптасуының жоғары деңгейіне терең білімдердің, дағдылардың, ұрыс жағдайларымен ұқсас жағдайларда әрекет жасау ептіліктері мен тәжірибелері негізінде ғана қол жеткізуге болады. Тұрақты апперцепция осыларда адамға өсер ететін факторлардың барлық жиынтығы ескерілген және көрсетілген, қандай да бір әрекеттердің, қызметтердің үлгілерінде жасалынып шығарылады.

Қазіргі таңда психология ғылымында қабылдаудың бірнеше жіктелімі бар. Көбіне-көп екі жіктеу қолданылады: қабылдауды негізгі модальдылық бойынша жіктеу және қабылдауды материяның тіршілік ету түріне байланысты жіктеу (4.2.-сурет).



4.2.-сурет.

Екінші жіктеу әскери қызметшілердің ұрыс алаңында табысты әрекет жасауы үшін өте маңызды. Аталған жағдай нақтылы болмыстың барлық қабылданатын заттарының белгілі бір кеңістіктік сипаттамаларының: түрінің, өлшемдерінің, кеңістікте тұрған орнының, қимылдарының және т.б. бар екендігіне байланысты болып келеді. Сондықтан кез келген затты қабылдау оның кеңістіктік пішіндерін бағалаумен байланысты болып келеді. Бірақ заттарды қабылдаған кезде психикада қоршаған шындық заттарының қателікпен көріну мүмкіндігі болады, бұл адамның өзінің психикасының күйімен ғана емес, зат қабылданатын жағдайлардың күйімен де байланысты болып келеді. Осыған байланысты затты қабылдау көбіне-көп иллюзия тәуекелімен үйлесіп келеді.

Иллюзиялар – нақтылы болмыстың заттарының қате, үстіртін, бұрмаланып қабылдануы. Аталған жағдайдың екі жақты маңызы


болуы мүмкін. Бір жағынан алғанда, иллюзиялар қару-жарақты, техниканы, позицияны, жеке құрамды бүркеу, жасыру үшін қолданылуы мүмкін, екінші жағынан – иллюзияның болу мүмкіндігін өз әскери қызметшілерінің (қашықтықты анықтаудағы, қарсыластың позицияларын қабылдаудағы және т.с.) әрекетіндегі қателерге жол бермеу үшін қабылдау кезінде ескерген жөн.

Иллюзиялардың пайда болуының бірнеше себебі бар. Осы себептердің барлығы объективті немесе субъективті болуы мүмкін.


Иллюзиялық қабылдау мүмкіндігіне себепші болатын объективті себептердің ішінен ең алдымен келесілерін атап шыққан жөн болады:

1. Зат пен фон арасындағы контрастылықтың болмауы. Аталған жағдай затты фоннан бөліп алудың айтарлықтай қиынға соғуына алып келеді. Өз кезегінде, осындай құбылысты бүркеу, жасыру міндеттерін шешу үшін қолдануға болады, өйткені жасыру, бүркеудің мәнісі дәл осы заттар мен фон арасындағы шекараларды жоюдан, нысанды фонға пішіні, жарықтануы, түсі және т.б. бойынша қиюластырудан тұрады.

2. Иррадиация әсері. Оларға елшемі бойынша тең болып келетін қаралау, қоңырлау заттарға қарағанда, ақшыл заттар үлкенірек болып көрінеді, вертикаль және горизонталь орналасқан бірдей заттардан біріншілері үлкенірек болып көрінеді. Қабылданатын заттың елшемі оны қоршаған заттарға да байланысты болып келеді. Мысалы, бірдей диаметрде ие болып отырған екі шеңбер оларды елшемі бойынша қандай заттар қоршап жатқанына байланысты әртүрлі қабылданатын болады. Бұл сызықтық заттар үшін де дәл осылайша қатысты (4.3.-сурет).




Шама (орташа шеңберлер) иллюзиясы



Шама (параллелограмм диагональдары) иллюзиясы

4.3.-сурет.

3. «Өзгеретін рельеф» әсері. Окоптың немесе траншеяның бұрылысы қашықтықтан қарағанда кейде артқа кеткен, кейде алға қарай шығыңқы болып қабылданады. Аталған жағдайды концентрациялы шеңберлер иллюзиясымен оңай көрсетуге болады (4.4.-сурет). Бұл сызықтық пішіндер мен өлшемдерді қабылдау ерекшеліктерімен байланысты болып келеді.



4.4.-сурет.

Иллюзияның әсер етуімен ұрыс кезінде қарсыласты жете бағаламау немесе асыра бағалау мүмкін екендігін атап көрсету керек. Сонымен қатар қабылдау адекватты емес қабылдаудан бойды аулақ ұстауға мүмкіндік беретін қасиеттерге ие.

Иллюзияны болдырмауға константтылық немесе қабылдаудың тұрақтылығы ықпал етеді. Оған заттардың физикалық қасиеттерін білу, олардың өзімізге таныс басқа заттармен байланыстарын және ара-қатынастарын білу себепші болады. Егер адам затты егжей-тегжейлі білетін болса, оны қабылдау иллюзияға ұшырамайды. Мысалы, тәжірибелі танкист нашар көру жағдайларында да сұлбасы бойынша колоннадағы немесе қарсыластың шабуылдаушы тізбегіндегі танктердің кластарын басқалардан жақсырақ анықтайды.

Сонымен қатар қабылдаудың константтылығы адам өз қызметінде бетпе-бет келетін заттар мен құбылыстарды егжей-тегжейлі зерттеу арқылы бақылағыштықтың даму мүмкіндігіне себепші болатындығын

атай кеткен жөн. Нысандар өз келбетін олардың пайда болу жағдайларының алуан түрлілігіне байланысты өзгертіп отырады, перцептивтік үрдістер де тиісті өзгерістерге ұшырап отырады. Константтылық қасиеті талдағыштардың өзгерістердің орнын толтыруға және пішіні, шамасы және т.с. бойынша салыстырмалы түрде тұрақты заттарды адекватты қабылдау актілерінің орнын толтыруға қабілеттілігінен тұрады. Сондықтан көз мөлшерін, тыңдау талдағыштарын заттардың қасиеттерін білу негізінде жаттықтыру қашықтықтарды айна-қатесіз анықтау дағдысын, ұрыстың кеңістіктегі көрінісін көрсету дағдысын жасап шығаруға ықпал етеді. Демек, әскери қызметшілердің әскери іс-әрекеттерге психологиялық даярлық элементтерінің бірі бақылағыштықты жаттықтыру болуға тиіс.

Сенбептердің екінші бір тобын субъективті факторлар деп атайды. Ол бақыланып отырған затты қабылдау тәжірибесінің болмауын, қабылданып отырғанның мағынасын түсінбеуді немесе оған жалған мағына беруді білдіреді.

Зейін туралы жалпы түсінік

Зейін езіне қатысты қазіргі уақытқа дейін психологтардың арасында бірыңғай пікір жоқ психологиялық феномен болып табылады. Бұл ретте қайшылықтар әртүрлі бағытталған сипатқа ие. Бір жағынан алғанда, психологиялық әдебиетте зейіннің дербес психикалық құбылыс ретінде өмір сүру мәселесі қарастырылады. Мысалы, бір авторлар зейін кез келген өзге психикалық үрдісте қандай да бір шамада кездесетіндіктен, дербес құбылыс ретінде қарастырыла алмайды деп пайымдайды. Өзге авторлар, керісінше, зейіннің психикалық үрдіс ретінде дербестігін жақтап сөз айтады.

Екінші жағынан алғанда, зейінді психикалық құбылыстардың қай класына жатқызу керектігінде қарама-қайшылықтар бар. Біреулер зейін танымдық психикалық үрдіс деп есептейді. Екінші біреулер кез келген іс-әрекет, оның ішінде танымдық іс-әрекет зейінсіз мүмкін еместігіне, ал зейіннің езінің белгілі бір ерік-жігер күш салуының көрініс табуын талап ететіндігіне негіз арта отырып, зейінді адамның ерік-жігерімен және қызметімен байланыстырады.

Зейін дегеніміз не екен? Осы сұраққа жауап беру үшін үй тапсырмасын орындап отырған мектеп оқушысын көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Ол тапсырманы шешуге толықтай тереңдеп өнген, оны шешуге шоғырланған, тапсырманың шарттарын ойластырады, бір есептеуден екінші есептеуге көшеді. Осы эпизодтардың

әрқайсысына сипаттама бере отырып, біз оқушының не істеп отырғанына зейінді екендігін, басқалардан бөліп алған заттарға зейін қойып отырғандығын айта аламыз. Осы жағдайлардың барлығында оқушының психикалық әрекетінің бірдеңеге бағытталғандығын немесе бірдеңеге шоғырланғандығын айтуымызға болады. Осы бір психикалық әрекеттің белгілі бір нәрсеге бағытталғандығы және шоғырланғандығы **зейін** деп аталады.

Психикалық қызметтің бағытталғандығы деп оның таңдамалы сипатын, яғни субъект үшін маңызы бар нақтылы заттардың, құбылыстардың немесе таңдаудың шеңберінен психикалық әрекеттің белгілі бір түрін бөліп алуды ойластыру керек. Бағытталғандық деп әрекетті белгілі бір уақыт аралығына сақтау да айтылады. Зейінді болу үшін қандай да бір әрекетті таңдап алу жеткіліксіз, осы таңдауды ұстап тұру, сақтап қалу қажет. Мысалы, сіз өз зейініңізді белгілі бір міндетті шешу үшін оп-оңай бағыттап аласыз, бірақ Сіз өз зейініңіздің алаңында тиісті қызмет, әрекет нысанын сақтай алмасаңыз, аталған міндетті шешуіңіз екіталай болады.

Біз берген анықтамадан шығатын қорытынды, зейіннің өзге бір сипаттамасы – **көңіл тоқтату**. Көңіл тоқтату деп ең алдымен қызметке, әрекетке көбірек немесе азырақ берілу түсініледі. Тапсырма, міндет неғұрлым күрделірек болса, зейіннің қарқындылығы мен күш салынуы соғұрлым көп болуға тиіс екендігі, яғни көбірек тереңдегендік талап етілетіндігі айдан анық. Екінші жағынан алғанда, бөгде заттар көңіл тоқтатуға кедергі болып табылатындықтан, көңіл тоқтату шешім табумен байланысты емес нәрсенің бөрінен, бөтен нәрсенің барлығынан көңілді аластату дегенді білдіреді. Олай болмаған жағдайда, бөтен заттардан көңілді аулақ ұстау қолдан келмеген жағдайда, міндеттің шешілуі күрделене түседі.

Зейіннің адамның психикалық қызметінде қандай рөл ойнайтындығын түсіну үшін заттардың белгілі бір тобына қарап тұрмын деп көз алдыңызға елестетіңіз. Сіздің көзбен көру алаңыңыздың ортасында тұрған бір заттарды Сіз ең айқын қабылдайтын боласыз. Сіздің көру алаңыңыздың перифериясында тұрған өзге бір заттарды сіз бұлыңғырлау қабылдайтын боласыз. Осындай аналогияны біздің санамызға қатысты да құруға болады: біздің қызмет, әрекетіміздің мәнін құрайтын заттар біздің санамыздың орталығын алып жатады, ал қазіргі сәтте мәнсіз болып отырған нәрселер сананың перифериясына немесе оның «бүйір алаңына» кетеді. Бірақ мұндай салыстырудың онша дәл еместігін атай кеткеніміз жөн қандай да бір затқа қарап тұрып, бұл кезде мүлдем басқа нәрсені ойлап тұруға болады. Бұл жағдайда

Сіздің санаңыздың «орталық алаңы» Сіздің неге қарап тұрғаныңызбен емес, нені ойлап тұрғаныңызбен айналысатын болады.

Біздің санамызды графикалық түрде көрсету үшін бірі екіншісінің ішінде жатқан екі шеңбер салу керек. Сыртқы шеңбер – анық емес сана облысы, ал шағын шеңбер – анық та айқын сана аумағы немесе зейін аумағы (4.5.-сурет).



4.5.-сурет.

Осылайша, зейін сананың анықтығын және айқындығын, қандай да бір сәттегі психикалық әрекеттің мәнін түсінуді қамтамасыз етеді. Бірақ сананың анықтығы және айқындылығының екі аймағы туралы сөз қозғай отырып, зат көзбен көру алаңына жақын болған сайын, біз оны айқынырақ қабылдайтынымыз секілді, сананың айқын емес аймағында өзінің бұлыңғырлық және айқын еместік фазалары болатындығын есте ұстаған жөн.

Зейіннің даму деңгейінің әскери-кәсіптік қызметте табысқа жету үшін зор маңызы бар. Адамның санасына әрқашан, оның үстіне ұрыс жағдайында одан бетер тітіркендіргіштердің орасан зор саны әсерін тигізеді. Ақпараттың орасан зор массасы келіп түседі, осылардың ішінен ең қажеттісін таңдап алып, аталған қызмет үшін маңызды емесінің келіп түсуін шектеу керек. Дәл осы зейін ең маңызды ақпаратты іріктеп алуды қамтамасыз етеді және оны өңдеу үшін өзге танымдық психикалық үрдістерге жіберіп отырады. Онымен қоймай, зейін ерік-жігермен және басқа да психикалық сипаттамалармен тығыз байланысты болып келеді.

Зейіннің физиологиялық негізін бас миының қыртысында жүретін үрдістер құрайды. И.П.Павлов олардың қызметін былайша сипаттады: «Егер де бас сүйегінің қақпағы арқылы көре алсақ және үлкен жарты шарлардың қозуы оптималды болатын орындары жарқырап тұрса,

онда біз ойланатын саналы адамның үлкен жартылай шарларынан, жартылай шарлардың қалған барлық кеңістігінде қандай да бір маңызды көлеңкемен қоршалған, сұлбасы дұрыс емес, пішіні мен шамасы бойынша үнемі өзгеріп отыратын ақшыл дақтың қалай қозғалып отырғандығын көре алар едік».

Қазіргі психологиялық ғылымда зейіннің бірнеше негізгі түрлерін бөліп көрсетеді.

Психикалық қызметтің, әрекеттің бағытталғандығы және көңіл аударылғандығы еріксіз және ерікті сипатқа ие болуы мүмкін. Әрекет бізді үйіріп алып, біз онымен қандай да болсын ерік-жігер күш салусыз айналысқан кезде психикалық үрдістердің бағытталғандығы мен көңіл аударылғандығы еріксіз сипатқа ие болады. Бірақ біз белгілі бір жұмысты орындау қажеттігін біліп, оған алға қойылған мақсат пен қабылданған шешімге орай кіріскен кезде психикалық үрдістердің бағытталғандығы мен көңіл аударылғандық енді ерікті сипатқа ие болады. Сондықтан шыққан тегі және жүзеге асырылу тәсілдері бойынша зейіннің екі негізгі түрін бөліп ажыратады: еріксіз және ерікті.

Еріксіз зейін – зейіннің ең қарапайым түрі. Ол ерік-жігерге тәуелсіз пайда болып, одан тәуелсіз ұсталып тұратындықтан, оны көбінесе енжар немесе мәжбүрлі деп атайды. Қызмет, әрекет адамды өздігінен өзі, өзінің еліктіргіштігіне, қызықтылығына немесе күтпеген жерден болатындығына орай арбап алады. Бірақ еріксіз зейіннің пайда болуының себептерін осылайша түсіну аса қарапайым етілген болып келеді. Әдетте еріксіз зейін пайда болған кезде біз себептердің тұтастай кешенімен істес боламыз. Бұл кешенге алуан түрлі физикалық, психофизиологиялық және психикалық себептер кіреді.

Ерікті немесе арнайы зейін адамның ерік-жігерлі күш салуы мен ынта қоюы нәтижесінде туындайды және дамиды да, мақсатты бағытталғандығымен, ұйымдасқандығымен, жоғары тұрақтылығымен ерекшеленеді. Бұл ретте ерікті зейіннің деңгейі көптеген жағдайларда қандай да болсын әрекеттің, қызметтің қажеттілігі қаншалықты терең түсінілетіндігіне байланысты болып келеді.

Зейіннің тағы бір түрі – **еріктіден кейінгі зейін**. Еріктіден кейінгі зейін ерікті зейіннен туындайды. Алдымен адам ерік-жігер күш салуымен қандай да бір нәрсеге көңіл тоқтатады да, одан кейін барып зейін әрекет аясына өзінен-өзі шоғырланады. Солдаттарды, сержанттар мен офицерлерді кәсіптік даярлау барысында ерікті зейіннің еріктіден кейінгі зейінге ауысуы оқыту, үйрету барысының тиімділігін арттырудың болашағы зор бағыттарының бірі болып табылатынын баса айта кету керек.

Әрбір адамның зейіні бірқатар қасиеттермен: көлемімен, тұрақтылығымен, ауысқыштығымен, бөлінгіштігімен, концентрациясымен және т.б. сипатталады.

Зейіннің **көлемі** адам бір мезгілде қабылдай алатын нысандардың максимальды санымен анықталады. Әдетте бірнеше затты бір мезгілде қабылдаудың қажеттілігі қандай да бір міндетті шешумен байланысты болып келеді. Мысалы, ұрыс алаңында әртүрлі тітіркендіргіштерден ақпаратты бір мезгілде қабылдау қабілетіне әскери қызметшінің ұрыс міндетін орындауының табысы ғана емес, оның өмірінің сақталып қалу мүмкіндігі де байланысты болып келеді. Зейіннің орташа көлемі уақыт бірлігінде 5 +(-) 2 нысан құраса да, адамдардың зейін көлемі бойынша айтарлықтай ерекшеленетіндігін атай кеткен жөн (әдетте, зерттеулердің көпшілігінде уақыт бірлігі ретінде 0,1 секундқа тең уақыт аралығы қабылданды). Зейіннің көлемін кәсіптік даярлау барысында арнайы жаттығулар жасау арқылы көбейтуге болады.

Зейіннің келесі қасиеті – **бөлінгіштігі**. Бөлінгіштік – зейінді бірнеше нысанға бөлу және оларды бірдей дәрежеде қабылдау қабілеттілігі. Бөлінгіштік әскери қызметшіге әсіресе ұрыс жағдайында, көптеген аспаптарды бір мезгілде бақылау, көптеген ойлау мен сенсорлық-моторлық әрекеттерді жасау жағдайларында әсіресе қажет болады.

Зейіннің тағы бір қасиеті – **шоғырлануы (концентрация)**. Аталған қасиет адамның нақтылы әрекетті орындаған кезде, бір мезгілде екінші дәрежелі тітіркендіргіштердің өсер етуінен көңілін басқа жаққа бұра отырып, негізгі мәселеге көңілін бұруға қабілеттілігін анықтайды. Әскери қызметшілерде осындай концентрация кәсіптік қызметтің белгілі бір сәттерінде, мысалы, артиллериялық қарудың дәлдегіші қаруды нысанаға дәлдегенде немесе РЛС операторы қарсыластың нысанының ұрыс алаңы бойынша орын ауыстыруын қадағалағанда айтарлықтай білінеді.

Бірақ өз зейінін әрекет барысына концентрациялау жеткіліксіз. Әдетте ұрыс жағдайында зейінді белгілі бір уақыт таңдап алынған нысанда ұстап тұру қажет болады. Мысалы, ПТУР операторы-дәлдеушісі зымыранды жібергеннен кейін жіберілген зымыран таңдап алынған нысанаға жеткенге дейін нысанды көздегіштің айқасқан жерінде ұстап тұруға тиіс. Адамның осы бір қабілеттілігі зейіннің өзге қасиетімен – **тұрақтылықпен** түсіндіріледі. Тұрақтылық – айтарлықтай ұзақ уақыт зейінді таңдап алынған нысанға тоқтатып тұру қабілеті.

Зейіннің концентрациясы мен тұрақтылығының адамның өзі орындап отырған қызметі үшін жауапкершілігіне, борыш сезіміне, орындалып отырған әрекеттердің мәнін түсінуге, сонымен қатар

адамның ерік-жігер қасиеттеріне байланысты болып келетіндігіне байланысты болып келетіндігін атап өтуіміз керек. Осы қасиеттердің барлығы әскери кәсіптік даярлық және әскери тәрбиелеу барысында қалыптасады.

Зейіннің ең көп таралған теріс қасиеттері – зейіннің ауытқығыштығы және ұмытшақтығы, енжарлығы. Бұл факторлар әскери қызметшілердің кәсіптік қызметінің тиімділігін төмендетіп жіберуге қабілетті. Әдетте аталған қасиеттердің көрініс табуы әртүрлі себептердің салдарынан болады. Олардың ішінде атап айтарлықтары: тапсырылған іс үшін төмен жауапкершілік, қызығушылықтың болмауы, шаршау мен күш салу жағдайы, ауыру.

Осылайша, зейіннің даму деңгейі мен оның қасиеттері әскери-кәсіптік міндеттерді табысты орындау барысында айтарлықтай рөл ойнайды. Зейіннің қасиеттері әскери мамандарды кәсіптік даярлау барысында дамиды. Аталған жағдайды командирлер бөлімшелердің жеке құрамымен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырған кезде ескеруі керек.

Түсініктер туралы жалпы ұғым

Қоршаған әлем туралы бастапқы ақпаратты біздер өз түйсінулеріміз бен қабылдауларымыз арқылы аламыз. Бірақ біздің сезім мүшелеріміз арқылы алынатын ақпарат заттардың біздің сезім мүшелерімізге әсер етуі тоқтаған кездегі сәтте із-түссіз жоғалып кетпейді. Тітіркену тоқтатылғаннан кейін біршама уақыт дәйекті бейнелер деп аталатындар сақталып қалады. Дегенмен, осы бейнелердің адамның психикалық өмірі үшін рөлі салыстырмалы түрде шамалы. Біз қандай да бір бейнені қабылдағаннан кейін де ұзақ уақыт өткен соң осы заттың бейнесін біздің тағы да еріксіз немесе әдейі тудыруымыз мүмкін екендігі анағұрлым зор маңызға ие. Бұл құбылыс «түсінік» деген атау алды.

Түсінік – қазіргі сәтте қабылданбайтын, бірақ алдағы тәжірибенің негізінде қайта жаңғыратын заттардың немесе үрдістердің (немесе олардың жекелеген қасиеттерінің) психикалық бейнелері.

Түсініктердің негізінде бұрынғы кезде орын алған нысандарды қабылдау жатыр. Түсініктердің бірнеше түрін немесе типін бөліп көрсетуімізге болады. Біріншіден, бұл **естің түсініктері**, яғни біздің бұрынғы тәжірибемізде қандай да болсын затты немесе үрдісті тікелей қабылдауымыздың негізінде туындаған түсініктер. Екіншіден, бұл қиялдың түсініктері. Бір қарағанда түсініктердің бұл түрі, қиялымызда

өзіміз ешқашан көрмеген нәрсені көрсететіндігімізден, жоғарыда берілген «түсінік» түсінігінің анықтамасына сәйкес келмейді, бірақ бұл бір қарағанда ғана осылай болып көрінеді. Қиял бос жерден пайда болмайды әрі, мәселен, егер біз ешқашан тундрада болмасақ, бұл бізде тундра туралы түсінік жоқ дегенді білдірмейді. Біздің бәріміз тундраны фотосуреттерден, кинокартиналардан көргенбіз, сонымен қатар оның география немесе табиғаттану оқулығындағы суреттемесімен танысқанбыз және осы материалдың негізінде біз тундраның бейнесін көз алдымызға елестете аламыз. Демек, қиял түсініктері өткен қабылдауларымызда алынған және оны шығармашылық өңдегенде алынған ақпараттың негізінде қалыптасады. Өткен тәжірибеміз неғұрлым бай болған сайын, тиісті түсінік соғұрлым жарқынырақ және толығырақ болуы мүмкін.

Түсініктер өздігінен емес, біздің тәжірибелік әрекетіміздің, қызметіміздің нәтижесінде туындайды. Бұл ретте түсініктердің ес немесе қиял үрдістері үшін ғана зор маңызы бар деуге болмайды, олар адам қызметінің интеллектуалдық-танымдық аспектілерін қамтамасыз ететін барлық психикалық үрдістер үшін өте маңызды.

Қабылдау, ойлау, жазбаша сөйлеу үрдістері, ақпаратты сақтайтын және осының арқасында түсініктер қалыптасатын ес секілді, әрқашан да түсініктермен байланысты болып келеді.

Түйсіну, қабылдау және ойлау секілді, түсінік психикалық танымдық үрдіс болып табылады. Осы үрдістердің ішінде ол аралық орын алып жатады. Бір жағынан алғанымызда, түсінік өзіне нақтылы болмыстың нысандары туралы сезімдік ақпаратты енгізеді, ал екінші жағынан ол ойлаудың дамуы мен қалыптасуын алдын ала белгілейді. Сондықтан түсініктер ұғымдармен және басқа да ойлау операцияларымен бірлесе отырып, әскери қызметшіге ұрыс жағдайында дұрыс бағыт-бағдар алуға, танымдық міндеттерді де, практикалық міндеттерді де табысты шешуге мүмкіндік береді.

Офицерде бұрынғы тәжірибесінде қалыптасып қалған түсініктер оның әскерлерді ұрыс жағдайларында басқару функцияларын жүзеге асырған кезде ерекше маңызды рөл ойнайды. Түсініктердің (оперативтік, тактикалық, топографиялық, техникалық және т. б.) арқасында ұрыстың үлгісін ойша қалпына келтіру мүмкіндігі болады. Түсініктердің оқу-тәрбиелеу үрдісіндегі рөлінің маңызы одан кем емес. Түсініктер әскери қызметшіге зерттеліп отырған нысанда жүріп жатқан жағдайларды, үрдістерді жақсырақ түсінуге және ұғынуға мүмкіндік береді.

Түсініктер адамның күнделікті өмірінде ерекше маңызды орын алып жатады. Олар сигнал беру, ретке келтіру, жөнге салу секілді

функцияларды орындайды. Түсініктердің арқасында адам алдағы қызметтің жағдайларын алдын ала бағалап, өз жүріс-тұрысының оптималды алгоритмін жасап шығара алады. Кез келген өзге психикалық танымдық үрдіс секілді, түсініктер осыларды офицер жеке құрамды кәсіптік оқытуды ұйымдастырған кезде ескеруге тиіс болатын бірқатар қасиеттерге ие болып келеді (4.6.-сурет).

Қазіргі таңда түсініктердің әртүрлі критерийлерге негізделген бірнеше жіктемесі бар (4.7.-сурет). Дербес айырмашылықтарды қарастырған кезде көбіне-көп жетекші талдағышқа байланысты түсініктердің жіктемесі қолданылады. Осы дербес айырмашылықтарды әрбір офицер оқу үрдісін ұйымдастырған кезде ескеруге тиіс. Олар неден көрініс табады?



4.6.-сурет.

Барлық әскери қызметшілер түсініктердің басым түріне байланысты төрт топқа бөлінуі мүмкін: көзбен көру түсініктері басым келетін тұлғалар; есту түсініктері басым тұлғалар; қимыл түсініктері басым тұлғалар; аралас түрдегі түсініктері бар тұлғалар. Соңғы топқа кез келген түрдегі түсініктерді шамамен алғанда бірдей дәрежеде пайдаланатын адамдар жатады.

Көзбен көру түріндегі адам мәтінді еске түсіре отырып, осы мәтін басылған кітаптың парағын көз алдына келтіреді, оны ойша оқығандай болады. Егер оған қандай да сандарды, мысалы телефон нөмірін еске алу керек болса, ол бұл сандарды жазылған немесе басылған түрінде елестетеді. Тиісінше, түсініктерінің түрі осындай әскери қызметшіге оқу сабақтарын жүргізген кезде материалды көзбен қабылдауға тірек арта отырып, көрнекі түрде көрсету керек.



4.7.-сурет.

Есту түріндегі адам мәтінді еске түсіре отырып, айтылған сөздерді естігендей болады. Ол сандарды да тыңдау бейнесі түрінде есте сақтайды. Түсініктердің осындай түрі бар әскери қызметші оқу материалын оны ауызекі баяндаған кезде жақсырақ меңгереді. Кеп жағдайда мұндай әскери қызметшілерге кәсіптік дағдыларды табысты меңгеру үшін қосымша уақыт қажет болады.

Қозғалу түріндегі адам мәтінді есіне түсіре отырып немесе қандай да бір сандарды есте сақтауға ұмтыла отырып, оларды күбірлеп айтады.

Түсініктердің айқын білінетін түрлері бар адамдардың өте сирек кездесетіндігін айта кетуіміз керек. Адамдардың көпшілігі түсініктердің барлық түрлерін қолданады және аталған адамда түсініктердің қандай түрінің басым болып отырғандығын анықтау айтарлықтай қиынға соғады. Бұл ретте түсініктер саласындағы дербес айырмашылықтар белгілі бір түрдегі түсініктердің басым болуынан ғана емес, түсініктердің ерекшеліктерінен де көрініс табады. Мысалы, бір адамдарда барлық түрдегі түсініктер зор көрнекілікке, елгезектікке және толықтыққа ие болады, ал екінші бір адамдарда олар қандай да бір дәрежеде солғынырақ және схемалы болып келеді. Сондықтан жарқын да жанды түсініктерге ие адамдарды **бейнелі** түр деп аталатын топқа жатқызу қабылданған. Олар өздерінің түсініктерінің үлкен көрнекілігімен ғана емес, олардың психикалық өмірлерінде түсініктердің өте маңызды рөл ойнайтындығымен де сипатталады. Мысалы, қандай да бір оқиғаларды еске ала отырып, олар көбірек шамада оларға жататын жекелеген эпизодтардың суреттерін ойша «көреді». Бірдеме туралы ойға шома отырып немесе сөз қозғай отырып, олар көрнекі бейнелерді кеңінен қолданады. Мысалы, танымал орыс композиторы Н.А.Римский-Корсаковтың дарыны онда музыкалық, яғни есту арқылы қиялдың көзбен көру бейнелерінің керемет байлығымен үйлесуінен тұрған болатын. Музыканы ойлап шығара отырып, ол табиғаттың көріністерін бояуларының барлық байлығымен және жарықтың ең нәзік реңдерімен ойша көре білді. сондықтан оның музыкасы ерекше музыкалық мәнерлілігімен және «көркемдігімен» ерекшеленеді.

Дәл сол кезде барлық адамдардың түсініктердің кез келген түрін пайдалануға қабілетті екендігі күмән тудырмайды. Онымен қоймай, белгілі бір міндетті орындау, мысалы, оқу материалын меңгеру одан түсініктердің белгілі бір түрін басым пайдалануды талап етуі мүмкін. Осыған байланысты түсініктерді дамытып отыру қажет.

Әскери даярлық барысында түсініктерді дамыту негізінен алғанда әскери қызметтің сипатына байланысты болып келеді. Мысалы, әскерлердің ұрыс жағдайларына барынша жақындастырылған далалық, әуе және теңіз дағдылары қазіргі заманғы соғыс туралы, қазіргі ұрыстың сипаты туралы және ұрыс кезінде жауынгерге әрекет жасауға тура келетін жағдайлар туралы дұрыс түсініктер қалыптастырады. Әскерлерді әскери дағдыландырудағы, үйретудегі босандықтар, шарттылықтар жауынгерлерде, барлық өзге жағдайлардан өзге, жоғарыда аталып өткен құбылыстар туралы қате түсініктерді қалыптастырады.

Осыған байланысты жауынгерлердің түсініктерін олардың практикалық қызметтерінің, әрекеттерінің негізінде қалыптастырған өте

маңызды болып келеді. Қарумен практикалық жұмыс, әдебиетпен өз бетінше айналысу, әскери техникаға қызмет көрсету мен пайдалану – қажетті түсініктерді қалыптастырудың ең жақсы жағдайлары. Мысалы, әскери қызметшілердің қазіргі ракеталық-ядролық қару мен олардан қорғаныс тәсілдері туралы түсініктері олардың практикалық тәжірибелерінің байлығына және мазмұнына байланысты болып келеді.

Ес туралы жалпы түсінік

Ес дегеніміз – өткен тәжірибелерді қайта тану, еске түсіру және жаттап алу үрдісі. Адам естің арқасында өткен білімін, мағлұматтарды, машықтарды жоғалтпай ақпарат жинай алады. Ес психикалық танымдық үрдістердің ішінде ерекше орын алады. Көптеген зерттеушілер есті психикалық үрдістердің сабақтастығын қамтамасыз ететін және барлық психикалық танымдық үрдістерді біртұтас қылып біріктіретін «аралық» психикалық үрдіс ретінде сипаттайды.

Естің физиологиялық негізі уақытша жүйке байланыстарының жасалу, сақталу және өзектенуі, ми қыртыстарында және қыртыс астындағы ерекше физика-химиялық үрдістердің өтуі.

Тәжірибелік көзқарас бойынша ес үрдістерінің ішіндегі бастысы – жаттап алу үрдісі. Жаттап алу материалдың толық өрі дәл сақталуын және еске түсіруді, оның беріктігін және сақталу ұзақтығын анықтайды. Адам өзінің есінде зат бейнелерін және құбылыстарын, сөз, идея, ой және пікір, эмоция және сезімдерді жаттайды, есіне сақтайды және есіне түсіреді. Сондықтан естің төрт түрін бөліп қарастырады: бейнелік, қимылдық, ауызша-логикалық және эмоциялық ес.

Бейнелік ес – көріністің, өмір және табиғат суретінің, және де дыбыс, иіс, дәмдердің есі. Қандай талдағышпен қабылданғаны және ойында сақтағанына байланысты бейнелік ес көру, есту, сипап сезу, иіс сезу, дәм сезулік болады.

Қимыл есі – әртүрлі қозғалыстар мен олардың жүйесін жаттау, есіне сақтау және есіне түсіру. Бұл естің маңызы түрлі қозғалыс қимылдары мен машықтарының (жүру, жазу, машина айдау және басқа практикалық және еңбек қимылдары мен машықтарының) қалыптасуының негізі ретінде қызмет етеді. Сәйкес әрекеттерді жасаудың есі жоқ болса, адам әр кез сайын басынан бастап үйренген болар еді.

Ауызша-логикалық естің мазмұны біздің сөзбен айтылған ойымыз болып табылады. Ой тілсіз болмайды, сондықтан оның есі жай логикалық емес, ауызша-логикалық деп аталады. Басқа естердің

дамуына сүйеніп отырып, ауызша-логикалық ес оларға қарағанда жетекші бола түседі. Оқу үрдісінде білім алуда ол негізгі рөл атқарады. Материал жақсы жатталуы және керек жағдайда еске түсуі үшін ауызша және жазбаша сөйлеудің барлық мүмкіндіктерін қолдану керек: салыстырудың айқындығы, қарама-қайшылықтың өткірлігі және т.с.с.

Эмоциялық ес – сезімдердің есі. Эмоция біздерге әрқашан қажеттілігіміз, мүддеміз, ұмтылысымыз және ынтымақ қалай қанағаттанатынын, жеке мақсатымыз орындалатынын, қоршаған орта адамның наным-сеніміне қалай әсер ететінін, оның қоршаған әлеммен қарым-қатынасын ескертіп тұрады. Сондықтан эмоционалдық ес әрбір әскери қызметшінің өмірі мен қызметінде өте маңызды. Бастан өткерген және есте сақталған сезім адамды әрекеттерге ынталандырады немесе сақтандырады.

Жаттау дәрежесі бойынша ес **қысқа уақыттық** және **ұзақ уақыттық** болып бөлінеді. Қысқа уақыттық ес бір рет аз уақыт қабылдаған соң өте қысқа есте сақтау және бірден еске түсірумен сипатталады. Ұзақ уақыттық ес үшін бірнеше рет қайталау және еске алудан кейін материалдың ұзақ уақытқа есте сақталуы тән.


Ұзақ уақыттық еске әскери қызметші үшін қызметтің өмірлік маңызды мақсаттарына жетуі үшін стратегиялық мәні бар ақпарат түсіреді.

Материалдың еске сақтау ұзақтығымен байланысы бар естің тағы бір түрі – **жедел ес**. Жедел ес деп адамның қызметті орындауын қамтамасыз ететін ес түрін айтады. Әскери қызметші қандай да бір қиын қызмет орындағанда оны бөліп (бір әрекеттен кейін екіншісі, бір операциядан кейін екіншісі) орындайды. Бұл кезде оның есінде кейбір аралық мақсат пен нәтижелер қабылданылады. Соңғы нәтижеге келгенше нақты «өңделген» материал ұмытылып қалуы мүмкін. Мұндай жағдай оқығанда, аппаратураны қосқанда және бабына келтіргенде және де кез келген күрделі әрекет жасағанда болады.

Әрекеттердің мақсатына байланысты ес ерікті және еріксіз болып бөлінеді. Бірдеңені күш салмай жаттап немесе еске түсіруді, арнайы мақсатсыз, ниетсіз жаттау мен еске түсіруді еріксіз ес деп атайды. Бірдеңені жаттауды мақсат етсек ерікті ес деп аталады, яғни ерік күшін жібереміз. Ерікті және еріксіз ес бейнелік, қимылды, ауызша-логикалық және эмоциялық, қысқа уақыттық, ұзақ уақыттық және жедел ес бола алады.

Барлық әскери қызметшілер бір-бірінен ес сипаттарымен ерекшеленеді. Қандай да бір ес түрінің айқын артықшылықтары бар әскери қызметшілер кездеседі. Біреулерінде бейнелік, басқаларында

ауызша-логикалық ес жақсы дамыған. Көптеген әскери қызметшілер бейнелік сияқты, ауызша-логикалық материалды да жақсы жаттайды. Әрине, барлық әскери қызметшілерге еске сақтаудың жылдамдығы, дәлдігі және беріктігі сияқты ес қасиеттері керек. Ес қасиеттері бланктердің көмегімен және де аппараттық әдістермен зерттеледі (4.8-сурет).



4.8.-сурет.

Психомоторлық реакцияны және жедел есті зерттеуге арналған шағын аппарат: I – тәжірибешінің тетігі; II – сыналушының тетігі: реакция кнопкасы, түсті белгісі және олардың мағынасын ауыстыру белгілері бар күңгірт экран.

Бұл кезде қызметінің өзгеше жағдайлары өз кезегінде жауынгер есінің нақты ерекшеліктерінің қарқынды дамуына әсер етеді. Барлық психологиялық үрдістердің, соның ішінде ес үрдістерінің қалыптасуы жеке адамның қызметіне байланысты. Жаттап алу, еске сақтау және есіне түсіру үрдістерінің жүруі әскери қызметші үшін бұл материалдың қандай орын алатынымен және жатталған материал қалай қолданылатынымен анықталады.

Сонымен бірге әскери қызметшінің қызмет құрылымы не нәрсенің ойында сақталуының сипатын анықтайды (оның түрткілері, тапсырманың мәні, мағынасы, оған жетудің мақсаттары мен әдістері). Қызмет нәтижесінде әскери қызметшіде жігер, ойлау, сөйлеу дамиды. Жігер өз кезегінде ерікті естің дамуына үлес қосады.

Басқа психологиялық үрдістер сияқты ес қызмет үрдісі кезінде дамуы мүмкін. Оқу үрдісі кезінде оған ерекше көңіл аударылған жағдайда ол ойдағыдай дамиды. Сондықтан оқу қызметі үрдісінде естің ерекше сапасын дамытуға қажетті жағдайларды командир

жасауы керек. Жауынгерлік мамандықты игеруде жетекші рөлі бар ауызша-логикалық еске ерекше көңіл аудару керек. Бұл кезде ауызша-логикалық естің дамуы қызметтің нақты сипатына сүйенетіні ескеру керек. Оқу үрдісі кезінде дамуына қарай ауызша-логикалық ес нақты формадан неғұрлым дерексізге көшеді. Бұл ауызша-логикалық есті өздігінен дамытады. Бірақ ақыл-ой әрекеті іскерлік, машықтық сипат алғанда және жаттау мен еске түсіру әдісі ретінде қолданылса, ауызша-логикалық естің даму тиімділігі бірден артады. Сондықтан логикалық жаттау әдістерінің бірі оқитын материалдың жоспарын құру болып табылады. Логикалық жаттаудың тиімді әдісі – салыстыру. Логикалық жаттаудың күрделірек әдістеріне материалды топтастыру және жүйелеу жатады.

Зерттеулер ауызша-логикалық естің маңыздылығын дәлелдейді: мысалы жердегі заттарға тойтарыс беру зонасының радиолокациялық станция операторының жаттауы осыған негізделген, бұл биік емес нысананы дер кезінде анықтау үшін қажет. Сондықтан көңігі оператор қандай импульстер жердегі заттардан екендігін және ауаның ылғалдылығы мен температурасына, тәулік мезгіліне, жауын-шашынға байланысты қашан пайда болатынын айтып бере алады. Сондықтан операторға зонаның ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіру керек.

Және сананың танымдық және мнемоникалық (грекше «мнемә» – ес) функциясын айырып білу керек. Кәсіптік машықтар мен кәсіптік білімдерді меңгеру үрдісінде материалдың механикалық жатталуына емес, оған мағына беруге тырысу керек. Кейде күрделі оқу материалын игергенде әскери қызметшіде материалды түсінудің орнына жаттау қалыптасады. Нәтижесінде есеп негізгі болып табылатын танымдықты алмастырады. Бұл текст, схеманы түсінгенше оларды механикалық жаттап алу оңай әрі жеңіл болуымен түсіндіріледі. Мұндай алмастыру жауынгерлік шеберлігін меңгеруде күткен нәтиже бермейді.

Әскери қызметшінің практикалық қызметінде еріксіз және ерікті ес түрлі мәнге ие және өзара күрделі байланыстарда болады. Бұл кезде ерікті ес әрқашан еріксізден асып түсе бермейді. Еріксіз жаттау материалмен мағыналы және активті жұмыс әдістеріне сүйенетіні жақсы белгілі, бұл өнімдірек болады, егер ерікті жаттауда осы сияқты әдістер қолданбаса. Сонымен бірге еріксіз ес өнімділігі оқу материалын ұйымдастырылуына қарай артады. Сәйкес білім, ептілік және машықтарды игеру үшін қажет ақыл-ой әрекеттерінің тиімді қалыптасуын қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылған оқу тиімді болып табылады. Еріксіз жаттаудың өнімділігін арттырумен сабақтағы танымдық мақсаттарды айқын қойылуына жағдай жасайды, оның мазмұнын негіздеуге үйренушілердің ойлауын активизациялауға

көмектеседі, соның ішінде әскери қызметшілердің жаттауға сәйкес қондырғысын қалыптастыруға көмектеседі.

Әскери қызметшілер оқу материалын жаттағанда қысқа уақыттық ес көлемі үлкен рөл атқарады. Қысқа уақыттық ес көлемі деп уақыт бірлігінде материалды салыстырмалы аз уақыт қараған соң әскери қызметші жаттай алатын ақпараттың шартты бірлігінің санын айтады. Сондықтан оқу материалын баяндағанда естің осы сипатын ескеру керек.

Жеке жасақтың кәсіби дайындығын ұйымдастырғанда естің басқа үрдісін ескеру керек, ол – ұмыту. Ұмыту – өзінің мазмұны жағынан жаттауға кері үрдіс. Белгілі бір материал әскери қызметшінің қызметінде аз кездескен сайын, жауынгердің өмірлік мақсатқа жетуіне оның қатысы аз болған сайын ұмытылу тереңдейді. Сол себепті өткен материалдардың күнделікті қызметке қосылуы ұмытылумен күресудің сенімді амалы болып табылады.

Сонымен бірге жаттаудың алдындағы қызметтің әсерінен ұмытылу орын алуы мүмкін. Ұмыту үрдісін жаттаудан кейінгі әрекетпен жылдамдатуға болады. Уақытша ұмыту ми қыртысындағы сәйкес жүйке жасушаларының зорығуының салдарынан басталған шектік тежелудің нәтижесінде болуы мүмкін. Мұнымен шаршаған күйде жаттау жетістігінің бірден төмендеуін түсіндіреді.

Жоғарыда келтірілген ерекшеліктерді әскери қызметшілерді оқыту және тәрбиелеуді ұйымдастыру кезінде ескеру керек.

Қиял туралы жалпы түсінік

Адам өзін қоршаған ортамен әрдайым байланыста болады. Секунд сайын біздің сезім органдарымызға ондаған және жүздеген түрлі стимулдар әсер етеді, олардың көбі есте қалады. Бұл кезде адам психикасының қызық феномендерінің бірі – өткен практикада қабылданған нақты әлемдегі құбылыстар мен заттардың әсері есте ұзақ уақыт сақталып қана қоймайды, белгілі бір өңдеуден өтеді. Бұл құбылыс бізге қоршаған ортаға әсер етіп және мақсатты әрекетпен оны өзгертуімізге мүмкіндік береді.

Адамның жаңаны жасау үрдісін қарастырып тағы бір психикалық үрдіске кездесеміз. Оның мағынасы адам өзінің санасында шындықта жоқ бейнені жасайды, мұндай бейнені жасаудың негізі біздің өткен тәжірибеміз, объективті шындықпен әсерлесіп бұрын қабылдаған көріністер бен көргеніміз болып табылады. Бұл жаңа психикалық бейнелерді жасау үрдісі қиял деп аталады.

Сонымен, қиял – шын өмірде кездесетін көріністерді түрлендіру және осының негізінде жаңа көріністерді жасау үрдісі.

Қиял үрдісі кезінде адам қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарды оларды құраушы элементтерге ойша бөлшектейді, сосын осы элементтерді жаңадан ерекше қылып құрастырады, нәтижесінде оның санасында жаңа байланыстар және құрылымдар, заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесі, жаңа ой пайда болады. Сезу мен көру сияқты қиял психикалық танымдық үрдіс болып табылады және объективті шындықты бейнелейді. Оның басқа танымдық үрдістерден айырмашылығы объективті шындықтың бұл бейнесі нақты зат пен құбылыстан бөлінген түрде жүреді.

Физиологиялық тұрғыдан қарағанда қиял дегеніміз мидың бөлек бөлімшелерінің арасында уақытша байланыстарының жаңа жүйесін жасау үрдісі. Қиял үрдісі кезінде уақытша жүйке жүйелері бұзылып қайта бірігеді, жүйке жасушаларының топтары жаңаша байланысады. Бірақ бұл пікір қиялдың физиологиялық негізінің жалпылама түсінігі болып табылады. Қиял механизмі біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі болуы мүмкін.

Қиялды бірнеше түрге бөлуге болады (4.9.-сурет).



4.9.-сурет.

Қиял түрлерінің әрқайсысының әскери қызметшінің қызметінде өзіндік орны бар. Мысалы, армандау қызметтің негізгі түртіктерінің бірі болуы мүмкін. Арман – адамның болмысты өзгертуге бағытталған шығармашылық күшін іске асыруға қажетті болашақтың бейнелері.

Қиял белсенді және енжар болады. Бірінші жағдайда жеке адамның айналаны өзгертуге бағытталған шығармашылық қызметінің шарты ретінде болса, екіншісінде әрекеттің орнын басады. Енжар қиял деп қиялдау немесе ұйқылы-ояу жағдайын айтады.

Қиял еріксіз емес болуы мүмкін (әдейі емес). Бұл жағдайда адам санасында бейнелер мен ойлардың ақылға сыймайтын байланыстары оның қалауынсыз пайда болады, мысалы, ұйқылы-ояу жағдайда, шаршаған кезде және ұйқыда. Қиял, егер ол әдейі пайда болса және саналы түрде қойылған мақсатқа бағынса, ерікті деп аталады.

Қиялдың шығармашылық түрі деп жаңа бейнелерді өзінше жасауды айтады. Шығармашылық қиялды қоғамға пайдалы жаңа негізді нәрсені ойлап табуға бағытталған қызметке енгізу керек. Қиялдың жаңа бір түрі – жаңғыртушы қиял Жаңғыртушы қиял жанама мәлімет немесе сипаттамасы бойынша есте бейне жасауға мүмкіндік береді. Осы арқылы біз ешқашан көрмеген затты оқығанымыз немесе естігеніміз бойынша елестете аламыз.

Офицерге түрлі тапсырмаларды орындау үшін дамыған қиял қажет. Қарамағындағыларды үйретіп және тәрбиелей жүріп командир олардың қандай қасиетін дамыту керектігін білуге және әскери қызметші тұлғасының нақты және айқын қалыптасу үрдісін болжауға тырысады. Офицерге қиял әскерді ойдағыдай басқару үшін керек. Тапсырманы анықтап, жағдайды бағалап және шешім қабылдай отырып, офицер ойша болашаққа көз жіберіп, өзінің және қарсылас әскерінің әрекет ету мүмкіндіктерін, олардың сипатын, ойын, бағытын, уақытын және орнын және тағы басқаларын қиялдауы керек. Сондықтан қиял соғыс пен операция жоспарын жасауға көмектеседі.

Қиын жағдайларда, қысылтаяң шақтарда және қауіпті жағдайларда әскери қызметшінің қиялдауы маңызды. Ол түрлі қызметтерге қосылған, себебі олардың нәтижесіне әсер етеді. Сондықтан жауынгерлік дайындық үрдісінде қиялды да дамыту керек.

Қызметті ұйымдастыру және орындау үрдісінде қиял орын алады, осылайша ол қалыптасады және дамиды. Бірақ қиял сияқты белсенді және шығармашылық жұмыс тек белсенді және шығармашылық қызмет кезінде ғана дамиды. Сондықтан жауынгердің қиялдауын дамыту оның толық тұлға болып қалыптасуымен тығыз байланысты.

Басқа психологиялық үрдістер сияқты қиял де әскери қызметшінің қандай да бір қызметте тәжірибе жинауымен дамиды. Ұрыс жағдайындағы өзінің орнын әскери қызметші оқу материалы, көркем әдебиет шығармалары, кино, сурет, скульптуралардың көмегімен өңделген қиялдар негізінде елестете алады. Бұл істе офицерлердің

рөлі үлкен Тек қана солар жауынгердің қиялды тиімді дамытуында тәжірибе жинауын ұйымдастыра алады.

Әскери қызметшіде қиялды қалыптастырудың басты бағытының бірі – оқу сабақтарын ұрыс жағдайындағы қимылдарға мейлінше жақындату. Ұрыс жағдайында пайда болған қорқыныш сезімі жеткілікті практикалық тәжірибемен бекітілмегендіктен болуы мүмкін жағдайлардың санада қиялын қалыптастырған қиялдың жұмысының әсерінен болады. Сонымен бірге бұндай елестету шындыққа үйлеспейді. Мұны болдырмау үшін әскери қызметші қазіргі заманғы соғысының күрделі, қиын және қауіпті жағдайларында дұрыс, белсенді әрекет етуге үйренуі керек, себебі мұндай жағдайларда өздігінен әрекет етудің үлкен тәжірибесі болса ғана өзінің қиялын басқара алады. Әскери қызметшінің соғыс шындығымен танысуы, қазіргі заман соғысының қиындығы мен қаупін ойдағыдай жеңіп шығу тәжірибесін жинауы оның өзінің қиялын басқару қабілетін қалыптастырады.

Қиялды жоғары деңгейге жеткізу әскери қызметшіге күрделі соғыс техникасы мен қаруды басқару үшін қажет. Бұл пысықтауыш оқу үрдісін қиялды дамытуды ескеріп ұйымдастырылуын анықтайды.


Ойлау туралы жалпы түсінік

Сезу мен қабылдау шын әлемнің белек заттары мен құбылыстары туралы білім береді. Бірақ бұл мәлімет жеткіліксіз. Адам жақсы өмір сүріп және еңбек етуі үшін қандай да бір құбылыстардың, оқиғалардың немесе өзінің әрекеттерінің нәтижелерін алдын ала болжау керек. Бір нәрсені білу болжауға жеткіліксіз. Мысалы, қағаз бетіне жанған шырпыны тигізсе не болады? Ол әрине, жанады. Бірақ бұны біз қайдан білдік? Шамасы біз осындай тәжірибе жасап көргенбіз немесе ата-анамыз, достарымыз бен таныстарымыз қағазды отқа салса не болатынын айтқан. Біз бар мәліметтен логикалық қорытынды жасадық. Бірақ біз бұл қорытындыны шығару үшін бұл қағаздың қасиеттерін басқа қағазбен салыстырып, оларды сипаттайтын ортақ нәрселерді тауып, содан кейін егер отқа жанасса қағазға не болатыны туралы қорытынды шығардық. Осыдан, алдын ала болжау үшін жеке нәрселер мен дәлелдерді талдап және осы талдаулардан осыған ұқсас басқа жеке заттар мен дәлелдерге қатысты қорытынды жасау керек.

Мұндай жекеден жалпыға және жалпыдан қайта жекеге өту ойлау деп аталатын ерекше психикалық үрдістің арқасында жүзеге асады. Ойлау – ең жоғарғы психикалық танымдық үрдіс. Бұл үрдістің мағынасы

адамның шындықты шығармашылық бейнелеу және түрлендірудің танымдық негізінде жаңа білімді тудыру болып табылады. Өзгеше психикалық үрдіс ретінде ойлаудың өзіне тән сипаттамалары мен белгілері бар (4.10-сурет). Мұндай белгінің біріншісі қорытындыланған бейнесі болып табылады, себебі ойлау дегеніміздің өзі шын өмірдегі заттар мен құбылыстардың жалпы бейнеленуі және қорытындыны жеке заттар мен құбылыстарға қолдану.

Ойлаудың екінші маңызды белгісі объективті шындықты қорытындылап тану. Қорытындылап танудың мағынасы заттың қасиеті не сипаты туралы онымен тікелей байланыста болмай-ақ, жанама мәліметтерге талдау жасау арқылы пікір айта аламыз. Мысалы, даланың жылы не суық екенін білу үшін далаға шығып, қоршаған ортаның біздің сезім мүшелеріне жылы не суық әсер еткенін сезінеміз. Бірақ көбіне біз басқаша істейміз: егер біз даланың жылы не суық екенін білгіміз келсе сыртқы термометрді қолданамыз немесе ауа райы мәліметтерін тыңдаймыз және сыртқы ортаның температуралық сипаттары туралы мәліметтерден даланың жылы не суық екендігіне қорытынды шығарамыз. Осы жолмен келген білім қорытындыланған деп аталады, ал осы білімді алу үрдісі шындықты қорытындылап тану деп аталатын ойлау үрдісінің бір түрі болып табылады.



4.10.-сурет.

Ойлаудың келесі маңызды ерекшелігі, таным үрдісі немесе практикалық әрекет кезінде пайда болған қайсыбір мәселенің шешімі мен ойлау әр кез байланыста болады. Ойлау үрдісі шешуге тура келген қиын жағдайға тап болғанда айқын көрініс береді. Осыдан ойлау ерқашан жауабын табуды мақсат еткен сұрақтан басталады. Бұл кезде

сұрақтың жауабы бірден келмейді, тек үрдісінде бар мәліметтерді түрлендіріп және өзгертетін белгілі бір ақыл-ой операциясының көмегімен табылады.

Осылайша, ойлау – шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың маңызды қасиетінің, байланысының және қатынастарының бейнесі, шындықтың қорытындыланған бейнесінің үрдісі.

Ойлау адам миының қызметі ретінде әлеуметтік қамтылған үрдіс. Ол басқа адамдармен бірге еңбек еткенде, қарым-қатынаста дамиды. Ойлау көзі, оның негізгі мақсаты және ақиқат белгісі қоғамдық тәжірибе болып табылады. Бұл кезде басты рөлді сөйлеу атқарады. Сөйлеу ойлаудың құралы ретінде көрініс береді. Белгілі бір түсініктің сөзбен бекітілуінің арқасында пайда болған ой жоғалмайды және өшпейді, сөйлеу тұжырымында берік сақталып қалады. Белгілену, бекітілу, сақталу және білімнің тілдің көмегімен бір адамнан екіншісіне, ұрпақтан ұрпаққа берілуі білімнің тарихи сабақтастығын жасайды.

Осылайша, адам ойы тілмен, сөйлеумен жеке де, қоғамдық тұрғыда да нық байланысқан. Бірақ сөйлеу мен ойлауды теңестіруге болмайды. бұлар бір нәрсе емес. Сөйлеу мен ойлаудың әртүрлі психикалық үрдіс екендігін бір ойды түрлі сөздермен жеткізуге болатындығы дәлелдейді. Сонымен бірге ойлау мен сөйлеудің дамуы бір-бірімен тығыз байланысқан.

Ойлау үрдісінің мәнін құрайтын ақыл-ой операциясының негізгі түрлері салыстыру, анализ және синтез, абстракциялау және нақтылау, индукция және дедукция болып табылады.

Анализ – тану нысанының бөлшектер мен құрауыштарына жіктелуі, ондағы белгілі бір жағын, элементтерін, қасиеттерін, байланыстарын, қатынастарын айыру. Әрбір затты, құбылысты элементтерге ойша бөлшектеуге болады. Бұл кезде заттың қандай да бір қасиеттері көрінбей қалады.

Бүтіннің анализ арқылы бөлінген компоненттерінің бірігу үрдісі синтез деп аталады. Синтездеу үрдісінде тану нысанының бөлшектенген элементтерінің қосылуы, бірігуі, анализбен анықталған маңызды байланыстарының негізінде бүтіннің қалпына келуі жүреді. Анализ бен синтез табиғатында қарама-қарсы үрдістер болса да, айырылмайтын тұтастықта жүзеге асады.

Қайсыбір мәселені шешкенде адам қоршаған әлемнің нысандарына анализ жасайды және оларды тікелей қабылдауға келмейтін жаңа байланыстарға ойша қосады. Осылайша зерттеліп жатқан нәрселер мен құбылыстардың жаңа қасиетін анықтайды.

Ой операциясының басқа түрі – салыстыру. Салыстыру – заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың бір-бірімен салыстырылымы

немесе ара-қатынасы, олардың ортақ қасиетін және айырмашылығын бөліп қарау. Ол санаға заттар мен құбылыстардың ерекшеліктерін толық көруіне мүмкіндік береді. Салыстыру барысында заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың ортақ және айырмашылықтары анықталады. Бұл кезде салыстыру жинақтап қорытудан бөлек емес. Жинақтап қорыту – заттардың, құбылыстардың және оқиғалардың ортағын табу үрдісі.

Келесі ой операциясы – абстракциялау. Абстракциялау – заттардың, құбылыстардың болмашы белгілерін ойша анықтап, оның ішінен негізгісін, бастысын табу. Абстракциялау операциясы болмаса, түсінік қалыптаспайды. Бірақ түсініктің ойдағыдай қалыптасуы тек абстракциялауға ғана емес, нақтылауға да байланысты. Нақтылау – нақты нысан немесе құбылыстың маңызды қасиетін табу. Тек нақтылау мен абстракциялаудың қосындысы түсініктің толық және дәлдігін қамтамасыз етеді.

Түсінік – адамдардың қоғамдық-тарихи даму барысында жинаған тәжірибе мәліметтері жинақталып қорытылған ойлау формасы. Түсініктің жасалуының бастапқы дерек көзі нысандардың сезімдік бейнелері болып табылады. Бірақ бұл мәліметтер жеткіліксіз. Түсінікке заттар мен құбылыстардың табиғатын көрсететін маңызды деген қасиеті бекітіледі. Түсінік жасалуы үшін ойлау сезімдік таным аясынан шығу керек. Ойлау үрдісі кезінде адам санасы бірлі-жарым, кездейсоқ бейнелерден босатылады және нақты шындықтағы заттар мен құбылыстардың объективтік қатынастарының орнын басатын сөз, белгі, формулалардың көмегімен осы қатынастарды жақсы қамтиды, оларды нақтырақ көрсетеді және түрлі жағдайларға қолданады. Сондықтан ең абстракттылы деген түсініктің артында объективті қасиеттері, байланыстары және қатынастары бар нақты нысан тұрады.

Әрбір адамның санасында қоршаған қоғамдық және табиғат әлемінің тұтастығын көрсететін түсініктің азды-көпті бүтін жүйесі бар. Сондықтан адамда қандай да бір жаңа түсінік қалыптасқанда осы адамда бұрын қалыптасқан түсінікке сүйенеді.

Түсініктен басқа ойлау пікір және ой қорытындысы түрлерінде жүреді. Пікірде заттар немесе құбылыстардың қасиеттері арасындағы қандай да бір байланыс қатынастар дұрысталады немесе бұрысталады. Түсінік және пікірлермен ой қорытындылау үрдісті байланысты, яғни бір пікір басқасынан шығады, жаңа білім көне, белгілісінен шығады. Ой қорытындылау ойлаудың бір түрі ретінде индукция (жеке жағдайлардан жалпыға) және дедукция (жалпы

жағдайдан жеке жағдайға) операцияларының қолданылуымен жүзеге асады. Бірақ индукция мен дедукция – мазмұны бойынша қарама-қарсы болса да, өзара байланысқан операциялар. Олар бір-бірін толықтырады және тексереді.

Ойлауды жайшылықта мынадай түрлерге бөледі: көрнекі-әрекеттік және көрнекі бейнелік түрлерден тұратын тәжірибелік ойлау және теориялық (абстрактілі-логикалық) ойлау. Бөліну негізі етіп адамның ойлау әрекетіндегі теория мен тәжірибенің рөлі мен орнын қабылдаған. Тәжірибелік әрекет ойлаудың дамуында бірінші болып табылады. Оның ішінде теориялық ойлау әрекеті кейін бөлініп шығады. Осыдан адамзаттың тарихи дамуы сияқты, осы адамның психикалық даму үрдісі де тәжірибелік әрекет болып табылады. Осының ішінде көрнекі-әрекеттік ойлау дамиды. Ойлаудың мұндай түрін дамыту ұшқыштар, соғыс машиналарының жүргізушілері, соғыс есептерінің нөмірлерінің операторлары үшін өте маңызды.

Көрнекі-бейнелік ойлау кезінде тәжірибелік әрекетпен байланыс сақталады, бірақ көрнекі-әрекеттік ойлау жағдайындағыдай тығыз, тура және тікелей болмайды. Тану барысында адам нысанды анық елестетеді және көрнекі бейнелермен ойлайды. Келесі әрекеттерде ол өзінде пайда болған көрнекі бейнелерді қолданады. Осылайша шешім қабылдап, командир болашақ соғыстың көрінісін бейнелеп елестетеді. Оның жер жағдайы, техника мен қару-жарақтың мүмкіндіктері туралы мәліметтері көп болған сайын, айқын көріністері көп болған сайын, карталар мен схемалар арқылы оған соғыстың нақты жағдайын көру және жинақтап қорытылған шешім қабылдау үшін оларды ой елегінен өткізу жеңіл болады. Көрнекі-бейнелік ойлау схемалар, көрнекі оқу құралдары арқылы оқуға көмектеседі. Көрнекі-бейнелік ойлауды іске қосу оқу бағдарламасын игеру тереңдігін қамтамасыз етеді.

Теориялық (абстрактілі-логикалық, түсініктік) ойлау – абстракт түсініктерде ойлау. Ойлаудың бұл түрі офицер күш пен құралдардың ара-қатынасы, әскердің моральдық жағдайы, материалдық қамтамасыздандырудың мүмкіндігі және т.с.с. түсініктерге сүйенгенде анық көрініс береді. Теориялық ойлау логикалық ережелер негізінде жүзеге асады және заттар мен құбылыстар арасындағы қатынастар мен себеп-салдарлық байланысты көрсетеді.

Жеке адамның ойлауындағы айырмашылықтар туралы айтқанда біз нақты адамның ойлауының сапалы сипатын меңзейміз. Ойлау сапасына келесі сипаттарды: тереңдік, мақсатқа талпынушылық, тәуелсіздік, икемділік, сыни көзқарас, жылдамдық, кезеңдік және т.б. жатқызады.

Ойлау тереңдігі маңызды сын таба алуда көрініс береді, өздігінен жаңа қорытындыға келеді. Бұл қасиет әскери қызметшінің бөлек дәлелдерде тұрақтап қалмай, бақыланған құбылыстың заңдылықтары мен себептерін ашуына мүмкіндік береді.

Ойлаудың мақсатқа талпынушылығы алаңдамай және шешімді іздеуді тоқтатпай белгілі бір мақсатқа ойды жинақтай алу мүмкіндігі. Мақсатқа ұмтылушылық сонымен бірге ерік, сезімінің дамуымен анықталады және соғыстың күрделі, қиын және қауіпті жағдайларында тапсырманы ұзақ уақыт орындағандағы офицердің тұрақтылығы мен қайсарлығынан көрініс береді. Ойлаудың тәуелсіздігі жаңа сұрақты қою, мәселені ғылыми негіздеу және оларды өз күшімен шешуде көрініс береді. Бұл басқалардың ықпалына берілмей, өз көзқарастарына сәйкес шешім қабылдап және әрекет ету қабілеті.

Ойлаудың икемділігі деп тапсырманы шешу барысында кездейсоқ пайда болған шарттарды қанағаттандырмаса, тапсырманы шешудің белгіленген жолын өзгерте алуын айтады.

Ақылы икемді әскери қызметші құбылыстардағы қайшылықтарды анықтай алады, жағдайдың өзгеруін уақытында аңғарады, бұрын қабылданған шешімге өзгеріс енгізеді.

Ойлау жылдамдығы өте қысқа уақытта дұрыс, дәлелденген шешімді қабылдау керек болған жағдайда өте қажет (мысалы, соғыс, апат кезінде және т.б.). Ойлаудың бұл сапасын дамыту көбінесе жауынгердің көптеген мәліметтерді талдап және қорыту қабілетіне тәуелді. Ойлау жылдамдығы күрделі соғыс-оқуы және соғыс жағдайындағы жылдам өтетін оқиғаларда ойланудың жылдамдығын арттыруға көмектеседі.

Ойлау кеңдігі әскери қызметшіге заттар мен құбылыстар арасындағы көптеген байланыстарды аңғару және өзінің бақылауында үнемі ұстап тұруға мүмкіндік береді. Офицер шешім қабылдай отырып, әскери істің түрлі салаларының үлкен көлемдегі мәліметтерге, бақаланушы жағдайдың кең аумақты мәліметтеріне және де көптеген дерек көздерінен жиналған тәжірибелерге сүйенеді.

Офицерлердің, сержанттардың және басқа категориялардағы әскери қызметшілердің ойлау әрекеті қазіргі заманғы соғыста ерекше, қиын, күрделі және қауіпті, яғни экстремалдық жағдайда жүзеге асады. Оның ойдағыдай жүзеге асуында әскери қызметшінің жеке тұлғалық қасиеті және оның ойлауының қалыптасу деңгейі үлкен рөл атқарады. Өз кезегінде әскери қызметшінің ойлауының қалыптасу жетістігі әскерде және әскери-оқу орындарында оқу-тәрбие жұмыстары барысында осы үрдісті меңгерудің жетекшілік әдісінің қаншалықты

тиімді екендігіне байланысты. Сондықтан бөлімше немесе бөлім командованиясының ойлауды дамыту бойынша мақсатты әрекеті ғана қазіргі заман соғысының экстремалдық жағдайында әскери қызметшінің қабылдаған шешімінің дұрыстығын қамтамасыз ете алады. Бұл кезде ойдағыдай әскери-кәсіби әрекет үшін шығармашылық ойлаудың маңызы жоғары.

Әскери қызметшінің шығармашылық ойлауы деп оның ақыл қабілетінің, соның ішінде әскери қызметтегі әдеттегідей емес, қиын тапсырмаларды ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретін әскери-кәсіби қабілеттің ең жоғарғы даму деңгейін айтамыз. Әдеттегідей емес тапсырма деген не?

Әдеттегідей емес тапсырмалар шарттарының түбегейлі жаңалығымен, олардың шешудің белгілі ережелерінің жоқтығымен сипатталады. Мұндай тапсырмалар әскери-кәсіби қызметті орындаған үрдісте пайда болады. Оларды ойдағыдай орындау үшін әскери қызметшіде белсенді ой болу керек, себебі жеткілікті мақсатқа талпынушылығы, танып білуге көңіл аударуы жоқ енжар ойлану шығармашылық үшін қажетті ақпаратпен миды қамтамасыз етуге қабілетсіз. Өз кезегінде әскери қызметшінің шығармашылық ойлауы танымның жылдамдығы мен тереңдігінің қосындысын табысты болжайды. Соғыс жағдайының құбылысты бағалау тездігі құбылыстан маңыздылыққа өту қабілетіне, жаңа білім алу үшін минимум ақпаратты қолдануға тәуелді. Соғыс кезіндегі қауіпті жағдайларда ойлау санасын арттыруды қамтамасыз ететін психиканың белгілі бір эмоционалдық көңіл күйі әскери қызметшінің шығармашылық ойлауының маңызды шарты болып табылады. Бұл сапаны Б.М.Теплов «максимал қауіп жағдайында ақылдың максималды нәтиже беруге қабілеттілігі» деп анықтаған.

Шығармашылық ойлаудың қалыптасу шарты жинақтық (кешендік) болып келеді. Бұл шартта заман ерекшеліктері сияқты әскери қызметші өзінің функционалдық міндеттерін орындайтын армиялық шарттармен тікелей шартталған факторлардың ең кең спектрі бар. Бірақ бұл шығармашылық ойлану стихиялық түрде қалыптасады дегенді білдіреді. Бұл мәселені шешуде үйрету мен тәрбиелеу үрдісінде қолданылатын педагогикалық және психологиялық әдістер жетекші рөл атқарады.

Жауынгердің, офицердің шығармашылық ойлауын ойдағыдай дамыту және қалыптастыру үшін оларға қажетті білім жинағын беру жеткіліксіз. Әскери қызметшілерді алған білімін қызметтің түрлі жағдайларында қолдануды үйрету маңызды. Сондықтан алған білімін

далалық сабақтарда әрқашан өзгеріп тұратын жағдайда алған білімін жүзеге асыруды мақсатқа сәйкес істеу керек. Тактикалық сабақтар үрдісінде шығармашылық қабілетті дамыту үшін қарамағындағылардың әрекеттері мен олар қабылдаған шешімдердің ойластырылған және жан-жақты талданған шығармашылықпен құрастырылған жазбалардың күтпеген кіріспелерінің тәжірибесі ерекше рөл атқарады.

Сөйлеу туралы жалпы түсінік

Адамның жануарлардан артықшылықтарының бірі, оның физиологиялық, психикалық және қоғамдық дамуының заңдылықтарын көрсететін ерекше психикалық үрдіс сөйлеу деп аталады. **Сөйлеу** – адамдардың тіл арқылы қатынас жасауы. Басқаның сөзін түсіну үшін тілді білу және оны қолдана білу керек.

Психологияда «тіл» және «сөйлеу» түсініктерін бөліп қарастырады. **Тіл** – адамдар үшін белгілі мәні және мағынасы бар дыбыстардың қосындысы арқылы берілетін шартты символдар жиынтығы. Тілді қоғам жасайды және қоғам санасындағы олардың қоғамдық болмысын көріну формасы болып табылады. Тіл қатынасу үрдісінде қалыптаса отырып, қоғамдық-тарихи дамудың өнімі болып табылады. Бұл кезде тіл феномендерінің бірі әрбір адам қоғам бұрыннан сөйлеп жүрген тілге тап болады және өзінің даму үрдісінде оны үйренеді. Бірақ тілді білумен қатар өз кезегінде сол тілдің дамуы мен жетілдірудің потенциалды көзі болады.

Тіл – өте күрделі құрылым. Әрбір тіл **тілдің лексикалық құрамы** деп аталатын мағыналы сөздердің белгілі бір жүйесінен тұрады. Бұдан басқа **тіл грамматикасын** құрайтын сөз бен сөз тіркестерінің түрлі формаларының белгілі бір жүйесінен және де осы нақты тілге ғана тән белгілі бір дыбыстардан немесе **фонетикалық құрамынан** тұрады.

Тілдің негізгі мақсаты белгілер жүйесі бола отырып, әрбір сөзге белгілі бір **мағына** беруді қамтамасыз ету. Бұл кезде кез келген сөздің мағынасы әрқашан талдап қорытылғанын ескеру керек. Сондықтан адамның ойлауы мен сөйлеуі тұтас дамиды және көрініс береді, бірақ бұлар тепе-тең түсініктер емес.

Сөйлеудің негізгі функцияларына ақпарат алу, белгілеу, айту, әсер етуді жатқызады. Сөйлеу арқылы біз өзіміздің ойымызды айтамыз, сөзге арқау болған зат немесе құбылысқа өзіміздің қатынасымызды білдіреміз. Бірақ табысты әскери-кәсіби қызмет үшін сөйлеудің әсер етуші функциясы маңыздырақ.

Сөйлеудің әсер етуші функциясы – сөздің көмегімен адамды тапсырма орындауға итермелеу. Сөздің әсері адамдарды психикалық жағдайын, сезімін және әрекеттер сарынын өзгертеді, айтушымен іштей келісімге әкеледі. Сөздің әсер етуші функциясы оқу-тәрбиелеу жұмысында, басшылықта және басқаруда кеңінен қолданылады. Бұл кезде сөздің бұл функциясы оның мазмұндылығымен, түсініктілігімен, қажеттілігімен, айқындылығымен және тыңдаушылар үшін маңыздылығымен, және де сыртқы мінез-құлықтың әсерімен қосылуының арқасында пайда болады.

Сөйлеудің бірнеше түрі бар: ауызша, жазбаша және іштей. Өз кезегінде ауызша сөйлеу диалогтық және монологтық болып бөлінеді. Диалогтық сөйлеуді біз әңгімелескенде қолданамыз. Сұхбаттасушының болуы сөйлеген кездегі кейбір сәттерді алып тастауға мүмкіндік береді. Ғылыми айтыс кезінде, командир қызмет сұрақтары бойынша қарамағындағылармен сөйлескен кезде және т.б. сияқты басқа жағдайларда диалогтық сөйлеу толық болады. Бұл жағдайларда сөйлеудің мазмұндылығы мен айқындылығын толық беретін толық сөйлемдер қолданылады.

Монологтық сөйлеу – бір адамның сөзі, мысалы дәріс, баяндама. Бұнда тікелей байланыс әлсіз, сөйлеген сөзді тыңдаған адамдардың сөзді қалай қабылдағанын айту қиын. Монологтық сөйлеу көп білімді, жалпы мәдениетті, дұрыс сөйлеуді, өзін ұстауды, ақпаратты анықтауды, салыстыруларды орынды қолдана білуді керек етеді.

Ауызша сөйлеуді күнделікті қарым-қатынаста қолдану қатынас сөйлеуі деген атқа ие болды. Оның әсері әскери қызметшілердің өмірі мен қызметінің барлық бағытына таралған. Ол қарым-қатынасқа, қоғамдық пікірдің қалыптасуына әсер етеді. Сөйлеуді дұрыс қолдану офицердің қарамағындағыларға ықпалын арттырады, олардың психикасы мен мінез-құлқына әсер ету, жанжалдарды болдырмау және ескерту, тәрбиелеу және қате көзқарастарға ұрындырмау, алға қойған мақсаттарға жетуге қарамағындағыларды жұмылдырудың маңызды құралы болып табылады.

Жазбаша сөйлеу дегеніміз – сөйлеу ақпаратын әріптік белгілеулер арқылы беру үрдісі. Қатынастың бұл түрі өте қиын. Психикалық жағдайды, эмоцияны, ойды жеткізу үшін мөлiмeттердi, дәлелдердi толық, бiртiндeп және түсiнiктi қылып баяндау керек. Екпiннiң жоқтығын бейнелiк сөздердi қолданып, сөйлем көлемiн тыныс белгiлерiмен реттеп, және т.с.с. толықтыру керек. Ауызша сөйлеуде қайталауға болады, ал жазбашада болмайды.

Іштей сөйлеу ойша айтылады. Сөйлеудің бұл түрі қатынас функциясын атқармайды, ойлау үрдісін жүзеге асыруға қызмет етеді және ой әрекетінің қалыптасуының негізі болып табылады. Біз басқа адамдарға айтқымыз келген нәрсені көбінесе іштей айтамыз. Сондықтан ішкі сөйлеу сыртқы сөйлеудің мағыналық жағын қамтамасыз етеді.

Әскери қызметшінің сөйлеуі формасы бойынша да, мазмұны бойынша да әскерлік өмірдің таңбасынан тұрады. Әскери қызмет қажеттілігінен командалық сөйлеу туындады. Жарғы (устав) мен ережелер әскери қызметшінің сөйлеу қатынасының тәртібін, бұйрық, талап, баяндамалардың толтырылуын анықтайды. Командалық сөйлеу айқындылығымен, анықталғандығымен, қысқалығымен, тиянақтылығымен, ақылға сыйымдылығымен ерекшеленуі керек. Мағынасының аяқталмағандығы, анықсыздығы пәрменнің (команда), бұйрықтың орындалуын тежейді. Бұйрықтың талаптың бір мағынада болмауы қате әрекеттерге апарады.

Командалық сөйлеуді қабылдау тереңдігі бірнеше шарттарға тәуелді. Бұйрық, талап анық, дәл және анығырақ келтірілген сайын әскери қызметшінің оны түсінуі және анықтауы жеңіл әрі толық болады. Бұйрықтың қысқалығы, ұстамдылығымен бірге командирдің сыртқы сабырлығы қарамағындағыларға тапсырманы ойдағыдай орындауына сенімділік береді. Сонымен бірге бұйрық сөздерінде, әсіресе соғыста, жауынгерге, сержантқа немесе офицерге, олардың батылдығына деген құрмет сезімі тұруы керек. Тәжірибесіз әскери қызметші осындай қолдауға ерекше мұқтаж болады.

Командир беделі қарамағындағыларға оның сөзінің сенімді әсер етуін арттырады. Беделді командирдің бұйрығы, талабы қарамағындағыларға іштей қабылданады, олардың әрекетіне түрткі болады. Жауынгердің командалық сөйлеуді дұрыс қабылдауы үшін олардың тәртібі мен басқа қасиеттерін қалыптастырып, алдын ала дайындау керек.

Осылайша офицер өзінің сөйлеуін дамытуы керек. Командалық сөйлеу дағдысы әрекеттің автоматтандырылған компоненттері сияқты әркімде әртүрлі дамиды. Сондықтан сөйлеу дағдыларын қалыптастырғанда индивидуалдық әдістер керек. Бірақ, көптеген жағдайда бір ғана жол бар: көркем әдебиет оқу, семинар сабақтары мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласу.

Бақылау сұрақтары:

1. Түйсіну деген не? Бұл психологиялық үрдістердің негізгі сипаттары қандай?
2. Түйсінудің физиологиялық механизмі не? Талдағыш деген не?
3. Түйсінудің негізгі түрлерін сипаттаңыз.
4. Түйсінудің абсолют және салыстырмалы шектері туралы не білесіз?
5. Сенсорлық бейімделу құбылысы туралы айтыңыз.
6. Әскери-кәсіби қызметтегі түйсінудің психологиялық механизмдерін қалай түсінуге болады?
7. Қабылдауды танымдық психологиялық үрдіс ретінде сипаттаңыз.
8. Түйсіну мен қабылдаудың арасындағы байланыс неде?
9. Қабылдаудың негізгі қасиеттерін сипаттаңыз.
10. Қабылдау иллюзиялары туралы не білесіз?
11. Қабылдаудағы индивидуалдық ерекшелік неден көрінеді?
12. Зейінге психологиялық үрдіс ретінде сипаттама беріңіз.
13. Зейіннің қандай түрлерін білесіз?
14. Зейіннің негізгі қасиеттерін айтыңыз.
15. Табысты әскери-кәсіби қызметтегі зейіннің мәні туралы айтыңыз.
16. Түсінікке танымдық психологиялық үрдіс ретінде анықтама беріңіз.
17. Түсініктің индивидуалдық ерекшеліктері неден көрінеді?
18. Еске танымдық-психологиялық үрдіс ретінде сипаттама беріңіз.
19. Естің негізгі түрлерін сипаттап беріңіз.
20. Естің индивидуалдық ерекшеліктері туралы айтыңыз.
21. Қиялға психологиялық үрдіс ретінде сипаттама беріңіз.

22. Қиялдың қандай түрлерін білесіз?
23. Әскери-кәсіби қызметтегі есепті шешудегі қиялдың рөлін көрсетіңіз.
24. Ойлаудың негізгі сипаттарын атаңыз.
25. Ойлаудың негізгі типтерін сипаттаңыз: көрнекі-бейнелік, көрнекі-әрекеттік, түсініктік, ауызша-логикалық және т.б.
26. Ойлаудың негізгі формалары туралы айтыңыз.
27. Негізгі ойлау операциялары туралы айтыңыз.
28. Сөйлеудің жалпы сипаттамасын беріңіз.
29. Сөйлеудің негізгі функциясы туралы айтыңыз.
30. Сөйлеудің негізгі түрлерін сипаттаңыз.

5-тарау. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ ТҰЛФАСЫ

● **Тұлға туралы жалпы түсінік.** Тұлғаның анықтамасы. Тұлғаның негізгі қасиеттері: бағытталуы, қабілеті, темпераменті, сипаты.

● **Тұлғаның бағытталуы.** Тұлғаның бағытталуы туралы жалпы түсінік. Бағытталудың негізгі түрлері: ынталық, тілек, ұмтылыс, қызығушылық, ыңғайлық, идеал, сену. Түрткі және мотивация туралы түсінік. Адам қажеттілігі және оларға сипаттама. Іс-әрекет мақсатының түсінігі. Адам мотивациялық сферасының негізгі сипаттамалары. Әскери қызметші бағытталуын қалыптастырудың негізгі сипаттамалары.

● **Қабілеттер.** Адам қабілеттері мен нышандары туралы жалпы түсінік. Қабілеттерді топтастыру. Қабілет дамуының деңгейлері: қабілет, дарындылық, талант, данышпандық. Әскери қызметші қабілетін дамытудың негізгі заңдылықтары.

● **Темперамент.** Темперамент туралы жалпы түсінік. Темпераменттің негізгі түрлері және оларға психологиялық сипаттама: сангвиник, флегматик, меланхолик, холерик. Темперамент түрлерінің заманауи тұжырымдамалары. Әскери қызметші темпераменті және әскери-кәсіби қызметтің жемістілігі.

● **Мінез.** Адам мінезі туралы жалпы түсінік. Мінез нышандарын топтастыру. Мінез нышандары мен темперамент ерекшеліктерінің өзара байланысы. Әскери-кәсіби қызмет үрдісінде мінездің қалыптасу ерекшеліктері.

● **Ерік.** Ерік туралы жалпы түсінік. Еріктік әрекеттің физиологиялық механизмдері. Еріктік әрекеттің негізгі себептері. Адамның еріктік сапаларына сипаттама: еріккүші, ұстамдылық және өзін игеру, мақсатқа ұмтылушылық, бастамашылдық, шешім қабылдай білу қабілеті, бірізділік. Әскери қызметшінің еріктік сапаларын қалыптастыру.

● **Сезім.** Эмоция мен сезімге жалпы сипаттама. Эмоциялық құбылыстарды топтастыру және олардың сипаттамасы: эмоция, аффекті, сезім, көңіл-күй.

Жеке адам жөніндегі түсінік

Жеке тұлға туралы сұраққа психология әртүрлі, жан-жақты жауап береді, жеке тұлға феноменінің қиындығын шешу әртүрлі қарама-қайшылықтарға кездестіреді. Жеке тұлғаны анықтауда үлкен ізденіске сүйеніп еңбек сіңіреді. Жеке адам түсінігіне байланысты ең алдымен

адамдардың қоғамдық мәнді сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасып көрініс береді.

Әрқандай қоғамға орай адамдардың қасиет, сапа өлшемдері әрқилы келеді. Қоғам социологиясы нақты қоғамның психологиялық құрылымының ең жоғарғы да жетекші деңгейіндегі қажеттік – себеп аймағы. Жеке адамның бағыт-бағдарына, оның қоғамға, басқа тұлғаларға, өзіне қатынасынан және қоғамдық әрі еңбектік міндеттерінен туындайды. Сонымен бірге, жеке адам үшін мәнді құбылыс тек оның ұстаған бағыттары ғана емес, оның өз қатынас мүмкіндіктерін іске асыру қабілеті де үлкен маңызға ие. Ал бұл адамның іс-әрекеттік икемділігіне, оның қабілеті, білімі және ептілігіне, көңіл-күйі, еріктік және ақыл-ой сапаларына байланысып жатады. Адам өмірге дайын қабілет, мінез және қызығушылықпен келмейді, бұлардың бәрі белгілі табиғи негізде адамның өмірі барысында қалыптасады.

Әрқандай қоғамға орай адамның қасиет, сапа өлшемдері әрқилы келеді. Қоғам социологиясы нақты қоғамның психологиялық типін анықтап отырады. Адам тәнінің негізі, яғни генотипі оның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, жүйке жүйесінің қозғалысын белгілейді. Биологиялық құрылым иесі – адам өткен әулеттердің білім, салт, заттай және рухани мәдениеті күйінде топтасқан өмір тәжірибесін игерумен ғана жеке адам дәрежесіне көтеріледі.

Әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әрбір адам жеке адам болып сипатталады.

«Жеке адам» түсінігімен қатар біздің қолдануымызда «адам», «дара адам», «даралық» терминдері бірге жүреді. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігуін «адам» түсінігі қамтиды. Адам – өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Алайда, адам әлеуметтік болмыс-тектік мәнге ие болғанмен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде дара адамдық сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесінен бөлектенбейді.

Дара адам – «*homo sapiens*» тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі адам.

Даралық – нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері.

Адам қабілетіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәтті не сәтсіздігінен байқалады. Қызығушылық адамда объектіні жан-жақты танып білуге ұмтылудан туындайды. Ал бейімділік –

нақты іс-әрекетті орындауға талпыну. Қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себепші, мысалы, адам көркемөнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ ол осы саладағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында келесі сапалық көріністер болуы қажет: ең алдымен еңбексүйгіштік, табандылық, батылдық. Бірақ, осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қол жеткізе бермейді. Негізі, адам өзінің іс-әрекетіне, жеке басына сын көзімен қарап, мінезінің ұнамды, ұнамсыз жақтарын айқын ажырата аларлық деңгейде болуы керек.

Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді. Әртүрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз ететін жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркемөнер, қарым-қатынас және психикалық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллектуалдық деңгейі анағұрлым жоғары болады.

Өзқызығулары бағытында дарынды адамдар қайтпас қажырлылық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі – 3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты.

Адам сезімі – дара тұлғалық қасиет. Осыған орай әр адам нақты жағдайда бір зат не құбылысқа өзінше баға беріп, екінші адамдікіне ұқсамайтын көңіл-күйде болады. Аш адам мен тоқ адамның бір тағамға әртүрлі қатынасы осыдан. Еске түскен заттар не оқиғалардың бағамының бірдей болмауы да осы себеппен түсіндіріледі: әдетте, қуанышты жағдайларда араласқан объектілер (адам, зат, оқиға) жылы сезіммен еске алынады. Әрқандай сезім жеке тұлғаның мәнді сипатын білдіреді.

Сезімдер адамның қоршаған дүниеге қатынасын білдіріп қана қоймастан, ол жөніндегі ақпарат көзі де болып табылады. Бұл тұрғыдан нысан бейнесі эмоцияның танымдық тарапы болады да, ал сол мезеттегі адам кейпі сезімнің субъектив элементін танытады.

Сезімдер адамның қасиеттерімен тығыз байланысты. Субъекті қажеттілігі және сол қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған ерекше қызметіне орай сезімдер екі ірі топқа бөлінеді. Біріншісі – қажет заттардың объектив мазмұнына жаңа, айрықша мән қосып, оларды қанағаттандыру әрекетінің сеп-түрткісіне айналдырушы сезімдер. Мұндай толғаныстардың пайда болуы үшін аса қажетсіну және оған сай заттар қолда болуы керек. Көңіл-күй серпінісі қажеттілікпен үйлесе келе, іс-әрекеттің бастауын береді, оған ынталандырады және бағыт-бағдарлы жетекшісіне айналады. Осылайша, мұндай сезімдер іс-әрекетпен сәйкестікке түседі. Бұл эмоциялар психологияда жетекші ниеттер деп аталады (В.К.Виллюнас).

Жеке адам дамуы – өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңітіп, қажеттіліктерін арттырып барумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым-қатынастармен өлшенеді. Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адамаралық қатынастары да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары адам өзінің рухани мәртебелігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.

Әрбір жеке адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп береді. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс-тәсілдерімен табуы мүмкін. Жеке адамды танып, білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған қағидаларын жете білуі қажет.

Қоғамдық қатынастарға араласа және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Әрбір дара тұлға өз дербестігі мен ерекшелігіне ие.

Жеке адамның дербестігі оның ең жоғары психикалық сапасы – рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз – адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі – жоғары дәрежедегі саналық жетілу, ізгі мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге, жаман ниеттер мен мезеттік шеншекпеннен, жалған белсенділік пен өтірік-өсектен өзін аулақ ұстай алуы. Ал адамның мұндай қасиет, сапаларды өз бойына дарытуы көбіне қоғамдық салтқа тәуелді.

Адам сезімі тіршілік үшін керекті де пайдалы қасиет. Толғаныссыз өмір – өшкен өмір. Ұлы ғұлама Ә.Науайы «Сезімсіз адам – кесек, махаббатсыз адам – есек» деген екең. Көп сезімдерге адамның өзі құштар. Егер сол сезімдер қандай да бір себептермен болмай қалса, адам «эмоциялық аштыққа» душар болып, оның орнын толтыру

үшін ән-күй тыңдайды, әсерлі фильмдер көріп не қым-қиғаш оқиғалы кітаптар оқиды.

Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар ерісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне байланысты келеді. Шығармашыл тұлға тікелей қоршаған әлеумет шеңберінде қалып қоймай, өзін ауқымды қоғам аймағы негізінде қалыптастыруға ұмтылыс жасайды. Мұндай адам бойында өзі жасаған қауымның, тіпті бүкіл қоғамның болашақ өркениеті көрініп, ол өз дәуірінің сапалық деңгейінен көш ілгері жүреді. Жеке адамның өз дербестігіне ие болуы оның тұйық әлеуметтік топқа бағынышты еместігін көрсетумен бірге, сол адамның жоғарғы деңгейде кемелденгенінің дәлелі.

Жеке адамның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсінуді керек етеді.

Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар: идентификация, яғни дара адамның өзін-басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару үрдісі; персонализация – дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде қадірі барын түсіне білуі, сонымен бірге, нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

Тұлғаның бағыт-бағдары туралы түсінік

Өмірлік бағыт- бағдар жеке адамның жүйелестіруші қасиеті ретінде оның психологиялық қалпын айқындайды.

Адамның іс-әрекетін бағыттаушы әрі оны нақты жағдайларға икемдестіруші тәуелсіз тұрақты мотивтер жиынтығы **жеке адамның бағыт-бағдары** деп аталады. Бағыт-бағдар әрдайым әлеуметтік негізге ие болып, тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Бағыт-бағдар – адамның қасиеттеріне айналған көрсетпе-талаптар. Саналық негізге ие болмаған ықпалдардың бірі – **психологиялық көрсетпе-талаптар**. Көрсетпе-талаптар психологияда жеке адамның қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыру үшін болған әрекетке өзі сезінбеген дайындық, бейімділік қалпын танытады. Көрсетпе талап, қорытындылап айтқанда, объекті белгілі бір күйде қабылдауға, түсінуге, мәнін аңғаруға күні бұрын дайын болып, бейімділік танытып, сол саналық дайындықты өткен тәжірибемен ұштастыра әрекетке кірісуге негіз болады.

Тұрақталған психологиялық көрсетпелер жеке адамның әрекет қылықтарын айқындап отырады. Мұндай көптеген көрсетпе-талаптардың мәнін құрайтын сипат – алдын ала шешімін дайындап қою – адамның жеке тәжірибесінен алынған асығыс, толық пайымдалмаған қорытындылардың немесе белгілі қоғамдық топта қабылданған сіңірлі пікір-ой стандартына бағынышты болудың нәтижесі.

Қоғамдық өмірдің әрқилы жағдайларына байланысты көрсетпелер талаптар ұнамды да ұнамсыз болып, **сенім** сипатын алуы мүмкін. Көрсетпе талаптар құрылымы **үш бөліктен** тұратыны зерттелген: **когнитивтік бірлік** – адамның біліп, қабылдайтын затының бейнесі; **көңіл-күй бағалау бірлігі** – объектіде болған адамның ұнату мен жек көруі; **әрекет-қылық бірлігі** – іс объекті бағытында қандай да әрекет етуге дайын болу, еріктік күштерді іске қосу.

Мұндай мотивтер қатарына, сондай-ақ, дерексізденген ықпал-ниет ретінде **құмарлық та** кіреді. Бағыт-бағдар құрамына өзара байланысты, деңгейі жағынан бірінен бірі жоғары бірнеше формалар кіреді: **құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, бейімділік, мұрат, көзқарас, наным**. Адам бағыт-бағдарының барша формалары оның іс-әрекетінің түрткілері болып есептеледі.

Аталған формалардың қысқаша мәні:

- **Ынта** – бағыт-бағдардың ең қарапайым биологиялық формасы;

- **Ниет** – саналы қажетсіну, толық белгілі затқа құмарлық;
- **Ұмтылыс** – ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болады;
- **Қызығу** – бағыт-бағдардың қандай да затқа ауысуындағы танымдық формасы; Қызығуға еріктік күш қосылса, **бейімділік** пайда болады;

- **Көзқарас** – қоршаған дүние болмысын философиялық, эстетикалық, жаратылыстану және басқа ғылымдар жүйесінде тану;

- **Наным** – адамды өз танымы, қағидасы, көзқарастарына орай әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.

Мотивтер жоғары не төмен деңгейде, саналы немесе санаға тіпті де байланыссыз болуы мүмкін. Адам бағыт-бағдарының басым болуынан саналы мотивтер туындайды. Айта кету керек, қажетсінулер мен мотивтер адам бағыт-бағдарының белгілі бір бөлігін ғана сипаттайды, оның бастау түйіні, іргетасы ғана іспеттес. Осы іргетас негізінде адамның өмірлік мақсат, мұраты қаланады. Мақсат **нақты іс-әрекеттік және өмірлік** болып ажыратылады. Адам өмір барысында көптеген, сан қилы іс-әрекеттерді орындауына тура келеді, ал олардың әрбірі

өзінің нақты мақсатына ие. Дегенмен, әрбір дара іс-әрекеттің мақсаты жеке адам бағыт-бағдарының осы әрекетте көрінетін қайсыбір қырына ғана сәйкес болуы ықтимал. Өмірлік мақсатқа келетін болсақ, ол дара іс-әрекеттермен байланысқан барша жекеленген мақсаттарды біріктіруші фактор. Жеке мақсаттардың әрқайсысы өз орнымен орындалып баруы жеке адамның жалпы өмірлік мақсатының біршама іске асуын қамтамасыз етеді. Адамның жетістік деңгейі өмірлік мақсаттарға байланысты. Осыған орай адам өз келешегінің санадағы болмысын жобалайды. Мақсатты айқын түсіну мен сол мақсатты іске асу жолдарын сезінуден қоғамдық тұлғаның болашағы айқындалады.

Өз болашағын көрегендікпен тани білуге қажет адам қасиеттеріне кедергі болатын жан күйзелістері мен түңілулер психологияда **фрустрация** делінеді. Мұндай психикалық қалып адамда оның мақсатқа жету жолында бой бермес кедергілерге кезіккенде туындайды. Фрустрациялық жағдайдың белгілері – мақсатқа жетудің қажеттілік себебі анық, сонымен бірге оған жетудің жолында күшті кедергі бары да көрініп тұр. Адам мұндайда фрустрацияға түспей, үлкен қиыншылықтарды да жеңе алуы мүмкін. Ал кейбір сындарлы кезеңдерде қиыншылық басымдау келіп, фрустрация өрістеп, ол адамның мақсат жолындағы әрекетінің берекетсіздікке ұшырауына себепші болады. Мақсатты әрекет бұзылысының келесі түрлері (Ф.Е.Василюк) белгілі а) қозғалысты қозу – мәнсіз қимыл-әрекеттер; б) түңіліс; в) ашуға беріліп, әрекеттен қалу; г) стереотип – үйреншікті әрекеттерді ойсыз қайталай беру; д) регрессия – өмірдің алғашқы кезеңдерінде игерілген үлгілерге еліктей, ойсыз қимылдау.

Психологиялық қорғаныс: Көп жағдайда адамның көздеген тұрмыстық қажеттері қандай да себептермен орындала бермейді, оларды қанағаттандырудың мүмкіндігі болмай қалады. Мұндайда әрекет-қылық психологиялық қорғаныс тетіктерімен реттеліп барады. Мұндай психикалық қасиеттер адамға көңіл-күй күйзелістері жағдайында өзінің кісілік дәрежесін сақтап қалуға жәрдем береді.

Психологиялық қорғаныс қызметі өзінің мән-мағынасы бойынша қарама-қарсы екі тарапты құбылыс; бір жағынан, ол адамды өзінің шын мәніндегі ішкі жан дүниелік болмысына сәйкестенуге ойыстырса, екінші жағынан, адамың қоршаған сыртқы әлеуметтік ортаға деген икемділігін кемітеді (Р.М.Грановская). Психологияда көптен белгілі **бітпеген іс әсері** деп аталатын құбылыс бар. Оның мәні – әрқандай кедергі нақты істі доғаруға себепші болады да, адам сол кедергіні жеңбейінше, әрекетін әрі жалғастырмайды не кедергіні жеңу жолдарын

ізвестіруден бас тартады. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша, бітпеген іс адамды әрдайым қимыл-әрекетке итермелейді, ал егер істі орындаудың тікелей жолы табылмаса, ол сол іске тең болған баламалы басқа әрекетке кіріседі. Мұндай психологиялық қорғанысты баламалы әрекеттердің арнайы орайластырылған формасы деп түсінуге болады.

Қорғаныс механизмдері табысқа жетудің қалыпты шарттары мүмкін болмаған кезде немесе адам істің түбегейлі бітпейтінін сезген кезде әрекетке келеді. **Психологиялық қорғаныстың түрлері:** жоққа шығару, ығыстыру, көшіру, сөйкестендіру, жаңалау, ауыстыру, оқшаулау және т.б.

Жоққа шығару. Мұндай психологиялық қорғаныстың мәні: Адамды қатерлендіріп, оны дау-дамайға соқтыруы мүмкін ақпарат елеңбейді, қабылданбайды. Дау-дамай деп отырғанымыз жеке адамның жан-дүниелік көрсетпелеріне қайшы келіп, оның өз болмысына, абыройына, өзіндік бағасына қатер төндіретіндей сеп-түрткілердің пайда болуынан көрінетін қайшылықтар. Бұл қорғаныс әдісінде шындықты қабылдау көбіне бұрмалаумен сипатталады. Жоққа шығару қорғанысы бала жастан қалыптасып, көп жағдайда төңіректегі болмысқа сай объективті бағалауды шектейді, осыдан әрекет-қылықтағы кейбір келеңсіздіктер орын алады.

Ығыстыру – ішкі жан күйзелістерінен үйлесімсіз мотивтер не ұнамсыз ақпараттарды ойланып жатпастан, санадан шығарып тастау жолымен құтылудың ең әмбебап әдісі. Намысқа тию не өкпелеуден болған істің төркінін басқалардан, кейде тіпті өзіңнен де жасыру үшін өз әрекеттерінің жалған себептерін алға тартатын жағдай да болады. Шын, бірақ жағымсыз түрткілер әлеумет сенгендей, содан біршама ұятын жасыратындай жағдай себептермен ығыстырылады. Бұл жағдайда жалған мотивтер өте қатерлі, себебі олар жеке бастың эгоистік мүдделерін ақтау үшін қоғамда қабылданған ресми дәлелдерді орынсыз пайдалануға итермелейді, қызығы сол, адамның тез ұмытатыны – басқалардың оған істеген жамандығы емес, ал оның өзіне-өзі және төңірегіндегілерге жасаған кесапаты. Ығыстырылып, тез ұмыт болатын жәйттердің көбі басқаға істеген жамандық, қызғаншақтық, тұлға кемшіліктерінен болатын мінез олқылықтары. Өзіне жақпайтын, күйзеліске түсіретін ақпараттарды санасынан ығыстырайын деген адамдық сыңай көрсетіп, әлек болмайды, олар өзінен-өзі естен шығып қалады.

Көшіру – адамның өзгелер қабылдамайтын өз басындағы мінез-құлық кемшіліктерін мойындағысы келмей, ойланып, толғаныстан басқа

біреуге өткізе салудан болатын жаманшылық, өзінің ұрыншақтығын қарсыласына таңа салып, оны дау-дамайдың себепшісі етіп көрсету әрекеті.

Сәйкестендіру – адамның өз қолы жетпейтін, бірақ аңсаған, басқа біреудің жақсы әдет-қылықтарын иемденуі. Балалардың әлеуметтік тәртіп пен игі этикалық өнегелерді игеруі осы әдіске негізделген. Мысалы, жасөспірім баланың әкесінің әрекеттерін ойланбастан қайталап, оның мақтау-мадақтауына ұмтылуы осыдан. Жалпы мағынада, сәйкестендіру қорғанысы адамның өзінің әлсіз тараптарын жеңіп, сезім олқылықтарын толықтыру үшін үлгі, өнегелерге ойсыз еліктеп, мақсат-мұраттарды ешқандай ниетсіз-ақ арқау етуінен туындайды.

Жаңалау – адамның істеген келеңсіз әрекетін мойнына алса, өз қадірінің жоғалатынын түсінуден, болған оқиғаға байланысты ниеттері мен қылықтарын өтірік-шынды жанастырып дәлелдеуге тырысу, мүмкіндіктері кемдігінен қолы жетпеген не жетпейтін заттардың объективті құндылығын өзінше кеміте салып, өз көңілін арбауы. Мысалы, баланың жегісі келіп тамсанып, бірақ, қанша тырысса да, қолы жетпеген тәтті жүзімді «ой әлі піспеген, ащы ғой» деп қолын сілтей салуы.

Ауыстыру – адамның баста өз әліне қарамай, күрделі іске ұрынып, кейін бітпесін білген соң, оған деген әрекетін оңай жұмысқа бұра салуы. Осындай ауыстырудан қол жетпес қажеттіліктің орындалмауынан болған күйзеліс бәсеңдейді, бірақ ізгі мақсат жолда қалады. Өз алдына қойған, бірақ орындалуы мүмкін емес мақсатқа бағышталған әрекет іске аспаған жағдайда адам кез келген мәнсіз қимылға ауыса салады, осыдан көңіл-күйі жеңілдеп, үлкен күйзеліске түспейді. Кейде ауыстыру әрекеттерінен адамның бағыт-бағдары алғашқы нақ, мәнді істен болымсыз, фантазиялық кейіпке түсуі мүмкін.

Оқшаулау – адамға соққы болатын жәйттердің сана деңгейінен шегеріліп, басылуы. Мұндайда жағымсыз эмоциялар саналы, яғни әдейі оқшауландырып, болған оқиға мен одан келетін әсерлер көңілге алынбайды, адам бұрын қандай да мәнге ие болған оқиға немесе өз толғаныстарының шындығын іші сезіп тұрса да, оларды байқамайтындай кейіп көрсетеді.

Қоғам әсерлері мен ықпалдарын бейнелейтін мінез мазмұны жеке адамның өмірлік бағыт-бағдарын құрайды, яғни оның заттай және рухани қажеттеріне, қызығуларына, наным-сенімдеріне, мұраттарына т.б. негіз болады. Бағыт-бағдарға сай жеке адам өз мақсаттарын, өмірлік жоспары мен сол жоспарды іске асыруда қажет белсенділік деңгейін белгілей алады. Мінезге орай адамның дүние талғамы,

өмір мәні, белгіленген мақсат-мүдделерінің, әрекет қылықтарының себептері ашылады. Мақсатқа жетуде бағыт-бағдар бірдейлігі болғанмен, әр адам өз жолын таңдайды, өзіне қолайлы, қайталанбас әдіс-тәсілдерді таңдайды. Осы дербестіктен адам мінезінің ерекшелігі көрінеді. Белгілі ықпалға ие мінез сипаттары әрекет немесе қылық түрін таңдауда айқын жүз береді. Бұл тұрғыдан тұлғаның табысқа жету қажеттігін туындатқан ықылас, ниет көрінісінің деңгейін (табандылық, шешімділік, жүректілік немесе еріксіздік, қорқақтық, күдікшілдік т.б.) мінез сипаты деп тануға болады.

Қабілет туралы түсінік

Адам қабілетіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәтті не сәтсіздігінен байқалады. Қызығушылық адамда объектіні жан-жақты танып білуге ұмтылудан туындайды. Ал бейімділік – нақты іс-әрекетті орындауға талпыну. Қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себепші, мысалы, адам көркем-өнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ ол осы саладағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында келесі сапалық көріністер болуы қажет: ең алдымен еңбексүйгіштік, табандылық, батылдық. Бірақ, осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қол жеткізе бермейді. Негізі, адам өзінің іс-әрекетіне, жеке басына сын көзімен қарап, мінезінің ұнамды, ұнамсыз жақтарын айқын ажырата аларлық деңгейде болуы керек.

Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді. Әртүрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз ететін жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркемөнер, адамаралық қатынастар түзу және психикалық қызметте көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбектешаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллектуалдық деңгейі анағұрлым жоғары.

Нышан және қабілет. Арнайы жүргізілген зерттеулердің көпшілігі адамның қабілеті ата тегіне, яғни тұқым қуалау факторына байланысты деген көзқарасты қолдайды. Бұл көзқарас бойынша, әр адамның қабілеті – оған туа берілетін өзіндік дара табиғи қасиет.

Дегенмен, қабілетті адамда тек туа пайда болатын қасиет деген дұрыс емес. Себебі, қабілет – адамның даралық психологиялық ерекшелігі. Ал туа пайда болатын нәрсе қабілеттің дамуына негіз болатын анатомиялық және физиологиялық ерекшелік, яғни нышан. Нышанның табиғи негізі – жоғары жүйке жүйесінің қызметтері, бас миындағы миллиардтаған клеткалардың қозу, тежелу сияқты сан қилы әрекеті және олардың алмасып отыруы. Ол өмір тәжірибесі, тәлім-тәрбие істері нәтижесінде үнемі дамып жетіледі.

Нышан – мидың, жүйке жүйесінің, талдағыштардың адамдар арасындағы табиғи даралық өзгешеліктерін айыруға себеп болатын туа бітті анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктер. Адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға бейімді болуы қабілеттің дамып қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Алайда, бұл нышандар іс-әрекеттің нәтижелі болуының толық жағдайы болып саналмайды. Ол үшін адам бойындағы нышандарды дер көзінде анықтап алу керек. Содан соң оны әралуан әрекет үстінде дамытып отыруға бейімделіп, тәлім-тәрбие арқылы өрістете түсу қажет. Нышан сан қилы мағынада көрініс береді. Мәселен, әлеуметтік ортаның, тәрбие мен оқыту істерінің және түрлі жағдайлардың әсерінен белгілі бір нышандар негізінде түрлі қабілеттердің дамуы мүмкін. Мысалы, бойында шапшаңдық пен дәлдік, ептілік пен шеберлік нышандары бар адамдар тіршілік жағдайы мен қызмет саласына сай әртүрлі қабілетке ие болуы мүмкін. Бірі – хирург дәрігер, екіншісі – гимнаст, үшіншісі – суретші т.с.с.

Нышанның ерекше түрі адамда жас кезінен байқалады. Қазақтың аса дарынды күйші-композиторы, Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейісова өзінің күйшілік қабілетін сегіз жасынан-ақ байқатып, бір-ақ рет тыңдаған күйін мүдірмей, айна-қатесіз, дәл орындай алған. Дарынды киноактер әрі режиссер Шәкен Аймановтың да жалпы өнерге деген құштарлығы бала көзінен-ақ айқын байқалғандығы жайлы Қазақстанның Халық әртісі Кәукен Кенжетәев тебірене еске алады. М.Әуезов өзінің «Еңлік-Көбек» пьесасын 20 жасында жазған. Әйгілі суретші Қ.П.Брюллов тоғыз жасында Сурет академиясына оқуға түскен. Ал А.С.Пушкин сегіз жасында-ақ өлең жаза бастаған. Алайда, мынадай жағдайды да естен шығармаған абзал. Егер белгілі бір іс-әрекет барысында жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай жетістіктер адамның балалық шағынан байқалмаса, ондай балада қабілет жоқ

деп айтуға болмайды. Мысалы, аса көрнекті математик Н.Н.Лузин, биолог К.Линней, жазушылар В.Скотт, С.Т.Аксаков, И.А.Гончаров т.б. өздерінің қабілеттілігін әлдеқайда кешірек танытқан.

Қабілеттің даралық айырмашылығы. Адамдардың қабілетінде жеке адамға тән айырмашылықтар да болады, яғни іс-әрекет нәтижесі әр адамда әртүрлі. Біреудің ісі сапалы, екіншісінікі сапасыз. Дәлірек айтқанда, адам қабілетіндегі айырмашылық істің нәтижесінен, яғни оның сәтті не сәтсіздігінен байқалады. Қызығушылық адамда объектіні жан-жақты танып білуге ұмтылудан туындайды. Ал бейімділік – нақты іс-әрекетті орындауға талпыну. Қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар да себепші болады. Мысалы, адамның бейнелеу, көркеменер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ ол осы салалардағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім тауып, қабыса алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның жетістікке жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында еңбексүйгіштік, табандылық, батылдық болуы керек. Осындай ерекше қабілеттілігі бар адамның өзі де айтарлықтай табысқа қол жеткізе бермейді.

Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне талант, дарындылық, данышпандық сияқты қасиеттер де жатады. **Дарындылық** – адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. Мысалы, қазақ даласында өздерінің ақындық, әншілік, серілік қасиеттерімен танылған Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Әсет, Мәди тәрізді басқа да таланттардың есімдері осы көзге дейін ел есінде.

Қабілеттің жоғары деңгейде дамуы талант деп аталады. **Талант** – адамның нақты бір істі нәтижелі орындаудағы қабілетінің біршама жағымды қасиеттерінің өзара байланысты түрде үндесуі. Талантты адам өмірде белгілі бір пайдалы әрекетпен шұғылданады, сол бағытта ірі жетістіктерге де жетеді. Соның арқасында оның іс-әрекеті өзгелерге өнеге болады, жемісті нәтижелер береді.

Адам қабілетіндегі дарындылық пен талант одан әрі дамып, **данышпандық** қасиетін тудырады. Бұл – адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетінің ең жоғары дәрежеге көтерілуі. Данышпандық қасиет – адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып, ерекше нәтижелерге қол жеткізуі. Данышпан адамның іс-әрекет нәтижелері адамның әлеуметтік өмірі мен қоғамдық тіршілігінің жақсаруына елеулі

үлес қосып, мәдени-рухани, саяси-экономикалық т.б. салалардың өркендеуіне әсер етеді, қоғамның тарихи дамуында өшпес із қалдырады. Сондай адамдар қатарына Аристотель, Платон, Әбу Насыр Әл-Фараби, Ұлықбек сынды ғұламалар, қазақтың Абылай хан; Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Майқы би, Абай тәрізді біртуар перзенттерін жатқызуға болады.

Қабілетке қатысты мәселелерді қорыта айтсақ, қабілет – адамның даралық психологиялық қасиеті. Мұндай өзіндік қасиеттер жеке адамның тұлғасын, кісілік сипатын, іс-әрекетінің нәтижелерін жалпы қауымның игілігіне айналдырады. Психология ғылымында соңғы 1-1,5 ғасыр бойында адам қабілетінің даму деңгейі және оның қалыптасуы тәжірибелік зерттеулер арқылы анықтала бастады. Бір сөзбен айтқанда, адам қабілеттілігі мен оның түрлі деңгейде дамып өрістеуінің негізгі факторы — еңбек.

Темперамент және мінез туралы жалпы түсінік

Темперамент – 25 ғасырдан бері ғылыми ойды қызықтырған мәселелердің бірі. Оған деген қызығушылықтың төркіні адамдар бойында болатын дара өзгешеліктерде жатыр. Әр адамның жандүниесі өз алдына бір болмыс. Оның қайталанбастығы, бір жағынан, адам тәнінің биологиялық және физиологиялық құрылымы мен дамуына байланысты болса, екіншіден әлеуметтік ерекше байланыстар мен қатынастарға негіз бола алуында. Темперамент адамның биологиялық сипатынан көрінеді. Адамдар арасындағы көптеген психикалық айырмашылықтар: эмоция тереңдігі, қарқындылығы, тұрақтылығы, ауыспалы-қозғалғыштығы, бәрі осы темперамент табиғатымен түсіндіріледі. Дегенмен, осы күнге дейін темперамент мәселесінің шешілмеген, талас-тартысты қырлары баршылық. Бірақ проблемаға байланысты көзқарастардың көптігіне қарамай, ғалымдардың бәрінің мойындайтыны: темперамент – жеке адамның әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуының биологиялық, яғни табиғи іргетасы. Темперамент көбіне адамға туа берілген әрекет-қылығының ұдайы қозғалыстағы сипатын бейнелейді. Сондықтан, темпераменттік қасиеттер басқа психикалық құбылыстарға қарағанда тұрақтанған, өзгеріске келе бермейді. Назар аударарлықтай ерекшелік, темпераменттің әрқилы қасиеттері бір-бірімен кездейсоқ қосылмай, заңдылықтар негізінде түрлі темпераменттің белгілі құрылымын түзеді.

Сонымен, **темперамент** – адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің

жиынтығы. Бұл психикалық ерекшеліктер адамның барша іс-әрекетінде оның мазмұны, мақсаты және сеп-түрткілеріне тәуелсіз бірқалыпты көрінеді, есейген шақта да өзгеріске түспей, өзара байланыста темперамент кейпін өрнектейді. Темперамент түрлерінің жақсы не жаманы болмайды. Олардың әрқайсысының ұнамды жақтары бар, сондықтан басты назар темпераментті реттеп, түзетуге қаратылмай, нақты іс-әрекетте оның тиімді жақтарын саналы әрі өз орнымен пайдаланудың жолдарын табуға бағытталғаны жөн. Адам ежелден-ақ әрқилы тұлғалардың психикалық сипаттарын айыра танумен, олардың барлығын жалпыланған аз санды саналық бейнелер тобына біріктіруге тырысқан. Мұндай жалпыланған бейнелер бірлігі психология тарихында алғашқыдан темперамент типтері деп атаған. Темпераменттердің бұл типологиялық жүйесі өмірлік іс-әрекет тұрғысынан ете тиімді, себебі оны пайдалана отырып, нақты тұрмыстық жағдайларда белгілі темперамент типіне жататын адамның болашақ әрекет-қылығын күнілгері пайымдауға өбден болады.

Темпераменттер жөніндегі ғылымның іргетасын қалаған ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.э.д. V ғ.), оның тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының», яғни қан, шырыш, өт, запыранның өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері Клавдий Гален (б.э.д. II ғ.) алғаш рет темперамент түрлеріне ғылыми сипат берді. Гален темперамент түрін денеде жоғарыда аталған мысалдардың бірінің басымдығымен байланыстырды. Ол біздің заманымызға дейін жеткен темперамент атауларын белгіледі: сангвиник (қан), флегматик (шырыш), холерик (өт), меланхолик (запыран). Гален өндірген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді.

Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет-қылықтарды топтап, ретке келтіруге атсалысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Бұлардың ішінде назар саларлықтай тип – адамның дене құрылымына байланысты дараланған, тума темперамент қасиеттеріне негізделген конституциялық типология (Э.Кречмер). Бұл теорияның мәні: әр адам өз дене құрылымына орай өзіндік психикалық ерекшелікке ие. Осыдан келіп дене мүшелерінің (қол аяқ, бұс, кеуде т.б.) сырттай өлшемдеріне байланысты төрт конституционалды психикалық тип белгіленген:

1. Лептосоматик – бойшаң, нәзік денелі, көкірек тұсы жайылыққы. тар иықты, қол-аяғы ұзын, сидиған.

2. Пикник – мығым, семіз, аласа немесе орта бойлы, қарны кампиған, домалақ бас, қысқа мойын.

3. Атлетик – бұлшық еттері күшті дамыған, денесі мығым, берік; ұзынша не орта бойлы, кең иықты, жамбас сүйектері тартылған.

4. Диспластик – дене бітімі қисынсыз. Бұл адамдар әрқилы мүшелік зақым-сырқаттарға ұшырағандар (сырықтай ұзын, қауға бас, туабітті аяқ-қолы кемістер).

Аталған дене құрылымы типтеріне үш темперамент типі сай: шизотомик, иксотомик, циклотомик. Шизотомик дене құрылымы нәзік, әлсіз дамыған, тұйық, эмоциялары ауыспалы, тұрақсыз, талаптар мен көзқарастар өзгеріміне ере бермейді, осыдан қоршаған ортаға икемдесуі қиын. Иксотомик – денесі мығым, мінезі байсалды, сезімталдығы кем, ым-ишараға жоқ, ойлау қабілеті шабан, көбіне ұсақ. Циклотомик – семізшең, домаланған денелі, эмоциялары қайғы мен қуаныштың арасында бірдей, тіл табысқыш, көзқарастары шындықтан ауытқымайды.

Жоғарыда баяндалған конституциялық типология теориясының негізін қалаған – Э.Кречмер. Бұл теория Батыс Еуропада кең қолдау тапты. Ал осы теорияны өзіндік ерекшеліктерімен осы ғасырдың 40-жылдарында АҚШ-та одан әрі жалғастырған У.Шелдон болды. Бұл ғалымның да темперамент типтерін айыруда ұстанған принципі – адамның дене құрылымы және оның өзінің жаңалығы – эмбриологиялық белгілер.

Конституционалдық тұжырымдардың көпшілігі жантану ғылымында өткір сынға алынды. Бұл теориялардың негізгі кемшілігі – тұлғаның психикалық қасиеттерінің қалыптасуында қоршаған орта мен әлеуметтік жағдайлардың ескерілмеуі. У.Шелдон теориясын сынға алған Я.Стреляу былай жазады: «Адамның тамаққа әуес болу, ұжымшыл болу не қайырымды болу сияқты темпераменттік қасиеттері оның дене құрылымындай нәсілдік белгі емес, мұндай қасиеттер анатомиялық-физиологиялық негізге ие болғанымен, тәрбие және әлеуметтік ортада ғана қалыптасады».

Ал ғылым шындығына келетін болсақ, адамдағы психикалық үрдістер мен оның қылығы жүйке жүйесі қызметімен байланысты екендігі ежелден-ақ белгілі болған. Темперамент түрлерінің кейбір жалпы психикалық үрдістер ерекшелігіне тәуелді болып келуі И.П.Павлов және оның шәкірттерінің еңбектерінде эксперименталды дәлелденген. И.П.Павлов иттің шартты рефлексстік әрекет ерекшеліктерін зерттей

отырып, олардың қылық-әрекеттеріндегі даралық өзгешеліктердің пайда болуына назар аударды. Мұндай айырмашылықтар ең алдымен иттердің рефлекстік қозулары мен сол қозулардың сөну теңдігі мен дәлдігінен көрінген. Бұл жағдайлардың көрінуі жүйке үрдісінде қалыптасатын тұрақты қасиеттер – қозу және тежелуге байланысты екендігі жөнінде эксперименттермен дәлелденген. И.П.Павлов темперамент типінің жүйке қасиеттері ретінде қозу мен тежелу күшін, тепе-теңдігін және қозғалмалылығын атап көрсетті.

Қозу күші мен тежелу күші – бір-біріне тәуелсіз жүйке жүйесінің дербес қасиеттері. Қозу күші жүйке жасушаларының әрекетшеңдік қабілетінің белгісі. Осы күшке орай жүйке төзімді, ұзақ не қысқа мерзімді әсерлі қозуды сақтай алады, тежелуге бейімделеді. Ал тежелу күші жүйке жүйесіндегі күшті әсерлерді басып, сөну және біріктіру шартты реакцияларын іске асыру қызметін атқарады.

Жүйке жүйесі үрдістерінің тепе-теңдігі қозу мен тежелу құбылыстарының өзара бірыңғай сипатын көрсетеді. Осы екі үрдіс күштерінің аралық қатынастарынан, бір үрдіс күші екіншісінен басым болуынан тұлғаның ұстамды, байсалды не ұстамсыз, ауыспалы болуы туындайды. Жүйке жүйесінің үшінші қасиеті – жүйке үрдісінің қозғалмалылығы, бір жүйке үрдісінің екінші түріне ауысу жылдамдығында көрінеді. Сонымен бірге, жүйке үрдістерінің қозғалмалылығы адам қылық-әрекетінің өмір жағдайларының өзгеруіне сай қалыпқа ене алу қабілетін де танытады. Жүйке жүйесінің мұндай қасиетінің өлшемін бір әрекеттен екіншісіне, енжарлықтан белсенділікке немесе кері өту шапшаңдығымен бағалаймыз. Жүйке қозғалмалылығына қарсы құбылыс – жүйке жүйесінің селқостығы. Бір үрдіс түрінен екіншісіне өту үшін қаншалықты көп уақыт пен күш қажет болатын болса, жүйке жүйесінің селқостығы сонша үлкен болғаны.

Аталған жүйке үрдістерінің қасиеттері негізінде жүйке жүйесінің типі немесе жоғарғы жүйке қызметінің типі деп аталатын құрылым түзіледі. Бұл жүйе әр дара тұлғаның жүйке жүйесіне тән негізгі қасиеттер бірлігінен құралады. Ол қасиеттер: қозу мен тежелу үрдістерінің күші, тепе-теңдігі, қозғалмалылығы. Осы үш қасиетті негізге ала отырып, П.Павлов жүйке үрдісінің күшіне орай және күшті тип әлсіз типті айыра, дәстүрлі Гиппократ типологиясына жүйке жүйесінің төрт негізгі типін ажыратты:

- күшті, қозу мен тежелуі теңдей, қозғалмалы – **сангвиник**;
- күшті, қозуы басым – **холерик**;
- күшті, қозу мен тежелуі теңдей, салғырт – **флегматик**;
- әлсіз тип – **меланхолик**.

Сангвник – жоғарғы дәрежелі әрекетшіл адам, дегенмен, әрекетшілдігі оның белсенділік қасиетіне сай, қозу мен тежелуі тепе-тең. Назарын тартқанның бәріне араласа кетеді, ым-ишарасы мен қозғалыс қимылдары мәнерлі, шапшаң. Сәл нәрсеге қарқылдап күледі, болмашы себептен көңілі қалып, мұңаяды. Бет-жүзіннен көңіл-күйі, заттар мен адамдарға көзқарасы білініп тұрады. Сезімталдығы өте жоғарғы, сондықтан ол онша әсері болмаған дыбыстар мен жарыққа елеңдей бермейді. Мұндай адам көтеріңкі белсенділікке ие, жұмыс қабілеті мен қуатының жоғары болуынан жаңа іске қаймықпай кіріседі, ұзақ уақыт талып-шаршамастан қызметін жалғастыра алады. Зейінін таңдаған объектіге тез шоғырландырады, тәртіпті, қажет болса, өзінің ырықсыз әрекеттері мен сезімдеріне тоқтау, тыйым сала алады. Әрекеті жедел, ақыл-ойы икемді, тапқыр, сөйлеу қарқыны шапшаң. Сангвник төңірегіндегілермен тіл табысқыш, жаңа талаптар мен жағдайларға икемшіл Қиналмастан бір істен екіншісіне ауыса алады, қажет болса, қайта үйреніп, жаңа дағдыларды қабылдауға шебер, экстраверт.

Холерик. Сангвник сияқты жай әсерлерге берілмейді, әрекетшіл және белсенді. Бірақ холериктің әрекетшілдігі белсенділіктен басымдау, сондықтан ол ұстамсыз, шыдамсыз, қызба. Сангвникке қарағанда салғырттау, икемі кемірек. Ниеттері мен қызығулары тұрақтылау, табанды, зейінін ауыстыру қиындау, сезімі сырттай көрінеді, сондықтан – толық экстраверт.

Флегматик – әрекеті енжар, сезімталдылығы мен көңіл шарпулары шектеулі. Оны күлдіру де, мұңайту да оңай емес, төңіректің бәрі күлкіден жығылып жатқанда, ол мізбақпас. Қай жағдайда да сабырлылығы мен байсалдылығын жоймайды. Үм-ишара жоқ, сөзі сылбыр, әрекеті жай. Жаңарған жағдайға икемделуі қиын, дағдылары мен әрекеттерін өзгертуі ауыр. Солай да болса, флегматик өте қуатты, жұмыстан шаршамайды. Шыдамды, ұстамды, сезімге берілмейді. Әдетте, жаңа адамдармен араласып кете бермейді, сырттай әсерге төзімді. Бар білгені ішінде – интраверт.

Меланхолик – терең күйзелістерге, тез сезімталдыққа бейім, белсенділігі төмен, көзқарасы тұрақсыздыққа бейім адамдар типі. Меланхолик тез ренжігіш, сыншыл, кез келген сынды ауыр қабылдайды, жабық.

Сонымен, И.П.Павлов жүйке жүйесінің типі туабітті беріледі деп есептейді, тәрбие мен қоршаған орта ықпалынан өзгеріске келе бермейді. Осыдан жүйке жүйесінің қасиеттері жүйке жүйесінің жалпы психикалық көрінісі болған темпераменттің физиологиялық негізін

қалайды. яғни адам темпераменті – жоғары жүйке жүйесінің сырттай әрекет қарқынында танылатын психикалық бейнесі. И.П.Павлов негіздеген типология темпамент психологиясы саласындағы көптеген лабораториялық зерттеулерге бастамашы болды. 50-жылдары жүргізілген осындай ізденістер нәтижесінде И.П.Павловтың шәкірттері В.М.Теплов, кейін В.Д.Небылицын темпамент типологиясын жаңа элементтермен толықтырды. Ересек адамның жүйке жүйесін эксперименталды талдауға ала отырып, жүйке үрдісіне байланысты екі қасиетті ашты: лабильдік және динамикалық. Жүйке жүйесінің лабильдігі – жүйке үрдісінің туындау және сену шапшаңдығында көрінеді де, ал динамикалықлығы қоздырғыш, ұнамды және кері әсерлі, тежегіш шартты рефлексстердің оңай және жылдам түзілуінен байқалады.

Көп зерттеулердің нәтижесінде осы заман психологиясының теориялық тоқтамы: әрқандай адам белгілі типтік жүйке жүйесіне ие. Нақты жүйкелік типке сай темпамент қасиеті дара психологиялық өзгешеліктердің мазмұнын құрайды.

Адамның жеке динамикалық сипаттары оның сырттай әрекет-қылығында, қозғалысында ғана емес, барша ақыл-ой топшылауынан, ниеттері мен қызмет бабынан көрінеді. Темпамент ерекшеліктерінің оқу мен еңбек барысына ықпал етуі табиғи құбылыс. Дегенмен, темпамент айырмашылықтарындағы басты қасиет – олардың психикалық мүмкіндіктер деңгейінде емес, өзіндік іске асу көріністерінде. Егер іс-әрекет қалыпты жағдайда жүріп жатса, соңғы нәтиже мен темпамент арасында ешқандай тәуелді байланыс болмайды. Бұл ғылыми дәлелденген. Сонымен, тұлғаның қалыпты жағдайдағы әрекет нәтижесі оның шапшаң не енжар екендігіне қарамай, бірдей өлшемде болады, себебі соңғы сенім нәтижесі басқа факторларға, әсіресе сеп-түрткілер мен қабілет деңгейіне байланысты келеді. Темпамент ерекшеліктері сол әрекетті орындау тәсілдерін өзгертуге ықпал жасауы мүмкін. Темпаментіне қарай адамдар соңғы нәтиже емес, сол нәтижеге жету жолдарын таңдауымен ажыратылады. Темпаменттің тума ерекшеліктері тәжірибе, әлеуметтік ортаға және өз басын билей алуға байланысты психикалық үрдістерде көрініс береді. Жағдайға орай жауап-әрекет бір жағынан жүйке жүйесінің сипатына, екінші тараптан оқу-тәрбие мен кәсіби тәжірибеге тәуелді (Р.М.Грановская). Мысалы, тәжірибелі ұшқыштың, боксердің, жүргізушінің әрекет шапшаңдығы тума берілген қасиет емес, жаттығу мен үйренудің нәтижесі. Ал сол әрекеттердің іске асу шегі жүйке жүйесінің мүмкіндіктерімен анықталады.

Көптеген кәсіби қызметтер үйрету, оқытумен кемелденбейді, ондайда темперамент сипаттары шек қояды. Мысалы, домбыраны өркім тартуы мүмкін, ал шебер, күшті болу ілуде біреуге берілген өнер. Мұндайда маман дайындау үшін кәсіби тандаумен бір кәсіби бағдарлы тәрбие әбден қажет. Психологиялық ерекшеліктеріне негіздеп, кәсіби мамандандырылған адамдар өз еңбегінде үлкен қанағаттанумен зор табыстарға жете алады.

Мінез – жеке адамның өзіне тән қылық-әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы.

Мінез нақты адамның шыншыл, адал, ақкөңілдігіне орай сипатталмайды, бұлар – әртүрлі жағдайларда көрініс беретін жеке адам қасиеттері. Адам мінезін біле отырып, оның алдағы ықтимал әрекеттері мен қылықтарын күнілгері барластырумен оларға тиісті реттеулер және түзетулер ендіруге болады. Мінезді адамның қандай әрекетке келетінін жаңылмай, дәл айтуға болады.

Мінезді дұрыс түсінуде адам үшін маңызды қоғамдық құндылықтар мен жеке талғамдар ара-қатынасы шешуші мәнге ие. Әр қоғамның өзіне сай маңызды да мәнді міндеттері болады. Міне, осы міндеттерді іске асыру барысында мінез қалыптасады. Кейін солар тұрғысынан тексеріледі, бағаланады. Сондықтан да мінез қандай да адам қасиетінің (тезімділік, өжеттік т.б.) көрінісі ғана болып қоймастан, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке бағыт-бағдар сипатын аңдатады. Осыдан мінездің тыңғылықтығы, біркелкілігі адамның өмірлік бағыт-бағдары негізінде нақты бір қалыпқа келеді. Мінез қалыптасудағы басты шарт – өмірлік мақсат, мұраттың нақтылығы. Мақсаттың болмауы не оның шашыраңқылығы – босбелбеулік, мінезсіздіктің белгісі. Солай болса да, жеке адам мінезі мен оның бағыт-бағдары екіталай нәрсе. Алдыңызға келген адамның бірі ізгі ниетті де, екіншісі жауыз болуы мүмкін. Жеке адам бағыт-бағдары оның барша әрекет-қылығына із береді.

Қалыпқа түскен мінезде адамның наным-сенім жүйесі жетекшілік етеді. Тиянақты көзқарас-наным адамның өз іс-әрекетін ұзақ мерзімді бағыт-бағдарға сай белгілеп, мақсатқа жетуде жігерлілік, орындап жатқан ісінің дұрыс та маңызды екеніне сенімділік туғызады.

Мақсатқа жетуде бағыт-бағдар бірдей болғанмен, әр адам өз жолын таңдайды, өзіне қолайлы, қайталанбас әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Осы дербестен адам мінезінің ерекшелігі көрінеді. Белгілі ықпалға ие мінез сипаттары әрекет немесе қылық түрін таңдауда айқын көрініс береді. Бұл тұрғыдан тұлғаның табысқа жету қажеттігін туындатқан ықылас, ниет көрінісінің деңгейін (табандылық,

шешімділік, жүректілік немесе еріксіздік, қорқақтық, күдікшілдік т.б.) **мінез сипаты** деп тануға болады.

Мінез құбылысын зерттейтін ғылым – **характерология** ұзақ даму тарихына ие. Ғасырлар бойы бұл психология саласы мінездер типін саралап, адамның әртүрлі өмір жағдайларындағы әрекет-қылығын болжастыру мақсатында әрқандай мінез сипатын нақтылаумен шұғылданып келді. Адамның тума емес, өмір барысында қалыптасатын белгісі болғандықтан, мінез типтерін жіктеу көбіне тұлға дамуындағы сыртқы, жанама факторларға негізделеді. Осы бағытта ежелден өрістеп келе жатқан, мінез танып, әрекет-қылық болжастырудың психологиялық жолдары бар. Солардың кейбіріне қысқаша түсінік:

Жұлдызнама – адам мінезін туған күнімен байланыстырып түсіндіреді. Жалпы қабылданған уақыт өлшемдері белгілі кезең, аралыққа бөлінеді, олардың әрқайсысына нақты белгі, символ береді. Осы символға (ағаш, от, су, жануар т.б.) тән әртүрлі қасиеттерге орай адам мінезі суреттеледі.

Физиогномика (табиғат, білу) – адамның сыртқы келбетіне және сондай келбетті тұлғаларды ұқсастығымен белгілі топқа біріктіріп, олардың психологиялық сипатын анықтайтын ғылым.

Хиромантия (қолға бал ашу) – адам мінезін алақанның тері бедерлері, түсі арқылы болжау жүйесі.

Дерматоглифика – бармақ, алақан терісіне тумадан түсетін еректер арқылы адам мінезін анықтайтын ғылым жүйесі.

Графология – мәнерлі әрекет жазу таңбасына орай адам мінезін анықтауға бағытталған ғылым.

Адам мінезі саналуан. Бұл әрекетте айқын көрінеді; біреудің барша қимылы – шапшаң, екіншісі – асықпайды, бірақ ісі тыңғылықты; үшіншісі іске ойланбастан кіріседі, кейін барып ойланады, жағдайға қарай ісін ретке келтіреді. Адам мінезінде көрінетін мұндай ерекшеліктер – **мінез сипаттары** деп аталады. Қандай да сипаттар – әрекет-қылықтың тұрақты, қайталанып отыратын нақты белгісі.

Мінез сипаттары өзара көрінуі тиіс болған қалыпты жағдайлардан бөлек қаралмайды (кейде әдепті адамның өзі де дәрекілік танытады). Сондықтан қалаған мінез сипаты нақты жағдайда орынды көрінген қылықтың тұрақты формасы.

Сонымен бірге, адам мінезінің тұтастығы мен көп тараптылығы кейбір жағдайларда бір адамның өзінде де әрқилы, тіпті қарама-қарсы қасиеттердің болатынына шек келтірмейді. Адам өте нәзік, мәдениетті болумен бірге, қатал талапшаң болуы мүмкін. Осыған қарамастан, оның мінезі сақталып, оның қырлары айқын көріне түседі.

Көп жағдайда **мінез** және **темперамент** салыстырылып түсіндіріледі, кейде бірінің орнына бірі қолданылады. Ал іс жүзінде олай болмауы керек.

Мінез бен темперамент ұқсастығы адамның физиологиялық ерекшеліктеріне, яғни жүйке жүйесіне тәуелділіктен. Қандай да мінездің қалыптасуында белгілі жүйкелік сипатты темперамент үлкен маңызға ие. Сонымен бірге, темперамент жете дамығанда ғана мінез сипаттары қалыптасады. Темперамент – мінез дамуына негіз. Мінездегі ұстамдылық – ұстамсыздық, қозғалғыштық – салғырттық т.б. тікелей темпераментке байланысты. Бірақ мінез темпераментке бүтіндей тәуелді емес. Біркелкі темпераментке ие адамдарда әрқилы мінез белгілері болуы мүмкін. Темперамент ерекшеліктері қайсыбір мінезді дамытып, басқаларына шектеу қояды. Мысалы, холерикке қарағанда меланхоликтің өзіне жігерлілік пен жүректілікті дарыту қиынға соғады. Ал холерик флегматик сияқты ұстамды бола алмайды, флегматик сангвиник сияқты көпшілікпен тез тіл табысып кете алмайды, т.с.с.

Мінезі тұрақталған адамда темперамент дербес әрекет көрінісі болудан қалып, мінез сипаттарына сай әрекет-қылықтардың іске қосылу динамикасын айыруға көмектеседі. Мінез және темперамент сипаттары адамның біртұтас келбет-кейпінде өзара байланысқа түсіп, тұлға даралығының интегралды сипаттамасын береді.

Мінез бен **ерік** ара-қатынасы өте тығыз. Осыдан көп жағдайда «мінезді адам» және «еркі күшті адам» деген сөз тіркестерін бір мәнде түсінеміз. Ерік, көбіне, мінез күшімен, қатаңдығымен, табандылығымен байланысты. Адам мінезінің күштілігін айта отырып, ондағы еріктік сапалар мен мақсат беріктігін ескереміз. Бұл тұрғыдан адам мінезі ерік сапаларын қажет ететін қиын жағдайларда, үлкен кедергілерді жеңуде көрінеді. Алайда, мінез тек күш сипатымен айқындалмайды, онда әрқилы өмір жағдайына орай ерік әрекетінің қызметін бағыттаушы мазмұны бар. Бір жағынан, еріктік әрекеттерде мінез қалыптасады әрі көрінеді, адам үшін маңызды ситуацияларда ерік мінезге ауысып, тұрақты қасиет түрінде бекиді; кейін осы қасиет адам қылығы мен еріктік әрекеттеріне ықпал етеді. Ерікті әрекет әр уақыт мақсатына орай нық, тұрақты және табандылығымен ерекшеленеді.

Екінші тараптан, еркі бос адамды көп жағдайда «мінезсіз» деп сипаттайды. Психологиялық тұрғыдан бұлай болмауы керек, еркі бос адамның да мінез сипаттары баршылық; қорқақтық, жүрексіздік, сенімсіздік т.б. Мінез айқын бопмағандықтан адамның іс-әрекет, қылығын алдын ала болжау мүмкін емес. Мұндай адамда оның қылық-әрекетіне жетекшілік еткендей дербес бағыт-бағдар жоқ. Оның әрекеттерінің бәрі өз билігінде болмай, сыртқы ықпалдарға тәуелді.

Мінез ерекшеліктері адамның **сезімдік** үрдістерімен байланысты әрі бұл байланыс өзара ықпалды. Бір тараптан, инабаттылық, эстетикалық, интеллектуалдық сезімдердің даму деңгейі адамның іс-әрекеті мен қатынасына және бұлар негізінде қалыптасқан мінезге тәуелді. Екіншіден, осы сезімдердің өздері тұлғаға тән тұрақты ерекшеліктерге өтіп, адам мінезін құрайды. Борыш сезіну, әзілді көтеру, т.с.с. күрделі сезімдердің болуы жоғарғы дамыған адамның сипатын танытады.

Адамның **мінез** сипаттарында **ақыл-ой** үлкен маңызға ие. Ой тереңдігі мен жүйріктігі, қалыптан тыс мәселелерді қоя білу және оны дербес шешу, ой жұмысындағы ынта мен сенім – бәрі адам мінезінің ақылдық қорының белгісі. Ал осы ақыл қабілетін пайдалануда бағыт таңдау – тікелей мінезге байланысты. Тұрмыста ақылға кенде емес, бірақ (мінез жарамсыздығынан) жарытып ештеңе өндірмейтін адамдар аз емес.

Мінез құрастырушы көптеген қасиеттер біртұтас, олар даралап, шектеуге келе бермейді (өшпенділік, күдікшілдік, сақилық т.б.). Ал кейбір қасиеттер, мысалы, еріктік (жүректілік, дербестік т.б.), сезімдік (жайдарылық, ақкөңілділік т.б.), ақыл-саналық (ой тереңдігі, сындарлық т.б.) адам мінездерінің ерекше құрамды бөліктері ретінде талдауға келеді. Барша мінез сипаттары өзара заңдылықты байланысқан: батыр адам – сақи да табанды; ащық адам – жайдарлы, сенімді, достыққа тұрақты т.б.

Мінез түрлері өзінің құрамындағы сипаттардың жалпы сипатына тәуелді келеді, ал сипаттар **негізгі** және **қосалқы** болып бөлінеді

Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты. Бұл қатынастардың мәні адам араласып, байланысқа түскен өмірлік объектілердің маңызымен анықталады:

1. Басқа адамдармен қатынасына қарай (шыншыл-өтірікші, әдепті-дөрекі т.б.)
2. Орындалатын іс қызметіне орай (еңбеккер-еріншек т.б.)
3. Өз басына көзқарасына байланысты (сыншыл-өзімшіл т.б.).
4. Заттарға қатынасына қарай (сақи – ашкөз, ұқыпты – салақ т.б.).

Аталған қатынастардың бәрінің де мінез түрінің қалыптасуында үлкен маңызға ие екені сөзсіз, дегенмен тұрақты, нақты мінездің орнығуы ең алдымен адамның адаммен, қоғамға араласып, қатынасу дәрежесіне тәуелді. Ұжымнан тыс тұлғаның жолдастық, достық, махаббат және т.б. формаларда көрінетін ізгі ниеттерінен бөлек мінез түрі болмайды. Адамдар ұзақ уақыт қатынасқанда, бірі екіншісінің таңбасын салады, осыдан кейін адамдар бір-біріне өзара

ұқсастықта болады немесе қарама-қарсы, бірақ бірінің кемшілігін екіншісі толықтыратын сипаттарды игереді. Алайда, еңбек іс-әрекеті қатынастарында қалыптасқан мінез сипаттары мәндірек келіп, мінез түрінің басқаларынан ажыратылуына себепші болады.

Мінез әр тұлғада өзінше көрініске ие, солай да болса, оның құрамында белгілі топ адамдарына ортақ сипаттарды біріктіруге болады. Мінез түрі адамдардың кейбір тобына тән қасиеттің біреудің дара мінезінде нақты көрінуі деуге болады. Мұның түпкі себебі – мінез тума берілмейді, әр адамның белгілі топ, қоғам өкілі болуынан оның өмір жағдайы мен іс-әрекетіне сай қалыптасады. Мінез типін анықтауда нақты адамдар мінезінің жалпы да мәнді, өмірлік қажетті тараптары ескеріледі.

Осыған орай мінез келесі типтерге бөлінеді:

1. Үйлесімді мінез типі – қоршаған ортаға икемділігімен ерекшеленеді.

Мұндай мінезді адамда ішкі қарама-қарсылықтар болмайды, ойлаған ойы мен істеген ісі бір-біріне сай келеді. Көпшіл ерік күші мол, қайсар, бір сөзді.

Өмірдің барша қиын жағдайларында таңдаған бағыт-бағдарынан қайтпайды, көзқарас, талғамын ауыстырмайды. Мақсат-мұраттары мен қағидалары үшін күреске дайын. Бұл адамдардың өмір сүру тәсілі жағдайға бағыну емес, оны өз қалауына орай өзгерту.

2. Іштей қарама-қарсылықты, бірақ сырттай келісімді мінез адамы. Бұл типті адамның ішкі ниеттері мен сырт әрекет-қылығы арасында келіспестік бола тұрып, өзінің қоршаған ортамен қатынасында әлеумет талаптарына ыңғай береді, іс-әрекетін соларға бағындырып, үлкен күшпен орындайды. Сыртқы дүниемен болған араздықты мұндай адамдар өздерінің ой-пікірін қайта қарастырумен, психологиялық қорғаныс іздестіру және әлеумет қолдамаған күнделікті тұрмыс күйбеңіне берілмеу жолдарымен шешуге бейім келеді. Қоғам мүшелері қабылдаған рухани құндылықтарды мойындайды, бірақ сыртқы жағдайларды өзгертуге ынталы емес.

3. Икемі кем, қарама-қарсылық мінез адамы: көңіл-күй, ниеттері мен әлеуметтік борыштары арасында үйлеспеушілік орын алған, шамданғыш, ұнамсыз эмоциялары басым, тілдесу қабілеті нашар дамыған, іс-әрекетін ақыл сарабына сала бермейді. Бұл мінез адамдарына тән қасиет: қоршаған дүниемен ара-қатынасын нақты әрекет-қылық жүйесіне келтірмеген, өмір желісі қарапайым бағытты, олар пікірінше, ешқандай күш жұмсамай-ақ, өзгермелі қажеттіліктері бір сәтте қанағаттандырылуы тиіс.

Олар өмірі үшін күреске дағдыланбаған, қажырсыз. Балалық шағында бұл адамдар шектен тыс мәселеніп, төңірегіндегілердің орынсыз артық қамқорлығынан дербестікке үйренбеген. Осыдан кейін әрқандай кедергіден қорқады, ойланып, жол іздестіруге шамасы жетпейді. Қиыншылықтарды абыржумен қабылдап, ырықсыз психологиялық қорғаныстармен (қыңырлық, нәтижесіз армандау) айналып өтуге тырысады.

4. **Тиянақсыз** мінезді адам – бағыт-бағдарының тұрақсыздығынан, принциптік бастығынан төңіректегі жағдайға ыңғайшыл келеді. Жеке адамдық деңгейі төмен. Тұрақты мінез-құлығы қаланбаған, барша іс-әрекетінде қоршаған ортаға ыңғайлану, қатынас адамдарына жағымпаздану бұл адамның бойына сіңген мінездік көрініс.

5. **Мінездік сипат асқынуы** психологияда мінездің кейбір сипаттарының қалыптан тыс дамып, тұлға психикасының (әлсіз жерлері) формасында көрініс беруі. Мұндайда адам жалпы тұрақты қасиеттерге ие бола тұра, кейбір әсерлерге өте кінәмшіл шыдамсыз келеді. Тұлғалық мінез асқынуына тап болған адам қоршаған орта әсерлеріне берілгіш, психикалық күйзеліске көп түседі. Егер жағымсыз әсерлер мінездің (әлсіз жерлеріне) соққы болып тиетіндей жағдай болса, адам қылығы күрт өзгереді, мінездің шектен тыс дамыған сипаттары адам билігіне ырық бермей, басқа ұнамды қасиеттердің бәрі жоққа шығарады. Кейбір адамдардың жай әзіл немесе сын көтермеуі, екіншілердің орынды, орынсыз тік мінез танытып, шыншыл болуы – осы мінез сипаты асқынуының айқын мысалы. Мінездің мұндай ұнамсыз жәйті жасөспірім шақта қарқынды дамып, уақыт өте қалыпты күйге түсуі мүмкін, ал адамды қоршаған ұнамсыз жағдайлар басымдау болса, психикалық сырқаттарға тап қылады.

Мінездің ұлттық ерекшеліктері, ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Әрбір халық пен ұлттың, этностың өзіндік мінез-құлықтарының ерекшеліктері болатындығы – тарихи шындық және объективті фактор. Қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат-қасиеттері бар. Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде өз халқының мінез-құлқына төн бірсыпыра қасиеттерді атап көрсеткен-ді. Оның анықтауынша, қазақ халқына қарапайымдылық пен кішіпейілділік, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілділік, өзге нәсілді адамдарға деген достық және сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылдық сияқты

қасиеттер тән. Қазақтардың өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығымен айналысуға икемділігі, меймандостығы мен балажандығы, өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеттің, еңбек сүйгіштігі мен шыдамдылығы олардың жалпы ұлттық қасиеттері болып табылады. Әрбір ұлт пен ұлысқа, этнос пен тайпаға тән қасиеттердің жай-жапсары әлеуметтік психологияның саласы – этникалық психологияның зерттейтін төл пәні.

Адамның мінез-құлқының өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етіп, сның жаңа сапаларын қалыптастырып отыратындығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және объективті фактор.

7. Мінез және адамның жас сатылары. Кейбір адамдар бозбала шағында сүйкімді, енді біреулері ересек кезінде көрікті әрі әсерлі болады. Ал кей тұлғалар егде жасында қарапайымдылығымен, ымырашылдығымен және данагөйлігімен жұртты өзіне тартады. Осыдан әрбір адам мінезінде белгілі бір жас сатысында қандай да қасиеттердің толық ашылуына себепші бір факторлардың болуы мүмкін деген ой келеді. Ал осы факторлардың табиғаты ғылым үшін әзірге сыр.

Ерік туралы жалпы түсінік

Адамның кез келген әрекеті оның қылықтарын құрайтын белгілі бір қозғалыстармен ұласады. Барлық қозғалыстар жиынтығын екі үлкен топқа бөлуге болады: ерікті және еріксіз. Ерікті қозғалыстар біздің санамыздың бақылауымен іске асырылады да, белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталады. Адамның шешім қабылдап, күш салуын ерікті іс-әрекет немесе **ерік** деп атайды.

Ерік – өзінің мақсатты бағытпен әрекет жасау кезінде ішкі және сыртқы қиыншылықтарды игере білуінен көрінетін қылықтары мен іс-әрекетін саналы түрде реттеу. Еріктің басты қызметі – өмірлік іс-әрекеттердің қиын жағдайларында белсенділіктің өз бетімен саналы түрде реттелуінде. Бұл өзіндік реттелу негізінде жүйке жүйесінің қозу мен тежелу үрдістерінің өзара әрекеттесуі жатыр.

Еркін немесе ерікті іс-әрекеттер еріктен тыс қозғалыстар мен әрекеттер негізінде іске асады. Еріктен тыс қозғалыстардың ең қарапайымдарына рефлекторлық қозғалыстар жатады: мысалы, көз қарашығының үлкеюі мен кішіреюі, жыпылықтауы, жұтыну, түшкіру. Осы қозғалыстар тобына ыстық затқа тиіп кеткенде қолды тартып

алу, дыбыс шыққан жаққа еріктен тыс бет бұру т.б. жатады. Еріктен тыс сипатқа біздің мәнәерлі қозғалыстарымыз да жатады: ашуланғанда тісін қайрау; таңдай қағып, аузын ашып таңырқау; қуанғандағы жымыис, т.с.с.

Біздің қылықтарымыз өз мәнінде бірегей болғанымен, олар жекеленген қозғалыстар мен әрекеттерден тұрады. Қылықтан құралатын қозғалыстар оның сипатын анықтайды. Қылықтар еріктен тыс қана емес, ерікті сипатта да болады. Еріксіз типке көбінесе импульсивті қозғалыстар, жалпы мақсатқа бағынбайтын реакциялар жатады, мысалы, терезеден естілген шуға, қажет болып жүрген бір заттарға еріксіз мойын бұру. Еріксіз қылыққа адамның санаға бағынбайтын, эмоциялық күйдің әсерімен болған аффект жағдайында байқалатын қылықтар реакциясы жатады.

Еріксіз әрекеттерге қарағанда, адамның қойылған мақсатқа жетуге бағытталған қылықтарына саналы әрекеттер тән. Дәл сол саналы түрде алға ұмтылу әрекетінен ерікті қылықтар туындайды. Сонымен қатар ерікті іс-әрекеттер қатарына жеке бөлімшелер ретінде білім алу барысында жаттанды дағдыға айналған, алғашқы саналы сипатын жоғалтқан қозғалыстар да жатады. Ерікті іс-әрекеттер бір-бірінен алдымен өзінің күрделілік деңгейіне қарай ажыратылады. Құрамы неғұрлым қарапайым ерікті әрекеттер қатарынан тұратын біршама күрделі ерікті әрекеттер де бар. Шөлімізді басу үшін тұру, ыдыспен су алу, т.б. сияқты жеке қарапайым әрекеттер бірігіп, күрделірек ерікті қылықтарды құрайды. Ары қарай күрделенген ерікті әрекеттер болады. Мысалы, биік шыңға шығуды ойлаған альпинистер дайындықты ертерек бастайды. Оған түрлі жаттығулар, түрлі тексерулер, маршрут таңдау т.б. жатады. Бірақ ең негізгі күрделі жұмыс алда тауға шығу басталғанда болады.

Әрекеттер күрделілігінің негізі оның мақсаттарының бірден нәтижеге жете бермейтіндігінде. Қойылған мақсатқа жеткізетін нәтиже бізді соған жақындатушы аралық әрекеттер қатарын орындауды талап етеді. Ерікті әрекеттердің тағы бір маңызды белгісі кедергілерді жеңумен байланысты және оның сыртқы немесе ішкі түріне тәуелді емес. Ішкі немесе субъективті кедергі ретінде адамның берілген іс-әрекетті орындамауға бағытталған не оған қарама-қарсы іс-әрекет орындауға бағытталған сезімі алынады: мысалы, бала ойнағысы келеді, бірақ дәл сол уақытта үй тапсырмасын орындауы керек. Шаршау, ойнағысы келу, қорқыныш, ұят сезімі, мәрдымсу, жалқаулық т.б. ішкі кедергілер бола алады. Сыртқы кедергілерге мысал ретінде жұмысқа керекті аспаптың болмай қалуы немесе

сенің нәтижеге жетуіңді қаламайтын басқа адамдардың қарсы әрекеттерін жатқызуға болады.

Кедергілерді жоюға бағытталған әрекеттердің бәрі бірдей ерікті бола бермейді. Мысалы, иттен қашқан адамның биік ағашқа шығып кетуі сыртқы себептен болады. Сондықтан ол ерікті әрекетке жатпайды. Осылайша, кедергілерді жоюға бағытталған ерікті әрекеттердің маңызды ерекшелігі дегеніміз – сол жолда күш жұмсай отырып, мақсатқа жетудің қажеттігін, оның мәнін түйсіну. Мақсат неғұрлым маңызды болса, адам соғұрлым кедергілерді жоюға тырысады. Ендеше ерік әрекеттері тек олардың күрделілік сатыларымен ғана емес, түйсік кезеңдерімен де ажыратылады.

Әдетте біз кейбір іс-әрекеттерге не үшін баратынымызды, өз мақсатымызды жақсы білеміз. Бірақ адамның саналы түрде жасаған кейбір әрекеттерінің мақсатын түсіндіре алмайтын кездері де болады. Көбінде бұндай жағдайға адам күшті сезім ырқына берілгенде, эмоциялық қозуға ұшырағанда барады. Мұндай әрекеттерді импульсивті әрекеттер деп атайды. Бұндай әрекеттердің түйсіктік деңгейі өте төмендеген. Ойланбай істеген әрекет соңынан адам жиі өкінішке бой ұрады. Осындай аффект жағдайында бір жағдайға ұшырап қалудан сақтайтын – адамның ерік-жігері. Бұдан шығатын қорытынды – ерік күші ойлау әрекеттерімен және сезіммен байланысты.

Адамның ерік-жігері белгілі бір ойлау үрдістерін қажет ететін саналы алға ұмтылу мақсаттарынан тұрады. Ойдың пайда болуы саналы түрде таңдалған мақсат пен оған жету құралдарынан көрінеді. Ойлау ойға алған істің орындалу барысы бойында толық қатысады. Ойымызды іске асыру жолында біз көптеген қиыншылықтарға кездесеміз. Мысалы, іс-әрекеттерді орындаудың жағдайы өзгеріп қалуы немесе мақсатқа жетуге қажетті құралдарды өзгерту қажеттігі туындауы мүмкін. Сондықтан мақсатқа жету үшін адам орындағалар әрекеттің жағдайын, мақсатын және деңгейін нақтылап, өз уақытында түзету енгізіп отыруы керек. Ойлаудың қатысынсыз ерікті әрекеттер саналылығынан айырылып, ерікті әрекет болудан қалар еді.

Ерік пен сезімнің байланысы, әдетте, өзімізде бір сезім тудыратын заттар мен құбылыстарға назар аударатындығымыздан байқалады. Бір нәрсеге қол жеткізуге тырысу немесе қандай да бір ұнамайтын істен қашқақтау өз сезімдерімізбен байланысты. Бізге қажетсіз дүниелер біздің назарымызды аудармайды, демек, ол әрекеттің мақсаты бола алмайды. Дегенмен, тек сезім ғана ерікті әрекеттер көзі болып табылады деген қате пікір. Кейде сезім мақсатқа жету жолында кедергі болады да, эмоциялық жағымсыз өсерге қарсы тұру үшін ерік

күшінді жұмсауға тура келеді. Сөзімді бастан өткізу қабілеттілігін жоғалтқан, бірақ саналы түрде әрекет ету қабілеттілігі сақталған патологиялық жағдайлар біздің әрекеттеріміздің қайнар көзі тек сезім ғана емес екендігіне сенімді дәлел. Яғни, ерікті әрекеттер бастауы әр бөлек.

Ерік әрекеттері, басқа да психикалық құбылыстар сияқты ми әрекетімен байланыса отырып, өзге психикалық құбылыстармен қатар жүйкелік ми әрекеттері түріндегі материалдық негізі бар.

Еркін қимылдың материалдық негізіне алып пирамидалық жасушалардың іс-әрекеттері жатады. Олар орталық иірімнің алдыңғы жағындағы ми қабығы қабаттарының бірінде орналасқан және өзінің көлемі жағынан өзін қоршаған басқа жүйке жасушаларынан бірнеше есе үлкен. Бұл жасушаларды алғаш 1874 жылы сипаттаған физиолог В.А.Бец болғандықтан, оларды «Бец жасушалары» деп те атайды. Оларда қозғалысқа деген импульс пайда болып, талшықтар арқылы жұлынға, одан дененің екі жақты бұлшық еттеріне беріледі (пирамидалық жол).

Барлық пирамидалық жасушаларды шартты түрде орналасуына және атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлуге болады. Алдыңғы орталық иірімнің жоғарғы бөлігінде импульстарды төменге жіберетін жасушалар жатыр. Ортаңғы иірімде импульсты қолға жіберетін, төменгі бөлімде тіл, ерің, тамақ бұлшық еттерін белсендіретін жасушалар жатыр. Барлық осы жасушалар және жүйке жолдары ми қабығының қозғалыс бөлігі болып табылады. Қандай да бір пирамидалық жасушалардың бүлінуінен адамда сол қозғалыс мүшелеріне сәйкес сал ауруы пайда болады.

Бірақ еркін қозғалыстар өз алдына жеке-жеке емес, мақсатты әрекеттердің күрделі жүйесінде орындалады. Бұл мидың жеке бөліктерінің өзара әрекеттесуінің белгілі бір ұйымдастырылуында өтіп жатады. Мұнда мидың бөліктерінің кейбіреуі тікелей қозғалтқыш рөл атқармағанымен, қимыл-қозғалысты реттеуге қажетті қозғалыс сезімталдығын ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады. Бұл бөліктер орталық иірімнің арт жағында орналасқан. Егер ол зақымданса, адам өз қозғалысын өзі сезіне алмайды және соның ішінде тіпті ең қарапайымдарын да орындай алмайды: мысалы, жанында тұрған затты ала алмайды. Қиындығы сонда, адам өзіне қажет емес қимылдарды таңдайды.

Бірақ әрекеттер шебер орындалуы үшін қозғалысты дұрыс таңдау жеткіліксіз. Жеке қозғалыс фазаларының үйлесімділігін қамтамасыз ету қажет. Мұндай үйлесімді қозғалыс орталық иірімнің

алдыңғы жағында жатқан ми қабығының мотор алды зонасының іс-әрекетін қамтамасыз етеді. Ауырған адамның ми қабығының осы бөлігі зақымданса, одан ешқандай сал ауруы байқалмайды (алдыңғы орталық иірім бүлінгендегідей) және қозғалыс таңдауда еш қиындық туындамайды (ми қабығының артқы бөлігі бүлінгендегідей), бірақ біршама ебедейсіздік байқалады. Адамның қимыл-қозғалысы бұрынғы дағдысынан жаңылады. Оның үстіне ол бұрынғы қалыптасқан дағдысын ұмытып, күрделі қимыл қозғалыс жасау мүмкін емес жағдайға жетеді. Мидың аталмыш бөліктерімен қоса көрсетілген ерікті әрекеттің мақсатты бағыттылығын қолдайтын және бағдар беретін құрылымды да атау керек. Кез келген ерікті іс-әрекет оның барлық қимыл-қозғалыс барысында сақталуға тиісті белгілі бір түрткісі негізінде анықталады. Егер бұл жағдай сақталмаса, орындалушы әрекет тоқтайды немесе басқа әрекетке ауысады. Маңдайда орналасқан ми бөлігі әрекет мақсатының сақталуында үлкен рөл атқарады. Бұл мидың эволюциясы барысында ең соңғы кезекте қалыптасқан ми қабығының фронталды бөлігі. Ол зақымданса, еркін қозғалыс реттелуінің бұзылуынан пайда болатын, ойластырған бағдарламаға бағынбайтын апраксия басталып, еркіндік актісінің іске асу мүмкіндігін шектейді. Мидағы бұндай бүлінушіліктен адам бастаған ісін дереу тоқтатады немесе қандай да бір кездейсоқ әсер етушіліктің нәтижесінде өзгертіп жібереді.

Ми патологиясы негізінде әрекетке деген қозудың болмауынан туындайтын, шешім қабылдауға және қажет әрекетті іске асыруға қабілетсіздіктен көрінетін абулия (қиналысты еріксіздік) пайда болуы мүмкін. Абулия әрекетке деген импульс белсенділігі оңтайлы деңгейден төмен болатын ми қабығының патологиялық тежелуімен байланысты.

Ерікті әрекеттерді орындауда ерікті әрекеттер түрткісі ерекше маңызға ие екенін атап айту керек. Ерікті әрекеттер түрткісі деп адамды әрекет етуге итермелеуші себептерді айтамыз. Барлық әрекеттер түрткісін негізгі екі топқа бөлуге болады: негізгі және жанама түрткілер. Мысалы, әртүрлі әрекет жағдайындағы немесе әртүрлі адамдардағы бір ғана түрткі бір жағдайда негізгі, келесі бір жағдайда жанама болуы мүмкін, сондықтан нақты әр топтың түрткілерін бірінші немесе екіншінікі деп санамалап айтуға болмайды. Мысалы, бір адамның білім алуға ұмтылуы оның өз кәсіби шеберлігін арттырудың негізгі түрткісі, ал белгілі бір өлеуметтік жетістікке жету – жанама түрткі болса, басқа адам үшін, керісінше, белгілі бір өлеуметтік статусқа жету негізгі, ал білім алу жанама түрткі болады.

Адам қылықтары түрткілерін тек қажеттіліктер болуымен байланыстыра салуға болмайды. Түрткілік қылықтардың қалыптасуында сезім мен эмоция, қызығушылықтары мен бейімділігі, әсіресе тәрбие үрдісінде қалыптасатын өлемдік көзқарасы, сенімдері мен үлгісі маңызды рөл атқарады.

Ерікті әрекет неден басталады? Әрине, іс-әрекет мақсатын түсінуден және соған байланысты әрекет түрткісімен, яғни жеке адамның нені қажет етіп, неге қол жеткізу керектігін саналы түрде түсінуінен. Мақсат пен түрткіні саналы түрде анық түсініп, оған жетуге ұмтылу тілек деп аталады.

Бірақ мақсатқа жетуге ұмтылудың бәрі бірдей жеткілікті саналы мәнге ие бола бермейді. Белгілі бір қажеттіліктің қаншалықты саналылығына байланысты оларды әуестік немесе тілек деп бөледі. Егер тілегенің нақты саналы болса, онда әуестік әрқашан анық емес, бұлыңғыр: адам өзіне бір нәрсенің жетіспейтіндігін сезінеді, бірақ нақты не екенін түсінбейді. Әдетте адамдар әуестікті спецификалық қиыншылық жағдайда сағыныш немесе ажырата алмаушылық түрінде өткізеді. Бұндай жағдай әдетте «не керегін өзі де білмейді» сияқты сипатта көрінеді. Өзі де түсінбегендіктен әуестік мақсатты әрекет биігіне шыға алмайды, сондықтан әуестік өтпелі жағдай ретінде қарастырылады. Ондағы аталмыш қажеттілік ереже бойынша не өшеді, не нақты тілекке айналады.

Тілектің бәрі бірдей әрекет бастауы бола бермейтінін айта кету керек. Тілектің өз алдына белсенді элементі жоқ. Ол нақты түрткіге, одан мақсатқа айналмас бұрын адамның бағасынан өтеді, яғни бағалау жүйесінде «сүзіліп», белгілі бір эмоционалдық бояуға ие болады. Эмоциялық шеңберде мақсатты іске асыруға байланыстының бәрі қанағаттылықтың жағымды түсіне боялады, дәл солай, керісінше мақсатты жолдағы кедергінің бәрі теріс эмоция шақырады.

Қоздырушы күшке ие тілек болашақ әрекеттің мақсатын, оның жоспарлы құрылымын асқындыра отырып, соған жетудің мүмкіндік жолы мен құралдарын жеткілікті түрде анық түсінеді. Өз кезегінде мақсатты қалыптастыруда осы мақсаттың мазмұны, сипаты мен мәні ерекше рөл атқарады. Мақсат неғұрлым мәні зор болса, соғұрлым алға ұмтылушылық пайда болады.

Адамның тілегі үнемі орындала бермейді. Кейде бір уақытта бірнеше үйлеспейтін, тіпті қарама-қарсы мәндегі тілектер пайда болып, адам қайсысын іске асырарын білмей қиналады. Бірнеше тілектер мен бірнеше түрлі қозу әрекеттерін сипаттайтын психикалық жайтты түрткілер күресі деп атау қабылданған. Түрткілер күресіне адамның белгілі бір бағытта әрекет ету қажеттігін жақтау не жақтамау негіздерін,

қалай әрекет етуді ойша кең түрде талқылау кіреді. Түрткілер күресінің қорытынды сәті – мақсат пен әрекет әдісін таңдауда шешім қабылдау: адам белгілі бір бағытта, нақты мақсат пен түрткіні көздеп әрекет етуді шешеді. Шешім қабылдай отырып адам табандылық танытып, істің алдағы барысына жауапкершілікті сезінеді.

Шешім қабылдау мәселесі психология ғылымында қызу талқыланудағы даулы мәселе екенін айта кету керек. Бір көзқарастар бойынша түрткілер күресі мен шешім қабылдау ерікті актінің негізгі орталығы, ядросы деп қарастырылады. Сондай-ақ, ішкі күрес, жеке өзіндік екі айырылған жан дүниесімен қарама-қайшылық, ішкі шешім арқылы одан шығу екінші орынға итерілмек. Келесі бір көзқарастарда ерікті актіден таңдау, ойластыру және бағалауға байланысты ішкі сана жұмыстарын мүлде алып тастау туралы тұжырым айтылады.

Отандық психологтардың көпшілігіне тән бұдан басқа көзқарастар да бар: түрткілер күресі мен ішкі сана жұмыстарының мәнін жоққа шығармай, еріктілік мағынасы деп олар қабылданған шешімнің орындалуын есептейді, өйткені түрткілер күресі және одан кейін қабылданатын шешім субъектілік жағдайдан ары аспайды. Тек сол шешімнің орындалуы адамның ерікті іс әрекетінің негізгі сәтін көрсетеді.

Ерікті іс әрекеттің орындалу кезеңі күрделі құрылымнан тұрады. Ең алдымен қабылданған шешімнің орындалуы оның қандай да бір орындалу уақытымен байланысты. Егер шешімнің орындалуы ұзақ уақытқа қалдырылса, онда бұл жағдай оның қабылданған шешімін орындау ниеті дегенге саяды. Іс-әрекеттің күрделі түрлерімен соқтығысқанда көбінде ниет туралы айтылады, мысалы, жоғары оқу орнына түсуге, белгілі бір әскери мамандық алуға ниеттену.

Ниеттену өз мәнінде ұзартылған уақыт әрекетіне іштей дайындықты және шешімде белгіленген бағытпен мақсатқа жетуді көздейді. Бірақ тек қана ниеттеніп қою жеткіліксіз. Басқа да ерікті іс-әрекеттер сияқты ниеттенудің қатысымен қойылған мақсатқа жету жолын жоспарлау кезеңдерін бөліп алуға болады. Жоспар түрлі деңгейде бөлшектенуі мүмкін. Бір адамдар үшін бәрін жан-жақты қарастырып, әр адымын есептеуге жанталасу тән болса, келесі біреулер жалпы сызбаға қанағаттанады. Сондай-ақ, жоспарланған әрекеттер бірден іске аспайды. Оны іске асыру үшін саналы түрдегі ерік күші керек. Ерік күші деп ойластырған әрекетті орындауға қажетті, ішкі ресурстарды тұрақтылыққа шақыратын ерекше ішкі қысым немесе белсенділік жағдайы түсіндіріледі. Сондықтан ерік күші әрқашан қуат көзін жұмсаумен байланысады.

Ерікті іс-әрекеттің осы қорытынды кезеңі екі жақты мәнер алуы мүмкін: бір жағдайда ол сыртқы әрекеттерден көрінеді, басқа жағдайда, керісінше, сыртқы әрекеттерден тартыншақтайды да, бұндай құбылыстар ішкі ерік әрекеттері деп қабылданады. Бірақ екі жағдайда да адамда белгілі бір ерік күші көрінеді.



5.4.-сурет

Ерік күшінің сапа жағынан алғанда бұлшық еттер ширеуінен айырмашылығы бар. Ерік күшінде сыртқы қозғалыс аз мөлшерде көрініп, ал ішкі ширеуі орасан зор болуы мүмкін. Сонымен қатар кез келген ерік күшіне қандай да бір деңгейде бұлшықет ширеуі да қатысады. Мысалы, біз бір нәрсені қарастырғанда немесе еске алғанда маңдайымызды, көзіміздің бұлшық еттерін жиырамыз, бірақ бұл бұлшық еттер мен ерік күшін бөліп қарастыруға негіз емес.

Әртүрлі айқын жағдайларда бойымызда көрініс берген ерік күші қарқындылығымен ажыратылады. Ерікті күштер қарқындылығы алдымен жол бойы кездесіп отыратын сыртқы және ішкі кедергілерге тәуелді. Бірақ жағдайға сәйкес факторлармен қатар ерік күші тиімділігін анықтайтын тұрақты факторлар да бар. Оларға жататындар: жеке

адамның әлемдік көзқарасы; қоршаған ортаның сол және басқа да құбылыстарға қатысы; қабылдаған шешімге сәйкес белгіленген жолмен жүру қабілеттілігін анықтайтын моральдық тұрақтылық; өзіндік басқару деңгейі; өзіндік ұйымдастырушылық қабілет, т.б. Осы факторлардың бәрі адамның даму үрдісінде қалыптасып, еріктілік шеңберінің даму деңгейін сипаттайды.

Адамның ерік күшінің белгілі бір сапалық қасиеті бар. Ең алдымен ерік күшін бөліп қарастыру керек. Ерік күші дегеніміз – қойылған мақсатқа жету жолында кездескен қиындықтарды жеңе білуі. Осы жолда игерген кедергілер қаншалықты қиын болса, сіздің ерік-жігеріңіз де соншалықты күштірек. Ерік күшінің қатысуымен жеңіп шыққан кедергілер ерік күші көрінісінің объективті көрсеткіші болып табылады.

Әртүрлі ерік көрінісінің ішінен табандылық және ұстамдылықты бөліп қарастыруға болады. Олар қажет кезінде өз сезімін ұстай білуімен, импульсивті жағдайда ойланбай жасалынатын әрекеттерге жол бермеушілігімен, өзін-өзі басқара алу, ойға алған ісін орындауға өзін бағындыра алу және өзі қалаған, бірақ дұрыс емес істен бас тарта алуымен ерекшеленеді.

Ерік-жігер сипаттамасының тағы бірі – мақсатқа бейімділік, яғни жеке адамның белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесіне жетуге саналы және белсенді түрде бағыт алушылығы. Стратегиялық мақсатқа бейімділік белгілі бір қағидалар мен идеяларды басқару, ал оперативті мақсатқа ұмтылушылық жеке әрекеттер үшін айқын мақсат қоя білу және олардың орындалу барысында көңілін басқа жаққа алаңдатпау.

Еріктің маңызды сипаттамасының бірі – бастамашылдық, яғни пайда болған идеяларды іске асыру мақсатымен әрекеттенуге қабілеттілік. Көпшілік адамға өз селқостығын жеңу ерікті акт кезінде қиыншылық тудырады. Тек дербес адам ғана жаңа идеяларды іске асыруға алғашқы қадам жасайды. Дербестік – бастамашылдықпен тікелей байланысты ерік-жігердің тағы бір сипаттамасы. Дербестік саналы түрде шешім қабылдайтын, мақсатқа жетуге кедергі болатын түрлі факторлар әсеріне бой бермейтін қабілеттіліктен көрінеді. Дербес адам өзгелердің ұсыныстары мен кеңестеріне баға бере отырып, өз көзқарасы, өз сенімі негізінде әрекет жасауға, алған кеңестері негізінде оларға түзетулер енгізуге қабілетті келеді.

Бастамашылық қабілетке ие болу үшін дербестікпен қатар ерік-жігердің тағы бір қасиеті – табандылық қажет. Табандылық артық ауытқушылықтың, түрткілер тартысындағы сенімсіздіктің болмауынан, уақытымен тез шешім қабылдаудан тұрады. Ең алдымен табандылық

озық түрткілерді таңдау, дұрыс әрекетті таңдау, алға қойған мақсатқа жетудің тиімді құралдарын таңдау кезінде көрініс береді. Сонымен қатар табандылық қабылданған шешімді іске асыруда да байқалады. Табанды адамдарға өзіне қажетті іс-әрекетті таңдаудан орындауға дейінгі өту кезеңінің шапшаңдығы мен батылдығы төн.

Табандылықтан еріктіліктің негізделген қасиеті ретіндегі асығыс шешім қабылдауға бейім тұратын, ойланбай әрекет етуге бейім тұратын қызбалықты айыра білу керек. Қызба адам әрекет етерде алды-артын ойлай бермейді және сонысынан жиі опық жейді. Бұндай адамдардың шешім қабылдаудағы асығыстық әрекеті табандылыққа жатпайды, өйткені ол үшін шешім қабылдау күрделі де қиын үрдіс болғандықтан, тезірек құтылуға тырысады.

Түпкілікті маңызды ерік-жігер сапасына жүйелілік жатады. Жүйелі адамның барлық ісі біркелкі басқарушылық қағидамен жүріп, қосымша, жанаманың бәрін бағындырады. Әрекеттерді жүйелеу өзіндік бақылау мен өзіндік бағалауға тікелей байланысты.

Адам өз іс-әрекетін жақсы бақылай алғанда ғана жоспарлағанын іске асырады. Кері жағдайда адамның ойға алған мақсаты мен іс-әрекеті шашырап кетеді. Мақсатқа жету жолында өзіндік бақылау жасап отыру бастаушы түрткілердің жанама түрткілер алдында үстемдік құруын қамтамасыз етеді. Бірақ өзіндік бақылау жүргізудің сапалық деңгейі, тиімділігі жеке адамның өзіндік бағалауына байланысты. Өзін төмен бағалау адамның өзіне деген сенімділігін жоғалтады. Бұл жағдайда қойылған мақсатқа жетуге ұмтылушылық біртіндеп өше бастайды да, жоспарлаған іс ешқашан орындалмайды. Керісінше болуы да мүмкін: өзіңді және өз мүмкіндігіңді асыра бағалау. Бұл жағдай адамға мақсатқа жету үшін тиімді бағдар мен түзетулер өнгізуге мүмкіндік бермей, жоспарлы жетістікті қатты күрделендіреді.

Ерік күші басқа да психикалық үрдістер сияқты жас ерекшелігіне қарай қалыптасады. Жаңа туған жас сәбиде рефлекторлық қимылдар, кейбір инстинкті қозғалыстар басым болады. Ерікті, саналы әрекеттер кейінірек қалыптаса бастайды. Сондықтан баланың алғашқы талап-тілегі өте тұрақсыз: олар бірінің орнын бірі тез алмастырады және анықталмаған сипатқа ие. Тек төрт жастан ары қарай ғана оның талап-тілегі тұрақтана бастайды.

Басқа да психикалық үрдістер сияқты ерік-жігер өз алдына жеке емес, жеке адамның басқа да жалпы дамуымен қатар жүреді. Ерік-жігер қалыптасуының негізгі жолдарын қарастырайық.

Ең алдымен, бұл үрдістің табыстылығы ата-анаға байланысты. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, баланы жан-жақты дамытуға

тырысып, оған шамадан тыс талап қоятын ата-аналардың баласында іс-әрекетті ерікті түрде реттеуде қиын мәселелер туындамайтын болады, ал ез іс-әрекетін реттеп отыру саналы тәртіптілікке әсер етеді деп есептеді. Сондықтан отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері тікелей әскери қызметшінің қылықтарынан көрінеді. Тәртібі жеткіліксіз әскери қызметшіге тән дүние о баста тәртіп талаптарын орындауға саналы қарым-қатынас қалыптаспаған.

Еріктілік сапасын тәрбиелеуде мектеп маңызды орын алады. Мектеп талаптары оқу үрдісін қамтамасыз етуге қажет, бірақ сонымен қатар олар тәртіптіліктің белгілі бір деңгейін қалыптастыруға да әсер етеді. Мысалы, оқушы белгілі бір уақыт ішінде партада отыруға тиіс, ол мұғалім мен мектептің талаптарына бағынып, өз мінез-құлқын ұйымдастыруға міндетті, мұғалімнің рұқсатынсыз орнынан тұруға, достарымен сөйлесуге болмайды, ол үй тапсырмасын орындауға тиісті т.с.с. Бұл ережелерді орындау сапалы ерік-жігер тәрбиелеуге әсер етеді. Сондықтан оқушының ерік-жігерін тәрбиелеуде жеке мұғалім мен мектеп ұжымының рөлі ерекше.

Бірақ көпшілік жасөспірімдер үшін нағыз қайраттылық мектебі, ерік-күшін қалыптастыру мектебі – Қарулы Күштерде қызмет ету кезеңі. Жасөспірімдерді әскери кәсіпке даярлау үрдісінде заң талаптарын, әскери ережелерді қатаң сақтау қажеттігін түсіну, қойылған мақсатқа жетісу жолындағы қиыншылықтарды жеңе білуге қабілеттілік қалыптасады. Әскери қызметші бойында ерік күшін тәрбиелеп, қызмет бойынша міндеттер орындауда үлгі болатын офицердің орны ерекше.

Эмоция және сезім туралы түсінік

Қоршаған ортада көзіккөңдердің бәрі адамда оларға деген қандай да бағамдау қатынасы мен сезімдер пайда етеді. Олардың бірі ұнап қуантса, екіншісі қапаландырып, жеккөрушілік тудырады. Сезім түрі сан-аулан. Төңіректегі нысандардың жеке қасиеттері мен сапаларының өзі де адамның белгілі сезіміне себепші болады, мысалы, түсі ұнамайды, дауысы жағымсыз, дәмі татымсыз т.с. Өмір жағдайлары мен тұрмыс оқиғалары күрделірек сезімдерге себепші келеді. Сезім ауқымы өте кең: өкініш пен қанағаттану, қуаныш пен қорқыныш, таңдану мен жиіркену мұндай сезім түрлерін шексіз келтіруге болады. Сезім – адамның қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан туындаған әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелістері. Адам сезімі тіршілік үшін керекті де пайдалы қасиет. Толғаныссыз өмір – өшкен өмір. Көп сезімдерге адамның өзі

құштар. Егер сол сезімдер қандай да себептермен болмай қалса, адам «эмоциялық ашырқауға» душар болып, оның орнын толтыру үшін өн-күй тындайды, әсерлі фильмдер көреді не қым-қиғаш оқиғалы кітаптар оқиды. Психологтар көп заманнан бері осы сезім мәселесінің төркінін ашумен айналысуда. XVIII-XIX ғасырларда бұл сұрақ төңірегінде ортақ көзқарас пайымдалмады, дегенмен интеллектуалдық теория бағыты кең өріс алды. Бұл бағыт мәні адамдағы барша органикалық көріністердің негізі психикалық құбылыстардан деген тұжырымнан шығарылды. Неміс психологы Гербарттың ұйғарымы бойынша, барша сезімдік дүниенің іргетасы елестер деп саналды. Бұл теорияға орай сезім-елестер арасындағы байланыстарға сай қарама-қайшылықтарға жауап ретінде пайда болады. Мысалы, дүниеден өткен адамның бейнесін тірілермен салыстырудан қайғы пайда болады. Тіпті, ырықсыз көз жасын төгуге не жалпы қасіретті күй білдіруші әрекет-қылыққа себепші болады.

Неміс ғалымы В.Вундт та осы бағытты қолдады, бірақ оның тұжырымдары эклектикті, яғни әртүрлі психологиялық қарама-қарсы көзқарастарды қалай болса солай қоса салуға негізделген еді. Оның пікірінше, эмоция – алдымен сезімнің елес жүрісіне тікелей ықпал етуімен сипатталатын адамның ішкі өзгерістері, ал кей жағдайда, ішкі өзгерістердің сезімге әсері, ал органикалық үрдістер – эмоцияның салдары ғана.

Эмоцияның қазіргі заман тарихы У.Джеймстің 1884 ж. жарияланған «Эмоция деген не» атты мақаласынан басталды.

У.Джеймс және бұған байланыссыз Г.Ланге пайымдаған теория бойынша: сезімнің туындау себебі – сыртқы ырықты қозғалыстар, сонымен бірге, ішкі ырықсыз жүрек толғаныстарынан, адамның кейіп өзгерістерінен болатын сипаттар. Осы өзгерістерден туындайтын адам әсерлерінің бәрі эмоциялық күйді танытады. «Біздің қайғыруымыз жылағанымыздан, қорқуымыз – қалтырауымыздан, қуанғанымыз – күлгенімізден» (У.Джемс). Сонымен, эмоция салдары болған дене шетіндегі (перифериялық) органикалық өзгерістер, ғалымдар ойынша, сезімдер себебіне ауысады. Осыдан эмоциялардың ырықты реттелуінің қарадүрсін түсініктемесі беріледі: мысалы, ұнамды эмоцияға тән әрекеттерді әдейі жасаумен қажет болмаған қасірет сезімін басуға болады-мыс.

Джеймс-Ланге тұжырымы біраз қарсы көзқарастарды тудырды. Негізгі сын айтқан У.Кеннон. Әртүрлі сезімдерге байланысты жауап әрекеттер бір-біріне өте ұқсас, сондықтан олар адамның саналуан эмоциялық қасиеттеріне сай келе бермейді. Мысалы, қазақ келісу

сезіміне орай басын изейді, ал болгар – шайқайды; Африканың бір тайпа өкілдері сүйген адамының бетіне түкіретін көрінеді, ал қазақ үшін ол мүлдем бөлек нышан.

Психологтардың үлкен тобы сезімді жай-күйлік қалып аймағынан шығарып, дененің әсер еткен жағдайға, оқиғаға болған жауап әрекеті деп танығанды жөн көреді. Мұндай түсінік Ч.Дарвин еңбектерінде де берілген. Эмоциялық әрекеттердің көбі өздерінің пайдалы болуымен қажет, мысалы, жануар қаһары жауын қорқыту үшін керек немесе олардың кейбірі еткен эволюциялық дамудың бір кезеңінде қажет болған әрекеттердің нәсілден нәсілге ауысып келе жатқан қалдығы.

Ендігі бір оқшауланған теориялар тобы сезім табиғатын адамның ақыл-ой (когнитив) мүмкіндіктерімен байланыстырады. Оның ішінде Л.Фестингердің сана үйлесімсіздігі теориясы өз алдына. Бұл көзқарастың мәні: адам бір нысан жөнінде біріне-бірі психологиялық қарсы екі пайым ортасында тандау ете алмай, күйзеліс эмоциясына түседі, яғни санадағы «білімдер» үйлесімсіздігінен жағымсыз сезім пайда болады. Ал іс-әрекеттің нақты нәтижесі мен көзделген ниет өзара сәйкес келсе, адамда жағымды сезім туады. Ақыл-ой үйлесімсіздігінен құтылудың екі жолы бар: 1) өз ниетіңді шындыққа сәйкес өзгерту; 2) ниетке сай болатындай әрекеттің жаңа жолдарын іздестіру. Сонымен, когнитивтік теория адамның сезімдік кейпін оның әрекет-қылықтарының негізгі себепшісі ретінде қарастырады.

Сезімдер адамның қоршаған дүниеге қатынасын білдіріп қана қоймай, ол жөніндегі ақпарат көзі де болып табылады. Бұл тұрғыдан нысан бейнесі эмоцияның танымдық тарапы болады да, ал сол мезеттегі адам кейпі сезімнің субъективті элементін танытады.

Сезімдер адамның қасиеттерімен тығыз байланысты. Субъекті қажеттілігі және сол қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған ерекше қызметіне орай сезімдер екі ірі топқа бөлінеді. Біріншісі – қажет заттардың объективті мазмұнына жаңа, айрықша мән қосып, оларды қанағаттандыру әрекетінің сеп-түрткісіне айналдырушы сезімдер. Мұндай толғаныстардың пайда болуы үшін аса қажетсіну және оған сай заттар қолда болуы керек. Көңіл-күй серпінісі қажеттілікпен үйлесе келе, іс-әрекеттің бастауын береді, оған ынталандырады және бағыт-бағдарлы жетекшісіне айналады. Осылайша, мұндай сезімдер іс-әрекетпен сәйкестікке түседі. Бұл эмоциялар психологияда жетекші ниеттер деп аталады (В.К.Вилюнас).

Екінші эмоциялық құбылыстар тобына жетекші ниет, яғни басталған ішкі не сыртқы іс-әрекет ізімен туындайтын сезімдер кіреді. Бұлар сол әрекеттердің орындалуына тиімді не кедергі болған

қағдайларға (үміт, ыза), жеткен нәтижелерге (қуаныш, өкініш) немесе қалыптасқан не мүмкін болар ситуацияларға (қатерлену, сенімді болу) субъектінің қатынасын сипаттайды. Мұндай сезімдік толғаныстар кетекші ниеттерге негізделгенінен әдейі немесе ырықты деп аталады. Өзделген мақсатқа жетуде алда шыққан кедергі бір түрлі сезім гуындатса, өнді сол кедергі жаудан құтылуда пайдалы болуымен экинші бір сезім пайда етеді, яғни ырықты сезімдер нақты жағдайға, сол сәттегі өмірлік маңыздылыққа орай мәнге ие болады.

Сонымен, сезім екі себептен пайда болады, біріншісі – адамның объектіге қатынасын айқындайтын қажеттіліктер; екіншісі – адамның эсы нысанның тиісті қасиеттерін түсініп, оны санада бейнелеу қабілеті. Объективті және субъективті жағдайлардың өзара байланысынан адамның қоршаған дүниеге саналы баға беруімен қатар жеке эмоционалдык көзқарасының себептері ашылады.

Сезімдердің өзіндік ерекшелігі олардың қарама-қарсылықты сипатынан көрінеді. Мұндай сипат қарапайым әсерленуге де (рахаттану-қысылу), сондай-ақ күрделі толғаныстарға да (ұнату-жек көру, қуаныш-мұң, көңілді-қайғылы, т.б.) тән.

Сезімдерге ғана тән аса маңызды сипат – олардың бірігімді (интегралды) келуі. Сезім бүкіл денені билеп, адам кейін ерекше әсерге бөлейді. Барша дене қызметтерінің басын бір сәтте біріктірумен сезім эздігінен ағзаға пайдалы іс зиян әсердің хабаршы қызметін атқарады. Сезімдік сигнал әсер орны мен дененің жауап әрекеті айқындалмай катып та санаға жетуі мүмкін.

Сезімдердің және бір маңызды ерекшелігі – олардың денедегі біршілік әрекеттермен тікелей байланыста болуы. Сезім ықпалынан адамның ішкі тән қызметі өзгеріске түседі: қан айналымы, дем алыс, ас қорыту, ішкі және сыртқы секреция бездері. Шектен тыс ұзақ уақыт және қарқынды көңіл-күй толғаныстары ағзаны сырқатқа шалдықтырады: қорқыныш – жүрек ауруларына соқтырып, ашу бауырды, жабырқау мен мұң асқазанды бұзады (М.И.Аствацатуров).

Сезімдер тарихи-әлеуметтік негізге ие. Олар әртүрлі халықтарда, әртүрлі кезеңдерде мән-мағынасы мен көріну формасын ауыстырып отырған. Қоғам дамуымен сезімдер де өзгеріп барады. Түрлі дәуірде өмір сүрген адамдардың ұқсас, тіпті бір текті заттың өзіне қатынасы бірін-бірі қайталамайды. Сезім ұдайы қозғалыста болып, тұрақты және ауыспалы элементтердің тұтастай бірлігінен құралады. Бұл сезім желісінде, бір жағынан бір ізді қысқа мерзімді толғаныстар құрылымын пайда болу, өрбу, шыңына жету, сену, экинші жағынан әртүрлі толғаныстар түйдегінен түзілген ұзақ мерзімді сезімдер құрылымын

айыруға болады. Барша сезімдер жүйесінің өлшемі бірі-біріне қайшы келген екі бағытта беріледі (В.Вундт): сүйсіну-жиіркену, қозу-тыншу, көңілдену-мұңаю, т.б.

Егер сүйсіну не жек көру сезімі көп жағдайда заттың өзіндік ерекшеліктеріне, олардың адам өміріндегі маңызына немесе нақты бір ситуация мәніне орай туындаса, одан болатын қозудың дәрежесі сол сезімнің өзімен шарттас келеді. Мысалы, қаһар дүлей қызбалық формасында көрініс берсе, керісінше, қанағаттану адамның сабырлы, байсалды күйінен білінеді.

Көптүрлілігі мен күрделі болуынан сезімдерді жете танып, қалтқысыз басқару мүмкін емес. Бұл жағдай өз сезіміңді суреттеп, айтып беру үшін сөз жеткізе алмауда байқалады: қолданған сөздердің мәні бұлыңғыр, көңіл-күй қалпына сәйкес болмай шығады. Адам сезімдері ұзаққа созылған филогенетикалық даму тарихына байланысты көптеген ерекше сипаттағы қызметтерді атқаратын болды. Сезімнің бейнелеу қызметі оқиғаларға жалпыланған баға беруде көрінеді. Көңіл-күйдің бүкіл ағзаны билеуінен, сезім арқылы біз қандай да әсердің пайдалы не зиянды екенін оның салдары денеге белгілі бір таңба түсірмей тұрып-ақ байқап, жауап не қорғаныс әрекетіне көшеміз. Мысалы, жолды кесіп өтіп бара жатқан жолаушы көшедегі көлік қозғалысын барластырумен әртүрлі деңгейдегі қорқыныш сезімінде болуы мүмкін. Оқиғалардың эмоционалдық бағамы адамның дара толғаныс қабілетінің негізінде берілуі ықтимал, бірақ мұндай сезімдік нәтиже көбіне өнер туындылары мен көпшілік ақпарат құралдары, т.б. арқылы басқа адамдармен қатынас жасау барысындағы көңіл-күй ортақтастығынан қалыптасады. Сезімнің бейнелеу қызметіне орай адам қоршаған ортада бағыт-бағдар топшылайды, заттар мен құбылыстарға қажеттігіне қарай баға береді. Бұл тұрғыдан сезім ақпарат алу немесе хабар жеткізу міндетін атқарады. Денеді пайда болған күйзеліс не көңіл-күй жайсыздығы адам қажеттіліктерінің қалай қанағаттандырылып жатқаны, кезігетін кедергілердің сипаты туралы, ең алдымен неге назар аударылуы қажет екендігі жөнінде субъектіге ақпарат жеткізеді.

Сезімнің ақпараттық не бейнелеу мүмкіндігі ниеттеу немесе ынталандыру қызметімен тікелей байланысты. Мысалы, жолаушы алдына жақындап қалған транспортты көрсе, қауіп төнгендіктен, қадамын жеделдете түседі. Затқа не одан кері бағытталған құмарлық, тілек, ұмтылыс эмоцияның өзіне тән, одан ажыратылмас, бірлікті құбылыстар (С.Л.Рубинштейн). Алда тұрған мәселенің шешілу жолына бағыт беретін де осы сезімдер. Эмоционалды толғаныс мазмұнында

қажеттіліктің қанағаттандырылуы үшін керек заттың бейнесі көрініп, содан заттың өзіне деген әуесқойлық пайда болып, ол өз кезегінде адамды әрекетті орындауға ниеттейді, ынталандырады.

Оқу үрдісіне тікелей қатысына байланысты сезім қуаттау, қолдау қызметін де атқарады. Күнделікті эмоционалды көңіл-күйге себепші болған оқиғалар оқушы санасында жеңіл қабылданып, ұзақ уақыт есте сақталады. Табыс не сәтсіздік сезімдері баланың оқуға ынтасына күш, қуат беріп не оны тіпті өшіріп жіберуі мүмкін. Белгілі сәтте маңыздылау қажеттілікті таңдау барысында сол қажеттілікке негіз болар көп сеп-түрткілердің таласы туындайды. Осы жағдайда сезімнің ауысу қызметі іске қосылып, эмоция адамды қандай да бір талғамға бағыттайды. Мысалы, адам өзінің тума жан сақтау ниеті мен қоғамда қабылданған әлеуметтік талаптар арасындағы қарама-қарсылықты жеңе алмай, күйзеліске түсетіні белгілі, яғни қандай да бір әрекетті істейін десе – өз тіршілігіне зиян, істемесе ұят, көпшіліктің сынына ұшырайды. Осындай қорқыныш және борыш, қорқыныш және ұят тайталасында сезім мәнін, оның өз талғам-талабына сай келу, келмеуін барластырумен адам көздеген іс-әрекетін сол сәттегі қажетті арнаға ауыстырады.

Жоғарыда аталған сезім қызметімен сыбайлас эмоцияның икемдесу қызметін де атап өткен жөн. Ч.Дарвиннің пікірінше, сезімдер тіршілік иелерінің өз қажеттілігіне орай келген жағдайларды анықтау құралы ретінде пайда болған. Дер кезінде ағзада пайда болған эмоциядан жануар қоршаған ортаға икемделу мүмкіндігіне келген.

Сезімнің коммуникативтік (ақпарат алмасу) қызметі де адам өмірінде үлкен маңызға ие. Ым-ишара, дене қозғалыстары сезімдік белгі ретінде адамның өз толғаныстарын, қоршаған орта заттары мен құбылыстары жөніндегі өз қатынас-талғамын басқаларға жеткізуге жәрдемін тигізетіні белгілі. Ым-ишара, қас-қабақ қимылдары, дене қалпы, үн ырғағы, бәрі де сезім «тілі» болуымен, адам ойынан гөрі, оның көңіл-күй кейпін айқындау танытады. Зерттеулер дәлелдегендей, сезімдердің бәрі бірдей анық таныла бермейді. Мысалы, өте айқын білінетіні – үрей (сыналғандардың 57%), одан кейін – жиіркеніш (48%), содан кейін – таңдану (34%).

Коммуникативтік қызмет аймағында сезім арқылы адам өзін қоршаған сыртқы ортаға не ішкі жан дүниесіне ықпал жасау қабілетіне ие. Мысалы, өлі есейе қоймаған сәби шалқалақтап жылауымен ата-анасын өз дегеніне көндіретінін сезе қояды да, бұдан былай осы әдісті жиі қолданып, мүддесіне жетуді әдетке айналдырады.

Сезімдер ағзада жүріп жататын ерекше үрдістермен байланысқан. Бұл үрдістердің көзі негізінен сыртқы дүние өзгерістерінде, дегенмен,

олар бүкіл дене әрекет-қимылына әсер етеді. Осыдан, мысалы, көңіл-күй қандай да бір күйзеліске келсе, қан айналымы өзгереді, жүрек соғуы жиілейді не бәсеңдейді, қан қысымы ауысады, қан тамырларының күш-қуаты артады не кемиді т.б. Нәтижеде, бір жан толғанысынан адам қызарады, екіншісінен – бозарады. Сезімдік өмірдің барша өзгерістеріне өте нәзік қабылдайтын адамның жүрек ағзасы. Халық аузында көп жағдайға байланысты «жүрегім қатты соғып тұр», «жүрек шыдамайды», «жүрегім орнына түсті» т.б. сөз тіркестерінің жиі қолданылатыны осыдан. Дене мүшелерінің қай-қайсысындағы болмашы өзгеріс жүрекке әсерін тигізбей өтпейді (ас қорыту, тыныс алу, бездер жүйесіндегі т.б.), рахатқа бөлеуші ұнамды сезімдер; тіршілік қажеттіліктердің орындалмауынан қанағаттанбау кейпіне түсіретін жағымсыз сезімдер. Орындалып жатқан адам қажеттіліктерінің деңгейіне орай сезімдер қарапайым және күрделі келеді. Қарапайымдары – ашу, қорқыныш, уайым, қызғаныш, күндеушілік т.б.; күрделілері – моральдық, эстетикалық және отансүйгіштік. Көріну әлпетіне орай барша эмоционалдық қалыптар төмендегідей түрлерге жіктеледі: көңіл-күй, кейіп, эмоция, аффект, стресс, фрустрация, құмарлық, жоғары сезімдер.

Көңіл – субъектіге қандай да эмоционалды рең сақтап қалуға не жоюға ықпал жасаушы психикалық үрдістің ерекше сигналдық түрі: кейбір түр-түс, дыбыстар, иістер өздерінің негізгі мәніне байланыссыз біздің есімізге түсуден жағымды не жағымсыз сезімдер тудырады. Мысалы, жақсы ән, тәтті тағамның өзі де ұнамай қалуы мүмкін. Мұның бәрі біздің сол сәттегі көңіл-күйімізге байланысты. Егер көңіл тұрақты жиіркенушілікпен ұштасса, бұл идиосинкразия сырқатының белгісі.

Көңілде қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың жиі кездесетін пайдалы не зиянды тараптарының жалпыланған бейнесі қалыптасады. Осының арқасында көңіл күтілген әсер жөнінде оны бұрынғы естегі ақпараттармен салыстырып отырмастан, күні ілгері шалт шешім қабылдауға көмегін тигізеді. Көңіл көбіне субъективті сипатқа ие: қызықты кітап, сыпайы сұхбаттас т.б. бір адамда жақсы сезім тудырса, екінші тұлғаға мүлдем жақпай қалуы әдеттегі құбылыс. Көңіл сипаты іс-әрекеттің желісіне де байланысты. Бастапқыда ұнаған іс өзінің ұзаққа созылғандығынан адамды жалықтырып, көңілсіз күйге түсіретіні белгілі. Сырттай байқала бермейтін адам көңілін танып, оны орнымен пайдаланса, жеке не қоғамдық еңбек, оқу жемісті нәтижесін береді.

Кейіп – біраз уақыт бойы адамның көңілін билеп, мінез-құлыққа әсер ететін жалпы эмоциялық күй. Өмір тіршілігінде адамның сезімі

бір объектіге бағытталып, оған қуанады не күйзеледі, біреуді сүйеді, бір нәрседен шошиды. Адам кейпінің көрінісі белгілі сезімге, себептерге байланысты. Мысалы, ұнамсыз хабар естіген адамның көңілі түсіңкі болып, оның бойын қобалжу, уайым билейді. Жұмысы сәтті болып, реттеле бастаса, оның көңілі тасиды, шаттық лебі ұзаққа созылады.

Адам кейпі тіршілік жағдайына байланысты құбылмалы болып отырады. Егер адам шаршап-шалдығып, ауырып жүрсе, оның кейпі солғын болады. Ал дені сау, ұйқысы қанық, көңілі көтеріңкі болса, адам мәз болып, жадырай түседі. Адамның кейпіне табиғат көрінісі, жыл маусымдары, ауа райы сияқты құбылыстар да айтарлықтай әсер етеді. Рухани байлығы мол, мақсат-міндеті айқын адам ауыр жағдайларға да мойын ұсынбай, өмір сүріп, жұмыс істей алады, өз кейпін меңгеріп, оған иелік етеді (Ә. Алдамұратов).

Эмоция (сезім шарпуы) – сезімнің тікелей қатынастағы уақытша көрінісі. Мысалы, сахнадағы айтыскер ақындардың бір ауыз тапқыр сөзіне бола, көрермендердің бір мезет дүрілдете қол соғып, қошеметпен айқай салуы. Іс-әрекетке ықпал жасау эмоциялары стеникалық және астеникалық болып бөлінеді. Стеникалық эмоциялар адамға қуат беріп, іс-әрекетке ынталандырады. Бұл жағдайда адам «тау қопаруға» дайын тұрады. Керісінше, кейде толғаныстан адамның аяқ алысы байланады, енжарлық басады, бұл – астеникалық эмоция көрінісі. Жағдайға, дара ерекшеліктерге орай эмоция адам қылығына әртүрлі ықпал жасауы мүмкін. Мысалы, қорқыныш сезімінің саналы болуынан адам өзін жинақтап, қатерге қарсы шабуылға шығады. Ал сол қорқыныш адамды шідерлеп, «тізесі қалтырайтын» дәрежеге де келтіреді.

Қуаныш – орындалуы күмәнді болып тұрған қажеттіліктің толық қанағаттандырылуына байланысты туындайтын ұнамды эмоционалды күй.

Таңдану – күтпеген оқиғаға байланысты пайда болатын эмоциялық белгі. Таңдану бұрыннан бар сезімдерді тежейді. Осыдан зейін толығымен таңдануға себеп болған нысанға ауысады, кейін ол қызығушылыққа жол ашады.

Күйзеліс – алғашында аз да болса сенім күттірген маңызды өмір қажеттігінің орындалмауы не оның орындалмайтыны жөнінде ақпарат алудан болатын жағымсыз эмоциялық күй.

Қаһар – субъектте өте маңызды қажеттіліктің күшті кедергіге ұшырап, орындалу мүмкіндігінің кенеттен жойылуына байланысты пайда болып, дүлей көрініс беретін ұнамсыз эмоциялық қалып.

Жиіркену – тікелей қатынаста болған объектілердің (заттар, адамдар, құбылыстар, оқиғалар т.б.) жеке адам идеологиясын,

адамгершілік не эстетикалық талғамына ымырасыз қарама-қарсылық болуынан туындайтын ұнамсыз сезім түрі.

Жек көру – адамаралық қатынастарда субъектінің көзқарас, өмірлік салты мен сезім объекті қылықтарының бір-біріне сәйкес келмеуінен көрініс беретін ұнамсыз көңіл-күй.

Қорқыныш – субъектіде өз тіршілігіне шынайы немесе болуы мүмкін қатер жөнінде ақпарат алумен бірге пайда болатын сезімдік құбылыс.

Ұят – субъектінің өз қылық-әрекеттері, ниеттері және сырт келбетінің басқалар күткендей не өз қағидаларына аралас келіп шығатын ұнамсыз сезім түрі. Эмоциялық толғаныстар біртекті болмайды. Бір объектінің өзі біріне бірі қайшы келген әрқилы сезімдік күйді тудырады. Бұл құбылыс амбивалентті (екіұшты) деп аталады. Амбивалентті жағдай адамдағы тұрақты қалып пен нақты оқиғаға байланысты оның сезімі арасындағы қайшылықтан туындайды: мысалы, махаббат және қызғаныштан болатын өшпенділік екеуі бірге жүреді.

Өте күшті эмоциялық әрекет көрінісі – аффект қысқа да қарқынды өтуімен ерекшеленеді. Бұл сезім құбылысы субъекті үшін өте қажетті болған өмір жағдайларының кенеттен өзгеріске түсуінен болады. Аффектте адамның қозғалыс әрекеттері ұстамсыз күйде болып, ішкі ағзалар қызметі күйзеліске ұшырайды: тілден қалады, жүрегі ұстайды, есінен танады т.б. Бұл қорыққаннан да, қатты қуаныштан да болады. Дені сау адам бойын аффект кернеген кезде ақыл-есінен танбайды. Адам бойында қаншалықты ашу-ыза болғанымен, оны долылыққа жеткізбей, аффектіні ауыздықтап, ерік-күшіне бағындыруына болады. Осы орайда, халық даналығында «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақалдың тағылымдық маңызы зор. Адамның көңіл-күйінің кейпін білдіретін жәйттің бірі психологияда фрустрация (көңілдің бұзылуы, межелі істің жүзеге аспай қалуы) деп аталады. Жоспарланған ісі мен мүдделі мақсаты түрлі себептер мен кедергілерге ұшырап, адам оған ренжиді, көңілі құлазып, қайғырып, күйзеледі, ашуға булығыады. Қанағаттанбаушылық сезімінен жан дүниесі қиналады. Адамның сезімі мен эмоциясы жағымсыз күйге ұшырайды. Фрустрациялық жағдайда көңіл өшпенділік, кейіс пен қаһар тудыруға бейім келеді.

Эмпатия – қайғы-қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшыраған өзгелерге жанашырлық білдіріп, солардың ауыр халі өз басына түскендей сезіну.

Құмарлық. Құмарлық көрінісі анық ұзақ уақытқа созылады. Ол әрқашан белгілі бір затқа бағытталады. Құмар – адамның белсенді

іс-әрекетін оятатын күшті сезім. Оның ұнамды және ұнамсыз жақтары бар. Мысалы, оқуға деген құмарлық адам қабілетін тәрбиелейді, мәдениетін дамытып, өмірдегі мақсат-мүддесіне жеткізеді. Ал ұнамсыз құмарлық адамның еркін нашарлатады, жан дүниесін аздырып, бей-берекетсіздікке ұшыратады. Ұлы Абай «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деп бекер айтпаған.

Адам жан дүниесінің сыры қоршаған ортаға әсерленіп қана қоймай, оның құбылыстарын танып білуге ұмтылуында. Мұндай әрекет адам сезімінің жоғары деңгейдегі саналы әрекетін, эстетикалық талғамы мен адамгершілік-моральдық қасиеттерін сезіне білетін көңіл-күйіне байланысты. Жоғары деңгейдегі сезімдердің ақыл-ой, эстетикалық және моральдық-адамгершілік түрлері бар.

Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Сезімнің бұл түрі балалардың оқып білім алуға, ересектердің өз қызметіне, шығармашылық пен өнерге деген көңіл-күй қатынасы. Адамның шындықты тануға деген ақыл-ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады. Таңдану кісіні әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан-жақты танып, оларды тереңірек түсінуге жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Іздену барысында адам түрлі жорамалдардан бастап, теориялық тұжырымдар жасайды. Күмәнді жайттарды тәжірибе жетістіктерімен салыстыра отырып, тексереді. Ақиқат екені айқындалған ойды қорытып, теориялық пайымдаулар туғызады. Болжамдарды анықтау барысында адамда ақиқатқа қалайда қол жететіндігіне деген сенім сезімі пайда болады. Сенім оған күш-қуат беріп, көңілін көтереді. Ақыл-ой сезімі – адамның кез келген іс-әрекетіндегі рухтандырушылық маңызы зор көңіл-күй.

Эстетикалық сезім – объективті шындықты бейнелеп, оның әсемдігі мен сұлулығын, жарасымдылығы мен сенімділігін қабылдап, оған әсерленудегі көңіл-күй. Әсемдікті қабылдап, оған сүйсіну, ләззаттанып, рухани күшін арттыру сезімі – адамның өмір тіршілігінде біртіндеп қалыптасатын жағдай. Әсемдікті қабылдау туа пайда болмайды. Әсемдік әлемі адамға өзінің сұлулығымен, табиғи жарасымдылығымен және шынайы көркемдігімен әсер етіп, адамның мақсат-мүддесіне, рухани қажеттігіне лайықты дамиды.

Эстетикалық сезім – мазмұны мен мағынасы және түр-сипаты жағынан ауқымы кең ұғым.

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке тұлғаға анықтама беріп, бұл ұғымның мазмұнын ашыңыз.
2. Жеке тұлғаның жүйесіне не кіреді?
3. Бағыттаудың негізгі формалары: қалау, тілек, ұмтылу, қызығушылық, идеал, сенім жайлы айтыңыз.
4. «Түрткі» ұғымының негізін түсіндіріңіз.
5. Адамның іс- әрекетіне түрткі болатын қандай жағдайларды білеміз?
6. «Қажеттілік» ұғымының анықтамасын түсіндіріңіз.
7. Адамның түрткілік ортасы болатын жағдайлардың мінездемесін беріңіз, ашыңыз.
8. Түрткілік орта жеке тұлғаны қалай бейнелейді? Адамның іс-әрекетінің қандай түрткілерін білесіз?
9. Адамның қабілеттері жайлы не білесіз?
10. Қабілеттің даму деңгейлері топтастыруының негізін ашыңыз (қабілеттілік, дарындылық, талант, даралық).
11. Қабілеттіліктің қандай жіктелулерін білесіз?
12. Темпераментті жеке тұлғаның қасиеті ретінде сипаттаңыз.
13. Темпераменттің негізгі түрлерін атаңыз (холерик, сангвиник, меланхолик, флегматик).
14. Темперамент түрлерінің психологиялық негізі жайлы айтыңыз.
15. Адамның іс-әрекетінде темперамент пен нәтижеліктің қатыстық ерекшелігі неден көрінеді?
16. «Мінез-құлық» ұғымының негізін анықтаңыз.
17. Мінез-құлық ерекшеліктері психикалық феномен ретінде қалай көрсетіледі?
18. Мінездің қалыптасуының заңдылықтары жайлы не білесіз?
19. Мінез-құлықтың жіктелуі жайлы не білесіз?
20. Эмоция туралы не білесіз?
21. Сезімді түсіндіріп беріңіз.

6-тарау. ӘСКЕРИ-КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

• **Адам іс-әрекеті мен оның құрылымы туралы жалпы түсінік.** Іс-әрекет деген не, оның себептері мен мақсаттары. Адам іс-әрекетінің негізгі түрлеріне сипаттама. Адам іс-әрекетінің иерархиялық құрылымы.

• **Әскери-кәсіптік қызметтің (іс-әрекеттің) ерекшеліктері.** Әскери қызмет – іс-әрекеттің ерекше түрі. Жауынгерлік іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктері. Қарапайым (бейбітшілік) жағдайдағы әскери қызметшілердің іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері.

• **Кәсіби қызмет жағдайларына адамның бейімделуі туралы түсінік.** Бейімделу туралы жалпы түсінік. Ағзаның функционалды жағдайы туралы түсінік, бұл феноменнің субъективті және объективті жақтары. Тұлғалық бейімделу потенциалы. Әлеуметтену – бейімделудің маңызды элементі. Күйзеліс және оның негізгі түрлері.

• **Офицердің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері.** Қазіргі офицерлердің кәсіби іс-әрекетінің мазмұны. Әскери басқаруды офицердің кәсіби іс-әрекеті құрылымының негізгі элементтері ретінде қарастыру. Жеке құрамның оқуы мен тәрбиесі.

Адам қызметі және оның құрылымы туралы жалпы түсінік

Адамға тән ерекшеліктердің бірі – еңбек ету, ал кез келген еңбек ету түрі қызметке ұласады. Іс-әрекет – нысандағы психикалық бейненің қалыптасуы мен бейнеленуі үрдісінде жүретін, сондай-ақ қоршаған орта мен субъектінің ортақ қатынастары жүзеге асырылатын субъектінің әлеммен әрекеттесуінің динамикалық жүйесі. Іс-әрекеттің кез келген қарапайым әрекеті, кез келген қимылы субъектінің белсенділік таныту кейпі болып табылады, ал кез келген қызмет субъектінің белсенділік таныту нәтижесі бола тұра, өз қозғаушы күші, себептері болады және белгілі бір нәтижеге қол жеткізерлік жетістікке бағытталған. Адамның қызметке қозғаушы күші себебі-түрткі болып табылады.

Алдыңғы тарауда көрсетілгендей, түрткі – субъектінің белсенділігі мен оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы жағдайлар жиынтығы. Дәл сол түрткі қызметке ынтына оята отырып, оның бағытын анықтайды, яғни оның мақсаты мен мәселелерін анықтайды.

Мақсат – жетістігі ретінде адам әрекеті алынған алдын ала еліктеу нәтижесінің айқындалған бейнесі. Мақсат ретінде қандай да бір нәрсе,

құбылыс немесе белгілі бір әрекет ала аламыз. Мәселе (тапсырма) – қандай да бір шарттарда берілген және де осы шарттардың белгілі бір процедураға сәйкес қол жеткізілген іс-әрекет мақсаты. Кез келген мәселеге қол жеткізілуі тиіс мақсат, яғни мәселенің айқындалған компоненті, мақсатқа жету үшін ізделінетін белгісізді табу сәйкес келеді. Мәселе мен мақсат сәйкес келуі мүмкін (тапсырма керектіні ізделініп отырған мақсатқа жетуге мүмкіндік жасайды), алайда іскерліктің күрделі түрлерінде әдетте тапсырма басты мақсатқа жету жолындағы жеке бір мақсатқа қол жеткізуге септігін тигізеді. Мысалы, адам қандай да бір мамандықты жетік игеру үшін, ол алдымен оның теориялық аспектілерін меңгеруі қажет, яғни белгілі бір оқу мәселелерін шешу, тек содан соң осы білімдерін іс жүзінде қолданып, тәжірибе жинақтайды. Осыдан кейін ғана маман атанады.

Заманға сай адам іс-әрекеті алуан түрлі. Адамның іс-әрекетінің барлық түрлерін келтіріп және сипаттап беру үшін сол адамның барлық ең маңызды деген қажеттіліктерін санап шығу керек болғандықтан, іскерліктің барлық түрін топтастыру қиынға түседі. Алайда бұндай мәселе адамның жеке даралық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі қажеттіліктер саны көп болғандықтан орындау мүмкін емес деуге болады. Шындығында қанша адам болса, сонша қажеттілік бар деген тұжырым дұрыс. Яғни, іс-әрекет те сонша деген сөз.

Алайда барлық адамға тән негізгі іс-әрекет түрлерін ерекшелеп, жалпылауға болады. Олар әрбір адамнан табуға болатын ортақ қажеттіліктерге сәйкес болады, нақтырақ айтсақ, олар әрбір адам өзінің индивидуалды дамуы үрдісі кезінде еріксіз қосылатын адамзаттың әлеуметтік белсенділігінің түріне сәйкес. Іс-әрекеттің мұндай түрлеріне қарым-қатынас, ойнау, оқу және еңбек ету жатады.

Қарым-қатынас – іс-әрекеттің жеке-дара адам дамуының үрдісінде пайда болатын бірінші түрі, одан кейін барып ойнау, оқу және еңбек ету жүреді. Іс-әрекеттің осы айтылған түрлері дамушы сипатта, яғни оларға қатысу кезінде адамның интеллектуалды және жеке басының дамуы болды. Қарым-қатынас іс-әрекеттің араласып, қатынасып жүрген адамдар арасында ақпарат алмасуға бағытталған түрі ретінде қарастырылады. Ол өзара түсінушілік, жеке бас мейірімділігі және іскерлік қатынастарды орнату мақсатында, адамдардың бір-біріне оқу, тәрбиелеу әсері мен өзара көмек көрсетуде де қолданылады. Қатынастар тікелей қатысты және тікелей емес, вербалды және вербалды емес болады. Тікелей қатыста адамдар бір-бірімен тікелей, яғни бір-бірін біліп, көріп, ешбір көмекші құралдарсыз бір-бірімен вербалды және вербалды емес ақпараттармен алмасып

отырады. Тікелей емес қатынаста адамдар арасында тікелей қатынастар болмайды, олар ақпарат алмасуды басқа бір адамдар көмегімен немесе жазу құралдары мен ақпаратты дыбыстық ойнату құралдарының көмегімен жүзеге асырады.

Ойын – нәтижесі қандай да бір материалды немесе идеал өнім болмайтын іс-әрекеттің ерекше бір түрі. Көбінесе ойындар көңіл көтеру үшін, демалыс мақсатында қолданылады. Кейде ойындар адамның өзекті қажеттіліктерінен туындайтын және оны адам басқа жолмен жеңе алмайтын жүйкелік психикалық ауыртпалығынан символикалық жаттығу ретінде қызмет етеді.

Іс-әрекеттің тағы бір түрі – **оқу**. Оқу іс-әрекетінің мақсаты – білім алу, тәжірибе жинақтау, ілім үйрену.

Оқу ұйымдық болып, арнайы білім беру мекемелерінде іске асырылуы мүмкін; ал ұйымдық емес болса жол-жөнекей басқа іс-әрекеттің түрлерінің екінші жақты, қосымша нәтижесі болуы мүмкін. Ересектерде оқу өзін-өзі оқыту сипатында бола алады.

Адам іс-әрекетінде **еңбек ету** ерекше орын алады. Еңбектің арқасында адам адам болған. Еңбек арқылы адам қазіргі қоғамды, материалды және рухани мәдениетті қалыптастырды, өз өмірін, жағдайын өзі үшін, кейінгі шексіз дамуын жалғастыратындай жасады.

Қазір еңбек іс-әрекетінің өте көп түрі бар. Олардың бәрін атап шығу мүмкін емес, адамзат қоғамының дамуымен қатар еңбек түрі көбеюде. Кез келген еңбек іс-әрекетінің негізгі сипаты оның әлеуметтік мағынасының дәрежесі болып табылады және де осы түсініктің арқасында әскери кәсіптік іс-әрекет ең маңыздылардың бірі болуына құқылы.

Әскери кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерін қарастырмас бұрын, адам іс-әрекетін өте күрделі және көптүрлі құбылыс деп қарастыруымыз керек (6.1.-сурет).

Іс-әрекеттің жүзеге асырылуына адамзат иерархиясының барлық құрылымы: психикалық, физиологиялық және әлеуметтік іске қосылған. Іс-әрекеттің ұйымдастырылуында үлкен рөлді ерік, көңіл аудару, еске сақтау, ойлау, қабылдау және т.б. сияқты психикалық үрдістер ойнайды. Алайда іс-әрекет тек қана психикалық аумақ емес, қозғалыс физиологиясы орталық орынды алатын физиологияда. Бұдан басқа іс-әрекет әлеуметтік саламен тікелей байланысты, себебі адам адамзат қоғамының мүшесі ретінде қалыптасуы оның өзіндік іс-әрекеті үрдісінде іске асырылады. Қазіргі адамның іс-әрекетінің құрылымы мен негізгі компоненттерін қарастырайық.

Отандық психологияда адамзат іс-әрекетінің құрылымын зерттеу іс-әрекет теориясының ұстанымдарымен іске асырылады. Берілген теория кеңестік заман тұсында қалыптасқан орталық психологиялық теория болды және 50 жыл бойына белсенді дамып отырды. Бұл теорияның жасалуы мен дамуы Кеңестік психологтар: Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, А.В.Запорожец, П.Я.Гальперин, т.б есімдерімен байланысты.



6.1.-сурет

Бұл теорияның басты ерекшелігі, ол диалектикалық материализмнің негізгі қағидаларына сүйене отырып, осы философиялық бағыттың негізгі тезисін қолданатындығында: адам әрекетін, іс-әрекетін сана-сезімі емес, керісінше, сананы оның іс-әрекеті анықтайды. Осы теория бағыты бойынша адам іс-әрекеті күрделі иерархиялық құрылымға ие. Ол бірнеше төле-тең емес деңгейлерден тұрады. Жоғарғы деңгей – іс-әрекеттің ерекше түрлерінің дәрежесі (немесе оларды ерекше іс-әрекет түрлері деп атауға келісілген). Дәл осы деңгейге әскери кәсіптік іс-әрекет жатады. Содан соң әрекеттер деңгейі, кезекті операциялар деңгейі, ең төменгі – психофизиологиялық деңгейлері.

Кез келген іс-әрекет, соның ішінде кәсіби де, көптеген адам әрекеттерінен тұратынын айта кеткен жөн. Сондықтан жоғарыда келтірілген иерархиялық құрылымда орталық орынды алады және іс-әрекеттің талдануының негізгі бірлігі болып табылады. Әрекет деген не?

Әрекет – керекті нәтиже бейне түрінде анықталатын мақсаттың орындалуына бағытталған үрдіс. Мақсат саналы бейне екендігіне бірден көңіл аудару керек. Белгілі бір іс-әрекетпен айналыса отырып, адам осы бейнені өз санасында тұрақты сақтайды. Осылайша, әрекет – адамның белсенділігінің саналы көрінісі. Ал белсенділік мақсатсыз бола ала ма? Әрине, жоқ. Дербес жағдайлар деп адамның белгілі себептер мен жағдайларына байланысты мінез-құлығын психикалық реттелуі бұзылған жағдайды айтады. Мысалы, адамның ауыруы немесе аффект жағдайы.

Әрекет іс-әрекет қалыптасатын бастапқы деңгей элементі ретінде қарастырылмайтыны анық. Әрекет – көптеген өте ұсақ элементтерден құралатын күрделі элемент. Адам мақсаттары тек әртүрлі ғана емес, әртүрлі көлемде де болады. Үлкен мақсат майда мақсаттардан, ал майда мақсаттың өзі одан да майда жеке мақсаттардан т.б. құралуы мүмкін.

Ендігі жерде әрекет әртүрлі орындалуы мүмкін, яғни әртүрлі әдістер көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін дегенге көңіл аудару керек. Әрекеттің іске асырылу тәсілі операция деп аталады. Өз кезегінде әрекеттің орындалуы жағдайларға байланысты. Әртүрлі жағдайларда бір мақсатқа жету үшін әртүрлі операциялар қолданылуы мүмкін. Жағдай ретінде сыртқы жағдайлар сияқты әрекет етуші субъект мүмкіндіктері де қарастырылған. Сондықтан белгілі бір жағдайларда берілген мақсат тапсырма ретінде қарастырылады. Тапсырмаға байланысты операция әртүрлі өз ішінде өте ұсақ әрекеттерге бөлінген әрекеттерден құрылуы мүмкін. Осылайша, операциялар – әрекеттерге қарағанда іс-әрекеттің ірі бірліктері деуге болады.

Операцияның негізгі қасиеті олар жеңіл сезіледі немесе тіптен сезілмейді. Осындай қасиетімен де операциялар саналы мақсатты да, әрекеттің саналы бақылануын да болжайтын әрекеттерден ерекшеленеді. Негізінен, операция деңгейі – автоматты түрде істелген әрекеттер мен дағдылар деңгейі. Дағды деп орындалуы кезінде пайда болатын саналы әрекеттің автоматтандырылған құрамдас бөліктерін атайды. Әскери кәсіптік іс-әрекетте дағды ерекше маңызды, себебі олар майдандағы өзекті төтенше жағдайларда немесе басқа экстремалды жағдайларда ерекше маңызды болып табылатын қандай да бір операцияның орындалу жылдамдығын анықтайды. Қазіргі ұрыс

(соғыс) тек жылдамдығымен ғана емес, жоғары динамикалығымен де ерекше, алаңдағы жағдай әп-сәтте-ақ өзгеріп отыруы мүмкін. Осындай жағдайда кімнің әрекеттері автоматтандырылғанға неғұрлым жақын болса, соның жеңіске жетуге мүмкіндігі зор болмақ.

Енді үшінші іс-әрекеттің құрылымының ең төменгі деңгейіне – психофизиологиялық функцияларға көшейік. Психофизиологиялық функциялар деп іс-әрекет теориясында психикалық үрдістердің физиологиялық қамтылуы аталады. Адам биоәлеуметтік жаратылыс болғандықтан, психикалық үрдістің өтуі психикалық үрдістің жүзеге асуын қамтамасыз ететін физиологиялық деңгей үрдістердің ажырамас бөлігі. Ағзаның бірқатар мүмкіндіктерінсіз көптеген психикалық функциялардың орындалуы мүмкін емес. Ондай мүмкіндіктерге ең алдымен сезіну, моторлы қабілеттері, өтөнің әсерінің іздерін есте сақтау және т.б. жатқызуға болады. Мұнда сондай-ақ туа біткен жүйке жүйесінің морфологиясына бекітілген механизмдер мен өмірінің алғашқы айларында қалыптасқан механизмдерді жатқызуға болады. Осы аталған қабілеттер мен механизмдер адамда туған кезінде-ақ қалыптасады, яғни генетикалық шартталған.

Психофизиологиялық функциялар психикалық функциялардың, сондай-ақ іс-әрекет құралдарының іске асырылуына қажетті алғышартын қамтамасыз етеді. Мысалы, бізге бірдеңені есте сақтау керек болса, жылдам және сапалы есте сақтау үшін арнайы тәсілдерді қолданамыз. Бірақ біз есте сақтау қабілетіне негізделген мнемикалық функцияларға ие болмасақ, есте сақтау қабілеті болмас та еді. Мнемикалық функция туа бітеді. Демек, әскери қызметшілерді әскери қызметшіге бөлу кезінде, тарату кезінде олардың психофизиологиялық функцияларының даму ерекшеліктеріне көңіл аударған жөн. Осыған байланысты кәсіби психологиялық таңдау шаралары қазіргі Қарулы Күштердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әскери-кәсіби іс-әрекет ерекшеліктері

Әскери қызмет адам іс-әрекетінің жоғары әлеуметтік мәнге ие, ерекше жағдайлармен байланысты қолданбалыдан тыс түрі болып табылады. Отандық Қарулы Күштер қорғанысы қай кезде де әрбір азаматтың міндеті мен мадақты борышы. Оған қоса әскер әрқашан қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылған, сондықтан одан қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістердің бейнесін табуға болады, сондай-ақ халықаралық орнықтылық заңдылықтары да өз көрінісін тапқан. XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында мемлекеттер

Кез келген іс-әрекет, соның ішінде кәсіби де, көптеген адам әрекеттерінен тұратынын айта кеткен жөн. Сондықтан жоғарыда келтірілген иерархиялық құрылымда орталық орынды алады және іс-әрекеттің талдануының негізгі бірлігі болып табылады. Әрекет деген не?

Әрекет – керекті нәтиже бейне түрінде анықталатын мақсаттың орындалуына бағытталған үрдіс. Мақсат саналы бейне екендігіне бірден көңіл аудару керек. Белгілі бір іс-әрекетпен айналыса отырып, адам осы бейнені өз санасында тұрақты сақтайды. Осылайша, әрекет – адамның белсенділігінің саналы көрінісі. Ал белсенділік мақсатсыз бола ала ма? Әрине, жоқ. Дербес жағдайлар деп адамның белгілі себептер мен жағдайларына байланысты мінез-құлығын психикалық реттелуі бұзылған жағдайды айтады. Мысалы, адамның ауыруы немесе аффект жағдайы.

Әрекет іс-әрекет қалыптасатын бастапқы деңгей элементі ретінде қарастырылмайтыны анық. Әрекет – көптеген өте ұсақ элементтерден құралатын күрделі элемент. Адам мақсаттары тек әртүрлі ғана емес, әртүрлі көлемде де болады. Үлкен мақсат майда мақсаттардан, ал майда мақсаттың өзі одан да майда жеке мақсаттардан т.б. құралуы мүмкін.

Ендігі жерде әрекет әртүрлі орындалуы мүмкін, яғни әртүрлі әдістер көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін дегенге көңіл аудару керек. Әрекеттің іске асырылу тәсілі операция деп аталады. Өз кезегінде әрекеттің орындалуы жағдайларға байланысты. Әртүрлі жағдайларда бір мақсатқа жету үшін әртүрлі операциялар қолданылуы мүмкін. Жағдай ретінде сыртқы жағдайлар сияқты әрекет етуші субъект мүмкіндіктері де қарастырылған. Сондықтан белгілі бір жағдайларда берілген мақсат тапсырма ретінде қарастырылады. Тапсырмаға байланысты операция әртүрлі өз ішінде өте ұсақ әрекеттерге бөлінген әрекеттерден құрылуы мүмкін. Осылайша, операциялар – әрекеттерге қарағанда іс-әрекеттің ірі бірліктері деуге болады.

Операцияның негізгі қасиеті олар жеңіл сезіледі немесе тіптен сезілмейді. Осындай қасиетімен де операциялар саналы мақсатты да, әрекеттің саналы бақылануын да болжайтын әрекеттерден ерекшеленеді. Негізінен, операция деңгейі – автоматты түрде істелген әрекеттер мен дағдылар деңгейі. Дағды деп орындалуы кезінде пайда болатын саналы әрекеттің автоматтандырылған құрамдас бөліктерін атайды. Әскери кәсіптік іс-әрекетте дағды ерекше маңызды, себебі олар майдандағы өзекті төтенше жағдайларда немесе басқа экстремалды жағдайларда ерекше маңызды болып табылатын қандай да бір операцияның орындалу жылдамдығын анықтайды. Қазіргі ұрыс

(соғыс) тек жылдамдығымен ғана емес, жоғары динамикалығымен де ерекше, алаңдағы жағдай әп-сәтте-ақ өзгеріп отыруы мүмкін. Осындай жағдайда кімнің әрекеттері автоматтандырылғанға неғұрлым жақын болса, соның жеңіске жетуге мүмкіндігі зор болмақ.

Енді үшінші іс-әрекеттің құрылымының ең төменгі деңгейіне – психофизиологиялық функцияларға көшейік. Психофизиологиялық функциялар деп іс-әрекет теориясында психикалық үрдістердің физиологиялық қамтылуы аталады. Адам биоәлеуметтік жаратылыс болғандықтан, психикалық үрдістің өтуі психикалық үрдістің жүзеге асуын қамтамасыз ететін физиологиялық деңгей үрдістердің ажырамас бөлігі. Ағзаның бірқатар мүмкіндіктерінсіз көптеген психикалық функциялардың орындалуы мүмкін емес. Ондай мүмкіндіктерге ең алдымен сезіну, моторлы қабілеттері, өтпеннің әсерінің іздерін есте сақтау және т.б. жатқызуға болады. Мұнда сондай-ақ туа біткен жүйке жүйесінің морфологиясына бекітілген механизмдер мен өмірінің алғашқы айларында қалыптасқан механизмдерді жатқызуға болады. Осы аталған қабілеттер мен механизмдер адамда туған кезінде-ақ қалыптасады, яғни генетикалық шартталған.

Психофизиологиялық функциялар психикалық функциялардың, сондай-ақ іс-әрекет құралдарының іске асырылуына қажетті алғышартын қамтамасыз етеді. Мысалы, бізге бірдеңені есте сақтау керек болса, жылдам және сапалы есте сақтау үшін арнайы тәсілдерді қолданамыз. Бірақ біз есте сақтау қабілетіне негізделген мнемикалық функцияларға ие болмасақ, есте сақтау қабілеті болмас та еді. Мнемикалық функция туа бітеді. Демек, әскери қызметшілерді әскери қызметшіге бөлу кезінде, тарату кезінде олардың психофизиологиялық функцияларының даму ерекшеліктеріне көңіл аударған жөн. Осыған байланысты кәсіби психологиялық таңдау шаралары қазіргі Қарулы Күштердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әскери-кәсіби іс-әрекет ерекшеліктері

Әскери қызмет адам іс-әрекетінің жоғары әлеуметтік мәнге ие, ерекше жағдайлармен байланысты қолданбалыдан тыс түрі болып табылады. Отандық Қарулы Күштер қорғанысы қай кезде де әрбір азаматтың міндеті мен мадақты борышы. Оған қоса әскер әрқашан қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылған, сондықтан одан қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістердің бейнесін табуға болады, сондай-ақ халықаралық орнықтылық заңдылықтары да өз көрінісін тапқан. XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында мемлекеттер

арасындағы өзара келіспеушіліктерден емес; халықаралық терроризмнің күшеюінің арқасында пайда болған мәселелермен байланысты бірқатар әскери келіспеушілік ошақтарының болуымен сипатталады. Сондықтан жаңа ХХІ ғ. еліміздің Қарулы Күштерімен қорғаныс қажеттілігі туындаған, демек, әскери-кәсіптік іс-әрекет өзінің әлеуметтік мәнділігінің жоғары сатысында болмақ. Сонда бұл іс-әрекеттің ерекшеліктері қандай?

Әскери-кәсіптік іс-әрекет – Отан қорғанысы бойынша іс-әрекет. Мұның көптеген құрамдас бөліктерін ерекшеленуге болады. Бұның екі негізгі түрі бар: соғыс жағдайындағы іс-әрекет (жауынгерлік) және қалыпты (бейбіт) жағдайдағы іс-әрекет. Осы іс-әрекет түрлерін толығырақ қарастырайық.

Жауынгерлік іс-әрекет – қарулы күрес мақсаттарына қол жеткізуге деген әскери қызметшілердің белсенділігі. Атап айтсақ, жауынгерлік іс-әрекет өзінің мақсаттары мен мәселелері, шарттары, құралдары, қиындықтары, психологиялық мазмұны бойынша өзгеше. Оның өзіндік психологиялық заңдылықтары, белгілі бір ішкі құрылымы, мақсаты, түртілері, әдіс-тәсілдері арқылы оның іске асырылуын бірқатар факторлар өсер етеді: әскери-саяси, әскери-технологиялық, идеологиялық және психологиялық, қару түрі, ұжым жетекшілігі, соғыста берілетін тәрбиелік жұмыс, жеке құрамның жауынгерлік және психологиялық дайындығы.

Психологиялық мазмұнға және жауынгерлік іс-әрекеттің құрылымына таңба басатын өмірге қауіп төну, құндылықтардың жойылуы, алып қиратылу, адамдар мен техникадан айырылу, әртекті айырылу мен қолайсыздықтарымен байланысты күрделі мәселелер шешімі болып табылады.

Соғыс жүргізу міндеттерінің нақты орындалуының моральдық және заңдық жауапкершілігімен байланыстырылған және де әскери қызметшілердің шекті психикалық және физикалық күштерінің тартылуын талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген адамзат іс-әрекеті өзіндік түрткіге ие. Жауынгерлік іс-әрекет дербес жағдай болып табылмайды. Егер жауынгерлік әрекеттердің басталуының түрткілерін мемлекет дәрежесінде айтатын болсақ, онда мұндағы негізгі себеп – елдің бірлігі мен қауіпсіздігіне шынайы қауіп тууы. Жауынгерлік әрекеттерді жүргізу нақты адамдар (әскери қызметшілер) жағынан белгілі бір белсенділік танытуды талап етеді. Сонымен қатар адамдардың соғыс жағдайындағы іс-әрекеті (әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекеті) өзіндік қозғаушы түрткілеріне ие, олардың қатарына:

қажеттілік, сезім, тілек, ұмтылыс, қызығушылық, идеалдары, сенімдері т. б. жатады.

Адамның өмірге ұмтылысы соғыстағы маңызды қажеттілік екені талассыз. Бұл өзін-өзі сақтаудағы қалыпты, генетикалық шартты қажеттілік. Алайда әртүрлі адамдарда ол әртүрлі көрініс табады және нақты адамға салдары қандай әртүрлі болса, сондай оның әлеуметтік ортасына да болады. Мысалға, бір адам соғыста кімнің дайындығы жақсы болса, соның аман қалуға мүмкіндігі мол екенін түсінгендіктен, мақсатты және белсенді түрде жауынгерлік әдістер мен қазіргі соғыс жүргізу әдіс-тәсілдерін игереді. Дәл сол уақытта басқа бір адам соғыс жағдайында қауіпті жағдайлардан қашып, жолдастарының артына тығылуға ұмтылады, яғни қорқақтық танытады.

Осы арада тағы бір маңызды мәселе бар. Егер өзін-өзі сақтау қажеттігі биологиялық мақсат болса, өте берік және ақылға қонымды болса, неліктен адамзат тарихында мыңдаған басқалардың амандығы үшін өз-өзін құрбан ету мысалдары бар? Яғни, адам әлеуметтік жаратылыс бола отырып тек биологиялық қана емес, сіздер білетіндей иерархияның құрылымында жоғары беделді әлеуметтік қажеттіліктерге де ие. Демек, жауынгерлік іс-әрекет қаншалықты биологиялық қажеттіліктерге байланысты болса, соншалықты әлеуметтік қажеттіліктермен де байланысты.

Әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекетінің маңызды әлеуметтік түрткісі – өз Отанын, жанұясын, жақындарын қорғау. Дәл осы түрткі Ұлы Отан соғысы жылдары мыңдаған адамдарды ортақ жеңіске жету жолында өз-өзін құрбан етуге дейін апарған. Бұл түрткі сипаттамасы бойынша әлеуметтенген ол адамда туа бітеді, оның тәрбиеленуі мен әлеуметтік даму үрдісінде қалыптасады, түрлі қылықтарынан көрініс табады, көзқарастары мен ұстанымдарында бейнеленеді. Сондықтан, әрбір офицердің міндеті – қоластындағылардың патриоттық сезімдерін ояту, Отан қорғанысына әрдайым дайындықты қалыптастыру.

Кез келген іс-әрекет белгілі бір мақсаттарды көздейтіні белгілі. Жауынгерлік іс-әрекет арқылы әскери қызметшілер алыс-жақын мақсаттарды көздейді. Жауынгерлік іс-әрекеттің ең жуық мақсаты бөлімше, экипаж, взвод алдына қойылған тапсырмаларымен байланысты өз міндеттерінің нақты орындалуы болуы мүмкін. Жауынгерлік іс-әрекеттің алыс мақсаты – жаудың күйреуі, толықтай жеңіске жету.

Соғыста мақсатқа қол жеткізу соғыс сипатын толықтай қауіпті, күтпеген жағдайларға және күшті әрекетті жағдайларға толы спецификалық жағдайда жүзеге асырылады. Сондықтан, жауынгерлік

іс-әрекет – өте күрделі мақсатты әскери қызметшілер мен жауынгерлік жағдайлар арасындағы әрекеттесу формасы. Соғыста көзделген мақсаттарға қол жеткізу кезінде әскери қызметшілер соғыстың жағдайын, оның мүмкін өзгерістерін ескеруі, кері әсерлерді жеңе білу, қаруды, білімдерін, дағдыларын, жауынгерлік қасиеттерін барынша және тиімді қолдана білуі керек. Өз міндеттерін орындауда әскери қызметкер өз әрекеттерінің қалай болатынын және оның нәтижесі қандай болатынын алдын ала ойша көз алдынан жүгіртіп өтуге, оны жоспар бойынша салыстыруға, жағдайды бақылап, өз әрекеттерін реттеп отыруға міндетті.

Сонымен қатар, кез келген іс-әрекетте жағдайлардың өзгерісі іс-әрекеттің өзгерген жағдайларына бейімделуді қамтамасыз ететін бейімделушілік механизмдердің «қосылуын» іске асырады. Жауынгерлік іс-әрекетке де езіндік бейімделушілік механизмдері тән, бірақ, оған қоса, соғыс жағдайына толықтай бейімделу ешқашан болған емес, себебі адамның үнемі өміріне қауіп теніп тұратын жағдайға бейімі жоқ. Ерте ме, кеш пе, жауынгерлік жағдайларда бейімделудің күйреуі болуы тиіс, тіпті кейбір адамдарда бұл өте ерте болуы мүмкін, ал басқаларда кешірек болуы мүмкін. Бұл жағдай тек индивид тап болған жағдайларға ғана байланысты емес, ол оның жеке-даралық ерекшеліктерімен де байланысты. Сондықтан жауынгерлік дайындық үрдісінде барлық дәрежедегі командирлер өз қоластындағыларда экстремалды жағдайлардағы қызметінің сапалылығын анықтайтын тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға міндетті. Олардың қатарына ең алдымен эмоционалды-еріктілік тұрақтылық, күйзелістен нақтылық (тұрақтылық), моральды-ұстанымдық нормативтілік және т.б. жатқызуға болады.

Қазіргі соғыс сипаты және жаңа қару жауынгерлік іс-әрекетті қарулы күрестегі жеке құрамның немесе бөлімшелердің көзделген мақсатқа қол жеткізу кезіндегі психологиялық және моральдық дайындығына қойылатын талапты күрделендірді. Сондықтан әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекетінің психологиялық күйлерінің тиімділігі мен сенімділігін анықтау ерекше маңызды болып табылады. Әскери теория мен тәжірибе үшін соғыстың адамдар психологиясына қалай әсер ететіндігін білу, адамдардың соғыстық жағдайлардағы мінез-құлқын басқаруды білу, қорқақтық пен сенімсіздіктің алдын алу және жеңу, батыл да қайратты әрекеттерге құштарлықты ояту өте маңызды. Жауынгерлік іс-әрекетті зерттеу жауынгерлердің соғыс қимылдарына психологиялық тұрақтылығы мен дайындығын түсінуге, заманға сай соғыс қимылдарының жаңа психологиялық модельдерін жасауға көмектеседі.

Әскери-кәсіптік іс-әрекеттің тағы бір түрі – қалыпты, бейбітшілік уақытындағы іс-әрекет. Бір қарағанда оның адамның Қарулы Күштердің қатарына шақырылмас бұрын айналысқан басқа іс-әрекеттерінен еш айырмашылығы жоқ. Алайда мұндай көзқарас дұрыс емес. Шынайы әскери қызметтен өтуге шақырылған, әскери оқу орнына түскен немесе келісім-шарт бойынша қызмет етуге бел буған жас азамат ең алдымен әдеттегі жүріс-тұрыс стереотиптерінен арылуы керек. Бұл әскери қызметті атқаруға байланысты. Мысалға, бірбеткейлік қағидасы бойынша өз еркінді басқа бір адамның – командирдің еркіне беру, әлеуметтік-психологиялық жағынан қарағанда жеке басының бостандығы мен таңдау белсенділігін шектеу секілді көрінеді. Жеке басының бостандығын шектеу қажеттілігі әскери қызметтің қатал регламентациясымен де байланысты (мұнда мысалға күн тәртібінің міндетті орындалуын және т.б. жатқызуға болады).

Әскери қызметшілердің іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі – кез келген уақытта, кез келген жағдайларда, соның ішінде белгілі бір психологиялық ауыртпалық түсіретін, өміріне тікелей қауіп төнген кезде өзінің кәсіби қызметін орындауға әрдайым дайын болуы. Негізінде, бейбітшілік уақытындағы әскери-кәсіптік іс-әрекет – соғыс әрекеттеріне қатысуға дайындықпен байланысты іс-әрекет. Ол жауынгерлік техникасын зерттеу мен қазіргі соғысты жүргізудің тәсілдерін меңгеру, алған білімдерін соғыста қолдана білуге бағытталған.

Сонымен қатар, психологиялық ауыртпалық адамның әдеттегі әлеуметтік ортасынан (жанұясынан, достарынан) алыстауына да, жаңа әріптестермен үйренісіп кетуге де, белгілі бір «ақпараттық блокадаға», басқа да өмірлік қажеттіліктерінің шектелуіне байланысты. Әскери қызметке шақырылғаннан кейін адамның күн тәртібі, тамақтану жүйесі өзгереді, энергетикалық және зат алмасу үрдістерінің өзгерісіне алып келетін физикалық күш түсіру көбейеді.

Демек, әскери қызметке шақырылғаннан кейін немесе оған келісім-шартпен тұрғаннан кейін адам су жаңа, алдыңғы өмірінен әлдеқайда жақсы жағдайларда өмір сүреді. Психологиялық зерттеулер бейбітшілік жағдайындағы әскери-кәсіптік іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеулер үрдісінде шамамен мыңға жуық, алты айдан астам уақыт қызмет еткен әскери қызметшілерге әскери қызметтің олардың ойынша, негізгі басқа жалпы қызметтерден айырмашылығын көрсету ұсынылған болатын. Алынған нәтижелер жан-жақты талқыға салынған болатын, талдау нәтижелері 6.2-кестеде көрсетілген.

Осы кестеде көрсетілгендей, әскери қызметшілерге спецификалық әрекет ететін бірқатар факторлар бар екен. Оған қоса бұл әсерлесу

қандай да бір фактордың ерекшелігіне байланысты мына үш деңгейдің бірінде орындалуы мүмкін: биологиялық, психикалық, іс-әрекеттік. Жүргізілген зерттеулер әскери-кәсіптік іс-әрекет басқа әлеуметтік қайраткерлік түрлерінен едәуір ажыратылатындығын көрсетеді. Бұл ажыратылулар адамның әскери қызметке келгендегі жаңа жағдайларға бейімделуімен (бейімделуімен) байланысты. Бейімделу үрдісі әскери қызметтің ең бір жарқын ерекшеліктерінің бірі екендігін айта кетейік. Мұның өзі, бір жағынан, 6.1-кестеде көрсетілгендей, әскери қызметшілердің іс-әрекетінің спецификасына байланысты, ал екінші жағынан әскери-кәсіптік іс-әрекеттің бейбітшілік жағдайында соғыс кезеңдеріндегі сияқты жоғары динамикалығымен байланысты. Мұндай жағдай бейімделу ұғымымен танысуды талап етеді.

Әскери, қызметтің қойылатын талаптары мен іс-әрекет субъектісіне әсері деңгейіне байланысты арнайы факторларының топтастыруы

Ықпал ету дәрежесі	Факторлардың спецификалық топтары	Көріну сипаты
Биологиялық	Физиологиялық қажеттіліктер қанағатының ерекшеліктері. Белгілі физикалық күштердің заңдылығы.	Ұйқы уақытының шектелуі; тағамның сапасы, саны және алуандығының шектелуі; қолайсыз климат жағдайларында ұзақ уақыт болу; физикалық дайындық; таңғы дене жаттығуы; реттелген физикалық жұмыс; қызмет міндетімен атқарылатын физикалық іс-әрекет.
Психологиялық	Жеке бас бостандығының (белсенділігінің) шектелуі. Жеке-дара аралық қатынастар мен коммуникацияның ерекшеліктері.	Қызметтік иерархия; қызмет іс-әрекетінің регламентациясы; тәртіп нормаларының қатаң регламентациясы; қызығушылықтар мен қажеттіліктердің іске асырылуының шектелуі; ақпарат алудағы шектеуліктер; ата-анасы мен достарымен қатынасының шектелуі; басқа да бейтаныс адамдармен қатынас орната алмауы.
Іс-әрекет	Іс-әрекет спецификасы.	Спецификалық тапсырмалар мен іс-әрекеттің орындалуы; қызметтік іс-әрекетте өмірге қауіпті болу элементі.

6.2.-сурет

Бейімделу туралы жалпы түсінік

Бейімделу – ағзаны зерттеудегі негізгі түсініктердің бірі, себебі эволюция үрдісінде қалыптасқан бейімделу механизмдері ғана үнемі өзгеріп отыратын орта жағдайларында ағзаның өмір сүруін қамтамасыз етеді. Бейімделу арқасында ағза жүйелерінің қызмет етуі іске асырылады және «адам-орта» арасындағы тепе-теңділікке қол жеткізіледі. Француз физиологы Клод Бернардың ағзаның ішкі тұрақтылығы жайлы тұжырымдамасын ұсынған зерттеу жұмыстарында бейімделу динамикалық құрылымдардың жиынтығы және тепе-тең емес жүйелердің арасындағы қатынасы ретінде қарастырылған.

Бейімделу туралы қазіргі түсініктер И.П.Павловтың, И.М.Сеченовтың, П.К.Анохиннің, Г.Сельенің жұмыстарына негізделеді. Бейімделу феноменінің көптеген анықтамаларына қарамастан, оның бірнеше негізгі түрлері бар, ол бейімделу, біріншіден ағза қасиеті, екіншіден ағза мен орта арасындағы тепе-теңдік, үшіншіден ортаның өзгерген жағдайларына бейімделу үрдісі, төртіншіден «адам-орта» жүйесіндегі ерекеттесулер нәтижесі, сондай-ақ, ағзаның ұмытылатын мақсаты.

Осылайша, бейімделу феноменін қарастырудың екі жуықтауын ерекшелеуге болады. Бір жағынан, бейімделу кез келген жанды өзін-өзі реттеуші жүйенің сыртқы орта жағдайларына тұрақтылығын қамтамасыз ететін (бұл бейімделушілік қабілеттердің белгілі бір даму деңгейін анықтайды) қасиеті болып табылады. Екінші жағынан, бейімделу сыртқы орта жағдайларына бейімделудің тікелей үрдісі ретінде динамикалық құрылым болып табылады.

Бейімделу кез келген тірі ағзаға тән қасиет болғандықтан, ол адамға да тән. Алайда адам – тек тірі ағза ғана емес, ол ең алдымен биоөлеуметтік жүйе және өлеуметтік макрожүйенің элементі. Сондықтан адам бейімделуінің мәселелерін қарастырғанда мынандай үш функционалды деңгейді қарастырамыз: физиологиялық, психологиялық және өлеуметтік, сондай-ақ тұлғаның бейімделуге бейімделу қабілеті бар болуы мүмкін деп қарастыруға болады.

Бейімделу түсінігі ағзада жүретін үрдістердің жиынтығын, ағзаның құрылымының бүтіндігі мен оның дамуын, дұрыс қызмет атқаруын түсіндіретін функционалды күй түсінігімен тығыз байланыста болады. Функционалдық күй дәрежесі жоғары болған сайын адамның жұмысқа қабілеттілігі артады. Бұл жағдай әскери-кәсіптік іс-әрекетте ерекше маңызды, себебі соғыс алаңында қарсыласына қарағанда жұмысқа қабілеттілігі жоғары әскери қызметшінің артықшылығы мол. Ағза жүйелерінің дұрыс қызмет атқару дәрежесі бейімделу тиімділігімен анықталады. Бұл тиімділік қалай анықталады?

Тірі ағза көп деңгейлі өз-өзін реттеуші жүйе. Бұл жүйенің басқарушы механизмдері – орталық және вегетативтік жүйке жүйесі, ал ағзаның қалған басқа жүйелері басқарылатындарға жатады. Дәл осы орталық жүйке жүйесі ағзаның жалпы функционалдық күйін анықтайды.

Ағзаның функционалдық күйінен субъективті және объективті құраушыларын ерекшелуге болады. Бұлардың біріншісі мотивациялық тәртіпті, ал екіншісі жүйелердің тепе-теңдік қалпының өзгеруін қайта қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, адамның функционалдық күйінің субъективті жақтары (психикалық құраушылары) жетекші болып табылады, өйткені бейімделушілік қайта қалыптасулар кезінде субъективті жақтары объективтілерін көп артта қалдырады.

Субъективті жақтар деп отырғанымыз – тұлғалық қалыптасуларға жататын уайымдауларды қоса алғандағы психикалық құбылыстар. Тұлғаның дәл осы ерекшеліктері адам ағзасының сыртқы ортаның немесе кәсіби іс-әрекеттің түрлі жағдайларындағы функционалдық күйін анықтайды. Жағдайлардың немесе іс-әрекеттің реттелуінің тұлғалық қағидасы қазіргі кезде жалпыға танылған. Демек, қалыптардың қалыптасуы көбіне адамның өз-өзіне, қоршаған ортаға және өз іс-әрекетіне қатынасына байланысты.

Осылайша, адам тұлғасының ерекшеліктері іс-әрекеттің жаңа (немесе өзгерген) жағдайларына бейімделуінің табыстылығын ғана анықтап қоймайды, ол оған қоса ағза жүйелерінің қалыпты қызмет атқаруының сипатын, оның жұмысқа қабілеттілігінің дәрежесін де анықтайды.

Қалыптың реттелуінің тұлғалық механизмдері алуан түрлі болып келеді. Олардың ұйымдастырылуы тұлғаның құрылымының иерархиясына сәйкес келеді. Демек, функционалдық қалып жүйке жүйесінің қасиеттерінен, темперамент типінен, жалпы эмоционалды бағытталғандықтан немесе «қалап алған уайымдар» спектрінен, негативті эмоционалды іздер мен еріктілік қасиеттерінен тәуелді.

Эксперименталды психологиялық зерттеулер әскери-кәсіптік іс-әрекет жағдайларына тиімді бейімделу үшін алдыңғы қатарлы мәнге ие тұлғалық қасиеттерді айқындауға мүмкіндік. А.Г.Маклаков мұндай қасиеттер жиынтығын **тұлғалық бейімделу потенциалы** деп атаған. Бейімделу потенциалы неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым әскери қызметші қатаң жағдайларда өзінің кәсіби міндеттерін табысты орындай алады.

Тұлғалық бейімделу потенциалы тұжырымдамасының теориялық негізі – бейімделуді адам ағзасының және психикасының функционалдылығының барлық деңгейлеріне қатысты физикалық

және әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді бейімделу деп қарастыру. Бейімделу тиімділігі жүйке жүйесінің генетикалық шартталған қасиеттерінен қандай тәуелді болса, сондай-ақ көрген тәрбиесіне, адамның қаншалықты өзін және өз әлеуметтік қатынастарын бағалайтыны мен қолда бар мүмкіндіктеріне байланысты қаншалықты өз қажеттіліктерін, өз іс-әрекеттерінің түрткілерін дұрыс бағалайтындығына тәуелді болады. Өзі жайлы дұрыс емес немесе нашар көзқарас бейімделудің бұзылуына апарып соғады, ондай жағдайда адам ұрысқақ болып келеді, өзінің әлеуметтік жағдайын түсіне білмейді, жұмысқа қабілеттілігі төмендейді, денсаулығы нашарлайды. Бейімделудің тереңінен бұзылуы аурулардың дамуына, кәсіби іс-әрекетінің нашарлауына, антиәлеуметтік әрекеттерге алып келуі мүмкін.

Бейімделу үрдісі төтенше динамикалы. Оның табыстылығы бірқатар объективті және субъективті жағдайлардан, функционалды күйлерден, әлеуметтік тәжірибесінен, өмірлік құрылымнан және т.б. тәуелді. Алайда олардың арасынан бірнеше, салыстырмалы тұрақтылықпен ажыратылатын және көбіне бейімделудің түрлі іс-әрекет жағдайларындағы табыстылығын анықтайтын тұлғалық сипаттамаларды ерекшелеуге болады. Мұндай сипаттамалардың қатарына жүйкелік-психикалық табандылық деңгейі, тұлғаның өз-өзіне баға беру ерекшеліктері, айналасындағыларға өзінің керектілігін (референтілігін) сезіну, ұрысқақтық деңгейі, басқалармен қатынас орната алу тәжірибесі, қоғамның моральдық нормаларына бейімделу, жауынгерлік әріптестердің топтық нормаларын қабылдау дәрежесі жатады.

Жүйкелік-психикалық табандылық жүйке жүйесінің қандай да бір психикалық және физикалық ауыртпалық түскендегі зақымдалуын бағалайды, бұл көбіне іс-әрекеттің түрлі жағдайларының өзгеруіне қатысты және бейімделу үрдісімен тығыз байланыста. Бұл патология алдындағы психикалық іс-әрекеттің латенттік, жеңіл әрі симптоматикасы мен динамикасы бойынша біртекті емес патологиялық күйлерді айқындайды. Жүйкелік-психикалық тұрақсыздық белгілері байқалатын тұлғалар төмендетілген жұмысқа қабілеттілікпен, жүйкелік-психикалық күйзеліске ұшырағыштығымен және әлеуметтік тәртіп нормаларының бұзушылығымен ажыратылады. Оларға жоғары эмоционалдылық, түрткілік және когнитивті тұрақсыздық, импульсивтілік, уайымшылдылық қасиеттері тән. Ережеге сәйкес, бұл топтың әскери қызметшілері тұлғалық акцентуация, психопатия мен түрлі жүйкелік-психикалық күйзеліс белгілеріне ие болады.

Бейімделу табысты болуында тұлғаның өз-өзіне баға беру алуының маңызы аз емес. Өз-өзіне баға беру адамның қадағалау жүйесінің

орталығы және көп жағдайларда негізгі психикалық үрдістердің функционалдылығы осыған тәуелді екендігі белгілі. Өзіне төмен баға беру теріс психикалық күйлерді сипаттайды. Өзін төмен бағалаушылар әрдайым қобалжығыш, тұрақсыз, апатиялы, тез шаршағыш, өмірге деген құлшынысын жиі жоғалтқыш, өмірінің болашағын болжауды білмейтін және өз-өзіне жиі қол жұмсағыш болып келеді. Керісінше, өз-өзін жоғары, дұрыс берілген бағалау психиканың сау екендігін растайды.

Әскери қызметшінің табысты бейімделуіне, сондай-ақ, айналасындағылардың оған деген қарым-қатынастарына да байланысты. Айналасындағылардың көзқарастары оң болса, бейімделу жеңіл болады, ал егерде теріс болса, керісінше, бейімделу үрдістерінің жүруін қиындатады. Субъективті деңгейде бұл айналасындағылар жағынан демеу (әлеуметтік демеу) ретінде немесе басқаларға өзінің керектігін (референттілігін) сезіну ретінде көрініс табады. Өз қажеттілігін сезіну және әлеумет жағынан қолдау табу белсенділікті оятып, теріс мінездердің бетін алуға септігін тигізеді (мысалы, эмоционалды-еріктілік лабильділіктің орнын толтыру, өзіндік баға беру деңгейіне оң әсерін тигізу және т.б.), өз кезегінде бұл жаңа жағдайларға бейімделудің табыстылығын арттырады, ал ондай ақпараттың болмауы немесе өзінің ешкімге керек еместігін сезіну, керісінше, бейімделу үрдісінің қиындатылуына әкеп соғады, теріс мінездемелердің көбеюіне, соның ішінде жүйкелік-психикалық тұрақсыздыққа әкеледі.

Әскери-кәсіптік іс-әрекет жағдайларына бейімделу үрдісін айқындайтын кезекті сипаттама – тұлғаның коммуникативті қасиеттері. Адам әрдайым басқа адамдардың ортасында болатындықтан, оның іс-әрекетінің табыстылығы қатынас орната алуына байланысты.

Коммуникативті мүмкіндіктер (немесе айналасындағылармен қатынас орната алу және өзара түсінушілікке қол жеткізе алу мүмкіндігі) әр адамда саналуан. Олар қарым-қатынаста қажеттілігі мен тәжірибелілігімен, сондай-ақ, психологиялық ерекшеліктермен анықталады. Адамдар ара-қатынасында қатынас орната алу қағидасының де маңызы зор. Бұл қағида тұлғаның басқа адамдарға қатынасын айқындайды: кейбіреулер өздерін айналасындағыларға қарсы қояды, біреулері, керісінше, салыстырмалы түрде жұмсақ, ал енді біреулері ашулы, тағы басқалары тез тіл табысқыш. Ашулы, қаскүнем, өзін ғана ойлайтын адамдар жоғары ұрысқақтығымен көзге түседі, бұл бейімделу үрдісін қиындатады, ал тіл табысқыш адам өзара тез-ақ түсінісіп, жаңа ортада өз орнын тауып, жылдам бейімделеді.

Бейімделу үрдісінің маңызды жақтарының бірі – белгіленген әлеуметтік мәнділікті дұрыс қабылдау қабілетін анықтайтын

әлеуметтену. Қарулы Күштердің қатарына қабылданғаннан кейін немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметке тұрған индивидтің әлеуметтік рөлі едәуір өзгереді. Оның Отанның қаруланған қорғанысы болуы, оған тек белгілі бір міндеттерді артып қан қоймай, одан қандай да бір нақты әлеуметтік рөлді атқаруын талап етеді. Тұлғалық бейімделу қағидасы бойынша әлеуметтену мәселесі екі жағынан қарастырылады: моральдық-мінездік нормаларды қабылдау дұрыстығы және тікелей әлеуметтік ортасының талаптарына қатынасы. Көптеген еңбек, әскери, шығармашылық және т.б. әріптестер оң құрылымдар болатындығын айта кетейік, яғни жалпы адамзаттық салттар, жалпыға ортақ тәртіп нормалары негізінде құрылады. Оған қоса адамның тәжірибиелік іс-әрекеті әлеуметтік маңызға ие тәртіп нормаларын сақтауға ғана емес, сонымен қатар тікелей әлеуметтік ортаның талаптарын орындауға да міндетті.

Осылайша, тұлғаның бейімделушілік қабілеттері кәсіби іс-әрекет табыстылығы үшін үлкен маңызға ие. Дәл солар бірдей жағдайларда әртүрлі адамдар түрлі функционалды күйлерге ие болатындығын айқындайды. Функционалды күй түсінігін кеңірек қарастырайық.

Функционалды қалыптардың бірыңғай топтастырылуы (жіктелуі) қазіргі таңда жоқ десек болады. Әртүрлі авторлар функционалды күйлерге баға берудің түрлі топтастыру жасауға мүмкіндік беретін критерийлерін жасауда. Сонымен, В.И.Медведев пен А.Б.Леонова осындай критерийлер ретінде сенімділік пен іс-әрекет бағасы түсініктерін қолдануды ұсынады. Бірінші түсінік адамның берілген деңгейде қызметін атқара алуы қабілетін сипаттайды, екіншісі күшін осы қызметті атқарғаны үшін ақы ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, бұл категориялар өзар байланысқан және **жұмысқа қабілеттілік**. адамның нақты іс-әрекетті қаншалықты ұзақ және табысты орындай алу түсінігін қалыптастырады.

Функционалды қалыптардың басқа да жіктеуші (топтастыру) критерийлері бар, бірақ ең көп таралғаны – қалыптардың бірнеше типін қарастыратын түрлі ағзалар, жүйелер мен механизмдердің белсенділік деңгейімен шартталған топтастыру. Бұл ең алдымен релаксация – тынышталу, тынығу мен қайта қалпына келтіру күйі. Бұл күйге жоғары бағдарламалылық (өзін-өзі сендіруге ептілік) және табандылық қасиеті тән. Бұл адамның тез ұйқыға кетуі мен психикалық және физикалық ресурстарын қайта қалыптастыру кезінде керек. Келесі қалып – оңтайлы жұмыс қалпы. Бұл қалып іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететіндіктен, осы қалыпта адам тиімдірек әрекет етеді. Мұндай күйлерді көбіне жайлылық күйлері деп те атайды. Мағынасы бойынша бұл күй қарама-қайшы. Бір жағынан, ол өздігінен өзектенуге

септігін тигізеді, ал екінші жағынан – ары қарайғы даму сатысында қажуға өтуі әбден мүмкін.

Күйзеліс – функционалды қалыптардың бір түрі, ол жоғары физиологиялық және психологиялық белсенділікпен сипатталады. Бұл күй үшін шекті тұрақсыздық тән. Қолайлы жағдайларда ол оңтайлы күйге ауысуы мүмкін, ал қолайсыз жағдайларда жүйкелік-эмоционалды шиеленіс, яғни жұмысқа қабілеттілігі төмендейді, ағзалары мен жүйелерінің қызмет атқару тиімділігі төмендейді, энергетикалық ресурстар азаяды.

Жоғарыда келтірілген барлық күйлер өзіндік динамика мен белгілі бір фазаларға ие. Бұл зерттеулер шеңберіндегі ең көп назар аударатыны – **күйзеліс** күйі. Күйзеліс күйін ағзаның оған қойылған ішкі және сыртқы талаптарға арналмаған жауап деп ұғамыз. Кез келген бейімделу үрдісіне тән күйзеліс кезеңдері канадалық ғалым Ганс Сельенің классикалық зерттеулерінде ерекше көрсетілген. Олар мына кезеңдер: үрей мен мобилизация кезеңі – бейімделушілік қайта құруды қажет ететін әрекетті тікелей қабылдау, резистенция кезеңі – бейімделудің максималды тиімділігі мен бейімделудің күйреуі – яғни бейімделу үрдісінің жағымсыз кездегі құлдырауы.

Күйзеліс – бейімделу үрдістерімен қабаттаса жүретін күй. Күйзеліс құбылысының көп аспектілігінің үлкендігі сондай, өз кезегінде оның көрінулерінің типологиясы бар. Қазіргі уақытта күйзелістің екі негізгі түрін ерекшелейді, олар: жүйелік (физиологиялық) және эмоционалды (психикалық).

Психикалық күйзелістің негізгі белгілері мынандай: біріншіден, күйзеліс – ағзаның күйі, оның пайда болуы, ағза мен орта арасындағы әсерлесуді анықтайды. Екіншіден, күйзеліс – қарапайым мотивацияға қарағанда күрделілеу күй, ол қауіп түйсігін талап етеді және қауіпті бейімделу әрекеті жеткіліксіз болғанда пайда болады. Күйзелістің пайда болуы мен дамуы ең алдымен адамның индивидтік ерекшеліктеріне байланысты. Оған қоса күйзелістік факторлар түрлі психоэлеуметтік және физикалық құбылыстар болып табылады.

Осылайша, әскери-кәсіптік іс-әрекетке бейімделу үрдісі адамның функционалдылығының барлық аспектілерін қозғайды. Оған қоса, бірнеше рет айтқанымыздай, бейімделудің жемістілігі көбіне әскери қызметшінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне тәуелді. Демек, әрбір офицердің міндетіне бағыныштыларының сол тұлғалық, бейімделудің табыстылығының өртүрлі, соның ішінде экстремалды жағдайлардағы да бар, мол болуын қажет ететін қасиеттерін қалыптастыру жатады.

Сонымен, офицер бағыныштыларын оқытуға, тәрбиелеуге, оларда жеке тұлғалық белгілі бір қасиеттерін қалыптастыруға міндетті, бірақ офицердің өзіндік іс-әрекетінің ерекшеліктері қандай?

Қарулы күштердің офицерлік құрамының кәсіби іс-әрекетінің кейбір аспектілерін қарастырайық.

Офицердің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері

қазіргі Қарулы Күштер құрылымында офицер – негізгі тұлға. Офицерлік құрамның кәсіби дайындығының дәрежесі күрделі және әр жоспарлы Отан қорғанысы бойынша мәселелерді шешуге үлкен септігін тигізеді. Сондықтан әлемнің дамыған мемлекеттері әрқашанда офицерлік құрамның кәсіби дайындығының сапасын жоғарылатуға ерекше көңіл бөліп келген, әлі де ерекше көңіл бөледі.

Қазіргі офицерлердің кәсіби іс-әрекеті алуан түрлі. Бір жағынан бұл Қарулы Күштердің күрделі құрылымымен, түрлі әскери мамандықтардың болуымен, тағы бір жағынан – адамзат қоғамының дамуымен әскери қызметтің күрделенуімен байланысты. Бүгінде әскери қызметшіге жақсы физикалық дайындығы ғана жеткіліксіз, ол оған қоса әскери техниканы олардың көмегінсіз қолдануға мүмкін болмайтын, яғни заманауи соғыста жеңіске қол жеткізуге қажетті белгілі бір білімдерге ие болуы керек. Офицердің әскери-кәсіптік бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеуге болады: әскери әріптестердің қызметтерін басқару; бөлімше (бөлім) жеке құрамын тәрбиелеу мен оқыту; өзінің кәсіби білімдері мен дағдыларын әрдайым жетілдіріп отыру. Офицерлердің кәсіби іс-әрекетінің осы бағыттарын тереңірек қарастырайық.

Әскери басқару – командирдің әскери қызметші тұлғасына, әскери қызметшілер немесе ондағы жүріп жатқан жекеленген әлеуметтік психологиялық үрдістердің жай-күйін өзгертуге немесе алға қойылған мақсаттар мен шешімдердің іске асырылуына септігін тигізетін, жаңа қасиеттер енгізу мақсатындағы бағытталған әрекеті. Іс жүзінде офицердің әскери қызметшілерді басқара алу қабілеттілігі бөлімше немесе бөлім алдында тұрған мәселелерді шеше алуында көрінеді. Бөлімшелерді жинақтап, әскери қызметшілерді қойылған мақсатқа қол жеткізуге көздеу, дұрыс шешімдерді дәл уақытында қабылдау, соғыстағы табысқа жетуге жақындататын – әскери қызметшілерді басқару жетекшілігінің шеберлігі болып саналады. Заманға сай әскери-кәсіптік іс-әрекет офицердің басқарудың дағдыларының жүйелік жетілдірілуін талап етеді. М.Н.Тухачевскийдің өзі бірдей тәсілдермен бірдей реттілікпен түрлі жағдайларда басқарудың мүмкін еместігін айтып кеткен болатын. Сондықтан офицерлік кадрларды даярлаудың міндетті мәселелерінің бірі – күрделі және динамикалық соғыс жағдайында адамдарды басқара алу қабілеттілігі.

Сонымен қатар, офицердің тұлғасының дамуы, өз-өзімен тұрақты жұмыс жасау, кәсіби шеберліктің шыңына көтерілуге тырысуынсыз, оның басқарушылық дағдыларының жетілдірілуі мүмкін емес. Олай деп отырғанымыз, басқару өнерінің шеберлігіне тек ойлау қабілеті жақсы дамыған, қолы жеткен жетістіктерін саналы түрде бағалай алатын және болашағын сауатты жоспарлай алатын адам ғана қол жеткізе алады. Зерттеулер көрсеткендей, командирдің шығармашылық саналы ойлауының үрдісі белгілі бір реттілікпен, бірнеше кезеңдерден тұрады. Бірінші кезеңде офицер жағдайдың негізгі белгілерін анықтауға тырысады, екіншіде – қолда бар ақпаратпен анықталған белгілерді сәйкестендіреді, ал үшіншіде – жағдайды болжау негізінде шешімдер нұсқаларын жасауға тырысады, төртіншіден – алдында тұрған мәселенің жауапкершілік пен өнегелі салттарға байланысты шешімдер нұсқаларының арасынан ең оңтайлысын бағалау, және де бесінші, қорытындыда командир соңғы шешімін қабылдайды.

Дұрыс басқарушылық шешімдерді қабылдауға офицерге ойдың даму деңгейінің жоғары сатыларына ғана емес, интуицияның да тигізер әсері мол Батылдық пен жауапкершілікпен байланысты интуиция командирге ең қиын жағдайларда да дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Ұлы Отан соғысы жылдарының жауынгерлік жағдайларының талдануы кезінде қабылданған жемісті басқарушылық шешімдердің нар тәуекелге қабылданғандарының көптігі сондай, олар барлық қабылданған шешімдердің 60%-ын құраған. Бұған қоса, интуицияның кездейсоқ қабылданған шешімдерге еш қатынасы жоқ. Интуиция терең білімдер мен шығармашылыққа жақындық негізінде құрылады.

Бүгінде басқарумен байланысты күрделі интеллектуалды тапсырмаларды шешудің белгілі бір әдіс-тәсілдері бар. Мұндай тәсілдер қатарына төмендегілер жатады:

- * дайын шешімдерді еске түсірмей, қиын жағдайдың талдауына терең кірісу керек;
- * қиын жағдайдың шешімін табуға ұмтылғанда кейбір бастапқы берілгендер адамды шешімге жақындата түседі, ал енді біреулері алыстатады, сондықтан қолда бар ақпаратты дұрыс талдай білу керек;
- * нақты жағдайлардан басын тартып, мәселені толықтай қарастыру, ол аралық болжам жасауға мүмкіндік береді, содан кейін барып, берілген шарттарға қайта оралу керек, оларды болжаммен салыстырып, мәселенің шешімін табу керек;
- * тапсырманың құрылымы деп аталатын шектеулер болған жағдайда шектеулер болмаған жағдайдағы шешім нұсқасын қарастырып, осы шектеулерді енгізіп отырған факторларды ескере отырып, шешімге түзетулер енгізу керек;

* Мәселені талқылай отырып, оны шешу кезінде кездесуі мүмкін қиындықтарды болжап, оларды жоюға дайын болу керек.

Кәсіби іс-әрекеттің маңызды зор бағыттарының бірі – жеке құрамның білім алуы мен тәрбиеленуі. Қарулы Күштердің қатарына шақырылған немесе келісім-шарт бойынша қызметке тұрғаннан кейін адам өзі үшін тек қана жаңа әлеуметтік ортаға келмейді, ол көлемі бойынша үлкен бейтаныс ақпараттармен таныс болады. Сонымен қатар бұл ақпаратты меңгеру табыстылығынан әскери қызметшінің ары қарайғы кәсіби іс-әрекеті тәуелді болмақ. Әскери қызметшілердің білім алуына тікелей бөлімше командирі жауапты болады, сондықтан оның міндеттеріне оқу үрдісінің ұйымдастырылуы да кіреді.

Жауынгерлік техникасының қиындатылуы бөлімшедегі оқу үрдісінің жетілдірілуін талап ететіні сөзсіз. Демек, командир белгілі бір педагогикалық білімдерді ғана емес, оған қоса дағдыларды да білуі керек. Одан басқа командир тек қана жеке құрамның оқуымен ғана айналыспай, өз қоластындағыларды кез келген сәтте Отан қорғанысына даярлығын қалыптастыра отырып, тәрбиелейді.

Осылайша, офицердің әскери кәсіптік іс-әрекеті көпқырлы және көп аспектілі, бұл оның кәсіби дайындық деңгейі мен тұлғалық қасиеттеріне қатаң талаптар қойылатынына дәлелі.

Бақылау сұрақтары:

1. Іс-әрекетке анықтама беріңіз.
2. Іс-әрекет түрткісі мен мақсаты туралы не білесіз?
3. Адам іс-әрекетінің негізгі түрлерін сипаттаңыз.
4. Адам іс-әрекеті құрылымы: әрекет, операция, психофизиологиялық қызмет, ерекше іс-әрекет туралы айтыңыз.
5. Іс-әрекет түрі ретінде әскери қызметтің психологиялық ерекшеліктері туралы айтыңыз.
6. Әскери қызметшілердің ұрыстық іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері туралы не білесіз?
7. Бейбітшілік уақыттағы әскери қызметшілердің іс-әрекет ерекшеліктерін атаңыз.
8. Сіз адам бейімделуі туралы не білесіз?
9. Сіз ағзаның функционалдық қалпы туралы не білесіз?
10. Сіз бейімделудің маңызды элементі ретіндегі әлеуметтену туралы не білесіз?
11. Заманауи офицердің кәсіби іс-әрекеті ерекшелігі жөнінде не айтасыз?
12. Әскери басқару туралы не білесіз?

II БӨЛІМ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7-тарау. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ

• **Мінез-құлық ауытқушылығы туралы түсінік және жалпы сипаттама.** Өзін жоятын мінез-құлық туралы жалпы түсінік, Мінез-құлық ауытқушылығын топтастыру. Мінез-құлық ауытқушылығының негізгі формалары: аддиктивті, автоагрессивті, гетероагрессивті мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық типтері.

• **Әскери қызметшілердің девиантты-деликвентті мінез-құлқы.** Әскери қызметшілердің девиантты-деликвентті мінез-құлқы туралы жалпы түсінік. Девиантты-деликвентті мінез-құлқының негізгі формалары. Әскери қызметшілердің мінез-құлық ауытқушылығы. Жеке тұлға акцентуациясы туралы жалпы түсінік. Интеллектуалдық жетіспеушіліктің шекаралық формасы. Әлеуметтік-педагогикалық төмендеу. Психопатия туралы жалпы түсінік. Невроздық бұзылыстардың пайда болуы.

• **Әскери қызметшілердегі аддиктивті мінез-құлық.** Аддиктивті мінез-құлық және оны қалыптастыру механизмдері туралы жалпы түсінік. Әскери қызметтегі аддиктивті мінез-құлқының ерекшеліктері. Аддиктивті мінез-құлқының ауруға ұласуына кедергі келтіретін факторлар.

• **Әскери қызметшілердің суицидтік мінез-құлқы.** Суицидтік мінез-құлқы туралы жалпы түсінік. Суицидтік мінез-құлқы қалыптасуының механизмдері. Әскери қызмет жағдайында суицидтік мінез-құлқы ерекшеліктері. Әскери қызметшілердің суицидтік мінез-құлқы формалары.

• **Әскери қызметшілердің мінез-құлық ауытқушылығының профилактикасы.** Әскери қызмет жағдайында психогигиена және психопрофилактика. Қарулы Күштерде психопрофилактикалық шаралардың құрылымы мен негізгі түрлері. Мінез-құлық ауытқушылығын ескерту бойынша офицерлер жұмыстарының міндеттері мен түрлері.

Кіріспе

Алдыңғы тарауда айтылып кеткеніндей, жас адамдардың әскери қызметке бейімделу мәселесі өте күрделі. Өкінішке орай, Қарулы Күштер қатарына шақырылған кез келген азамат бір кісідей қызметтің жаңа жағдайларына табысты бейімделуге қабілетті бола бермейді. Жас адамдардың айтарлықтай бөлігі қызметтің бірінші кезеңінде оған бейімделудегі қиыншылықтарды бастан кешіреді, бұл тұлғааралық қатынастардағы мәселелерге, әскери тәртіп талаптарын қабылдамауға және кәсіптік қызметтің төмен тиімділігіне ғана емес, денсаулықтың бұзылуына да алып келеді.

Қазіргі таңда әскери қызметшілердің психикалық денсаулығы мәселесі ең өзекті және практикалық маңызды мәселелердің қатарына жатады. Соңғы жылдары қоғамда жүріп жатқан теріс үрдістер (әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, өнеркәсіптік апаттардың өсуі, әскери кикілжіңдердің жиілеп кетуі, демографиялық жағдайлардың нашарлауы, экологиялық ортаның ластануы және т.б.) халықтың, ең алдымен – жас буынның психикалық денсаулығының сапасының төмендеуіне әкеліп отырған жағдай қалыптасқан.

Әскери психологтар мен психиатрлар психикалық бұзылулар мен психикалық норма және шекаралық психикалық патология арасында аралық орын алып жатқан өзгерістерді дер кезінде анықтауға ерекше көңіл бөлуде. Бұл ретте соңғы жылдары ерекше акцент патология алдындағы (ауру алдындағы, нозологияға дейінгі) күйлерді зерттеуге жасалуда.

Осы тұрғыдан алғанда, олардың жастар арасында және тиісінше әскерге шақырылатын жастағы тұлғалар арасында кең таралуына орай, девиантты-делинквентті, аддиктивті, авто және гетероагрессивті мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың алуан түрлерін зерттеу айтарлықтай қызықты болып көрінеді. Жоғарыда аталған түрлерді қазіргі таңда өлемдік те, отандық та психиатрияда, сонымен қатар медициналық психологияда айтарлықтай кең таралған өзін өзі бұзатын мінез-құлық термині біріктіреді. Сонымен қатар, Қарулы Күштер үшін аталған мінез-құлық бұзылуларының «шекаралық»

сипатын баса көрсететін, «мінез-құлық ауытқушылығы» термині сайма-сай келеді. Жас адамдардың ауытқып кеткен мінез-құлығының шекаралылығы аталған мінез-құлықтың белгілерін бірдей негізде әлеуметтік бұзылуларға да, психикалық денсаулықтың бұзылуларына да жатқызуға болатындығынан көрініс табады.

Бөлімдер мен бөлімшелер офицерлерінің мінез-құлық ауытқушылығының негізгі түрлерін, сондай-ақ, олардың әскери қызмет жағдайларында көрініс табуының ерекшеліктерін білуі командирлер, психологтар және әскери дәрігерлер тарапынан жоғары бақылауға мұқтаж әскери қызметшілерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Мінез-құлық ауытқушылығының түсінігі және оның жалпы сипаттамасы

Еліміздегі соңғы жылдар ішінде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жаппай және дербес сипаттағы белгілі бір психологиялық зардаптарға алып келді. Үйреншікті болып кеткен өмір стереотипінің күрт бұзылуы, бұрынғы идеалдардың жоғалуы және өзгелерінің болмауы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздығы психологиялық-психикалық айқындамаларда «сәйкестік күйзелісі» (Б.С.Положий, 1995), әлеуметтік-күйзелістік бұзылулар» (Ю.А.Александровский, 1992), «қоғамдық сананың иррационалды деформациясы» (Б.В.Овчинников, 1999), «өтпелі қажеттілік-мотивациялық күй» (Б.С.Братусь, 1977) ретінде белгіленетін психикалық қалыптардың негізгі себептері ретінде қарастырылады. Осы ғылыми-зерттеу бағытының арнасында әу бастан жасөспірімдер контингентіне бағыт алған езін-өзі бұзатын (ауытқитын) мінез-құлық тұжырымдамасы (Ю.В.Попов, 1991, 1994) да дамуда.

Осы тұжырымдаманы құру үшін негізгі алғышарттар ретінде авторлар салауатты өмір салтын ұстамау, ішімдікке, есірткі мен темекіге құмарлықтың артуы, криминогендіктің артуы, делинкветті мінез-құлық, жүріс-тұрыс (жыныстық девиацияларды қоса отырып), әлеуметтік-жасампаз қызметтен тайқу, уақытты бос сенделіспен өткізу және т.б. көрсетеді. Кең мағынасында бұл жерде әңгіме ауытқып кеткен мінез-құлық, жүріс-тұрыстың алуан түрі туралы болып отыр. Бұл ретте бүкіл өмірі бойы тұлғаның (өзінің жекелеген көріністерінде де, жалпы алғанда да) ілгері басқан, сатылы дамуға немесе деградацияға, өзін-өзі бұзуға ұшырайтындығын атай кеткен жөн.

Мінез-құлық ауытқушылығы ағзаға дене зиянын тигізумен қатар, орнын толтыру қиынға соғатын зардаптарға алып келеді, руханилықты жоғалту, руханилықтың құлдырауы, мысалы. Мұның салдары тұлғаның дисфункциясына және әртүрлі дәрежедегі бейімсіздікке алып келеді. Қазіргі таңда ауытқып кеткен ретінде сипатталуы мүмкін мінез-құлықтың түрлерінің бірқатары белгілі болып отыр.

Мінез-құлық ауытқушылығын топтастыру

Мінез-құлық ауытқушылығына дифференциалданған көзқарас оның әр жоспарлы бағалануын қарастырады. Мінез-құлық ауытқушылығының түрін ғана емес, тұлғаның дисфункциясының (дамуының бұзылуының) көрінуін, мінез акцентуациясының түрін, әлеуметтік бейімделу дәрежесін бағалауды да қосатын қап осьті клиникалық-диагностикалық қағидаға негізделген. Аталған жағдайды ескере отырып, өзін-өзі бұзатын (ауытқыған) мінез-құлықты (Ю.В.Попов бойынша, 1994) былайша көрсетуге болады:

1. Мінез-құлық ауытқушылығының түрлері (өмірге қауіп төндіру; дене денсаулығына зиян келтіру; рухани және адами дамуға зиян келтіру; болашақ әлеуметтік мәртебесіне зиян келтіру);
2. Тұлға дисфункциясының деңгейі (мінез акцентуациясы; тұлғаның психикалық емес бұзылулары; тұлғаның психикалық бұзылулары);
3. Мінез акцентуациясының түрлері (гипертимді; циклоидты; эмоциялық-лабильді; сенситивті; психоастеникалық; шизоидтық; эпиплептоидтық; тұрақсыз; конформды);
4. Әлеуметтік бейімделу дәрежесі (тұрақты бейімделу; парциальды бейімделу; тұрақсыз бейімделу; бейімсіздік).

Бірінші ось мінез-құлық ауытқушылығы түрін анықтау үшін қызмет атқарады. Өмірге қауіп төндіру ең алдымен витальды қауіп (өмірге қауіп) тудыратын әрекеттер мен істерді қосатын суицидальдық мінез-құлық жағдайларына тән.

Денсаулығына келтірілген зиян (ағзаға физикалық зиян) «салауатсыз өмір салтынан» бастап, өзіне-өзі зақым келтіруге дейінгі ауқымда өзгеріп отырады. Рухани және адамгершілік дамуға келтірілген зиян жалпы қабылданған нормаларға жауап бермейтін мінез-құлықтан (делинквенттілік, жыныстық бейбастақтық) көрініс табады. Болашақ әлеуметтік мәртебеге келетін зиян тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан теріс дамуының (мысалы, бір сәттік пайда әкелуі мүмкін коммерциялық қызмет үшін таңдап алған мамандығы бойынша

оқуын жалғастырудан бас тарту) өзге себептері бар (жоғарыда аталғаннан тыс) мінез-құлыққа тән болып келеді.

Екінші ось тұлға дисфункциясының деңгейін анықтау үшін қызмет етеді. Бұл біріншіден, норманың шеткі варианттары ретіндегі мінездің алуан түрдегі акцентуациялары (тұлғаның анық көрінетін басым қасиеттері), сонымен қатар тұлғаның психикалық емес және психикалық деңгейлердегі бұзылулары болуы мүмкін.

Үшінші ось мінездер акцентуацияларының алуан түрлері кезіндегі мінез-құлық ауытқушылығы ерекшеліктерін көрсетеді (А.Е.Личко, 1985, 1991). Мінез-құлық ауытқушылығы акцентуацияның барлық түрлері кезінде байқалады, бірақ оның қандай да бір варианттарының даму тәуекелін бағалау үшін нақтылы акцентуацияны анықтау өте маңызды болып көрінеді. Мәселен, делинквенттілік тұрақсыз және истерикалы акцентке, суицидальдық мінез-құлық – эмоционалды-лабильды және сенситивті, ал аддиктивтік шизоидты акцентке тән.

Төртінші ось әлеуметтік бейімделу дәрежесі, әлеуметтік қызмет атқару деңгейімен және оның конструкциялық бағытталуының дәрежесімен анықталады. Тұрақты бейімделу патологиялық көріністердің тұрақты өтелуін және бірнеше жыл бойы әлеуметтік қызмет етудің қанағаттанарлықтай деңгейін қарастырады. Парциальдық бейімделу өмір сүру жағдайларына байланысты көрініс табады: жақсы бейімделген тұлға өмірлік стереотипі өзгерген кезде «кері кетіп қалуы» мүмкін, бірақ үйреншікті жағдайға қайта оралған кезде жоғары бейімделу деңгейін қайтадан көрсете бастайды. Тұрақсыз бейімделу елеусіз себептер мен сылтаулар бойынша әлеуметтік қызмет етудің мерзімді олқылықтарымен сипатталады. Бейімсіздік тұлғааралық және тұлғайшілік сипаттардағы күрделі кикілжіңдерге әкелетін, әлеуметтік қызмет етудің айқын бұзылуынан көрініс табады.

Жекелеген жағдайларда мінез-құлық ауытқушылығы біршама уақыт ішінде аталған нақтылы жағдай үшін адаптивтік сипатта болуы мүмкін, бірақ солай болса да оның негізінде нақтылы өмірлік мәселелерден, тұлғаның әлеуметтік (қоршаған болмыстың) теріс құбылыстарымен күрестен басын аулақ ұстауға ұмтылыс жатыр.

Мінез-құлық ауытқушылығының негізгі түрлері

Әскери қызмет жағдайларындағы мінез-құлық (девиантты) ауытқушылығының ең өзекті түрлері аддиктивтік, автоагрессивтік (суицидальдық) және гетероагрессивтік мінез-құлық болып табылады. **Аддиктивтік мінез-құлық** түсінігі алкоголизм мен наркоманияның

қалыптасуының нозологияға дейінгі кезеңін білдіреді және оларға физикалық тәуелділік қалыптасқанға дейін алкогольге және алуан түрлі психоактивті заттарға қатысты жағдайлық психикалық тәуелділіктің және «іздістіру белсенділігінің» бар екендігін түспалдайды. Автоагрессивті мінез-құлық, жүріс-тұрыс суицидальдық ойлардың, уайымдаулардың («түпкі ойлардың»), тенденциялар мен әрекеттердің бар болуынан көрініс табады, ал гетероагрессивті мінез-құлық үшін агрессиялы сөз айтулар, қоқан-лоққы жасаулар және қоршаған адамдарға бағытталған әрекеттер тән болып келеді.

Осылайша, **мінез-құлық (девиантты) ауытқушылығы** қоғамда қабылданған нормаларға қарама-қайшы келетін және психикалық үрдістердің, бейімделу механизмдерінің теңдестірілмеуі және өз мінез-құлық, жүріс-тұрысына рухани және эстетикалық бақылау жасауға қабілетсіздік түрінде көрініс табатын іс-әрекеттер (жекелеген әрекеттер) жүйесі ретінде анықтауымызға болады. Практикада бұлар төменде көрсетілетін, мінез-құлық (девиантты) ауытқушылығының бірқатар типтері мен формаларын бөліп көрсетеді.

Девиантты мінез-құлықтың алуан түрлі типтері мен клиникалық түрлері арасында белгілі бір өзара қатынастар бар екендігін атай кеткен жөн (7.1.-кесте).

Девиантты мінез-құлықтың типтері:

1. **Делинквентті девиантты мінез-құлық** – өзінің көрінісінде қылмыстық жазаланатын сипатқа ие бола бастайтын, анық қоғамға қарсы бағытталуы бар мінез-құлық ауытқушылығы.

2. Адевиантты мінез-құлық – психикалық белсенді заттарды қабылдау немесе әрекеттің белгілі бір түрлеріне шамадан тыс берілу арқылы нақты болмыстан кетіп қалуға ұмтылыс болатын мінез-құлық ауытқушылығы.

3. Патосипаттамалық девиантты мінез-құлық – тәрбиелеудегі ақаулықтарға орай мінездің патологиялық өзгерістері себепші болған мінез-құлық ауытқушылығы.

4. Психопатологиялық девиантты мінез-құлық – психикалық бұзылулар себепші болған мінез-құлық ауытқушылығы.

5. Гиперқабілеттер негізіндегі девиантты мінез-құлық – қызметтің басқа салаларындағы ерекше дарындылық немесе тіптен даналық кезінде, күнделікті өмірде девиациялармен ілесе жүретін мінез-құлық ауытқушылығы.

7.1.-кесте

Девиантты мінез-құлықтың негізгі клиникалық түрлері мен типтерінің ара-қатынасы (В.Д.Менделевич бойынша, 1999)

Девиантты мінез-құлықтың түрлері	Девиантты мінез-құлықтың типтері				
	Делинк-вентті девиантты мінез-құлық	Аде-виантты мінез-құлық	Патоси-пат-тамалық мінез-құлық	Психо-пато-логиялық мінез-құлық	Гипер-қабілеттер негізіндегі девиантты мінез-құлық
Агрессиялы девиантты мінез-құлық	+++	+	++++	++	—
Автоагрессивті (суицидальды) девиантты мінез-құлық	-			++	—
Психикалық белсенді заттарды көп қолдану	—	++++	+++	++	+
Тамақтық мінез-құлықтың бұзылуы	—	+	+++	++	—
Сексуалдық девиантты мінез-құлықтың аномалиялары		++	++++	+++	+
Шамадан тыс құнды психологиялық әуестіктер	-	++	+++	—	+++
Шамадан тыс құнды психопатологиялық өрекеттер	-	-	+++	++++	—
Патосипаттамалық реакциялар	+	+		++	+
Коммуникативтік девиациялар	+	++	+++		+
Моральға жатпайтын (көргенсіз) девиантты мінез-құлық	-	+	+	+	-
Эстетикалық емес девиантты мінез-құлық	+	—	+++	++	++

Ескерту. Девиантты мінез-құлықтың түрлері мен типтерінің ара-қатынасының дәрежесі: аталған түр девиантты мінез-құлықтың белгілі бір түріне әрқашан немесе әрқашан дерлік сәйкес келеді (++++); жиі (+++); кейде (++); сирек (+).

Девиантты мінез-құлықтың клиникалық түрлері:

1. Агрессиялы девиантты мінез-құлық.
2. Автоагрессивті (суицидальды) девиантты мінез-құлық.
3. Өзгеріп кеткен психикалық әрекет жағдайын тудыратын заттарды (алкоголь, есірткі және т.б.) шамадан тыс қолдану.
4. Тағамдық мінез-құлықтың бұзылуы (тамақты көп жеу, ашығу).
5. Сексуалдық девиантты мінез-құлық аномалиялары (девиациялар, перверсиялар).
6. Шамадан тыс құнды психологиялық әуестіліктер («еңбекқұмарлық», спорттық, музыкалық және т.с. фанатизм).
7. Шамадан тыс құнды психопатологиялық «әуестіліктер» (кверулянтство, клептомания, дромомания (кезбешілікке шектен тыс ұмтылыс) және т.б.).
8. Сипаттамалық және патосипаттамалық реакциялар – эмансипациялар, топтасулар, оппозиция және т.б.
9. Коммуникативті девиациялар (аутизация (тұйықтық), гиперкөпшілдік, конформизм, нарцистік девиантты мінез-құлық және т.б.).
10. Моральға жатпайтын (көргенсіз) девиантты мінез-құлық.
11. Эстетикалы емес девиантты мінез-құлық.

Профилактикалық-коррекциялық шаралар тұрғысынан мінез-құлық ауытқушылығы тұжырымдамасы медициналық-психологиялық әсер ету шараларымен қатар әртүрлі девиантты мінез-құлық девиациялары бар жасөспірімдердің психикалық ерекшеліктерін зерттеу негізінде құрылған тиісті әлеуметтік бағдарламалардың жасап шығарылуын талап етеді.

Шұғыл қызметтегі әскери қызметшілердің жасы, қазіргі әскерге шақырылушының денсаулығының белгілі ерекшеліктері (дене қасиеттерінің жеткіліксіз жетілуі, рухани деңгейінің төмендігі, әскери қызметке үстіртін қарау, тәрбиелеудің қолайсыз жағдайлары және т.с.), сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы суицидтердің, делинквенттіліктің, алкогольді және есірткіні көп қолдануға бейімділіктің өсуіне қатысты жалғасып жатқан тенденция мінез-құлық ауытқушылығы мәселесін әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын сақтау мен нығайту жүйесіндегі бастылардың қатарына қосып отыр.

Әскери қызметшілердің девиантты-делинквентті мінез-құлқы

Девианттылық психикалық жағынан сау адамдар арасында да, психикалық ауытқулары бар адамдар арасында да айтарлықтай кең таралған. М.П.Князеваның және О.А.Трифоновтың (1981) мәліметтері бойынша, психикалық стационарларға келіп түсетін жасөспірімдердің 30-50%-ында девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыстың қандай да болсын девианттық түрлері анықталады екен, ал ауруханадан тысқары практикада бұл пайыз одан да жоғары. Мәселен, В.В.Королев (1992) жас адамдардың «қылмысқа дейінгі девиантты мінез-құлығы бар» деп аталатын үлкен контингентін зерттеген кезде 84,6% жағдайда жұмыстан немесе оқудан бас тартуды, 63% жағдайда – әртүрлі қоғамға қарсы іс-қимылды және 35,2% жағдайда зорлықшыл (гетероагрессивті) іс-қимылдарды атап көрсетеді. Шұғыл қызметтегі әскери қызметшілердегі девиантты мінез-құлық арасында жетекші орынды бөлімдерді өз бетімен тастап кету алып отыр. Бұл ретте, С.М.Литвинцевтің мәліметтері бойынша (1990), 51,3% жағдайда жанама түрлер психикалық жағынан сау әскери қызметшілерде және 46,6% психикалық бұзылулардың психикалық емес (шекаралық) түрлері бар әскери қызметшілерде орын алады.

Аталған қоғамның адамгершілік қағидаларынан ауытқу ретіндегі девиантты мінез-құлық және осымен ұсақ, шамалы қоғамға қарсы іс-қимылдар белгіленетін делинквентті девиантты мінез-құлық осының себептері, жекелей алғанда, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық (патологиялық емес) деформациялануы және құқыққа қарсы іс-қимылдар жасалатын жағдайдың ерекшеліктері болып табылатын, қоғамға қарсы девиантты мінез-құлықтың түрлері ретінде қарастырылады.

Мұның өзі табиғи түрде әскери ұжымдардың тіршілік әрекетіне де қолайсыз әсер етіп отырған, қоғамның моральдық-психологиялық тұрақсыздығы жағдайларында әскери қызметшілердегі регламенттелген девиантты мінез-құлықтың бұзылуын нақтылы талдаған кездегі медициналық, тәрбиелеу, командалық және құқық қорғау мүшелерінің құзыреттілік шектерін шектеу туралы мәселе ерекше өткір тұрады. Бұл ретте әрқашан мынандай сұрақ туындайды: девиантты мінез-құлықтағы ауытқулар психикалық патологияның белгілері болып табыла ма, әлде бұлар жас кездегі психологиялық ерекшеліктерді, тәрбиелеудегі ақауларды көрсете ме, әлде бұған таза ситуациялық сәттер себепші бола ма? Анық диагностикалық

критерийлердің болмауына және терминологиялық белгісіздікке орай, осы сұраққа біржақты жауап беру кейде өте қиынға соғады. Сондықтан девиантты мінез-құлықтың бұзылуының әртүрлі формаларын сипаттайтын негізгі бірқатар түсініктердің мазмұнын толығырақ қарастырып шығайық.

Девиантты мінез-құлықтың бұзылуы – осыларда адамның ішкі ойлары жүзеге асырылатын, сырттан бақыланатын іс-қимылдар нормаларынан ауытқу (В.Т.Кондрашенко, 1988). Олар практикалық іс-қимылдарда да (девиантты мінез-құлықтың нақтылы бұзылуы), айтылған ойларда, тұжырымдарда да (девиантты мінез-құлықтың вербальды бұзылуы) көрініс табуы мүмкін.

Қоғамға қарсы (антиәлеуметтік) девиантты мінез-құлық, жалпы алғанда қоғамның немесе нақтылы адамдардың мүдделеріне қарсы бағытталған. Құқық бұзушылықтардан өзге мұнда қоғамның рухани, адамгершілік нормаларын орындамаумен немесе мойындамаумен байланысты әрекеттер жатқызылады.

«Девиантты мінез-құлықтың патологиялық бұзылулары» бірдей түсіндіріле бермейді. Мысалы, В.В.Ковалев (1981, 1988) оларды белгілі бір нозологиялық түрлер шеңберінде қарастырады. Бұл кезде девиантты мінез-құлықтағы ауытқулар белгілі бір нозологиялық бірлік кезінде симптом ретінде қарастырылады. Патологиялық девиантты мінез-құлық бұзылуларының белгілеріне ол осының ерекшеліктері девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыстың бұзылуларының өзіндік келбетін анықтайтын, патосипаттамалық синдромның бар болуын жатқызады.

А.Е.Личконың пікірінше (1983, 1985), «девиантты мінез-құлықтың патологиялық бұзылулары» аурушаңдық жағдайларда, мысалы, психопатиялар кезінде ғана емес, мінездің түрлі акценттері кезінде, яғни психикалық норма аясында да байқала алады. Бұл бұзылуларға әр алуан жағдайларда пайда болу және әртүрлі стимулдармен туындау қабілеті; патологиялық стереотип қасиеттерін алып, девиантты мінез-құлықтың бұзылуының белгілі бір «биіктігінен» асып түсуге бейімділік тән болып келеді, мұның өзі ерте ме, кеш пе, әлеуметтік бейімсіздікке алып келеді.

Девиантты (ауытқыған) мінез-құлық, бір жағынан, психикалық денсаулық шеңберінде, яғни шекаралық психикалық патология болмаған кезде жасалатын, аталған нақтылы-тарихи қоғамда қабылданған тұлғааралық өзара қатынастар нормаларынан ауытқып кетуді білдіретіндіктен, әлеуметтік-психологиялық түсінік ретінде қарастырылады (В.В.Ковалев, 1981). Екінші жағынан, бұл түсінік дені сау және психикалық ауру адамдардағы девиантты мінез-құлықтың

бұзылуының барлық түрлерін қамти отырып, шамадан тыс кеңейіп кеткен.

Делинквентті девиантты мінез-құлық соттық ретпен жазаланатын қылмысқа жете қоймайтын шағын әрекеттер мен құқық бұзушылықтарды ойластырады (Benett, 1960). Жасөспірімдер психиатриясының тәжірибесіне «делинквенттілік» түсінігін енгізген А.Е.Личко осы түсінікпен қылмыстық жауапкершілікке алып келмейтін шағын, қоғамға қарсы әрекеттерді көрсеткен және делинквенттілік психопатия мен мінез акценттерінің белгілі бір түрлерінің девиантты мінез-құлықтың ең айқын көрінісі болып табылады деп есептеген. В.В.Королев (1992) шетелдерде «делинквент» терминінің көбіне-көп көмелетке толғаннан кейін автоматты түрде «криминалды» немесе «антиәлеуметтік» тұлғаға айналып шыға келетін, көмелетке толмаған қылмыскерлерге қатысты қолданылатындығын көрсетеді.

Психикалық тұрғыдан дені сау әскери қызметшілер деп рухани жағынан жетілген, ойы толысқан, психикалық тұрғыдан салмақты, әскери мамандықты меңгеруге, әскери қызметке бейімделуге және осы қызмет үшін спецификалы күш түсулерді бұл кезде денсаулықтың ұзаққа бұзылуын алмай жеңе білуге қабілетті адамды санауға болатындығын басшылыққа ала отырып, девиантты мінез-құлықтың регламенттелген түрлерін бұзу «девиантты-делинквентті мінез-құлық» ретінде белгілене алады.

Әскери қызметшілердің девиантты мінез-құлығының негізгі түрлеріне бөлімді өз бетімен тастап кетуді, қоғамға қарсы зорлықшыл және арам пиғылды әрекеттерді (төбелестер, ұрлық, мүлікті бүлдіру және жойып жіберу, бопсалау, алыпсатарлық және т.с.), әскери парызынан, оқу және еңбек қызметінен бас тартуды, жарғылық емес қарым-қатынастарды, әртүрлі сексуалдық девиацияларды және т.б. жатқызған жөн. Барлық тізіп көрсетілген түрлерді девиантты мінез-құлық, реакцияларының анық байқалатын әлеуметтік-негативті бағытталуы біріктіреді. Бұл ретте, әдетте, тек қана дербес емес, топтық сипатқа да ие болуы мүмкін, девиантты мінез-құлықтың әр түрлерінің үйлескен көрінісі орын алады.

Қандай да бір девиантты мінез-құлықты ауытқыған девиантты мінез-құлыққа жатқызудың бірінші кезекте клиникалық емес, әлеуметтік нормаларға негізделетіндігін есте ұстаған жөн. Индивидтің тіптен тұрақты, қоғамға қарсы девиантты мінез-құлығы әлі де болса психикалық патологияның белгісі болып табылмайды, ал патологиялық психикалық күйлерде байқалатын, девиантты мінез-құлықтағы ауытқулар міндетті түрде қоғамға қарсы бағытталғандығымен сипаттала бермейді.

Әскери қызмет жағдайларындағы мінез-құлық ауытқушылығының ерекшеліктері

Егер психикалық бұзылулары жоқ әскери қызметшілердегі девиантты мінез-құлықтың бұзылуларын сипаттау үшін әдетте психиатрдың құзіреті шеңберінен шығып кететін психологиялық, әлеуметтік, құқықтық және өзге де критерийлер керек болса, онда психикалық бұзылуларының белгілері бар әскери қызметшілерде осындай бұзылуларды сипаттау бірінші кезекте дәл осы клиникалық-психопатологиялық критерийлерді пайдалануды ойластырады. Бөлімше офицерлеріне көбінесе әскери қызметшілердің ауытқыған мінез-құлығының патологиялық емес түрлерімен ұштасуға тура келеді. Мінез-құлық ауытқушылығы түрлерін толығырақ қарастырайық.

1. **Девиантты мінез-құлықтың патологиялық емес түрлері**, негізінен алғанда, жағдайлық-жеке тұлғалық реакциялар түрінде көрініс табады және көбінесе шекаралық интеллектуалдық жеткіліксіздік; әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалушылық сипаты бар әскери қызметшілерде байқалады.

1) Жағдайлық-жеке тұлғалық көріністер негізінен алғанда бөлімнен өз бетімен кетіп қалу реакцияларымен сипатталады, олар өз кезегінде әртүрлі типтерге ие (С.В.Литвинцев, 1990):

А) Жағдайдан кетіп қалу реакциялары (иммунитивті өзін-өзі қорғау реакциялары); қызметтестері тарапынан алуан түрлі моральдық және физикалық балағаттау, кемсіту сияқты қатынастың жарғылық емес түрлеріне орай, сонымен қатар жасалған әрекетінен кейін жазалауды күткен кезде туындап, бөлімді өз бетімен тастап кетуге алып келеді;

Б) Тәуелсіздік алуға бағытталуы бар кетіп қалу реакциялары (эмансипациялық реакциялар) анық жағдайлық-жеке тұлғалық реакция беру түрі болып табылады. Олардың туындауының ортақ факторы командирлердің қамқорлығынан, қызметтің қиындықтарынан, бұйрықтарды орындаудан босануға ұмтылыс болып табылады. Бөлімді өз бетімен тастап кетуге себеп іздесек, әдетте бастықтармен әртүрлі кикілжіңдер болады, ал осындай реакцияларға үлкендерге бағынуға психологиялық тұрғыдан даярланбағандық, ішкі наразылық ықпал етеді. Мұндай адамдарды бөлімнен қашып кетуге бастық немесе командир алдындағы қорқыныш емес, мәзі болған тәртіптен және шамадан тыс бақылаудан босануға құштарлық итермелейді. Қызметтің қиындықтарына шыдауға даяр болмаушылық мұнда азырақ мәнге ие;

В) Жағдайды шешуге бағытталуы бар кетіп қалу реакциялары (инфантильді-драмаланған реакциялар), көбінесе жағдайлық бола отырып, имунитивті-өзін-өзі қорғауға жақынырақ, бірақ азырақ аффектілік қанығушылығымен және қиын жағдайларды шешуге инфантильді келумен ерекшеленеді;

Г) Қарапайым ниеттері мен ойын-сауыққа құмарлығын қанағаттандыруға бағытталуы бар кетіп қалу реакциялары (гедонистік реакциялар). Бұл реакциялардың негізінде құмарлыққа, ойын-сауыққа ұмтылыс жатыр;

Д) Мотивациясы анықталмаған кетіп қалу реакциялары (түрткілік-аморфты реакциялар), бұларды бөлімнен кету үшін көзге көрінетін объективті себептердің болмауы біріктіреді. Аталған реакция түрі бойынша бөлімнен кетіп қалған адамдарда қоршаған адамдардың бағалауларына немқұрайлылық, оқшауланғыштық, өз жүріс-тұрысын формальды түсіндіру бар.

2) Акцентуацияланған тұлғалар – норманың шекті варианттары, бұл кезде мінездің жекелеген қасиеттері, ерекшеліктері тым күшейтілген, осының салдарынан, басқаларына жақсы және тіптен жоғары тұрақтылық болған кезде, белгілі бір түрдегі психогенді әсерлерге қатысты таңдамалы сезімталдық табылады. Акцентуация көп жағдайда делинквентті девиантты мінез-құлықтың себебі болып шығады.

А) Мінездің тұрақсыздығы еңбекке жиіркенішпен қараудан, ойын-сауыққа құмартудан, жауапсыздықтан, қорқақтықтан және ерік-жігердің төмендігінен, құқық бұзушылыққа оп-оңай тартылудан көрініс табады; мұндай адамдар әдетте қоғамға қарсы бағытталған жағдай, оқиғада «көнгіш қару» болып шығады;

Б) Мінездің гипертимділігі шамадан тыс кісішілдіктен, үнемі көтеріңкі көңіл-күйден, тәуекел мен авантюраларға бейімділіктен және көшбасшылыққа ұмтылыстан көрініс табады. Мұндай адамдар қатаң тәртіпті және қатаң шектелген режимді нашар көтереді, заңдар мен жүріс-тұрыс заңдарына, ережелеріне жеңіл-желпі қарайды, олар үшін бір түске боялған жағдай мен қарым-қатынасты күрт шектеу жан төзгісіз болып келеді;

В) Истериялық мінез көрініс тапқан эгоцентризммен, өзіне көңіл аудартуға құштарлықпен, өтірікшілдікпен және қиялға берілумен, терең уайымдауға қабілетсіздікпен ерекшеленеді.

З) Интеллектуалдық жетіспеушіліктің түрлері (оның ішінде психикалық дамудың іркіліс табуы ретіндегі инфантилизм) олигофрения

мен интеллектуалдық норма арасында аралық орын алып жатады. Осындай адамдардағы девиантты мінез-құлық олардың жоғары нанғыштығымен, сындарлы көзбен қарау қабілеттерінің төмендеуімен, эмоциялық-еріктік тұрақсыздығымен, енжар бағыныштылығымен түсіндіріледі.

4) Өсіп келе жатқан ұрпақтың бір бөлігінің әлеуметтік-педагогикалық қараусыздығы қазіргі таңда өзекті әлеуметтік мәселе сипатын қабылдай бастады. Қоғамның деидеологиялануының аясында, айқын мақсаттар мен болашақ жоспар болмаған кезде, ауыр материалдық-тұрмыстық жағдайларда, әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларында тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдердің девиантты мінез-құлығы олар әскери ұжымдарға келіп түскенде де сақталады. Аталған контингент үшін әскери қызметке теріс қарау тән екендігін ескере отырып, дәл осылар қоғамға қарсы іс-әрекеттердің бастаушылары болып шығады.

2. Девиантты мінез-құлық типтерінің екінші бір үлкен тобы – психикалық бұзылулары бар адамдардың девиантты мінез-құлығы. Ол екі шағын топқа бөлінеді.

1) Психикалық емес бұзылулары бар адамдардың девиантты мінез-құлығы. Мінез-құлық ауытқушылығының патологиялық емес түрлеріне қарағанда, өздерінің әскери-кәсіптік қызметтерінде офицерлер мұнымен сирек кездеседі. Бұл шағын топқа мыналар жатады:

А) Психопатиялар – қоршаған ортаға бейімделу бұзылатындай айқындылық дәрежесіне жететін, мінездің жаппай (тотальды), тұрақты, кері аз қайтатын аномалиялары. Әскери қызметшілердегі психопатиялардың ортақ белгілері: қызметке теріс көзқарас, шектелген режимді нашар көтеру, ұжымға сыйыспау, парыз сезімінің жетілмеуі;

Б) Олигофренияның жеңіл дәрежелері бар адамдардың девиантты мінез-құлығы олардағы туа біткен танымдық қызмет ақауын көрсетеді, осыған орай армия жағдайларына бейімделу қиыншылығы туындайды, бұл қоғамға қарсы пиғылдардың жеңіл қалыптасуына, сындарлылықтың төмендеуіне алып келеді;

В) Резидуальды-органикалық генездің невроз тәріздес және психопато тәріздес бұзылулары айқын білінбеген интеллектуалдық жетіспеушілігі бар дәрекі және мозаикалы психопатикалық бұзылулардың үйлесімі болып табылады.

2) Психикалық бұзылулары (психоздары) бар тұлғалардың девиантты мінез-құлығы. Мұнымен офицерлер өздерінің әскери-кәсіптік қызметі барысында әдетте ұшыраспайды, кездеспейді.

Әскери қызметшілердегі аддиктивті мінез-құлық

Халықтың бір бөлігінде, оның ішінде дені сау адамдар арасында жаһандық күйзелістік әсер етудің аясында агрессиялықтың өсуімен және депрессиялық көріністердің ұлғаюымен қатар, әрқашан ішімдік пен есірткіге әуестік және мінез-құлық ауытқушылықтың басқа да түрлерінің жиілігінің артуы жүріп отырады (В.М.Бехтерев, 1914).

Жаһандық күйзеліс әсер ету жағдайларында қалыптасатын аддиктивті бұзылулардың туындау механизмдері аз зерттелген түрінде қалуда. Аталған мәселені зерттеуге арналған өзіндік үлгі болып өзінде өмір үшін потенциалды қауіп әкелетін, кәдімгі адам тәжірибесінің шеңберінен шығып кететін және осыған орай іс жүзінде кез келген әскери қызметшілер үшін жоғары дәрежеде жарақат салатын, әскери, ұрыс жағдайының күйзелісі қызмет ете алады.

Корея мен Вьетнамдағы соғыстар кезінде американ әскери қызметшілері 30%-дан 45%-ға дейін есірткі қабылдаған немесе алкогольді шамадан тыс ішкен. Бірқатар авторлардың пікірінше, психоактивті заттарды қолдану әскери іс-қимылға қатысушыларға психологиялық мәселелерге уақытша төтеп беруге мүмкіндік берген және психикалық аурулардың салыстырмалы түрдегі төмен жиілігіне үлес қосып отырған. Вьетнамдағы соғыстың бірінші кезеңінде барлық психикалық бұзылулар әскери санитарлық шығындардың тек 5%-ын құраған. Бірақ, уақыт өте келе, американ армиясын наркомания толқыны тулатқанда, бұл көрсеткіш 60%-ға дейін артқан. Үнді-Қытайда болған АҚШ қарулы күштерінің экспедициялық корпусының құрамынан ай сайын 1 мыңнан 2 мыңға дейін «сауықпайтын наркомандар» қызметтен шығарылып тұрған. Олардың ішінде 50%-ы марихуана, 17,4%-ы – апиын, 2,5%-ы героин тұтынған. Осы топтың негізгі өкілдері – жасы 18-ден 23-ке дейінгі жас солдаттар. Офицерлер мен унтер-офицерлер ішінде есірткі шеккен адамдар 10%-дан 20%-ға дейін болған. Оңтүстік Вьетнамнан қайтып оралған американ солдаттарының 40%-дан астамы агрессиялық девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыс пен зорлық-зомбылыққа бейімділігін көрсеткен (Holloway, 1974; Strange, 1974).

Адевиантты мінез-құлық түсінігін әртүрлі авторлар әртүрлі түсіндіреді. Кең мағынасында адевиантты мінез-құлық, жүріс-тұрысқа психоактивті заттарды қабылдау әлде қызметтің, істің, әрекеттің белгілі бір түрлеріне шамадан тыс берілу арқылы нақтылы болмыстан кетуге ұмтылысы бар мінез-құлық ауытқушылығы жатқызылады.

Есірткі, ішімдік, темекі аддикциясын және қызметтің тар бағытталған саласында шоғырлану арқылы болмыстан қашып кету түріндегі аддикцияны бөліп көрсетеді.

Сонымен бірге, күнделікті практикада «адевиантты мінез-құлық» термині көбінесе тар мағынасында: алкоголизмнің, наркоманияның немесе токсикоманияның алдында жүретін, психоактивті заттардан тәуелділіктің бастапқы кезеңін белгілеу үшін қолданылады. Аталған термин олардан физикалық тәуелділік қалыптасқанға дейін, психоактивті заттарға қатысты ситуациялық психикалық тәуелділіктің және іздестіру белсенділігінің бар екендігін ойда ұстайды. Онымен қоймай, адевиантты мінез-құлыққа бейімделудің бұзылуының варианты ретіндегі көзқарас та бар.

Қарулы Күштер үшін қалыптасып қойған алкоголизм, наркомания және токсикомания мәселесі емес, тек қана психологиялық тәуелділік бар болып, физикалық тәуелділік әлі болмаған, яғни адевиантты мінез-құлықтың өзі орын алған кезеңде алкогольді, есірткіні және өзге де психоактивті заттарды шамадан тыс қолдану өзекті болып отыр.

Адевиантты мінез-құлықтың бастауы ретінде бірінші сынақтар кезеңі қызмет етеді. Әдетте қандай да бір психоактивті затты адамдар компанияда немесе құрбысының әсер етуімен байқап көреді. Одан кейін осыларды тұтырудан бас тарту немесе кей жағдайларда көбірек жиілікпен немесе белгілі бір ырғақпен қайталау орын алуы мүмкін. Бас тартудың себебі интоксикациямен байланысты жағымсыз сезімдер, аталған затқа құмарланып кетуден үрейлену немесе қатаң жазаға тартылу қатері болуы мүмкін. Одан кейін іздестіру полинаркотизмі кезеңі келіп жетеді.

Аталған кезеңде жас адам кейде алкогольді, кейде өзге де психоактивті заттарды кезекпе-кезек тұтынады. Әдетте бұл тек қана топпен шамадан тыс тұтыну үшін жиналмайтын компанияларда жүреді. Осы компанияларда психоактивті заттар «көңіл көтеру», сәнді музыканы қабылдауды шиеленістіру үшін, сексуалды тұрғыда тежелмеу үшін және т.с. қолданылады.

Одан кейін көңілі қалағанды таңдау кезеңі де келіп жетеді. Аталған кезеңде гедонистік қондырғы – белгілі бір жағымды әсерлер алу ниеті анықталады.

Адевиантты мінез-құлықтың ауруға көшуіне ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторлар үш топқа бөлінеді:

- Әлеуметтік факторлар – заттың қол жетерлігі, оған деген «сән», қатері төнген жауапкершіліктің дәрежесі, аддикт осыған тиесілі топтың әсері;

- Психологиялық факторлар – мінез акцентуациясының типі, туындайтын сезімдер мен уайымдаулардың тартымдылығы, гедонистік қондырғыны жасап шығару, өзіне зиян келтіруден үрейлену;

- Биологиялық факторлар – әу бастағы толеранттылық дәрежесі (мысалы, жеке басының төзе алмауы, немесе, керісінше, жоғары төзімділік). Оларға сирек жағдайларда алкоголизге қатысты тұқым қуалаушылық, бас миының резидуальды органикалық зақымдалуы, оның детоксикациялаушы қызметі бұзыла отырып, бауырдың созылмалы аурулары жатады.

Адевиантты мінез-құлықтың қалыптасуының жоғарғы тәуекелінің белгілері:

- ата-анасының әсіресе аддикт туғанға дейін дами түскен алкоголизмі (аяққа тұрмастан ішу);

- жақын туысқандарының біріндегі психикалық аурулар, патологиялық мінез немесе әлеуметтік девиантты мінез-құлық.

Әскери қызметшілердегі суицидальды мінез-құлық

Өзімізге белгілі болып отырғанындай, әлеуметтік-экономикалық күйзелістер өзін-өзі өлтіру санының артуын тудыруға қабілетті, сондықтан Қазақстанда жүріп жатқан өзгерістердің суицидологиялық жағдайды ушықтырып жібергендігі таң қалдырмауы тиіс. Жекелей алар болсақ, жастар арасында суицид саны артып кетті. Ресми түрде тіркелген, өзін-өзі өлтірулердің саны 100 мың халыққа 60-тан асып кетті, ал ерлер арасында бұл сан 72,5-ке жетті.

Қарулы Күштерде де суицидальды оқиғалар санының азаюына қатысты тұрақты тенденция болмай отыр. Бұл ретте өзін-өзі өлтірулердің басым көпшілігін (60%) қызметті шақыру бойынша өтеп жүрген әскери қызметшілер жасайды.

ҚР Қарулы Күштерінде өзін-өзі өлтірулердің алдын алу бойынша жасалып жатқан шараларға (құқықтық тәртіпті, әскери тәртіпті нығайту, әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, медициналық көмектің сапасын жақсарту) қарамастан, олардың саны азаймай отыр. Сондықтан бөлімше командирлері суицидальды девиантты мінез-құлыққа қатысты жеткілікті білімге ие болуға және суицид әрекеттерін дер кезінде алдын алып отыруға тиіс. Аталған мәселеге қатысы бар бірқатар түсініктер мен анықтамаларды қарастырып шығайық.

Суицидологиялық диагностика өзіне суицидальдық көріністердің (ойлардың, уайымдаулардың, тенденциялардың, әрекеттердің және т.б.) өзін олардың статикасы мен динамикасында ғана емес, тұлғалық,

орталық, клиникалық факторлардың барлық жиынтығын талдауды қосады.

Автоагрессивті девиантты мінез-құлықты өз-өзіне зиян келтіруге бағытталған девиантты мінез-құлық ретінде анықтауға болады. Алайда онда автоагрессияның инфантильді түрін де бөліп көрсетеді, бұл кезде өз-өзіне зиян келтіру осылайша өзінің жақындарын жазалау мақсатын көздейді. Автоагрессивті девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыс шеңберінде оның екі негізгі түрін бөлу қабылданған суицидальды девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыс (өзін-өзі өлтірулер) және парасуицидальды девиантты мінез-құлық, жүріс-тұрыс (өзін-өзі жарақаттаулар). Өзін-өзі өлтірулердің үлкен әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, дәл осы түрге ерекше көңіл бөлу керек.

А.Г.Амбрумованың (1974) анықтамасы бойынша, суицид – тұлғаның уайымдап отырған шағын әлеуметтік кикілжің жағдайларында әлеуметтік-психологиялық бейімсіздігі. Бұл тек қана адамға тән, өзін қасақана (түсінілген) өмірден айыру басқа тіршілік иелерінде кездеспейді. Өз кезегінде суицидальды тәуекел – өзін-өзі өлтіруге потенциалды даярлық. Бұл ретте суицидальды тенденциялардың келесі кезеңдерін айырады:

- дүниетанымдық – суицид туралы «жалпы» білімдер;
- енжар ойлар – өлімге «келісім»;
- белсенді ойлар – суицидті жүзеге асыру варианттарын ойластыру;
- суицидальды әрекеттер – өліммен аяқталмаған, өзін-өзі өлімнен қиюдың тәсілдерімен мақсатты бағытталған операция жасау.

Суицидтік әрекеттер – мақсаты өзін-өзі өлтіру болған шынайы және осылар кезінде өлімге ұшырауға қарағанда өзіне қоршаған адамдардың көңілін аудару, өз тағдырын жеңілдетуге қол жеткізу басым болатын қыр көрсетіп бопсалау. Сонымен бірге нақтылы жағдайларды жете бағаламау, ескермеуге орай осындай қыр көрсету кей кездері суицидпен аяқталады.

Суицидтің әмбебап механизмін төмендегідей анықтауымызға болады: қолайсыз әлеуметтік жағдай және жеке бас факторларының үйлесуі, осылайша әлеуметтік-психологиялық бейімсіздік мен құндылық ұстанымдарының күл-талқан болуын тудыра отырып, жеке басында кикілжіңнің туындауына алғышарт құрады, бұл өз кезегінде, арандатушы және осыған итермелейтін факторлар болған кезде мотивациялық даярлықтың қалыптасуына, пресуицидке алып келеді. Аталып кеткеніндей, өзін-өзі жарақаттауды («мүшеге зиян келтіру») және осылар өлім туралы түсініктермен мүлдем бағытталмайтын

жазатайым оқиғаларды суицидтік әрекеттерден ажырата білу керек. Мысалы, өзін-өзі жарақаттаулардың мақсаты тек қана қандай да бір ағзаны зақымдаумен шектеледі, бұл ойға алынғанды жүзеге асыру тәсілдерінен де, әскери қызметшілердің мінез-құлығындағы ерекшеліктерден де өз көрінісін табады.

Суицидтік пиғылдардың шынайылығы туралы:

- суицидтік актінің жоспарланғандығы;
- ойға алынғанның ашылып қалуын болдырмау үшін қолданылатын сақтану шаралары;

- суицидтік актіден кейін жәрдем алу әрекеттерінің болмауы;
- суицидтік әрекеттердің қайталанғыштығы;
- өзін-өзі құрту жөніндегі өнжар емес, белсенді әрекеттер;
- өзіне зиян келтірудің қауіпті тәсілін қолдану;
- өлім алдындағы жазбаның, өсиеттің болуы;
- суицидтік пиғылдардың тұрақтылығы және бұлжымастығы күеландыратынын есте сақтау керек.

Суицидтік ойлар пайда болғаннан оларды жүзеге асыру әрекеттеріне дейінгі кезең **пресуицидальды** (пресуицид) деп аталады. Оның ұзақтығы минуттармен (күшті суицид) немесе айлармен (созылмалы суицид) өлшенеді. Ұзаққа созылған пресуицид жағдайында суицидтік мінез-құлық, жүріс-тұрыстың ішкі түрлерінің даму үрдісі жоғарыда баяндалған кезеңдерден анық өтеді. Алайда, бұл реттілік әрқашан байқала бермейді. Күшті пресуицидтер кезінде белсенді ойлар мен суицидтік әрекеттердің бірден осының алдындағы кезеңдерсіз пайда болуын байқауымызға болады.

Суицидтік мінез-құлықтың спецификалы белгілерінің болмауы оны диагностикалауды және:

- 1) суицидтік тәуекелдің дәрежесін анықтауды;
- 2) осы тәуекелдің дәрежесін өзгертетін факторларды анықтауды;
- 3) суицидтік әрекеттердің жасалу уақытын болжау секілді бірқатар маңызды міндеттерді шешуді қиындатып жібереді.

Осыған байланысты бастапқы суицидтік актінің алдын алу мамандар үшін айтарлықтай қиын міндет болып табылады.

Өзін-өзі өлтірулер мен олардың әрекеттерінің себептерін талдау әскерге шақыру бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерде олардың негізгілері жас солдаттардың төмен психологиялық тұрақтылығы, әскери қызметтің ауыртпалықтары және бейімделудің қиындықтары, жарғыдан тыс қарым-қатынастар, лауазымды тұлғалардың әскери қызметшілердің дербес-психологиялық қасиеттерін нашар білуі болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Әскери қызметті келісім-шарт бойынша атқарып жүрген әскери қызметшілердің өзін-өзі өлтіруінің себептері біршама өзгелеу. Олардың негізгілері – отбасындағы және жеке басындағы келеңсіздіктер, қызметтегі кикілжіңдер және қызметке көңілі қалуы, қызметте өрлеу болашағынан және болашаққа деген сенімінен айырылуы, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы қиындықтар.

Әскери қызметшілердегі өзін-өзі өлтірушілерді анықтауда және оларды болдырмауда бірқатар ортақ ұйымдық кемшіліктер де орын алады. Бұларға мыналар жатады:

1. Өзін-өзі өлтірушілер профилактикасына жеткіліксіз көңіл бөлу. Өзін-өзі өлтірушілердің алдын алу ведомстволық мүмкіндіктердің шеңберінен шығып кетеді және әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, медициналық және құқықтық сипаттағы шараларды біріктіретін жүйені құру арқылы шешілуге тиіс. Өзін-өзі өлтірушілердің алдын алу жөніндегі жұмыс көбіне-көп офицерлік құрамның айтарлықтай бөлігінің оған төмен даярлығына орай қиындап отырады. Қазіргі таңға дейін көптеген офицерлерде аталған мәселенің тек медициналық мазмұны және оны тек қана медициналық қызметтің күш салуымен шешу мүмкіндігі туралы қате пікір бар болып отыр.

2. Әскери қызметшілерді шақырылғаннан бастап запасқа шығарылғанға дейін психологиялық сүйемелдеп отыруды ұйымдастырудағы лауазымды тұлғалардың әрекеттерінің келісілмеуі.

3. Командирлердің (бастықтардың) өз қоластындағыларды білмеуі, әскери қызметшілермен дербес-тәрбиелік жұмысты ұйымдастырудағы формализм.

4. Жарғыдан тыс қарым-қатынастар оқиғаларын дер кезінде тергемеу, суицидтік әрекеттер оқиғаларын жасырып қалу.

5. Әскери қызметшілердің отбасымен жұмыстағы формализм, лауазымды тұлғалардың олардағы жағдайды білмеуі және қоластындағыларда туындаған отбасылық-тұрмыстық мәселелерге көңіл қоя білмеуі.

6. Әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың төмен тиімділігі, әскери қызметшілердің психикалық денсаулығының күйін және оның нашарлауын тудыратын себептерді жете бағаламау, салауатты өмір салтын насихаттауға көңіл бөлуді ақсаңдату.

Әлеуметтік-экономикалық күйзеліс жағдайларында суицидтік мінез-құлықтың психикалық тұрғыдан ауру адамдарға ғана емес, құлан таза сау адамдар үшін де (90% жағдайда) тән екендігін атай кеткен жөн.

Іс жүзіндегі дені сау адамдардағы суицидке негізінен алғанда ситуациялық (патологиялық емес) реакциялар себепкер болады. Әдетте, суицидальды әрекеттерді эмоцияға берілген тұлғалар жасайды.

Суицидальды әлеуметтік-психологиялық бейімсіздіктің іс жүзінде дені сау индивидтердегі белгілері:

- эмоциялық күш түсулерге толеранттылықтың (төзімділіктің) төмендеуі;
- интеллектінің өзіндік жаратылысы (максимализм, үзілді-кесілділік, ой жүгіртудің пісіп жетілмеуі);
- коммуникативтік (тұлғааралық) жүйелердің толыққанды болмауы;
- өзін-өзі төмен бағалау;
- тұлғалық психологиялық қорғаныстың әлсіздігі;
- өмірдің құндылығының төмендеуі немесе жоғалуы.

Кез келген жағдайда суицидальды мінез-құлық, жүріс-тұрыстың алдында бейімсіздік пайда болады. Алайда бейімсіздіктің суицидальды мінез-құлыққа көшуі екі факторға байланысты болады:

1) нақтылы кикілжіңді шешудің субъектіге белгілі варианттарының шектелуі немесе жоққа тән болуы;

2) шешімдердің белгілі варианттарын тиімсіз немесе жарамсыз деп субъективтік бағалау.

Осы екі фактордың бірі бар болған кезде суицидальды ойлар суицидтік әрекеттерге жүзеге асырылады. Суицидальды әрекеттердің қалыптасуы мен жүзеге асырылуында тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің сапасын анықтайтын сана-сезімнің деңгейі маңызды рөл ойнайды. Сана-сезімді дербес шектеу (өзгерту) кикілжіңге енжар қарауға алып келеді және мінез-құлық, жүріс-тұрысты ерікпен реттеудің төмендеуімен, өмірдің мәнін жоғалтумен, жеке басты қорғау механизмдерін пайдаланбаумен көрініс табады. Қиын жағдайды толығымен және сындарлы бағалауда, қиын жағдайлардан шығудың жемісті жолдарын іздестіру үшін интеллектуалдық бағыт-бағдар алуда немесе өзіне белгілерді таңдап алуда қиналыстар байқалады. Өзінің мардымсыз құндылығы, қоршаған ортадағы адамдардың қамқорлығының жоқтығы немесе олар тарапынан эмпатияның болмауы салдарынан уайымдаулар пайда болады. Тұлғаның өткен (бұрынғы өмірлік тәжірибені және кикілжіңді жағдайларды шешудің бұрыннан белгілі тәсілдерін пайдаланудың мүмкін болмауы) қазіргі (жағдайды шығар жолсыз бағалау) және болашақ (өз әрекеттерінің зардаптарын болжаудың болмауы) арасындағы кеңістіктік-уақыттық құрылымының үзілуі туындайды.

Әскери қызметшілердің арасындағы суициденттердің басым контингентін іс жүзінде дені сау тұлғалар құрайтындықтан, олардағы өзін-өзі өлтіру себептері ең алдымен қолайсыз әлеуметтік факторлар (әскери қызметтегі қиындықтар мен оған даярланбау, тұрмыстағы келеңсіздіктер, жарғыдан тыс қарым-қатынастар, командирлер қамқорлығының болмауы, жазаланудан үрейлену және т.с.) есептеледі. Осымен бірге әскери қызмет уақытында суицидальды тенденциялар әскери қызметшілердің шамалы бөлігінде ғана қалыптасатынын атай кеткен жөн. Оқиғалардың басым көпшілігінде суицидальды ойлар әскерге шақырылғанға дейін пайда болады, ал қызметтің қиын жағдайлары олардың көрініс табуына және жүзеге асырылуына ғана ықпал етеді. Жас адамдардағы суицидальды әрекеттер әдетте тікелей қиын жағдайдың (психикалық жарақаттың) пайда болуының ізін қуа туындайды. Пресуицидальды кезең бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін созылады. Өзін-өзі өлтіруге себеп көбінесе нақтылы себепке сәйкес келеді. Кікілжіңді жағдайды субьективті тұрғыда асыра бағалау, бітпейтін қиындық сезімі, туындаған дағдарыстан шығудың варианттарының көкейде болмауы, өз мәселелерінің шешілместігіне сенімділік төн. Қиын жағдаймен байланысты болып отырған уайымдар санада басым бола бастайды, ұлғая түскен теріс эмоциялық күш түсумен ілесе жүреді, бұл қоршаған болмысты қабылдауды шектейді, оны сын көзімен бағалауды және кікілжіңді шешудің адекватты жолдарын іздестіруді қиындатады. Ақыр соңында, суицидентте жағдайдың шешілместігіне кәміл сенім қалыптасады және субьективті түрде бағаланатын шарасыздық суицидальды әрекеттерге алып келеді.

Эмоциялық боялған доминантты уайымдардың бар болуы қиын-қыстау жағдайдан шығудың әдеттегі жағдайларда белгілі варианттарын пайдалану мүмкіндігін оқшаулап тастайды. Аяқталмаған суициденттен кейін өз өміріне қол салғандардың көпшілігі кікілжіңнен шығудың бірнеше вариантын тізіп шығып, жасалған іске сындарлы көзбен қарайды.

Ұрыс жағдайында, әскери қызметшілердің алға қойылған мақсаттарды орындауға мобилизациясы бар кезде өзін-өзі өлтіруші саны азаяды. Алайда бірқатар әскери қызметшілерде күн сайын өмірлеріне қауіп төне берген кезде өмірді бағалаудың төмендеуі және қауіп сезімінің әлсіреуі жүреді. Осылайша, өзін-өзі сақтап қалу инстинкті әлсірейді, суицидальды ойларды жүзеге асыру, қаза табу тәуекелі жоғары әрекеттерді жасау жеңілдейді.

Агрессияға бейім емес тұлғада автоагрессивті әрекеттерді тіптен гетероагрессивті (яғни басқаға бағытталған) уайымдаулар, мысалға, наразылықпен, бопсалаумен кек алуға ұмтылу тудыруы мүмкін. Осындай әрекеттер суицидентке қойылатын талаптардың әлсіреуіне әкелетін басшылықтың реакциясын тудыратындықтан, әскери қызметшілердегі қыр көрсететін суицидальды мінез-құлық көбіне-көп жолға қойылған және санада бекіп қалған іс болып келеді.

Өз өміріне қол салған әскери қызметшілердің жартысына жуығының қоғамдық шараларға қатыспағандығын және олардың барлығында дерлік мінез бен жүріс-тұрыстың тұйықтылық, шамадан тыс сезімталдық, ауруға айнала бастаған өз басын жоғары қою, өзінің қадірінің аздығын, жолы болмағыштығын, оқшаулығын, қоршаған адамдар тарапынан құрмет пен қамқорлықтың болмауын уайымдаулар секілді ерекшеліктері бар екенін атай кету керек. Қарулы Күштердегі суицидальды әрекеттердің ең көп үлесі қарауылда тұрған, қызметтің бірінші жылындағы әскери қызметшілерге келеді, бұл ретте олардың үштен төрт бөлігі тікелей күзет орнында жасалады.

Әскери қызметшілердегі мінез-құлық ауытқушылығының профилактикасы

Әскери қызметшілердің кәсіптік қызметінің сапасы олардың оны сақтау мен нығайту әскери-медициналық қызметтің жұмысындағы маңызды бағыт болып табылатын психикалық денсаулығының деңгейіне тікелей байланыста болады. Армиядағы психогигиена мен психопрофилактика мемлекетте жүргізілетін жалпы гигиеналық және профилактикалық шаралар жүйесінің бір бөлігін құрайды. Бұл ретте психикалық бұзылулардың туындауы мен таралуындағы әлеуметтік, биологиялық және экологиялық факторлардың рөлін елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдан бөліп алып қарастыруға болмайды.

Сонымен бірге Қарулы Күштердегі психогигиена мен психопрофилактика әскери қызметтің спецификалы жағдайлары, шекаралық және психосоматикалық бұзылулардың арта түсу тенденциясы, сонымен қатар психикалық бұзылулардың нозологиялыққа дейінгі түрлерінің, оның ішінде мінез-құлық ауытқушылығының алуан түрлерінің арта түсуі себепші болған бірқатар ерекшеліктерге ие. Аталған тенденция бейбіт өмірге де, әскери іс-қимылдар мен экстремалды оқиғалар кезеңіне де тән.

Әскери қызмет жағдайындағы психогигиена мен психопрофилактика жеке құрамның психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға,

бейбіт және әскери уақытта әскери қызметшілердің психикалық қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға, психикалық аурулардың пайда болуы мен дамуының алдын алуға бағытталған шаралар кешені болып табылады.

Психогигиена деп тұлғаның психикалық қасиеттерін толық дамыту және оның қызмет етуі үшін оптималды жағдайлар жасау, адекватты тұлғааралық қатынастарды орнықтыру, еңбек пен өмір сүру жағдайларын жақсарту, сонымен қатар адам психикасының қоршаған ортаның зиян келтірер әсерлеріне қарсыласуын арттыру арқылы адамның психикалық денсаулығын қорғау түсініледі. Психогигиенаның мақсаты – психикалық денсаулықты және жұмысқа қабілеттілікті сақтау және нығайту.

Психопрофилактика – ағзаға ауру әкелетін факторлардың әрекетінің алдын алу, ауруды ерте анықтау мен емдеу жолымен аурулардың созылып кетуінің алдын алу, сонымен қатар аурулардың асқинуларының және аурулардың мүгедек болуының алдын алатын шараларды орындау есебінен психикалық бұзылулардың дамуының алдын алумен байланысты болып келетін, қызметтің, іс-әрекеттің аясы тар саласы.

Әскердегі психогигиена мен психопрофилактиканың міндеттері мынаған келіп саяды:

- жеке құрам арасында психикалық бұзылулардың пайда болуының себептерін және жағдайларын зерттеу, әскери қызметшілердің жүйке-психикалық тұрақсыздығын және әскери қызмет барысында психикалық бұзылуларын сақтандыру бойынша ұсыныстарды жасап шығару;
- психикалық ауытқулары және патологиясы бар тұлғаларды ерте анықтау мақсатында жаңадан келгендерді тексеру;
- психиканың айқын білінбеген бұзылулары бар әскери қызметшілерді есепке алу, бақылау және амбулаториялық емдеу;
- денеге және психикаға күш түсулерді жоспарлы бөлу, еңбекке және ұрысқа даярлықты арттыру бойынша ұсыныстарды жасап шығару;
- кәсіптік қызмет барысында шамадан тыс психоэмоциялық күш түсулердің алдын алу;
- жарақаттан кейінгі күйзелістік бұзылулары бар әскери қызметшілерді психологиялық коррекциялау және медициналық-психологиялық қалпына келтіру;
- әскери қызметшілерді психогигиена, психопрофилактика мәселелері бойынша және әскери және медициналық психологияның ең өзекті белімдері бойынша санитарлық ағарту;

• психогигиена мен психопрофилактика мәселелерін ғылыми зерделеу, зерттеу.

Армиядағы психопрофилактика: түрі бойынша – бастапқы, екінші реттік, үшінші реттік; шаралардың сипаты бойынша – әлеуметтік-экономикалық және медициналық; деңгейі бойынша – мемлекеттік, қоғамдық және дербес; күштері бойынша: командование, медицина қызметі, әскери және медициналық психологтар, психофизиологтар, жеке құраммен жұмыс жөніндегі офицерлер, тыл қызметтері, прокуратура және қоғамдық ұйымдар жүргізетін болып бөлінеді.

Бастапқы профилактика адам ағзасына зиянды әсер етулерді, оның психикалық күйін және психикалық аурулар мен бейімсіздік бұзылулардың алдын алу мүмкіндіктерін зерттеуді қарастыратын шаралар жүйесінен тұрады. Аталған шаралардың мақсаты – психиканың ортаның теріс факторларына қарсыласуын арттыру және аурудың пайда болуының алдын алу. Профилактиканың аталған деңгейінде әскери қызметшілердің денсаулығын қорғауда шешуші мағына-маңыз әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жиынтығына, олардың қызмет әрекеттерін, тұрмысын, демалысын және т.с. ұтымды ұйымдастыруға тиесілі. Бұл ретте медициналық қызмет негізгі емес, ұсыныс (кеңес) беруші міндеттер атқарады. Профилактиканың осы кезеңінде бөлімше командирлері мен бөлімдер психологтары жетекші рөл ойнайды. Ауытқып кеткен мінез-құлық, жүріс-тұрыс белгілері бар тұлғаларды дер кезінде анықтау айтарлықтай дәрежеде әскери тәртіпті бұзу мен құқықты бұзудың алдын алуға ғана емес, психопатологиялық симптоматиканы дамытуға да мүмкіндік береді.

Екінші реттік профилактика – дамып та қойған психикалық аурудың, көрініс тапқан жүріс-тұрыс бұзылуларының алдын алуға бағытталған шаралардың жиынтығы. Бұл жерде аурушандық қалыптардың бастапқы көріністері бар әскери қызметшілерді белсенді анықтау және емдеуді ерте бастау көкейде тұр. Екінші реттік профилактика міндеттерін шешудің табыстылығы медицина қызметінің күші мен құралдарын пайдаланудың тиімділігіне және олардың жұмысының пәрменділігіне байланысты болып келеді.

Үшінші реттік профилактика аурулардың қолайсыз әлеуметтік зардаптарының алдын алуға, аурулардың созылмалылығының, ауру адамдардың мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

Екінші және үшінші реттік профилактика кезінде негізгі күш медициналық қызмет мамандарына түсетінін атай кеткеніміз жөн.

Қазіргі таңда әскери қызметшілерге психологиялық-психиатрлық көмекті жетілдірудің негізгі бағыты ауырлық орталығын емдеу-

диагностикалау жұмысынан психогигиеналық және психо-профилактикалық жұмысқа көшіру болып табылады.

Аталған мәселені шешу үшін келесі шаралар жүзеге асырылады:

- әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын сақтау үшін жауапты алуан түрлі мамандардың (командирлер мен олардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының, психиатрлардың, психоневрологтардың, психологтардың, психофизиологтардың және т.б.) өзара тығыз, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара әрекеттесуі:

- психопрофилактика үшін жауапты мамандардың (психиатрлардың, психоневрологтардың, психофизиологтардың, әскери психологтардың) күшін ұйымдық біріктіру;

- аумақтық (флоттық) әскери госпитальдардың негізінде, барлық мүдделі құрылымдардың (госпитальдардың психиатриялық стационарлары, поликлиникалардың психиатриялық кабинеттері, медициналық-психологиялық коррекция кабинеттері) әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын қорғау мәселелері жөніндегі күш-жігерлерін біріктіретін психикалық денсаулық орталықтарын құру;

- амбулаториялық-поликлиника буынында психиатриялық көмек берудің мамандандырылған түрлерін (психотерапиялық, сексологиялық, наркологиялық, суицидологиялық) кеңейту.

Бұл ретте оның жүзеге асырылуының тиімділігі негізінен алғанда психикалық денсаулықтың сақталуы үшін жауапты әртүрлі мамандардың өзара әрекеттесу сипатымен анықталады. Бірінші кезекте осы айтылғанның тәрбие жұмысы мүшелеріне (жекелей алсақ, аумақтар мен флоттардың тәрбие жұмысы басқармаларының психологиялық көмек пен қалпына келтіру орталықтарына) және медицина қызметінің әртүрлі құрылымдарына (ең алдымен, медициналық-психологиялық коррекция кабинеттері мен психикалық денсаулық топтарына) қатысы бар.

Психологиялық көмек беру мен қалпына келтіру орталығының негізгі міндеті аумақ бөлімдерінде психогигиеналық шараларды (яғни, әскери қызметшілердің денсаулығын сақтауға бағытталған шараларды) ұйымдастыру, олардың жүргізілуіне бақылау жасау және осы шаралардың тиімділігін талдау болып табылады.

Психогигиеналық шаралар жүйесі:

әскери даярлықты ұйымдастыру, әскерлердің қызметі, бос уақыт, орналастырылу жағдайлары, әскери қызметшілердің ақшалай, азық-түліктік және заттай үлесі бойынша жарғылық талаптарды қамтамасыз етуге;

бөлімдер мен бөлімшелерде дұрыс моральдық-психологиялық климатты ұстауға бағытталуға тиіс.

Аумақтың әскери госпиталінің медициналық-психологиялық коррекция кабинетінің негізгі міндеті – аумақ бөлімдерінде психопрофилактикалық шараларды (психикалық бұзылулар мен өзгерістердің дамуының алдын алуға бағытталған) ұйымдастыру, олардың жүргізілуіне бақылау жасау және осы шаралардың тиімділігін талдау.

Психопрофилактикалық шаралар жүйесі бұл ретте:

- психикалық бұзылулары және психикалық күйдің ауруға дейінгі деңгейдегі өзгерістері бар әскери қызметшілерді ерте анықтауға;
- әскери қызметшілерде психикалық бұзылулардың дамуына ықпал ететін жағдайларды зерттеуге;
- шекаралық психикалық патологияның бастапқы көріністері бар әскери қызметшілермен психокоррекциялық жұмыс жүргізуге;
- психогигиена және психопрофилактика мәселелері бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Психикалық денсаулық топтарының негізгі міндеті – тікелей әскери буында (командирлермен, олардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен, бөлімдер мен құрамалардың медициналық қызметімен бірлесе отырып) психогигиеналық және психопрофилактикалық шаралар кешенін өткізу.

Медициналық-психологиялық коррекция кабинеттерінің және, әсіресе, психикалық денсаулық топтарының мамандары ез жұмысын бөлімдер мен бөлімшелердің командирлерімен, сонымен қатар әскер дәрігерлерімен және гарнизонның штаттан тыс психиатрларымен тығыз өзара әрекеттесе отырып жүргізеді.

Қарулы Күштердегі медициналық-психологиялық профилактика мен мамандандырылған психиатриялық көмек көрсетудің айтарлықтай дамыған жүйесіне қарамастан, әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын сақтау міндеттерін шешу жөніндегі айтарлықтай күш салу мен жауапкершілік бөлімше офицерлерінің иығына түседі. Әскер офицері жүйке-психикалық тұрақсыздығы бар әскери қызметшілерді (динамикалық бақылау топтары) дер кезінде анықтау және есепке алу үшін қажетті білімдерге ие болуға тиіс. Бұл үшін тұрақты бақылауды талап ететін адамдарды анықтау үшін медициналық тексерулердің: бастапқы (жаңадан келгендер бөлімге жеткен соң бірден жүргізілетін), кезекті (оқытудың қысқы және жазғы кезеңдерінің басында жылына екі рет өткізілетін) және бақылау (арнайы есепте тұрған тұлғаларды динамикалық бақылау ретінде жүргізілетін) тексерулерінің мәліметтері

пайдаланылады. Бұл ретте офицер әскери қызметшілердің келесі категорияларына:

- әскери қызметке өзгеріс бейімделетіндерге;
- жүйке-психикалық тұрақсыздық белгілері барларға;
- алкоголь ішуге, есірткі және басқа да психобелсенді заттар тартуға (аддиктивті мінез-құлық, жүріс-тұрысқа) бейім әскери қызметшілерге;
- суицидтік ойлар айтушыларға;
- мінез-құлық, жүріс-тұрыстың девиантты түрлеріне бейімдерге;
- қолайсыз анамнездік факторлары бар тұлғаларға (ұзаққа созылған энурезбен жапа шеккендерге, жабық бас-ми жарақатын, нейроинфекцияларды немесе бас миының өзге ауруларын бастан кешкендерге);
- әскери даярлықта артта қалушыларға;
- әлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалғандарға;
- психологиялық тестілеу (кәсіптік іріктеп алу) мәліметтері бойынша кәсіптік жарамдылықтың III немесе IV тобына жатқызылғандарға ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Осындай дербес келу нақтылы профилактикалық шаралар жасап шығаруға, қоластындағылардың мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға және олардың әскери қызметті өтеуінің тиімділігін ептілікпен болжауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте әскери комиссариаттардың әскерге шақыру комиссияларының армия мен флотқа әдетте дені сау тұлғаларды жіберетіндігін есте ұстау керек. Алайда кейбір жағдайларда, кейбір денсаулықтың бұзылуларын (оның ішінде психикалық) бір мәрте тексерген кезде анықтау қиынға соғатындықтан, кейбір аурулар мен аурушандық күйлер әскерге шақырылар кезде анықталмай қалады (көбінесе дебилділіктің жеңіл дәрежелері және кейбір психопатиялар). Онымен қоймай, жекелеген әскерге шақырылушылар қандай да бір себептермен өз ауруларын жасыруы мүмкін, сонымен қатар әскерге шақырылушыларға барлық жағдайда егжей-тегжейлі медициналық және сипаттаушы құжаттама беріле бермейді.

Бұл жағдайда, аталған іріктеп алудың шараларын жүргізу барысында жүйке-психикалық тұрақсыздықтың белгілерінің болуы бағаланатындықтан, кәсіптік психологиялық іріктеп алу нәтижелері ете пайдалы болуы мүмкін. Білінген жүйке-психикалық тұрақсыздық

алуан түрлі психикалық бұзылулардың болжамдық критерийі болып қызмет ете алады. Бірақ тесттің нәтижелері әскери қызметшілерді артық бақылау тобына енгізу үшін негіз болып қана табылатындығын, бірақ олардың мұндай әскери қызметшілерде қандай да бір бұзылулар міндетті түрде дамуы керек дегенді білдірмейтіндігін есте ұстау керек. Осындай болжам айту үшін тиісті мінез-құлық түріндегі растау қажет болады.

Жүйке-психикалық тұрақсыздығы, мінез-құлық, жүріс-тұрыс және психикалық бұзылулары бар тұлғалар қызметтің барлық кезеңдерінде анықтала алады, бірақ бұл көбінесе алғашқы 3-6 айда, яғни бейімделу кезеңінде жүріп отырады. Әскери қызметтің алғашқы айларында бұрынырақта бастан кешкен аурулардың декомпенсациясымен қатар астеникалық және невроздық симптоматикамен, эмоциялық-вегетативті бұзылулармен және мінез-құлық, жүріс-тұрыс бұзылуымен көрініс табатын бейімсіздіктің бұзылулары пайда болуы мүмкін.

Әскери қызметке қиын бейімделу әлі де болса оның әрі қарай нашар өтелетіндігін білдірмейді. Психопрофилактикалық шараларды дер кезінде және сапалы жүргізген кезде әскери қызметшілердің көпшілігінде бейімделу реакцияларын купаждау қолдан келеді. Бұл ретте санитарлық-гигиеналық және психологиялық шаралардан өзге әскери ұжымдарды біріктіруге, әскери қызметшілердің өзара қатынастарын қалыпқа түсіруге бағытталған, тәрбиелік сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін. Мұндай жұмыс кезең-кезеңмен жүргізілуге тиіс.

Мәселен, **бастапқы кезеңде** әскерге шақырылғандарды зерттеу барысында, әскери қызметке жарамдылығы шектеулі деп танылған, көмекші мектептерде оқыған, қоғамға қарсы қылықтар жасаған, қолайсыз отбасыларында тәрбиеленген тұлғаларға жіті көңіл бөлу керек. Әскерге шақырылған жерден әскери бөлімге бара жатқан жолда дәрекілікке, қызбалыққа, әскери тәртіпті бұзуға, алкоголь мен есірткі заттарын қабылдауға бейім, шамадан тыс томаға-тұйық тұлғалар анықталады. Одан кейін жас солдаттардың құжаттарын зерттеу барысында, әскерге шақырылғанға дейінгі мектептегі үлгерімге және сипаттамалық ерекшеліктерге, милицияға өкеліну дәлелдеріне, еңбек қызметінің сипатына көңіл бөлінеді.

Бастапқы психологиялық және медициналық тексеру кезеңінде психикалық аурулармен тұқымдық аурулар туралы және бастан өткерген соматикалық аурулардың сипаты туралы куәландыратын белгілер бөлініп алынады және тұлғаның қалыптасуының қолайсыз жағдайлары көрсетіледі. Алынған ақпараттың негізінде тәртіпті бұзуға

және құқық бұзуға, психобелсенді заттар қолдануға, суицидальды ойлар айтуға бейім келетін тұлғалар бөлініп шығады. Бұл ретте әрбір аддикт – тек қана залалды құмарлықтың құрбаны ғана емес, жеке құрам арасында есірткіге берілудің таралуының нақтылы қатері болғандықтан, мінез-құлықтың аддитивті түрлері бар тұлғаларды анықтау ерекше маңызға ие болады. Бұл тұрғыдан алғанда маңызды рөлді кіші командирлер, рота санитарлық нұсқаушылары және батальон фельдшерлері ойнайды, өйткені олар әскери даярлық барысында да, демалыс сағаттарында, тұрмыста да жеке құраммен ең тығыз байланыста болады.

Әскери қызметті өтеу кезеңіндегі психопрофилактикалық шаралар жүйесінде үлкен маңызға жүйке-психикалық тұрақсыздығы бар әскери қызметшілерді аяқындау ие болады. Бұл ретте психиканың аурушаңдық көріністерін біліктілікпен бағалау оны оқыту барысында және оның қызмет міндеттерін атқаруы барысында әскери қызметшінің жеке басын мұқият, егжей-тегжейлі зерттеу нәтижесінде мүмкін болады. Кейбір жағдайларда, әскери қызметші туралы ақпаратты дәлдеп тексеру үшін аудандық комиссариаттан, мектептен, жұмыс орнынан, ата-аналарынан және емдеу мекемелерінен қосымша мәліметтер алу қажет болуы мүмкін. Бірінші кезекте мұның динамикалық психологиялық және дәрігерлік бақылауды қажет ететін тұлғаларға қатысы бар. Оларға қатысты қажетті психологиялық зерттеулер, мамандардың кеңестері, амбулаторлық емдеу, қажет болған кезде – әскери госпитальдардың психиатриялық бөлімдеріне тексеруге жіберу және емдеу жүргізіледі.

Әскери қызметке бейімделудің қиынға соғуына (әсіресе алғашқы 3 айда) созылмалы соматикалық аурулар, сонымен қатар күн тәртібін сақтамау, еңбек пен демалыстың, ұтымды тамақтанудың регламентін, қарауыл қызметінің жарғылық ережелерін, әскери кезекшілікті бұзу, денеге күш түсірудің бірқалыпсыз немесе күрт артуы ықпал етуі мүмкін. Әскери қызметшілердің психикалық күйіне бөлімшедегі бұрыннан қызмет етіп келе жатқандар мен жас солдаттар арасындағы қате қарым-қатынастар да теріс әсерін тигізеді. Әсіресе жас солдаттарда өздерінде дене қасиеттерінің артта қалуының және нашар жаттыққандығының анықталуы ерекше жанға батырады. Мұндай әскери қызметшілер қызметтестерінің елемей қарауын және келеке-мазақтарын қиын көтереді, оңаша қалуға тырысады, өздерінің кемшіліктеріне бекініп қалады. Оларда дер кезінде коррекциялауды қажет ететін аффективті реакциялар дамуы мүмкін. Бұрыннан қызмет етіп келе жатқандар кей кездері өздерінің басымдықтарын паш етеді,

өздері үшін қандай да бір жұмысты орындауға мәжбүрлейді. жас солдаттарды моральдық тұрғыдан немесе дене тұрғысынан қорлайды, бұл жас солдаттарда жанға бататын реакциялардың пайда болуына, суицидальды әрекеттердің жасалуына, төтенше оқиғаларға алып келеді. Әскери қызметшілер арасындағы суициденттердің басым көпшілігін іс жүзінде дені сау тұлғалар құрайтындықтан, ал олардағы өзін-өзі өлтірушілердің себептері қолайсыз әлеуметтік факторлар (әскери қызметтің қиындықтары, тұрмыстағы келеңсіздіктер, жарғыдан тыс қарым-қатынастар, жазалаудан үрейлену және т.с.) болып табылатындықтан, қоластындағылардың психологиялық күйі және ұжымдағы моральдық-психологиялық климат командирлердің, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының және әскери психологтардың назарында тұруы керек.

Осыған байланысты девиантты-делинквентті мінез-құлықтың профилактикасы бірінші кезекте әскери қызметшілердің тіршілік әрекеттерінің жарғылық ережелерін қатаң сақтаудан тұрады. Бұл әскери бөлімшелердегі моральдық-психологиялық климатты айтарлықтай дәрежеде анықтайды. Әрқайсысының дербес жеке бас-типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жас әскери қызметшілерді әскери мамандықтар бойынша оптималды бөлу де зор маңызға ие бола бастайды. Осындай бөлу әскери дағдылар мен ептіліктерді алудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, жас солдаттардың әскери қызмет жағдайларына бейімделу дәрежесін де арттырады.

«Адам-әскери орта» жүйесіндегі қатынастарды оптималдандыруға бағытталған шараларды жоспарлаған және өткізген кезде әскери қызметтің қазіргі жастар үшін әрқашан үйреншікті бола бермейтін, бірқатар спецификалық, әсіресе өз уақыты мен жүріс-тұрысын қатаң регламенттеудің, әскери қызметтің сипаты (әскери мамандықтың спецификасы) салатын жарғылық шектеулердің, бұйрықтар мен жарлықтарды орындау міндеттілігінің және т.с. қажеттілігі секілді факторларды әсер ететіндігін ескеру керек.

Армия ортасының маңызды ерекшелігі әскери ұжымдардың әртектілігі (білімі, ұлттық белгісі, қызмет өткеру мерзімі және т.с.) болып табылады. Сондықтан әскери ұжымның ішінде оптималды психологиялық климатты жасау және ұстап тұру жөніндегі жұмыс осы аспектілердің барлығын ескере отырып, кешенді сипатқа ие болуы керек. Оның негізгі бағыттарының бірі – әскери бөлімшелерді әскери қызметшілердің психологиялық үйлесімін ескере отырып жинақтау, әскери даярлық барысында және бос уақыт сағаттарында ұжымның береке-бірлігін мақсатты түрде қалыптастыру, кикілжінді

жағдайлардың алдын алу және оларды дер кезінде шешу, оқыту барысындағы психологиялық шиеленісті және тұлғааралық кедергілерді жою және т.с.с.

Девиантты-делинквентті мінез-құлық профилактикасы жөніндегі барлық жұмыстың негізгі қағидасы ретінде **дербес келу қағидасы** қызмет етеді, бұл қағидаға сәйкес әскери қызметшілерге қатысты тәрбиелік әсер етулер әскери қызметшілердің дербес-тұлғалық ерекшеліктерін максималды ескере отырып жоспарлануға және жүзеге асырылуға тиіс. Осы істің табыстылығы қатаң жарғылық тәртіпті ұстап тұруға, әскери бөлімше командирлерінің жоғары талап қойғыштығына және жеке басымен үлгі көрсетуіне, сондай-ақ әрбір нақтылы әскери қызметшіге қатысты әлеуметтік әділдік қағидасын сөзсіз, бұлтартпай орындауға байланысты. Барлық жағдайларда жасалған құқық бұзушылықтар үшін, оның ішінде «жарғыдан тыс қарым-қатынастар» үшін жауапкершілік шараларымен таныстыру мақсатында, әскери қызметшілерді құқықтық тәрбиелеуді жүзеге асыру мақсатқа лайықты, көкейге сыйымды болып келеді.

Егер әскери қызметшілердегі девиантты-делинквентті мінез-құлық профилактикасы шеңберінде медицина қызметінің рөлі негізінен алғанда ұсыныс беру функцияларымен шектелсе, аддиктивті және суицидальды мінез-құлық, жүріс-тұрыс профилактикасы кезінде ұсыныс беру функцияларымен қатар айтарлықтай (негізгі болмаса да) маңызға медициналық шаралардың өзі ие бола бастайды.

Аддиктивті мінез-құлықтың профилактикасы мен коррекциясына көбіне-көп әлеуметтік-психологиялық шаралармен қол жеткізілуі мүмкін және солай болуға тиіс те. Алайда олардың жүзеге асырылуы талай қиындықтармен қатарласа жүреді. Істің мәнісі қиянат етудің, есірткіге құмар болудың қауіптілігі туралы кең және кей кездері білімсіз берілген ақпараттың жастар аудиториясында тиімділігінің аз екендігінде, ал кей кездері, оны формальды түрде жүргізген кезде, жас адамдардың бір бөлігінде есірткінің әсерін өзінде сынап көру қызығушылығын оята отырып, тіптен зиян әкелетіндігінде болып отыр. Бұл жерде психопрофилактика нысаны аддиктивтік бұзылулардың қалыптасу тәуекелі жоғары әскери қызметшілердің таңдап алынған контингенттері болуға тиіс.

Әскери қызметшілердегі аддиктивтік мінез-құлықтың психопрофилактикалық шараларын жасап шығудағы басты фактор осындай мінез-құлықтың мотивациясын зерттеу болып табылады. Мақсат шамадан тыс зиянды әдеттерді қолданудың, сонымен қатар оған ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық факторлардың шынайы түрткілерін түзету мен жою жолдары мен тәсілдерін іздестіруден

тұрады. Аддиктивті мінез-құлықтың нақтылы профилактикасының қарамағында, іс жүзінде, екі негізгі әдіс – тыйым салулар мен жазалаулар жүйесі және санитарлық-ағарту жұмысы бар. Ал алкогольизм мен наркоманияның профилактикасы тұрғысынан алғанда, болашағы бар тәсіл – жастарды рухани тәрбиелеу. Қосалқы, бірақ маңызды тәсіл ретінде аддикция қалыптасу тәуекелі жоғары әскери қызметшілерді дер кезінде айқындау қызмет етеді. Аталып кеткеніндей, осы міндеттің шешілуіне тек командирлердің, әскери тәрбиешілердің, психологтардың, дәрігерлердің, заңгерлердің, отбасы мүшелерінің және қоғамдық ұйымдардың кешенді күш-жігерімен ғана қол жеткізуге болады.

Наркоманиямен және алкогольизммен күрес кең көлемде, нақтылы заңдық, өкімшілік-тәртіптік және медициналық шаралар белсенді психопрофилактикамен, әсіресе есірткі, естен тандыратын заттар мен алкогольді қабылдау жағдайлары байқалған бөлімшелердегі, «тәуекел топтары» деп аталатындардағы белсенді психопрофилактикамен үйлесімін табатындай етіп жүргізілуге тиіс.

Есірткінің әскери ұжымдарға келіп түсуінің негізгі жолдары оларды азаматтық тұлғалардың сатуы, пошта бойынша жіберу, әскери бөлімдердің және әскери-емдеу мекемелерінің медициналық қоймаларына, дәріханаларынан жымқыру болып табылады. Есірткінің әскери бөлімге (кемеге) келіп түсуінің мүмкін болатын барлық жолдарын жауып тастау наркомания профилактикасының күрделі, бірақ өте тиімді тәсілі. Осы бағыттағы күрес әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Есірткі заттары бөлімге жергілікті халықтан келіп түсетін жерлерде әскери қызметшілердің жергілікті тұрғындармен ұйымдаспаған қатынастарын максималды шектеу, бөлімге демалысқа босатудан, демалыстан, іссапарлардан қайтып келе жатқан әскери қызметшілерге қатаң бақылау орнату қажет. Есірткінің жергілікті халықтан келіп түсу жолдарын анықтау үшін милиция органдарымен және есірткінің заңсыз айналымымен күрес жөніндегі бөліммен тығыз өзара әрекеттесуді ұйымдастыру қажет. Медициналық бөлімдер мен мекемелерде есірткінің ұрлануының алдын алу оларды есепке алу мен сақтауды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды қатаң сақтаумен қамтамасыз етіледі. Есірткінің бөлімге өтуінің әрбір анықталған оқиғасы бойынша басшылық қайталама оқиғалардың алдын алу, айыпты адамдарды жауапкершілікке тарту, олардың бөлім ішінде таралу жолдарын анықтау мақсатында дереу тергеу жүргізуге тиіс.

Аддиктивті мінез-құлығы бар тұлғаларды анықтауда айтарлықтай көмекті бөлімшелердегі кенеттен кешкі тексерулер жүргізу, бөлімнің негізгі орналасқан жерінен тысқары жерде және әртүрлі қосалқы

бөлмелерде жұмыс істеу және қызмет атқару орындарында таңдамалы тексерулер көрсетуі мүмкін. Есірткімен таныстықтың басында оларды ұжыммен қабылдаудың басым болып келетінін және жаңадан бастап келе жатқан наркоманның интоксикацияның сыртқы белгілерін әрқашан жасыра білмейтіндігін және жасырынудың қажеттігін әрқашан түсіне білмейтіндігін ескеру қажет. Сондықтан әскери қызметшілермен қатынас жасаған кезде олардың сыртқы түріне, әсіресе күйлері алкогольге мастануды еске салатын, бірақ иістері жоқ әскери қызметшілерге назар аудару керек. Аддиктивті мінез-құлық, жүріс-тұрыстың жанама белгілері болып қызметке деген көзқарасының өзгеруі, көңіл-күйінің себепсіз ауытқуы, түрткінің қозушылық эпизодтары немесе бұрынырақта тән болмаған ақпейілділік эпизодтары, оңаша қалуға ұмтылу, қатерсіздік, қоршаған адамдардан тұйықтық және оқшаулану, тәбеттің бұзылуы (артуы немесе төмендеуі), айтарлықтай арықтауы, ұйқысының бұзылуы (кеш ұйқыға кету, күндіз ұйықтап жүру), ауру сезімталдығының төмендеуі (мастану жағдайында), ұқыпсыздық, ұрлыққа бейімділіктің пайда болуы, невроздық сипаттағы (транквилизаторлар алуға деген үмітпен) еш негізсіз шағымдану әлде тоқтамайтын жөтелге немесе тоқтамайтын ауыруға (құрамында анальгетик бар кодеин алып қалуға ұмтылу) шағымдану табылуы мүмкін.

Есірткі қабылдауымен алғаш рет байқалған барлық тұлғаларды басшылық пен медицина қызметі патологияның алдындағы күйі бар тұлғалар тобына есепке алуға тиіс; белімнің дәрігері айына кем дегенде бір рет міндетті түрде қарай отырып және психиатрдың үш айда бір рет қайталама кеңес беруімен бір жыл ішінде оған диспансерлік динамикалық бақылау белгіленеді. Тексеру нәтижелері есірткі тұтынатын тұлғаларға тән самота вегетативтік бұзылуларды міндетті түрде көрсете отырып, қысқаша жазбалар түрінде медициналық кітапшаға енгізіледі. Бір жыл ішінде қайталама есірткі пайдалану болмаған кезде әскери қызметші құрама психиатрының немесе гарнизон поликлиникасының қорытындысы бойынша есептен шығарылуы мүмкін.

Есірткі заттарын қайталап тұтынған жағдайда әскери қызметші дәрігердің немесе бөлім фельдшерінің ілесіп жүруімен, психиатриялық стационар жағдайларында әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтауға тексеру туралы мәселені шешу үшін психиатрға кеңеске жіберілуі мүмкін. Кеңес берулерге жіберілген кезде қызметтік және медициналық сипаттамаларда есірткіні қабылдау жиілігі, тәсілі, түрі және жағдайлары, олардың түрі көрсетіледі, есірткіге мас болған күйдегі пациенттің мінез-құлық ерекшеліктері, денсаулық жағдайындағы

және қызметке көзқарасындағы өзгерістер сипатталады. Есірткі қабылдауға жалғыз ғана күдіктену (әскери қызметшінің келісу шартымен) психиатрға кеңес алуға жіберу үшін негіз бола алатындығын, бірақ атап көрсетілген объективті мәліметтер болмаған жағдайда психиатрлық стационарға госпитальдау үшін құқықтық негіздің болмайтындығын есте ұстаған жөн.

Командирлер мен тәрбие жұмысы жөніндегі офицерлер өздерінің күнделікті қызметінде 18-20 жасар солдаттардың ағзаның жалғасып жатқан қалыптасуы, эмоционалдық лабильділік, шамадан тыс сенситивтілік, ренжігіштік, пікірлердің кесімділігі және оқиғаларды полюсті бағалау, әрекеттердің импульсивтілігі, әлеуметтік жетілмегендік, өмір тәжірибесінің, оның ішінде қиын жағдайлардан шығу тәжірибесінің жоқтығы секілді психофизиологиялық ерекшеліктерін ескерулері керек. Жаңадан келген әскери қызметшілерді зерттеген кезде тәрбиелену жағдайларын (толық емес немесе кикілжіңді отбасы), отбасы мүшелерінде, туысқандарында өзін-өзі өлтірушілердің болуы, суицидальды айтқан ойларын және армиядағы қызметке дейінгі әрекеттерін анықтау керек.

Бейімделу кезеңінде өсе түскен психикалық және дене күш салуларына етене араластыруды, бағыныштылықтың қатаң шегі бар қызметтің регламенттелген сипатына үйренуді біртіндеп жүзеге асыру керек. Кикілжіңді жағдайлар туындаған кезде олардың жабық ұйымдасқан ұжымдарда шешудің қиындығын және олардан шығу жолдарының шектеулілігін, өмір сүру жағдайларының үнемі жұрт көзінде өтетіндігін және дәл сол уақытта эмпатия (бірлесе уайымдау) үшін серігін іздестірудегі қиындықты ескеру керек. Әлеуметтік қорғалғандықтың күшейе түсуі, құқықтық актілерді сақтау, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің жақсаруы әскери қызметшілерге психологиялық тұрақтылық беріп, суицидальды оқиғалар санын азайтады.

Әскери тәрбиешілер, психологтар мен офицерлер, медицина қызметі шешетін, бөлімдердегі өзін-өзі өлтіруші профилактикасы жөніндегі негізгі міндеттер: өзін-өзі өлтірушінің потенциалды қаупін әкелетін күйлерді дер кезінде танып-білу және жою; әскери қызметшілердің белгілі бір контингентінің арасында суицидальды тенденцияларды ерте анықтау (оларды медициналық тексерген кезде, сонымен қатар емдеу мекемелерінен, туғандары мен туысқандарынан, жақындарынан ақпарат алу арқылы); өзін-өзі өлтірушілерді және оларға оқталуларды тіркеу, есепке алу, жан-жақты талдау; диагностикалық мәселелерді шешу және қажетті емдеу-профилактика шараларын қолдану; пресуицидальды күйлерді анықтау; өзін-өзі өлтіруші

әрекетін жасаған әскери қызметшілерді әлеуметтік-кәсіптік қалпына келтіру және оларды тереңдете тексеру, қайталама суицидтердің профилактикасы үшін мамандарға жіберу; әскери қызметшілер арасында кең психогигиеналық жұмысты жүргізу; бөлім орналасқан қаланың, ауданның, елдімекеннің суицидологиялық қызметтермен қатынасты жүзеге асыру; суицидтердің әлеуметтік себептерін анықтау. Суициденттерді анықтау және оларға көмек көрсету жөніндегі шараларды қарастырайық. Әскери комиссариаттардың әскерге шақыру комиссиялары армияға бұрынырақта суицидальды әрекеттер жасаған тұлғаларды жібермеу туралы ойлануы керек, бұл үшін барлық әскерге шақырушылардың медициналық психологпен әңгімелесуін ұйымдастыру керек.

Әскер буыны деңгейінде бірінші кезекте әскери қызметшілердің келесі категорияларында суицидальды тәуекел факторларын айқындау мақсатында жаңадан келген әскерилердің келесі категорияларын:

отбасыларында суицидальды әрекеттер мен өзін-өзі өлтірушілер жасалған, психопатологиялық ауырлаған тұқым қуалаушылығы бар тұлғаларды;

толық емес немесе кикілжіңді отбасыларында тәрбиеленгендерді; физикалық және соматикалық тұрғыдан әлсізденгендерді;

бас сүйегі-ми жарақаттарын бастан өткерген және эмоциялық тұрақсыздықты көрсететіндерді;

бұрынырақта алкогольді мөлшерден тыс ішкендерді және есірткі қолданғандарды;

мінез бен жүріс-тұрыстың көпшіл болмау, шамадан тыс сезімталдық, көңіл-күйінің күрт алмасуына бейімділік, өзінің ештемеге жарамайтындығына сену секілді ерекшеліктерін көрсететіндерді тексеру қажет.

Әскери қызметшілердің жоғарыда аталған категориялары, әсіресе әскери қызметке бейімделу кезеңінде динамикалық бақылауға әзір болып келеді.

Бұдан өзге, әскери бөлімдерде суицидальды ойларын айтатын тұлғаларды, сондай-ақ психологиялық тестілеу мәліметтері бойынша қолайсыз болжамы бар әскери қызметшілерді психиатрға кеңес алуға немесе психиатриялық стационарларға стационарлық тексеруге дер кезінде жіберіп отыру қажет.

Өзін-өзі өлтіруші санын мейлінше азайту міндеті тек суицидальдық тенденциялары қалыптасып та қойған тұлғаларды анықтауға және олардың есебін жүргізуге келіп тоқтамауға тиіс. Суициалдық ұйымдардың пайда болу мүмкіндігінің өзін болдырмауға, яғни

суицидтің потенциалды қатерін алып келетін күйлерді дер кезінде тануға және кұпаждауға және оларды тудыратын жағдайларды жоюға ақцент жасаған жөн.

Осындай амалға:

- барлық өзін-өзі өлтірушілер мен өзін-өзі өлтіруге оқталу туралы ақпарат жинау, жан-жақты есепке алу және жалпылау, осы мәліметтерді әртүрлі параметрлер бойынша (жеке құрам категориялары, қызметтегі орны, ұлты, отбасы тәрбиесі, білімі, дінге сенуі және т.б.) жүйелеу;

- өзін-өзі өлтірушілер мен өзін-өзі өлтірушіге оқталулардың осыған тән тенденцияларын, жағдаяттарын орны, уақыты және жасалу тәсілі, осы жағдайлардың ұжымдағы моральдық-психологиялық климаттың жалпы деңгейіне әсері бойынша анықтау;

- лауазымды тұлғалардың әртүрлі категорияларының қоластындағылармен дербес жұмыстың тиімділігін қамтамасыз етудегі, әскери ұжымдардағы дұрыс қарым-қатынастарды қалыптастырудағы, әскери қызметшілердегі күйзеліс күйлерін кетіру бойынша шараларды жүргізудегі қатысу дәрежесін анықтау;

- алынған нәтижелерді жалпылау, өзін-өзі өлтірушілердің алдын алу жөніндегі жұмыстар жүйесіндегі әлсіз буындарды айқындау, осы қызметті белсенді ету бойынша практикалық шараларды жасап шығару жатады.

Бөлімдегі өзін-өзі өлтірушілер профилактикасындағы нақтылы міндеттер мыналар:

- өзін-өзі өлтірушінің потенциалдық қаупін төндіретін күйлерді дер кезінде танып білу және жою;

- әскери қызметшілердің арасындағы суицидальды тенденцияларды ертерек анықтау (оларды медициналық тексерген кезде, сонымен қатар емдеу мекемелерінен, туғандары мен туысқандарынан ақпарат алу арқылы);

- диагностикалау мәселелерін шешу және қажетті емдеу-профилактикалық шараларын жүргізу;

- пресуицидальды күйлерді емдеу, өзін-өзі өлтіруші әрекетін жасаған әскери қызметшілерді әлеуметтік-еңбек жағдайларында қалпына келтіру және оларды терең зерттеу және емдеу үшін мамандарға жіберу ықпалын тигізуі мүмкін.

Өзін-өзі өлтірушілердің профилактикасы – көптеген лауазымды тұлғалардың, құрылымдардың, мамандардың ерінбей еткен еңбегі, ол

әскери қызметшілердің денсаулығының сақталуы және нығайтылуы үшін жауапты офицерлердің үнемі зейінінің ортасында болуы керек.

Осылайша, әскери қызметшілердегі мінез-құлық ауытқушылығының тиімді профилактикасы тек қана әртүрлі мамандардың: психологтардың, дәрігерлердің, бөлім және бөлімше командирлерінің күш-жігерін біріктірген кезде ғана мүмкін болады.

Бақылау сұрақтары

1. Өзін-өзі бұзатын мінез-құлық туралы не білесіз?
2. Мінез-құлық ауытқушылығының қандай типтерін білесіз?
3. Мінез-құлық ауытқушылығының қандай түрлерін білесіз?
4. Девианттық мінез-құлық туралы не білесіз?
5. Әскери қызметшілердегі мінез-құлық ауытқушылығының ерекшеліктері туралы айтып беріңіз.
6. Мінездің акцентуациялары туралы не білесіз?
7. Интеллектуалдық жетіспеушіліктің түрлері туралы не білесіз?
8. Әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалушылық туралы не білесіз?
9. Психопатиялар және невроз тәріздес бұзылулар туралы не білесіз?
10. Аддиктивті мінез-құлық және оның қалыптасу механизмдері туралы не білесіз?
11. Суицидальды мінез-құлық туралы не білесіз?
12. Әскери қызметшілердегі суицидальдық мінез-құлықтың ерекшеліктері туралы айтып беріңіз.
13. Ауытқыған мінез-құлықтың профилактикасы туралы не білесіз?
14. Бөлімше офицерлерінің мінез-құлық ауытқушылығының профилактикасы бойынша жұмысының міндеттері мен түрлері туралы айтып беріңіз.

8-тарау. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ КӘСІБИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІРІКТЕУ

- **Кәсіби психологиялық іріктеу туралы түсінік.** Кәсіби психологиялық іріктеу туралы жалпы түсінік. Қарулы Күштердегі кәсіби психологиялық іріктеудің құрылымы. Кәсіби психологиялық жарамдылық категориялары.
- **Әскери кәсіби психологиялық іріктеудің теориялық негіздері және негізгі түсініктері.** Кәсіби психологиялық іріктеудің әдіснамалық қағидалары мен теориялық негіздері. Профессиограмма және оның құрылымы туралы түсінік. Психологиялық тесттер туралы түсінік. Әскери лауазымдардың психологиялық біліктілігі.
- **Кәсіби психологиялық іріктеу нәтижелерін ескеру және жауапты тұлғалар қызметінде қолдану.** Қарулы Күштерді жинақтау міндеттерін шешу үшін кәсіби психологиялық іріктеу шараларының мәні. Әскери бөлімдерде кәсіби психологиялық іріктеу нәтижелерін ескеру. Кәсіби психологиялық іріктеу картасымен офицерлердің жұмыс тәртібі.

Кәсіби психологиялық іріктеу туралы түсінік

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімшелері мен бөлімдерін реттеудің себептерін шешу, сонымен қатар әскери мамандарды дайындауға психологиялық кәсіби іріктеудің мүмкіндіктерін белсене қолданады. Сонымен бірге психологиялық кәсіби іріктеу шараларында маман психологтар және әскери бөлімдерде командирлер қатысады.

Психологиялық кәсіби іріктеудің мүмкіндігі мен жағымдылығы адамдар арасындағының тұрақты жеке айырмашылығының маңызы аса жоғары, кейбір әскери қызметшілердің денсаулық жағдайы мен анықталған қызметтерді толық белсене қалыптастыруға, кәсіби шеберлікке жеткізу үшін жеткіліксіз болып тұр. Бұл жұмыстар басқалардан да көп емес, кәсіби қызметті қиыншылық пен қабылдай отырып, басқалардың іс-әрекетінен әлденеше төмен, көптеген қателіктер жібереді, көптеген апаттарда кінәлі боп, қызметте сенімсіздеу болады.

Сонымен бірге психологиялық іріктеу адамдарды жақсы және жаман деп бөлмейді, тек кәсіби қызметкерлердің түрлерін анықтауды көздейді. Сондықтан психологиялық кәсіби іріктеу адам баласына бір жағынан өмірде белгілі бір жетістіктерге жетуге көмектеседі,

екінші жағынан адамның мүмкіндіктерін қоғамның қызықтарына сай қолдануға болысады.

Жалпы психологиялық іріктеу адамға сай бағаны табу нақты психофизиологиялық, психикалық және әлеуметтік психологиялық құрылымын анықтауы мүмкін. Сонымен, психологиялық іріктеуді әлеуметтік және тұлғалық аспектілердің қарастыруы дұрыс болады.

Әлеуметтік аспект қоғамның тәжірибелік қажеттілігімен тікелей байланысты. Сонымен, қоғамның жаңа кезеңде дамуы пайда болуына жоғарғы беделді мамандарды реттеу және еңбектік (сонымен қатар әскери) қызмет барысында қызметшілерді басқару мемлекеттік қоғамда экономикалық саясатының басты тапсырмасы болып табылады. Мұны шешу үшін ең маңыздысы адамның мамандық алу мүмкіндігі, жалпы мәдениет және оқу-білім жағынан құқықтық нормаларға сай, денсаулығы, дене шынықтыру жағы мен психологиялық жағынан қарастырылатыны психологиялық кәсіби іріктеудің басты тапсырмасы болып табылады.

Психологиялық кәсіби іріктеудің тұлғалық аспектісі әр адамның қажеттілігі, қызығушылықтары және өмірлік жоспарларына байланысты. Бұл аспект адамның өз-өзіне мүмкіндігіне, білімін толықтыруына байланысты.

Әскери қызметке байланысты психологиялық кәсіби іріктеудің тұлғалық аспектісі келісім-шартпен әскери қызмет атқарғысы келетін азаматтар үшін маңызды рөл атқарады. Бұл жағдайда адам өзі келісім шартқа келісуге шешім қабылдайды, ал оған байланысты психологиялық кәсіби іріктеу жүргізу шаралары, біріншіден, кандидаттық оған сай әскери орнын тағайындау, ал екіншіден, әскери бос орындарға кәсіби жарамдылығын анықтау түрінде жүреді.

Психологиялық кәсіби іріктеудің тұлғалық аспектісінің маңызы, ол сарбаздарға солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар дайындайтын оқу орындарына түсуге маңызды шешім қабылдауға көмектеседі.

Психологиялық іріктеу кәсіби іріктеудің тек бір бөлігі ғана екенін атап кету керек және оның құрамына медициналық іріктеу мен дене шынықтыру да кіреді. Кәсіби іріктеудің барлық түрлері адамдардың қасиеттері мен мінездемелерін бағалауға арналған. Сондықтан психологиялық кәсіби іріктеу тек адамның психологиялық қасиеттерін ғана бағалайды.

Әскери кәсіби психологиялық іріктеудің теориялық негізі және негізгі түсініктері

Әскери психологиялық кәсіби іріктеудің теориясы және оны өткізу әдіснамасы жалпы және дифференциалдық психология, әлеуметтік психология, психофизиология, нейропсихология психатрия жетістіктерімен жасалады. Мұндай пәнаралықтар психика құбылысының күрделі жасалуына және көптеген жағдайлар кәсіби психологиялық іріктеу міндеттерін шешетін практикалық психологияға сүйенетін түсініктерді тарқататын және базалық теориялық-әдістемелік шарттардың өртүрлілігіне әкеледі. Әскери психологтардың жұмыстарын ұйымдастыру үшін, әскери психологиялық кәсіби іріктеуінің басты түсініктері мен терминдерін және оларды өткізу тәсілі Қорғаныс министрінің бұйрығы мен ҚР Қарулы Күштерінің бас штаб бастығының директивасының нормативті актісімен бекітіледі. Сонымен, Қарулы Күштердің қабылдаған терминологиясына сәйкес психологиялық іріктеу кәсіби іріктеудің бір түрі болып келеді және кәсіби маңызды әлеуметтік психологиялық азаматтардың психологиялық қасиеттеріне сай шақырылатын немесе өз еркімен әскери қызметке баратын және әскери маман іс-әрекеттерінің қамтамасыз етуге бағытталған әскери орындарын реттеу.

Кәсіби маңызды қасиет дегеніміз – әскерге шақырылған немесе әскери қызметке өз еркімен барған азаматтардың әскери қызметке тез үйренуі, әскери қызметке жақсы дайындық және әскери орнында іс-әрекетті дұрыс орындайтынына әскери кәсіптік іс-әрекетіне сай талабы.

Тәртіп бойынша, кәсіби жарамдылықтың анықтамасы әлеуметтік психологиялық және психофизиологиялық зерттеу әдістерімен қолданылып өтеді.

Тұлғаның дамуы мен тәрбиелеу шарты, оның әскери кәсіби бағыты, ұйымдастырушылық мүмкіндігі, ұжымдағы сөйлесу және тәрбиелеу ерекшеліктері, білімділік және кәсіби дайындықтарының бағасын әлеуметтік психологиялық жаттауды қарастырып, оның келесі басты әдістері: құжаттарды жаттау, байқау және сұрау қолданылады.

Психологиялық тану үлестерінің тұлғаның ерекшеліктерін, жүйке жүйесінің бөлімі, сонымен бірге жүйке психикасының тұрақтылығының деңгейі. Психологиялық кәсіби іріктеудің нәтижесінде төмендегі қорытындылардың бірі шығарылады:

- Бірінші кезектен ұсынылады (бірінші санат), бұл санатқа жататын азаматтар кәсіби маңызды қасиетінің дамуы деңгейі бойынша әскери орынның талаптарына толық сәйкес келетіндігі көрсетілген уақытында әскери есепке алу кәсібін білуге арналған бақылау тексерулерде және түлектік емтихандарда көбінесе өте жақсы бағаларға ие болып, жоғары квалификацияны алуға мүмкіндік береді.

- Ұсынады (екінші санат), бұл санатқа жататын азаматтар кәсіби маңызды қасиетінің даму деңгейі бойынша әскери орынның талаптарына сәйкес келетіндігі көрсетілген уақытында әскери есепке алу кәсібін білуге тексерушілердің нәтижесі бойынша жиынның бақылау тексеру және түлектік емтихандарынан көбінесе жақсы деген баға алуға мүмкіндік береді.


- Шартты түрде ұсынады (үшінші санат), бұл санатқа жататын азаматтар кәсіби маңызды қасиетінің дамуы деңгейі бойынша әскери орынның талаптарына көбіне сәйкес келмейтіндігі көрсетілген уақытында әскери есепке алу кәсібін қиыншылықпен қабылданатындары тексерушілердің нәтижесі бойынша жиынның бақылау тексеру және түлектік емтихандарынан көбінесе қанағаттандырлық бағаға жеткен. Әскери іс- әрекетке немесе оқытуға кандидаттар жетіспейтін кездерде ғана жіберіледі.

- Ұсынбайды (төртінші санат), бұл санатқа жататын азаматтар кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуы деңгейі бойынша берілген әскери атақтың талаптарына сәйкес келмейді.

Кәсіби психологиялық іріктеу бойынша іс-шараларды дайындау мен өткізу, ереже бойынша, ғылыми негізделген, кешенді, қозғалмалы, белсенді және практикалық қағидалар болып табылатын нақты қағидаларды басшылыққа алады.

Ғылыми негізделген дегеніміз – психологиялық іріктеу шараларының бірінші кезектен тиімді қолдануға әсер ететін негізгі қағида болуы.

Осы қағидаға сай, психологиялық кәсіби іріктеудің әдістері мен талаптары, біріншіден, психология, психофизиология және әлеуметтанудың жаңа жетістіктеріне негізделген, екіншіден, ғылыми негізделген технологиялар арқылы іске асырылады. Бұл технологияның қағидалық схемасы төменде көрсетілген:



Психологиялық кәсіби іріктеудің **кешенділігі** кандидат жайлы кәсіби іс-әрекетінде оқу, жаттығу үдерісінде кәсіби жарамдылығына дұрыс шешім қабылдау үшін маңызды кәсіби қасиеттерін жан-жақты оқып бағалау.

Психологиялық кәсіби іріктеуінің **белсенділік** қағидасын сұрыптайтын адам түрлерін ұлғайту мүмкіндігін және олардың мінездемелерін келесі жолдармен қарастыруға болады:

- Әскери қызметшінің арнайы жаттығулар мен тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы анықтамалық қасиеттерін дамыту;

- Жаратылған эргономикалық дамыту немесе жаңаланған қарулар мен әскери техникалар арқылы маманға керекті кәсіби маңызды қасиеттерді, қаталдықты кеміту.

- Кандидаттардың әскери қызметін әскери-кәсіптік бағдарлау.

Психологиялық кәсіби іріктеудің **тәжірибелігі** дегеніміз – жұмсалған қаражат және күштің ақтауы, оның іске асырылу қажеттілігі, жағымды әлеуметтік және тұлғалық қорытындыларының барысы, сонымен бірге қорытындыларды зерттеу мен реттеудің уақыт ықшамдылығы.

Кәсіби іс-әрекетті жақсы қабылдап және орындай біліп, адамдарды бір-бірінен айыра алатын жеке психологиялық қасиеттерінің мүмкіндіктерін шығара білген Қарулы Күштердің арасында жаңа психологиялық іріктеудің теориялық негіздерін шығарған еңбектер С.П.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леоньев, Б.М.Теплов, В.М.Мисинцев, В.С.Мерлиң, В.Д.Небылцина, К.К.Плантонова, В.Д.Шадриков және т.б. есімдерімен байланысты. Жаңа психологиялық жолдар тұлғаны әлеуметтік және биологиялық аспектілер шығаратын толық және автономды жүйені қарастырады. Сонымен бірге әлеуметтік аспект жекеше әлеуметтік фактор арқылы дамитын қасиеттермен керсетілген, ал биологиялық аспект биологиялық ерекшеліктермен бекітілген.

Адамның әлеуметтік және биологиялық бірлестікте психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға байланысты бірыңғай ойдың болмағанымен, жалпы алғанда олардың диалектикалық бірлігі болып табылады. Сол тәрізді, психологиялық кәсіби іріктеудің тапсырмаларын шешу «техникалық» ретінде келесі түрде білінеді: талабын анықтау келе жатқан іс-әрекеттің даму деңгейіне талап еткен тұлғаның жеке психологиялық және тұлғаның қасиеттері және кандидаттық даму деңгейінің барысы. Бір қарағанда, бұл тапсырма өте оңай сияқты, ал жұмыс, іс-әрекет барысында бұл әлдеқайда ауыр болып келеді.

Схемаларда іске асырылатын психологиялық кәсіби іріктеу шараларын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету логика бойынша дұрыс ғылыми зерттеу жұмыстары көрсетілген.

Психологиялық кәсіби іріктеуді ұйымдастыру шаралары профессиограммадан басталады. Одан кейін ол бір-бірімен байланысқан 2 жұпқа: жаңадан шығарылған немесе ПМС (Психологиялық маңызды сапалар) бағалайтын әйгілі әдістерді іріктеу және әдістерді тіркеу шығарылымы немесе іс-әрекеттің жақсы бағаларының көрсеткіштері (сыртқы өлшемі) болып бөлінеді. Бұл тапсырмалар шешілген соң 2 жұп бірігеді.

Эмпирикалық зерттеудің қорытындыларын талдау интеграциялық түрдің кері байланысын көрсетеді, бұл тәртіп бойынша екі эмпирикалық зерттеу жүргізіледі. Бірінші ұшқыштық зерттеудің нәтижесі бойынша тестілер бойынша біліктілік және дәлдік көрсеткіштеріне орай қатемен жұмыс жүргізу керек. Басқа ғылымдарға қарағанда, әрбір жеке психологиялық талдауды табу және жан-жақты көптеген кәсіптерді мінездеу болғанымен, оның психологиялық ерекшеліктері түрлі іс-әрекеттер мен ерекшелік жағдайларымен тығыз байланысты. Сол себептен кәсіпті жан-жақтан зерттеу бағдарламасы бұл жұмыста көптеген мамандардың қатысуы қажет екенін қарастырады. Әскери мамандардың қатысуында ол ғылыми шығарылымдарға тек маман психологтарды ғана тартпай, бөлім және бөлімше командирлерін тартады.

Көбінесе олар эксперт түрінде шығады, олардың қатысынсыз (талаптарды табу мүмкін емес) кәсіби іс-әрекет талап ететін әскери қызметшілердің жеке тұлғаның қасиеттеріне талаптарды табу мүмкін емес, ал келесіде, әскери кәсіптің профессиограммасын құру мүмкіндігі болмайды.


Профессиограмма дегеніміз – анықталған схемада көрсетілген техникалық, эргономикалық физиологиялық, психологиялық, ғамдық мәдениеттік және т.б. іс-әрекеттің мінездемелері, оның іс үзінде техникалық және информациялық еңбек заттары, санитарлық-игиеналық және әлеуметтік еңбек жағдайларының іс жүзінде йымдастырылуы.

Профессиограмманың бір бөлігі психограмма болып келеді. сихограмма мамандығы (кәсіби лауазымы) дегеніміз – құжат дамның әлеуметтік псиологиялық және психофизиологиялық иеттері мамандыққа талап ететіндегі сапалы және санды түрде зылған профессиограмманың бір түрі.

Тәртіп бойынша психографиялық зерттеу анықталған схема бойынша жүргізіледі. Ал профессиограмманың өзінде (қорытынды құжат) жасау анықталған құрылымы бар және келесі бөлімдерден тұрады:

- 1-бөлім. Мамандықтың жалпы мінездемесі (аты, мамандықтың анықтамасы және мақсаты, оның дамуы және басқа кәсіптермен байланысы, даму мүмкіндігі, ішкі кәсіптік мамандандырылған нұсқаларды жалпы еңбек қаруларының түрлері және т.б. хаттамалайды).
- 2-бөлім. Адамның мамандыққа қажет ететін жалпы талаптары (жалпы және арнайы дайындықтың деңгейін, кәсіптік деңгейін маманның оқыту және қайтадан дайындауын бағалау);
- 3-бөлім. Іс-әрекеттің мазмұны (жалпы операциялар және міндеттер, еңбек заты, жұмысқа қабылдауы, жалпы еңбек тауарлары, жалпы маманның күнделікті міндеттері);
- 4-бөлім. Іс-әрекеттің жағдайы және қоршаған ортаның факторы (іс-әрекеттің циклограммалық ұйымдастырылуы оқылады, маманның демалу және еңбектену режимі, жұмыс орнын қалпына келтіру), санитарлық-гигиеналық факторларды (микроклимат, жарық беру, механикалық және апустикалық теңселу, кәсіптік зияндығы және т.б.), психологиялық және физиологиялық факторлары маманның физиологиялық, психикалық қиыншылықтары, психикалық және күнделікті күйі, әлеуметтік психологиялық факторлары, ұжымаралық қарым-қатынасының мінезі, маманның коммуникатив және стильдік мінездемелері топтық нормалары мен құндылықтары, ұжымның мінездемесі беріледі;
- 5-бөлім. Кәсіби маңызды қасиеттер (тұлғалық ерекшеліктер болып табылады, интеллектуалдық үдерістің құрылымы, психиаторлық құрылымы, маман іс-әрекетті жақсы өткізуі үшін қажетті басқа да психикалық функциялары, бір-бірін толықтыруы және жаттығу мүмкіндіктері тергеледі, жұмыс орнында іс-әрекетке көрсетілмеген психологиялық және физиологиялық қасиеттері қалыптасады).

Профессиограмма – өте маңызды құжат екенін білу қажет. Тапсырмалардың шешуіне байланысты, профессиограмма түрлі мақсаттарда қолданылуы мүмкін. Профессиограммалардың түрлері және дайындалу кезеңдерінің жалпы түсінігі төменде көрсетілген.



8.3.-сурет.

Бірақ, профессиограмманы құру психологиялық кәсіби іріктеу шараларын іске асырудың бірінші кезеңі, тесттердің маңыздылығы олардың қолдануында тұрады. Тесттер 100% дұрыс қорытынды шығармайды. Психодиагностикалық процедуралар жасағанда ниет өзгереді, қателіктерге бой алдырады. Сондықтан тесттерді қолданғанда арнайы әдістер қолданылады, олар психологиялық зерттеулер қорытындыларының шындығын анықтауға бағытталады.

Мысалы: кәсіптік психологиялық таңдау шараларын жүргізгенде осы әдістер қолданылады, олар қатаң талаптарға сәйкес келеді. Бұған қоса, психодиагностикалық зерттеулердің тәжірибесінде тесттердің рөлін арттыруға математикалық алгоритмдер қолданылады, психологиялық және психодиагностикалық үрдістер шешімдерінде негізделеді, іс-әрекеттің негізгі бөлімдерінде көрсетіледі.

Психология ғылымының түрлі даму кезеңінде кәсіптік дайындықты бағалау үшін техникалық құралдар қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Мысалы: Х әдісі бойынша трамвай жүргізушілердің кәсіптік дайындығы оқытылады. Ұшқыштарды дайындауда техникалық құрамдар кең қолданылады.

Техникалық құрамдар психологияда дайындықта қолданылады, мысалы, В.И.Маршук, Э.Ликк әдісін ұшқыштарды таңдау үшін Джалигаровтың атқыш ұшқыштық тренажерді қолдануды ұсынады.

Есептеу техникалық даму мен кәсіптік психологиялық таңдауда кең қолданыла бастады. 2000 ж. бастап Қарулы Күштердің қатарына әскери мамандардың және маманның жұмыс орнын кәсіптік таңдауға, ҚР оқу орындарындағылыми-зерттеулер мен әскери комиссариаттарда бағдарламалық техникалық комплекс қабылдайды. Бұл техникалық құрамдарға 200-ден астам тесттер қолданылады.

Сондықтан кәсіптік психологиялық таңдау құралдары ғылымның ақырғы жетістіктері қолданылады және қойылған тапсырмаларды сапалы орындау үшін кәсіптік психологиялық таңдау кезінде қабылдаушыларды әскери оқу мамандықтар бойынша бөлу үшін, жоғарғы әскери оқу орындарына қабылдаушыларды сапалы таңдау үшін қолданылады.

Қазіргі уақытта әскери лауазымдар әскери қызметшінің жеке психологиялық қасиеттерге байланысты таңдап алынады. Сарбаз бен матростар отыратын әскери лауазымдар келесі кластарға бөлінеді: командалық ұйымдастырушылар, операторлар, байланыс және бақылау топтары.

**Сарбаздармен қамтамасыз ететін әскери лауазымдардың
психологиялық түрлері**

Әскери лауазымдар класы	Негізгі кәсіптік кезекті қасиеттер
Команданың ұйымдастыру- шылығы	Ұйымдастырушылық және ағартушылық интеллектуалды қасиеттерді дамыту, қиын жағдайда қысқа уақытта дұрыс шешім қабылдау. Жауапкершілік, талаптылық, принципшілдік.
Операторлық	Көзбен қабылдаудың негізгі және дұрыстығы кезеңдерінің тұрақтылығы және концентрациялары. Жедел ес, ойлаудың негізгі ақпараты бойынша көрсету қабілеттігі. Қанның жүрісін координациялау, жауапкершілік және тазалық.
Байланыс және бақылау	Іс қабылдау өткірлігі (көздің). Қабылдаудың дұрыстығы және назардың тұрақтылығы, жедел ес, ритм сезімін дамыту, жүйке сезімінің шыдамдылығы және жылжымалылығы. Дикция дұрыстығы, ұғынықты жазу жылжымалылығы
Жүргізушілік	Назардың бөлінуі және тұрақтылығы, реакцияның теңдігі, жүйке жүйесінің жылжымалылығы, жылжымалы ес
Арнайы тағайындалған	Қозғалысты координациялау шыдамдылығы, дене күші, батылдық
Технологиялық техниканы қызмет көрсету және жөндеу шамалары	Көрсеткішті іскерлік және көрсеткіш ойлауын дамыту, жалпы білімде және техникалық білімділігі.
Басқа әскери лауазымдар	Басқа психологиялық керек кәсіптік қасиеттерді қажет етпейді.

Офицер мамандығының ұйымдастырушылық, командалық, басқарушылық кәсіби ерекшелігі бар.

Әлеуметтік-педагогикалық, инженерлік-техникалық, операторлық, оперативті штабтық, экстремалды қамтамасыз етуге қатысты В.П.Петровтың офицерлік және оған туыстас мамандардың психологиялық классификациясында көрсетілген.

Әскери-кәсіптік қызметтің профилі	Кәсіптік керек қасиеттер	Әскери лауазымдардың мысалдары	Азаматтық мамандар
Ұйымдастырушылық командалық, басқарушылық	Ұйымдастырушылық қасиеттер, тәжірибелік ой, өз бетінше шешім қабылдау, талапкершілік, қарым-қатынас, адамдармен байланысу жеңілдігі, кез келген жағдайда қысқа уақытта дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігі, психологияны білу, бар қасиеттерді тану мүмкіндігі.	Әскери бөлімдердің бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлім бастықтары, бөлімдер, басқармалар, мекемелер, қызметтер және жеке құрамның бастықтары	Атқарушы директорлар, коммерциялық, техникалық, администраторлар, кіші мекемелердің ұйымдастырушы менеджері, бригадирлер, шеберлер және басқа басқарушылар.
Әлеуметтік-педагогикалық	Адаммен жұмыс істеуге талпынысы, олардың жеке ерекшеліктерін және көмектесу талпынысын таңдау, қарым-қатынас, шыншылдық, адамгершіліктің адамға әсер ету мүмкіндігі, педагогика, психология саяси әлеуметтік сұрақтар мен медицина, құқықтану, тәрбиелеу және оқыту әдістерін қолдануды білу.	Бастықтардың тәрбие жұмысы бойынша көмекшілері, әскери социологтар, әскери құқықтанушылар, журналистер, кәсіптік білімнің әскери мекемелерінің оқытушылары, әскери бөлімдердің психологтары	Оқытушылар, тәрбиелеушілер, тренерлер, әлеуметтік жұмысшылар, социологтар, құқықтанушылар, менеджер психологтар, коммерциялық сақтандыру

Инженерлік-техникалық	Техникамен жұмыс істеу қабілеттілігі, таңдаушылық, қозғалыстық ойлауды дамыту	Бастықтардың техникалық бөлім бойынша орынбасарлары, автокөлік, инженерлік байланыс және т.б. қызмет мамандары, жөндеу базалары мен парктердің, бөлімнің техникалық мамандары	Басқару пунктінің операторлары, ЕТМ, радиооператорлар, ЧПЧ операторлары, зергерлер-кәсіптік суретшілер, ұшқыштар, түрлі көлік жүргізушілері, автокөлік бойынша механиктер, теле-радио құралдары, компьютерлер, автокөлікті және басқа техниканы жөндеу, түрлі профилді механиктер.
Операторлық	Назардың негізгі қасиеттер дамуының жоғарғы кезеңі, тұрақтылық, жүйелеу, бөлу және аудару, көзбен және құлақпен қабылдау, жедел иіс, жақсы координация, қозғалмалы реакциялардың теңдігі, дене шынықтырулық қиыншылықтың ұзақ уақыт бойы шыдамдылығы, экстремалды жағдайдағы уақыт кезеңі эмоциялануы, тұрақтылықты, жауапкершілік, өзіндегі сенімділік.	ЕТ, АБЖ, РСС операторлары, офицерлер, әскери ұшқыштар мен басқа мамандар, әскери техника және қаруды тікелей басқаратындар.	Банктердегі операторлар қорғаныс бойынша диспетчерлер, теміржол станциясы бойынша кезекшілер, штурмандар, іс жүргізушілер, бухгалтерия, фотографтар, түнгі құтқарушылар, күзету мүшелері, милиция өкілдері, каскадерлер, өрт сөндірушілер, балық қорғаушылар, суасты мамандары.
Оперативті штабтық	Қажет нормативті құжаттарды жақсы білуі, штабтың талаптарына сәйкес орындау, жақсы ие, логикалық ойлауы, жұмысқа тиянақты дайындау, жауапкершілік, кісілермен жұмыс істей алуы, ауыр есептер шығару, т.б.	Барлық деңгейдегі штабтардың жедел жұмыскерлері, командалық пункттердің штаттық жедел кезекшілері, ӘҚК	Қамтамасыз ету және өткізу мамандары, тауар берушілер, экспедиторлар, қойма бойынша басқарушылар, бөлшек сауда бойынша мамандар

Экстремалды	Дене шынықтыру мен денсаулыққа ерекшелік, жоғары шығармашылық, тез қиындауға дайындығы, ұжым сезімін дамыту	Әуе, әскер, теңіз жолы, арнайы тағайындалған бөлімдердің мамандары	Қауіп-қатер, суасты жүргізушілері, түрлі жекпе-жек ұстаздары және әскери қоғамдық спорт түрлері бойынша мамандар
Қамтамасыз ету	Адамдарға деген сезімділігі, ішкі шыдамдылық, өзіндік бақылау, тез арада бір іс-әрекетті екінші іс-әрекетке ауыстыру дайындығы, кей уақытта қарама-қарсы міндеттерді шешу, өзінің іс-әрекетінің экономикалық жағын көру және есепке алу, оның қорытындысын қадағалау.	Қарулы Күштер бөлімдерінің барлық мамандары, медицина және қаржы қызметтерінің мамандары, командирлер орынбасарлары	Медицина, қаржы, қамтамасыз ету саласының мамандары

Бұлай кәсіптік психологиялық таңдаудың қорытындылары бөлім командирлерінің жеке құраммен әскери дайындық және тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде есепке алынады.

Қазіргі кезде кәсіптік психологиялық таңдау бойынша шаралар әскери бөлімдер мен бөлімшелердің сапалы қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге, қарулы күштердің әскери дайындық сапасын көтеру үшін керек.

Қорытындысында азаматтар мен әскери қызметшілердің кәсіптік керектілігі кәсіптік психологиялық таңдау қорытынды негізінде шығарылады, қазіргі уақытта ол міндетті түрде өткізіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіби психологиялық іріктеу деген не және оның негізгі міндеттері қандай?
2. Кәсіби жарамдылық деген не?
3. Кәсіби жарамдылықтың қандай категорияларын білесіз?
4. Кәсіби психологиялық іріктеудің негізгі қағидалары қандай?
5. Кәсіби психологиялық іріктеу бойынша шараларды жасау мен жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
6. Профессиограмма деген не және оның негізгі бөлімдері қандай?
7. Әскери бөлімдер мен бөлімшелерде кәсіби психологиялық іріктеу нәтижелерін ескеру мен тәжірибелік қолдану туралы айтыңыз.

9-тарау. ӘСКЕРИ ҰЖЫМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

- **Әскери ұжым мен топ туралы жалпы түсінік.** Ұжым мен топтардың топтастырылуы. Топ, сынып, әлеуметтік топ, т.б. туралы түсінік. Ұжым мен жеке тұлғаның өзара әрекет ету ерекшеліктері. Жақын әлеуметтік орта ұғымы. Топ дамуының негізгі деңгейлері.
- **Ұжым психологиясы және оның құрылымы туралы жалпы түсінік.** Ұжым психологиясының табиғаты. «Психологиялық атмосфера» мен «әлеуметтік-психологиялық климат» ұғымы. Әлеуметтік-психологиялық климаттың құрылымы. Әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктері: қызметтік және қызметтік емес өзара қатынастар. Ұжымдық пікір және оның құрылу механизмдері.
- **Әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынас жасау психологиясының ерекшеліктері.** Әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынасты құруға әсер ететін субъективті факторлар. Сыйластық қатынас, үйлестіру және ынтымақтастық қарым-қатынас туралы түсінік. Жарғылық қарым-қатынастар.
- **Әскери ұжымдағы бедел. Өзара қарым-қатынас формасы – бедел.** Беделді қалыптастыру механизмдері. Жалған бедел және оның түрлері туралы түсінік: ара-қашықтықтың бүркеншік беделі, менмендіктің бүркеншік беделі, педантизмнің бүркеншік беделі, резожүйке бүркеншік беделі, жалған демократиялық бедел. Қатардағы әскери қызметшілердің беделі.
- **Әскери ұжымдағы ұжымдық пікірлердің психологиялық феномені.** Ұжымдық пікір туралы жалпы түсінік. Әскери қызметшілердің тұлғалылығын қалыптастырудағы ұжымдық пікірдің рөлі. Әскери ұжымдағы ұжымдық пікірлерін қалыптастырудың негізгі кезеңдері.
- **Әскери ұжымдардың ұжымдық көңіл-күйі мен дәстүрлері.** Ұжымдық көңіл-күй ұғымы. Әскери ұжымның өміріндегі ұжымдық көңіл-күйдің рөлі мен маңызы. Дәстүрлер ұғымы. Әскери ұжым дәстүрлерінің ерекшеліктері және оларды офицердің күнделікті тәрбиелік қызметінде есепке алу.

Әскери ұжым мен топ туралы жалпы түсінік және оларды топтастыру

Қазіргі заманғы әскери техника мен қару-жарақтар⁸ барынша күрделі және ұжымдық қызмет көрсетуді болжайды. Танк техникаларын қалыпты пайдалану үшін экипаж, ал артиллериялық қарудың барлық

мүмкіндіктерін пайдалану үшін есеп қажет. Сондықтан әскери-кәсіби іс-қимылдардың негізгі ерекшеліктерінің бірі, әскери қызметшінің іс-қимылдары әрқашан ұжымдық мінез-құлық болып табылады. Бұл заманауи ұрыста жеңіске тек ұжымдық күштің есебімен, барлық жеке құрамның іс-әрекетін үйлестіру есебімен ғана жетуді білдіреді. Солай болғандықтан, офицер өзінің күнделікті кәсіби іс-қимылында тек қана жеке әскери қызметшілермен емес, толығымен әскери ұжыммен кездесіп тұрады. Әскери ұжымның құрылымын, ерекшеліктерін және түсінігін қарастырамыз.

Адамдар қазіргі бірлескен іс-қимыл барысында әрқашан әлеуметтік ортақтық-топтарға түседі. Топты адамдардың анықталған бірлестіктері деп атауға болады. Адам қоғамының барлығы белгілер қатарының бүтіндігі бойынша бөлінетін көптеген топтарынан тұрады:

- **Іс-қимылдың мазмұны мен мақсатына қарай.** Осы критерийлерге сәйкес еңбектік, ұрыстық, оқу және т.б. бөлінеді;

- **Бірлестіктердің тәсілдері бойынша** оларды өндірістік, тұрмыстық, т.б. бөлуге мүмкіндік береді;

- **Топтар туындалуы мен ұйымдастырылу формасына қарай** шынайы, шартты, ұйымдастырылған, ресми және бейресми болып бөлінуі мүмкін;

- **Топ мүшелерінің басқалардың тұлғалылығына қарым-қатынасы, қатынас байланысы мен сипатына қарай** топтар контактiлiк (бiрiншi) және дистанттық (екiншi) болып бөлінеді. Сонымен қатар, әлеуметтік топтар **үлкен және кіші топ** деп екіге бөлінеді.

Үлкен әлеуметтік топтар – сыныптар, әлеуметтік топтар, саяси топтар (партиялар, кәсіби одақтар, қарулы күштер), ұлттар тағы басқа (ересек, білім) да ортақтық топтар мен бірлестіктер.

Кіші әлеуметтік топтар – әскери бөлімшелер, цехтар, мектеп сыныптары, студенттік курс. Сол сияқты топтарды «бірінші» деп атайды. Олардың үлкен топтардан айырмашылығы – әрқашан тұлғалар арасындағы қарым-қатынас, байланыс, өзара қарым-қатынастың жүзеге асырылуы. Осының негізінде ұжымды тиімді басқару мүмкін болмағанын есепке алмағанда, әртүрлі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар орын алады.

Атап өтетін нәрсе, топ ұғымы ұжым ұғымына қарағанда, ауқымы кең. Сол себепті кез келген топ ұжым ретінде қарастырылуы мүмкін. Ұжымның басты критерийі топтағы маңызды мақсаттардың болуы болып табылады. Тек ішкі топтың қажеттілігі мен мүдделерінен туындаған мақсаттағы топтар ұжымға қарағанда, шеңберден шықпайды және ол «корпорациялар» деп аталады. Ұжым – қоғамның

бір бөлігі, ортақ мақсатта бірлескен, әлеуметтік-пайдалы қызметімен бірлескен адамдардың ұйымдасқан тобы. А.С.Макаренконың ұжым туралы айтқан «қоғам үшін пайдалы қызмет шеңберінде бірлескен адамдарды ғана ұжым деп атай аламыз» деген пікірі кездейсоқтық емес. Ұжым қарым-қатынастың ерекше типін де өзара әлеуметтік байланысу мен жолдастық ынтымақтастықтың жауапкершілігін айырады. Қарым-қатынастың дәл осы типі ұжымның жеке тұлғаға әсер ету мүмкіндігін алға тартады.

Тұлға мен ұжым туралы түсінік

Ұжым тұлғаның жақын әлеуметтік ортасы сияқты және оның кіші ортасы тұлға мен тұтас қоғамның арасында орналасқан. Тұтас ұжымнан тұлғаға тікелей жоқ, тек қана тікелей бірінші ұжымға өту арқылы өту бар. Бірінші ұжым жеке тұлғаға әртүрлі әсер етеді. Жеке тұлғалықта әлеуметтік факторлардың трансформациясы болады.

Жеке тұлғаның еңбекте және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда қалыптасатыны белгілі. Алайда, еңбектің сипаты мен формасы өзіне әлеуметтік-экономикалық, саяси, өндірістік және көп жағдайда мәдениеттің, идеология мен моральдың, ғылыми-техникалық даму деңгейіне байланысты ірі орта ерекшеліктерімен ғана емес, адамның тікелей әлеуметтік ортасының жағдайлары жиынтығы ретіндегі кіші ортамен анықталады. Осылайша, адамның, ұжымның, кіші ортаның жақын әлеуметтік ортасы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін маңызды факторларының бірі болып табылады.

Жақын әлеуметтік орта ұғымына не кіреді? Алдымен, жақын әлеуметтік ортаға отбасы мүшелерін қосу қажет. Отбасы кіші әлеуметтік топ болып, бала мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты реттеушіге қызмет етеді. Бастапқы отбасылық қарым-қатынастың сипатына байланысты баланың жеке тұлғалық ерекшеліктері қалыптасады. Осыған байланысты, баланы тәрбиелеуде ата-аналардың екеуінің де қатысуы маңызды екенін атап өту керек. Әдетте, толық емес отбасыларда баланың жеке тұлғалылығы біржақты және бұрыс болып қалыптасады. Әскери тәртіптің жағдайын сараптағанда көбінесе барлық тәртіпті әрекеттерді толық емес отбасынан шыққан әскери қызметшілердің жасайтындығы кездейсоқтық емес. Болашақ жауынгер мінез-құлқының қалыптасуы үшін балаға қасақана немесе қасақана емес мінездер – өкенің әсер етуімен маңызды. Жеке баланың өзінде мінез-құлықтың батылдық, төзімділік, адалдық, шыншылдық т.б. сияқты шынайы еркектік белгілерінің дамуына көмектеседі.

Осыған байланысты балалық шақта меңгерілген қасиеттердің әдетте жас жауынгердің тәртібін барынша анықтап, әрі қарайғы өмірінде сақтайтындығын атап өткен дұрыс.

Баланың мектепке баратын кезінде оның мінез-құлқының қалыптасуындағы отбасының әсер етуі ақырын төмендейді. Оған құрбы-құрдастары әсер ете бастайды. Мұндай әсер ету, әсіресе, жоғарғы сыныптарда орын алады. Дәл осы жаста бала әртүрлі топтар түріндегі әлеуметтік ортаның әсеріне кез болады. Олардың бірі – әлеуметтік пайдалы қасиеттерді дамытуға қабілеттендіретін формальды топтар (оқу сыныптары, спорттық секциялар және басқа да қоғамдық ұйымдар). Формальды емес деп аталатын топтар жеке тұлғаға әрқашан қалыпты емес, кейде барынша күшті әсер етеді. Формальды емес бірлестіктердің көпшілігі, ереже бойынша, жас адамдардың кең қарым-қатынас шеңберіне тырысу негізінде және бос уақытында өзіне қажетті қалауларын қанағаттандыру негізінде туындайды. Алайда, осы топтарда болып жатқан үдерістер көбінесе бақыланбайды. Сондықтан жас дамуының осы кезеңінде жасөспірімнің жеке тұлғалылығының қалыптасуы стихиялы болады.

Өзара іс-әрекет пен қарым-қатынаста талап қаншалықты көп болса, топ индивидтің еркіне, сезіміне және түйсігіне соншалықты әсер етеді. Басқаша айтқанда, тіпті жеке тұлға қысқа уақытта топ ішінде болса, жасөспірімнің есінде ұмытылмас із қалдырады. Егер жасөспірім тыйымдарға қарамастан, белгілі бір топпен өзіне жағымды қарым-қатынас жасаса, мұндай референттік топ тұлғаның адамгершілік құндылықтары мен мінез-құлқының белгілерін бағалайтын критерийлер болуы мүмкін. Адамның референттік топпен өз көзқарасын келістіру үшін жасалған түсініксіз әрекеті өз бетінше ойлау мен сыншылдықтың дамуына кедергі келтіретін әдетке айналып, тұлға оңай иланғыш және еріксіз болып қалады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қарулы Күштер қатарына шақырылған жас адамдар әртүрлі көзқарастар мен сенімге ие екендігін және әртүрлі отбасында тәрбиеленгенін, сондай-ақ жақын әлеуметтік орта тарапынан әртүрлі әсер алғандығымен қорытуға болады. Офицер жеке құраммен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында осы фактіні ескеріп, сонымен қатар, өз бөлімшесінде жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған әскери ұжымды құруға міндетті.

Ұжымның әрқайсысы адамдарды ұйымдастыру мен біріктіру негізіне жататын қоғамдық пайдалы қызмет түрінен тыс, өз ерекшелігінен басқа қоғамдық пайдалы міндеттердің барлық мүшелері үшін жалпы

белгіленген ұйымдастырылған құрылымы, әртүрлі жастағы және ұлттағы адамдарды өзінше үйлестіруі, өзара қарым-қатынастың белгіленген стилі бар. Әскери ұжымды жоққа шығаруға болмайды.

Әскери бөлімше белгіленген әлеуметтік ортақтық ретінде бөлімнің (кеменің) ұйымдастырылған құрылымы базасында туындайды және өзіне әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар жүйелер қатарына қосады. Мұндай жүйелердің арасында формальды топтармен қатар, формальды емес топтар да бар. Ең алдымен, саптық бөлімшелер, жауынгерлік есептер, экипаждар, қарауылдар, екіншіден, жерлестер тобы, достар, музыка мен спортсүйер қауым және т.б. Одан басқа бөлімшеде жеке құрамды басқару мен оған жетекшілік жасау қызметтеріне қатысты топтар бар. Олар өздерінің қызметтеріне немесе қоғамдық міндеттеріне сәйкес адамдарды басқаратын сержанттардың, прапорщиктердің, офицерлердің ресми ранг топтары, бірақ өзінің менмендік мүдделеріне сәйкес жауынгерлерді басқаратын бұрынғы қызметшілер бейресми ранг топтарын құруы мүмкін.

Көптеген командирлердің бейресми және формальды емес топтарға әсер ету барысында үлкен қиындықтарға кездесетіндігі жасырын емес. Бір ғана командир далада жауынгерлік міндетті сәтті орындағанымен, казармадағы жағдайдан хабарсыз болады. Бұл барынша дәрежеде әлеуметтік топтарды басқару заңдылықтары мен оның қалыптасуы және дамуы туралы белгіленген білімді талап етуіне негізделеді.

Кез келген әлеуметтік топ дамудың үш деңгейінен өтеді: төмен, орташа, жоғары. Төмен деңгей бұйрықтың (шақырылушылар) немесе жеке мүдделер (шахматқа құмарлар) негізінде жаңадан бірлескен әскери қызметшілер тобы үшін сипатталады. Бұндай топтар, әдетте, «ассоциация» деп аталады. Оның құрылымы мен әрі қарайғы дамуы көбінесе әскери қызметшілердің санына байланысты. Топтың әр мүшесі объективті тұлғалық қарым-қатынаста осы топтың басқа кемінде 7-12 мүшесімен бола алмайтындығы белгілі. Осындай топтағы қарым-қатынас қарапайым топтың ішкі құрылымын құрайды. Егер топ үлкен болса, мысалы, 15 немесе 20 адамнан тұрса, онда бірнеше топқа бөлінуге тырысады.

Шақырылушылардың тәртібін бірнеше рет бақылауда оларға бір-бірімен танысуы үшін 3 күннен 5 күнге дейінгі уақыт қажет екендігі көрінді. Осы уақытта депрессиялық көңіл-күйдің көрінуі азайып, эмоционалдық контактілер қалыптасады. Бұл кейде ерте болып жатады. Мысалы, қызмет орнына немесе шақырылу пунктіне барар жолда болады. Жерлестер арасында бірден лидерді және

оның қарым-қатынас ортасын анықтауға болады. Егер командада шақырылушылар белсенді лидерлерімен бірнеше топтарға бөлінген болса, олардың арасында спорттық бәсекелестік қатынаста да эмоционалдық жанжалдар туындайды.

Егер ассоциация ыдырамаса, ол ақырын әскери қызметшілердің тәртіптілігі мен барынша саналы қызметімен сипатталатын дамудың орташа деңгейіне өтеді. Мұндай топ әлеуметтік психологияда «кооперация» деп аталады. Онда әдетте, мықты қызметтік және жолдастық қарым-қатынастар бақыланады. Әмірлік қызметтерді белгіленген билігі бар тағайындалған тұлғалар орындайды. Одан басқа, топ-кооперацияларда кіші командирлерді қолдайтын немесе ресми басқаруларды қиындататын бейресми лидерлер болады.

Бөлімшелерде ыңғайлы жағдайларда 10-15 күннен кейін құрамы 3-тен 7-ге әскери қызметшіден тұратын 2-3 топ-кооперация құрылады. Біраз уақыт өткеннен кейін олар өз дамуының жоғарғы деңгейіне – автономизация деңгейіне өтуі мүмкін.

Автономиялық топ нақты ұйымдастырылған құрылыммен, тәртіппен және қызметтің ішкі түрткілері мен тұтас мақсаттарымен сипатталады. Мұндай топтарда кіші командирлер мен лидерлердің әлеуметтік белсенділігінің басқару рөлі арта түседі. Мұндайда көбінесе командирлер мен лидерлердің арасында айтарлықтай қарсылықтар байқалмады. Алайда, жекелеген алауыздықтар болуы мүмкін. Кіші командирдің бір мезгілде лидер болуы да жиі кездеседі.

Атап өтетін нәрсе, әскери топтың әлеуметтік даму деңгейі көбінесе оның қызметтік және жауынгерлік іс-қимылының тиімділігіне байланысты. Әскери психологтардың көптеген сараптамалары күрделі төтенше жағдайларда топтың ассоциация мен кооперация типтерін басқару қиындап, автономиялық топтар іс-қимылдың нәтижесін төмендетпеген кезде дүрбелеңге оңай берілетіндігін көрсетті. Күрделі және қауіпті жағдайлар автономиялық топтар үшін әлеуметтік белсенділіктің өзіне тән катализаторы болып, қиындықтарды жеңе отырып, әскери қызметшілер одан да әрі біріге бастайды.

Бірақ, автономиялық топтардың бірлігі кейде қауіпті де. Мысалы, егер әскери қызметшілер жалпы әлеуметтік пайдалы мақсаттар мен адамгершілік құндылықтар негізінде бірлессе, өз тобының ішінде тұйықталып қалмайды. Керісінше, кең көлемді қарым-қатынас жасауға тырысады, нәтижеде мұндай автономиялық топ әскери ұжымға айналады. Басқа жағынан қарағанда, егер әскери қызметшілер өз пиғылдарын жасырып, өзінің менмендік мүдделерін кездейтін болса, мұндай автономиялық топ ақырындап корпорацияға

және жалған ұжымға айналады. Көптеген зерттеушілердің айтуынша, корпоративтік рух немесе топтық мәнменшілдік жарғыдан тыс өзара қарым-қатынасқа, ұлттық көріністерге және әскери тәртіптің өрескел бұзылуына жағдай туғызады. Сондықтан корпоративтік топтың қызметі кіші топтардың мүдделері мен 1-2 жағымсыз көшбасшының еркімен реттеледі. Осыған байланысты бөлімше командирі кіші топтардың негізгі даму заңдылықтарын есепке алып, білуі тиіс. Стихиялы топтардың автономиялық топтарға айналуына мүмкіндік туғызып, олардың дамуын бақылай отырып, олардың трансформациядан жалған ұжымға айналмауына қажетті шараларды қолдануға міндетті. Кіші топтарда болып жатқан үдерістерді сауатты басқару тек әскери қызметшілердің кәсіби тұлғалылығын қалыптастыруға бағытталған мақсаттарға ғана емес, оның әскери ұжымға айналдыру жолында әлеуметтік топтың дамуын қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Әскери ұжым дамуының ерекшеліктері

Әскери ұжым – қызметтік, оқу, ұрыстық, және т.б. дербес орындауға қабілетті, тәртіпті әскери қызметшілерден жоғары дәрежеде ұйымдастырылған топ. Бұл топ бөлімше құрамына кіріп, «бірінші ұжым» деп аталуы мүмкін. Егер жауынгерлік есеп, экипаж немесе взвод туралы, яки екінші ұжым туралы сөз етер болсақ, онда рота немесе батальон туралы айтуға болады.

Әскери ұжым өзінің дамуында кейбір сатылардан өтеді. Көбінесе ұжым дамуының негізгі үш сатысы аталады:

1. әлеуметтік бірлік;
2. әскери жолдастық;
3. әлеуметтік жетілу.

Әскери ұжым дамуының бірінші, яғни алғашқы сатысы әскери қызметшілердің дамудың осы сатысында қызметтік және қоғамдық тапсырмаларды сәтті орындау үшін қажетті әртүрлі қарым-қатынасты құрумен сипатталады. Бұл саты әрқашан оңай бола бермейді. Көбінесе ұжымның ұйымдасуында кейбір қиындықтар туындайды. Адамгершілігі аз сарбаздардың кіші тобының жарғыдан тыс өзара қарым-қатынастың қайнар көзі мен әскери ұжымның әрі қарайғы дамуы жолында бағынбайтын кедергілер орнайтындығы жиі кездеседі. Сол себепті бөлімше командирі тек осы сатыдағы үдерістерді ғана бақылауға емес, ұжымның ұйымдасуында тікелей қатысуға міндетті.

Екінші сатыда, яғни әскери жолдастықтың сатысында көбінесе өзара үйрену үрдісі бітіп, әскери қызметшілер арасында позитивті

қарым-қатынас орнайды. Ұжымдық пікір мен көңіл-күйді, өзара қатынас пен бірігуді, тәртіптілік пен ұжымдық дағдыларды қамтитын ұжымның барынша тұрақты құрылымы қалыптасады. Бұл саты жауынгер тұлғасының жан-жақты дамуы үшін айтарлықтай жағымды жағдай жасайды.

Командир әскери ұжым дамуының бұл сатысында басқару стилін ауыстыруға міндетті. Офицер бағыныштыларының жағдайын жасауға тиіс, ұжымды қолдаумен бірауыздылықты талап ететін жетекші болуы керек. Сондықтан командир тәрбие жұмыстарын өткізу барысында көп жауынгерлердің тәрбиесінің әдеттегі қалыптарын қалыптастыратын және қызметте жоғарғы нәтижелерге жеткізетін жауынгерлік, қызметтік, спорттық, тұрмыстық дәстүрлерді белсенді түрде пайдалануға міндетті.

Әлеуметтік және жауынгерлік жетілу сатысы – әскери ұжым дамуының үшінші сатысы. Бұл сатыда еркіндік пен іс-әрекеттің бірлігіне, білім мен сенімге, бағдардың мүдделері мен құндылықтарына қол жеткізіледі. Әскери қызметшілердің арасындағы қарым-қатынас өзара көмектесумен, өзара қолдаумен, өзара ауыстырумен және дау-жанжалсыз болуымен сипатталады. Дамудың осы сатысына жеткен ұжымда жауынгердің жан-жақты дамуына жағымды әсер ететін салауатты әлеуметтік-психологиялық климат болады.

Ұжымның психологиясы және оның құрылымы туралы жалпы түсінік

Кез келген ұжым, оның ішінде әскери ұжым ұжымның ішкі әлеуметтік-психологиялық құбылыстары мен үрдістерінің күрделі жиынтығынан тұрады. Ұжым психологиясының табиғатын түсіндіруде басқа авторлардан тұратын философиялық және әдіснамалық позицияның әртүрлілігіне мүмкіндік беретін көптеген пікірлер бар.

Ұжым психологиясының табиғатын түсіндіруде отандық зерттеушілердің көпшілігі ұжымның қоғамдық ағзаның ажырамас бөлігі екендігін ұмытып кетіп жатады. Сондықтан әр нақты ұжымның психологиясы өзімен бірге қоғамдық психологияны көрсетеді. Демек, топ адамдарының, ұжымның психологиясы қоғамдық психологияның бір бөлігі ретінде кіреді. Ол қоғамдық-тарихи жағдайларда адамдар қауымдастығының рухани өміріндегі көрініс болып табылады. Әрбір ұжымның психологиясын қоғамдық психологияның бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Алайда, нақты ұжымның психологиясында жалпы және оның өміріндегі жеке шарттарына назар аудару қажет (шешілген міндеттердің ерекшеліктері, кешенділігі, орналасуы, жетекшілік жасаудың деңгейі мен стилі, адамдарды таңдау т.б.). Дәл осы жеке шарттар айтарлықтай деңгейде ұжым психологиясының ерекшеліктерін анықтайды. Осылайша, әрбір ұжым қоғамдық психологияның тасымалдаушысы ретінде, оның «жеке» психологиясы қайталанбас түрінде қарастырылуы мүмкін.

Күнделікті өмірде ұжым психологиясы туралы сөз қозғағанда, ұжымдағы немесе оның моральдық-психологиялық жағдайында әлеуметтік және адамгершілік атмосфераның сипатын түсінетін әлеуметтік-психологиялық климат ұғымы жиі пайдаланылады. Ұжымның **әлеуметтік-психологиялық климаты құрылымын** қарастырайық.

Әлеуметтік-психологиялық климатының құрылымында негізгі екі нәрсені бөліп қарайды: орындау үшін құрылған ұжымның іс-қимылына адамдардың қарым-қатынасы және олардың бір-біріне қатынасы. Бір-біріне қатынас көлденең қатынасқа (мысалы, әскери ұжымдағы қатардағы жауынгерлермен, курсанттармен, офицерлермен, қызметтестерімен қатынасы) және басқару және бағыну жүйесінде тікелей қатынасқа сараланады.

Демек, тікелей контактілік қатынастар кез келген ұжым өмірінде қызметіндегі ажырамас элементі ғана емес, мәні бойынша іс-қимыл қатарында оның негізі болып табылады. Егер әскери қызметшілердің қарым-қатынасын толығымен айтар болсақ, онда олардың құрылымында бірнеше саланы бөліп қарауға болады. Олар: қызметтік, қоғамдық-саяси, қызметтік емес (тұрмыстық), сонымен қатар, тұлғалар арасындағы психологиялық қарым-қатынас жүйесі.

Қызметтік қарым-қатынастар – кәсіби міндеттерді шешуде өзара әрекет етудің маңызды негізі, сонымен қатар әскери қызметшілердің ұрыстағы, қызметтегі, күнделікті өмірдегі қатынасы. Бұл қатынастың жүйесі орындалуы тиіс жауынгерлік, қызметтік, еңбектік міндеттер мен рөлдерін шамалайды (болжайды). Бұл өзара қатынастар ресми түрде әскери ұжымның ұйымдастырылған құрылымында бекітілген және жетекші – заң, бұйрық, жарғы, ереже, нұсқау сияқты құжаттарға сәйкес беріледі. Алайда, қызметте де, одан басқа кезде де сезімдерге, еркіндікке, ақылға ие нақты адамдар өзара әрекет етеді. Сондықтан қызметтік қатынасты жеке тұлғалық қатынастан бөліп алуға және тұлғалық пен қызметтік емес қатынасты теңестіруге болмайды.

Тұлғалар арасындағы өзара психологиялық қарым-қатынас әскери қызметшілердің тәртібіне көп әсер ететін объективті қарым-қатынас жақтарының бірі болып табылады. Мұндай қарым-қатынас жүйесі өзінің ішкі психологиялық шарттылығы (ұжымдағы адамдар арасындағы көңіл ауу, антипатия, достық және басқа да психологиялық тәуелділіктер) күшіне кейде стихиялы түрде енеді. Дегенмен, қызметтік мәселелер мен міндеттерді шешу үшін тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың рөлі маңызды. Сондықтан әскери қызметшілердің тұлғалар арасындағы қарым-қатынас құрылымын зерттеп білу бөлімше командирі тарапынан қалт етпес назар аудару мен жүйелі басқаруды қажет етеді. Бұл қажеттілік тұлғалар арасындағы қарым-қатынас үрдісінде туындап, әртүрлі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар дамиды.

Мұндай құбылыстардың бірі – тұлғаның өзін танытуға тырысуы. Тұлғаның өзін танытуы оның әрекеті мен осы тұлғаның сыйлауын, мойындауын немесе сенімін, қолдауды, көмекті немесе қорғауды қамтамасыз ете алатын, сонымен қатар басқа адамдармен қарым-қатынас жасау талаптарын қанағаттандыра алатын, тұлғаның жекелігін көрсете алатын және оның күшті тұстарын аша алатын ұжымдағы психологиялық қарым-қатынас жүйесінде белгілі позицияны сақтайды. Тұлғаның өзін таныту үрдісі – адамның өзін басқа адамдардың арасынан лайықты екенін тануға, өзін басқа адамдармен салыстырып теңестіруге, өзінің жекелігін адастырмауға, ұжымда өзінің рөлін көрсетуге және мүмкіндіктерін ашуға белсенді түрде тырысуы.

Сонымен қатар, сол сияқты орталарда тұлғаның өзін танытумен байланыста тек бір тұлға ғана емес, тұтас ұжымда да оның ұйымдасуына және оның қызметінің нәтижелілігінде көрінетін көптеген әртүрлі қақтығыстар, жағдайлар туындайтындығына назар аудару қажет. Ұжымдағы өзін таныту үрдісінде басқару жағдайына қалай да болса ие болуға тырысатын жағымсыз бағыттағы топтар стихиялы түрде орын алады. Әскери ұжымның мұндай әлеуметтік-психологиялық феноменінің туындауы «үлкендігін көрсету» сияқты өзін танытуға тырысумен байланысты. Осыған байланысты бөлімше командирінің жұмысы өзін танытуда өзінің бағыныштыларына көмек көрсету бойынша ұжымды басқарудың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Кез келген ұжым үшін сипатталатын басқа әлеуметтік-психологиялық құбылыс **ұжымдық пікір** болып табылады. Ұжымдық пікір – бөлімшенің (бөлім, кеме) моральдық-психологиялық атмосферасының құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл феноменнің мәні ұжымға тек бір нақты

адам әсер етіп қана қоймай (мысалы, бөлімше командирі), жеке тұлғаға ұжымның да әсер ететінімен қорытындыланады. Көптеген адамдар үшін өзіне қоршаған ортаның пікірі маңызды және соншалықты құнды сипат алады. Бұл арқылы қарым-қатынастың призмасына адам ұжымдағы өзінің орнын ойлап, ондағы өз тәртібінің ережелерін өңдейді. Сонымен қатар ұжымдық пікір нақты ұжымды ұйымдастырудың негізгі қағидаларында көрінеді. Мысалы, мұндай қағидалар әскери ұжым үшін шыншылдық, әскери борышты орындауға даярлық, жолдастық көмек пен өзара қолдау түрінде болуы тиіс. Сондықтан тәжірибелі командирлер тәрбие жұмыстарын өткізу кезінде әрқашан ұжымның пікірімен санасып, оны пайдаланады. Бірақ ескеретін жайт, ұжымдық пікірдің өзара әрекет етуінің психологиялық механизмі тек қалыпты бола бермей, тұлғаға кері әсер етуі мүмкін.

Мысалы, тек әскери қызметшілер қызметтестерінің қалып пен ережелерден белгіленген заңдар мен әскери жарғылардан тыс әрекеттерін бағалайды. Сондықтан тәжірибеде күнделікті өмірде, әскери қызметшілердің жиналыстарында жиі кездеседі. Бірден екі пікір пайда болады: біріншісі – ресми, сыртқы, ал екіншісі – ішкі, кулуарлық, сирек қолданылатын, іштегі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың жасырынуы.

Командирлер бөлімшелер мен бөлімдердегі тәртіпті ұйымдастыруды бекіту мен жауынгерлік дайындықты жоғарылату мақсатында қоғамдық күшті пайдалануы және әскери тәртіпті бұзушылармен шұғыл қарым-қатынас орнатуы тиіс. Демек, әрбір офицер ұжымның жетекшісі ретінде үнемі қоғамдық пікірді қалыптастырып, оның әрекетін жоғарылата отырып, екілікке жол бермей, оны бірыңғай етуге міндетті.

Ұжымның көпшілігі үшін маңызды әлеуметтік-психологиялық құбылыс – **ұжымдық көңіл-күй**. Ұжымдық көңіл-күй – ұжым психологиясының маңызды құрамдас бөлігі. Олар сол немесе басқа оқиғалардың, дәлелдердің бірлескен күйзелістерінде айтылады. Ол жеке адамдардың сезімдерін күшейтеді. Сондықтан ұжымдық көңіл-күйдің маңызы өте үлкен. Олар адамдардың жұмысқа қабілеттілігіне, қызметіне және тәртібіне әсер етеді. Сонымен тек көңіл-күйлер (энтузиазм, жалпы жетістікке сенім, қызығушылық, көтеріңкі, жалпы көтерілу жағдайы) ұжымның жетістігіне мүмкіндік береді, басқалар (әлсіреу жағдайы, өз күшіне сенбеу, жабырқау, жалығу, реніш немесе қанағаттанбау), керісінше, ұжымның мүмкіндіктерін төмендетеді*.

Ұжымдық көңіл-күй жауынгерлердің тәртібіне күшті әсер етіп, тәртіп пен бөлім мен бөлімшелерінің ұйымдастырушылық деңгейінде,

олардың еңбектерінің тиімділігі деңгейінде көрінеді. Командирлер – өз жұмысында ескеріп, ұжымдық көңіл-күйге сәйкес қалыптастыруда белсенділік танытуға міндетті.

Әскери ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының ажырамас бөлігі және оның психологиясы құрылымының элементіне ішкі **ұжымдық дәстүр** қызмет етеді. А.С.Макаренконың пікірінше, дәстүрлер ұжым үшін оның біртұтастығын қатайтатын әлеуметтік жабыстырғыш (желім) болып табылады. Сонымен қатар, оған өзіндік құрылуы мен ерекшелігін береді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ұжымның дәстүрі адам өзі үшін әлеуметтік ортамен сипатталатын қоғамдық тұрмыс туралы дағдыларды өзіне қабылдайтындай маңызды рөл атқарады. Демек, әрбір командир езінің бағыныштыларын тәрбиелеу үшін олардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дәстүр қалыптастыру туралы ойлауға міндетті.

Осылайша, ұжым психологиясының құрылымы – барынша күрделі және әртүрлі. Құрылымның әрбір элементінің өзіне тән ерекшеліктерге ие болуы мүмкін (мысалы, ұжым пікірі бірауызды немесе әртүрлі болуы мүмкін, ұжымдағы қарым-қатынас ұстанымды немесе ұстанымсыз болуы мүмкін, ұжымның көңіл-күйі адам белсенділігімен жоғары немесе төмен болуы мүмкін). Сондықтан қазіргі заманғы офицерде жақсы психологиялық дайындық болуы керек. Әскери ұжым мен ұжымдық психологияны біліп қана қоймай, осы ерекшеліктерді өз бағыныштыларын тәрбиелеу мен бөлімшені басқаруда пайдалана білу қажет. Ұжым психологиясының кейбір аспектілерін қарастырып көрейік.

Әскери қызметшілер арасындағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері

Жеке тұлға басқа адамдармен байланыс жасаған жағдайда ғана дамуы мүмкін. Ұжымдағы адамдардың басқа адамдармен өзара қатынасы мен нақты байланыстары тікелей қарым-қатынас жасағанда көрінеді.

Тұлғалар арасындағы өзара қатынас субъективті және объективті жағдайлардың әсер етуінен шығады. Объективті жағдайларға мемлекеттік мүдде, ұжымның сипаты мен алдын ала тапсырмалары жатады. Объективті жағдайлармен әсер ету жеке тұлғалар арасындағы өзара қатынасқа субъективті түрде жүргізіледі. Бұл жағдай тәрбиеленушілерде, сержанттар мен прапорщиктерде және офицерлерде байқалады.

Қарулы Күштер өзінің қоғамдық белгілеріне сәйкес тиімді ұйымдастыруға ие. Мысалы, қызмет әскери қызметшілерден командирлер мен бастықтарына тікелей бағынуды талап етеді. Әскери ұжымдарда шынайы өзара қатынастың ерекше құрылымы әскери іс-қимыл мен ұйымдастыруды қажет етеді. Көбінесе мынадай құрылымдарға бөлінеді:

- сыйластық қарым-қатынас;
- үйлестірушілік қарым-қатынас;
- достық қарым-қатынас.

Әрбір құрылым жеке тұлғалар арасындағы шынайы қатынасқа әсер ететін белгілі бір психологиялық аспектілерге ие болады. Әскери қызметшілердің арасындағы қатынастың психологиялық мазмұнына сәйкес олардың сәйкестігі мен сәйкес еместігін бағалауға болады. Көбінесе жарғылық талаптарға сәйкес қатынастар міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар жарғы нормаларына толық жауап бере алмайтын өзара қатынастар әскери қылықтардың болуына, әскери қызметшілердің тұлғалық қасиетінің кері дамуына жағдай жасайтын шарттар ретінде көрінеді. Сондықтан әр офицер әскери ұжымда жарғының дұрыс өзара қатынасын орнатуға тырысуы қажет.

Жарғылық өзара қатынас дегеніміз не? Ол әскери жарғыларда қойылған талаптарға, әскери қызметшілердің қатынасын реттейтін құжаттарына сәйкес қоғамдағы тұтас моральдық қағидалар жүйесі. Бұл қағидалар әскери қызметшілер тәртібінің құқықтық нормалары болып табылады.

Әскери қызметшілердің арасындағы өзара қатынастың негізгі қағидалары қатарына бірауыздылық пен қатаң сыйластық жатады. Бұл қағиданың мәні – барлық әскери қызметшілердің бастықтарға, бағыныштыларға бөлінуі; олардың құқықтары мен міндеттерін нақты белгілеу; бастықтардың бұйрық беруі, бағыныштылардың міндеттері бұйрықтар мен үкімдерді екі етпей орындау; олардың атағы жағынан үлкендігін сыйлау, әскери сыйластықты қатаң сақтау және әскери сәлемдесу ережелерін қатаң сақтау. Жарғылар бастықтан ғана емес, сонымен қатар басшылардан бағыныштыларынан әскери тәртіп талаптарын сақтауды талап етуді міндеттейді.

Сонымен қатар әскери жарғылар әскери қызметшілердің өзара қатынасында ұжымдық қағидаларды шығарады. Жарғылар әскери қызметшілерге әскери жолдастықты бағалауды, жолдастарға сөзбен немесе іспен көмектесуді, лайық емес әрекеттерден аулақ тұруды міндеттейді.

Бірақ әскери жарғылар нақты және жеткілікті түрде әскери қызметшілердің өзара қатынасын реттейді. Оның үстіне олар мүмкін жағдайларды барлығын алдын ала қарастыра алмайды. Бөлімдерде, бөлімшелерде және еңбекте табылып, стихиялы түрде және реттелмейтін жағдайлар туындаған әртүрлі қарым-қатынастар дамиды. Сондықтан әскери ұжымдағы қарым-қатынас командирлердің үнемі назарда ұстауын, әртүрлі әскери қызметшілердің категориялары арасындағы қатынас ерекшеліктері туралы білімді талап етеді.

Офицер қызметтік қарым-қатынас орнату барысында бастықтар мен бағыныштылар арасындағы өзара сенімділіктің болуына баса назар аударуы тиіс. Қазіргі заманғы ұрыс жеке құрамнан шешуші өзіндік әрекеттерді, жеке және ұжымдық құрбандыққа дайын болуын талап етеді. Жеңіске жету үшін әрбір әскери қызметші командирдің талабы мен ойын терең түсініп, оның және өзінің ұрыстық жолдасының сеніміне кіруге дайын болуы тиіс. Ұрыстық әрекеттерде командирдің сенімсіз берілген тапсырманы орындау мүмкін емес.

Сенімнің психологиялық мәніне келсек, әскери қызметші өзін лайықты сезініп, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне әкелетін, қайта тәрбиелеуде шешуші фактор болу қажеттілігімен қорытылады. Сенім әскери қызметшілермен ешқандай қатыста болмауы мүмкін. Ол моральдық қасиеттері төмен, таза еңбекке қатысты болуы өбден мүмкін. Өз кезегінде командирдің бағыныштыларына деген сенімсіздігі қызмет барысында міндетті орындау кезінде құлықтың болмауы кездеседі.

Офицер кәсіби қызметінде бұрын пікір келіспеушілігі болған бағыныштыларымен қатынас жасаудан қашуы керек. Бастықтың бағыныштыларына жағымсыз қатынасы екі формада: жағымсыз-қалыпты, жағымсыз-теріс кездесуі мүмкін. Теріс қатынас көбінесе жауынгердің тұлғалылығы мен оның тәртібінің біржақты нәтижесі болып табылады. Бағыныштыларына теріс қатынас жасаған немесе бағыныштысын қайта бағалауға тырысқан командир оның тек жаман жақтарын ғана ескереді. Сол сияқты бағыныштыларға әсер ету құралдары мен жолдары бұрыстыққа апарады. Оларда жоғары моральдық-жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыру қиындық туғызады.

Сыйластық қатынас бағыныштылардың бастықпен ашық және шынайы болуы мен командирдің талап қойғыштығын жақсы қабылдауға мүмкіндік туғызатын тілектестікпен сипатталуы тиіс. Тілектестік, достық және қол жетімділік қызметте жағымды қатынастарды қалыптастырады, үлкендер мен бастықтарға сыйлауды,

қателіктерін мойындау мен түзетуді қалыптастырады. Командирдің талап қойғыштығын күшейтеді.

Бастықтың әртүрлі формадағы адамдық әрекеттері арқылы қатынастарда бағыныштыларында өркөкіректік пайда болады. Адамдармен сөйлескенде өзін өктем ұстап, өзінің қызметтік, жеке қасиеттерін ескере отырып көрсетеді. Өркөкіректік көбінесе дәрекіліктен жеке офицерлер мен сержанттардың тактикасыздығынан туындайды. Бағыныштыларға дәрекі болу өте қауіпті. Ол әскердің дұрыс қалыптасуына кері әсер етеді. Бастықтардың беделінің түсуіне әкеп соқтырады. Ұжымда жағымсыз көңіл-күй болады. Офицердің дәрекілігі үрей мен қақтығысты туындатады. Сондықтан офицердің бағыныштыларына, тіпті ол жағымсыз болса да, дәрекілік танытуына жол берілмейді.

Әскери ұжымдағы бедел

Бедел – өзара қарым-қатынас жасаудың өзіндік формасы. Беделдің негізінде бір адамның басқа адамдарға әлеуметтік-психологиялық әсер етуін түсінуге болады. Мысалы, командирдің бағыныштыларына, мұғалімнің оқушыларға, командирдің сарбазға, ұжымның жеке тұлғаға, т.б. әсер етуі.

Бедел адамдар қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады. Оның мазмұны, әсер етудің психологиялық механизмі беделдің пайда болу сипатын анықтайтын әлеуметтік шарттарға байланысты. Кей жағдайларда бедел бір адамның басқа адамға негізделген қысымы болуы мүмкін.

Беделдің негізгі психологиялық сипаты – иландыру. Беделді адам өзін қоршаған адамдарға қатты әсер етеді. Ұжым мүшелерінің беделді адамға сенімі адамдардың бірігу мүмкіндігін жоғарылатады.

Кез келген ұжымда бір емес, бірнеше беделді адам болуы мүмкін: жетекші, мамандар, спортшылар т.б. Әрбір беделді адам ұжымға белгілі бір ерекшелікті әкеледі. Сонымен қатар беделді адамдар көп болса, жағымсыз жағдайлар туындайды: ұжымның бірлігін әлсірететін ұсақ қарсыластық, екі ойлы мәселелер, үнемі болатын қақтығыстар. Бұл сияқты қақтығыстарды өздері беделді болмаса да, беделді көрінгісі келетін тұлғалар туындатады. Сөз жалған бедел туралы болып отыр.

Көбінесе жалған беделдің мынадай түрлері кездеседі: қысымдау бүркеншік беделі, ара-қашықтық бүркеншік беделі, төкаппар бүркеншік

бедел, педантизм бүркеншік бедел, резожүйке бүркеншік беделі, бүркеншік демократиялық бедел.

Қысымдау бүркеншік беделі – бастықтың бағыныштыларын жазау арқылы бағындыруы. Бұл бедел бастық пен бағыныштылардың арасында араздық тудырады.

Ара-қашықтық бүркеншік беделі – бастықтың бағыныштыларын ара қашықта ұстауы. Олардан ресми түрде қатынас жасауын талап етеді. Жасанды бюрократиялық жолмен беделін сақтап қалғысы келеді.

Тәкаппар бүркеншік бедел – бастық бағыныштыларына формальды түрде қарайды. Өзінен тыс барлық бағыныштыларын келеке етіп, өзінің маңыздылығын көтеруге тырысады. Сынды көтере алмайды.

Кейбір бастықтар бөлімде, бөлімшеде өзінің айналасына адамдарды жинап, ұсақ дәстүрлерді ресми дәстүрге айналдырғысы келеді және соны талап етеді. Бұл беделдің түрін педантизм бүркеншік бедел деп атауға болады. Бұл сияқты бедел көбінесе келіспеушілікке әкеп соқтыратын жағдайларды туғызады.

Резожүйке бүркеншік беделі түрінде бастық өзінің бағыныштыларын үнемі үйретуге тырысып жүреді. Тәрбиелеудің мәні осы деп, бағыныштысын әбден мезі қылып, ол түсінсе де, үйретуден жалықпайтын адам.

Бүркеншік демократиялық бедел бұл беделді мейірімді бүркеншік бедел және өз жағына шығару бүркеншік беделі деп екіге бөлуге болады. Бұл стильдің қателігі – жетекші беделді жеңу үшін талапты азайту қажет деп ойлайды. Бұндай кезде жетекші тек бастапқы кезде ғана жетістіктерге жете алады. Ал түптеп келгенде ол өз абыройынан айырылады.

Бедел тек офицерге ғана тән емес екенін ескеруіміз керек. Кез келген әскери ұжымда командирлер мен бастықтарды қоспағанда, қызмет бойынша және іскери атағы бар тұлғалар беделді бола алады. Қатардағы жауынгердің беделі – оның қызметтестері ортасында ықпалы, өзінің білімімен, қабілетімен, моральдық, дене тұлғалық және психологиялық қасиеттерінің артықшылығымен ерекшеленуіне негізделген. Бірақ та біз тек қана бастықтар мен басшылардың беделі туралы айтуға қалыптасқанбыз. Беделге бұндай біржақты көзқарас әскери қызметшілерді ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеуге қайшы келеді. Бұндай қатынас офицерлер өздерінің тәрбиелік жұмыстарында әскери қызметшілердің бір-біріне әскери ұжымның бір мүшесі ретінде қалыптасуына ықпалын ескермейді, ықпал күшінің әртүрлі әсер етуін жіберіп алады. Міне, сондықтан офицер өзінің тәжірибелік қызметінде

өзінің беделінен басқа бөлімшенің басқа да әскери қызметшілерінің беделі бар екенін білуі керек.

Қатардағы әскери қызметшілер беделінің психологиялық механизмі олардың әрбіреуінің ұжымда өзін танытуға ұмтылуына бейімделген. Тұлға ұжым мүшелері ортасында, өзін күшті және әлеуметтік құнды ретінде танытатын өзінің ерекшеліктері мен қасиеттері арқылы өзін-өзі анықтауға ұмтылады. Сонымен бірге адам өзінің әлсіз, теріс қасиеттері мен нышандарын жасыруға тырысады. Бұнда өзін қоршағандар мен ұжымның пікірі бойынша құрметтеу критерийі маңызды орын алады.

Ереже бойынша, қатардағы әскери қызметшінің беделінің негізі – өзінің қызметтестері тұрғысынан құрметтеуі. Әскери қызметшіге құрмет әртүрлі сала бойынша: ұрыстық шеберлікті игеру, қызметтік тәжірибенің болуы, шенін көтеру, спортта жетістікке жету арқылы келеді.

Бірақ қатардағы әскери қызметшілер ортасында жалған беделге ие жағдайлар да кездеседі. Бұл кейбір жауынгерлердің санасында әлеуметтік немесе психологиялық жетістіктер туралы өтірік түсініктің қабылдануымен байланысты. Бұл кейбір жасөспірімдердің өмірлік тәжірибесінің жоқ болуымен, оларға адамдарда олардың сөзіне емес, ісіне қарап бағалаудың жетіспеушілігімен, қызметтесінің тұлғасындағы ең бастысын көре алу дағдысының жоқ болуымен түсіндіріледі. Сондықтан бұндай ұжымдарда қоғамдық пікірлер бедел түсінігі және әрекеттердің жалған критерийлері орын алады, жалған беделдің алғышарттары, пайда болуы мен туындауы көрінеді. Бұндай ұжымдарда кейбір жауынгерлер (матростар) өз қызметтестерінің арасында жалған беделге ие болу үшін өзінің дене күшін қолдануға тырысады. Басқа әскери қызметшілер, әсіресе егде қызметшілер басқаларды ақылмен немесе адамгершілікпен басқаруға ұмтылады.

Сонымен бірге, жалған беделдің пайда болуына әскери ұжымның ерекшелігі ғана себеп болмайды. Жалған беделдің туындауына субъективтік себептер де бар. Өйткені әскери қызметке шақырылған тұлғалардың арасында нашар және кері дағдыларға бейімдер де кездеседі. Әскери ұжымға түскен бұндай адамдар теріс сипатты істермен айналысады. Кері лидерлер кездейсоқ жағдайларда кедергі келтіріп қана қоймай, әскери бөлімшенің міндетті орындамауына дейін жеткізетін болғандықтан, командирлер жалған беделмен күресуге тиіс.

Ереже бойынша жалған беделмен күрес – педагогикалық шеберлікті, ойланып әрекет етуді талап ететін күрделі іс. Басшының

жалған беделге ие тұлғаларға қатысты ойланбай жасаған әрекеті олардың көзқарасын нығайта түседі. Әртүрлі тәрбиелік шаралар жалған беделдің түріне, оның пайда боуы мен нығаю негізіне байланысты қолданылады. Сондықтан әрбір нақты жағдайды офицер мұқият талдауы тиіс, содан кейін барып шара қолданғаны жөн. Бірақ бұл педагогикалық мәселенің ең басты шешімі – әскери қызметшілерде өмірлік құндылықтар туралы және ұжымдық пікірлерге сай келетін дұрыс түсінік қалыптастыру.

Әскери ұжымдағы ұжымдық пікірлердің психологиялық феномені

Ұжымдық пікір бүкіл ұжымның, оның әрбір мүшесінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, қоғам өмірінің әртүрлі жағдайларына ұжым мүшелерінің көпшілігінің қатынасында көрінетін бағалау пікірінің жиынтығын көрсетеді.

Ұжым пікірі – адамдар арасындағы өз ойларымен, пікірлерімен, көзқарастарымен, сезімдерімен үнемі алмасып отыру үрдісінде пайда болып және дамып отыратын әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Сондықтан ұжымдық пікір – нақты өзгерістермен өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғалық пікірлер бейнесі.

Ұжымдық пікір өз табиғаты бойынша қоғамдық сананың ерекше формасы болып табылады, ал әрі қарай көбінесе ұжымның жеке мүшелерінің әрекеті мен қимыл критерийі ретінде көрінеді. Бұл әскери қызметшінің жеке тұлғасына ерекше ықпал етеді, өйткені жеке тұлғаға қойылатын талаптар мен оның мінез-құлқы мен әрекетін бақылау мен бағалау жүйесін көрсететін ұжымдық тәрбиелік қызметтер жүзеге асады. Өз кезегінде адам мінез-құлқын қоршаған әлеуметтік ортаның талаптарына сәйкес келуге бағыттай отырып, ұжымдық пікір олардың бойында әскери-кәсіптік қызметке қажетті қасиеттерді қалыптастырады.

Жеке тұлға ұжыммен өзара әрекеттесе отырып, әлеуметтік орта жүйесін өзі басқара алады. Бұл көзқарас бойынша ұжымдық пікірді тікелей орта туралы әлеуметтік-психологиялық ақпарат көзі ретінде тұлға үшін маңызды кері байланыс жолы деп қарастыруға болады. Ол адамды басқа адамдар тарапынан оның әрекеті мен қылықтарына ақпарат береді, бұл адамды дұрыс шешім қабылдауға бейімдейді. Бұдан басқа топ адамға қатысты нақты әлеуметтік санкция қабылдайды. Ол әрбір өз мүшесінің мінез-құлқына осы топтағы бар

жүйелер нормасын үздіксіз беріп отырады. ал нәтижелері ұжымның адамға қарым-қатынас ерекшеліктерінде, құптау және мақтау немесе керісінше жазғыру арқылы көрінеді.

Ескерте кету керек, ұжымдық пікір – тек көп жоспарлы ғана емес, сондай-ақ қозғалмалы. Қозғалыста қоғамдық пікірдің қалыптасуы мен дамуын бірнеше сатыға бөледі.

Бірінші кезеңде адамдар оқиғаға күйзеледі, ол туралы сөйлеседі және оны бағалайды.

Екіншісінде өз сезімдері мен түсініктері, көзқарастары мен бағалаулары туралы алмасады. Дәл осы жерде пікірлер жеке сананың шекарасын кесіп өтеді және ең алдымен топтық, ұжымдық сипат, сосын қоғамдық санаға айналады. Пікір алмасу, пікірталас және талқылау сәттерінен бастап қоғамдық пікір қалыптасу үрдісі басталады. Ары қарай әртүрлі пікірлер талқылау тақырыбы бойынша негізгі көзқарас айналасына бірігеді және пікірталас барысында жалпы пікір қалыптасады.

Ұжымдық пікірдің толық бірлігі кейде ғана бақыланады. Нақты жағдайды бағалау қалыптасуда көп және аз тұжырымдамалар көрінеді. Бірақ пікір жетілу деңгейі әртүрлі болады және оны алып жүретіндер дұрыс жемесе теріс ұжымдық пікірдің туындауына мәнді ықпал ететін берік психологиялық сипаттағы нақты адамдар болатыны кездейсоқтық емес. Сондықтан бөлімше бастығы әртүрлі қоғамдық құбылыстарға біртұтас ұжымдық пікір қалыптастыруға қамқорлық көрсетуге тиіс. Бұған қол жеткізуге болады, өйткені ұжымдық пікір – басқарылатын, ұйымдастырылатын құбылыс.

Ұжымдық пікірді қалыптастырудың басты шартына офицердің нақты әскери қызметшілердің пікірлері мен көзқарастарына ықпал ете алу қабілеті жатады. Ең алдымен ұжымдық пікірге жемісті ықпал ету үшін оның даму динамикасын ескеру керек: адамдардың болған жағдайды бағалауы мен ол туралы күйзелу сәттерін жіберіп алмау керек. Дәл осы сәтте кейбіреулерінде дұрыс, басқаларында жалған көзқарас туады. Пайда болған жалған пікірлер басында әлсіз, сосын нығаяды, сондықтан алдын алу шараларын өткізу керек. Әрбір жеке пікір, егер ол жалпы пікірді құптайтын болса, кейде тіпті ол көптеген ұжым мүшелерінің пікірлеріне қайшы келсе де, ондай жағдайдағы адамдардың психикалық қалпы тез арада топтық немесе ұжымдық пікірге айналады.

Нақты мәселе бойынша дұрыс пікірді қалыптастыру ұжым алдында жалпы мақсаттар мен міндеттер қоюдан және ұжымға тұтас және әрбір мүшелеріне жеке нақты талап қоюдан басталады. Бұл

жердегі маңызды сәт бұл талаптарды негіздеу, олардың мәнін және мағынасын түсіндіру болып табылады.

Өртүрлі мәселе бойынша қоғамдық пікірді қалыптастырудың бір алғышарты – бағытқа қарама-қайшы келетін барлық пікірлер мен көзқарастардың негізгі тұжырымдамасын білу. Осыған байланысты қоғамдық пікірді қалыптастыру кезінде теріс ықпалды игерген тұлғалардың беделін көтеруге қажетті жалған көзқарастармен күресуге баса назар аудару керек. Бұған жетудің тиімді жолы – оның өзін қоршағандармен қатынасын қайта қалыптастыру, сол кезде тентекті құптайтын оның айналасындағылардың пікірі тез өзгереді және барлық ұжымның пікірімен сәйкес келеді, ол осы топтағы жауынгерлермен (матростармен) қарым-қатынасты қайта құруға және тәртіпсіз қызметтесінің мінез-құлқын өзгертуге қабілетті болады.

Дұрыс қоғамдық пікірді қалыптастыруға әскери ұжымдағы жағымды дәстүрлер мен көңіл-күй мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Топ дегеніміз не? Қандай топтарды білесіз?
2. Кіші топ дегеніміз не?
3. Ұжым мен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынас жасау ерекшеліктері туралы айтып беріңіз.
4. Жақын әлеуметтік орта дегеніміз не?
5. Топ дамуының негізгі деңгейлері туралы айтып беріңіз.
6. Ұжым психологиясының табиғаты туралы айтып беріңіз.
7. Сіз әлеуметтік-психологиялық климат және оның құрылымы туралы не білесіз?
8. Әскери ұжымдағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктері туралы айтыңыз.
9. Ұжымдық пікір дегеніміз не және оның қалыптасу механизмдері қандай?
10. Әскери ұжымда өзара қарым-қатынастың қалыптасуына әсер ететін факторлар туралы айтыңыз.
11. Жарғылық қарым-қатынас дегеніміз не?

12. Өзара қарым-қатынас формасы ретінде бедел туралы айтыңыз.

13. Жалған бедел туралы не білесіз? Жалған беделдің қандай түрлерін білесіз?

14. Әскери ұжымда беделдің қалыптасу механизмдері туралы айтыңыз.

15. Ұжымдық пікір және оның қалыптасу механизмі туралы не білесіз?

16. Әскери қызметшілерді қалыптастыруда ұжымдық пікірдің рөлі қандай?

17. Ұжымдық пікірдің қалыптасу әдістері мен механизмдері туралы не білесіз?

10-тарау. ӘСКЕРИ ҰЖЫМДАРДАҒЫ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР

• **Теріс қылықтар туралы жалпы түсінік.** Теріс қылықтардың түрлері. Әскери қызметшілер бойындағы теріс қылықтардың алдын алу. Теріс қылықты әскери қызметшілерге көмек көрсету.

• **Әскери ұйымдағы келіспеушілік және оларды реттеу жолдары.** Әскери ұжым арасындағы келіспеушіліктің болу және дамуының себептері. Әлеуметтік психологиялық және жеке тұлғалық келіспеушіліктер.

• **Профилактика және келіспеушілікті шешу жөніндегі әскери бөлімдерде жүргізілетін жұмыстар.** Әлеуметтік психологиялық келіспеушілікте оның басталуы мен аяқталуы. Келіспеушіліктің алдын алу үшін проблемалық жағдайды бағалау. Келіспеушілікті тиімді түрде шешу.

Теріс қылықтар туралы жалпы түсінік және оның сипаттары

Елімізде орын алған соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жергілікті тұрғындардың баршасына, оның ішінде жеке тұлғалардың психологиялық өзгеруіне әсер ете білді. Күнделікті өмірдің күрт өзгеруі, бұрынғы үйренген, сенген сенімдердің, көзқарастардың аяқтасы болуы, «тұрақтылық дағдарысы» (Б.С.Положий, 1995), «әлеуметтік көңіл-күйдің бұзылуы» (Ю.А.Александровский, 1992), «қоғамдық санадағы жекелеген қайшылықтар» (Б.В.Овчинников, 1999), «өтпелі қажетті-мотивациялық жағдай» (Б.С.Братусь, 1997) сияқты психикалық жағдайлар мен психология-психиатриялық ұстанымдардың қалыптасуына негіз болды.

Осыдан барып, психологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жасөспірімдер психологиясына бағытталуы қажет екендігінің кепілі іспеттес (Ю.В.Попов, 1991, 1994).

Мұндай мәселелердің жасөспірімдерге бағыт алуы біздің еліміздегі өмірдің көлеңке жақтары: ішімдікке құмарлықтың, нашақорлыққа берілудің, никотинге тәуелділіктің, қылмыстық әрекеттердің өсуінің, әлеуметтік-рухани байлықтың азаюының, күрт төмендеуінің жағдайына да әсер етуде.

Теріс қылықтар әрбір жеке тұлғаның денсаулығына, салауатты өмір салтына, ішкі рухани жан-дүниесінің төмендеуіне, ал ол кезегінде жеке тұлғаның өмірлік-моральдық қиындықтарға тірелуіне әкеп соғады. Қазіргі күнде теріс қылықтар саны күрт жоғарылап кетті.

Енді теріс қылықтардың бөліну түрлерін қарастырамыз.

Жоғарыда келтірілген жағдайларды есепке ала отырып, көп түрге бөлінетін теріс қылықтарды мынадай топтарға жіктеуге болады:

- **Теріс қылықтардың түрлері** (өмірге төнген қауіптер: денеге, денсаулыққа келген зақымдар, ішкі рухани әсерге тиген залалдар, болашақ әлеуметтік дамуға тиген залалдар);

- **Жеке тұлғаның тоқырау деңгейі** (мінездің бейімділігі, жеке тұлғаның психологиялық жағдайлардан тыс өзгеруі, жеке тұлға бойындағы психологиялық өзгерістер);

- **Мінездің бейімділік түрі** (гипертимді, кезеңдік, көңіл-күйге орай өзгеру, сенситивті, психологиялық құбылу, тұрақсыздық, жан-жақтылық);

- Әлеуметтік бейімделудің **кезеңдері** (тұрақты бейімділік, бөлшекті бейімділік, тұрақсыз бейімділік, бейімдіксіз).

Бірінші бөлік теріс қылықтарды анықтауға қызмет етеді. Бұл кезең бойынша адам баласының өміріне төнетін қауіптер оның өзінің іс-әрекеттеріне орай орын алады.

Денсаулыққа келетін залалдар «салауатсыз өмір салтынан» өзінен-өзі қол жұмсауға дейінгі кезеңдер аралығында кең көлемде таралады. Адамның ішкі жан-дүниесіне, рухани қажеттілігіне келетін залалдар қоғамдық жалпыға ортақ нормаларға сай келмейтін қылықтар негізінен туындайды.

Екінші бөлік жеке тұлғалардың тоқырау деңгейін анықтауға көмектеседі. Бұл жағдай жеке тұлғаның әртүрлі кезеңдердегі мінез-құлқына және жеке көңіл-күйінің ауытқуына байланысты.

Үшінші бөлік теріс қылықты мінездің әртүрлі дәрежеде бейімделу түрлерін анықтайды (А.Е.Личко, 1985, 1991).

Төртінші бөлік әлеуметтік бейімделудің кезеңдерін қарастырады. Тұрақты бейімділік патологиялық деңгейлермен қанағаттану дәрежелерін әлеуметтік функциялардың бірнеше жылдық нәтижесінде белгі береді.

Бөлшектік бейімділік кезінде адам баласы белгілі бір «әсер» негізінен өзгеруі мүмкін, алайда ол сол кезеңнен арылған соң бұрынғы қалыпты өміріне тез қайта алады. Тұрақсыз бейімділік болмайтын себеп-салдарлар негізінде әлеуметтік функциялардың бұзылуы орын алады және ол тұлғааралық қатынасқа, сондай-ақ жан-дүниеге қатер төндіруі мүмкін.

Теріс қылықтардың негізгі түрлеріне анықтама береміз.

Оның әскери өмірде көп таралған түрлеріне құмарлық, күйгеліктік, ұшқалақтық жатады.

Құмарлық түсінігі әскери қызметте ішкілікке салыну, нашақорлыққа берілу және оларға тәуелді болу сынды қылықтармен түсіндіріледі. Ол ағзаның және психиканың психобелсенді заттарға құмарлығынан және соларға деген тәуелділіктен туындайды.

Осыған қарап отырып, теріс қылықтар жиынтығын қоғамдық жалпыға ортақ нормаларға қайшы келетін, адамның эстетикалық және рухани дамуының тоқырауына әкеп соқтыратын қасиеттер деп көрсетуге болады. Өмірлік тәжірибеде кездесетін теріс қылықтардың басқа да түрлері төмендегі мысалдарда да көрсетіледі.

Сонымен қатар, жағымсыз қылықтардың да бөлшекті түрлері мен бейнелерінің арасында өзіндік айырмашылықтардың бар екендігін де атап өткен жөн.

1. Қылық – қоғамдық нормаларға қайшы келетін анағұрлым қылмыстық сипаттарға ие теріс қылықтар жиынтығы, қылық – белгілі әрекеттер негізінде нақты жағдайлардан психобелсенді заттарға ауысып кетуге әкеп соқтыратын қылықтар жиынтығы.

2. Қылық – тәрбиелер әсерінен белгілі патологиялық өзгерістер негізінде теріс қылықтардың қалыптасуы.

3. Психопатологиялық қылықтар – психикалық өзгерістер ауытқулар негізінде орын алатын теріс қылықтар.

4. Қылықтар – қарапайым өмір ағымында ерекше қасиеттер мен дарынды талант кесірінен басқа әрекеттер шеңберінде туындайтын теріс қылықтар жиынтығы.

Жағымсыз қылықтардың бөлшекті түрлері:

1. Ұшқалақтық;

2. Күйгелектік;

3. Психикалық әрекеттердің өзгеруіне әкелетін заттарды пайдалану (нашақорлық, ішімдік, т.б.);

4. Қоректену әрекетінің бұзылуы;

5. Жыныстық қатынастар әрекеті;

6. Жоғары психологиялық әрекеттер (спорттық, музыкалық және т.б. жағдайларға берілу);

7. Жоғары психопатологиялық әрекеттер;

8. Сипаттамалық-топтық қылықтар (оппозиция, тобырлық, т.б.);

9. Мінездік әрекеттер (тұйықтық, қызуқандылық, көпшілдік, т.б.);

10. Дәрекі қылықтар;

11. Тексіздік.

Теріс қылықтардың осындай түрлері мен белгілері бүгінгі күнде оларға медициналық-психологиялық тұрғыдан және алдын алу шараларын қолдану арқылы қарсы тұру керек екендігін, әртүрлі жастағы жасөспірімдердің әрекеттері мен мінез-қылықтарын толық зерттеу қажет екендігін көрсетіп отыр.

2. Әскери қызметшілер бойындағы теріс қылықтардың алдын алу.

Әскери қызметшілердің сапалы кәсіби қызметі оның психологиялық мінез-құлқының тұрақтылығына, түзулігіне тікелей байланысты.

Әскердегі психогигиена және психологиялық алдын алу шаралары мемлекеттік деңгейде өткізілетін әрекеттердің жалпы жиынтығының құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған орай әлеуметтік, биологиялық және экологиялық факторларды, әсіресе олардың психикалық ауытқуларға тигізер әсерін еліміздегі экономикалық қажеттіліктерінен бөлек карауға әсте болмайды. Сонымен қатар, әскер қызметінде де орын алатын бұндай адамның психикасына бөлім ішіндегі бұрыннан қызмет өтеп жүрген тұлғалар мен жас толықтырушылар арасындағы қарым-қатынас та әсер етеді. Әсіресе, жаңадан келген әскери қызметшілерге деже бітімінің әлсіздігі, төмен деңгейде жүргізілген жаттығулар да кері әсерін тигізеді. Бұндай әскери тұлғалар өзінің әлсіздігін әжуа ететін әскери қызметшілердің келекесін, өз бойындағы кемшіліктерді дұрыс түсінбеуі мүмкін.

Осыған орай алдын алу шараларының басты бағыты жарғылық тәртіптің әскери адам өмірінде қатаң сақталуын талап етуге негіз болады. Бұл әскери ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ, жастықтырушыларды әскери салада жұмысқа тарту олардың бұрын атқарған жеке еңбек жолдарына, шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктеріне қарай бөлуді талап етеді. Осындай тиімді қолданылған шаралар жас сарбаздың бойындағы әскери машықтың тез дамуына ғана емес, оның әскери өмір салтына да тез бейімделуіне жол ашады.

Әскери өмірдегі тағы бір басты жағдай әскерилердің әртүрлі тектен шығуы (білім деңгейі бойынша, ұлттық белгілеріне қарай және т.б.). Сондықтан бөлімдегі ахуалды өз деңгейінде ұстап тұру үшін аталмыш қасиеттерді ескерген абзал. Оқу және жауынгерлік дайындықтар кезінде олардың арасындағы қарым-қатынастар олардың араласу ерекшеліктеріне, жанжалдарды дер кезінде шешу әрекеттеріне басты назар аударылады.

Психикалық салада жүргізілетін негізгі жұмыстар жеке-басқа батысты істерге, әскери қызметшілердің жеке тәртібін бақылауға

бөлінеді. Бұндай шаралардың жемісі әскери бөлімдердегі жарғылық тәртіптің қатаң сақталуына, бөлім командирінің талабы мен атақ-абыройының биіктеуіне, әрбір тұлғаның өз міндетіне жауапты түрде қарауына негіз болады.

Әсіресе, нашақорлықпен және ішімдікпен күресу барлық деңгейде жүргізілуі тиіс. Сонда ғана заңдық, әкімшілік-тәртіптік және медициналық шаралар психологиялық алдын алу шараларымен ұштаса отырып өз жемісін береді.

Есірткі заттарының әскери өмірге енуіне оларды сырттан жеткізетін азаматтық тұлғалардың әрекеттері көп әсер етеді. Оған пошта арқылы жіберу, медициналық қоймаларды тонау, дәріханаларға ұрлыққа түсу істерін де жатқызуға болады. Олармен күресудің түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, азаматтық тұлғалар арқылы әскери бөлімдерге енетін есірткі заттармен күресуде ішкі істер ұйымдарымен, нашақорлықпен күресу орталықтарымен бірлесе отырып қызмет ету керек. Медициналық бөлімдерді тонау әрекеттері орын алмас үшін, оларға есеп жүргізу және дұрыс сақтау істері атқарылуы тиіс. Бөлімде тіркелген әрбір нашақорлық әрекеттерге қатысты бөлім командирі олардың одан әрі қайталанбауы үшін дереу арада іздестіру және тексеру шараларын жүргізуі қажет.

Бұндай шаралар іске асырылғанда кез келген әскери қызметшінің әскери қызметті тиімді әрі қауіпсіз жағдайда өтеуіне көп мүмкіндік жасайды, кепіл болады.

Психологиялық ауытқуларға ұшыраған тұлғалар әскери қызметтің қай кезеңінде болмасын белгі береді, әсіресе ол әскери өмірге енген алғашқы 3-6 ай ішінде байқалады. Сондықтан әскери өмірге бейімделу кезінде психологиялық алдын алу шаралары мен басқа да жүргізілуі тиіс жұмыстардың маңызы зор.

Алғашқы әскери өмірге бейімделу қиын болса да, одан арғы әскери қызмет төмен деңгейде өрбиді деген түсінік қалыптаспауы тиіс. Дер кезінде жүргізілген жоғарыдағы жұмыстар көптеген әскери тұлғалардың бойындағы психологиялық ауытқуларды жоюға кепіл бола алады.

Сондықтан жеке тәрбие, ұжым арқылы тәрбиелеуде, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізудің маңызы ерекше. Бұндай шаралар кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс.

Сонымен, бастапқы кезеңдерде әскери қызметшілерді тексеруде олардың әскери қызметке дейін немен айналысқанын, көмекші мектептерде болған-болмағандығын, қоғамға қарсы ұйымдарға енген-енбегендігін, қандай отбасында өскендігін білу қажет. Осындай шара-

лар нәтижесінде әскери бөлімге келген кез келген тұлға арасында ерескел тәртіп бұзушылыққа құмарлары, ішімдік пен есірткі заттарын қолданатындары не өте момын, тұйық мінезділері анықталып, ерекшеленеді. Одан кейін жас сарбаз мектепті қалай тәмамдағаны, мінез-құлқындағы ерекшеліктері, мінездемелері, әскери қызметке дейін немен айналысқандығы тексеріледі.

Ал алғашқы медициналық және психологиялық тексеру кезінде тұлғалардың тегіне, тұқым қуалайтын психикалық дерттерінің жоқтығына, жеке өмірінде жағымсыз өзгерістердің орын алмағандығына көңіл бөлінеді. Осының нәтижесінде тәртіп пен құқық бұзуға дайын, психологиялық санасын улайтын заттарға әуес, теріс пікірлерді таратуға бейім тұлғалар анықталады.

Әскери қызметін өтеу кезіндегі психогигиена және психологиялық алдын алу шараларын жүргізуде жүйкелік-психикалық бағыттарға көп назар аударылады. Сондықтан, психикалық дерттерге шалдыққан әскери қызметшілер оқу үдерісі кезінде және жауынгерлік әрекеттерді орындауда тез анықталады. Кей жағдайларда осындай әскери тұлғаларда байқалған кері әсерлерді растау мақсатында аудандық әскери бөлімдерге, мектептерге, жұмыс орындарына, оқу орындарына сұрау хаттары жіберіледі. Соған орай арнайы психологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Әскери қызметке өте қиын бейімделуге алғашқы кездегі әдеттенбеген күн тәртібі, еңбек және демалыс уақытының бұзылуы, жауынгерлік әрекеттер мен кезекшіліктің әсері, тамақтану уақыттары және физикалық салмақ пен күштің бірден артуы да көп ықпал етеді. Сондай-ақ, жағдайлар да әскери өмірдің өзіндік ерекшеліктерімен, соған орай әртүрлі деңгейдегі теріс қылықтардың орын алуымен түсіндіріледі. Көрсетілген жағдайлар бейбіт өмірге де және күнделікті өткізілетін жауынгерлік дайындықтар мен төтенше оқиғалар әсерлеріне тікелей қатысты болып келеді.

Психогигиена және психологиялық алдын алу шараларының қолданылуы жеке құрамның психологиялық тұрақтылығын, санасіздіктің беріктігін қамтамасыз етеді.

Психологиялық шаралардың мақсаты – жеке құрамның психологиялық тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттілігін сақтау мен бекіту болып табылады.

Психологиялық алдын алу шаралары – психикалық ауытқуларды есепке ала отырып, жеке құрам арасына тараған көптеген ішкі келеңсіз дерттерді емдеуге, солардың алдын алуға арналған әрекеттер жиынтығы.

Психогигиена және психологиялық алдын алу шараларының әскердегі міндеттері төмендегідей жағдайларға байланысты:

- жеке құрам арасындағы психикалық ауытқулардың салдарын зерттеу, әскери қызметтердің жүйкелік-психикалық тұрақсыздығын алдын алу шараларын және әскери қызметтегі психикалық ауытқуларды реттеу әрекеттерін жасау;

- бұрыннан көзге түскен психикалық ауытқулары бар әскери қызметшілерді толыққанды зерттеу;

- психикасы бұзылған, сол белгілер жиі байқалған әскери қызметшілерді есепке алу, бақылау және емдеу;

- жауынгерлердің ұрысқа бейімділігі мен еңбекқорлығын арттыру мақсатындағы физикалық және психикалық салмақтарды жоспарлы түрде бөлу ісін дамыту;

- кәсіби қызметтегі жоғары деңгейдегі эмоцияға берілген әрекеттердің алдын алу;

- жарақаттық жағдайлар әсерінен ауытқыған әскери қызметшілерге психологиялық және дәрігерлік көмек көрсету;

- әскери және медициналық психологияның анағұрлым өзекті мәселелерін әскери қызметшілерге терең түсіндіру, жеткізу;

- психогигиена және психологиялық алдын алу шараларының өзекті мәселелерін өңдеуді ғылыми тұрғыда іске асыру.

Әскери өмірдегі психологиялық алдын алу шаралары былай бөлінеді:

- түрі бойынша – алғашқы, екінші, үшінші;

- шаралардың сипатына қарай – әлеуметтік-экономикалық және медициналық;

- деңгейі бойынша – мемлекеттік, қоғамдық және жеке басқа қатысты;

- жұмсалатын күштер бойынша – командирлер өткізетін, әскери қызметшілердің жауынгерлік дайындықтарын, әскери қызметтерін, оларды тұрғын үйлерге орналастыру жағдайлары мен қаржылық мәселелерді, азық-түлік пен киім-кешектік қамтамасыз ету бағытындағы;

- бөлімдер мен бөлімшелердегі тұрақты моральдық-психологиялық жағдайды қалыптастыруға және қолдауға;

- әскери қызметшілер арасындағы психикалық ауытқулардың деңгейін, жағдайын зерттеу;

- шекаралық психикалық патологияға басшылық ететін әскери қызметшілерге психологиялық көмек көрсету шараларын жүргізу;

- психогигиена және психологиялық алдын алу шаралары туралы санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық сауықтыру тобының басты міндеті – командирлер мен олардың орынбасарларымен, медицина қызметі бойынша жауапты тұлғалармен кешенді психологиялық алдын алу шаралары туралы жұмыстар өткізу.

Медициналық-психологиялық бөлімнің мамандары, әсіресе психологиялық сауықтыру тобының мамандары өз жұмыстарын әскери бөлімдердің бастықтарымен, ішкі және одан тыс орналасқан бөлімдердегі дәрігерлермен бірлесіп отырып жүргізеді. Осы аймақта қызмет атқаратын көмек көрсету арнайы шараларына қарамастан, әскери қызметтегі басты жауапкершілік пен салмақ бөлім офицерлеріне жүктеледі. Бөлім офицерлері әскери қызметшілер арасында орын алған психологиялық ауытқуларды есепке алу, оларды бақылау және дер кезінде емдеу шараларын жүргізе білулері тиіс. Сол үшін медициналық бөлімдерде алғашқы кезекті бақылау тексерістері жүргізіледі. Осыған қарамастан бөлім офицерлері төмендегідей әскери қызметкерлер санатына баса назар аударуы тиіс:

- Әскери қызметке аса қиын бейімделген әскери қызметшілерге;

- Жүйкелік-психикалық ауытқулар байқалған тұлғаларға;

- Ішімдікке, нашақорлыққа және басқа да ағзаны улайтын заттарға әуес тұлғаларға;

- Теріс пиғылды тұлғаларға;

- Жанжалға құмар тұлғаларға;

- Миына зақым келген, жүйке жүйесі бұзылған, әртүрлі психикалық дерттерге шалдыққан тұлғаларға;

- Жауынгерлік дайындыққа үлгермейтін тұлғаларға;

- Әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан төмен дамыған тұлғаларға;

- Психологиялық тест сұрақтарынан төмен баға алған, 3 және 4-топқа жатқызылатын тұлғаларға.

Осындай әрекеттермен айналысатын тұлғаларды анықтау үшін оларды күтпеген кезде, мысалы, кешкі тексеріс кезінде, жұмыс орындарында, қызмет атқаратын жерлерінде тексеру қажет. Әрқашанда есірткі заттары алдымен бірінші ретте ұжымдық тұрғыда, көпшіліктің қатысуымен орын алатындығын және көптеген тұлғалардың оларды жасыра алмайтындығын ескеру қажет. Сондықтан әскери қызметшілермен тілдескенде олардың сырт келбетіне, кескініне, ішімдік ішу белгілерінің байқалмауына назар аударған жөн. Әскери қызметшілердің бұндай әрекеттермен айналысуы жанама белгілер бойынша, мысалы: қызметіне салғырт қарауы, көңіл-күйінің бұзылуы,

болбырлық, ұйқысынан айырылуы, ортадан алшақтауы, тез жүдеуі, жүкелік дерттерге шалдығуы сияқты белгілерден де байқалуы мүмкін.

Нашақорлық заттармен ұсталған кез келген тұлға командирлер мен медицина қызметкерлерінің тізімінде, есебінде тұруы тиіс. Бұл мақсатта жыл бойына арнайы тексерулер жүргізіледі. Бөлім дәрігері бір айда бір рет, психиаторлық кеңес үш айда екі рет өткізіледі. Тексеру қорытындысы міндетті түрде медициналық кітапшаларға тіркеледі. Бір жыл ішіндегі қайта тексерулерден өту кезінде есірткі заттарын бұрын қолданған тұлғалар таза болып шықса, олар психиатрдың қорытындысы бойынша емхана орталықтарындағы тіркеу есебінен алынады.

Керісінше, тағы да есірткі заттарын қолдану белгілері байқалса, дәрігердің не фельдшердің басшылығымен психиатрдың қарауына өтеді. Сол арада аталмыш әскери қызметшінің әскерге жарамды не жарамсыз екендігі анықталады. Қызметтік және медициналық мінездемелерде кеңестер беру кезінде нашақорлықтың деңгейі, түрі, тәсілі, сипаттамалық ерекшеліктері есепке алынады. Сондықтан бір рет болсын наша қолдану белгілері байқалса, ол психиатрға жолдануы мүмкін екендігін естен шығармаған абзал.

Тәрбие ісі жөніндегі командирлер мен олардың орынбасарлары өзінің күнделікті қызметі барысында 18-20 жас аралығындағы жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктерін, кез келген құбылысқа тез еліктейтіндігін, әртүрлі жағдайларға жылдам бейімділігін, әлеуметтік өзгергіштігін, өмірлік тәжірибесінің аздығын, қиын мәселелерді шешу қабілетінің төмендігін ескеруі тиіс. Жас толықтырушылар құрамы келіп түскенде олардың тәрбиелік деңгейін, жанұясында өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің болмағандығын, туған-туыстарын тексеру қажет.

Өйткені, әскери өмірдегі өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің орын алуы көптеп кездеседі. Олардың алдын алу ісі тәрбиешілердің, психологтар мен офицерлердің, медицина қызметкерлерінің басты міндеттері болып табылады.

Қызбалыққа салынып, жағымсыз әрекеттерге тез баратын істерді анықтау кезінде төмендегі әскери қызметшілер санатына баса назар аудару керек: тұқым қуалау негізінде психикалық ауытқулары бар тұлғалар, жанұясында өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері болған әскери қызметшілер;

отбасы мүшелері толық емес, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан тұлғалар;

- физикалық және ішкі жан-дүниесі әлсіз тұлғалар;
- миына зақым келген, көңіл-күй жағдайы тұрақсыз тұлғалар;
- бұрын нашақорлық, ішімдік заттарына әуес болған тұлғалар;
- момын, шектен тыс тұйық, көңіл-күйі тез өзгергіш тұлғалар.

Жоғарыда аталып көрсетілген әскери қызметшілер үнемі қадағалап отыруды, әсіресе алғашқы бейімделу кезінде қатаң бақылауды қажет етеді.

Сонымен қатар, әскери бөлімдерде жағымсыз, кертартпа пікірлер таратып жүрген, психологиялық тест сұрақтары бойынша ауытқу белгілері сезілген әскери тұлғалар міндетті түрде өз уақытында психологтардың кеңесіне, стационарлық тексерулерге, психиатрдың қарауына жіберілуі тиіс.

Өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін тек анықтау және тіркеу істері аясында калып қоймауы керек.

Сол орайдағы басқа да шаралар қатарына мыналар жатады:

- барлық өзіне-өзі қол жұмсау қылмыстары туралы жан-жақты деректер мен ақпараттарды жинау;

- өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің қай кезде, қай мезгілде, қай уақытта орын алуы мүмкін екендігін, олардың сипатын анықтау, оларға әсер ететін жағдайларды, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды білу;

- жеке құраммен жүргізілген жеке тәрбиелік жұмыстар, олардағы күйзеліс жағдайының төмендеуі, әскери ұжымдағы өзара қатынасты жақсарту істері бойынша шаралар атқарған офицерлердің істерін анықтау, олармен танысу;

Әскери бөлімдердегі өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алудың нақты міндеттері мыналар:

- өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің уақытында танып-біліп, оларға жол бермеу);

- әскери қызметшілер арасында бұрын орын алған жағдайларды білу;

- диагностикалық мәселелерді шешу және емдеу, алдын алу шараларын қажетті деңгейде өткізу;

- әскери қызметшілердің күйзелістік және өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің алдын алу және оны болдырмау мақсатында шаралар атқару.

Алғашқы психологиялық алдын алу шаралары адам ағзасына кері әсер ететін және оның психологиялық жағдайына психикалық дерттер мен олардың алдын алу істері туралы мәселелерді анықтау жүйесі. Бұндай шаралардың мақсаты – ортаның жағымсыз факторларына

Бұл кезеңге жататын әрекеттердің маңызы – әскери қызметшілердің денсаулығын сақтауға қатысты әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қызметтік әрекеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін жоғарылату. Бұнда медицина қызметі негізгі емес, жанама мағынаға ие. Ал бөлімше офицерлері мен психологтарының рөлі басым. Психологиялық ауытқулары байқалған әскери қызметшілерді дер кезінде анықтай алу аталмыш мәселелердің алдын алуға ғана емес, сондай-ақ, әскери тәртіпті күшейтуге және психологиялық жағдайларды еркін дамытуға зор өсерін тигізеді.

Екінші кезең – анықталған және қалыптасып үлгерген психикалық дерттердің, бұзылған әрекеттердің жағымсыз қылықтарының алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы. Яғни, әскери қызметшілер бойында енді қалыптасып келе жатқан психикалық дерттердің жағдайын ертерек емдеу әрекеттері. Бұл кезеңде медицина қызметкерлерінің жұмысы мен күш-құралдарының тиімділігі басым.

Үшінші кезең – ауру анықталып, созылмалы жағдайға ие болған кезде және мүгедектік жағдайға жеткенге дейінгі әлеуметтік жағымсыз дерттердің алдын алу.

Екінші және үшінші кезеңдерде негізгі салмақ медицина қызметкерлеріне түсетінін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта әскери қызметкерлерге психологиялық көмек көрсету емдеу-бақылау ісіне тікелей байланысты. Осы мәселелерді шешу үшін төмендегідей шараларды іске асыру қажет:

- әскери қызметкерлердің психикалық тұрақтылығын, денсаулығын сақтауға жауапты арнайы мамандардың тығыз байланыста әрекет етуі;
- психогигиена және психологиялық алдын алу шараларына жауапты бірігуін қамтамасыз ету;
- әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын қорғау мәселесіне қатысы бар денсаулық сақтау базалары мен психологиялық орталықтарды құру;
- психикалық көмек көрсетудің мамандандырылған түрін дамыту.

Міне, сондықтан да, әскери қызметшілер арасындағы теріс қылықтардың алдын алу шаралары тек психолог, дәрігер, бөлім және бөлімше командирлері сияқты әртүрлі саланың мамандарының бірлесе отырып еңбек етуі кезінде ғана жүзеге асатынын естен шығармауымыз керек.

Әскери ұйымдағы келіспеушілік және оларды реттеу жолдары

Өкінішке қарай, кез келген адамдар арасында келіспеушіліктер болып тұрады. Қазір әскери бөлімдерде де түрлі келіспеушіліктер көбейіп келеді. Осы келіспеушіліктер әскери ұжымның әскери дайындық сапасы мен дәрежесіне айтарлықтай өсерін тигізеді. Әскери ұжымдағы келіспеушілікті дер кезінде шешу ғана әскери ұжымдағы әскери дайындыққа ғана емес, олардың өзара ара-қатынасына жақсы өсер береді.

Келіспеушіліктің жалпы сипаттамасы, оның негізгі себептері:

Әскери конфликтологияның әртүрлі жағдайда шығу ортасы әскери психология, ал оның амалы – келіспеушілікті уақытысында шешу. Осы тұрғыдан алып қарағанда келіспеушіліктің екі түрі анықталады. Олар:

1. Әлеуметтік келіспеушілік
2. Өзара келіспеушілік

Өзара келіспеушілік әскери адамның қатынастарының ішкі қобалжуы, сол келіспеушіліктің шешілуін талап етеді.

Әлеуметтік келіспеушіліктің астарында әскери ұжымның арасындағы қарқынды дамыған келіспеушілік елестейді және сол адамдардың бір-біріне деген көзқарастарын түгелдей өзгертеді.

Өзара әскери келіспеушіліктер бөлімдерінің бірқатар ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер бірлесіп істеген жұмыста жалған айту есебінен болады. Соның өзінде осындай әскери ұжымдағы болатын келіспеушіліктер көбінесе бастық пен оның қарамағындағылардың арасында болады.

Бастық пен оның қарамағындағылардың арасында неге келіспеушіліктер дәрежесі өте жоғарғы, оның себебі неде?

Ең бастысы, осы келіспеушіліктер тек қана дәрежесі жоғары және төмендегілер арасында кездеседі. Екінші себебі, ол қызметкерлердің толықтай бастықтарына тәуелді болуы. Үшіншіден, шешілуі қиын мәселелерді қысқа уақыт мерзімінде шешу қиынға түскендіктен, бастық мен қызметшінің арасында келіспеушіліктер туындайды.

Келтірілген мағлұмат бойынша әскери ұжымда психологиялық тұрғадан хабары бар командир үшін ол тек қана «бас ауруы емес», келіспеушіліктің даму жолы да болып келеді.

Өзара келіспеушілікті зерттеу үшін мамандар көптеген әлеуметтік амалдарды қолданады: қарау, социометрия, сұраулар, ретроспектикалық келіспеушіліктің талдауы, құжаттармен танысу, эксперимент.

Әскери ұжым арасындағы келіспеушіліктің болу және дамуының себептері:

- Объектілер;
- Ұйымды түрде басқару;
- Әлеуметтік психологиялық;
- Тұлғалық.

Бірінші және екінші себептер объективті, ал үшінші және төртінші себептер субъективті.

Әскери психологтармен жүргізілген анализ бойынша нағыз өзара келіспеушіліктерді анықтау көрсеткіші бойынша, көбіне объективті себептер әсер етеді.

Әскери қызметкерлердің жұмыстары ұжымдық жұмыс болғандықтан, олар көптеген мәселелерді бірге шешеді. Үнемі бірге жұмыс істегендіктен олардың талғамдары да сәйкес келетін кездер аз емес. Бұл талғамдардың жақындасу кезеңі, себебі бұл талғам мен арман оған тәуелді болмайды және де келіспеушілікті туындатады.

Мысалы, егер бастық өзінің қызметкерінің намысына тиетіндей сөз айтса, онда қызметкер өзінің намысын қорғау үшін келіспеушілік әрекетін жасайды. Біздің қоғамда өзiрге эффекивті стандартты, бәріне танымал келіспеушілікті шешу амалдары жоқ. Қызметкер міндетті түрде бастығының дұрыс емес әрекетіне шағымдануына болады. Әлбетте мұндай шағымданудың маңызы жоқ болғандықтан, мұндай шағымдануды қызметкерлер көп қолдана бермейді. Көбінесе келіспеушілік кезінде қызметкерлер бой бермейді немесе техниканың және қаржының жетіспеуі келіспеушілікке алып келеді.

Айтылғандардан басқа да көптеген объективті себептер келіспеушілікті тудырады, келіспеушіліктің мұндай себебінің бірі – экология.

Мысалы, американдық психологтар жүргізген эксперименттер бойынша ыстық күнде адамдар арасында келіспеушіліктер салқын күнге қарағанда көбірек болады.

Екінші топты ұйымды басқару түріндегі келіспеушіліктер және олардың сипаттамасы субъективті болып табылады және олар мына топтарға бөлінеді:

1. Келіспеушіліктің ұйымды құрылысы, біріншіден, қателіктерден, екіншіден құрылыстың құрылуының қиындауынан.

2. Келіспеушіліктің функционалды ұйымының себебі, әскери ортаның сыртқы қоғаммен қарым-қатынасындағы қиындықтар, әскери ұжымның элементтері немесе жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас.

3. Келіспеушіліктердің жеке функционалды себептері толық әскери адамның алатын орнында. Кез келген жұмыста, әсіресе әскери жұмыста адамның өз жұмысын білуі талап етіледі, егер солай болмаған жағдайда келіспеушіліктер туындайды.

4. Келіспеушіліктің жағдайды басқару үстіндегі себептері, басқарушылар мен қызметкерлердің арасында болады. Қате шешілген басқару объективті түрде келіспеушілікті сол қателікті ойлап табуымен орындаушы арасында болады.

Әлеуметтік психология келіспеушіліктің себептері ретінде әскери адамның әскери қоғамға әсерін айтады. Келіспеушіліктің жеке тұлғалық себептері адамның жеке бас қасиеттерінде. Жоғарыда берілген келіспеушіліктің төрт себебінің өзара шекарасы әлі де анықталған жоқ.

Адамдардың бірін-бірі дұрыс түсінбеуі келіспеушіліктің негізгі себебі болып келеді.

Әлеуметтік психологиялық келіспеушілікке адамның ойланбай істеген жағдайлары жатады. Мысалы, әкесі мен баласы арасында немесе командир мен солдат арасындағы әңгімеде бәрі де өз араласу стилін таңдайды. Егер баласы солдат болуға келіссе, онда арақатынас келіспеушіліксіз бола береді.

Әскери адамдар қиын мәселелердің жан-жақты екенін білуі тиіс. Осындай мәселелерге әскери адамдар жан-жақты қарап шешімін табуға тырысады. Сөйтсе де, олар әртүрлі бағалайды.

Адамдардың арасындағы келіспеушіліктің бірден-бір себебі, адамдардың бір-біріне деген көзқарасының дұрыс болмауында жатыр.

Келіспеушілік талдауы бойынша адам басқаларды бағалай отырып, сол басқалардың істеген ісіне көңілі толмайды және өзінің қорытындылары бойынша нашар істеген адамның жұмысымен теңестіреді.

Келіспеушілік себептерінің бірі – әскери адамдар арасындағы психологиялық сәйкессіздік. Осы психологиялық сәйкессіздік бойынша тағы да төрт келіспеушіліктің себептері туындайды, олар:

- Психофизиологиялық;
- Жеке тұлғалық;
- Психологиялық;
- Әлеуметтік психология және әлеуметтік.

Адамдар психологиялық сәйкессіздігі жөнінде, әскери адамдар арасында елестер, адамның бойы (рост), салмағы дене бітімі (телосложение) және басқа қасиеттері ұнамаған жағдайда ғана талқылауға түседі.

Индивидуалды-психологиялық сәйкессіздік бірге жұмыс істейтін адамдардың мінездерінің және әрекеттерінің сәйкес келмеуінен туындайды. Әлеуметтік психологиялық сәйкессіздік кезінде адамдардың өміріндегі ең басты идеал мен өмірлік бақытында сәйкессіздік пайда болады.

Әскери адамдар арасындағы келіспеушілікке психологияның да әсері өте зор. Психологтардың зерттеуі әскери бөлімдердегі келіспеушіліктердің туындау себептерін де көрсетеді. Егер әскери адамдардың ара-қатынасы нашар болса, онда келіспеушіліктер көптеп туындайды, егер келіспеушіліктер көп болса, онда қарым-қатынас та нашарлай түседі.

Әлеуметтік психологиялық және жеке тұлғалық келіспеушіліктің тағы да бірқатар себептері бар. Оларға топаралық фаворитизм жатады. Оны былайша түсіндіруге болады: Мысалы: өзінің тобындағы бір адам басқа бір әлеуметтік қоғамның мүшесі болуын соның топтастары қалайды, екінші бір басқа топ тура солай істейді, осы екі топтан шыққан әлеуметтік топтың мүшелері бір-бірінің бәсекелестері болады да, келіспеушіліктер сол екеуінің арасында туындай бастайды.

Жоғарыда айтылғандай келіспеушілік жағдайы ең қиын әлеуметтік мәселе болып алдыға шыға келеді. Келіспеушілік әлеуметтік-психологияның дәрежесінің төмендеуіне әкеліп соғады. Ал осы мысалдағы әр жеке тұлға келіспеушілікке әкелмейтін он түрлі амал-айла бар екенін білмейді.

Жеке тұлғалық және тұлғааралық келіспеушіліктің пайда болуы адамдардың адамгершілік қасиетінің молдығымен, немесе керісінше, төмен болуымен байланысты. Осы қасиеттері бойынша жеке тұлғаның адамгершілік қасиетінің төмен, я болмаса жоғарылығы мына факторлардың әсерінен болады: болашақта орындайтын істері (идеалды перспективалық мақсат); сол адамның бақыттылығында істейтін субъективті әрекет; сол жеке тұлғаның өзіне-өзі баға беруі.

Профилактика және келіспеушілікті шешу жөнінде әскери бөлімдерде жүргізілетін жұмыстар

Әскери бөлімді басқару жолында келіспеушіліктерді бақылап, оларды болдырмау әскери бөлім өміріне зор үміт әкелетіні сөзсіз.

Келіспеушілікке келген офицерлер сол келіспеушіліктің сипаттамасы кісі үшін болғандығын және сол келіспеушіліктің жан-жақты әрбейтіндігін естерінен шығармауы тиіс. Осы ережелерді білетінін

офицердің өмірде қаншалықты жан-жақты екенін, өмірлік тәжірибе дәрежесінің қаншалықты екенін білуге болады. Келіспеушілікті басқару – әрбір адамның қолынан келе бермейтін әрекеттердің бірі.

Сондықтан келіспеушілікті уақытында шешкен жөн. Келіспеушілік жөнінде профилактика жүргізу тиімдірек.

Әлеуметтік психологиялық келіспеушілікте оның басталуы мен аяқталуы болады. Сондықтан әлеуметтік-психологиялық талаптар келіспеушілікке профилактика қажет екендігін түсіндіреді. Әр солдат, курсант, прапорщик, офицер бір-біріне үлкен-кіші рөлді сақтай алады және оған әр адамның психологиялық дәрежесі әсерін тигізеді. Егер жоғарыда айтылған рөлдерді таңдап, бірақ сол рөл келіспеушілікке әкелмейтін болса, онда сол адамның қандай екенін бірден білуге болады.

Бірге жұмыс істеу барысында әскери адамдар нормативті жұмыстан басқа, бір-біріне борышты өтеу кезінде жедел жұмысты орындау кезінде көмегін көптеп тигізеді.

Келіспеушіліктің алдын алу үшін проблемалық жағдайды бағалау керек және тезірек шешуге тырысу керек. Проблемалық жағдайда әсер етуді екі бағытпен істеуге болады: өзінің тәрбиесіне әсер ету және екінші адамның психологиясына және тәрбиесіне әсер ету арқылы. Екінші амал қиындау болып келеді. Әскери адамның келіспеушіліктің алдын алуы оның адамдармен дұрыс араласа алуында. Ең бастысы, соны дер кезінде түсіну, содан кейін жағдай қиындай түсіп, оны ми ақылмен шешу керек немесе тоқтату керек. Келіспеушіліктің өршігенін адамның мимика, беттің қызаруы, ишара, мазмұнынан білуге болады. Келіспеушілікті тоқтату немесе келісімге келу, мәмілеге келу немесе оның да айтқаны бір жағынан дұрыс екенін айту немесе келіспеушілікті өзілге айналдыру қажет, әңгіменің тақырыбын ауыстыру, оның дегеніне жол бермеу керек, егер жол берген жағдайда да келіспеушілік өрши түссе, оған сіздің мәселеге жан-жақты қарамағаныңызды айту және бұл мәселені кейінге қалдыруды өтіну керек.

Осындай келіспеушіліктен жаңағы адамның психологиялық жағдайы бір күн бойына өртүрлі нәрсенің басымдылығымен өзгереді. Жұмысындағы жақсылық шаршау дәрежесі, қызметтес адамдармен араласуы, ағзаның физиологиялық жағдайы, осының барлығы да адамның психологиясына әсер ете отырып, бағанағы келіспеушілікке зор кері әсерін тигізеді. Әр әскери адам өзінің жағдайына баға бере отырып келіспеушіліктің алдын алады және өзінің ашуына бой бермейді.

Негативті эмоциялар – келіспеушілікке әсер ететін ең негізгі фактор. Негативті эмоциялар минималды болу үшін болған жайттарды болжап біліп отыруы міндетті.

Келіспеушілікке бейім әскери адамдар, кез келген нәрсе үшін ұрысады. Келіспеушілікке бейімділік адамға кері әсерін тигізеді. Келіспеушілік қарсы тұратындардың санында міндетті түрде әскери адамдар мен психологтар болуы тиіс. Келіспеушілікке қарсылық мына факторларға байланысты:

- психофизиологиялық (эмоциональды тәуелділік);
- когнитивтік (психикалық тану үрдістері);
- мотивациялық (араласу барысындағы араласу стилі);
- әлеуметтік психологиялық (жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі, қасындағылармен стереотипті қатынас).

Келіспеушілікті тиімді түрде шешудің бір тәсілі – екінші адамға араласу барысында реалистік көзқарас таныту. Мысалы: егер рота офицерінің жазуы (почерк) түсініксіз болса, онда сол офицерден құжатты толтыруын сұрау жөн емес, оған қоса ондай сұраныс келіспеушілік тудырады. Егер әскери қызметкерде есте сақтау жағы нашар болса, онда оған жадыда сақталатын жұмыстарды берудің қажеті жоқ. Егер қызметшінің мінезінен бір қылығы ұнамаған болса, сол қылықты жоюға екі мүмкіндік бар. Олар: сіз сәт сайын оның сол қылығын есіне түсіруіңіз керек және де сол қылықтың оны жақсы адам екенін көрсетуге мұрша бермейтіндігін қоса айтқан жөн. Жаңағы сөздермен оның қателігін нұқи бергенше, оған сол қылықты жөндеуі, яғни өзгертуі үшін оны алдына мақсат қою керек.

Әр адамға келіспеушілік кезінде екі адамның көңілінің бұзылатындығын естен шығармау керек. Жанжалдың алдын алу үшін қарсы жақтың көңілінің қаншалықты қарсы екенін білу керек.

Мәселені шешу кезінде келіспеушіліктің эмоциялы жақтары пайда болады. Келіспеушіліктің алдын алу үшін екінші адаммен сізге қажет мәселені шешу үшін араласу қажет. Бірақ сол бір уақытта бір емес, бірнеше қиындау келген мәселені шешу жөн емес, ол келіспеушілікке алып келеді.

Мәселені шешу барысында егер сізге бірқатар мәселені шешу керек болса, онда ең жеңілінен бастап, бірте-бірте қиынына көшу ойға қонарлық нәрсе. Егер сіздің оппонентіңіз шешімді дұрыс қабылдамаса, онда өзіңіздің шешіміңізді жариялауға асықпаңыз. Егер сіз оның намысына тиерлік нәрсе айтқан болсаңыз, ол келіспеушілікке алып келеді және олай істеуге тырыспаңыз. Егер сіздің екінші адаммен ыз ресми, тек қана бірлесіп жұмыс істеу мақсатында

ғана болса, онда келіспеушілік мүлдем болмауы да мүмкін. Егер сол адам сізге жат, тек қана ресми болса, келіспеушілік мүлдем сіздің өміріңізден орын алмайды. Келіспеушілікті шешу жөнінде әскери профилактика жүргізу қажет.

Келіспеушілікті шешу әскери адамдар арасында тек қана ресми болғаны жөн. Келіспеушілікті шешу екі жақтың да белсенділігін талап етеді. Көбінесе келіспеушілікті шешу екі жақтың бір-біріне деген қарым-қатынасын өзгертуден басталады. Келіспеушілікті басқарудың келіспеушілікті шешуден бір ғана айырмашылығы бар. Ол – әскери адамдардың арасында үшінші біреудің қосылуы.

Келіспеушіліктің ұмытылуы екі жақтың да бұл мәселені ең болмағанда біраз уақытқа ұмытуында. Келіспеушіліктің ұмытылуы:

- Бір-біріне қарсыласуды мотивациялы түрде тоқтату;
- Екінші жақтың басқа істерді орындауы;
- Күресу үшін күштің болмауы нәтижесінде болады.

Келіспеушілікті ұмыту кезінде келіспеушіліктің структуралық элементтерін ұмытудан басталады. Келіспеушілікті мүлдем жою үшін төмендегідей амалдарды ұстану қажет:

- Келіспеушілік үшін әскери адамның басқа әскери бөлімшеге кетуіне, жұмыстан мүлдем шығып кетуіне тура келеді;
- Келіспеушілікке келген адаммен кей жағдайларда бірге іссапарға жіберуге тура келеді;
- Келіспеушілікке келген адамды жою (әрине мүлдем көзін жою емес).

Ең бастысы, сол келіспеушілікті шешу барысында мәселе (проблема) шешімін табуы қажет; себебі келіспеушілік сол мәселе үшін болды емес пе?

Келіспеушіліктің шарттары мен оны сәтті шешудің көбіне психологиялық сипаты бар, себебі әскери адамдардың ерекшеліктерін толықтай көрсетеді.

Келіспеушілікті тоқтату бірінші және нағыз жанжалдың сәтті шешілуіне алып келеді. Егер екі жақтың біреуі қарсыласуын тоқтатпаса, онда келіспеушілік те тоқтатылмайды. Мәселе үшін туындаған келіспеушілікті бір-бірімен хабарласып отырып шешкен жөн, себебі күш біріксе, нәтижеге жеткізеді.

Бұл өмірде мүлдем жақсы немесе мүлдем жаман адамдардың әлеуметтік тобы болуы мүмкін емес. Әр адамда оң және теріс қасиеттер болады.

Мәселені объективті түрде талқылау келіспеушіліктің мәнін түсіну, келіспеушілікті шешуге мүмкіндік береді. Егер қарсыласып отырған екі

жақтың бірі өзінің ғана қамын ойлайтын болса, онда келіспеушілікті шешу қиынға соғады.

Әскери адамдар өз күштерін біріктірген кезде бір-бірінің дәрежесіне қарай отырып, келіспеушілікті шешулері қажет.

Маңызды жайттың бірі – келіспеушілікті оптималды түрде шешу. Келіспеушіліктің сәтті аяқталуына мыналар жатады:

- Уақыт. Уақыттың мөлшері мәселені шешуге, позиция мен қызықты нәрселерді талқылауға, шешім шығаруға керек.

- Үшінші жақ. Оппоненттерге мәселені шешуге бастықтар, командирлер, нейтралды адамдар көмегін тигізеді. Көптеген зерттеулер келіспеушіліктерді үшінші жақ шешуге көмегін тигізетінін растап шықты.

- Өз уақыты. Келіспеушілікті өз уақытында шешкен жөн. Жай ғана логика, аз қарсыласу, аз шығын, аздаған реніш және де үлкен үміт келіспеушілікті шешуге жол ашады.

- Мәдениет. Екі жақтың мәдениеттілігі келіспеушілікті зорлық-зомбылықсыз шешуге мүмкіндік береді.

- Құндылықтар. Екі жақ та өздерінің құндылықтарын таразылап, шешімге келуі тиіс.

- Тәжірибе (мысал). Екі жақтың біреуінің өмірлік тәжірибесі болса, онда келіспеушілікті шешу оңай болады.

- Қарым-қатынас. Екі жақтың арасындағы жақсы қарым-қатынас келіспеушілікті мүлдем жояды.

Келіспеушіліктен шығудың стратегиясы оппоненттің соңғы кездегі тәрбиесіне байланысты болып келеді. Бірден бөлініп шығатын 5 стратегия: бәсекелестік; компромисс; бірлескен қарым-қатынас; бейімділік пен т.с.с. (К. Томас)

Бәсекелестік – екі жаққа қарсыласуда пайда болатын әрекет. Бәсекелестік келіспеушілікте әлбетте жақсылыққа әкелмейді.

Компромисс – екі жақтың келіспеушілікті біртіндеп шешуінде жатыр.

Бейімділік – екі жақтың біреуінің келіспеушілікті шешу үшін жасалатын басты қадам.

Мәселені бірлесіп шешуден жалтару – келіспеушілікті мүлдем тоқтатудың бірден-бір жолы.

Бірлесіп жұмыс істеу – келіспеушілікті тиімді әрі сәтті шешудің амалы. Бұл мәселені құрылысы бойынша талқылауға мүмкіндік береді. Осы амал арқылы келіспеушілікті шешкен оңайға түспейді, себебі екі жақ та мәселенің тиімділігіне қарап шешуі керек. Осы арқылы келіспеушілікті шешу тәсілдері адам тәжірибесінде көп қолданысқа

түседі. Жеңілген жақ оппоненттің талабын орындайды немесе істеген қателіктеріне кешірім сұрайды. Бұл мәселе екі жаққа да маңызды, сондықтан олар хабарласуды жөн көреді. Хабарласудың құрылымды қағидалары мынада:

- Адамдарды проблемадан алыстату, осындай мәселелерге көп адамдарды қатыстырмау, бұл мәселені шешуге асығыс болмау және адамдарға шыдамсыздық танытпау керек.

- Назарыңыз қызығушылыққа, позицияға емес, оппоненттің базалық қызығушылығын анықтауда болуы керек, өзінің қызығушылығымен сәйкестігін қарастырып, оған баға беріп, екінші жақтың не қалайтындығын ескере отырып, сәтті шешімін қарастыру керек.

- Тиімді нұсқаулар, мәселені шешудің бірнеше нұсқауын тауып, сол нұсқалар бағалануы тиіс және екінші жақтың не қалайтындағын біліп алып, тиімді шешімге келу қажет.

- Объективті критерийлерді қолдану, екінші жақтың қабылдаған шешіміне ашық болу керек, бірақ басымдылыққа берілмей, әділ, объективті шектен аспау керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Теріс қылықтар туралы не білесіз?
2. Әскери қызметшілер бойындағы теріс қылықтардың алдын алу туралы айтыңыз.
3. Әскери ұйымдағы келіспеушілік және оларды реттеу жолдарын ашып көрсетіңіз.
4. Әскери ұжым арасындағы келіспеушіліктің пайда болу және дамуының себептері неде?
5. Профилактика және келіспеушілікті шешу жөнінде әскери бөлімдерде жүргізілетін жұмыстар туралы не айтасыз?

11-тарау. ӘСКЕРИ ТӘРТІП ПСИХОЛОГИЯСЫ

• **Тәртіп – психологияның нысаны (пәні).** Әскери тәртіп туралы жалпы түсініктер. Әскери тәртіптің психологиялық негіздері мен механизмдері.

• **Әскери қызметшілердің жеке тәртіптілігі.** Әскери қызметшілердің қалпы, сонымен қатар қалыптық және қалыптық емес мінез-құлықтары. Әскери тәртіптің негізгі формалары. Әскери қызмет үшін заңдылық мағынасы. Тәртіптік мотивация туралы түсініктер. «Тәртіптік ұялшақтық» феномені. Әскери қызметшілердің тәртіптілігінің негізгі себептері. Тәртіптіліктің сипаттамалық компоненттері. Тұлғалық тәртіп категориялары.

• **Бөлімшенің ұжымдық-топтық тәртіптілігі.** Топтық мінез-құлықтың қалыптық механизмі туралы жалпы түсініктер: топтық қалыптар, рөлдік құрылым, тәртіптік дәстүрлер.

• **Тәртіптік басқару өнері.** Бастықтың тәртіптік функциялары. Тәртіп командирдің басқару қызметінің заты ретінде. Офицердің коммуникативтік қабілеттері әскери тәртіптің бекіту элементі ретінде. Тәртіптіліктегі жаттығулар және әскери қызметшілердің тәртіптілігін дамыту. Командирдің тәртіптік қызметі. Бастықтың тәртіптік стилі. Офицердің тәртіпті басқаруға теоретикалық және практикалық дайындығы.

Тәртіп психология пән ретінде

«Әскери тәртіп» термині, біріншіден, әскери қызметшілердің заңдар мен жарғыларға жеке және топтық мінез-құлықтарының сәйкес келуін қамтамасыз ететін психикалық және әлеуметтік-психологиялық механизмдердің жиынтығы екендігін және екіншіден, әскери тәртіптің тәжірибесі сүйенетін ұғынылған және ұғынылмаған психологиялық көріністердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Тәртіп тұжырымдамасы әрқашан практикалық әскери тәртіптердің сипатын беретін бір немесе басқа теорияның өсерінен қалыптасады.

Әскери тәртіптің психологиялық негіздерінің негізгі сұрағы әскери қызметшілердің мінез-құлқын қадағалау механизмінің құрылымы мен мазмұны болып табылады. Бұл механизмнің құрамына әр әскердің – қатардағы, бастықтардың жеке-тұлғалық тәртіптілігін, ұжымдық тәртіптілікті өздерінің ішкі әлеуметтік-психологиялық тәртіп механизмдерін жасаған жақсы ұйымдастырылған және тәрбиеленген әскери бөлімшенің қасиеті ретінде, командирдің аса маңызды

әскери-мамандырылған сапасын құрайтын тәртіптік басқару өнері кіреді. Осы үш буын бір-бірімен тығыз байланыста болады. Әскери тәртіп әр жеке әскер мен бөлімшенің бүтіндей алғандағы ұжымдық істерімен құрылады. Бұл екі күш бір-бірін өзара қолдайды: жалғыздықта, ұжымдық қолдаусыз тәртіпті болу қиын; тәртіпсіз әскери қызметшілерден құралған тәртіпті бөлімшені қиялдау мүмкін емес. Тап сол сияқты тәртіптің жоғарғы деңгейіне командирдің құзыретті және қатал басқаруынсыз жету мүмкін емес.

Психологияның әртүрлі бағыттары мен мектептері адамдардың өз мінез-құлықтарындағы керекті ұйымшылдық пен келісушілікке қалай жететіндері туралы сұраққа әртүрлі келеді. Когнитивті психологияның өкілдері жалпы түрде және моральдық дамудың теориясы, әсіресе, тұлғаның қалыпты мінез-құлқы моральдық мәселелердің шешу үрдісі болып табылады деп есептейді. Адамның тану түсінігінің белсенділігі оның мінез-құлқының негізі болып табылады, өйткені ол адамгершілік және құқықтық қадағалауды бағыттауды қамтамасыз етеді. Адамгершілік идеяларын меңгеру тұлғаның құрылымын өзгертетін өзіндік қылықтарды, сонымен қатар басқа да адамдардың мінез-құлқына қабылдауын өзгертеді. Соңында тұлғаның адамгершілігінің дамуы оның когнитивтік дамуына негізделеді. Әлеуметтану немесе әлеуметтік оқытудың бихевиористтік теориясына қарсы қоятын Л. Колбергтің адамгершілік теориясына сәйкес, тұлғаның адамгершілік тұрғысынан дамуы адамгершілік талқысына, яғни аргументтерге, мінез-құлқы сипаттайтын қылықтар мен бағаларға, позициялардың түсінігіне сүйенеді. Адамгершілік дамудың өрлеп келе жатқан сызығы бойынша қозғалып келе жатқан адамдардың дамып кеткен логикалық мүмкіндігі бар, соның ішінде олар қозғалу керек, одан да жоғары адамгершілік кезең үшін керекті әлеуметтік түсінікке деген мүмкіндіктері бар. Адамгершілік мінез-құлық дамудың алдыңғы кезеңінің себебінен туындайтын осы горизонталды ауысымның ақырғы сатысы болып табылады.

Психоанализ және онымен байланысты тәртіптің негізі суперэго болып табылады, ол – ата-ананың, содан кейін әлеуметтік нормалардың, шектеулердің, санкция, идеалдардың іске асырылуы түріндегі тұлғалық құрылымның бірі. Қалыпты мінез-құлық – Суперэгоның функционалдануының нәтижесі, мақсатқа бағытталған мінез-құлық Эго, Ид және Суперэго күштерінің интеграциясының негізінде тұрғызылады. З.Фрейдтің теориясының рухына сәйкес, тәртіп ешқандай нормамен есептелмейтін адамның индивидуалдық инстинктерінің мәдени басуының нәтижесі болып табылады.

Ғылыми көзқарастар жүйесінде тәртіп көздерінде маңызды орынды **гуманистік психология** алады. Оның идеяларына сәйкес, адам алдымен әлеуметтік дұрыс мінез-құлыққа бейімделген. Бұл көзқарасты әртүрлі уақытта өмір сүрген әртүрлі ғалымдардың еңбектерінен табуға болады. Мысалы, Аристотель «адам өз табиғатында саяси тіршілік иесі болып табылады» деп есептеген. Я.А.Коменский «тәртіп – заттардың жаны, тәртіп осы барлық әлемді оның барлық кішігірім заттарымен қоса тұрақты күйде сақтап тұратын нәрсе» деп ойлаған.

Тәртіпті бекітудің теориясы мен тәжірибесінде анағұрлым танымалы ретінде **бихевиоризм** – адамның мінез-құлқын әлеуметтік бекітулермен түсіндіретін теория қолданылады. Осы теорияға сәйкес, тәртіптілік немесе тәртіпсіздік бекітудің сәйкес формаларының салдары болып табылады. Егер әлеуметтік нормаларды танымайтын мінез-құлық бекітілген болса, онда нәтиже тәртіпсіздікке бейімділік болып табылады. Тап сол сияқты тәртіптілік – қалыпты мінез-құлық бекітілген жағдайдағы оқытудың нәтижесі.

Әскери қызметшілердің жеке тәртібі

Тәртіптің психологиялық негіздерін түсіну үшін Қарулы Күштерде қолданылатын Тәртіптік жарғыдан алынған мына анықтаманы қарастыру керек: «Әскери тәртіп – заңмен, әскери Жарғымен және командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарымен орнатылған тәртіп пен ережелерді барлық әскери қызметшілердің қатаң түрде және дәл ұстауы». Бұл анықтаманың мағынасы қарапайым: заңды, Жарғыны және командирлердің бұйрықтарын орындау керек. Заңды сақтау – заңға сәйкес мінез-құлық. Жарғыны сақтау – жарғыға сәйкес мінез-құлық. Командирдің бұйрығымен бекітілген тәртіпті сақтау – бағыну. Осы мінез-құлықтардың барлық түрлерін қалыптық немесе ережеге сәйкес келетін мінез-құлық ретінде біріктіруге болады, өйткені заңдар мен жарғылардың белгілі бір нормалары (ережелері) бар. Сонымен, қалыптық қандай да бір норманың қадағалануы ретінде жоспарланатын және жүзеге асатын қандай болмасын мінез-құлық болып табылады. Сонымен қатар норма мінез-құлықты бағалау үшін критерий болып табылады: тәртіпке сай мінез-құлық қандай да нормаға сай келеді, ал тәртіпсіз мінез-құлық – оны бұзады.

Барлық мінез-құлық бірден тұрғызылмайды, яғни барлық тәртіп қалыпты болмайды. Басқа да мінез-құлықты ұйымдастырудың қалыпты емес әдістері бар: нақты бұйрыққа бағыну; ортаның жеке

бағасының негізінде және қандай да болмасын ережеге қатыссыз шешім қабылдау негізінде; басқа адамдармен өзара келісушілік бойынша. Мінез-құлықты жоспарлаудың осы әдістерін жүзеге асыру кезінде нормалар назарға алынуы мүмкін, бірақ орталық рөл ойнамайды.

Мінез-құлықты нормаға сай қалыптастыру үшін ең алдымен норманың өзі керек. Егер қандай да бір жағдай үшін нақты норма болмаса, адам өз ойы бойынша, болып жатқан жағдайдың бағалануының негізінде және осы адам немесе басқа да адамдардың қажеттіліктерінен және мақсаттарынан туындайтын шешім қабылдауына сәйкес әрекет етуі мүмкін. Егер адам осындай жағдайда жақсы бағытталған болса, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білсе, болатын оқиғаларды алдын ала көре білсе, егер ол назарына тек қана өзінің емес, басқалардың да назарын ескере алса, оның әрекеттері қоғамдық қолдау таба алады.

Осылайша, әскери мінез-құлық ережеге сәйкес және ережеге сәйкес емес түрде жоспарлануы және жүзеге асуы мүмкін. Алғашқы жағдайда ол нормаға (ережеге) сай, екіншісінде – мақсатпен келтіріледі. Ереже үнемі жұмыс істейді, мақсаттар қандай да бір жағдайдағы әрбір нақты жағдай үшін анықталады және қалыптасады. Командирдің бұйрығы нормаға сай және мақсат қоятын бұйрық болуы мүмкін. Нормаға сай бұйрық бағынушылардың мінез-құлықтарының белгілі бір ережелерін бекітеді, ал мақсат қоятын – мақсаттарды (тапсырмаларды), олардың орындау уақыттарын, қолданылатын құралдарды және т.б. анықтайды.

Әскери тәртіптің құрамында бірнеше деңгейді белгілеуге болады. Біріншіден, ол – жарғыларда бекітілген әскери қызметшілердің қалыпты міндеттеріне негізделген және тең дәрежеде барлық әскери қызметшілерге қатысты **әмбебап әскери тәртіп**. Екінші форма – бағынушыларды басқару нормасына негізделген басқару **тәртібі**. Басқару тәртібі командирлер мен бастықтардың міндеттеріне және команда беру үрдісінде және ұйымдастырушылық қызметінде жүзеге асу керек нормаларға сүйенеді.

Әскери тәртіптің құрамындағы үшінші нәрсе – **бағыну тәртібі**. Әмбебап тәртіп секілді бағыну тәртібі барлық әскери қызметшілерге қатысты, бірақ одан тұлғааралық сипатпен өзгешеленеді. Бұл тәртіп жалғыз норма – командирге (бастыққа) бағыну нормасының тәртібі. Осы кезде бағыну қатынастарына әрқашан бастықтың жеке қасиеттері, оның дәрежесі, басқару құзіреттілігі, сонымен қатар бағынушының оған деген сезімдері әсер етеді.

Әскери мінез-құлықты ұйымдастырудың әдістерін қалыптық және мақсаттық түрлерге дифференциалдау кішкене шарттарға байланысты болады, өйткені әскери қызметтің жағдайын болжау өте қиын, әсіресе, бейбіт уақытта. Заңдар мен жарғылар әскери қызметшілердің барлық қызметін реттейді. Мұның құрамын үшке бөлуге болады. Біріншіден, заңдар әскери қызметшілер үшін әскери қызметтің міндеттерін қарастырады және оның мазмұнын анықтайды. Екіншіден, заңдар басқа адамдарға: қызметтестерге, өз еліміздің азаматтарына және жаудың бейбіт азаматтарына шығын жасауды қарастырмайтындай қызмет міндеттерінің орындау тәртібін қарастырады – жауынгер өз халқының және бейбіт адамдардың қорғаушысы болуы керек. Үшіншіден, заңдарда (бұйрықтар, жарғылар) ұйымшылдықты, басқарушылықты, толыққанды санитарлық жағдайды ұстайтын және т.б. қолдау мақсаты бар әскери қызметшілерге ерекше талаптары бар. Осы мақсаттармен нормалар, мысалы, әскери қарсылаудың нормалары, бір-біріне қызметтік шақыру, әскери киім киісті, қауіпсіздік шараларың, тұрғын және қызметтік орындарды ұстаудың ережелерін және т.б. нормаларды қарастырады.

Сонымен, барлық тәртіптік үрдістегі бағыт норма болып табылады. Мінез-құлық **нормасы** – адамдардың белгілі бір жағдайларда өздерін қалай ұстау керектігі жөніндегі жазылым. Нормалар формальды және формальды емес болып бөлінеді. Формальды нормалар мемлекеттің заңдарымен және жөне да басқа да заңдық актілерімен, мысалы, әскери жарғымен, бекітілген нормалар. Формальды емес норма – қандай да бір топтағы адамның өзін қалай ұстауы, қалай ойлауы керек және не сезінуі керектігі жөнінде топтық күтім. Формальды емес норма – топтық психологияның ең қатал элементтерінің бірі «ата» осындай нормалардың негізінде өсіп келе жатыр.

Нормалар «адам – адам» және «адам – әлеуметтік зат» қатынастарының жүйелерінде әрекет етеді. Ол адамдардың бір-біріне деген, заттарға және материалдық немесе рухани құндылықтары бар құбылыстарға қатысты қандай да бір міндеттері бар екендігін көрсетеді. Осылайша, мысалы, әскери тәртіптің талаптары жауынгердің өз қаруына және әскери техникаға деген қатынасына таратылатыны белгілі.

Алайда нормалар тек қана қажетті түрде меңгерілгеннен кейін әрекет етеді. Осы кезде меңгеру үрдісі қандай да болмасын басқа ақпаратты меңгеруден ерекшеленеді: нормалар мазмұны жағынан күрделі емес, бірақ индивидтің тұлғалық тұжырымдарының маңызды өсерлеріне ұшырауы мүмкін. Мұнымен қоса, оларды қабылдау немесе

қабылдамау оны оқытатын немесе үйрететін адамның ұнатуы немесе ұнатпауына байланысты болады. Жаңа нормалар бұрын меңгерілгендерімен өзара байланысқа түседі және соңғыларымен келіспеушілік болған кезде көп жағдайда қайтарылады. Норманы толыққанды меңгеру интернализация деп аталады. Ол жүру барысында тек қана білім мен іскерлік (дағды) қалыптасып қоймайды, сонымен қатар мотивация – сәйкес нормаға бағыну қажеттілік сезімі немесе тілегі. Заңды білу және оны қолдана білу дағдысы тек қана тәртіпке қызмет етпейді, сонымен қатар жетілген тәртіпсіздікті, қылмыстарды жасыру үшін арналған антиқоғамдарда, антиқызыметтік мақсаттарда арнайы қолданылады.

Мотивация түсінігін қозғай отырып, біз сұрақтың тәртіптің психологиялық негіздері туралы одан да күрделі бөлігіне ауыстық, соның ішінде – барлық әскери қызметшілер заңдармен, әскери жарғылармен және командирлермен (бастықтармен) бекітілген ережелер мен тәртіптерді қатаң түрде және дәл сақтаулары үшін не істеу керектігі жөніндегі сұраққа келдік.

Осының барлығы туралы қысқа айтып кетсе де болады: жауынгердің заңға сәйкес мінез-құлқының астарында оның отансүйгіштігі, азаматтығы, әлеуметтік келбеті және адамгершілігі жатыр. Бұл факторлар психология тұрғысынан әскери қызметшілердің заңға сай мінез-құлықтарының себептері болып табылады.

Отансүйгіштік сезімі – қасиетті сезім. Адам бұл сезімді күнде және әр себеп бойынша сезінбейді. Бұдан басқа, кез келген адамға кітаптарда жазылғанындай тиесілі емес. Бастықтардың қайсысы өз бағыныштысына аса маңызы жоқ тәртіпсіз әрекетіне байланысты отансүйгіштігі жоқ деп айта алады? Отансүйгіштік сезімі, Отан қорғаны үшін жауапкершілік көптеген нәрседен, соның ішінде тұрмыстық сезімдерден тұрады. Әскери мінез-құлық күнделікті қызмет жағдайларында қарапайым себептермен айқындалады. Тәртіптік жарғыда жоғары әскери тәртіпке әскери қызметшілердің командирлеріне (бастықтарына) саналы түрде бағыну арқылы тәрбиеленуімен жетеді деп айтқан. Командирге саналы түрде бағыну – қажетті деген түсінікпен дәлелденетін бағыну: кез келген біріккен қызмет басқаруды, яғни бағынуды да талап етеді. Егер адам қандай да бір біріккен қызметте істегісі келетін болса, бағыну керек. Осы секілді әскери тәртіп қалыптасады. Ол жеке өзіндік себептерге сүйенгенде ғана өте берік болады. Бұл себептер заңның, жарғының және тәртіптің қажеттігінен және құндылығынан туындайды.

Тәртіптік мотивация, яғни әлеуметтік қолдау тапқан нормаларға, әскери жарғыларға бағынуға талпынуға деген тілектің арнайы спецификасы бар. Әскери тәртіптің себептері тікелей нормаларға, жарғыға, нақты жалпы әскери және талап етілген міндеттерге байланысты. Жетілген тәртіптік мотивация заңдарды, адамгершілік, үкімет пен басқару органдарын, әлеуметтік әділеттің барлығын және маңыздылығын түсіну пен адамдардың өмірінде және қызметінде қалыпты қадағалаудың ұстанымын түсінуде негізделінеді. Көптеген жағдайларда ол жеке пайда туралы ойлардан еркін, сондықтан кейбір жағдайларда формальды сипатта болуы мүмкін. Бұдан басқа, ол адам мінезінің сипатына айналған кезде ғана әсерлі болады. Осы жағдайда тәртіптік мотивация автоматты түрде жүзеге асады.

Гуманистік психологияның өкілдерінің бірі Э.Фромм тәртіптік мотивация механизмін қоғам өз азаматтарында қалыптастыратын «әлеуметтік мінез-құлық» түсінігінің көмегімен түсіндіреді. Оның функциясы мынадай: мінез-құлық әдісін таңдау кезінде азаматтарға әр жолы әлеуметтік үлгіге сай келуі керектігі не керек еместігі жөнінде шешім қабылдауға тура келген жоқ, бірақ адамдарға дұрыс әрекет ету қажеттілігін тудыра отырып және бір уақытта осы мәдениеттің талаптарына сай оларды қанағаттандыра отырып, өз әрекеттерін жүзеге асыру. Егер ол жұмысқа еркін адамдардың үлкен көлемдегі энергиясын қоспаса, қазіргі заманғы өндірістік қоғамда өзінің мақсаттарына жету қиын болар еді. Адамға өз энергиясының негізгі бөлігін еңбекке бағыттауға ынтыққан және бойында басқа мәдениеттер үшін қол жетпестей дәрежеде дәлдік, тәртіптілік, ұқыптылық секілді қасиеттері бар тұлғаға айналуға тура келді. Егер де әрбір индивид әр күн сайын өзін еңбектенуге, уақытылы келуге және т.б. саналы түрде бағыттау керек болса, қарапайым функционалданған қоғам өзіне мүмкіндік беретіндей, өте үлкен шектеулерге алып келер еді. Қауіп-қатерлер мен күштеулер туындауы мүмкін, өйткені қазіргі өндірістік қоғамдағы жоғары дифференциалданған еңбек күштеп жасалынған емес, еркін адамдардың қызметі болуы мүмкін. Еңбектегі, дәлдіктегі және ұқыптылықтағы әлеуметтік қажеттілік ішкі сезімге айналуы керек болатын. Осылайша, қоғам осы талпыныстарға іштей тиесілі әлеуметтік сипат құруға тиіс.

Әскери тәртіптің себептері жоғары категорияға жатады, ол адамның биологиялық қажеттіліктерінен туындаған себептерден ерекшеленеді. Бұл қажеттіліктердің өздері тәртіптілікті қажет етеді, өйткені адамгершілік пен құқық нормаларына қарсы келетін мінез-құлықты жиі айтады. Тек қана жоғары қажеттіліктер қоғамдық тәртіпті

мойындамайтын примитивті эгоизмнен тәуелсіз. Тәртіптік мінез-құлықтардың себептері, яғни құқықтық және өнегелік нормалардың міндеттері тұлғаның барынша жоғары эмоционалдық-өнегелік дамуын тұжырымдайды.

Дамымаған әлеуметтік ойлау үшін мінез-құлық нормалары түсініксіз немесе керексіз. Девиантты (ауытқыған) мінез-құлықты үйрену оның артында өмірдің әлеуметтік емес ұстанымы анағұрлым дұрыс екендігін көрсетеді. Адамдардың белгілі бір категориясы мінез-құлық нормаларында өзіндік жетістікке кепілдік емес, оған деген қарсылықтарды кереді. Жарғылық нормаларды қадағалау қажеттігін рационалды аргумент ретінде көрсету сияқты командир қолданатын әрекеттер әлбетте сенімсіздікпен және күдікпен бірге бағыну ретінде қабылданады. Олар өздеріне қатысты қосымша қиыншылықтарды көре отырып, жарғылық тәртіпте өз бастықтарына эгоистік қызығушылықты жаза салады. Адамдардың әлеуметтік мінез-құлықтарының кері жақтарын терең зерттеген А.Адлер былай деп жазады: «Егер біз қылмыскердің логикасын, ойлауын және себептерін зерттесек, оның өз қылмыстарын тек қана дұрыс емес, батырлық екен деп есептейтіндігін байқаймыз. Ол кемеңгерлікке жеттім деп сенеді, соның ішінде полициядан да ақылды болдым және басқалардан озу мүмкіндігін игердім деп ойлайды. Осылайша, ол – қаһарман».

Осылайша, тәртіптік мотивация мазмұны жағынан әскери қызметшінің қоғамға және әлеуметтік құндылықтарға деген қатынасы туралы сұрақтардың ішкі шешімдерінің қорытындысы болып табылатын әскери қызметшінің негізгі әлеуметтік позициясына сүйенеді.

Бірдей шешімдер кезінде индивид өз әлеуметтілігін және адами қоғамға ұйымшылдықпен қосылатындығын жақсы сезінетін болады, қоғамдық өмірдің заңдарын мойындап, олардан пайда болатын міндеттерді қабылдайтын болады.

Тәртіптік мотивацияны қалыптастыруды қиындататын қалыпты мінез-құлық ерекшеліктерінің бірі – бекітудің жиі болмауы. Мысалы, әскери сәлемдесу дәстүрін жасай отырып, әскери қызметші Қарулы Күштердің рухани бірлігін, әскери жолдастықты, басқару және бағыну қатынастарын бекітеді, бастыққа өзінің жеке адамгершілік жағдайы мен тәртібі жөнінде ақпарат береді, бірақ әскери сәлемдесу кезінде осы мақсаттарға жету белгілері жоқ. Әскери тәртіптің ережелерін бұзудың көптеген жағдайларында сезілетін салдарлар болмайды, соның ішінде – қылмыскерді жақсы адамдар қатарына, тәртіпке

қатысты өте жақсы тәрбиеленген және берік адамдардың қатарына қосады. Осылайша, дұрыс емес мінез-құлық қалыптасады.

Қалыпты мінез-құлықтың осы сипаты өте сәйкес келеді, өйткені нормалар әрекеттер мен олардың нәтижелері арасында айқын байланыс болмаған кезде, белгілі бір жағдайлардың кері салдары жылдам болмаған жағдайларға сәйкес келген. Қарауылдың күзеті кезіндегі ұйқысы әрқашан нысанға шабуылға, өртке немесе қандай да бір басқа оқиғаға алып келмейді, бірақ бұл соншалықты маңызды болуы да мүмкін. Сонымен қатар тек қана күзетшілер емес, қарауылдық қызметті ұйымдастырушылардың, әскери тәртіптің жағдайын қадағалап, бағалайтын адамдар арасында тәртіпсіз ойлау үшін тәртіпсіздіктің жеке жағдайының нақты шығынының болмауы жұмсақ жағдай болып есептеледі. Бұл олардың тәртіптің барлығын, әскери қызметті ұйымдастырудағы норманың және ережелердің мағыналарын түсінбейтіндігін көрсетеді. Оған қоса, әскери теріс қылықтардың теріс психологиялық және әлеуметтік-психологиялық салдарлары әрқашан болуы мүмкін, сондықтан тәртіпті бекітудегі жұмыста осы салдарларды болдырмау үшін шаралар болуы керек.

Тәртіпті мінез-құлық жедел қажеттіліктермен дәлелденбейді, одан да күрделенген және мағынасы бар, бірақ адамдардың жалпы шарттарымен, ұйымдастырушылығымен, басқарушылығымен, қауіпсіздігімен құрылатын және қолданатын тәртіптердің арнайы құндылықтарымен жасалынады. Осылайша, тәртіптің негізгі жұмыстық себебі – тәртіптің құндылығы, тәртіпке әдеттену. Тәртіптілікті қалыптастыру үшін сәйкесінше бекіту – кері байланысты көрсету, жоғары баға, қолдау керек болады.

Әскери тәртіптің құндылығын түсінуге негізгі кедергі әскери қызметтің және тәртіптің жекеленуі және оның психологиялық бағасыздануы жүзеге асатын тәртіптің органикалық бірлігінің қағидасының дұрыс еместігі болып табылады. Әскери қызметшілердің бөліктері бойынша тәртіпке деген көзқарас және әскери тәртіп көрсетушілік виртуалды құбылыс болып есептеледі. Жалпы әскери міндеттер мен жарғылық жағдайлар іске кедергі және қосымша күш ретінде қабылданады. Тәртіп ішкі қызметпен, әскери қатармен, әскери сәлемдесумен, бастықтардың және қызметшілердің сөйлесу нормаларымен ассоциацияланады, ол әрине, оның мазмұнын тарылтады – күресу тәртібі, әскери күзеттің тәртібі, марш тәртібі, жасырыну тәртібі және т.б. секілді тәртіп түрлері туралы айтсақ жеткілікті.

Осылайша, тәртіптік мотивацияның адекватты мазмұны заңды, адамгершілік нормаларын, басқару жүйелерін және Қарулы Күштерде

және бүтіндей мемлекетте тәртіп пен әділетті қамтамасыз етуге арналған мекемелерді құрметтеу болып табылады. Осы барлық нормативтік жүйелерді қабылдау – тәртіптік мотивацияны дамытудың керекті шарты.

Әскери тұрмыста және әскери қызметті ұйымдастыруда жалпы әскери жарғылардың рөлін жоғарылату тәртіптік мотивацияны күшейтуге көмектеседі. Ол үшін жалпы әскери жарғыларға сыйластық қарым-қатынас орнату керек, олардың мәртебесін көтеру керек, әр әскери қызметші жарғыларды жақсы білетіндей және әскери қызметтің күнделікті сұрақтарын шешу үшін жарғылық жағдайларды қолдана алатындай жағдайлар қалыптастыру керек. Жарғыларға құрмет қалыптастыру үшін олардың әскери қызметшілердің жеке құндылықтары мен құқықтарының заңдық кепілі болып қызмет ететініне көңіл бөлу керек. Осының арасында зерттеулер тек қатардағы жауынгерлердің және сержанттардың 46%-ы жарғымен сәйкес кепілдерді байланыстыратындығын, ал 42%-ы қарама-қарсы көзқараста екендігін көрсетеді. Айта кету керек, жарғыларды түсінудің маңыздылығы офицерлер арасында соншалықты бағаланбайды және оларды қызметшілерге қызықты және түсінікті етіп түсіндіру қабілеті көп кездесе бермейді.

Соңғы кездерде психологтар «тәртіптік ұялшақтық» деп аталатын феноменді жариялады. Оның мағынасы тәртіптің, бағынудың өзіндік жеткіліктілігімен заңға сай мінез-құлықты дәлелдеудің бейімсіздігінде жатыр. Әскери қызметшілер, мысалы, «біздің алдымызда өте маңызды тапсырмалар бар» деген себепті тәртіп керек деп түсіндіреді. Осындай «ұялшақтық», жеке жағдайда, өзіндік тәртіптілікпен мақтана алмаушылықта жатыр. Онымен, сонымен қатар, әскери салттарды қадағалау кезінде және бастықтармен сөйлескен кезде ерекше күш салушылық байланысты. «Тәртіптік ұялшақтық» феномені тәртіпті әскери қызметшілерге бүкіл қоғамның қарым-қатынасымен анықталады. Сұраққа жауаптар тәртіптілік әлеуметтік қолдау табатын қасиет екендігін, бірақ тәртіпті офицерді өзіне сенімсіз, ынжық, ұжымшылдықтың және көшбасшылық қасиеттердің қажетті сезімдері дамымаған етіп қабылдайды.

Осындай мәліметтер біздің қоғамымызда қажетті тәртіптік себептердің керекті түрде таратылмағандығын көрсетеді. Дұрыс мінез-құлық жомарттық ниетпен, мақсатқа лайықтылықпен, қандай да бір жағдайдың жағымсыз салдарларын (апат, қайғылы оқиға) болдырмауға ұмтылумен, бірақ тәртіпке өзіндік құндылық ретінде бағытталумен дәлелденеді.

Осыған байланысты VIII ғ. қытай ойшылы Хань Юдің пікірі: «Басқарудың мәнін білетін адам үшін мемлекетке қауіп төніп тұр ма немесе мемлекет қауіпсіз бе маңызды емес, ол үшін заңдар орындала ма, орындалмай ма, мекемелерде тәртіпсіздік жоқ па, сол маңызды» деген.

Әскери қызметшілердің тәртіпті мінз-құлықтары көптеген қосымша көмекші түрткілердің арқасында болуы да мүмкін. Олардың ішінде тұлғаралық идентификация, санкциялардан қашу, «тағдыр жазасының» алдындағы мистикалық қорқыныш және т.б. бар.

Тәртіптік түрткілер көбінесе ата-анамен, командирмен, жолдастарымен идентификация нәтижесінде болады. Осындай идентификация нақты әрекеттерге, қылықтарға немесе мінез-құлықтың жалпы стиліне еліктеу болып табылады. Күрделі түрде идентификация мінез-құлық тұлғаға (идентификация нысанына) құрметпен қарау түріндегі қатынасты, мысалы сенімді ақтамау секілді қатынастарды бұзуға қорқумен байланысты. Тұлғааралық байланыстар нормативтік мінез-құлықтың жүйесінде бірінші орында секілді қабылданатын кезқарас бар. Л.С.Выготский осы себепке байланысты «кез келген жоғары психикалық функция өз дамуында бастамасында әлеуметтік функция болып табылатын, ішкі кезеңнен өтеді. Барлық жоғары функциялар әлеуметтік қатынастар, адамдардың нақты қарым-қатынастары болып табылады» деп түсіндіреді. Командирге бағыну жарғы нормаларының жеке зерттеулеріне, саналы және дағдылы тәртіптілікке өсуде.

Сирек емес тәртіптік түрткілер әскери қызметшінің ұжыммен немесе бүтіндей Қарулы Күштермен идентификациясынан туындайды. Егер жауынгер «бұл туралы рота не деп ойлайды» деп, кейбір әрекеттерді болдырмаса, ол шағын және үлкен әлеуметтік топтарға және олардың құндылықтарының өсерлеріне өзінің психологиялық қосылғандығының тәртіптік өсерін сезінгені болып табылады.

Осындай жағдайларда, ережеге сәйкес, тұлғаның референтті топтарының заңдық өлшемдері жұмыс істейді.

Түрткілердің кең таралған түрлері санкциялардан – айыппұлдардан, жазалардан, басқа да әлеуметтік реакциялардан қашу болып табылады. Осындай жағдайларда «бақылаушы» немесе қадағалаушы деп аталатын сезімдер: қорқыныш, ұят, кінә рөл ойнайды. Олар алдын ала болған кездерде, мүмкін әрекеттің заттық, әлеуметтік-психологиялық салдарларын болжау және бағалау үрдістерінде тәртіптік функцияларды атқарады.

Бірақ әрқашан жаза қылмыстарды тоқтата бермейді. Кейбір жағдайларда олар ойлап тапқыштықты, қулықты, жасырынушылықты,

тыйым салынғанға қатысты нәзіктікті шақырады. Іске тәртіп сақшыларына қарсы күрестің әлеуметтік-психологиялық механизмі кіріседі. Егер бұл күрес сәтті болса, онда тәртіпсіздік орнайды.

Сонымен, тәртіптік мінез-құлық **жалған түрткімен** болуы мүмкін: белгілі бір эгоистік мақсат үшін есеппен келетін қалыпты әрекет өзінше құрбан болады. Егер қалыптылық тәртіпсіздікті жасырса, онда мінез-құлықтың, мүмкін, тұлғаның енжарлығы орын алады.

Осылайша, тәртіптің психологиялық негіздерінің сенімділігі мен беріктігі туралы сұрақ туындайды. Әрине, беріктік алдымен түрткілердің күшіне және шынайылығына тәуелді болады. Беріктік ішкі жауапкершілік, тәртіпті ұстанушылық, өмірде және қызметте тәртіпті ортаға қажеттілік және осыдан шығатын тәртіпті жақсарту мен жетілдіру дайындығы секілді түрткілермен құрылады. Тәртіпті ұстанушылық, сонымен қатар, жеке және қызметтік істерде тәртіпсіздікке шыдамсыздық дегенді білдіреді.

Күнделікті қызметте оның дәл ритмдерімен (тәуліктік, апталық) тәртіптік түрткілер **дағды** формасын қабылдауы мүмкін. Күн кестесі, жеке және қоғамдық гигиена, оқу үрдісінің тәртібі, қарауылдық қызметтің тәртібі және басқа да тәртіптік тапсырмалар тәртіптік дағдылардың көмегімен жақсы түрде шешіледі. Дағдылар тәртіптік мотивацияның одан да жоғары деңгейлерін жеңілдетеді, бүтіндей алғанда тәртіп күрделі тапсырмалардың шешілуін жеңілдетеді. Керісінше, зиянды дағдылар одан да жоғары тәртіптік түрткілердің жүзеге асуын күрделендіреді.

Осылайша, тәртіптің психологиялық негіздерінің тұлғалық сипатталуын қалыптастырады және **тәртіптілікке** айналады – әскери қызметшінің тұлғасының берік қасиетіне, танушылық, мотивациялық және сипаттама-логикалық құрылымдардың кешеніне айналады.

Танушылық құрамдық тәртіптілік керекті және фактілік тәртіптің жақсы құрылымдалған ішкі кескіні, олардың арасындағы айырмашылыққа сезімталдық болып табылады. Танушылық элементтерге әскери қызметшінің қалыптық күзiреттілігі – оның өнегелі-құқықтық білімділігінің белгілі бір деңгейі, жарғыларды, лауазымдық міндеттерді, әскери заңнаманың негіздерін білуі, белгілі бір этикалық білімі, әскери басқару мен жалпы басқарудың механизмін түсіну; жарғылық ережелерімен байланысты мінез-құлықтар (әскери сөлемдесу, бастықты шақыру, ұқыптылық, жауапкершілік, жөндеу, қарумен, техникамен және мүлікпен қатынас, әскери киімді және жабдықтауларды кию және т.б.) жатады. Маңызды рөлді нақты жағдайларға заңдар мен жарғылардың жалпы жағдайларын қолдануды

қамтамасыз ететін зерделеу операциялары (қалыпты тапқырлық) ойнайды.

Эстетикалық сезім де пайдалы. Толыққанды танушылық құрамдық тәртіптілік қалыпты бақылау жағдайларында сенімді түрде бағытталуға, қызметте өзін еркін және сенімді ұстауға мүмкіндік береді.

Тәртіптіліктің сипаттама-логикалық компоненттері – ішкі гармонияны, ұйымдастырушылық, психика мен мінез-құлықтың тұрақтылығын қалыптастыратын, әскери ұждан ережелеріне бағыттауда кедергілердің кез келген түрлеріне және қиыншылықтарға қарсы тұру мүмкіншілігін тудырады. Тәртіптің сипаттама-логикалық компоненттері күрделі жағдайларда үлкен рөл ойнайды: жауынгер дағдылы бағытынан айырылған белгісіздік жағдайларында немесе қауіпті жағдайларда. Қиыншылықтардың түрлеріне байланысты тәртіптің сипаттама-логикалық компоненттерінің екі тобы бар.

Біріншісіне жағымсыз заттық-пәндік (тұлғалық емес) ортада, мысалы, соғыс, апат жағдайында, физикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін құралдар жеткіліксіз болған кезде және т.б. жағдайларда қалыпты мінез-құлықтың тұрақтылығын қамтамасыз ететін құрылымдар жатады. Қиыншылықтарға, қауіпке, кенеттен болатын жағдайға, біртүрлілікке және осы салдарлардың әсерінен болатын шаршау, шокқа, аштыққа, қорқынышқа, монотондылыққа, ішпысушылыққа және басқа да психикалық стресстің және дискомфорттың формаларында қарсы берік ең алдымен қызметтің қалыптылығы азап шегетіндіктен, ерекше керек болады. Сансыз бақылаулар тәртіптері жылы жағдайларда қалыптасқан жауынгерлер жағдай шиеленіскен кезде «ереже бойынша» әрекет етуін қояды, олардың ішкі жауапкершілігі төмендейді, көрсетулерге және бұйрықтарға реакциясы төмендейді. Олар командаларды естуді, басқару сигналдарын естуді тоқтатады, өйткені олардың көңілдері тарылған және стреске алып келетін факторларға байланған. Тәртіптік «регрессия» деп аталатын ұғым бар – әлеуметтік ұйымдастырушылық, тәртіптілік сай емес примитивті мінез-құлық формаларына қайту дегенді білдіреді. Стресстің шектік өлшемдерінде тәртіп толығымен жоғалады және үрей туындайды.

Тәртіптің сипаттама-логикалық компоненттерінің екінші тобына, басқа адамдардың ұйымдастырушылық емес әрекеттеріне: жаман үлгіге, күлкіге, тікелей қысымға және үкіметтің әлсіздігі, ұжымдағы тәртіптің жоғары емес деңгейі секілді жағдайларға қатысты әлеуметтік-психологиялық беріктікті алдын ала анықтайтын коммуникативтік қасиеттер жатады.

Зерттеулер тәртіптің сипаттама-логикалық компоненттері көптеген әскери қызметшілерде дамудың жоғары деңгейіне жетпейтіндігін көрсетеді. Бұл жалпы жағдай күрделенген кезде, қауіп артқан кезде, деструктивті әлеуметтік үрдістер туындаған кезде тәртіп жағдайын сұраққа алады.

Әскери қызметтің спецификасы, оның нормалары мен заңдары адамның ең басты құндылықтарын – оның өмірін және денсаулығын қозғайтындығында жатыр. Нақ осы тәртіп жауынгердің әскери дайындығында сындарлы нүкте болып табылады.

Әскери қызметшінің тәртіптілігін **тұлғалық ержетушілік** критерийі бойынша бағалауға болады. Жоғары тұлғалық ержетушілік тактпен, шынайылықпен және қызмет талаптарын сақтауға қатысты барлық істе ішкі әділетпен байланысты еркін және батыл қарым-қатынаспен түсіндіріледі. Тәртіптік психология саласындағы үлкен ғалымдардың бірі Н.Д.Бутовский былай деп жазған: «Қатаң тәртіп өне бойы жауынгерді ұяттық, күш салу жағдайында ұстап отырады және оны өмірінің ең бағалы заттарының бірі – бостандықтан айырады деп ойлауға бола ма? Керісінше, жаман ниетті адамдар қолдарында билігі бар, ақылды тәртіп рухымен тәрбиеленген адамдар болған кезде өздерін бүрістірсе, олар бастықтардың арасында рефлекс бойынша барлық тәртіптік нәзіктіктерді орындай отырып, өздерін мүлдем еркін ұстай алады. Әскери туыстық идеясы тек қана бастықтар қызметшілердің әдепсіздігіне, ал қызметшілер бастықтардың әдепсіздігіне ұрынуға қорықпайтындай қоғамда өмір сүре алады. Нағыз тәртіп осыған алып келеді. Тәртіптік талаптарды педантты орындау ыңғайсыз немесе төмендететін жағдайға қалдырмайды; керісінше, осы қатынастағы кез келген ескермеушілік, бастықтың әлсіздігіне немесе төмендігіне арналған кез келген есеп жауынгердің адамгершілігін төмендетеді».

Тұлғалық тәртіптіліктің бірнеше негізгі түрлерін көрсетуге болады.

Оның біріншісі – *богемдік* түр. Осы түрдегі адамдар қандай да бір норманы қиыншылықпен қабылдайды, іштей ұйымдастырылмаған, олардың жеке өмір сүру бейнелері тәртіпсіз, олардың басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы айпай-ақ қойса да болады. Олардың мінез-құлықтары бір минуттық мақсатпен басқарылады, ол көбінесе эмоционалдық туындаудан.

Екінші түр – *эгоистік*. Ол жауынгердің ұстанатын нормалары іштей тұйықталған, әлеуметтік нормалармен әлсіз байланысқан немесе олармен қарама-қайшылықта тұрғандығымен сипатталады.

Үшінші түр – *референтті*. Осы түрдегі адамдар белгілі бір кішкене топтың нормаларына тәуелді болады. Осы түрдің тәртіптілігінің әлеуметтік-әскери мағыналығы жауынгер қабылдайтын топтың бағытына тәуелді болады. Теріс мысал ретінде «дедовщина» рухын орнататындар бола алады.

Әскери қызметшілердің төртінші түрі өз қоғамының, Қарулы Күштердің нормаларын шынайы және қатаң түрде қабылдайды. Ол – тәртіптіліктің *әлеуметтік-мемлекеттік* түрі. Оның психологиялық құрылымында тұлғаның ішкі берекесін кепілдейтін және адамның оған жақын әлеуметтік шеңбермен – жақындарымен, достарымен, қызметтес жолдастарымен өзара байланысын қадағалайтын нормалар орналасқан.

Әскеру керек, көптеген адамдардың тәртібінде идеология орын алмаған. Оларға дисциплинаның рөлі туралы жалпы жағдайлар белгілі, бірақ олар үшін ең бастысы – нақты игілік: ұжымдағы лауазым, демалыс, қызбен сөйлесу, не жасағың келсе, сонымен айналысу. Кең әлеуметтік-перспективалар және мотивация оларда жоқ, олар әр күнімен өмір сүреді. Нақ осы адамдарды Ресейдегі әскери психологияның негізін қалаушы генерал М.И. Драгомиров ойлаған болар, ол мынадай тәртіптік талаптарды қалыптастырған: «1) Бастықтардың айтқанын орында, бірақ тәртіпке қарсы болса, жасама; 2) рұқсатсыз ешқайда шықпа; 3) егер саған бір ерекше жағдай болса немесе біреу зиянды әрекеттерге итермелесе, бұйрық бойынша баянда; ал мүмкіндік болса – зиянды адамды ұста және көрсет».

Бөлімшенің ұжымдық-топтық тәртіптілігі

Әскери тәртіпті қамтамасыз ету кезінде тәртіптің тұлғалық факторы әмбебап рөл ойнайды, бірақ әскери тәртіп механизмін бұзбайды. Бұдан басқа жеке тәртіп әскери ұжымның психологиясында (мәдениетінде) табатын әлеуметтік-психологиялық қолдауды қажет етеді. Бөлімшенің тәртібі сәйкес ұжымдық психологияның құрамына кіретін әлеуметтік-психологиялық механизммен жүзеге асады. Жеке тұлғаның тәртіптілігімен аналогта осы механизм бөлімшенің тәртіптілігі (бөлімше, взвод, рота және т.б.) деп аталады. Бұл механизм топтық мінез-құлықтың қалыптатылуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар әскери қызметшілердің жеке мінез-құлықтарына әсерін қамтамасыз етеді. Ұжымдық тәртіптілік жеке-жеке адамдарға бөлінген, яғни өзінің жеке тасушылары бар – әскери тәртіптің сақшысы болатын адамдар, біртіндеп тұлғалық емес әлеуметтік-психологиялық біліммен, ұқсас

қоғамдық көзқарасқа таныстырылған. Зерттеулер нәтижелері бөлімшенің топтық тәртібі келесі буындардан тұратынын көрсетті:

- 1) Топтық формальды емес кодекс;
- 2) Ұжымның тәртіптік рөлдік құрылымы;
- 3) Салт-дәстүрлер;
- 4) Тәртіптің топтық нормасы.

Барлық осы білімдерде тұлғалық құрамның жеке үлестері бар, бірақ бүтіндей алғанда олар бұл бөлімшеде жасаған барлық адамдардың рухани қызметінің нәтижесі болып табылады. Басқаша айтқанда, әскери ұжымның әр мүшесінің тәртіпті қалыптастырудағы рөлі өз мінез-құлқына жеке жауапкершілік шегінен шығады және өзіндік жеке әлеуметтік потенциал алып жүреді.

Бөлімшенің топтық тәртіптілігінің элементтерінің әрқайсысын қарастырайық.

Ұжымдық тәртіптілік осы бөлімшеде қабылданған нормалармен анықталады, қоғамдық көзқарастар формасында бекітілген және ұждан кодексін құрады. Үнемі осы нормаларды топ мәдениеті деп атайды. Мұндай нормалар топта күтілетін немесе қабылдауға болатын мінез-құлықтар туралы көріністерге бөлінеді. Оларды бұзу басқа жауынгерлердің тарапынан қолдау таппайды, сондықтан көп жағдайда олар қатаң қадағаланады. Әрбір өзінің нормативті кодексі бар бөлімшедегі жаңа адам, ережеге сәйкес, оны тез меңгеріп алады, өйткені осы топтағы мүшеліктің шарты болып табылады. Бөлімшенің тәртіптілік кодексі тәртіпке қатысты барлық сұрақтар кешеніне қатысты топтың жалпы ойымен толықтырылған болуы мүмкін. Топтың дамуының белгілі бір деңгейінде топтық нормативтік концепция қалыптасады, ол әскерде және флотта мемлекетпен орнатылатын және жарғыларда бар ережелермен және тәртіптермен байланысты болады. Ол жеке және топтық мінез-құлықты және нақты әрекеттердің бағытталуын анықтайды. Ол осы шешімдерді түсіндіру кезінде, кейін басқа да әрекеттерді бағалау кезінде аргументтер көзі болып табылады. Топтық концепция жекеше түрде қабылдауға тиіс және оларды қолдану керек жаңа формаларды таңдайды. Оның маңызды функциясы бөлімшеде болған тәртіптілік жүйесінің және нақты тәртіптің бағасы болып табылады. Бұл бағаларда қоғамдық қанағаттанушылық өлшемі тәртіп жағдайымен, команда беру өлшемімен, әскери тәртіпті қолдаудағы жеке қатысумен болады. Тұжырымдаманың жұмысы оның тұлғалық базасының, яғни оны қабылдаған әскери қызметшілер санымен есептеледі.

Бөлімшенің тәртіптілігінің екінші буыны – оның рөлдік құрылымы. Ол ұжымды қалыптастыру үрдісінде жеке әскери қызметшілерден шынайы бекітілген өзара байланысты рөлдердің (міндеттердің) жиынтығы болып табылады. Әр әскери қызметші өз рөліне сәйкес бөлімшеде тәртіп болатындай (топтық концепциядан шығатын және жарғылықтан өзгеше) бірдеңе жасайды. Ескерте кету керек, тәртіпті сақтауда қатардағы жауынгерлердің қатысуы өткен уақыттағы «қоғамдық» тапсырмалардан және өзінің жазалық сипатынан саңырау қарсылық түрінде болғанға мүлдем ұқсамайды. Осындай «тапсырмамен» салыстырғанда тәртіптілік рөлін орындау табиғилықпен және еркіндікпен сипатталады. Жауынгер өзін өзіне сай, қандай да бір арнайы операцияны жасап жатқандығын сезбейтіндей ұстайды.

Зерттеулер ұжымда тәртіпті қолдаумен байланысты арнайы рөлдердің қатарын көрсетуге мүмкіндік берді. Оның алғашқысы – *көшбасшы-ұйымдастырушы* рөлі. Оны орындаушы өз қызметшілеріне тікелей көрсетулермен, кеңестерімен, ескертулерімен өзінің ұйымдастырушылығын сақтай отырып, әсер етеді. Бөлімшенің тәртіптілік құрылымындағы екінші рөл – *«арбитр»* (кейде оны «ұжым ұяты» деп атайды). Арбитр топтық қаншалықты бұзықтық жасағанына төрешілдік жасайды, анықтайды. Оның төрешілдік істеу құқығы барлығына сенімді түрде жүзеге асады, сондықтан оның бағалары ешқандай қарсылықсыз қабылданады. Арбитр, өз жолдастарымен салыстырғанда, ұжымда не болып жатқанын толық біліп отырады, ішкі өзгерістерді сол бойда байқап қояды, топтық берекесін бұзуға не әсер етуі мүмкін екенін анықтайды, осылайша топқа қажетті шараларды қолдануға мүмкіндік береді. Келесі рөлді *«үлгі»* деп атаса болады. Мұндай жауынгер өз тобының өнегелік құндылықтарын белгілейді және оның нағыз мүшесі болу үшін не істеу керектігі жөнінде мысалдар келтіреді. Төртінші рөл – *тәртіптілік дәстүрлерінің сақшысы*. Ол бөлімшенің салттары мен дәстүрлерін жақсы біледі, оларға өте үлкен мән береді, дәстүрлік әрекетке сырлы және эмоционалды қызығушылығын арттыруға көмек беретін инициативасымен қабілетімен ерекшеленеді.

Әскери тәртіпті қалыптастыру керек болған кездегі керекті рөлдер – осылар. Егер қандай да бір рөлді ешкім ойнамаса, сәйкес адам болмаса, бөлімше мен командирде тәртіпті меңгеруде өте үлкен проблемалар болады. Кейде ұжымға көшбасшы, кейде арбитр, кейде не істеу керектігін дәл білетін адам (жақсы үлгі) керек болады. Яғни, бөлімшені жасақтаған кезде өр әскери қызметшінің қандай әсер беруі мүмкін екендігін ескеру керек.

Тәртіп қалыптастыруда үлестері негізінен қалыпты жоғарыда айтылған рөлдерден бөлек, кері бағытталғандары болады, мысалы, ұжымдық қызметтің «деорганизаторы», «былықтырғыш», «индивидуалист» және т.б. болады. «Деорганизатор» өз қызметтес жолдастарын қандай да бір әрекеттерге итермелеу арқылы ұжымды шығынға ұшыратады, бұл кезде ол белгілі тапқырлығын қолданады. Кейде деорганизаторлық әрекеттер бөлімше немесе жеке жауынгерлер жасайтын тапсырмаларға кедергілер немесе қиыншылықтар келтіруден тұрады. Кейбір деорганизаторлар командир әрекетін сынауға бағытталған әрекеттер жасайды. Тәртіп жағдайына теріс әсерін тигізеді және ұжым ішіндегі бөлектеудің шеңберінің тасымалдаушысы болып табылады. Ол топты тығырыққа тіреу үшін мақсатқа бағытталған күшін жұмсайды. Әдетте бұл ұжымды бекіту мен біріктіру үшін «жансыздармен» күрес астында жасалынады және т.б. Кейбір тәртіптілік құрылымдарда орындаушыларына тәрбие жұмыстарының орталығында болатындай рөлдер болады. Мұндай рөлдерді сомдайтын әскери қызметшілердің мінез-құлықтарына ұжымда күлкімен, мысқылмен қарайды. Оларға көп ескертулер жасалынады, қателіктері кешірілмейді, жиналыстарда немесе отырыстарда бәрінен бұрын, әсіресе «бетпе-бет» жағдайында соларды сынға алады.

Топтық тәртіп механизмінің келесі буыны *тәртіптілік дәстүрлері* болып табылады. Бөлімшелерде тәртіптілік үрдістеріне үлкен әсер ететін әскери дәстүрлердің үш категориясы бар: тарихи, құндылықтық және күнделікті (әскери дәстүрлер). *Тарихи түрдегі дәстүрлер* – әсерлі әрекеттер туралы қызмет ететін әлеуметтік-психологиялық ес, соның ішінде жоғары ұйымдастырушылық пен тәртіп арқылы жетілген осы бөлімшенің жауынгерлерінің ерліктері. Олар күнделікті тәртіптілік оқиғалары қатынасатын жоғары бағалау критерийлері. Кейде осындай дәстүрлерде батырдың тыңдамағандығының, батылдығының мысалдары болады. *Құндылықтық* тәртіп дәстүрлері нақты жарғы жағдайының ұжымдық психологиясында эстетикалық тартымды бекіту формасын көрсетеді. Жеке мінез-құлық ережелері егер ұжым өмірінен қандай да бір эпизодтың арқасында эмоционалды қызықтық форма түрінде беріледі. Көбінесе нақты ережеге оның әскери қызметшілер арасындағы кең тараған персонификациясы, яғни адамның оларды қолдану жағдайы. Құндылықтық дәстүрлер ұжымда әртүрлі жеке және топтық әрекеттерді аргументтеу және бағалау үшін көп қолданылатын афоризмдердің, жаңылтпаштардың әртүрлі түрлерімен бекітіледі. Бірақ кез келген ереже немесе жарғы жағдайы

дәстүрге айнала бермейді, сондықтан кішкене қолға алып, жарғының барлық талаптарын дәстүрлер деп атамауымыз керек. Ұжымдық тәртіптілікті психологиялық қамтамасыз ету кезінде күшті әдеттер немесе күнделікті топтық әдеттер маңызды болады. Бөлімшеде жүйелі түрде жасалынған барлық әрекет әдетке айналады. Әдет әдетке айналатын қылықтарға сай, ол сәйкес мінез-құлықтың мотивациясын жеңілдетеді.

Әскери қызметтің кейбір дәстүрлік элементтері жарғылардың түсіну шегіне кірмеуі мүмкін, бірақ оларға дені сау өнегелі негіздегі қарым-қатынас болған кезде, ақылды төзімнен түсінуге тырысады, өйткені кері жағдайда әскери тұрмыстың қиындығынан, өсіп келе жатқан күнделікті стрестің оның кері салдарларымен – қызметтік мотивацияның төмендеуі (моральдық-психологиялық жағдай), жанжалдар, психикалық денсаулықтың нашарлауы, қылмыстар және заң бұзушылықтардан қашу мүмкін емес болады. Әртүрлі әлеуметтік институттардың, дәстүрлердің және басқа да механизмдердің формасындағы белгілі бір көмейлер керек болады, олардың жалпы қасиеті қандай да бір қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы әсерінен жиналатын кері әлеуметтік әсерлілікті жұту қабілеті болып табылады.

Барлық дәстүрлер тәртіпті бекіте бермейді: кейбіреулері оған қатысты нейтрал болады, ал кейбіреулері тәртіпті бұзады, мысалы, «дедовщина», «шеңберлік кепілдік» және т.б. Әскери тәртіпті бұзатын топтық мінез-құлықтың берік формалары кейде күштің дәстүрлік ошағын құратын әртүрлі бөлімшелер арасында қатынастарға енеді: дені сау дәстүр болмаған жерде белгілі бір топтық қажеттілік қанағаттандырылмаған кезде, өз қанағаттандыру тәсілін ұсынатын өнегелі шығындық әлеуметтік-психологиялық құрылымдардың туындауы мүмкін.

Маңызды реттеуші функциялар **тәртіп стандарты** деп аталатын арнайы әлеуметтік-психологиялық білімді орындайды. Ол жеке тәртіптің қарапайым деңгейіне формальды емес талаптары болып табылады, жеке түрде бөлімшенің жалпы көзқарасымен қабылданған эталон болып келеді. Тап осы стандарт көп жағдайда не істеп, не істеуге болмайтынын анықтайды. Тәртіптің ұжымдық стандарты жарғылық эталонның қамтуы керек, бірақ істе оған жету оңай емес, өйткені жарғылық эталонға толық сәйкестік әдетте әскери қызметшілерге шынайылыққа қарсы болып көрінеді. Ұжым тәртіптің жарғылық критерийлерін қабылдамағандығының белгісі қызметтестердің тәртіптік қылықтарына қарапайым қарау, осы жағынан формальды

емес санкцияларының жоқтығы болып табылады. Тәртіпсіздік жолдастық емес мінез-құлық ретінде қабылданбайды.

Тәртіпті орнатудың әлеуметтік-психологиялық жүйеде тәртіптілік стандарт ескеріледі, сондай-ақ жоспарлау және жеке әрекеттерді бағалау кезінде ескеріледі. Қандай да бір жауынгердің ұжымдық бағасы кезінде стандартты қолдану өзара байланыстар құрылымында оның жағдайын (статусын) өзгертеді, оның авторитетін (рангысын) төмендетеді немесе жоғарылатады. Санкциялар тек қана тәртіп «артықшылығында» емес, ол жетіспеген кезде де ескеріледі. Егер тәртіптілік эталоны ретінде жарғылық үлгі қолданылса, ол болмас еді.

Тәртіптің «жоғары» және «төмен» стандарттары бар. Жоғары стандартты бөлімшелерде тәртіпті жауынгерлердің жоғары статусы болады. Бұл жерде қоғамдық тәртіптің болуына келіседі. Төменгі стандартты бөлімшелерде жеке тәртіп тек бағаланып қана қоймайды, сонымен қатар талқыланады. Тәртіптік характердің әлсіздігінің, өзіне тұра алмаушылық немесе эгоистік түрткілерімен байланысты ретінде қабылданады. Керісінше, кейбір жарғылардан ауытқулар жалпы назарлардың қорғанысы ретінде қарастырылады, осылайша, қолдау табады. Төменгі стандарттың әсерінен тәртіпті әскери қызметшілер, соның ішінде офицерлер, жарғыны менсінбейді, өздерін батыл және жүгенсіз ұстайды.

«Дедовщина» бар бөлімшелерде тәртіп сақтала бермейді.

Сонымен, әскери ұжымның тәртібі әлеуметтік-психологиялық құрылым кешенінің жүзеге асуы болып табылады: ұждан кодексі, рөлдік құрылым, дәстүрлер мен әдеттердің, топтық стандарттың жүзеге асуы. Ол тәртіп жағдайына үлкен үлес қосатын көрінбейтін фактор болып табылады.

Тәртіптілікті басқару өнері

Бөлімшенің тәртібінің психологиялық механизмнің негізгі буыны – командирдің қызметі. Оның күзиреттілігі тәртіп сұрақтарын шешуде тізбек, энергия және тілек оның жеке және топтық негіздерінің әсерлілігі мен дамуын қалыптастырады. Осы кезде тәртіптілік басқару өнері – барлық тәртіптілік функцияларды жүзеге асыру қабілеті болып табылады.

Мағыналылық бойынша, басшының тәртіптілік функцияларын абсолюттеуге болмайды, онда әскери тәртіптің альфасың және омегасын көреді. Олар тәртіп жүйесінде өз орны бар және басқа буындармен сәйкестікте толығып, дамып отырады. Егер басшы

өзіне тәртіптілік жүйесінің барлық функцияларын алатын болса, онда әдетте нәтижесі бұл жүйенің деорганизациясы, оның бағалы функцияларынан – өзіндік қадағалаудан айыру болып табылады. Жалпы ереже бойынша жеке және топтық тәртіптің деңгейі көтерілген сайын, үкіметтік тәртіптілік функцияларына күш аз түседі.

Бастықтың тәртіптілік функциясы оның ішкі басқарушылық тапсырмаларына қатыстырылады және төмендегідей болады:

А) жеке құрамның мінез-құлқының нормативті қадағалауының жеке және ұжымдық механизмдерін, олардың бақылауын және жарғымен сәйкестігін орнатудың белсенділігін қолдау; бұл механизмдерді дамыту және қалыптастыру, бағынушыларды тәртіптің теориялық және практикалық негіздеріне оқып үйрету, әскери тәртіпке (оқу-тәрбиелік және психокоррекциялық тәртіптілік функциялар) құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Ә) жеке құрамның күнделікті қызметін және тұрмысын ұйымдастыруда қайталанатын тапсырмаларды (күнтізбе, дайындық дәстүрін, оқу сағаттарын, қарауылдық және ішкі қызметтерді жүргізу және аяқтау, үрейді жариялаудың әрекеттерінің ережелері, қалалық шығарылымдарда жұмыстан шығаруды ұйымдастыру және т.б.) шешудің рационалды тәртібін ендіру және өңдеу жолымен жетілдіру;

Б) өмір сүру ортасын тәртіпке келтіру, әскери қызметшілердің тәртіптік мінез-құлықтарына сәйкес келетін қызмет пен тұрмыстың материалдық-техникалық шарттарын жетілдіру, құқықтық, өнегелік және әскери-жарғылық нормаларды қадағалауға кедергі болатын заттар тізбегін алып тастау;

В) қайта ұйымдастырылатын қызметтің нақты бір реттік көрсетілімдер немесе жатқан жағдайда және жарғылардың жалпы талаптарымен алынған тапсырманың мазмұнымен шартталынатын әрекеттердің нақты тәртібін жазу жолымен жаңа тапсырмаларды орындау бойынша тәртіпке келтіру;

Г) талдаушылық-бағалау қызметі: тәртіптің жағдайын, оның жетістіктерінің психологиялық факторларын және теріс құбылыстардың себептерін оқып-үйрену; бөлімшенің барлық тәртіптік жүйесін жетілдіру бойынша өлшемдерді өңдеу.

Барлық аталған тәртіптілік функциялардың басқарушылық сипаттамасы бар. Бұл жағдайда басқару нысаны жеке және топтық тәртіптіліктің механизмдері, лауазымды тұлғалардың (сержанттар мен офицерлердің) қызметтері, сонымен қатар қызметтің, соғыс жағдайларының, демалыстың және бос уақыттың шарттары

болып табылады. Басқару мақсаты – бөлімшенің тәртіптік жүйесін толыққанды функционалдау. Тәртіптілік басқару егер басшы жеке қылмыстарда тәртіптілік үрдісін бүтіндей көз алдынан шығарып алып, тоқталып қалса, өзінің негізгі қасиетін жоғалтады.

Әскери тәртіпті бекіту бойынша қызмет бағынушылар тәртібінің фактілік деңгейіне сүйенеді. Ол қандай болса да, болашақ өсім үшін базақұратын нәтиже ретінде қабылдануы керек. Бұл өсімді қамтамасыз ету үшін әсерлі түрде жарғылық мінез-құлықтың жасалынған механизмдерін «эксплуатациялау» – дайындау, қолдау және түзету керек. Тәртіптілікке жаттығу үшін әскери қызметшілер және ұжым мүшелерінің адекватты тәртіптілік күші болуы, өздігінен әрекеттерді таңдау еркіндігі мен олардың салдарлары үшін нақты жауапкершілікті сезіну жағдайларында нормативтік шешімдерді қабылдай алулары керек. Осы мүмкін болған барлық жерде жауынгерге таңдау еркіндігін беру керек.

Командирдің тәртіптілік қызметінде оның қандай да бір жаман әрекеттерді жасаған және тәртіптіліктің жетілген толыққан құрылымына ие емес әскери қызметшілермен қызметтік әңгімесі маңызды орын алады. Осы кезде тәртіпсіздіктің көптеген психологиялық себептері мен формалары бар екендігін ескеру керек. Бір әскери қызметшілер өздерінің кез келген ережеге қолапайсыздығына сәйкес жарғыларға сай әрекет етпейді, біреулері өздерінің тәртіптілік төзімшілдігінің потенциалын үзетін моральдық-психологиялық күшті сезінеді, үшіншілерінің тәртіптілігі белгілі бір тұлғааралық әсерлермен басылып қалады, төртіншілері өздеріне адамдардың көңілін аудартақысы келеді, соның ішінде командирдің, бесіншілері белгілі бір әлсіздіктермен және әдеттерімен күресе алмайды, мысалы, жоғары эмоционалдық қозғыштық; алтыншылары қорқыныштың, реніштің, қолапайсыздықтың кесірінен қандай да бір жағдайларда өздерін қалай ұстау керектігін білмейді. Бұдан бөлек бағынушының тәртіпсіздігі командирдің әсерінен болуы да мүмкін. Осылайша, тәртіпті бұзудың сипаттама-логикалық, тұлғалық, әлеуметтік-психологиялық, эмоционалдық, түрткілік, танушылық себептері бар.

Бағынушы қандай да бір заңға қайшы әрекет жасаған бойда командир онымен сөйлесу керек, бірақ бұл әңгіме дәрекі болмауы керек. Әңгіме барысында бағынушы келесі сұрақтарға жауап беруі керек: оның әрекетінің маңызы неде, оның қатесі қандай, әрекеттің қандай теріс салдарлары болды, мінез-құлықты дұрыстау үшін не істеу керек, т.б. Тәртіпсіз әскери қызметшімен қызмет ете отырып, А.Линкольнге тиісті бір әңгімені естен шығармау керек: «Менің өмірлік

тәжірибем кемшілігі жоқ адамдардың артықшылықтары аз екендігін көрсетті».

Оқу-тәрбие қызметі тәртіптіліктің дамуы бойынша төмендегілерді қамтуы керек:

А) жалпы әскери жарғы, әскери заңнама, әскери этика, сонымен қатар тәртіп тарихы және оның философиялық, психологиялық және әскери-тактикалық аспектілері бойынша оқу сағаттары;

Ә) тәртіптілік насихат: дәрістер, әңгімелер, құқықтық және өнегелік тақырып бойынша диспуттар, басқа да оқудан тыс шаралар;

Б) жеке әңгімелер, тәртіптілік мәселелердің кеңейтілген шеңбері бойынша топтық дискуссиялар, соның ішінде ұжымның мінез-құлқының ережелерін жасау, командирдің бұйрығы бойынша өмірге енгізілетін шешімдерді қабылдаумен нақты тәртіптілік жағдайлардың талдауы.

Жоғары әсерлілікті тәртіптілік мінез-құлықтың топтық тренингі, тәртіпсіздікке бейім жауынгерлер тыныш жағдайда әскери психологтың басшылығымен өзіндік тәртіптілік мәселелерін талқылайтын, өмірдің қалыпты ұйымдастыру мәдениеті, тәртіптілік жанжалдардың рұқсат ету қабілеттері бар тәртіптілік психокоррекцияның топтары секілді жұмыс формалары көрсетті.

Офицерлермен, сержанттармен және басқа да активистер категорияларымен жұмыста олардың тәртіптілік-кәсіби күзиреттілігін жоғарылату тапсырмалары шешіледі. Офицерлердің тәртіптілік-коммуникативтік тренингтерінің тәжірибелік практикасы салыстырмалы қысқа мезетте (3-5 күндер) тәртіптілік тапсырмалардың негізгі түрлерінің сәтті шешімдері үшін керекті мотивациялық және әдістемелік алғышарттарын құру керек.

Бастықтың тәртіптілік міндеттерінің маңызды бөлігі жарғылық әскери тәртіптің қолдауына және жетілдіруіне алып келеді. Бұл жұмыстың психологиялық маңызы жеке құрамның жарғылық мінез-құлқын жеңілдететіндей жағдайларды құруда жатыр. Мұндай шарттардың бірі күнделікті жағдайлардың болжамдылығы, тұрақтылығы болып табылады. Осы шарттар жақсы нәтижесі дәстүрлер, әдеттер, дағдылар және әскери қызметшілердің дағдылық әрекеттеріне алып келетін шарттар болып табылады. Егер әскери дайындық жауынгердің ержетушілігінің жоғары деңгейінде жаңалықты, тапсырмалардың стандартсыз және жаңа шешімдерді қажет етсе, тәртіптілікті қалыптастырудың кезеңі белгілі қадағалауда, оқиғалардың циклісінде керек етіледі. Күнтізбені қадағалау, оқу жоспарларын және басқа да шаралардың жоспарларын жүзеге асыру – алдымен үкіметтің тәртібі және тәртіптіліктің барлық жүйесі

үшін материалдық негізі болып табылады. Ескеру керек, тұрақтылық, қызмет ритмі психологиялық, яғни дағдылармен, әдеттермен, әскери қызметтердің дәстүрлерімен қамтамасыз етіледі.

Тұрақтылық туралы қамқорлық тәртіптілік мәселелерін шешуде де таратылуы керек. Мұнда, қылмыстармен жұмыс істеуге тура келеді. Бір немесе бірнеше әскери қызметшілердің қылмыстары бөлімшенің бүкіл күртізбесін бұзуға апармауы керек: жаман әрекеттердің және қылмыстардың теріс салдарларын жою белгілі бір түрде құрылымдалған және жаймен, біркелкі жұмыс істеуі керек.

Әскери қызмет жаңа тапсырмаларды орындаумен байланысты ерекше болып табылады; әскери жағдайлар бұрынғы түрде қайталанбайды. Жаңа қызметке тәртіп рухын енгізу әрқашан күрделі. Сондықтан қайта ұйымдастырылатын қызметтің тәртіптілігі командирдің арнайы функциясы ретінде қарастырылады. Шешімді қабылдай отырып, командир бағынушылардың алдағы қызметі заңдарға, жарғыларға, адамгершілік нормаларына сай келетіндей, нақты тапсырманы орындау үрдісі іштей тәртіптелінген және бұрын шешілген және болашақ тапсырмалармен сәйкестендірілген болатындай шараларды қарастыруы керек.

Жаңа жағдайларда тәртіпті қамтамасыз ету төмендегі шаралармен жүзеге асады:

- Болатын жағдайлар барысында тәртіптің жағдайын болжамдау, бағынушылардың жекелік және басқарушылық деңгейін бағалау, берілген тәртіптен ауытқу ықтималдығы аса маңызды (авариялар, катастрофалар, апаттар, қайғылы оқиғалар, қылмыстар) кезеңдер мен орындарды анықтау, алынатын қызметті қадағалау үшін керекті ережелер мен нормалар жинақтау.

- Тәртіпті қолдау үшін арнайы шараларды басқарушылық таралымға қосу: орындаушылардың қайта құрылатын тобына уақытша тәртіптілік құрылымын қалыптастыру, жеке құрамның көзқарастарын әдетке сай емес ережелерге үйрету, қызмет динамикасында тұрақталған уақытаралық кезеңдерді белгілеу, қауіпті жерлерге және кезеңдерге көрсету.

- Жобаланатын қызметтің және нормалардың спецификалық шарттарын беретін тәртіптің бағалау критерийлерін өңдеу және нақтылау.

- Жасауға тура келген жаман әрекеттерді ескертетін қойылған тапсырманың орындалуын материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

- Бағынушылардың бастамашылдығынан қысылмайтын және олардан орнатылған әрекеттердің тәртіптерінен мүмкін ауытқуларына

жауапкершілікті алып тастамайтын психологиялық ұйымдастырылған бақылауды ұйымдастыру.

- Тапсырманы қою үрдісін тәртіптілік нұсқаумен берілген тапсырманы орындау кезінде әскери тәртіпті қолдау әдістеріне ерекше назармен толықтыру.

Қайта ұйымдастырылатын қызметтің тәртіптілік үрдісі маңызды түрде үкімет тәртібіне, яғни лауазымды адамдардың команда-ұйымдастырушылық қызметін қадағалайтын ережелерді қадағалауларына сүйенеді. Билікті қолданған кезде сақ болған жөн. Бастықтың басқару үрдісі кезінде жасайтын барлық әрекеттері – ойлаудан, шешім қабылдау, орындаушыларды қарату және қорытындыға және әскери дайындықты қайта қалыптастыруға дейін тапсырмаларды қою өнегелік пен заңдылық рухында болуы керек. Билікті асыра қолдану, бағынушылармен төмен сөйлесу (дәрекілік), тапсырмаларды таратуда және алынған нәтижелерді бағалауда әділетсіздік бастықтың тәртіпсіздігінің спецификалық белгілері болып табылады. М.И. Драгомиров былай дейді: «Тәртіп – байланыстық іс, яғни ол өмір сүретін жерде тек қан жоғарыдан төмен қарай емес, төменнен жоғары қарай да берік болады немесе ол жауынгерге белгілі міндеттерді жүктейтін, оны заңсыз былықтардан арашалайтын заң, осындай былықтарды өздеріне мүмкіндік беретін бастықтар – тәртіп пен заңды бұзушылар болып табылады». Биліктің үлгілік тәртібі – бағынушылар үшін анағұрлым әсерлі үлгі.

Командирдің тәртіптілік қызметі аналитикалық-бағалау функцияларынсыз мәнсіз, ал бөлімшенің тәртіптілік жүйесі – көптеген мәселелердің рұқсаттары, ашылулары, туындауларының күрделі үрдістерінің түптелуі. Мұнда әртүрлі бағытталған күштер, қызығушылықтар және қарама-қарсы тенденциялар кездеседі. Көптеген оқиғалар байқалмай немесе жасырынып қалады. Барлық үрдістерді сенімді түрде басқару үшін жинақталынған мәліметтер санына қарамастан және жеке жағдайларға көңіл бөлместен, тәртіптілік механизмінің компоненттерінің динамикасын қадағалау керек. Сәттілік кепілі болып мәселелердің барлық жиынтығының жүйелік көрінісі қызмет етеді. Аналитикалық-бағалау қызметі тәртіптік мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі болып табылады, осы қызметте үлкен рөлді әскери психологтардың кәсіби диагностикасы ойнайды.

Аналитикалық-бағалау қызметінің нысандары мыналар болып табылады:

- Жеке дәлелдер (оқиғалар): жоғары тәртіптің қылмыстардың көрінуі, лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен шешімдері, жүргізілген шаралар;

- Жеке әскери қызметшілердің және категориялардың, оның өзгерісінің тенденцияларының тәртібінің жағдайы;

- Бөлімшенің, оның ұжымдық-психологиялық негіздерінің тәртібінің жағдайы;

- Тәртіптілік қызметтің мазмұны, әдістері және стилі; қызмет пен тұрмыстың материалдық жағдайлары, олардың тәртіптің психологиялық механизмдеріне әсер ету сипаттамасы;

- Бөлімшенің бүтіндей тәртіптілік жүйесінің функционалдануының ерекшеліктері.

Әскери тәртіп талдауының және бағалануының практикасын зерттеу қылмыстар мен жаман әрекеттер туралы сандық мәліметтерді өңдеумен шектеліп қалатындығын көрсетті. Тәртіптілік үрдісінің психологиялық құрамдарын оқу сирек қолданылады. Сәйкесінше қабылданатын шаралар да тиімді психологиялық алғышарттарды қолдануға және теріс тенденцияларды дұрыстауға мүмкіндік бермейді, яғни тәртіпті бекіту бойынша жұмыс ақырын жүргізеді.

Тәртіптілік функцияларды езінің барлық мәндеттері кезінде нақты офицердің жекелігімен анықталатын формада жүзеге асырылады. Мұнымен қоса, олар қызмет шартына, бағынушылардың тәртіп деңгейіне, тапсырма сипатына және басқа да факторларға байланысты дифференциалданады. Осының барлығы тәртіптендіру стиліне айналдырады – өз күйінде жеке, қатыстық мәселелерді шешудің тұрақты әдістеріне айналдырады.

Арнайы зерттеулер бастықтың тәртіптілік стилінің негізі жұмыс тактикасын анықтайтын басты факторын белгілеу болып табылады. Төрт тәртіптілік стилі бар:

- ұйымдастыру-техникалық;
- демократиялық-педагогикалық;
- оперативті-күштік;
- жүйелік.

Ұйымдастыру-техникалық стиль тәртіптің негізгі факторы бөлімшенің қызметінің дәл ұйымдастырылуы, оның жан-жақты қамтамасыздандырылғандығымен сипатталады. Офицерлердің көзқарасы бойынша, қылмыстардың негізгі көзі қызметтің сапасыз ұйымдастырылуы болып табылады. Бұл стильді ұстанушылардың типтік талқылауы мына түрде: «Барлығы ұйымға байланысты. Егер ұйым мүмкіндік бермесе, адамдар дөрекіленбейді. Егер мүмкіндік берсе, онда дөрекіленеді – бізде де, Америкада да».

Демократиялық-педагогикалық стиль бағынушылардың топтық және жеке тәртіптеріне акцент қояды. Жақсы формасында бұл стиль тұлғаға, ұжымға, адамдардың дұрыс өнегелік таңдау жасау мүмкіншілігіне сүйенетін болады. Жаман жағдайда керісінше әсері бар.

Оперативті-күштік стиль бастықтың өзінің күштеріне, өзіне, оған берілген билікке, талап етушілікке, бақылауға, қаталдыққа сүйенуіне алып келеді. Күнделікті қызметке қызметтің әрбір ұсақтарына жеке араласу және барлық шешімдерді тек өз қолынан ғана шығару тән. Егер берілген стиль белгілі бір нәтижелер берсе, онда шынымен де бастықтың тұлғалығына базаланады. Ол қандай да бір уақытқа жұмыстан алшақтаса болғаны, тәртіптілік механизмі таратыла бастайды.

Жүйелік стиль басшы барлық тәртіптілік факторларды ескереді және ескеруге ұмтылады: ұйымдастырушылық, материалдық, тұлғалық, ұжымдық, өзіндік билік және лауазым. Бұл стильді белгілеу кейбір әдістемелік қиыншылықтармен байланысты, ал ол стиль көрінбеген кездерден көп ерекшеленбейді.

Зерттеу мәліметтері бойынша «оперативті» стильдегі офицерлердің белгілі «жинағы» орын алған. Егер взвод командирлері арасында бұл стиль 20% болса, батальон командирлері арасында – 25%, полк командирлері арасында – 40%. Бұл заңнамадан рота командирлерінің категориясы түсіп қалған, оның көрсеткіші – 8%.

Талданған тәртіптілік стильдерінен басқа, сәйкес жағдайларда аса әсерлі немесе мүлдем әсерлі емес болып табылатын, сонымен қатар шығындық стильдер бар. Олардың бірі – «қояндық». Ол сыртқы әсерге есептелінген шулы көрсетілімдік шараларда жүзеге асады. Бағынушыларға «үлкен әсер» ету үшін не адамгершілікпен, не заңмен сәйкес келмейтін қорқыту өлшемдері қолданылуы мүмкін. Осы стиль үшін тәртіпті қайта қалпына келтіру мақсатында кездейсоқ көтермешілік, тәртіптің сыртқы формасы туралы ерекше қамқорлық, сенімді бірақ бөлініп қалған нәтижеге есептелінетін байсалды жұмысты жүргізуді қаламау тән. Тәртіпсіздіктің тәртіптің орнатылатындығына сенбеу, «лас істерге» өнуді қаламау, жүйкелік, сонымен қатар мансаптық талпыныстармен байланысты тактикалары жасалады.

Тәртіптік функциялардың негізгі буындары – офицердің кәсіби-тәртіптік құзіреттілігі мен оның жеке құрам ішіндегі авторитеті қызмет ететін ерекше әлеуметтік-психологиялық механизмдері. Бастықтың тәртіптік құзіреттілігі – оның шеберлігінің органикалық бөлігі. Ол

әскери тәртіптің теория мен практика білімдерінен, практикалық мәселелерді шешу дағдысы мен қабілетінен, сонымен қатар қызметтің берілген бөлігіне дәл түрткілік бағытталуынан құралады.

Офицердің тәртіпті басқаруға теоретикалық дайындалуы әскери тәртіптің философиялық, оперативті-тактикалық, этикалық, педагогикалық, құқықтық, экономикалық, тарихи және психологиялық аспектілерін жүйелік меңгеру жолымен жеткізіледі. Офицер мыналарды білгені жөн:

- тәртіп көздері – адам қоғамының, мемлекеттік құрылғының және халықтың өнегелігінің әлеуметтік құбылысы;

- тәртіпке жетудің әлеуметтік құралдары: мемлекет және азаматтық қоғам; азаматтардың, сонымен қатар әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері;

- әскери тәртіптің психологиялық ерекшеліктері, оның әскери қызмет жүйесіндегі орны; әскери жарғылардың теориялық негіздері; Қарулы Күштердің және әскери бөлімдердің (бөлімшелердің) тәртіптік жүйесінің тарихы, типологиясы және құрылымы; қызметтің әртүрлі жағдайларында тәртіптің көрсеткіштері мен параметрлері;

- тәртіптің психологиялық негіздері (факторлар мен механизмдер), заңнамалар, олардың функционалдануы мен қалыптастыру әдістері;

- теріс тәртіптік құбылыс себептері, олардың ескерту мен меңгеру жолдары.

Лауазымдық тәртіптік функцияларын орындауды (сәйкес дағдылар, қабілеттер және интеллектуалдық құрылымдары) мақсатқа сәйкес әскери училищенің бірінші курсынан қалыптастыру керек. Ол төмендегідей тапсырмаларды шешуді қамтамасыз етеді:

- нормативтік критерийлерді қолданумен әскери қызметшілердің нақты әрекеттерін талдау және бағалау; айыппұлдар мен басқа да әсер ету шешімдерін қабылдау;

- әскери қызметшілердің жеке тәртібін дамыту деңгейлерін бағалау және тестілеу (белгілі бір уақыт аралығы үшін тәртіп жағдайының бағасы);

- ұжымдық-топтық тәртіптің психологиялық механизмінің құрылымы мен мазмұнын бағалау; әскери тәртіптің жағдайын тұрақтайтын ошақтарды және тәртіпке бұзу әсерімен әсер ететін ошақтарды анықтау;

- командирлердің бөлімшелерге тәртіптік функцияларды орындау талдауы мен бағасы;

- ұжымның әртүрлі ішкі және сыртқы оқиғаларының, материалдық-тұрмыстық және басқа да шаралардың, сонымен қатар шешілетін тапсырмалардың жеке құрамының мінез-құлқына әсер ету болжамдары мен бағасы;

- бағынушылардың мінез-құлықтарын нормативті түзету;

- бөлімшедегі бүтіндей тәртіп жағдайының кешендік талдауы және жиналыстар мен қызметтік жиындарда ұжымдық талқылау үшін ақпаратты дайындау;

- әскери қызметшілердің әртүрлі категорияларының алдында, соның ішінде қатарлық құрам алдында тәртіптік тапсырмаларды қою;

- тәртіптің әртүрлі сұрақтары бойынша жеке өңгімелерді дайындау және жүргізу;

- нақты оқу және әскери тапсырмаларды орындау кезінде жеке құрамның әрекеттерін ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша шараларды жасау;

- қызмет пен әскери тұрмыстың өзіндік бақылауының тұрақты психологиялық механизмдерін қолдау және жетілдіру;

- әскери тәртіптің барлық тақырыптары бойынша оқу сағаттарын жүргізу, жалпы әскери жарғылардың жағдайларын анықтау;

- бағынушы командирлерге тәртіптік функцияларды орындауды үйрету.

Командирдің лауазымы оның тәртіптік қызметінің әсерлілігінің әлеуметтік-психологиялық шарты болып табылады. *Тәртіп саласында лауазым ерекшеліктері төмендегілерден тұрады:*

А) жауынгерлер командирдің әскери тәртіпті қатаң ұстанатынына және оларға көрсетілімдік «тәртіптің» органикалық жағымсыздығына сенеді;

Ә) олар тәртіпте кез келген кедергіні жеңуге болатынына сенеді;

Б) бағынушылар командир орнататын тәртіп шешілетін тапсырмаларда, сонымен қатар өмірлік-тұрмыстық жоспарда әсерлі болып табылады.

Лауазымның көздері мыналар:

- офицердің берілген бөлімшенің тәртіптік мәселелерін шешуде мотивациялық және сипаттама-логикалық дайындығы;

- билік тәртібі және үлгілік орындаушы тәртіп;

- ұжымның басшысының эмоционалдық қабылдануы (идентификация, бірігушілік), оның мақсаттарына сенім және оның жетістігіне деген сенім, басшының ұжымның назарына сай әрекет ететіндігіне сенім;

• жауынгерлердің басшысының істеген барлық істеріне сенуі, сонымен қатар ол қолданатын шараларды талқылауға қатысу.

Командирдің лауазымы тек қана тәртіптік әрекеттерді бекітіп қана қоймайды, жеке құрамның осы әрекеттерге психологиялық еліктеуін қамтамасыз етеді. Лауазымның арқасында командир және оның бағынушылары тәртіптік тапсырмаларды, бастық бағынушылар еңзар түрде әрекет ететіндей және оларға қарсы әрекет ететіндей әлеуметтік-психологиялық жағдайлармен салыстырғанда, айтып отырып жасайды.

Тәртіптік жүйенің басқару инстанциясы осындай. Таратылымдық, педагогикалық және материалдық-қамтамасыз ететін функцияларды жүзеге асыра отырып, командирлер тәртіптік үрдістерді ұйымдастырады, әскери тапсырманы шешу кезінде бүтін жеке құрамның назарын аудара алады. Команда-тәртіптік функцияларды жүзеге асырудың әсерлілігі жүйелік бағыттың өнерімен, әскери қызметшілердің, әскери қоғамның белсенділігіне сүйену дайындығымен, тәртіптің бүкіл психологиялық факторларын қолдану және ескеру қабілетімен орындалады.

Тәртіптің психологиялық факторлары туралы білгенімізден мынадай қорытынды шығаруға болады. Әскери бөлімшенің командирі тәртіптік ережелерді дәл әрі нақты қалыптастыруы және нақтылауы керек, бағынушыларға олардың мәнін, қажеттілігін және оларды қадағалау тәсілдерін нақты және сенімді түрде аша білуі керек. Өз қызметінде ол әскери тәртіптің теориясына сүйенуі керек, ол үшін оның тарихи, философиялық, әскери-тактикалық, этикалық, педагогикалық және психологиялық негіздерін білуі керек. Барлық тәртіптік әсерлер жақсы ойластырылған болуы керек, ал тәртіптік шешімдерді тек көңіл жайлы, ашуланбай тұрған кезде қабылдау керек. Сонымен, командир психологпен жиі сөйлесуі керек, соның ішінде адамның кез келген машинадан да күрделірек екендігін, сондықтан мамандармен сөйлесу қажеттігін ескеру керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәртіптің психологиялық негіздері дегеніміз не?
2. Әскери қызметшілердің мінез-құлқын қадағалаудың психологиялық механизмі нені білдіреді?
3. Тәртіпке әртүрлі психологиялық мектептердің бағыттарының ерекшеліктері неде?

4. Мінез-құлықты ұйымдастыруда әлеуметтік норма қандай рөл ойнайды?
5. Тәртіптің ұлттық-психологиялық ерекшеліктері неде?
6. Тәртіптік мотивация дегеніміз не?
7. Жеке-тұлғалық тәртіптіліктің психологиялық құрылымы қандай?
8. Әскери бөлімшенің ұжымдық тәртіптілігінің әлеуметтік-психологиялық механизмі қандай?
9. Әскери ұжымның тәртібіне бөлімшенің (бөлімнің) дәстүрлері қалай әсер етеді?
10. Әскери бөлімнің командирінің тәртіптік функциялары неде?
11. Жаңа жағдайларда, жаңа тапсырманы орындау кезінде өзінің бөлімшесінің тәртібін қамтамасыз ету үшін командирдің қызметінің құрылымы қандай?

12-тарау. ЗАМАНАУИ ҰРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

• **Ұрыстағы әскери қызметшінің мінез-құлық ерекшеліктері.** Экстремалды жағдайдағы адам мінез-құлқының жалпы заңдылықтары. Экстремалды жағдайдағы адам мінез-құлқына әсер ететін факторлар. Ұрыстағы әскери қызметшілердің психикалық және мінез-құлықтық реакцияларының ерекшеліктері.

• **Ұрыс жағдайына әскери-кәсіби бейімделу.** Әскери-кәсіби бейімделудің негізгі факторлары. Әскери қызметшілердің ұрыс жағдайына бейімделуінің негізгі заңдылықтары мен кезеңдері. Ұрыстық іс-әрекет жағдайына бейімделудің негізгі типтері. Ұрыстық іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктері. Ұрыстық жағдайдың әртүрлі факторларының әскери қызметшінің психикалық қалпына ықпалы. Ұрысқа адамды психикалық туралаудың механизмдері мен тәсілдері. Ұрыстық міндеттердің психологиялық мазмұны.

• **Әскери қызметшілердегі жарақаттан кейінгі бұзылыстар.** Жарақаттан кейінгі күйзелістік бұзылыстар туралы жалпы түсінік. Адамды ұрыстық жағдайға келтірудің психикалық бірізділік құрылымы. Экстремалды жағдайдың факторларына ықпал ететін теріс оқиғаларды ескертудегі бөлімше командирінің рөлі. Жарақаттан кейінгі бұзылыстар критерийлерін диагностикалау.

Ұрыс жағдайындағы әскери қызметшілердің мінез-құлық ерекшеліктері

Әскерилердің кәсіби қызметі олардың қысылтаяң жағдайдағы қызметтік міндеттерді орындауын көрсетеді, себебі ұрыстық іс-әрекеттерді енгізу қызметтің қысылтаяң жағдайларының көрінуі ретінде қаралуы мүмкін. Ұрыстық жағдайда басқа жердегіге қарағанда өмірге қауіп көбірек болады, ал психоэмоциялық қысым өзінің шегіне жетеді. Ұрыстық жағдай және оның қауіпі психикалық қысымның артуын шақырады, ол жекелей ерекшеліктердің әсерінен жеңіл толқудан кемістікке дейін әкелетін қорқыныш арасында тербелуі мүмкін.

Ұрыстық жағдайда әр әскери қызметшінің алдында екі тапсырма тұрады: тірі қалу және әскери мақсатты орындау. Мұнда әскери тапсырманы орындау деген тірі қалудың жалғыз тәсілі екенін

атап өткен жөн. Бірақ американдық авторлардың есептеуінше, әскерилердің тек 25%-ы ғана майдандағы болып жатқанды дұрыс пайымдай алады және өзінің қаруын ойлап қолданады. Қалғандары қатты толқуда жүргендер және қорқыныш отына түскендер болып бөлінеді. Бірінші топ, ережеге сай, пайдасыз, кейде тіпті ойға сыймайтын істерді жасайды, екіншісі қорқыныштан сал болып қалғандар. Дұрыс қимыл жасайтын 25% әскердің тірі қалу ықтималдығы қалған психикалық көмекті қажет ететін 75% жеке құрамға қарағанда біршама жоғары.

Әскерилердің ұрыстық жағдайындағы қызметінің ерекшеліктерін айтпастан бұрын, адамның кез келген қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлқы оның күнделікті өмірдегі өзін-өзі ұстау мәнерінен ерекшеленетінін ескерген жөн. Әртүрлі қысылтаяң жағдайлардағы психикалық жиіліктің бұзылуын зерттеген ғалымдар әсер ету кезінде реактивті психоздан зардап шеккен халықтың 10-25%-да пайда болады, ал күйреудің келесі кезеңдерінде ауытқу анықталған адамдар саны 35% және одан жоғары деңгейге жетеді дейді. Ахеарнның пайымдауынша, Манагуадағы жер сілкінісінен кейін психиатриялық клиникаларға түскендер саны 2 есеге артқан, ал зардап шегушілерде невротикалық және психосоматикалық ауытқулар бірнеше жылдар бойы анықталған.

Осыған ұқсас құбылыстар өзге де стихиялық апаттар мен күйреулер кезінде де байқалған. Мысалы, Башқұртстандағы газ құбырының жарылуы кезінде психикалық аймақтағы ауытқулар зардап шеккендердің бөріне дерлік байқалған. Психопатологиялық синдром арасында астено-депрессиялық халдер (56%), психогенді ступор (23%) және психомоторлы қозу (11%) басым болған.

Адамның мінездік және психикалық реакциясы, сонымен қатар, қызметтің қысылтаяң жағдайларында дамиды психогенді ауытқулары өзінің көрінуі бойынша әртүрлі. Олардың көрінуінің сипаты мен интенсивтілігі әртүрлі факторларға, сонымен қатар, объективті жағдайларға – қысылтаяң жағдайлардағы факторларға, олардың айналымы мен қозу көрсеткішіне тәуелді. Бірақ күйреудің ауыртпашылық жағдайында пайда болған психогенді ауытқулар эмоциялық аймаққа байланысты болып келеді. Көптеген зерттеулер бойынша адамдардың көбі қысылтаяң жағдайлар туған кезде алғашқы сәттерде сасқалақтап қалады және белсенділігі төмендейді, олар өз істеріне бақылаудан айырылады. Бірақ ең ауыр жағдайлардың өзінде адамдардың 25%-ы өзін ұстай алады, жағдайды дұрыс бағамдайды, жағдайға сай дұрыс әрі нақты әрекет жасайды.

Келтірілген статистика тақырыптың маңыздылығын және толығымен әскери қызметшінің әртүрлі жағдайлардағы психикасының нысандалуын көрсетеді.

Қазіргі таңда адамдардың қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлқын бейімдететін себептер туралы бірнеше болжамдар қалыптасқан. Авторлардың көбі екі аспектіні қарастыруды ұсынады: бейімделушілік және бейімделушілік емес реакцияларды біріктіретін қоғамның жекелей және қалыптасқан жағдайдан шығуға алып келетін формальды құрылымы. Сонымен бірге, Р.Болин мен И.Болтон мәдениеттік, этникалық және тап не топаралық ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін атап көрсетеді. Кейбір авторлар мінез-құлықты тәрбиелеудегі басты рөл жағдайдың өзіндік сипатына байланысты деп есептейді. Мұнымен қоса, технологиялық апаттар жоғары ауырлықтағы психикалық ауытқуға алып келеді.

Аталған мәселеге бірыңғай шешім жоқ, бұл қиындықтардың, ең бастысы, қысылтаяң жағдайлардағы зерттеудің шектеулігімен сипатталатын қиындықтардың көптігімен түсіндіріледі.

Апат сәтіндегі мінез-құлықтың психологиялық детерминанттарын талдайтын зерттеулердің көбісінде қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлықтың дұрыстылығын сақтау үшін адамдарға көмек көрсетуге ұмтылу, айналаңдағылардың өмірін сақтап қалуға жауаптылық үлкен маңызға ие. Ю.И.Дерюгиннің ойынша, қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлықтың дұрыстығын сақтауға, сонымен қоса, психологиялық шыдамдылық деңгейі, моральдық нормаларды сақтауға бағыт жасау, өкіну әсері, өмірлік тәжірибенің болуы әсер етеді. Бұны В.А.Моляко да құптайды, және бұған ол психологиялық дайындық немесе дайын еместік факторын қосады. Е.С.Мазур мінез-құлықты бейімдеуде әртүрлі психологиялық қорғаныстар мен өзін-өзі ой төңірегінде тәрбиелеу басты орынға ие болады деп атап көрсетеді.

Қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлықтың дұрыстылығын сақтау кезіндегі қосалқы мәліметтердің болмауы мінез туралы сұрақтың шашырауына алып келеді. Бірақ кейінге қалдырылған психикалық жарақат түсіретін жағдайлар мен адам денсаулығына қауіп төндіретін жайттар арасындағы өзара биланыстарды куәландыратын біршама зерттеулер бар.

Қысылтаяң жағдайларға, сөзсіз, адамға көп уақыт бойы ұрыстық іс-әрекет кезінде әсер ететін жағымсыз әлеуметтік-психологиялық, климаттық-географиялық және физикалық факторлардың болуы да жатады. Бұл адамның дайындығына, кәсіби жұмыс шеберлігіне және денсаулығына әсерін тигізеді. Бұл жерде, әскери қақтығыстың

қайғылы апатқа қарағанда психикалық зақым келтіру жиілігі жоғары екенін ескерген жөн. Кейбір авторлар әскери адамдарда невротикалық реакциялардың болу жиілігі ұрыстардың интенсивтілігімен тікелей байланысты екенін болжайды. Бірақ осындай жағдайдың барлық қатысушылары әскери істерді жүргізуге қатысудың деңгейіне тәуелсіз түрде өзінде әртүрлі психикалық жарақат түсіретін жайттардың әсер етуін сезінеді.

Ғылыми әдебиеттерде, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ-тың емдеу мекемелеріне әртүрлі жүйкелік-психикалық ауытқулармен 1 миллионға жуық адам, соның ішінде, 64% невроз, 7% психоздиагнозымен түскен деген мағлұмат бар. АҚШ армиясынан демобилизацияланған әскердің жартысына жуығы жүйке-психикалық аурулармен ауырған, соның ішінде, 70% психоневроздан зардап шеккен екен.

Әскери қақтығыстардың басты ерекшеліктері, ережеге сай, жойқын жарақат түсіретін факторлардың жойылуымен бірге адамның қалыпты функционалдық халі тез арада орнына түсе салмайтындығы. Әскери қақтығыстарға қатысу кезінде пайда болатын әртүрлі ауытқушылықтардың дені әлі көп сақталып, кейде, тіпті адам өмірінің соңына дейін жойылмауы мүмкін.

Мұның барлығы ұрыс әрекеттеріне қатысқан әскери қызметшілер үшін дәрігерлік-психологиялық көмекті қажет етеді. Мұнымен қоса, осындай шаралардың мақсаттылығы әскери қызметшінің тек жеке қасиеттеріне ғана емес, әртүрлі психогенді факторлармен сипатталатын қызмет жағдайларына да тәуелді. Әскери жағдайдың ең нақты психогенді факторларына мыналарды жатқызған жөн: өмірге деген тұрақты қауіп, моральдық қағидалар қақтығысы, күнделікті өмір салтынан алшақтылық, үй мен туысқандарды көрмеуден пайда болатын жалығу. Психогенді факторлардан басқа мынадай физиологиялық және физикалық факторлар біршама рөлге ие: физикалық шаршау мен қалыпты ұйықтамау, сезім мүшелеріне физикалық қоздырғыштардың әсері, климаттық жағдайлар және т.б.

Әскери әрекеттерге қатысатын әскерилер үшін тек психикалық ауытқуға деген жоғары тәуекел ғана емес, сонымен қатар, жалпы сипатқа ие эмоциялық ауытқулардың жоғары деңгейі тән. Мұндай ауытқулар **психоневроз** немесе **ұрыстық шаршау** деген атқа ие. Мұндай эмоционалдық ауытқулар қатты қорқыныш жағдайында, астено-депрессиялық жағдайларда, қобалжу сәтінде, ойдың уақытша қобалжуы мен әртүрлі психосоматикалық зақымдану кезінде көрінуі мүмкін. Осылайша, 1950-1960 жылдардағы француз армиясының

Алжирге әскери әрекеттері кезеңінде әскерлер арасында эмоциялық ауытқулардың психосоматикалық ауруларға алып келгендігі анықталды. Мұнда жеке құрамның 4%-ының өліміне алып келген ас қорыту жүйелері ауруы басым болған.

Ұрыстық тапсырмаларды шешу кезінде командирлер әскерилердің психикалық халінің ерекшеліктерін және қысылтаяң жағдайлардағы психогенді факторлар әсерінің жиілігін, сонымен қатар, қызметке бейімделу кезіндегі психикалық халінің динамикасы заңдылығын ескерген жөн. Әскерилердің ұрыстық жағдайға бейімделуінің заңдылықтары мен механизмдерін қарастырып көрейік.

Әскери қызметшілердің ұрыс жағдайларына әскери-кәсіптік бейімделуі

Ұрыстық жағдайға бейімделудің басты факторлары мыналар:

- кәсіби қызмет жүзеге асатын өлкенің климаттық-географиялық факторлары (адам ағзасына өлкенің жоғарғы және төменгі температурасының әсері, жоғарғы және орташа тау жағдайындағы өсерлер және т.б.)

- кәсіби факторлар – созылмалы психикалық қысым, көп күндік қалыптандырылмаған қысым, толыққанды демалыстың болмауы, физикалық және химиялық факторлар).

- әлеуметтік-психологиялық факторлар, орналастыру ерекшеліктерімен байланысты тұрмыстық ыңғайсыздықтар, тамақтану мен сумен қамтамасыз ету, қатыстық сенсорлық және ақпараттық изоляция, отбасынан көп уақыттық алшақ жүру, күнделікті өмір жағдайлары және т.б.

Адамның қысылтаяң жағдайларға бейімделу үрдісі көп түрлі және тұлғаның иерархиялық құрылымының көптеген әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық, кейде тіпті, морфологиялық деңгейлерін қозғайды. Мұнымен қоса, әскерилердің қатаң кәсіптік қызмет жағдайына бейімделу үрдісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, әскери қызметке бейімделу үрдісі тез жүруі тиіс, сонымен қатар, бұл жерде сәтті бейімделу ықтималдылығы жоғары емес. Жағдайлардың көбінде бұл үрдіс бейімделудің «сынуымен» және бейімсіздік ауытқулардың дамуымен аяқталуы мүмкін.

Әскери жағдайда кәсіптік қызметін жүзеге асырған тұлғалардың психофизиологиялық және мінез-құлықтық реакциясының ерекшеліктерін көпжылдық зерттеу әскери қызметшілердің қысылтаяң

жағдайларға бейімделу динамикасында белгілі бір заңдылықты анықтауға мүмкіндік береді. Жекелей алғанда, үш негізгі кезең: бейімделудің алғашқы кезеңі, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерінің қатысты қалыпқа келуі және аяқтаушы кезең анықталды.

Бейімделудің алғашқы кезеңі ағза мен тұлғаның қысылтаяң жағдайлардағы жағымсыз экологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторларына бейімделудің қайта құрылымымен сипатталады. Аталған кезең ағзаның функционалдық мүмкіндіктері мен кәсіби жұмыс қабілеттілігінің уақытша төмендеуінен көрінеді. Бұл кезең 2 аптадан 1-1,5 айға дейін жалғасуы мүмкін.

Қатысты түрде қалпына келу кезеңі кәсіби қызметтің жаңа динамикалық түпнұсқасын құрумен байланысты. Бұл уақытқа дейін ұрыстық жағдайдың кейбір белгілеріне бейімделу аяқталады және реттеуші жүйенің қатысты түрдегі тұрақты нысандалуының жаңа кезеңі түзіледі.

Аяқтаушы кезең бейімсіздік ауытқулардың дамуымен және қызметтік міндеттерді атқаруға толықтай бас тартуға дейін алып келетін кәсіби қызметке қабілеттілік деңгейінің прогрессивті төмендеуімен сипатталады.

Бейімделу кезеңдерінің ұзақтығы, көбінесе, жүйкелік-психикалық қысымға тәуелді. Осылайша, нақты көрінген бейімсіздік ауытқулар әскерилердің аталған жағдайда, тіпті 3-6 ай болғанының өзінде байқалған.

Кавказ Республикаларында (1988-1999 жж.) болған бейбіт әрекеттерге қатысқан әскерилердің психофизиологиялық тексерісінің мәліметтері осы құрам әскерилерінің 30%-ға жуығында астено-депрессивті және фобиялық көріністердің деңгейі анықталған дегенді көрсетті.

Ресей әскерлерінің айтарлықтай бөлігі Тәжікстанда орналасқан бейбіт шараларды ұйымдастырушы дивизия құрамында әскери борышын өтеп жүргенде өзін-өзі сезінудің төмендегендігіне, ұйқы мен тәбеттің бұзылғанына шағым жасаған. Осындай мәліметтер 1995 жылы Солтүстік Кавказдағы әскери әрекеттерге 1 ай бойы қатысқан мотоатқыштар бөлімінің әскерлерін тексеруден өткізген кезде де байқалған. Жекелей алсақ, олардың кешенді тексерістерінің нәтижесі 81% әскерилерде психофизиологиялық және фармакологиялық коррекцияны талап ететін асқынған астенизацияны анықтауға мүмкіндік берген.

Мінез-құлықтың реттелуінің бұзылуынан көрінетін психотикалық реакциялар комбатанттарда (әскери әрекеттердің қатысушысы)

қысылтаяң жағдайда болудың ең соңғы кезеңінде көріне бастайды, бірақ олардың көрінуінің ең жоғарғы деңгейі әскери қызметшілерді әскери әрекет аймағынан алып шыққан кезден бастап байқалады.

Әскери әрекет аймағынан қайтып келгеннен кейін 3 немесе одан да көп ай өткен соң, жедел қызмет әскерилерінің 70%-ына жуығында ұрыстық қобалжу (күйзеліс) пайда болады, яғни психикалық ауытқу әскери әрекеттерді жүргізу барысында немесе оның аяқталу сәтінде емес, біраз уақыт өткен соң пайда бола бастаған. Онымен қоса, олардың құрылымында, көбінесе, психотикалық реакциялар байқалған. Психотикалық реакциялардың көп бөлігіне келесілер тән екенін атап кеткен жөн:

- психикалық қысымның жоғарғы деңгейі;
- агрессивтілік, ашушаңдық;
- ішкі қысым аффектілеріне, импульсивті разрядтарына тартушылық;
- моральдық нормалар мен ережелерге деген бағыттың төмендеуі.

Қысылтаяң жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу, сонымен қатар, әскерилердің психикалық халінің динамикалық талдауы негізінде әскери-кәсіптік бейімделудің үш негізгі түрі ажыратылған:

1. Әскери қызметке бейімделудің оңтайлы түрі. Мұндай типті әскерилер жүйкелік-психикалық тұрақтылықтың жеткілікті мөлшеріне ие және қызметтің барлық кезеңдерінде жұмыстық және ұрыстық қабілетін сақтайды.

2. Әскери қызметке бейімделудің оңтайлы емес түрі. Бейімделудің бұл түрі әскерилерде жүйкелік-психикалық тұрақсыздықтың кейбір белгілерінің болмауымен байланысты. Мұндай әскери қызметшілерде бейімсіздік ауытқулар қысылтаяң жағдайлар кезінде немесе төтенше жағдайларда көрінеді.

3. Әскери қызметке бейімделудің патологиялық түрі. Мұндай типті әскерилер жүйкелік-психикалық тұрақсыздықтың анық белгілеріне және әскери-кәсіптік қызметінің тоқтатылуына деген жоғары ықтималдылыққа ие, бұл әскери тәртіптің бұзылуынан, әскери-кәсіптік қызметтің тиімділігінің төмендігінен, денсаулықтың күрт төмендеуінен көрінеді.

Тиісінше, бөлімшенің әр командирі өз қоластындағыларды зерттеу кезінде кәсіби іріктеу нәтижелеріне тыңғылықты мән берген жөн. Кәсіби психологиялық іріктеу шаралары әскерилердің сәтті қызметінің болжамы ғана емес, сонымен қатар, әскери ұрыс жағдайындағы

әскерилердің нәтижелілігінің болжамды ақпараты екенін де естен шығармаған жөн. Кәсіби психологиялық іріктеу шараларының нәтижесімен танысу кезінде командир басты назарды әскерилердің жүйкелік-психикалық тұрақтылығы деңгейіне аударғаны жөн. Жекелей алсақ, жүйкелік-психикалық тұрақтылықтың төмен деңгейі тәртіптілік деңгейіне және әскери жағдайдағы кәсіби қызметтің сәттілігіне кері әсерін тигізеді.

Осылайша, әскеридің ұрыстағы мінез-құлқының сипаты айтарлықтай деңгейде оның тұлғасының ерекшеліктеріне тәуелді. Бірақ оның қызметінің сәттілігіне жекелей қасиеттерден бөлек, оның өз кәсіби қызметін орындап жатқан жағдайы да әсер етеді.

Ұрыстық қызмет – қарулы күрестегі мақсатқа жетуге бағытталған адамның белсенділігі. Сонымен қатар, ұрыстық қызмет өзінің мақсаты мен тапсырмасы, жағдайлары, қиындықтары, психологиялық мазмұны жағынан спецификалық мәнге ие. Ол өзіндік психологиялық заңдылықтарға, белгілі бір ішкі құрылымға, мақсатқа, ұстанымға, тәсілдерге ие, осылар арқылы оларға бірнеше факторлар қатары әсер етеді: жеке құрамның әскери-психологиялық, әскери-техникалық, идеологиялық және психологиялық жағдайы, қару түрі, ұрыста іске асатын тәрбиелеу жұмысы, коллективті басқару, ұрыстық және психологиялық дайындығы.

Психологиялық мазмұн мен ұрыстық қызметтің құрылымына өмірге қауіп төндіруі мүмкін ұрыстағы қиын тапсырмаларды шешу, жойқын бұзушылықтар арқылы құндылықтарды жою, адам мен техниканың жойылуы, әртүрлі келеңсіздіктермен көрінетін аспектілер тән. Сонымен қатар, ұрыстық қызмет өзіндік қызығушылық оятушылық түрткілерге ие, олардың қатарына қажеттілік, сезім, талпыныс, қызығушылық, идеалдар, көндірушіліктер жатады.

Сөзсіз, ұрыстағы ең маңызды қажеттілік – адамның тірі қалуға деген талпынысы. Бұл орынды, генетикалық негізделген өзін-өзі сақтауға деген қажеттілік. Бірақ, ұрыстық қызметтің өлеуметтік маңызды ұстанымымен бірге, Отанды, отбасын, жақындарыңды қорғауға деген ұмтылыстар да бар. Нақ осы ұстаным жалпы жеңіс үшін өз басыңды тәуекелге тігуге итермелейді.

Заман талабына сай ұрыс сипаты мен жаңа қарулар ұрыстық қызметті қиындатып жіберді, қарулы қақтығыс кезіндегі жеке құрамның психологиялық және моральдық дайындығына жоғары талаптар қоя бастады. Сондықтан да қысылтаяң жағдайдағы қызметке жеке құрамды дайындаудағы командирдің әрекеті, ең бастысы, жеке құрамның ұрыс жағдайындағы өз міндеттерін

орындауға психологиялық дайындығын жүйелеуге бағытталуы қажет. Адамды майдан алаңында не күтіп тұр?

Әскери жағдайдың психологиялық ерекшеліктерін айту кезінде, ең бастысы, қазіргі ұрыс өте қозғалмалы екенін есте ұстаған жөн. Кез келген уақытта жағдай кенет өзгеруі мүмкін, бұл өзгерістер, тіпті, олардың өміріне нақты қауіп төнбесе де, жігердің, естің, адамдарды қабылдау мен ойлаудың өзгеше көрінуіне, ал уақыт пен ақпараттың жоқтығы – бұдан мүлдем өзгеше жайттарға алып келеді. Жаңа және тез өзгеретін жағдайдың спецификалық әсері оның өзгешелігімен, қызметтің жаңа қысылтаяң жағдайларға тәжірибесінің жоқтығымен түсіндіріледі.

Заман талабына сай соғыста әскерилердің өте ауыр, қауіпті және таңсық жайттарға алып келетін жойқын қаруларды қолданумен де кезігіп қалуы мүмкін екенін естен шығармаған жөн. Әр әскери қызметшінің осындай білімі болуы керек, себебі, мұндай ақпараттардың болуы қысылтаяң жағдайларда олардың психикалық халінің дұрыс реттелу қабілетін сақтап қалуларына септігін тигізеді.

Ұрыстық жағдайдың жағымсыз факторларының әсеріне, оның ішінде, жойқын қарумен байланысты жайттарға төтеп бере білу әскери қызметшілерде жоғары моральдық-психологиялық және әскери ерекшеліктердің, әскери шеберліктің, жоғары жүйкелік-психикалық тұрақтылықтың болуын талап етеді. Мұның барлығы алдыға қойылған тапсырмаларға сай өз мінезінді реттеуге, заман талабына сай ұрыс жағдайында тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Мұнымен қоса, әскери қызметшілердің әскери жағдайдағы белсенділігі мен нәтижелілігіне өзі қатысып жатқан соғыстың мақсаттарының шыншылдығын сезіне білуі үлкен әсерін тигізеді.

Сондықтан офицер әскери қызметшілерге соғыстың мәні мен мақсатын, әскери әрекеттерді жүргізудің қажеттілігін түсіндіруге бағытталған мақсатты жұмыс жүргізуі тиіс. Мұндай барлық жауынгерлермен соғыс мақсаты мен мәнін терең түсінудің және жеңіс қажеттілігін ұғынудың мысалы – екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл жерде соғыс жылдарындағы кеңес әскерлерінің көрсеткен жаппай ерлігі айтарлықтай шамада мемлекет басқаруының мақсатты жұмысының сәттілігін көрсетеді. Сонымен бірге, тәрбиелік және идеологиялық жұмыстың маңыздылығын бағаламау тек бір жауынгердің ғана сәтті қимылына емес, бөлімдер мен бөлімшелерге де кері әсерін тигізеді.

Дамыған елдердің көбінде жеке құрамның моральдық-психологиялық және идеологиялық дайындығына баса көңіл бөлінетінін атап кеткен жөн. Мысалы, АҚШ «Шөлдегі дауыл» операциясын жүргізуде жауынгерлердің моральдық-психологиялық және идеологиялық дайындығына ұзақ уақыт жұмсаған екен. Америкалық аналитиктердің ойынша, нақ осы шара осы операцияның сәттілігіне негіз болған.

Сонымен қатар, әскери қызметшінің осы және өзге тапсырманы орындауға деген психологиялық дайындығы тек макро жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар, оның кәсіби дайындығымен және де әскери қызметші орналасқан әлеуметтік ортамен де анықталады. Жақын орналасқан әлеуметтік орта және оның адам ойына әсері туралы айтқан кезде, әскери қызметшіге ұрыста командирдің үлгісі басты әсер етеді. Командирдің ұстамсыздық көрсетуі, аз күш жұмсауы қарамағындағылардың мінезі мен халіне және психикалық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. керісінше, ойланып істеуі, өзін-өзі ұстай білуі, офицердің қаттылығы қоластындағылардың қиын жағдайларда бас көтеруіне, батылдығына, шеберлігіне көмегін тигізеді.

Осылайша, заман талабына сай ұрыс әртүрлі психоэмоциялық қысымдармен көрінеді, ол әскери қызметшінің психикалық және эмоционалдық халіне әсер етеді, сондықтан да офицер әскери қызметшінің әскери қызметінің жоспарлануы мен жүзеге асуының барлық кезеңінде олардың жеке-психологиялық және жеке әскери ерекшеліктерін ескергені жөн. Бірақ, сонымен бірге, командир ұрыстық жағдайдың психожарақаттаушы әсерінің өзіне де, қарамағындағыларға да ізін қалдырып кететініне дайын болуы тиіс.

Әскери қызметшілердегі жарақаттан кейінгі ауытқулар

Витальді қауіппен байланысты психогенді факторлардың психологиялық және медициналық белгілері **жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулар (ЖККА)** деген атауға біріктірілген. Жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулар туралы көрініс Г.Сальбенің жалпы бейімделушілік синдромы жұмысына, М.Горовиц моделіне, В.Нейтралндың тірі қалу синдромына және Г.Кристалдың жаппай жарақатына негізделеді.

Ұрыстық әрекеттер мен басқа да қысылтаяң жағдайлармен негізделетін күйзелістік көріністер екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында зерттеудің ауқымды пәніне айналды. Сол кезеңде авторлар мұндай халдерге әртүрлі аттар ұсынды: әскери шаршау, ұрыстық жалығу,

әскери невроз. жарақаттан кейінгі невроз және т.б., бірақ осындай ауытқулардың барлық сипаттамалары ұйқының бұзылуы, түндегі қорқыныш, депрессия, гипертрофирленген эмоционалдық реакциялар, шамадан тыс қозушылық деген элементтерден тұрды.

1941 жылы А.Кардинер орталық физионевроз түсінігін енгізді, яғни, оның ойынша, қоршаған әлемге сәтті бейімделуді қамтамасыз етуге кедергі келтіретін басты себеп әртүрлі жекелей функциялардың бұзылуына осы физионевроз негіз болады. Кардинер әскери невроз физиологиялық та, психологиялық та табиғатқа ие деп есептеді. Ол арқылы алғаш рет аталған құбылыстың симптомдарының кешендік сипаттамасы жасалды:

1. қозушылық және жүйкеге әсер етушілік;
2. әрекет етудің ұстамсыз түрі;
3. жарақаттайтын жағдайларды тіркеу;
4. нақтылықтан алшақтау;
5. басқарылмайтын агрессивті реакцияларға болжаушылық.

Жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқуларды ауқымды түрде зерттеу АҚШ-та 1960-1970 жылдары Вьетнамдағы соғыс ардагерлеріне көмектің қажеттілігіне байланысты басталған болатын. Олардың ауытқулары біздің Ауған соғысының ардагерлерімен ұқсас болып келеді. 1970 жылы американдық вьетнам соғысының ардагерлеріндегі жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулар мәселесі бойынша тыңғылықты зерттеу жарияланды. Бірақ осы мәселенің алғашқы баспалдағы 70-жылдардың ортасында Вьетнам ардагерлерінің бейімсіздік мінезімен соқтығысқан кезде нақты қалана бастады. Вьетнамды жарақатсыз өткен 25% әскери қызметшіде әскери әрекеттердің тәжірибесі жағымсыз психикалық жайттарға алып келді. Жарақаттанғандар мен мүгедектер арасында жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулардан зардап шегетіндердің саны біршама көп – 42% болды. Қазіргі таңда 108 мыңға жуық ардагердің өзін-өзі өлтіргендігі, ал 35-40 мыңы сыртқы әлеммен байланыссыз, жабық өмір сүріп жатқандығы белгілі.

Одан кейінгі АҚШ-тың қарулы күштері жергілікті соғысқа қатысқан ардагерлердің түгелдей дерлігінде жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулардың болатындығын растап берді, ол комбаттарға квалификацияланған медициналық-психологиялық көмектің қажеттігін түсінуге алып келді. Қазіргі уақытта АҚШ-та әскери әрекет ардагерлеріне көмек көрсету негізінде 638 сауықтыру-кеңес беру орталықтары, психиатриялық клиникалар, күндізгі стационарлар мен мамандандырылған психологиялық қолдау көрсету орталықтары бар. Тек 1991 жылдың мамырынан қыркүйегіне дейінгі аралықта

ауықтыру орталықтарында Парсы шығанағындағы соғыстарының 10 мыңға жуығына және өзге де жергілікті соғыстар сулы қақтығыстардың 35 мыңға жуық ардагерлеріне көмектген, бұл жалпы зардап шеккендердің 10%-ы.

асштабты зерттеулер жүргізу барысында әскери қимылдардың шыларында дамитын күйдің бұрыннан белгілі психикалық тардың біреуіне де ұқсамайтындығы анықталды. 1980 ға дейін жинақталған ақпарат осы сияқты ауытқулар тек соғыстарына ғана емес, әртүрлі апаттар, көлік апаттары мен табиғат ын көрген тұлғаларға да тән деген қорытынды шығаруға ік берді. Нәтижесінде, тап сол жылы жарақаттан кейінгі ітік ауытқулардың бар болуы ресми танылды. Одан кейінгі ілерде ЖККА синдромының диагностикалық критерийлері і шығарылып болды.

А синдромы мәселесін қарастыра отырып, жарақаттан кейінгі ітікауытқуларға бағытталған көптеген зерттеулерге қарамастан, уақытқа дейін бұл құбылыстың пайда болу механизмінің анықтамасы жоқ екенін ескере кетпесе болмайды. ЖККА ын зерттеушілердің көбі осы синдромды нысандаудың негізі шегушінің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері ітейді.

хожарақаттаушы жағдайды басынан өткерген тұлғалардың ігиялық ерекшеліктерін зерттеуде екі негізгі бағытты атауға і: олардың бірі апаттың дәл уақытындағы мінез механизмін да, ал екіншісі жарақаттан кейінгі кезеңдегі психологиялық іліктер мен динамиканы анықтауда жатыр. Аталған мәселені іқты зерттемей тұрып, әскери әрекеттерге қатысқан әскерилер дұрыс психокоррекциясын жүзеге асыру, тиісінше, олардың іімделуін жүзеге асыру мүмкін емес.

ттеулердің бірқатарында ЖККА-ны жақсартуда индивидтің іе білу сипаты үлкен рөл ойнайтындығы атап көрсетіледі. іуі жақсы дамыған тұлғалар жоғары дәрежеде жарақаттан күйзелістік ауытқуларға тап болу қаупіне іе деген болжам ан болатын. Кейбір жұмыстарда ЖККА-дан зардап шегетін ірда ғажайып, «күшті» сезімдерді іздеуге деген жоғары ұмтылыс індігі атап көрсетіледі.

ің елімізде жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқуларды і арналған алғашқы зерттеулер 1980 жылдары басталды және інстан территориясындағы әскери әрекеттермен байланысты Зерттеулер барысында әскери әрекет аймағынан қайтқан соң,

жедел әскер қызметінің 70%-ға жуығында 3 немесе одан да көп ай өткеннен кейін әскери күйзеліске деген жеделдетілген реакциялар пайда бола бастаған. Қаралу үрдісі кезінде «ауғандықтар» невротикалық тұрғыда денсаулықтарына шағым түсірген. Қайта бейімделу кезеңіндегі жеке реакциялардың біршама типтік формасы – ипохондриялық және психастеникалық реакциялар. Әскери-медициналық академияның психиатрия кафедрасының қызметшілерінің мәліметтері бойынша, Солтүстік Кавказ аймағындағы әскери әрекеттерге қатысқан және содан кейін демалысқа шығарылған әскерилердің 71%-ында психикалық қысымның жоғары деңгейі байқалса, ал 17%-дан көбі өздерінде шекаралық жүйке-психикалық ауытқулардың болуына байланысты психатриялық қадағалауға мүдделі болған.

Әскери қызметшілерде байқалған ЖККА-ның негізгі белгілері мыналар:

- жағымсыз эмоциялық көріністердің психожарақаттаушы сәттермен негізделетін әртүрлі жағдайдарға жауап ретіндегі өршуі (бұқарада, кино және телефильмдерде жариялануы);
- қайталанатын түстер мен түндегі қорқыныштармен бірге жүретін түнгі ұйқының бұзылуы;
 - бөтендік сезімі;
 - қарапайым жағдайлардың өзінде ашуланушылық пен қызғаныш отының жоғарылығы;
 - ылғи қайталанып отыратын және жағымсыз алаңдаушылықтар шақыратын болған нәрсеге бос қайғыру;
 - «ертеңгі күннің болмайтындығы» сезімі, болашаққа деген ынтаның болмауы;
 - физиологиялық реактивтіліктің жоғары деңгейі.

Жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулар Солтүстік Кавказдағы әскери әрекеттерден кейін болған ауытқулар Ауғанстандағы әскери әрекеттерден қарағанда жоғары анықталғандығы назар аудартады. Осылайша, тіпті, қарулы қақтығысқа қатысқаннан 2 жыл өткеннен кейін де ұшқыштардың 31%-да жекелей синдромның көрінуі байқалды. Бәлкім, бұл Солтүстік Кавказдағы әскери әрекеттердің жойқын сипатынан, сонымен қатар, шаршауды күшейтетін құбылыстың жоғары болғанынан шығар. Себебі, Солтүстік Кавказдағы қақтығыстарға қатысқан ұшқыштардың көбі бұрындары 2-3 жергілікті қақтығыс пен қарулы соғыстарға қатысқан болатын.

Жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулар тек ағзаның функционалды халінің нашарлауы мен мінездің девиантты формаларын нысандаудан ғана емес, сонымен қатар, көбінесе,

құндылық бағыттардың трансформациясы мен мотивациялық құрылымдардың жоғалуынан, әскери қызметшінің әскери-кәсіби бағытталуынан да көрінеді. Солтүстік Кавказ аймағындағы әскери әрекеттерден қайтып оралған әскери ұшқыштардың әлеуметтік-психологиялық зерттеулерінің нәтижесі олардың әскери-кәсіби қызметтерінің белгілі бір деңгейде төмендегендігін көрсетеді: тек 66% ұшқыш пен 50% борт техниктерінде ғана әскери-кәсіби бағытталудың жоғары деңгейі анықталған, қалғандары төменгі деңгеймен ерекшеленеді, командирдің ойынша, бұл бөлімнің әскери қызметті орындауы мен олардың әскери мүмкіндіктеріне кері әсерін тигізеді.

Әскери ұжымдағы климат, негізінен, бөлімге немесе бөлімше командиріне байланысты екендігі күмән туғызбайды. Өз қоластындағылардан жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқуларды байқап қала салысымен, командир оларға дәрігерлік-психологиялық көмек көрсетудің барлық қажетті шараларын қабылдауы қажет.

Әскери әрекеттерге қатысқан әскерилердің мінезін бақылай отырып, неге көңіл бөлу қажет?

Қазіргі уақытта жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқуларды диагностикалау үшін диагностикалық стандарттардың жүйеленген версиясы қолданылады, ол симптомдардың 5 сындарлы тобын біріктіреді – А, В, С, D, Е. Бұл топтар мынаны болжайды:

- Адам анамнезінде қарапайым адамдық тәжірибе шегінен шығатын және психожарақаттаушы оқиғамен байланысты жағдайдың болуы;

- Комбаттардың қобалжуға үнемі бой алдыруы және психожарақаттаушы оқиғамен байланысты сәттерді тез ескеруі;

- психожарақаттаушы оқиғамен байланысты барлық нәрселерден қашуға тұрақты ұмтылыс;

- психогендік жарақаттан кейін пайда болған жүйке жүйесінің қозуының жоғары деңгейін айқындайтын тұрақты невротикалық симптоматиканың болуы;

- жарақаттан кейінгі күйзелістік ауытқулардың негізгі белгілерінің көрінісінің ұзақтығы.

Осылайша, ЖККА-ны диагностикалау салыстырмалы түрде алып қарағанда қиын емес. Өз қоластындағылардың авторитеті мен сыйластығына ие бөлімше командирі әскерилердің психикалық халін оңай бағалап, соған сәйкес қысылтаяң жағдайлардың жағымсыз әсерлерін ескерту шараларын қолдана алады.

Жоғары айтылғандардың барлығы заман талабына сай әскердің психологиялық сауатты және оқыған адам болуы керектігін тағы бір рет дәлелдейді. Мұнсыз әскери қызметшінің сәтті ұрыстық дайындығын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бақылау сұрақтары:

1. Экстремалды жағдайдағы адам мінез-құлқының жалпы заңдылықтары туралы айтыңыз.
2. Ұрысқа әскери қызметшілердің психикалық және мінез-құлық реакцияларының ерекшеліктері туралы айтыңыз.
3. Әскери-кәсіби бейімделудің негізгі факторларын атаңыз.
4. Әскери қызметшілердің ұрыс жағдайына бейімделуінің негізгі заңдылықтары мен кезеңдерін атаңыз.
5. Ұрыстық іс-әрекет жағдайына бейімделудің негізгі типтерін атаңыз.
6. Әскери қызметшілердің психикалық қалпына ұрыстық жағдайдың әртүрлі факторларының әсері туралы айтыңыз.
7. Сіз адамды ұрысқа психикалық туралаудың механизмдері мен тәсілдері туралы не білесіз?
8. Ұрыстық міндеттердің психологиялық мазмұны туралы айтыңыз.
9. Әскери қызметшілердің жарақаттан кейінгі күйзелістік бұзылыстары туралы не білесіз?

13-тарау. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ОҚУ-ҰРЫСТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

- **Оқу-ұрыстық дайындыққа жалпы сипаттама.** Оқу-ұрыстық дайындық үрдісінің психологиялық мазмұны және тәжірибелік оқыту әдістері. Үйрену деңгейлері. Тез және мақсатқа бағытталған оқыту.

- **Әскери қызметшілерді оқытудың психологиялық аспектілері.** Оқуға жағымды қатынасты қалыптастыру. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру. Адам қабілеті туралы жалпы түсінік. Қабілет дамуының деңгейлері.

- **Ұрысқа дайындығын психологиялық қамтамасыз ету.** Әскери қызметшілердің ұрысқа дайындығы туралы жалпы түсінік. Әскери қызметшілердің ұрысқа дайындығын ұйымдастыру бойынша офицерлік құрамға міндеттер. Әскери-кәсіби міндетті орындауға психологиялық дайындық. Әскери қызметшілердің ұрыстық қызметке психологиялық дайындығының критерийі. Әскери қызметшілердің ұрыстық қызметке психологиялық дайындығының әдістері.

Оқу-ұрыстық дайындыққа жалпы сипаттама

Әскерді дайындаудың негізі далалық үйрену, ал оның өзегі тактикалық дайындық болып табылады. Бұл соғыс құралына қарамастан тактика оперативті және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің негізі болатындығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, сәттілікке жетуде кіші бөлімшелер – взвод, рота, жеке бөлім, есеп, экипаждың көбірек рөл ойнауы қазіргі заманғы әскери іс-қимылдардың ерекшелігі болуда.

Тактикалық дайындықтағы басты мәселе – әскерді үлкен қашықтыққа марш жасауға және бірден ұрысқа түсуге үйрету, қарсыласты талқандау үшін күш пен құралды тез жұмылдыра білу, белсенді шабуыл әрекетін жоғары қарқында және үлкен тереңдікпен жүргізу, қарсы ұрысты епті жүргізу, қарсыластың ізіне түсу, су бөгетін кешіп өту, жұқпалы, қираған және өрт зоналарын өту және тез қорғаныс құрып, белгіленген аудандарды ұстап тұруды үйрену.

Жоғары тактикалық дайындық ату дайындығымен қамтамасыз етіледі. Қарудың кез келген түрі ұрыс пен операцияны жүргізудің

шешуші факторы болып табылады. Шабуылды дайындау мен қамтамасыз ету және қорғаныс мықтылығын қару қамтамасыз етеді. Мұның барлығы оны епті қолдануға тәуелді. Жоғары тактикалық және қарулық дайындық тиісті техникалық сауаттылық, техника мен қарудың барлық мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануды талап етеді. Аталған тәртіп арнайы дайындықпен бірге әскердің бүкіл жауынгерлік дайындығының негізін құрайды. Бұған физикалық және саптық дайындықтың қажетті деңгейін және қарсыластың жаппай қырып-жою қаруы мен басқа да қару түрлерінен қорғана білуді қосу қажет.

Жауынгерлік дайындығы үрдіс ретінде елеулі динамикалықпен сипатталады. Бұл тактикалық нормативтердің өзгеруіне алып келетін қарудың жаңа түрлерінің пайда болуы және жаңа әскери мамандықтардың пайда болуымен байланысты. Сонымен қатар әскери дайындық мазмұны оны оқуға бөлінген уақытпен қарама-қайшылыққа түседі, өйткені әскери қызметші үйренуі тиіс білім өсіп келе жатыр, ал оны меңгеруге берілген уақыт өзгеріссіз, тіпті азаюда.

Берілген қайшылықты шешудің ең перспективті бағыты әскери дайындық үрдісінің психологиялық мәнін түсіну, оның тиімділігін арттырудың психологиялық факторларын пайдалану, білімді жеткізу мен меңгеру, дағды мен шеберліктің қалыптасу үрдісі заңдылықтарын ескеру, адамның жасырын психикалық резервтерін іске қосу болып табылады.

Әскери қызметшілерді әскери дайындық үрдісінің психологиялық мазмұнын зерттеу әскери шеберлік қалыптасуы, яғни жоғары эффективті әскери-кәсіби қызметті қамтамасыз ететін білім, дағды, шеберлік және кәсіби маңызды қасиеттердің жиынтығын меңгеру үрдісінің мәнін қарастыруды білдіреді.

Отандық жастық және педагогикалық психологияның негізгі ережелері бойынша адамның мінезі мен қызметіндегі өзгерістер үйрену нәтижесі болып табылады. Алайда қызмет пен мінездің барлық өзгерістері үйрену болып табылмайды. Мысалы, механик-жүргізуші қозғалтқыштың жай ақауын түзете алмайды және теориялық сабақтарда оған ақаулардың мүмкін болған себептерін үйретеді. Әрі қарай тәжірибе сабақтарында ол осыған ұқсас мәселелерді шешеді, басқалардан үйренеді, қосымшалар, пайдалану нұсқауын оқиды. Осыдан кейін әскери қызметшінің қозғалтқыш ақауларын түзетуді үйренді деп айтуға болады. Алайда қараңғылықта көздің автоматты түрде сезімталдығын арттыру туралы олай айта алмайсыз. Мұнда біз үйренумен емес, ағзаның физиологиялық қасиеті ретіндегі көру бейімделуімен кезігеміз.

Әскери психологияда үйренудің екі деңгейі бөлінеді: рефлексорлық және когнитивті.

Рефлексорлық деңгейде үйрену белгілі бір ынталар мен оларға сәйкес реакцияларды меңгеру арқылы көрініс алады. Когнитивтік деңгейде үйрену білім мен оған сәйкес реакцияларды үйрену арқылы көрініс алады.

Әдетте рефлексорлық деңгей қиын емес дағдылар мен ептіліктерді үйренуде іске қосылады. Қиын қозғалыс және интеллектуалдық актілерді қалыптастыруда алдыңғы рөл когнитивті деңгейге тиесілі.

Рефлексорлық және когнитивті деңгейлер өзара жоққа шығаратын емес. Когнитивті деңгейде қалыптасатын дағдылар ұзақ дайындықтар нәтижесінде автоматтандырылуы мүмкін.

Үйрену стихиялық және арнайы ұйымдастырылған болуы мүмкін. Мақсатты үйрену оқыту деп аталады.

Білім тек оқытушының өз қызметі нәтижесінде ғана меңгеріледі, сондықтан оқыту деп оқытушы мен оқушы арасындағы әрекеттесу үрдісін атауға болады, оның нәтижесінде соңғысында қажетті білім, дағды мен ептіліктер қалыптасады. Оқытудың сәттілігінің міндетті шарты – оқушының белсенділігі.

Психологиялық тұрғыдан әскери дайындықтың мәні әскери қызметшілердің білім, дағды мен ептіліктерді белсенді, саналы және мықты меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады. Бұл үрдістің негізгі психологиялық құрамдас бөліктері:

- Оқуға оң қатынас;
- Оқу материалын ең маңызды психикалық үрдістерді (қабылдау, назар, есте сақтау, ынта және т.б.) іске қосу арқылы меңгеру үрдісі;
- Материалды пайымдау, оны түсіну, ойлау, сөйлеу, қиял арқылы өңдеу үрдісі;
- Ақпаратты есте сақтау, сақтау және қайта шығару үрдісі;
- Тәжірибелік әрекет, білімді жүзеге асыру, дағды мен ептілік қалыптастыру үрдісі;
- Эмоционалдық және ынталық сүйемелдеу үрдісі.

Аталған үрдістер ескеру, бағыттау, бақылау, ынталандыру, түзету және т.б., яғни ұйымдастыруды қажет ететін өзінің заңдылықтары, ерекшеліктері, қасиеттеріне ие.

Әскери қызметшілер оқуын ұйымдастырудың психологиялық механизмдерін қарастырайық.

Әскери қызметшілерді оқытудың психологиялық аспектілері

Оқу қызметі түрткілерінің екі негізгі тобын – сыртқы және ішкі түрткілерін бөлу қабылданған. Сыртқыларына талаптар, марапат, қорқыту, топтың қысымы және т.б. жатады. Елеулі түрткіден айырылған мұндай оқыту үлкен психологиялық күш талап етеді және тиімсіз.

Ішкі түрткі индивидтің белгілі бір білім мен дағдыға ие болуға өз бетінше талпынуы, оқуға қызығушылықты білдіреді. Қызығушылық қаншалықты жоғары болса, тұлғаның белсенділігі соншалықты үлкен, нәтиже соншалықты елеулі. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы туралы айтқанда қызығушылық адамның пәндерге, құбылыстарға, әрекеттерге таңдаулық қатынасын көрсететінін айтқан жөн. Ол қажеттіліктер негізінде туындайды. Танымдық қызығушылық кез келген қажеттілік секілді үлкен оятушылық күшке ие. Оны қалыптастыру арқылы офицер әскери дайындықтың жоғары тиімділігіне қол жеткізуі мүмкін.

Бұған дейін айтылғандай, әскери дайындық білім, дағдылар мен біліктіліктер кешенінен құралады және моральдық-психологиялық және әскери қасиеттермен бірге жауынгер шеберлігін құрайды.

Білім – адам себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарда көрсеткен заттар мен құбылыстар туралы мәліметтер жиынтығы. Білімді көрсету сөздерде, түсініктерде, заңдарда, теорияларда орын алады. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен байланыстары келесіде көрінеді: а) заттық, қасиеттері көрініс алады; б) әлеуметтік, мұнда ол қасиеттер қабылданып, түсініктерде көрініс алады; в) ойлаушылық, мұнда ол қасиеттер сарапталады, салыстырылады және жалпыланады; г) сөздік, мұнда бекітіліп, абстракцияланады.

Бағыныштыларын оқытумен айналысатын офицер таным үрдісінің психологиялық қасиеттерін ескеруі тиіс. Атап өтетін болсақ:

1. Ақпаратты өңдеу қабылдаудан кейін емес, қабылдау барысында жүзеге асады. Мұнда әр индивид езіне ең маңызды бөлігін бөліп алады. Сондықтан оқытылатын нысандарды барынша жарқын көрсетіп, олардың ең елеулі қасиеттерін көрсету және оқушының тәжірибесі мен өзінде бар білімін ескеруі тиіс.

2. Индивидке тән ойлау түріне сәйкес білімді қалыптастыру не нақты-тәжірибелік жолмен нысандарды дұрыс шешім тапқанға дейін салыстыру арқылы немесе абстрактілі-логикалық дерексіз, ақыл-ой жолымен жүзеге асырылады.

3. Білім қалыптасуына алып келетін ақпаратты өңдеу тек саналы ғана емес, ұғынусыз да сипатқа ие.

Психологияда **дағды** деп мақсатты әрекеттер мен қозғалыстарды жүзеге асыруды автоматтандыруды есептеу қабылданған. Дағды адам санасын «қара жұмысты» бақылаудан босатады және бастысына назар аударуға мүмкіндік береді. Мысалы, қарудан оқ атуда дәлдеуші санасы нысанаға бағытталады, ал қаруды нысанаға бағыттау бойынша әрекет автоматты түрде жүзеге асады.

Қандай әрекет автоматтандырылуына байланысты дағды түрлері де бөлінеді: а) сенсорлық, ақпаратты қабылдауды автоматтандырумен байланысты; б) қозғалтқыш, бұлшық еттік қозғалыстар автоматтандырылады; в) ақыл-ойлық.

Дағдыларды қалыптастыру үшін келесі шарттарды сақтау қажет:

1. Көп реттік саналы түрде қимылды қайталау.
2. Сырттан бақылау, көмек және түзету.
3. Өз қателіктерін, олардың себебі мен түзету тәсілдерін ұғыну.
4. Қимылдардың қарқынын, жүктеуін және жалпы ұзақтығын арттыру.

5. Жаттығуларды қолдау және ынталандыру.

Біліктілік деп бар білім мен дағдыларды қиын теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге пайдалану қабілетін айтады. Біліктіліктің қалыптасуы бірнеше жолмен жүреді: біріншіден, оқушыларға қажетті білімді жеткізу мен оны пайдалану бойынша мәселе ұсыну (мәселелік оқыту); екіншіден, түрлі мәселені анықтау мен оны шешуге қажетті шараларды анықтау (алгоритмденген оқыту); үшіншіден, қабылданған ақпаратты берілген мәселелерді шешу үшін өңдеу мен пайдаланудың деңгейлік психикалық қызметі (ақыл-ой әрекеттерін деңгейлік қалыптастыру арқылы оқыту).

Оқытуды ұйымдастыруда тек оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру жеткілікті емес, бағыныштылардың қабілеттерін де ескеру қажет.

Адам мүмкіндіктерін анықтау үшін оның қабілетін білу керек. Бастапқы білім мен біліктіліктің біркелкілігінде, сәттілікке бірдей талпыныста кенеттен біреулерінің басқаларға қарағанда тезірек жетістікке жететіні байқалады. Бұл адамдардың индивидуалды психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болатынымен байланысты. Мұндай ерекшеліктерді қабілеттілік деп атау қабылданған.

Қабілеттілік дегеніміз – білгілі бір қызмет түрінде сәттілікті ұнататын адамның мығым психологиялық ерекшеліктері жиынтығы.

Белгілі психолог Б.М.Теплов ерекшеліктердің үш негізгі сипаттамаларын бөліп көрсетті: біріншіден, бір адамды екіншісінен ерекшелетін жеке-психологиялық ерекшеліктер; екіншіден, белгілі бір қызметтің іске асуының сәттілігіне ғана қатысты жеке ерекшеліктер; үшіншіден, «қабілеттілік» түсінігі берілген адамда қалыптасқан білім, дағдылар мен біліктілікке тірелмей, олардың қалыптасуына алғышарт болуына байланысты.

Қабілеттіліктердің маңызды қасиеттері олардың **индивидуалды әралуандығы мен сандық анықтылығы**. Қабілеттілік бейімділік, яғни нәрестенің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерінен қалыптасады. Барлық нәрестелер қалыпты жағдайда барлық бейімділіктерге ие, алайда сандық жағынан олар біркелкі емес. Бірақ жалпы сипаттамалармен қатар, ерекшеліктер көріне бастайды. Осылайша жалпы ерекшеліктерден арнайы психомоторлық, мнемикалық, сөйлеу-ойлау және басқа да ерекшеліктері қалыптасады. Олардың негізінде сол бейімділіктер жатады, бірақ тек олар ғана емес. Адамда не сәтті шықса, ол соны жасауды жақсы көреді және жаңа резервтер табу арқылы дамиды. Кәсіби оқу мен қызмет кәсіби қабілеттіліктер туындатады. Қабілеттіліктерді пайдалануды тоқтату олардың бұзылуына алып келеді, ал дер кезінде пайдаланылмаған қабілеттіліктер дамымайды.

Қабілеттіліктер жеке тәсілдердің әралуандығы немесе **қызметтің индивидуалды стилімен** және жалпы және арнайы қабілеттіліктердің қатынасымен сипатталады.

Жалпы қабілеттіліктердің даму деңгейі тұлғаның интеллектуалдық деңгейі мен ерекшеліктеріне байланысты. Жалпы қабілеттер деңгейіне әсер ететін тұлғалық ерекшеліктер:

- Еңбексүйгіштік пен еңбекке қабілеттілік;
- Назарды жинақтауға қабілет пен аңғарушылық;
- Дамыған шығармашылық ойлау, ой икемділігі, ойлау қызметінің жоғары өнімділігі.

Жалпы қабілеттіліктер қызметтің кең спектріне қабілеттілік пен қызметтің бір түрінен екіншісіне ауысу мүмкіндігін анықтайды. Сонымен қатар, олар қызметтің белгілі бір түріне арнайы қабілеттіліктердің дамуына элеуметтік-психологиялық негіз болады.

Қабілеттіліктер туа бітті болмайды, тума сипатқа тек бейімділік, яғни қабілеттілік негізінде жататын биологиялық алғышарттар тән. Ал адамда бейімділіктің дамуы, дамымауы оның өмір сүруі, тәрбиесі және оқуына байланысты.

Мысалы, маршал Г.К.Жуков стратег бейімділігіне ие болды. Ал егер ол осы бейімділігін оқу барысында, кіші командир ретінде, ірі

әскери топтар қолбасшысы ретінде тікелей ұрысқа қатысу барысында дамытпаса, бұл бейімділіктер өзгеріссіз қалар еді.

Қабілеттілікті білім және дағдымен шатастыруға болмайды, алайда олар өзара байланысты. Кез келген еңбекқор, қайсар адам білім, дағды және біліктіліктің жоғары деңгейіне жете алады. Ал қабілеттіліктің болуы сол нәтижені тезірек қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, әскери қызметшілерді оқыту сәттілігі білім мен дағдыларды меңгерудің психологиялық механизмдерін және оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруге байланысты.

Әскери дайындықты психологиялық қамтамасыз ету

Біз әскери қызметшілерді оқытудың психологиялық аспектілерін қарастырдық, алайда әскери дайындықты қамтамасыз ету үшін әскери қызметшілерді сәйкес әскери-кәсіби білімдер мен дағдыларға үйрету жеткіліксіз. Әскери қызметтің арнайы психологиялық дайындығы қажет, ал оған соңғы кезде көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар оқулық әдебиеттерінде, бірқатар басқарушы құжаттарда және тәжірибеде **моральдық-саяси және психологиялық дайындық, моральдық-психологиялық дайындық және моральдық-психологиялық қамтамасыз ету** секілді түсініктерге кезіземіз. Бұл түсініктер нені білдіреді?

Моральдық-саяси және психологиялық дайындық деп әскери қызметшілерді тәрбиелеу жұмыстарының бүкіл кешенін айтады. Ол идеологиялық, адамгершілік және психологиялық компоненттер жиынтығын құрайтын моральдық фактор мәніне негізделеді.

Моральдық-психологиялық дайындық терминіне келсек, ол белгілі бір мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған жұмысты білдіреді. Негізгі назар мінездік және адамгершілік-этикалық аспектілерге бағытталады.

Психологиялық дайындық жеке құрамда психологиялық төзімділік, яғни әскери мақсаттарды өмірге қауіп және қапылыста орын алу факторы бірге жүретін қиын жағдайда орындауға мүмкіндік беретін психологиялық қасиеттерді қалыптастыруды білдіреді.

Моральдық-психологиялық қамтамасыз етуге келсек, ол тылдық, техникалық және басқа да әскери әрекет түрлерімен қатар тұратын әртүрлі шаралар кешенін білдіреді. Моральдық-психологиялық қамтамасыз етуге тәрбиелік, ақпараттық, құқықтық және мәдени шаралар және психологиялық дайындық шаралары

кіреді. Қарсыластың психологиялық әсерін жою бойынша шаралар кешені де қарастырылады. Әскери қызметшілер қызметін қамтамасыз етудің бұл түрі алдағы әскери шаралар, қойылған мақсат, әскердің және қарсыластың моральдық-психологиялық жағдайын ескере отырып құрылады.

Жеке құрамның әскери дайындығының моральдық-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда жауынгерлік қызмет әскери қызметтің ерекше түрі екенін ескерген жөн. Ол ұрыс, соғыс жағдайында орын алады және оқулық-ұрыстық қызметтен ерекшеленеді. Ұрыстық қызмет нысаны нағыз жау, оның жеке құрамы, техника, құралы қару мен әскери техника болып табылады. Ал оқулық-ұрыстық қызметте қарсылас болмайды. Енді оқулық-ұрыстық және ұрыстық қызметтің психологиялық құрамын қалай жақындатуға болатынын қарастырайық.

Әскери қызметтің бұл екі түрінің негізгі ерекшелігі— ынталандыруда. Оқу-жаттығуларында қатысқан офицерлер сауалнамасы барысында оларға ең маңызды ынталандыру борыш сезімі, командир, ұжым алдында жауапкершілік, жоғары баға, марапатқа қол жеткізу қалауы екені анықталды. Ал ұрыстық қызмет қауіп факторы әскери қызметшілердің ынталық саласына әсер ете отырып, олардың әрекеттеріне басқаша мән береді. Ауған соғысына қатысушы офицерлер ұрыстық қызмет ынтасы ретінде патриотизм, жолдастары жағынан кінәлау қорқынышы, өлгендер үшін кек алуға талпыныс, жек көру сезімі, тірі қалу тілегі, тұтқынға түсу, жаралану, өлу қорқынышын атады. Аталғандардан көретініміздей, бейбіт уақытта ұрыстық қызмет ынтасын қалыптастыру қиын іс.

Сонымен қатар әскери қызметшілерді психологиялық дайындықты ұйымдастыруда экстремалды жағдайда мүмкін болған психикалық бұзылуларды ескеру үшін адамның ұрыстағы мінез-құлқы тәуелді болатын елеулі психика сипаттамаларын ескеру қажет.

Ұрыс қызметін тиімді жүзеге асыруға әсер ететін психика сипаттары:

1. ынталар жүйесінің қалыптасқандығы;
2. психикалық үрдістердің қызметінің сенімділігі;
3. ұрыс факторларында басқарылатын реакция;
4. психикалық жағдайдың өзін-өзі реттеу мүмкіндігі.

Жетістікке жету үшін әскери қызметшілер тек қару мен әскери техниканы пайдаланып, ұрыс тактикасын білу жеткіліксіз, ол өзінің біліктілігін ұрыс жағдайында орын алуы мүмкін кез келген жағдайда пайдалануға дайын болуы тиіс және ол психологиялық дайындық негізі болып табылады. Ұрыстың негізгі психологиялық факторлары:

1. **қауіп** – өзінің денсаулығы мен еміріне қауіпті сезіну;
2. **тұтқиылдық** – мақсатты жүзеге асыру барысында жағдайдың күтпеген өзгеруі;
3. **белгісіздік** – мақсаттың орындалу шарттары немесе қарсылас туралы ақпараттың жоқтығы, жеткіліксіздігі немесе қарама-қайшылығы;
4. **әрекет қарқынын үдету** – әрекетті орындауға уақыттың қысқаруы;
5. **уақыт тапшылығы**, тек әрекет қарқынын арттыру арқылы мақсатты сәтті орындау мүмкін емес, әрекет құрылымы мазмұнын өзгерту қажет жағдай.

Ұрыс жағдайының психологиялық ерекшелігін анықтаушы негізгі фактор қауіп деп саналады. Басқа әсер ететін факторлар деңгейі қауіп деңгейіне тәуелді. Мұнда адамның қауіпке реакциясы әртүрлі болуы мүмкін: саналы, импульстық, тікелей, «стимул-реакция» сызбасына сиятын. Қауіпке реакция сипатына мінез-құлық реакциясы тәуелді: біріншісінде ол саналы түрде басқарылады, екіншісінде жағдайға байланысты, импульсивті, толықтай жағдайға тәуелді. Сондықтан, психологиялық дайындық мақсаты – ұрыс факторларында басқарылатын реакцияны қалыптастыру.

Психологиялық дайындық барысында әскери қызметшілерді алдағы ұрыс қызметінің ерекшеліктері мен шарттары, әскери мақсатты орындау қиыншылықтары, оларды жеңу жолдары туралы толық мәлімет береді. Оқулар барысында нағыз ұрыста пайда болатын психикалық реакцияларды туындататын ұрыс әрекеттердің сыртқы көрінісі мен жауынгердің әскери қызметінің психологиялық моделі жасалады. Жаттығулар мен оқулардың қауіп пен тәуекелге, күтпегендік пен жаңалыққа толы болуы жеке құрамда алғашында психикалық шиеленісушілік туындатады, алайда берілген мақсатты жүзеге асыру мен қиындықтарды өтудің маңыздылығы жаттығу ұрысындағы сәттілікке жетуде тұрақты ынта қалыптастырады.

Тұрақты қиындау жағдайында жаттығуларды көп рет қайталау барысында әскери қызметшілердің өзінің психикалық жағдайы мен әрекеттерін бақылау мүмкіндігі болады. Психиканың динамикалық компоненттеріне басқару жақсарады. Біртіндеп сенімсіздік пен қорқынышты орнықты басудың психологиялық механизмі қалыптасады.

Жеке құрамның эмоционалды-еріктік бақылауының жақсаруымен қиыншылықтарды жеңу мен қойылған мақсатты жүзеге асыру

қабілетіне деген сенімділік өседі. Өзіне, қаруына, командирлеріне және жолдастарына сенімділік ұрыс жағдайын дәлірек бағалауға, өз білімін, дағдыларын және біліктілігін іс жүзінде тиімдірек пайдалануға көмектеседі.

Ұрыс әрекеттері басталысымен психологиялық дайындалған әскери қызметшінің психикалық жағдайында өзгерістер орын алып, қажетті психикалық қасиеттер іске қосылады, психикалық белсенділік артады, алдағы ұрыс қиыншылықтарын жеңуге бағытталу нақтыланады.

Әскери қимылға дайындықтың психологиялық құрылымында психиканың екі өзара тәуелді компоненттер жүйесі бөлінеді: тұрақты және динамикалық компоненттер.

Психиканың тұрақты компоненттеріне әскери мамандыққа тән психикалық танымдық үрдістер ерекшеліктері (сезім, түйсік, көзқарас, жады, назар, ойлау), тұлғаның психикалық қасиеттері (әскери-кәсіби бағытталу, осы мамандыққа қажетті мінез сипаты), кәсіби шеберлік, физикалық төзімділік және психологиялық төзімділік жатады.

Жағдайлық сезімдер (сенімділік, мақтаныш, жек көру, қайғы және т.б.) мен психикалық ахуалдар (эмоционалды көтерілу, энтузиазм, жабырқаулық). Бұл факторлар индивидтің әрекеттерін ынталандыруға, оның күшін жұмылдыруға және сонымен қатар оның қызметінің шырқын бұзуға қабілетті. Оларға нақты әскери мақсатты жүзеге асыруға дайындық тәуелді.

Психологиялық дайындықтың қорытынды кезеңінде сенімділіктің жоғары коэффициентімен белсенді әрекетке бағытталған әскери қызметшілердің психикасын жұмылдыруға қол жеткізіледі. Бөлімше командирі жеке жауынгерлер мен бүкіл ұжымның психологиялық дайындығын бағалауы тиіс.

Қазіргі таңда жауынгер мен ұжымның әскери мақсатты орындауға психологиялық дайындығын объективті бағалау мүмкін болмай тұр. Іс жүзінде командирлер әскери қызметшілердің психологиялық дайындығы деңгейін келесі көрсеткіштер бойынша қорытындылайды:

- әскери қызметшілер қойылған мақсатты қаншалықты сезінеді және қабылдайды;
- осындай жағдайдағы әрекет дағдылары қаншалықты қалыптасқан;
- ұжымдық сезім қаншалықты дамыған, психологиялық сәйкестік деңгейі қандай;
- жағымды психикалық күйлер (көтеріңкілік, ежеттік, қозу, табандылық) деңгейі, абыржу, алаңдау, сенімсіздік деңгейлері қаншалықты;

- алдағы әрекеттер туралы ақпараттарға реакциясы қалай, т.б.

Бұл көрсеткіштерді бағалау ұрыстың психологиялық жағдайын модельдейтін жаттығулар мен оқуларда жүргізіледі. Ұрыстық психикалық қысым деңгейіне қол жеткізу үшін әр сыналушы үшін модельдеудің үштен кем емес түрін пайдалану қажет. Әр нормативтің бағасы негізінде ұрыстық дайындық туралы бірыңғай баға қойылады.

Оқу-жаттығу барысында психикалық үрдістер қызметінің сенімділігін қалыптастыру қажет. Бұл құбылыс кедергіге шыдамдылық деп аталады. Ұрыс факторлары әсерімен адам болмысты дұрыс қабылдау қабілетін жолғалтуы мүмкін. Ойлау, назар, тіпті сөйлеу үрдістері бұзылады. Сондықтан оқу-жаттығу дайындығы барысында әскери қызметшінің психикасының қызмет етуін жоғарылатуға бағытталған шаралар жүргізген дұрыс.

Психиканың функционалдық сенімділігі келесілер есебінен жоғарылайды:

- сезім мүшелерінің жоғары сезімталдығы мен орнықтылығын қалыптастыру;
- ұрыста қашықтықты, уақытты, жылдамдықты дұрыс есептеу қабілетін дамыту;
- назардың үлкен көлемін сақтау, оның тұрақтылығы, жұмылдыру, ауысу және т.б. қабілеттерін қалыптастыру;
- ұрыс облысын қамтитын көпжақты көзқарастарды құру және нығайту;
- ұрыста ес өнімділігін, иілгіштігін, ұтқырлығын, ойлау жылдамдығын сақтау қабілетін жоғарылату.

Осылайша, психикалық үрдістердің қызметінің сенімділігі кедергілер жағдайындағы дәстүрлі оқу мәселелерін шешу арқылы қалыптасуы мүмкін.

Әрі қарай әскери қызметшілерді ұрыс жағдайында және басқа да экстремалды жағдайларда әрекет етуге дайындықтың нақты тәсілдерін қарастырамыз.

Ұрыстың психологиялық факторларын туындату үшін ұрыс жағдайын модельдеудің әртүрлі тәсілдері пайдаланылады. Оларды келесі белгілер бойынша топтастыру қабылданған:

- ұрысты модельдеу құралдары бойынша;
- әсер ету модальдығы бойынша (көру, тыңдау, сезіну және басқа сезім);
- әскери қызметшілерге әсер ету механизмдері бойынша.

Ұрыс факторларын модельдеу құралдары бойынша психологиялық дайындық тәсілдерін төмендегідей бөледі:

- **Сөздік-белгілік.** Сөздік-белгілік модельдеуде әскери қызметшілерге әсер екінші белгілік жүйе арқылы сөздер, белгілілер, ақпараттық белгілілер көмегімен жүргізіледі. Бұл алдағы ұрыс, жарақат алу мүмкіндігі және т.б. туралы өңгіме болуы мүмкін;

- **Көрнекілік.** Көрнекілік модельдеуде әсер ету әртүрлі заттарды көрсету арқылы, мысалы, атқыш және басқа да қару түрі әсер еткеннен соң, жүзеге асырылады. Автоматтық кезекпен атылған өлтірілген әскери қызметші немесе адам өлігі түрі қатты әсер етеді. Куәгерлердің айтуынша, ұрыста қатыспаған әскери қызметшілерге Ауғанстанда атылған екі душманның өлігін көрсеткенде кепшілігінде психикалық ауытқулар орын алған;

- **Компьютерлік.** Әскери қызметшіге әсер ету ұрыс факторларын ЭВМ-мен жұмыс жасауда мәселелер мен ойындарды орындау кезінде модельдеу арқылы жүргізіледі;

- **Тренажерлік.** Әсер ету ұрыс факторларын белгілі бір дағдылар мен біліктілікті қалыптастыруға көмектесетін техникалық құралдарды пайдалану арқылы модельдеу жолымен жүргізіледі;

- **Имитациялық.** Әскери қызметшілерге әсер ету ұрыс жағдайының сыртқы белгілеріне еліктеу құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

- **Ұрыстық.** Әсер ету ұрыс әрекеттерін ұйымдастыру мен жүргізуге пайдаланылатын әскери техника, қару мен ең қажетті құралдарды пайдалану арқылы модельдеу жолымен жүргізіледі.

Әсер етудің модальдығы бойынша психологиялық дайындықтың келесі тәсілдері бөлінеді:

- Әскери қызметшілер психикасына есту арқылы әсер ету.

- Айқайлар мен ыңырсу. Мұндай әсер ету оқудың ең шиеленіскен сәтінде пайдаланылады: алдын ала дайындалған әскери қызметшілер басқаларға күтпеген кезде айқай мен ыңырсу білдірген жаралыларға еліктейді.

- Дабыл қоңырау. Бұл әсер етуді кіші кеңістікте – бөлмеде, панада пайдаланған жөн, ол қысымды күшейтеді.

- Дыбыс жазушы және радиотрансляциялық құралдар. Бұл жағдайда ұрыс дыбысы мен әртүрлі ерекше дыбыстар қойылады.

- Жарылғыш заттар. Мұнда тиімділікке күш арқылы емес, әсер ету ұзақтығы арқылы қол жеткізіледі.

- Әскери қызметшілер жүйкесіне көру сезімі арқылы әсер ету.

- Жарық эффектілері (жарылу, шам, прожектор жарығы). Қойылған мақсатты жүзеге асырумен бірге назарды жарық эффектілері арқылы аудару психологиялық қысымның жоғарылауына алып келеді.

- Қираулар, бұзылған орындар, қарақшы. Олардың көмегімен жек көру, қорқыныш, жабырқау сезімдерін келтіре отырып, қойылған мақсатты орындауды талап ету арқылы әскери қызметшілерді жағымсыз сезімдерді басуға үйретуге болады.

- Қару мен техниканың заттарға әсерін көрсету. Қару мен техниканың заттарға әсерін тікелей бақылай отырып, әскери қызметшілер өздерінде ұрыс жағдайының психологиялық факторларына шыдамдылықты қалыптастырады.

- Әскери қызметшілер жүйкесіне иіс сезімі арқылы әсер ету. Орындардың жаттығулық ОВ рецептуралармен (мысалы, аммиак суы) жұғыну учаскелерін құру және жүрек айнытатын, күйік иістері бар басқа учаскелерді құру арқылы онда әскери қызметшілерді қорғану құралдарымен және қорғану құралдарынсыз ұрыс дайындығын өткізу арқылы олардың әрекетін шынайыға ұқсатуға болады.

- Әскери қызметшілер жүйкесіне түйсіну сезімдері арқылы әсер ету. Жауынгер естіп, көргеннен басқа жаңа психикалық бейнелер қалыптастыру үшін түйсіну сезімдері үлкен мәнге ие. Жауынгер қолында оқ, мина, снаряд сынықтарын ұстап, соққы толқынын сезініп, өрт, жұқпалы ошақтарда әрекет еткенде онда ұрыстың нағыз көрінісі туралы толық көзқарас пайда болады.

- Әскери қызметшілер жүйкесіне вестибюльдік аппарат арқылы әсер ету. Көптеген тез қозғалулар, қысымның жоғары деңгейі, түнгі жағдайда әрекет ету, әскери машиналардың кіші, жабық кеңістігі, бағдарлау қиындығы вестибюльдік аппаратқа көтеріңкі қызығушылық тудырады. Әртүрлі физикалық жаттығулар (айналулар, қырлы бәренеде жаттығу, шектеулі алаңдарда әрекет ету, қараңғыда қозғалу) вестибюльдік аппаратты нығайтып, өз күшіне деген сенімділікті қалыптастырады.

Әскери қызметшілерге әсер ету механизмдері бойынша психологиялық әсер ету тәсілдері былай бөлінеді:

- **Сендіру тәсілдері.** Бұл логикалық түсіндірулер арқылы интеллектуалдық әсер ету тәсілдері.

- **Мәжбүрлеу тәсілдері.** Әсер ету адамның ынталандыру саласына оның қалауы мен жігерінен тыс бағытталады.

- **Иландыру тәсілдері.** Дайын шешімдер мен қорытындыларды сыни емес қабылдауға есептелген эмоционалды-жігерлік әсер жүзеге асырылады.

- **Еліктеу тәсілдері.** Бұл басқа адамның мінезі мен жағдайын қабылдау мен қиялды білдіреді. Олар ынталану немесе тікелей көшіру сипатына ие болуы мүмкін.

- **Жұғу тәсілдері.** Тұлғаның ессіз, еріктен тыс белгілі бір психикалық жайға ұшырауы.

- **Үйрену тәсілдері.** Мұндай тәсілдер белгілі бір әсерлерге оларды көп рет қайталау арқылы шыдамдылықты қалыптастыруға негізделген.

- **Өзін-өзі сендіру тәсілдері.** Әскери қызметшілерді ауызша өзін инструкциялау немесе белгілі бір жағдайды ойша қиял арқылы еркін бағытталған өзін-өзі сендіру біліктілігін үйретуді білдіреді.

Әскердің соғысқа дайындығын психологиялық қамтамасыз ету өмірдің дұрыс өтуі, физикалық және психикалық денсаулыққа қауіпті сезіну нәтижесінде дамитын әскери қобалжуға қарсы маманданған әрекетті де білдіреді. Әскери қобалжулармен күрес тікелей ұрыс барысында және одан кейін ұйымдастырылуы тиіс. Егер әскери қобалжуға шалдыққан тұлғаларға дер кезінде көмек көрсетілмесе, оларда әртүрлі психикалық ауытқулар, тіпті психоактивті (алкоголь, наркотик) заттарды асыра пайдалану дамиды. Қобалжу жағдайларының сипатты психологиялық нәтижелері экстремалды жағдай шыңында емес, оның басылуында пайда болатын реактивті психоз болады.

Командирлерге жеке құрамның тек психологиялық дайындығын ғана емес, әртүрлі экстремалды жағдайда әрекет етуге үйретуге тура келеді. Дайындықтың құрамы мен тәсілдері осындай жағдайдың сипатына байланысты. Мысалы, әскери бөлімдердің Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысу барысында қауіп көзі радиация болды және қауіптің ерекшелігі, психологиялық тұрғыдан мұндай қауіпті сезіну қиын болды: радиация көрінбейтін, естілмейтін және иісі жоқ. Жағдайда қауіптің үйреншікті белгілері болған жоқ, сондықтан жеке құрам мүмкін болған тәуекелді дұрыс емес бағалауы мүмкін еді. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай жағдайда сәтті әрекет ету үшін қауіпсіздік шараларын нақты орындауға көмектесетін өз ісіне жауапкершілік және қалыпты қысымды сақтау маңызды.

Экстремалды жағдайлардағы әрекетке психикалық қобалжу деңгейінде айтарлықтай өзгерістердің болуы тән. Мысалы, жұмыс нысанын ауыстырғанда әскери қызметшілерде қобалжудың жоғары деңгейі байқалады, алайда үйрену кезіндегі қобалжумен салыстырғанда ол тез қалыпты деңгейге қайтады. Сонымен қатар, қырағылықты жоғалту деген кері құбылыс та байқалады: адам қауіпке үйреніп, сыртқы қолдау жоқ кезде қауіптің жоқтығы елесі пайда болады.

Сонымен, әскери қызметшілердің экстремалды жағдайдағы сәтті әрекет етуіне көмектесетін негізгі факторлар:

- Жағдай туралы хабардар болу;
- Орындалатын жұмыстың қажеттілігі мен маңыздылығына сенімді болу;
- Қауіпті зонада аз уақыт болуға мүмкіндік беретін жұмысты дәл ұйымдастыру;
- Командирлер мен белсенділердің жеке үлгісі;
- Өзінің күші, білімі мен біліктілігіне сенімді болу;
- Қорғаныс құралдарының болуы.

Сонымен, қорытындысында психологиялық дайындық әскери қызметшілердің ұрыс жағдайында және басқа да экстремалды жағдайларда сәтті әрекет етуі үшін шешуші мәнге ие. Оның тиімділігі үшін ұрыс жағдайы мен басқа да экстремалды жағдайдың ерекшелігін ескеру қажет. Сонымен қатар, психологиялық факторларды модельдеу тәсілдері әртүрлі және офицерлік құрам қаншалықты психологиялық дайындық тәсілдері мен құралдарының үлкен арсеналын пайдаланса, соншалықты тиімділігі жоғары болады. Психологиялық дайындық ұйымдастыру тәжірибесі, командирлердің оқыта білуі және психологиялық дайындықты материалдық қамтамасыз ету үлкен маңызға ие.

Бақылау сұрақтары:

1. Сіз оқу деңгейі туралы не білесіз?
2. Жедел және мақсатқа бағытталған оқытудың арасындағы айырмашылық не?
3. Оқуға жағымды қатынас қалыптастыру әдістері туралы айтыңыз?
4. Әскери қызметшілердің білім, білік және дағды қалыптастырудың негізгі тәсілдері туралы айтыңыз.
5. Қабілет туралы не білесіз?
6. Әскери қызметшілердің психологиялық дайындығы міндеттері қандай?
7. Ұрыстық іс-әрекетке әскери қызметшілердің психологиялық дайындығы қалай анықталады?
8. Ұрыстық қимыл жүргізуге жеке құрамның психологиялық дайындық тәсілі туралы айтыңыз.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Авторитет дисциплины: Опыт, мнения, практика психологов. Л., 1985.
2. Алдамұратов Ә және т.б. Жалпы психология. - Алматы: «Білім», 1996. – 224 бет.
3. Альбом схем. Военная педагогика. «Дидактика». Часть 1. «Воинское воспитание. Военно-педагогическая деятельность офицера-пограничника». Часть 2. – Алма-Ата, ВПКУ, 1986.
4. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды.- М.; 1980.
5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
6. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология; ЖОО арналған оқулық. М. 1992 г.
7. Бабанский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение, 1988.
8. Бап-Баба С. Жалпы психология (Жан тану негіздері), Алматы, Заң әдебиеті, 2004 - 268 бет.
9. Барabanщиков А.В., Безуглов И.Г. Актуальные проблемы обучения и воспитания воинов пограничников. – М., 1980.
10. Барabanщиков А.В. Воспитание сознательной дисциплины // Советская педагогика.-1983.-№8. бет 11-17.
11. Барabanщиков А.В., Муцынов С.С. Педагогическая культура офицеров. – М.: Воениздат, 1985
12. Барabanщиков А.В. и др. Основы военной психологии и педагогики: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1988. – 271 б.
13. Бирюков В.М. Введение в психологию: учебное пособие по общей и военной психологии. – Алматы: Полиграфия, 1994. – Часть 1. – 120 б.
14. Бирюков В.М. Личность в деятельности и общении: учебное пособие по общей и военной психологии. – Алматы: Алатау, 1995. – Часть 2. – 96 б.

15. Бирюков В.М. Психические познавательные процессы: учебное пособие по общей и военной психологии. – Алматы: Алатау, 1995. – Часть 3. – 136 б.
16. Бирюков В.М. Психические свойства и состояния: учебное пособие по общей и военной психологии. – Алматы: Алатау, 1995. – Часть 4. – 64 б.
17. Бирюков В.М. Психология коллектива и воинской дисциплины: учебное пособие по общей и военной психологии. – Алматы: ВИ КНБ РК, 1996. – Часть 5. – 140 б.
18. Блонский П.П. Избранные педагогические и психологические сочинения. – М., 1979.
19. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – СПб: изд-во «Питер», 2001.
20. Военная педагогика и психология. – М.: Воениздат, 1986.
21. Военная педагогика. – М., ВПА, 1980.
22. Военная педагогика: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2008.
23. Военная психология и педагогика. Учебное пособие / под ред. П.А.Корчемного, Л.Г.Лаптева, В.Г.Михайловского. – М.: изд-во «Совершенство», 1998.
24. Выготский Л.С. Собрание сочинений. Т.2: Проблемы общей психологии. – М., 1982.
25. Гиндберг Э. и др. Почему необходимо изучать неэффективного солдата // Современная буржуазная военная психология: Сб.ст. М., 1964.
26. Грановская Р.М. Элементы практической психологии. – СПб., 1997.
27. Закон Республики Казахстан «О Государственной границе Республики Казахстан», 19.01.1993 ж.
28. Запорожец А.В. Избранные психологические труды. – М., 1986.
29. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы: «Мектеп», 1982.

30. Ильина Т.А., Педагогика. – М.: Просвещение, 1984.
31. Калюжный А.С. Педагогические основы воспитательной работы в воинском подразделении.- Н. Новгород, НГТУ, 2005.
32. Конкин В.М., Rogozin И.П., Чернышев В.П. Краткий словарь психолого-педагогических понятий. – Алматы: ВПКУ КНБ РК, 1993. – 106 б.
33. Концепция воспитательной и социально-правовой работы в Вооруженных Силах Республики Казахстан. Астана, 2003.
34. Кордуэлл М. Психология. А-Я: Словарь-справочник / Пер. с англ. К.С. Ткаченко. - М.: ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 448 б.
35. Краткий словарь психолого-педагогических понятий. – Алматы, ВИ КНБ РК, 1993.
36. Коробейников М.П. Психология и граница: учебное пособие. – М.: «Пограничник», 1977. – 228 б.
37. Коупленд Н. Психология и солдат. -2-е изд. –М.,1991.
38. Краткий психологический словарь / Сост. Л.А. Карпенко; Под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – 2-е изд., испр. и доп. - М.: Политиздат, 1985. – 431 б.
39. Курс лекций по общей и военной педагогике. Части 1-5. – Алма-Ата, ВПКУ, 1991.
40. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – 2-е изд. – М., 1977.
41. Леонтьев А.Н.Избранные психологические произведения: В 2-х т. / Под ред. В.В.Давыдова и др. – М., 1983. – Т. 1.
42. Линдсей П., Норман Д. Переработка информации у человека: Введение в психологию / Под ред. А.Р. Лурия. – М., 1974.
43. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М.: Прометей, Юрайт, 1998.
44. Лихачев Б.Т. Педагогика. М.: Юрайт-М, 2001.
45. Лурия А.Р. Язык и мышление. – М., 1979.

46. Макаров С.О. Рассуждения по вопросам морской тактики. – М., 1942.
47. Маклаев А.Г. Общая психология. – СПб., 2000.
48. Маклаков А.Г. Психические познавательные процессы: Хрестоматия. – СПб., 2001.
49. Методика индивидуальной воспитательной работы. М., Воениздат, 1991.
50. Морально-психологическое обеспечение служебно-боевой деятельности федеральной пограничной службы Российской Федерации. М., Граница, 1999.
51. Мұқанов М. Жан жүйесінің сыры. ҚМБ, Алматы, 1964.
52. Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: «Қазақстан», 1980.
53. Муздыбаев К. Психология ответственности.-Л., 1983.
54. Немов Р.С. Психология: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений: В 3 кн. – 4-е изд. – М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 2001. – Кн. 1: Общие основы психологии. – 688 с.
55. Никандров В.В. Психология: учеб. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2008. – б. 912.
56. Новое оружие и дисциплина война / Под ред. М.И.Дьяченко. М., 1966.
57. Основы военной психологии и педагогики. – М.: Воениздат, 1988.
58. Педагогика / под ред. П.И.Пидкасистого. – М.: Педагогическое общество России, 1998.
59. Педагогика и психология высшей военной школы / под ред. А.В.Барабанщикова. – М.: Воениздат, 1989.
60. Педагогика. Курс лекций. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003.
61. Подласый П.И. Педагогика. Новый курс. В 2 кн. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999.
62. Правила организации воспитательной и социально-правовой работы по претворению в жизнь Послания Президента

- страны народу Казахстана «Казахстан-2030: процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» и выполнению задач, поставленных перед Пограничной службой КНБ Республики Казахстан. Утверждены приказом Заместителя Председателя КНБ Республики Казахстан – Директора Пограничной службы от 29 декабря 2003 года № 292.
63. Психология личности. Учебное пособие / под ред. П.Н.Ермакова, В.А.Лабунской. – М.: Эксмо, 2007. – 653 б.
 64. Психология и педагогика. Военная психология: Учебник для вузов / Под ред. А.Г.Маклакова. – СПб: Питер, 2005.
 65. Психология и педагогика./под ред. Радугина А.А.–М: Изд «Центр», 1997.
 66. Психология. Учебник. / Под редакцией А.А.Крылова. - М.: ПБОЮЛ Гриженко Е.М., 2000. – 584 б.
 67. Психология. Учеб. / В.М.Аллахвердов, С.И. Богданова [и др.]; отв. ред. А.А.Крылов. – 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2008. – 752 б.
 68. Психология. Словарь / Под общ. ред. А.В.Петровского, М.Г.Ярошевского. – 2-е изд., испр. и доп. - М.: Политиздат, 1990. – 494 б.
 69. Реан А.А., Бордовская Н.В., Розум С.И. Психология и педагогика. - СПб.: Питер, 2008. – 432 б.
 70. Российская педагогическая энциклопедия. В двух томах. – М.: Научное издательство «Большая российская энциклопедия», 1993.
 71. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб., 1999.
 72. Столяренко Л.Д., Самыгин С.И., Багадирова С.К. Психология: 100 экзаменационных ответов. – М.: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Дону: издательский центр «МарТ», 2005. – 224 с.
 73. Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы, «Қазақ университеті», 1993.
 74. Устав пограничных войск. Часть 2. Алматы, 1994

75. Черкасов Л.В. Воспитание воина: в коллективе и через коллектив. – М., Воениздат, 1984.
76. Феденко Н.Ф. Темперамент и характер. Воспитание характера у советских воинов: лекция. – М.: ВПА, 1961. – 44 б.
77. Феденко Н.Ф., Ельчанинов П.Е. Некоторые вопросы военной психологии: учебное пособие. – М.: «Пограничник», 1974. – 104 б.
78. Фресс П., Пиаже Ж. Экспериментальная психология: Сборник статей. – М., 1978. – Вып.6.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

I БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

1-тарау. Психология және оның қазіргі қоғамдағы орны	5
Психология пәні және оның даму тарихы	10
Психология және қазіргі таңдағы ғылымдардың өзара байланысы	19
Психологияның негізгі салалары	25
2-тарау. Әскери психология – психология ғылымының саласы ...	32
Әскери психологияның қалыптасуы мен дамуы	32
Осы заманға сай ғылым саласы ретіндегі әскери психология. Оның құрылымы мен атқаратын қызметтері	39
Әскери психологияның зерттеу әдістері	42
3-тарау. Адамның психикасы туралы жалпы түсінік	48
Әскери қызметші – ғылыми психологиялық танымның нысаны	48
Психика туралы түсінік және оның даму эволюциясы	54
Адам психикасының физиологиялық негіздері	61
Психикалық құбылыстар құрылымы туралы жалпы түсінік	71
4-тарау. Психикалық үрдістер	75
Түйсік туралы жалпы түсінік	76
Қабылдау туралы жалпы түсінік	88
Зейін туралы жалпы түсінік	94
Түсініктер туралы жалпы ұғым	99
Ес туралы жалпы түсінік	104

Қиял туралы жалпы түсінік	108
Ойлау туралы жалпы түсінік	111
Сөйлеу туралы жалпы түсінік	118
5-тарау. Әскери қызметші тұлғасы	123
Жеке адам жөніндегі түсінік	123
Тұлғаның бағыт-бағдары туралы түсінік	127
Қабілет туралы түсінік	132
Темперамент және мінез туралы жалпы түсінік	135
Ерік туралы жалпы түсінік	147
Эмоция және сезім туралы түсінік	157
6-тарау. Әскери-кәсіптік қызметтің психологиялық ерекшеліктері	168
Адам қызметі және оның құрылымы туралы жалпы түсінік	168
Әскери-кәсіби іс-әрекет ерекшеліктері	173
Бейімделу туралы жалпы түсінік	179
Офицердің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері	185

II БӨЛІМ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7-тарау. Әскери қызметшілердің мінез-құлық ауытқушылығы	188
Мінез-құлық ауытқушылығының түсінігі және оның жалпы сипаттамасы	190
Мінез-құлық ауытқушылығын топтастыру	191
Мінез-құлық ауытқушылығының негізгі түрлері	192
Әскери қызметшілердің девиантты-делинквентті мінез-құлқы	196
Әскери қызмет жағдайларындағы мінез-құлық ауытқушылығының ерекшеліктері	199
Әскери қызметшілердегі аддиктивті мінез-құлық	202
Әскери қызметшілердегі суицидальды мінез-құлық	204
Әскери қызметшілердегі мінез-құлық ауытқушылығының профилактикасы	210

8-тарау. Әскери қызметшілерді кәсіби психологиялық іріктеу . . .	226
Кәсіби психологиялық іріктеу туралы түсінік	226
Әскери-кәсіби психологиялық іріктеудің теориялық негізі және негізгі түсініктері	228
9-тарау. Әскери ұжымның психологиясы	240
Әскери ұжым мен топ туралы жалпы түсінік және оларды топтастыру	240
Тұлға мен ұжым туралы түсінік	242
Әскери ұжым дамуының ерекшеліктері	246
Ұжымның психологиясы және оның құрылымы туралы жалпы түсінік	247
Әскери қызметшілер арасындағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері	251
Әскери ұжымдағы бедел	254
Әскери ұжымдағы ұжымдық пікірлердің психологиялық феномені . . .	257
10-тарау. Әскери ұжымдардағы теріс-қылықтар	261
Теріс қылықтар туралы жалпы түсінік және оның сипаттары	261
Әскери ұйымдағы келіспеушілік және оларды реттеу жолдары	272
Профилактика және келіспеушілікті шешу жөніндегі әскери бөлімдерде жүргізілетін жұмыстар	275
11-тарау. Әскери тәртіп психологиясы	281
Тәртіп психология пән ретінде	281
Әскери қызметшілердің жеке тәртібі	283
Бөлімшенің ұжымдық-топтық тәртіптілігі	295
Тәртіптілік басқару өнері	300
12-тарау. Заманауи ұрыс жағдайындағы әскери қызметшілердің іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері	312
Ұрыс жағдайындағы әскери қызметшілердің мінез-құлық ерекшеліктері	312

Әскери қызметшілердің ұрыс жағдайларына әскери-кәсіптік бейімделуі	316
Әскери қызметшілердегі жарақаттан кейінгі ауытқулар	321
13-тарау. Әскери қызметшілердің оқу-ұрыстық дайындығының психологиялық аспектілері	327
Оқу-ұрыстық дайындыққа жалпы сипаттама	327
Әскери қызметшілерді оқытудың психологиялық аспектілері	330
Әскери дайындықты психологиялық қамтамасыз ету	333